





**«Мәдени мұра»  
Мемлекеттік бағдарламасының  
кітап сериялары  
Қазақстан Республикасының  
тұңғыш Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаевтың  
бастамасы бойынша шығарылды**

Ә.Х. МАРҒҰЛАН

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Екінші том

“Мәдени мұра” бағдарламасын жүзеге  
асыру жөніндегі қоғамдық  
кеңес мүшелері:

Әшімбаев М.С. кеңес төрағасы,  
Асқаров Ә.А. жауапты хатшы, Абдрахманов С.А.,  
Аяған Б.Ғ., Әбусейітова М.Қ., Әжіғали С.Е., Әлімбаев Н.,  
Әуезов М.М., Байпақов К.М., Биекенов Қ.Ү.,  
Бұрханов К.Н., Досжан А.Д., Ертісбаев Е.Қ.,  
Есім Ғ., Қасқабасов С.А., Қошанов А., Нысанбаев Ә.Н.,  
Салғара Қ., Самашев З., Сариева Р.Х.,  
Сейдімбек А.С., Сұлтанов Қ.С., Тұжқбаев Қ.Қ.,  
Түймебаев Ж.Қ., Хұсайынов К.Ш., Шаймерденов Е.

“Ә.Х. Марғұлан шығармалары”  
сериясының редакциялық  
алқасы:

Садықов Т.С. бас редакторы, Байпақов К.М.,  
Бердібаев Р.Б., Қасқабасов С.А., Қойгелдиев М.Қ.,  
Күмеков Б.Е., Марғұлан Д.Ә. жауапты хатшысы,  
Аяған Б.Ғ., Кененбай Ы.С., Сейдімбеков А.,  
Смағұлов О.С., Тасмағамбетов И.Н.,  
Уәлиханов Ш.Е.

535176

535176

Павлодарская областная  
библиотека  
и.э. С. Торайгырова

«АЛАТАУ»  
БАСПА-ПОЛИГРАФИЯЛЫҚ  
КОРПОРАЦИЯСЫ  
АЛМАТЫ-2007

М  
ББК 83.3 Қаз.  
М 22

Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат  
комитетінің мемлекеттік бағдарламасы бойынша  
шығарылды

МАРҒҰЛАН Ә.Х.

М22 Шығармалары – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007, – II том,  
–432 бет

Құрастырушылар: Д.Ә.Марғұлан, Д.А.Марғұлан  
Ғылыми кеңесшісі: С.Сәкенов, филология ғылымының кандидаты

ISBN 9965-807-19-1

Бұл кітапқа енген шығармалар жинағының бірінші бөлімінде қазақтың сал, серілік дәстүрі жайында кеңінен сөз болады. Ғасырдан ғасырға мирас болып келе жатқан осы өнеріміздің шығу тарихы, оның жан-жақты қырлары терен зерттеледі.

Екінші бөлімінде ұлы саяхатшы Н.М.Прежевальскийдің кең байтақ қазақ жерін танып-білудегі орасан зор еңбегі айтылып, үшінші бөлімде ұлтымыздың саятшылық өнері, саят құстарының жаратылысындағы ерекшеліктері, түрлері, оларды баулу, аңға салу туралы қызықты әңгімеленеді.

Кітаптың арнаулы редакторы – Д.Ә.МАРҒҰЛАН

ББК 83.3 Қаз

ISBN 9965-807-19-1

© «Алатау» баспасы, 2007

## Қазақтың сал, серілік дәстүрі

Сал, сері екеуі де өте ескі дәуірден сақталып келе жатқан халықтың тіршілігіне көп жаңалық кіргізген, әдебиетке, ой-санаға көп әсер еткен қазақ мәдениетінің бір жарқын белгілері. Оны осы күнгі сахнада мирас болған Біржан салдың бейнесі анық сипаттайды. Қазақ тілінде ерекшеленген сал мен серінің адамшылық қасиеті ауызбен жеткізуге болмайтын орасан асқақ болып отырады. Олар күштіге табынбайды, кедейді мақтап жыр шығарады. (Жанак акын, Дәулеткерей, Сейтек). Олардың бар ынтасы махаббатқа бас иіп, оған бәйек болып түсу, ол үшін ел-елді қыдырып, өзіне ақылды, сұлу қыз іздеу, оған барлық жас өмірін сарп қылып, мал-мүлкін аямай соның жолына құрбан етіп салу. Бұл тек қана сал мен серілерде ғана болатын. Сал мен серіні мұндай ардақты дүниеге бағыттайтын оның жаратылыс ерекшелігі, оның дарынды ойы, ашық-жарқын мінезі, сыпайылығы, сұлулықты, ғажайып жаңалықты жақсы көретіні, әдемі дүниеден ләззат ала білуі.



Сал мен серінің өзгешелігі олар, әрі ақын, әрі әнші, әрі күйші, әрі сауыққой, елге қуаныш беретін, олардың жүрегіне жарық сәуле түсіретін оқымысты адамдай саналады. Сондықтан халық сал мен серіні өте ардақтап, қуанышпен қарсы алып, олардың істерін халық ортасында аңыз қылып айтып жүреді. Ауылдың бойжеткен қыздары да сал мен серіге ерекше көңіл қойып, олар ауылға келгенде тобымен жүріп, алдымен қарсы алатын.

Сері мен сал келген ауылдарда үлкен думанға түсіріп, ойын сауықпен олардың көңілін табады. Ф. Назаровтың суреттеуінше, сал жүрген жерін ұзақ уақыт қызыққа батырады. Ол өзінің шырқап салған әнді жазды күні түн ортасында ауғанша айға қарап, шырқап ән салған.

Ел-елді аралап жүретін әнші, серілер, салдар тарихи дәуірден келе жатқан мәдениеттің бір жарқын түрі. Олар өздері шығарған ән күйді, музыкалы шығарманы, халықтың эпикалы жырларын мәңгілікке сақтайтын аяулы ой несі. Өткен ғасырларда сахарда ән мен күйдің өркендеуі бір ғана сал мен серілердің, атақты домбырашылардың көркейіп өркендеуімен байланысты болады. Олар әнді бір дауыспен айтпай кейде көп дауысты әдемі әндер шығарып жүреді, оның әдемі өрнегін бізге суреттейтін «Сегіз серінің» Бақтиярдың үйінде, Мақпал сұлудың алдында – көп серімен қосылып, көп дауыспен бірлесіп, айтқан әндері, Біржан салдың Абай үйінде жатқанда көп серімен бірлесіп айтқан сұлу әндері. Бұл әсер тіпті жәй нәрсе емес, қазақ музыкасының көркейіп, биік сатыға жеткенін сипаттайды.

Демек, сол өнері халық топтарының жарқын бір түрі. Оның негізгі құрылысы ойын-сауыққа негізделген, ән шырқау, жарқын күй тарту, билеу

(Дәулеткерей алдында), ән желдірме айту, тағы басқалар. Бұл сауық көрінісін салдар әр қашан көркем киімдермен, не ешкімге белгісіз бір алуан киімдермен, ат тұрманын алтын күміспен, топтаған моншақ, мыспен таусылмайтын сұлу өрнекті әдемі жібектер мен елді толықсытып жүретін. Бұлар әсіресе Бәйтен салда, Ниязда, Сегіз серіде, Біржанда орасан көп.

Бірақ, бір өкінішті жері, сал мен серінің қашан шығып, қалай өркендегенін айтып берген бір ауыз сөз әдебиетте кездеспейді. Ол туралы қысқа-қысқа жазып алған хабарлар бір ғана Ө.Ө. Диваев пен А.Н.Добромысловте жолығады. Осы күнгі жазушылардан бұл мәселеге көңіл қойып жүргендер Бижанов пен Акселеу Сейдімбек.

Алайда, сал мен сері туралы күрделі аңыздар ел аузында орасан көп. Қай жерде қандай сері, қандай сал болғанын олар әлі күнге ұмытпай есінде сақтаған.

Тарих көзімен қарағанда, серілік ту баста түрік қағанаты кезінен шыға бастаған. Серілікті әдет қылған ойшы кісінің бірі сол кезде жасаған атақты Иоллық деген кісі. Ол өзі ғажайып аңшы, мерген, атты әдемілеп ұстайтын ат сейіл онымен қатар ол асқан ақын, жырау. Ағалары Білгі-хан мен Күлтегін қайтыс болғанда оларға арнап эпикалы оқиғаларды әдемілеп құрып, оны тасқа жазып қалдырған да осы атақты Иоллық тегін. Түрік қағанатының асқаралы биі Тоныкөк терең ойшы кемеңгер білгіш кісі болған. Өлерінде басына қоятын құлпы тасқа атақты жазуды ол өз қолымен жазып, қанша данышпан сөздер қалдырған. Тоныкөктің жалпы бейнесі VII-VIII ғасырда жазылған кемеңгер, ойшы Қорқытқа өте ұқсас.

Қазақ аңыздары бойынша, Қорқыт ескі дәуірдегі серілікті бастаушының бірі. Бұған XIII ғасыр бұрын

жасалған атақты шешен, ел басқарушы, онымен қатар атақты жырау, ақын, күйші, бірінші қобыз жасаушы қазақ музыкасының атасы. Қорқыттың қобызын, оның музыкасын өзіне мұра еткен ұрпақтары әл-Фараби, Нысан абыз, Қойлыбай, Балақай, Жанақ ақын тағы, басқалар. Тарихи дәуірде қолданған музыка аспаптарының шығу тегі бір таңсық нәрсе. Оны терең оймен анықтауды бірінші рет алдына қойған ұлы жерлесіміз әл-Фараби (Өзлығ). Ол кісінің бейнелеуінше, әрбір музыка аспабының үн шығаруы жаратылыс үнімен мол байланысты жатады.

Қорқыт дәуірінде Сыр бойындағы қалаларды мекендеген тайпалар оғыз, қыпшақ, қаңлы, қарлұқ қобыз күйін киелі үн деп, Қорқыттың қобызына бас иетін болған. Бұл аңыз соңғы дәуірге дейін келіп жетті. Қазақ аңызы бойынша Қорқыт күмбезінің жанынан өткенде одан Қорқыт қобызының «Қорқыт-Қорқыт» деген дауысы естіліп тұрады. Биікте ұшқан бейне құстың сайрауы, тау басынан ұлыған аң бөрінің дауысы, үйдегі қойдың маңырауы, өрістегі жылқының кісінеуі естіледі. Демек, қобыз күйінің сарынына зор елес берген жаратылыс үні: үрген жел, соққан боран, тамшылаған жаңбыр, судың ағыны, қамыстың шуы, орманның толқуы, шөптің сылдыры, тау-тастың жаңғырығы, найзағай – күннің күркіреуі – барлық жаратылыс үні күй шығарудың негізі болады. Күй шығарушылар Қорқыт, Жұмағұл ақын, Ықылас әр қашан үйден қобызын алып шығып, өзеннің жағасына барып тартатын болған. Өзеннің ағысы олардың жан күйін толқытып, шабытқа бөлеген. Ерте дәуірде шығарған күйлердің аты да осымен орайласып отырады. Мәселен: «Аққу», «Қызыл қайың», «Асау өзен», «Көк бұқа», «Боз айғыр», «Жез киік», «Қорқыт күйі», «Ақсақ құлан», «Жошы хан», тағы басқалар.

Аспаптың өзіне келсек, қобыздың сыртқы түсі оның шығарған үні келесі күйді еске түсіреді. Қу – қазақта киелі құс. Сондықтан «Аққу» күйі ерте кезде көпшілікке әсер еткен. Қобыздың түрі қуға ұқсас екенін бірінші рет суреттеген әл-Фараби. Одан кейін, оны солай салыстырған саяхатшы П.С. Паллас. Ол кісі 1772 жылы Семей өлкесін аралап жүріп, әлден уақытта қобыз тартып отырған, бір қазақты кездестіреді. Ол саяхатшыға «Аққу» күйін тартып береді. Палластың байқауынша, қобыздың сыртқы көрінісі одан сұңқылдап шығатын үн тұтасымен құдың түрін елестетеді.<sup>1</sup>

Сал мен серінің сипаты әсіресе Қорқыт дәуірінде оғыз-қыпшақ арасында өте күшті болды. Олар туралы Қорқыт жырында айтқан ғой:

*Елден елге*

*Бектен бекке*

*Қобызын артып қасына.*

*Ұзандар жүр ел кезіп.*

Бұл аңыз қазақтарда осы күнге дейін айтылған ұзанның орнына «ақын» деп айтылады, яғни эпикалы жыр айтушылар. Оның мысалына Жанақ ақынды, Сабырбайды, Нысанбайды, Найман баланы, Марабайды Абылды, Сүйінбайды, тағы басқа ақын, күйшілерді келтіруге болады.

Сал мен серінің қалай өркендеген жолдарын, оның сұлулық ой-сана туралы халыққа қандай әсер бергенін әдемілеп суреттейтін әсіресе Қорқыт аңызы, Қозы Көрпеш - Баян сұлу, Қыз Жібек, Ер-Сайын, Ер-Тарғын жырлары, серілік онда өте сәулетті, ғажайып түрде кездесіп отырады. Жырда айтылатын кейіпкер Қозы Көрпеш, Төлеген, Ертарғын өзі тамаша серілер. Ел елден қыз таңдап, шатыр тігіп аң аулап, қасына көп сері жігіт ертіп, ойын-сауық құрып жүреді.

Қыпшақ даласында серілік пен сал өнерін таратқан майталмандарының бірі Жошы хан. Оның өзі бір ғажайып сері. Ол қасына атақты жырауларды, ақындарды, сал-серілерді, әнші-күйшілерді топтап бірінғай сауық үстінде болған. Оның сұлулықты жақсы көруі бойынша әкесі жыл сайын Балқаш төңірегіндегі Құлан-Ойнақ даласына әдейі аң аулауға келгенде қыпшақ елінің «сыйы» деп, оған он мың боз ат, он мың әдемі қара ат тарту етіп отырған (Рашидеддин). Жошы жас кезінің өзінде аңқұмарлық ісіне салынып, саят құруды, сауық қою өнерін ерекше суреттеген еді. Жошының аңда жүріп көп шыққан биік жері Ортаудың сұңқар ұя салатын биік басы. Ол жерді Жошы ерекше қадірлеген. Сұңқардың ең тамашасын осы арадан ұстайтын. Ол биік шынды қазақтар осы күнге дейін сақтаған. Оның ғажайып таң қалатын әфсанелері XIX ғасырдың соңында «Дала уалаяты» газетінің үш нөмірінде көлемді етіп басылған.<sup>2</sup>

«Ақсақ құлан Жошы хан» күйін А.В. Затаевич Ануар Медетовтан жазып алды. Бұл ескі аңызбен айтылатын күйлерді келістіре тартатын бір ғажайып дарынды күйші еді, атақты Мұхит салдың ұрпағы болатын. А.В. Затаевичтің айтуынша, бұл «один из наиболее замечательных казахских «кюйев» для домбры, происхождение коего связано с поэтической легендой о гибели Джучи хана, страстного охотника на куланов».<sup>3</sup>

Жошы ханның аң аулап жүргенде құлан шайнап өлтіргенін сол кездегі атақты күйші Кетегүқа әкесіне домбыраның сарнауымен естіртеді. Медетов тартқан домбыраның дауысы, жанды күйзелтетін аса қайғылы еді. Әсіресе ішектің төменгі бунақтағы сарнап шыққан қасыретті үндері ханды ойға түсіреді. Жоғарғы

бунақтарынан шыққан аңқыған қоныр үндер екеуі қосылып, қапылыста өлген жас жігіттің бейнесі көз алдында тұрғандай болды, екеуі қосылғанда домбыра жылап тұрды.

А.В. Затаевич жазып алған Ануар Медетов тартқан «Ақсақ құлан Жошы хан» күйін Ромен Роллан оқығанда атақты ойшы бір үлкен ойға батқандай. «Бұл аңыздың сюжетінде не деген ұлы күш, не деген музыкалық қасиет бар. Бұл нағыз симфониялық поэма». Тағы бір хатында: «Ақсақ құлан Жошы хан аңызындағы музыканың тасқын күші мені таң тамаша қалдырды. Бұл күй қазақ сахарасын талай рет ой толқынына бөлеп сұлу гүлдің алысқа атқан шарықтауын елестетеді», - деп жазады.

Қыпшақ сахарасында серлікті әдемі суреттеген ақынның бір Құтыб. «Хұсырау-Шірін» ғашықтығын жырлаған кемеңгер ақын. Ол жырды Сырдария бойында тұратын Жезді қаласында 875 (1383 ж.) жылы жазып бітірген. Жер аттары көбінесе Қазақстан жері. Негізгі сюжеті серілік, ғашықтық туралы. Сол серінің бірі Хұсрау не Фархад, оның сүйген қызы Шірін туралы. Бұл аңыз Құтыбтан кейін Сырдария бойындағы қазақтар арасында XIX ғасырға дейін айтылып келді.

*Құтыб жырының соңында өзі туралы айтқан:*

*Бітірдім кітабымды қатесін бағып,*

*Бұ захмет шеккенімді білгейсің оқып.*

*Атағымды «Берке фақыр» деп айтады,*

*Өзім мұмін, өзім мұсім, асылым қыпшақ.*

Кітап тарих жеті жүз сексен бесте (1383) сафар айының 25 де жазылып бітеді. (Құтыб. Хұсрау-Шірін.)

Қыпшақ ортасынан шыққан екінші ұлы ақын Сейф әс-Сарами. Ол 1393 жылы Саадидің «Гүлістан» жырын қыпшақ тіліне аударады. Гүлістан Алтын Орданың орталық қаласының бірі. Сарами осыны тегісімен өз



тіліне аударып, оған өзінше сюжеттер қосып отырады. Кейбір жазуларда Сейфи қыпшақ арасын көп аралаған баксы, акын, ән салып, күй тартып жүрген, серілік туралы ол екі нәрсені жарқын түрде анықтаған: бірінші «Ғашықтық пен жас серінің сипаты» екінші «Қартайып мүшкіл тарту сипаты» (Сейф Сарами. «Гүлістан»). Бұл екі мәселе қазақ әдебиетінде Біржан сал мен Ақан серінің қартайғанда айтқан ойларына дәл келеді (деген соң біз қартайдық, біз қартайдық.)

Арқада серілікті ескі дәуірде түрік қағанатынан кейін таратқан серінің бірі атақты күйші, әрі акын, жарқын ойшы Қотан деген кісі. Оның бір күйін «Суға кетті Ер Қотан» Шоқан Уәлиханов жазып алған. Тегі оны Шоқан Жанақтан жазып алған сияқты. Демек, Жанақ жыр айтарында ылғи Қотанға бас иіп отырған.

Ескі дәуірде серілер көбіне Жалайыр елінен көп шыққан. Соның бірі атақты Шедегей, атақты сері, санлақ, майталман, өзі аңшы, өзі акын, өзі күйші өзі сауыққой кісі болған.

Салдық пен серілік өнерінің биік сатыға жеткені қазақ дәуірі. Қазақ хандарының көбі өздерінің бабалары Жошы, Орда ежен сияқты акын сері болған. Соның бірі Әз Жәнібек. Ол өзі атақты аңшы Құладыңға қу ілдірген саятшы, ойын-сауықты көп қуған, ел-елді аралап, әдемі қыз іздеген. Жәнібектің ел жұмысын басқармай, тек анмен, той думан мен бос уақыт кетіріп жүргенін Асанқайғы ұнатпаған. Қасымханның баласы Ақназар да атақты серінің бірі, бірақ серілікті ол бір ғана сұлулық күшін, елге үлгі болу үшін пайдаланған. Серілікті биік сатығы жеткізген, әсіресе, Есімхан. Оның камка тондары, басындағы телпегі, аяғына киген қызыл етігі тегісімен алтынмен кестеленіп, отырған. Құстың да ең қырандарын ұстаған: сұңқар, лашын, түйғын, «алтайдың ақ иық бүркіті».

Абылай мен Әбілхайыр ханның ұрпақтарына дейін серілік пен сал өнері үздіксіз көтеріле береді. Серілікті жаны сүйген әсіресе Абылайдың жауынгер батыры, Уақ Баян батыр – атақты серінің бірі. Күйді ол бір ғана алысқа шалқытып сыбызғымен тарататын болған.

Абылай заманында жасаған ескі серінің бірі Тайлақпай, ол да сыбызғымен тартқан. Оның асқактататын сұлу күйі «Қыз жылытқандай» әскерден есен-сау қайтқанын қуаныш етіп, осы сәулетті күйді қалдырды. Сыбызғымен көп тартушы әсіресе Кіші жүз серілері. Олардың қосымша елші топтап, кісі жиып, сыбызғы тартып отырғанын орыс өнерпаздары әр уақыта қағазға түсіріп отырған. Сондай сыбызғыдан тартқан ұзын күйдің бірі – Сырым батыр тартқан әдемі күйлер. Бекет ордасында ерте кезде күйді төндіре тартқан күйшілер атақты Дәулеткерей, оның баласы Салауат, олардың туысқаны, халыққа аңыз болған Мұхит сал, Ұзақ, оның мұрагері Құрманғазы, Алықей, Мар сері Жапаров, атақты Сейтен сері.

Арқаның асқан серілермен адамды ойға түсіретін саңылақ жүйріктерінен, жүректі қуанышқа бөлейтін ойшылдарынан ауызға алдымен түсетіндері Тәттімбет, Дайрабай, Өтеболат күйші. Шоқанның айтуынша мұның тартқан күйлері «Қызыл қайын», «Тарғыл бұқа», «Алабайрақ», «Суға кетті Ер Қотан», «Балбырауын», «Шығыт жібі бес бармақ». Шоқан бұл күйлерді тартқан Қанқожа Уәлихановты, Досжанды, тағы басқа күйшілерді бірге қосады.

«Шығыт жібі бес бармақ» - саусақтың әдемі саласымен көп ішекті домбыраға мөлдірете тартатын әдемі күйі, оны Тәттімбет, Дайрабай, Өтеболат, Мұхит сияқты асқан күйшілер тартатын бір сәулетті күй,

сыбызғыдан тартатын ескі күйдің бірі «Серпер» де қуанышка арналған. Оны бергі кезде жеткізгендер – Тәттімбет, Дайрабай, Құрманғазы, Мұхит.

Ең ғажайып аңыз «Қапыда өткен қарбалас» атты ескі күй, жазып алған Шоқан Уәлиханов. Ту баста бұл «Ақсақ Құлан Жошы хан» анызының бір түрі, кейін оған «Еңілік-Кебек» тағдыры келіп қосылып, Арқаның күйшілері оны бір ұлы бейнеге айналдырады.

Бір айтатын ой, сал мен сері бір типті емес, екеуі екі алуан, өзгеше нәрсе. Олардың бірінен - бірінің өзгешелігі - олардың тұрмыс көрінісінде, типінде. Ең алдымен сал, сері деген сөздер қалай туған, осыдан бастайық.

«Сал» Еуропа тілімен айтқанда эксцентрик, болмаса өз бағытымен жүретін бір аяулы адам. Оның бір арманы сылқымдық, кербездік, киімді әдемі киіну, өзімен қатар жүрген адамның бәрінен де қияпатымен де, киімімен де артық болу, асып түсу. Ер-тоқымның өзі де басқанікіндей болмайды, алтынмен, күміспен өрнектеген, ерекше салтанатпен жасатады.

«Сал» сөзі киімді салпаңдатып кең тігуден шыққан, сал, салпаң. Әрбір салдың шалбарының балағы сондай кең, оған бір кісі толығымен сиып кетеді. Ақселеудің «сал» сөзі «Сал ауруынан алынды» деуі келіңкіремейді. Халықтың әдеті бойынша, өнер несіне ондай ат қоймайды. Қайта сол «салдық аурудың өзі осы «сал» сөзінен шыққан болуы керек «Атым сал бөксе болып жүр» десе, салды басқан кең киім сияқты атты да ауырлатып жүр, дегенді білдіреді. Демек бұл сөздің өзі салдың киімінен шыққан. Құлағы үлкен кісімен құлағы үлкен малды да «салпаң құлақ» дейді, ол да үлкендікті, кеңдікті көрсетеді.

Ілгеріде мысалмен келтірілмек, «серілію», «салдықтан» бүтіндей басқа, екеуінің қосылатын жері, екеуі де ақын, күйші, әнші, екеуіне де ортақ болатын музыка аспаптарын бірдей қолданатыны.

«Сері» сөзі серпілдеуден шыққан, бой жазу, серпер осы сөзбен бірдей, шалқыту, асқақтау. Сері көбінесе оқымысты кісілер арасында көп болған. Жақсы көрген қызға салдар сияқты іздеп бармайды хат пен жұмбақ жазысады.

Ерте кезде жасаған серілер көбінесе хан ордасында болып, ойын-сауықтар құратын. Біз оны Жошы ханның қазақ хандарының серілік құрған тұрмысын айтқан түрде көрсеттік. А.В. Затаевич жазған: «Сері были детьми белой кости, богатыми, но их эксцентризмом не принимал крайних форм».

Серілер біріншіден, атақты мерген, екіншіден-саятшы, сұңқармен, лашынмен, түйғынмен қызық көруші, тұлпар аттың ең жүйрігін қадірлеп баптаушы. Онымен қабат халықтың рухани тіршілігінде, ойын-сауығына да ерекше қуат беріп, оны биікке көтеруші. Ақын болып әдебиетке үлкен үлес қосуы, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Алпамыс, Қыз Жібек, Мұңлық – Зарлық сияқты ескі жырларды бірден бірге айтып жеткізіп отырды. Бір ғажайып жері, серілердің көпшілігі Орта Азияның, шығыс елінің әдебиетінен де үлкен хабары болған (Нияз, Сегіз сері, Ақан сері, Мұхит, Сейтек, тағы басқалар). Олар қазақ халқының алдына «мың бір түннің», «Мәлікә кітабының», «Тотынаменің», «Зейне зайыптың» нұсқауларын әдемі жазып отырған.

Нияз серінің үлкен ұлы Қыруар-атақты серінің бірі. Ол парсы тілінен «Тоты намені» қазақ тіліне аударып, ғашықтық жырын күшейте түседі. Сол «Тотының» бір тарауы «Мәлікә» жырын ХІХ ғасырдың бірінші



жартысында жазып, ол бүгінде Қазан университетінің кітапханасында сақтаулы тұр. Серілердің кейбірі қазақтың ерлік жырына да сондай төніп, оны асқақтатып, сондай сәулетті етіп шығарып отырған. Сондай серінің бірі Қарауылдан шыққан Көкшетаулық Сейіткерей.

*Дәулетше Махмуди хан сенің атың  
Артылған әр бенедең салтанатың  
Жаһанда Сейіткерей атым шығып,  
Бүгінде бұл бір сөзім тәмам болдым.*

Қобыланды жырының басталуын Сейіткерей былай деп суреттейді:

*Мал сататын базардың  
Бояуы мен бөзіне  
Салған жылқы тоқтайды  
Арқаның бөрі көзіне.*

Сегіз сері Қозы «Көрпеш - Баян сұлу» жырын Торғай еліне таратады. Жетісудың Жүсіпбек Қожа ақыны да осындай серінің бірі, елді, жерді көп аралаған атақты ақынның бірі.

*Арқада Сарысуда тұрған жерім,  
Сарытау Құл, Сары Үйсін туған жерім*

(Айман - Шолпан)

Болмаса, Иман-Жүсіптің өз өмірін өзі баяндауы:

*Баласы мен Құтпанның Иман-Жүсіп  
Серілік бала күннен қылған кәсіп.*

Демек, сері мен сал қазақ тіршілігінде ерекше жаралған дарынды, сөз тапқыш, шешен, ол әрі құйылма, ақын, әрі сері, әрі сал, әрі күйші, әрі әнші, әрі сауыққой. Ақындық оның бойына жаратылған дарын. Сондықтан халық оларды ерекше ардақтап, еркелетіп төрге шығарып, жүздеген жыл оларды ұмытпай есіне сақтаған.

Сал тіпті өзгеше орында болған. Ол халықтың театры сияқты рөл ойнап, өзінің жарқын әнімен, сыртқы қияпатымен халыққа үлгі беріп жүрген.

Салдар әр уақыт жарқын жүзді, майталман, әзілдік пен қулықты қатар ұстап, бір жағына сынағыш, сын көзімен қарайтын, отырған маубас басшыларды сықақ пен өлтіріп, игі адамдарға мөлдіреп жарқын пейіл білдірген.

Сал махаббаттың кезгіш елесі ойын-сауықтың, думанның жан күйі, қызықты аңыздардың әдемі тақырыбы. Осыған орай халық сал туралы неше алуан қызықты әңгімелер туғызып, әр бір салдың өмірін бүкіл сахараға таратады.

Салдық ерте кезде халықтың дағдыланған бір дәстүрлі ісі болған. Ең соңғы салдың бейнесін Біржан мен Мұхит салдан көруге болады. Олардың соны ала шыққан Жаяу Мұса мен Үкілі Ыбырай салдыктан көрі әншілікке жақынырақ. Салдықты еске түсіретін Жаяудың өзгеше киінуі (ылғи қызыл киініп жүреді), Ыбырайдың басына үкі тағып жүруі.

Ерте кезде өткен салдардың асқан ерекшелігі – олардың сыртқы қияпатының өзгеше болып көрінуі. Олардың сыртқы сипаты киім киісі жүріс - тұрысы, қарапайым кісіге ұқсамайтыны. Олар жүргенде ылғи қойқандай басып, кербез жүреді. Сөзі асқақ, еркін, өзінен басқа жан бар деп ойламайды. Болса да олардан ылғи асып отыруына кәміл сенеді. Салдарды қазақ халқы өте еркелетіп өсірген. Ол өте нәулетек, кербез, бой күйез, паң, онымен қатар мінезі өте жайдары, ашық ер көңілді келеді. Шон, Торайғыр би, Дәулеткерей кезінде олар бұрынғы ата дәстүрі бойынша салдардың кейбір асқан мінезіне бөгет болмай, оларды еркелетіп, қызық көрген. Сарысудың бойындағы екінші Шон Толыбай салды аса қадірлеп, оны өзіне ақылшы етіп алады. Толыбай сал ақыл иесі, халықтың өзінің әдемі

көрінісмен, шешен сөзімен, шырқап салған әнімен қуантатын болған. Бұл қасиет барлық салда болған, оның ішінде Біржан салдың өзі де халықтың кемеңгер қайраткері, ақылды ойшысы, жүйрік ақын болып есептеледі.

Салдардың киім киюінің өзі бір өзгеше нәрсе. Олар бір ғана әдемі, сұлу киім киген, жәй адам киетін киімді жақтырмаған. Олардан артық жүруді мақсат еткен. Өзегелер кие алмайтын қымбат киім алу үшін өзінің мал-мүлкін аямаған. Киімді кең, мол қылып, тіктіруді әуес еткен. Атақты салдардың киімі тіпті өзгеше. Олардың киетіні мауыты шекпен, камка тон, қырмызы не жасыл шапан, олардың етегін, арқасын, жеңін тегіс кестемен өрнектеп, әшекейлеп қойған. Шапанды бір ғана торқадан не қалың жібектен тігеді. Тоғыз қойдың терісінен істейтін, өрнектелген әдемі жарғақ тон, төрт қойдың терісінен жасайтын кестелі кең шалбар, өрнектелген шоңқайма қызыл етік, басына киетіні жібектен жасалған биік телпек.

Кедейірек салдар жібек киіммен өзін көркейте алмай, жәй матаның өзінен тіктіретін болған. Бірақ барлық салдың әдеті атын жібек арқанмен, жібек тұсаумен тұсаулайтын болған. Луқатты салдар елді бір аралап шыққанда кемінен жүз метрдей жібек артып жүрген. Жібек арқан неғұрлым ұзын болса, ол солғұрлым салдың атын ел арасына тарата берген. Жібек арқан қыз-келіншектерді салдарға тез тартатын мықты әдістің бірі болған. Жетісудың атақты салы Дәурен Құдайбайұлы Іле өзенінен өткенде оның алып жүрген жібегінің бір ұшы өзеннің арғы қабағында шұбатылуы жатады.

Сал арқашан аттың ең сұлуын, ең жүйрігін іздеп табады. Ол атты жақсылап мәпелейді, сипап сүртеді, жал-құйрығын әдемілеп тарайды, оған жібектің үзінділерін қадайды, мөншак, маржан тағып әдемілеп қояды.

Атты әр түрлі ойынға үйретеді – жат десе жатады, тұр десе тұрады, секір десе, секіреді, алдынан дөңгелеп билейді, тула десе тулайды. Қыздар далادا жатқан салдың қасына келгенде оның аты аяғын бүгіп, басын иіп тәжім қылады. Қыздар атқа «өнерінді көрсет» - десе алдыңғы екі аяғын көтеріп, артынан шаншылып тік тұрады, шөк десе түйеше шөгіп жата қалады. Жүгіріп жерден күміс алғанда ат қалып жүгіреді. Аттың аяғына күміс білезік, құлағына алтын сырға қадайды, маңдайына үкі тағып жүреді, сал су орнына атына күн сайын сүт беріп тұрады.

Ең қымбат қазына аттың тұрманы, оның ер тоқымы, күміс пен алтын жалатқан сұлу жүгені, көркем тартпасы, ақ сауқан өмілдірік ауы, алтын, күміспен өрнектелген қуысканы, әдемі үзенгі, ерді көркейтп тұратын оның өрнектелген екі жақ қасы, ғажайып өрнектелген ердің тебінгісі.

Осы әсем күймен, осы салтанатты ат тұрманымен, осы кербез атымен, іші өлеңмен жырға толған атақты сал зор мақтанышпен сұлу қыз іздеп ел аралауға шығады. Оның қолында күмістен, алтыннан жасаған сом сақиналар, білезіктер, құлағында дөңгелек сырғалар.

Мықты салдар сәулетті камка тонын киіп, не кестеленген жарғақ тонын жарқырата жамылып түрленеді, ақ торғыннан жасалған көйлегінің жағасы иығынан шығып тұрады. Салдықпен балағын қосып, басына үкі тағып алады, иығына пұшпақтап белгі қояды.

Салдардың бір тансық ісі түрін өзге кісіге ұқсатпау үшін неше алуан киімдер киеді. Аса көп қолданған киімдердің бірі түйенің құмалағы, ойсылқара әулетінің мұрасы, соның қолдайтын киімі, қойдың құмалағы – шопан ата бабасының мұрасы, бұл киімді кісе жүрген жерінде байлық көп болады,

құрым киізден жасаған сыртқы киімдер, іші жібек, не түйенің жабағысы, бұлар салдың өз үлгісімен шебер әйелдің қолынан шыққан соң салдардың ойына дәл келетін бір алуан киім болып шығады. Салдардан баска ондай киімді ешкім киіп көрмеген.

Баянауланың атақты салы Бәйтен – ел аралауға шығарда түйенің құрғақ құмалағын жидырып, оны алтынның буына малып, әдемілеп тізіп, ешбір адам кимейтін аса қымбат киім дайындатқан. Мұны балаларына қызықты әңгіме қылып айтқан Марғұлан, Бәйтенмен бірге жүрген серінің бірі.

Қой құмалағынан шапан жасатқан кісі атақты Төлебай сал. Ол туралы ілгеріде айтылмақ. Бұл айтылатын киім де тек жұртқа ерекше көріну үшін қолданған салдар істеген әдістер.

Махаббат пен ойын-сауық жолына түскен салдар, сал болу үшін дүниесін аямаған, бар малын әдемі киімге, тұлпар атқа, сәулетті ертоқымға, қыз-келіншекке тартуға арнаған.

Сал ел аралап жүріп, қызды ауылдың сыртына келіп біраз тоқтап тұрады, атынан жерге құлағандай түсіп, оны жібек арқанмен ұстап, шалқасынан түсіп, екі қолын екі жаққа жіберіп мүдіртпестен жатады. Халық дәстүрі бойынша, ауылдың қыз-келіншегі оны көтеріп тұрғызып, ауылға алып келеді. Қыздар келгенде сал керіліп созылады, оларға асқақтап қарайды. Кейін әкесі сұлу қызды жібергенде салдың екі көзі жәудіреп жатқан жерінен ұшып тұра келеді, жан-күйі, көз-қарасы қызға арналады.

«Сен менің сүйген жарымсың», - дейді. Ат байлап отырған жібекті қыз-келіншектерге сыйға тартады. Қыздар салды ертіп сұлу қыздың үйіне әкеліп кіргізеді.

Үйдің ішінде сал жарқын түрге көшеді, әдемі өнер, сұлу күйлер татады. Барлығы қызбен оның әке-шешесіне қатты ұнайды. Екеуі бірін-бірі көзбен сүйіседі. Салдың тілегін орындауға жақын екені байқалады. Ол қасына алып жүрген барлық қымбат дүниелерін, алтын-күмістерін сұлу қызға жолдайды, мініп жүрген жүйрік атын оның әкесіне сыйға тартады, өзі үйіне жаяу қайтады.

Кейде барған ауылдың қыздары салдың құлаған жеріне көп уақыт бара қоймайды. Ол жатқан жерінде өлген кісідей көзін жұмып жата береді. Бірақ ауылдың ақсақалдары атақты салдарды көп жатқызбай, қыз-келіншектерді алдынан тез шығарады. Шықпаса сал екі күн болса да жата береді. Бұл оның шарты. Тез келген қыз-келіншекке сал жібек арқанды сол қалпымен тартады. Ел аралауға шыққанда ондай көп метрлі жібекті сал талай рет сатып алып жүрген.

Салды көп қыздар үйге алып келгенде оның қуанышы қойнына сыймай, өзіне өзі келеді, серпіледі. Бұл оның еркелік көрсеткені. Үй иесі халықтың жорасы бойынша салды ерекше қадірлеп алып келген қыздарға көп алғыс айтады. Бірақ кей бір қыздар салды сықақтап, мазақ етіп отырады.

Шалқасынан көп жатқан сал өзі аш, киімі ауыр, тез серпи алмайды, біраз бұлқынады. Соңынан ол ауылды өте қызыққа батырып, думан құрады. Ол өзі ақын, өзі әнші, өзі күй тартқыш. Өзінің ауызша шығарған өлеңдері мен сықақ қылған қыздарды олардан асыра мазақтап бастайды.

Дегенмен, сал болу оңайлыққа түспеген. Сал болған кісілер атасының барлық малын осыған жұмсап, кейін қартайған кезінде кедейленіп жүдеген (Біржан



сал, Жамбас сипар). Сал болған жігіт мал-мүлкін былай босқа шаша бергенін оның туыскандары ұнатпаған. Салдық өмірден шығару үшін, туыскандары жігітке жақсы көрген қызын алып беріп, тынышталады.

Бұрын сұлу қыз іздеп, малын босқа тігіп жүретін сал, енді жібек асуды, алтын-күміс алып жүруді қойып, енді тек ән салып жыр айтудың соңына түседі. Абылай заманынан көркейіп өскен сал мен серілер әсіресе, Көкшетауда, Баянаулада, Ақмола, Ұлытау, Торғай бойында көп болды. Ол Айғаным заманында да өркендеп келді. Айғанымның сарайының алдында жаз күні ақындар, күйшілер, әншілер отыратын, жыр жырлайтын, сөз сөйлейтін үлкен сауық орны болған. Мұндай мәдениет дүниесі күн батыста Бөкей Ордасында жоғарғы сатыға жетті. Атақты күйшілердің көбі осында болды. Күнбатыста ой-санаға ұйытқы болған саңылақ адамдар Сырым батыр; Исатай, Махамбет, Дәулеткерей, Жәңгірдің өзі. Ол дайым күйшілер, әншілер тобын жинап олардың шалқып тартқан күйлерін халық ортасына таратып отырады. Солардың ішіндегі ең данышпаны Дәулеткерей Шығайұлы (1820-1871 жж.) Ол Қарамола қыстағында туып өскен, қазақша оқыған адам, орыс тілінде сөйлей білген. Күйді Дәулеткерей өзінің ұстазы Мүсірәліден үйренген. Дәулеткерейді бірінші рет суретке түсірген Т.Паули. Оның кітабы 1862 жылы Петерборда басылған. Ол суретті 1854 жылы акварелге түсірген Чередеев. Ол геолог Ауербах пен И.П. Корниловтың экспедициясына қатысып, қазақ пен қалмақ елінің тұрмысын көрсететін 33 суреттік көркем альбом жасаған. Альбом бүгінде Ленинград қаласындағы ЦГИА архивінде сақтаулы тұр.<sup>4</sup> Альбомдағы бір жақсы сурет Дәулеткерейдің жазғы киіз үйдің ішінде бейнеленген суреті.



Онда бір топ кісі жиналып, атақты күйшілердің тартқан күйін тыңдап отыр. Ортасында бір жігіт би билеп жүр. Чередеевтің жол дәптеріне жазылуы бойынша ұзын сыбызғымен күй тартып отырған атақты күйші Шеге 66 жаста, екінші домбырамен күй тартып отырған Дәулеткерей, олардың артында отырған Қапажан Байшегір қызымен Саражан – Дәулеткерейдің әйелі, қасында қымыз құйып отырған баласы Азаматкерей, сұлтан Көшекғали Шығайұлы, әнші, ән шығарушы Әланияз Құдайқұлов, бұрын Жәңгірханның аспазы болып істеген.

Дәулеткерей XIX ғасырдың орта кезіндегі атақты күйші, барлығы елуге тарта күй шығарған. Кейінгі кезде оның сәулетті күйлерін шалқыта таратқан өзінің туған немересі атақты домбырашы Науша Бөкейханов. Дәулеткерейдің күйлерінен сақталып келгендері – «Қос алқа», «Қыз Ақжелең» - атақты күйші Ақбал

қызға арнап шығарған күй, «Қоңыр», әсерлі күй «Керліме», «Шалқыма», «Желдірме», «Жұмбақ бике». «Жұмбақ бике» күйін Масқар елінің сұлу қызына арнап шығарған. «Бұлбұл» - әдемі құс даусын күйге шерткен. Күй тартатын барлық қазақ салдары, серісі күйдің үнін көбінесе жаратылыстың ағуынан іздеген. Оларға үлкен әсер еткен судың ағыны, желдің үруі, құстың әдемі жырлауы, көкте ойнаған найзағай да қазақтың күй жасауына зор үлес қосқан. Осы айтқан елестер әсіресе Тәттімбеттің, Дәулеткерейдің, Мұхиттың күйлерінде ерекше орын алып отырады. Дәулеткерейдің фәлсафалық күйлерін біздің заманға жеткізген оның баласы Салауаткерей 1918 жылы қайтыс болған, атақты күйші Мақар Жапаров 1922 жылы қайтыс болған, тамаша күйші Науша Бөкейханов.

XVIII ғ. соңында, XIX ғ. басында аты шыққан күйшінің бірі Мүсірәлі - Құрманғазының аяулы ұстазы. Мүсірәлі Сырым Датовтың ел басқарған кезін ардақтап, оған арнап «Сырым сазы» деген күй шығарады.

Жайық бойындағы асқан сері, атақты күйші Құрманғазы Сағырбайұлы (1806-1886 жж.). Оның асқан серілігін, атақты күйші екенін жазған журналист И.Савичев ел-елді аралап жүріп, Құрманғазыны И.Ф. Бородиннің үйінен кездестіреді. И. Савичев Құрманғазының қияпатын келістіре жазып, оны суретке түсіріп алады. Жас кезінде саясат жүзінен көп қиыншылыққа ұшырап, елінен қуылған Құрманғазы, Жайық бойын артта қалдырып, созылып жатқан кең сахарға Сарыарқаға келеді. Арқасына кигіз қапқа домбырасын салып жүре-жүре таң қаларлық көркем жерлерге кездеседі. Алдынан алыстан көгеріп тұрған биік таулар, үзкіз ағып жатқан мөлдір сулар, жайқалып жел үрлеген түрлі шөптер, биікке ұмсынған қыя

тастар, бұлардың барлығы Құрманғазының шабытын көтеріп, әдемі елестер туғызады. Көгерген майса шөпке сондай қызығып, бір судың басында тоқтап, атының аузындағын алып, «жануарым бір кенелші» - деп қоя береді. Өзі домбырасын алып бір жылтыр тастың үстіне отырып, Сарыарқанының сәулетіне қарап бір танданады. Оның көгерген көп таулары, жайлап соққан қоңыр желі, көсіліп жатқан айдын даласы оған бір қуаныш бергендей домбыраны бір неше рет шерттіп-шерттіп, сол арада отырып Сарыарқа күйін шығарады. Оның сарыны бір ғана елдің қызықты өмірі, шалқыған еркін дала, қуанышқа бөлейтін байтақ дүние. Саясат пен өмір күресіне арналған күйлердің ең жарқыны — «Кішкентай», Исатай мен Махамбеттің көтерілісін ардақтауға арналған, «Қайран шешем» абақтыда отырып анасына арнаған күй, «Түрмеден шыққан» күй. Құрманғазы Орынбордан Ит жеккенге (Іркут қаласы) айдағанда, ол сол жерде тұра алмай, бір жылдан кейін қашып, жаңадан Сарыарқаға келеді. Бұл жерге келісімен ат - тонды болып көп қаражат жинап алады. Ең соңында өзінің туған жері Байұлы елінің ортасына барып, енді бір ғана күй шығару, күй тарту ісіне ауысады. Бұл кезде шығарған күйлерінің аса күштілері «Адай», «Ақсұңқар», «Манатау» (Үстүрт), «Серпер». Сарыарқадан алып қайтқан күйі, оны шығарушы Тәттімбет, сезімді әдемі толқытатын, төгіліп тұрған сыр, алға ұмтыла сермейтін жүйрік ырғақ, күшті бір ғана күн сәулесінен, жүректің қуанышынан алатын күй.

Жайық бойында атақты серілерден XIX ғасырда екі Мұхит болды, біреуі халық аузында аңызға айналған дарынды ойшы, атақты композитор Мұхит Мералиев (1806 жылы туған). Халық аузында аңызға айналған дарынды ойшы. Оның ұрпақтары екі жүз жылдай



тегісімен күйші болды. Мұхиттың шығарған күйлерін біздің заманымызға дейін тартып келген атақты күйшілер Лұқпан Мұхитов, атақты Мұхиттың немересі Ғұбайдола Мұхитов. Екіншісі Мұхит Қаратаев (1843-1916 жж.) белгілі сері, әрі ақын, әрі әнші, әрі күйші. Ол қазақ музыкасын аса сұлу тартатын ұлы шебердің бірі, аты аңызға айналған, тарихи заманның асқан күйшісі. Бұл Мұхиттың әнін, күйлерін таратушы ел арасында орасан көп. Сондықтан А.В. Затаевичтің бақылауынша, ол өзінің көп шығармалары мен бүтіндей бір мектеп ашқан кісі дейді. Затаевичтің бұл сөзі көбінесе бірінші Мұхитқа лайықты. Мұхит сері жас күнінде әйелдердің еркелеткен аяулы адамы, сұлулықтың жарқын бейнесі. Қартайғанда ол шалқыған ашық жүзді, қуанышты сүйетін сұлу қарт. Оның шығарған әні, күйлері орасан көп. Халық аузында кейінгі дәуірге дейін айтылып келгендері: «Сал - сері туралы Мұхит әні «Қыпшақ» - ән, күй, «Сал-Ораз» - Ораз салдың үндері, «Ақ иіс» - домбырашы қыз, соған арнап Мұхиттың шығарған күй. Оны Мұхит үш домбырамен қосылып тартатын болған өзі, екі інісі - Жекен және Ашу. Олар үшеуі бірікпей үш жерде тартқан, бірақ, бір кісі тартқандай домбыралардың дауысы бүтіндей қосылып мөп-мөлдір болып шығып отырған. Халық бұл күйді ерекше ұнатқан. «Медет хан» оның сұлу қызына арналған бүкіл Қазақстанға тараған сұлу ән «Зәуреш», «Айнама көз», «Киелім» осылардың бәрін ұмыттырмай сақтап келген күйшілер Мұхиттың ұрпақтары Ануар Медетов, Шайқы Қаратаев, Досқайыр Бабасов, Ғабдұл Бөкейханов, Ғұбайдолла Мұхитов, Науша Бөкейханов, тағы басқалар.

Жайық бойындағы халыққа мәлім серінің бірі Сейтек Оразалиев (1861-1933 жж.). Ол Бөкей Ордасында Сірәжін ауылында туып өскен. Орта бойлы,

қоңыр өңді, шашы көмірдей қара, көзі оттай жанған қаракөз кең маңдайлы. Оның мұрагері асқан күйші Исмағыл Көшебаев, Фазыл Сұлтанов. Оның күйлерін бергі кезге дейін ойнап жеткізген оның досы Науша Бөкейханов. Сейтек күйді бір ғана хан базарына барып жүріп үйренді. Көбінесе Астрахан түбіндегі түркімен күйшілерінен тыңдап жүрді. Қорқыттың күй сарынын айыру үшін Сейтектің бұл күйлері бір тарихи қазына.

Бөкей Ордасында Байқұмар деген бір кісі болған. Оның домбырашы, күй тартқыш Айша деген қызы болған. Сейтек осы қызды көбірек жақтайды. Бірақ, Байқұмар өте менменшіл Сейтекті менсінгісі келмейді.

Сейтек Айшаға арнап күй шығарады, атын «Бұлбұл Айша» дейді. Күйдің үні құстардың ән салуы сияқты көңілге өте тиімді, қоңырланып тұрады. «Бес қыз» атты әдемі толқынды күйді, көп қыздарға арнап шығарған.

Сейтек революция ісіне қатысып, көп жыл Сахалинда отырып, 1905 жылы еліне келеді. Сахалинде отырып сүйген қызы Забираға арнап хат жазып, күй шығарады. «Заман» деген күйінде айдауда жүріп елін сағыну, мұңын айту, сүйген жарын еске түсіру, үмітсіздік уайым сезіледі. «Айдау» күйінің (1904 ж.) мазмұны бостандық қашан келеді деп үміттену. Революциядан кейін шығарған «Еркіндік» күйінде халықтың еркіндік алғанына қатты қуанады.

Атақты күйші Сейтек 1923 жылы Мәскеудің ауыл шарушылық көрмесінде болып, қазақ қоймасында әр алуан күйлер таратты.

Маңғыстаудағы адайлардың аяулы күйшісі Абыл Тарақұлы (1750-1822 ж.). Жаратылыс оны берік қылып жасаған. Ол мықты балуан, атқыш мерген, ат сейіс, аңшы. Барлығы серілерде болатын қасиет. Күйді ол

ескі дәуірде жасаған Қошқар деген күйшіден үйренген, түркіменнің күйлерін көп тыңдаған. Оғыз-қыпшақ заманындағы данышпан Қорқыт сияқты ескі күйлерді жүйрік білген. Абылдың күйлері «Ақ желеу», басқа күйшілерде де кездеседі. «Нар ату» күйі болмаса, «Түйені атып түсіру» Сырым Датовтың көтерілісін мадақтауға арналған, «Ақсақ құлан Жошы хан» халық аңызын шалқытуға арналған тарихи күй. Оны соңғы рет А.В. Затаевичке мөлтілдетіп тартып берген белгілі домбырашы Ануар Медетов. Абылдың күйлерін бергі кезеңге дейін әдемі сақтап келген домбырашы Лұқпан Мұхитов (1884-1957 жж.).

Абылдан кейін Маңғыстауда талай атақты күйшілер болды, солардың ішінен жеке қара тұратындары Лекер, Жоламан, Есір, Өритан, Өскенбай, ең ардақты күйші әсіресе Өскенбай Қалмамбет ұлы (1860-1925 жж.). Ол Жетібай қыстағында дүниеге келген. Әкесі Қалмамбет өнерімен жұрттан асқан аса қадірлі кісі болған. Өскенбай соның жұрт сүйген баласы. Өскенбай - құсбегі, мерген, ат сейіс, зергер. Серілерде болатын әдет. Күйді Дәулеталы деген қарт күйшіден тыңдап, үйренуге соған барып жүреді. Шығарған күйлері Ақан серінің «Құлагері» сияқты аяулы атына арналған күйі «Жирен жорға», «Ақ желеу» атақты күй.

Ұлы жүз елінде «сал» болып жүрген көп болмаған. Халық айтатын аңыздарда жиі кездесетін есімдері Дәурен, Байсерке, Қожабек, Сатқынбай, Сүйінбай, Тезек сияқты ақындар серіге жақын.

Дәурен Құдабайұлы айтулы сал болған кісі. Салдық құрып жүріп, жас күнінде шапырашты елінің сұлу қызына бәйек болып, оны алады. Бірақ, қыз келіншек болып, дүниеден ерте кетеді. Сөйтіп алған келіншегі қайтыс болса да, жас жігіт Дәурен сал одан

кейін әйел алмауды өзіне ант етіп қояды. Бұл махаббат жолын қуған салдардың бір өзгеше қасиеті еді. Дәурен сал Іле өзенінен өткенде оның алып жүрген жібегінің ұзындығы сонша, оның бір ұшы судың арғы қабағында шұбатылып жатады.

Ұлы жүзден шыққан белгілі салдың бірі Байсерке Құлышұлы (1841-1906 жж.). Әкесі Құлыш етікші, мұхтажсыз тұрған. Баласы Байсерке шымыр мықты болып, жеті жасынан домбыра тартып үйренеді. Кейін үлкейіп, салдық өмірге ауысқанда көптеген күйлер шығарады. Соның бірі «Ат ойыны» - атты алдына қойып күй тартуы, оны биге үйрету. «Жетпіс бұтақ» - Алатаудың жемістері, соны әдемі күйге айналдыру. 1890 жылы Жетісуда үлкен жұт болып ел қатты күйзеледі. Мал жоқ, көзге түсетін семіріп жүрген қарға, Сал қарғаға тіл қатып - «сендерден басқа көрінетін еш нәрсе қалмады. Сендер менің қасымда болыңдар» - деп, қайғырып мұңаяды. «Дүние деген осы, төрт қарғадан басқа дәнеңем қалмады», - деп күрсінеді. Оған күй шығарып «Төрт қарға» - деп ат қояды. Бұл күй Біржан салдың «Тауық жылы» деп атаған жұт жылына (1862 ж.) арнағанға ұқсайды. Байсеркенің күйлерін бергі кезге дейін тартып келген домбырашылар Қожабек, Сатқынбай.

Елге аты шыққан салдың бірі Таракты Дүйсебай сал. Оның көп барған жері жалайыр елі. Онда Дина деген бір сұлу қызға бәйек болып, бар мүлкін соның алдына апарып тартады.

Атасу өзенін қоныстаған тамалар ортасынан шыққан салды қазақ аңызында Балжан сал деп атайды. Бұл ескі дәстүрлі көп қолданған салдың бірі. Ол әр қашан иығына түлкінің пұшпағын қадап, басына үкі тағып жүретін болған. Мінезі көбінесе Біржан салға ұқсайды, өлеңі де соған ұқсас:

*Сұрасаң менің атым Балжан салмын,  
Пайдам жоқ, зияным жоқ жүрген жанмын.*

Демек, тура Біржанның айтуындай үлгіні Сарыарқада жасаған салдардан алғаны ашық көрінеді. Арқа мен Сыр бойын қоса білген күйшілер Қоңырат Әлшекей күйші, Ықылас, Сүгір күйші, оларды бергі кезде әкеліп жеткізуші Жаппас Қаламбаев. Әлшекей 1847 жылы Тұменарық болысында туған, кейін аты аңызға айналған асқан күйші. Оның ең қызықты күйі «Ақсақ тоқты» сыбызғымен тартатын күй, «Ат үстінде ойнау» атты күй, тағы басқалар.

Әлшекейдің ұрпақтары тегіс күйші, олардың ішінде Карабала, Дәнібек кейінгі заманға дейін Сунақшада тұратын.

Ықылас Дүкенұлы (1843-1916 жж.) Қаратау мен Сарыарқаның арасында, Шудың аяқ кезіндегі таманың қыстауларында туып өскен ғажайып күйші. Қорқыттың қобыз дәстүрін жарқын түрде ұстаған, оны ерекше сүйетін бір таңсық көрген адам. Ықылас қобызды бала күнінен қызық көре бастады. Олай болуына үлгі берген оның ата-бабалары, өз әкесі Дүкен – тегіс қобызшы болған. Қорқыттың қобызына бас иіп отырған саңлақтар. Олар халықтың эпикалы жырларын, заман-заманнан келе жатқан халықтың сұлу аңыздарын аса жүйрік білген. Ықылас сол бабаларының, әкесінің көп мұрасын есінде берік ұстап, қобыз туралы көп аңызды бала күнінен тыңдай береді. Ол қобыздың керемет ой түсіретін музыка аспабы екенін әкесінің күн сайын үйде отырып тартуынан көріп өсті. Әкесі сондай жүйрік қобызшы, ел аузында сақталған толқынды аңыздарға табынатын, бәйек болған жан күйетін істерді ашық түрде сипаттап отыратын. Оның үстіне Ықыластың асқан ерекшелігі, жаратылыс оған ағылып

тұрған, жеткізбейтін мол дарын берген. Осыған орай ол қобызды жан-тәнімен сүйіп, оны сол бала күнінің өзінен әдемі тартып үйрене бастаған.

Ықыластың қобызы өзі жасаған қобыз емес, ол ерте кезден келе жатқан сәуегейлік мұраға айналған ескі қара қобыз. Оны әкесі Дүкен аяулы баласы Ықыласқа мұра қылып қалдырған.

Бұл қобызды мен 1946 жылы Бетпақдалада көшіп жүрген Ықыластың үйінен көрдім. Ол Созақ ауданына қарайтын «Талап» колхозының ауылы Көк-өзеннің бойында отырған еді. Ықылас ескі үйіне басшы болып отырған ақылды, сыпайы адам қартай бастаған оның келіні, қобызды алғашқыда көрсеткісі келмей, «тығулы жатыр» деген еді, соңынан түсінген соң көрсетті. Қобыз бүтіндей қап-қара, көп заманнан келе жатқаны түрінен көрініп тұр. Қобыздан бастап Ықылас туралы көп жаналықты сол кісіден естідім. Әйел сөзге өте шебер және Ықылысты жақсы біледі екен. Ол кісінің айтуынша, «Ықылас ұзын күйді әр қашан өзен басында отырып тартушы еді» - дейді. «Оның әкесі Дүкен - ол да үлкен қобызшы. Осы қобыз сол кісіден Ықыласқа мұра болып қалған. Қобызбен байланысты халыққа үлгі болған ғажайып аңыздарды олар ерте кезден біліп келген, әсіресе Қорқыт туралы, оның жасаған қобызы туралы. Ықылас шалқыған оймен саңқылдатып айтып отыратын. Бұл аңызды ол бала күнінде әкесінен естіп, кейін қобыз тартып отырғанда, оны әңгіме етіп таң қалып отыратын. Оның көп айтатыны әсіресе Қорқыт туралы. Оның қалай туып, қалай қобызшы болғанын көп әдемі сөзбен, қобыздың үнімен жұртқа түсіндіріп отыратын. Оның айтуынша, Қорқыт қобызын аркасына тағып, жел-маяға отырып, дүниенің төрт бұрышын кезген, бар тілегі өлімге дауа іздеу. Әсіресе қызық қылып тартатын



Қорқыттың жел-маясы. Оның желдей есіп тоқсан дауа таба алмай күйзелгенде ақырын-ақырын боздап сарнауы - Ықыластың күйлеріне үлкен әсер берген.

Солардың ішіндегі Ықыластың сүйе тартатыны «Қорқыт күйі». Қазақстан сахарасында ескі заманнан қалыптасқан ұлы әфсана күй. Бұл күйді орта ғасырда атақты күйшілердің бәрі тартқан. Халық есінде көбірек сақталғаны Қойлыбай мен Балақай бақсының тартқан «Қорқыт күйі», XIX ғасырда күйші Қанқожаның тартқан «Қорқыт күйі» (Шоқан Уәлиханов), олардың соңын ала бұл күйді аяулы қобызмен өмір бойы тартқан Ықылас екенін көреміз. Ықыластың ой-елесі бойынша, қобыздың бір ғажайып жері, оны тартқанда ішінен Қорқыттың үні естіліп тұрғандай болады. Бұл аңыз ел аузында тап солай айтылып келген. Оның бір әдемі түрін жазып алған П.С. Спиридонов. Ол аңызда айтылған: «Сыр бойының жағасында тұрған Қорқыт моласының қасынан өткенде құлағына «Қорқыт-Қорқыт» деген әдемі күйдің дыбысы алыстан естіліп тұрады». Осы Қорқыт күйін шалқыта тартып, оны сұлу мұрас еткен ойшының бірі Ықылас. Оның екінші күйі «Кертөлғау» - «Ақсақ құлан» күйінің бір түрі, ескі дәуірден келе жатқан толғаудың бір түрі. Ықылас мұны да мөлдірете сәулетті етіп тартқан. Ықыластың маңайында болған қариялардың айтуынша, кейінгі қобызшы, сыбызғышылар мұны бұзып, басқалардың сарынына түсірген.

«Қасқырдың ұлуы» Ықыластың бір ерекше шығарған өзгеше күйі. Түп аңызы қыпшақ елінің ескі аңыздарынан шыққан. Бұл да Қорқыт аңызында кездесіп отырады. Ықыластың қобызбен тартуында алдымен бір қасқырдың ұлуын суреттеп, содан кейін екеуін, содан бір тобының ұлуын тапжылтпай суреттеп отырған.

Елдердің айтуынша, түнде отырып Ықылас осы күйді тартқанда ауылдағы иттердің үрейі ұшып, шуылдап үре шығатын.

Ықыластың асқан шығармасының бірі қобызбен тартатын «Қазан күйінің» негізі тама елінің тарихи аңызынан шыққан бір өзгеше күй, олардың атақты батыры Шораның жорығына арналған. Тама елінің тарихи шежіресі бойынша Шора батыр олардың түп атасы. Қыпшақ заманында олар Қазан қаласының ішінде тұрып, Шора батыр кезінде олар Жайықтың басына ауысады. Тарихи оқиғаның менгеруі бойынша олардың бір шеті созылып Шу өзенінің бойына, Қаратауға келеді. Осы тарихи аңызды Ықылас қобызбен күйге айналдырады. Оның күйінің дауысында Шора батырдың толғауы, соғыс түрі, елдің қажып шаршауы, кейін қуанышқа батуы көрсетіледі. Эпикалы жырдан шыққан «Қазан күйі» домбырамен де әдемі тартылады. Бірақ екеуінің мазмұны бір шығады. А.В. Затаевичтің зерттеуінше, «бұл күйде ескі заманның маршы, жорықтың түрі, соғыстың суреті көрінеді». Сөйтіп, бұл тарихи аңызды әдемі сақтаған тама елінде, оны күйге айналдырған ойшы Ықылас.

Қобызшы эпикалы аңызды аса жақсы көрген. Соның бірі қобызбен тартқан «Қамбар мен Назым» күйі. Қамбар кедей егіншілер қыстағында (тобыр) туып өскен, атақты аушы, сері, мерген, батыр. Ол өздерін басқаратын ханның атақты қызы Назым сұлуға ғашық болады, Назым да оның ерлігін, серілігін ісін ардақтайды. Бірақ Назымның әкесі, туыскандары Қамбарды қара қазақ деп менсінбейді. Ханның еліне жау шабады. Оларды жеңуге ханның шамасы жоқ. Назым оған қарсы Қамбарды шақырады. Алып ер жауды жеңіп елін қуанышқа келтіреді. Хан Қамбарды жақсы

көріп қызын оған береді. Ықылас осы екі ғашықтың қосылғанын мақтаныш етіп, оларды қобыздың әдемі күйіне айналдырады.

Халық аңызынан Ықыластың тағы бір алған тақырыбы «Аққу» күйі, ескі дәуірден келе жатқан киелі құс әрі аңыз. Қобыздың күйі аққудың әдемі үнін, оның қалай ұшуын, оның қалай сәулетті жүзіп, жүруі ғажайып сұлу оймен шешілгені айтылады. Өзге таныс күйлерден Ықыластың сүйіп алған тақырыбы «Жез киік». Тайлақбайдың сыбызғыдан тартқаны (Шоқан Уәлиханов).

Ықыластың күйлерін мұрас еткен оның баласы Түсіпбек, Созақтан Сүгір күйші, немересі Дәулет Мықтыбаев, Жаппас Қаламбаев.

Сал мен серінің көп шыққан классикалық жері әрине Сарыарқа, оның ішінде Көкшетау, Ақмола, Баянаула, Қарқаралы, Торғай елінің бойы. Ертістің бас жағында, Алтайда, Тарбағатай тауларында жасаған сал мен серілері әбден ұмытылып біткен. Бергі кезге дейін айтып келгендері тек Тарбағатай жерінде өскен Ағаш аяқ, Қарқаралыдан Әсет әнші. Бұл екі әншініде Құнанбай мен оның баласы ақын Абай өте жақсы көріп, олардың мұраларын өздеріне жақын тартқан. Алтай тауында домбырамен күй шалқытқан бір серіні Аткинсон суретке түсіріп, бірақ атын жазбаған. Әдемі киінген сері, ол найман елінің күйшісі.

Делбегетей тауында Ағаш Аяқ деген бір сал болған, Құлам тастағы жазуы бойынша оның шын аты Назар Сапарұлы. Назар Сапарұлы 1818 жылы туып, 1898 жылға дейін жасаған, түсі сары, көзі көк, өзі кедей болған. Ғашық болған қызына тез бару үшін, аттың орнына, екі ұзын бақан мініп үйренеді, соған орай «Ағаш Аяқ» атанып кетеді. Жүргенде сербендей басып,

он шақты қадамды бір-ақ басып отырады. Оның жүріп өткен жерлері Қалба тауында осы күнге дейін «Ағаш Аяқ» деп аталады. Бақанмен жүру бір ғана аты жоқ кедей салдың ісі. Ғашық болған қызын барып көргенде бұл өте таңсық нәрсе болып көрінген. Ағаш Аяқ әрі сал, әрі суырылма ақын, әрі асқан әнші. Ол бір байдың қызына бәйек болып, онымен хат арқылы байланысып жүреді. Қыз оның өнеріне қызығады, көп мейірімі түседі. Бірақ қызды бір байдың баласына беріп қойған, жақын арада күйеудің «ұрын келетін» кезі. Қыз ол күйеуді жақсы көрмейді екен, Ағаш Аяқты ұнатқандықтан күйеу келгенше «тез кел» - деп шақырады. Ағаш Аяқ қуанып, екі бақанмен жүгіріп қыздың ауылына келеді. «Жәнекей» деген әнді сол қызға арнап шығарады. Ол керемет ойыншы, түрлі аң мен құстың даусына келтіріп ән салады, үнін неше алуан етіп құбылтады. Ағаш Аяқтың аты көп жерге аңыз болып тараған, оны Алтайдан бастап Сарыарқаның түкпіріне дейінгі елдер жүйрік біледі. Көп адамдар Ағаш Аяқты «Құнанбайдың әншісі еді» деп айтуы осыдан шыққан. Халықтың аңызы бойынша Ағаш Аяқ бақанмен жүруды нағашысы Апақ балуаннан үйренген. Өзінің шығарған жырында:

*Атандым өзім Назар Ағаш Аяқ*

*Қаздым мен қашан достан жасым аяп,- дейді.*

Тарбағатайда жасаған серілердің ең бір әйдігі Әсет ақын Найманбайұлы. Ол 1867 жылы Қарқаралы аймағында, Қызыл-Арай төңірегінде туып, бала күнінде өзінің ата-бабаларының мекені осы әдемі тауларды қызықтап өтеді, өсе келе Тарбағатайдағы Бахты қаласына барып, оның медіресесінен сабақ оқыды. 14 жасында әкесі қайтыс болып, нағашыларына барып тұрады. Сол кезден бастап ол асқан әнші, әрі сері болып жүреді. Әсет өте сыпайы, нәзік жанды кісі болған, өзі



оқымысты жазғандарын әр қашан қағаз бетіне түсіріп отырған. Ол ел аралап жүрмеген, әндерін шығарған жырларын тек үлкен сауық үстінде, қыз ойнақта, ұлы тойларда айтып жүрген, ел аралауды, сый алуды онша жақсы көрмеген. Оның бұл ардақты мінезі Абайға да ұнаған. Оның айтқан әндері «Әсет», «Үлкен ардақ», «Кіші ардақ», «Еркем-ай», «Ісмет». Өзі өткір тілді, шешен, мысқылшыл, айтыс ақыны. Сегіз сері, Ақан сері сияқты арап аңыздарын да әдемі суреттей білген. А.С. Пушкиннің «Евгений Онегиннің» аударған, оның қол-жазбасы бүгінде Қазақстан ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы тұр.

Арқаның салдарының келіп жеткен дәуірі XIX ғасырдың соңы, одан кейін олар мүлде жойыла бастады. Бұл тегінде тұрмыс пен байланысты іс болу керек. XIX ғасырдың соңынан былай қарай салдар ел аузында аңызға айналып, тек олардың айтып кеткен әндері, күйлері, жырлары сақталып келді. Салдарды, серіні ұмытпаған көбінесе қазақтың жас әйелдері. Әдемі киініп жүрген жас жігітті олар «сал», «сері» деп атады. Сол айтқан кезден бастап сал өмірі бүтіндей азғындады. XX ғасырдың басында олар тым өрескел түрге көшті. «Салмын» деп өзін-өзі атап жүрген кісілердің бойында жан күйінде бұрынғы салдықтың көркем түрі болмады. Ол бір құбыжық ойынға, өрескел іске айналады. «Салмын» деушілер жаман ер тоқымын теріс ерттеп, киімін теріс киіп, азып кетті. Ондай «салдар» қатарында айтылатын кісілер Тоқырауыннан шыққан Нұралының Сүлеймені, Кеңесбайдың Оспанбайы. «Сал» боламыз деп бұлар барлық малын босқа қырып, пішенін құлатып, ойына келгенін істеді. Ел ортасында бейуаз, бетімен кеткен кісінің бірі «Сары-ауыз» (Қарқаралы даласынан). Ел ішінде бүлік салып, ауыздықсыз кете

бастаған соң, ел ішіндегі ақылды адамдар оған тию салып тоқтататын.

Сері мен салдың көп тараған жері Көкшетау төңірегі. Олардың бұл өлкеде көп екенін бірінші рет айтып жазған түрік елдерінің тілін жүйрік білетін ғалым Услар деген кісі. 1840 жылды Усларды Кенесары көтерілісін бақылауға жіберген. Бірақ ол қазақ тұрмысын зерттеуге айрықша көңіл бөледі.



Сал-сері, ақын-жыршылардың бір тобы. Сурет Ө.Марғұланның архивінен алынды.

Оның бақылауына, қазақтардың сөйлеуі әзербайжан сөйлеуімен бірдей, айырмасы тек дыбысты өзгертіп сөйлеуінде. Алғаш Көкшетау қаласына келгенде ол көп жаңалықты көреді. Қаланың іші толып жүрген қазақ. Солардың ішінде өзгеше киінген көп қазақ салдарын көреді. Олардың бәрі фронт, кербез. Кигендері ылғи жібектен тігілген қырмызы не жасыл кең шапан, басында шошақ бөрік, аяғына кигені

көксауыр шоңқайма етік. Олардың өрнекпен әдемілеп кестеленген, түсі не қызыл не жасыл болып кездеседі. Көкшетауда ол кезде көп жүретін салдар Нияз, Шәрке, Сегіз сері, кейінірек Қанқожа Уәлиханов, Біржан сал, Тулақ, Ақан сері, Сейіткерей, Қозыке, ең соңында үкілі Ыбырай шығады. Бұлардың ішінен халыққа аса атақты болғаны Сегіз Сері, Біржан сал, Ақан сері, үкілі Ыбырай. Бұлардың топ тобымен шығарған сұлу әндері, күйлері, өлең-жырлары сақталған. Қанқожа мен Тулақтың, Қозыкенің ән күйлері, қағазға жазылмай, кейбір әншілердің не ғалымдардың (Шоқан) айтуында сақталған.

Баянаулада көркейіп шыққан салдардың ең ұлысы Өтебай сал (XVIII-XIX ғғ.), өзі күйші, өзі ақын, Байтен сал, Марғұлан сал, қаржас жаулыбай тобынан Өтебай - асқан әнші, ақын, оның баласы Әубәкір, сері Сұр Омар (Жаулыбай) ғажайып әнші. Абжан Атубайұлы сері Мұса мырзаның әншісі. Атақты әнші, әрі сері Жарылғапберді және Атубайдың Абжаны Мұсаға еріп Сырымбетке талай рет барған. Кейін Мұсаның баласы Сәкен Шыңғыстың қызы Нұриланы алуға барғанда қасына күйеу жігіт етіп, асқан әнші Жарылқапбердіні ерте барады. Екі әншінің екеуі де Көкшетаудың атақты салдарымен, серілермен кездеседі.

Абжанға көп әсер еткен Сегіз сері, Біржан сал, жас жігіт Ақан сері. Бұл екеуі Баянауланың әндерін Көкшетауға апарып таратып, оның ғажайып әндерін Баянаула мен Қарқаралыға әкеліп таратады. Оған Жарылғапбердінің бірнеше әндерін мысалға келтіруге болады:

*Жігіттер шек келтірме құдыретке  
Тілеймін медет бер деп барше үмбетке  
Бауырында Көкшетаудың екі қызға  
Ән бастым осылай деп Топай көкке.*

Баянауладағы ең атақты күйші, өзі сері Өтепбай сал, руы каксал. Ол күй тартқанда жұрт кейде көздерінен жастарын сорғалатып, сүйсініп таңдайтын (Мәшһүр Жүсіп). Ол домбыра мен тарихи дәуірден қалыптасқан ескі күйлерді тартатын. Оның тақырыбындағы күйлер «Саймақтың сары өзені» (Қытайға қарсы соғыс), «Боз айғыр» (Соғыс туралы ескі күй), Аксақ құлан Жошы хан» (ескі аңыз), «Боз інген», «Суға кетті ер Қотан» - тарихи заманда жасаған атақты күйші, ақын, серілікті ең алғаш таратқан жарқын кісінің бірі Қотан сері туралы «Қазан күйі» (соғыс суреті, ескі күй), «Алшағырдың ащы күйі» - атақты ер Алшағырдың ескі күйі, «Тәттімбеттің сылқылдағы», тағы басқалар.

Өтепбайдың аса келісті тартқан күйінің бірі «Бозайғыр» аңызы. Ескі заманда елді қытай әскері шауып тірі адам қалмағанда, Бозайғыр жалғыз өзі өлейін деп жатқан ердің қасында тұрып, азынап тұра алмайды. Құлағына тау ішінде тығылып жатқан елдің жылқысының үні естіледі. Жерді тарпып-тарпып жігітті үстінде отыруға шақырады. Жігіт есін жиып жануардың үстіне отырғанда боз айғыр жөңкіле алыстағы құз тауға тартады. Жігіт оның бір нәрсе біліп келе жатқанын сезіп еркіне жібереді. Құз таудың ішінде кіргенде боз айғыр кісінеп, көзі жаудырап, бір жақсылық бар екенін біледі. Кейде арқырап кісінеп қояды. Өз жерінің шөбін, суын көргенде жаны сүйіп шұрқырап отырады. Бірақ тыныққан жігіт түсіп, жануарды шалдырып алайын десе де айғыр елегізіп ілгері тарта береді. Алыстағы ауылдың жылқысының дыбысын ашық сезіп, тұрғысы келмейді. Елге таянғанда бозайғыр кісінеп жібереді. Ол кісінегенде тау ішінде жатқан көп жылқы тегіс кісінеп, шұрқырайды, олардың шұрқыраған дауысы бүкіл тау ішін жаңғыртады. Тығылып жатқан елдің

көбі жас әйел, бала, қарттар екен. Олар кейін көбейіп тағы да ұлы елге айналады. Өзінің тақырыбы бойынша «Боз айғыр» күйі «Ергене-көң» аңызына өте ұқсас. Ергене-көң - Алтайдың бір биік басы. Қытай әскері келіп түркі тайпаларын шапқанда, I -V ғасырда олар осы Ергене-көң қорғауына тығылып, осы арада өсіп-өріп көбейеді. Тарих бойынша, онда тығылған елдер Ергенекті-найман, кият, қоңырат, қыпшақ, оғыздар. Күй осылардың басынан кешірген дәуірлерін суреттейді.

Баянаула салдарынан ескі дәстүр бойынша жас кезін қызық түрде өткізгендер Бәйтен сал мен Марғұлан. Олар кейбір киімін түйенің құрғақ құмалағын алтын суына бояп соны ішкі, камзол етіп киген. Олардың көп барған жері каракесек шаншар елі, жақсы қызды да осы арадан тауып, соған үйленеді. Мәкеннің бәйбішесі Айман Тәттімбеттің туысқандарының қызы, жарқын сыпайы ашық жүзді адам еді. Немерелеріне көп үлгі берді, әдемі аңыздарды жүйрік тілмен айтып отыратын. Бәйтен мен Мәкеннің жас кезінде көп барған жері Әулие-Ата, Ташкент, Түркістан. Онда тек жібек іздеп баратын, әдемі нәрселерді сол жақтан әкеліп жүрген. Олар салдықты тек отыз жасқа дейін ұстап, үйленген соң салдықты тастап кеткен. Мәкеннің шығарған күйлері «Бұхар-екем» - Бұхар Жырауға арнап домбырамен тартатын күй. «Ала ту»-бабасы Олжабай ерді еске түсіріп, сол кісінің туына арнап шығарған. Бұларды немересі жас домбырашы Маусым тартып отыратын. Сары ала тудың ұзындығы бір жарым метрдей, ені 80 см, біздің үйде әбдіреде тығулы жататын. Тек босанғанда қиналған әйелдерге шетінен үзіп-үзіп кесіп беріп жүрді. Ол тумен бірге Ғалдан-Цереннің Олжекене сыйға тартқан үш жарлығы бар еді. Оның әрбірінің ұзындығы бір жарым метрдей болатын. Бала күнімде

мен оларды көп айналдырып, оқуын шығара алмай әуре болатынмын. Жарлықтың сол жақ бұрышында қызыл бояумен түсірген құба қалмақ хандарының мөрі бар еді. Мен Ленинградта оқып жүргенде (1930 ж.) шешем қайтыс болып, туды да, жарлықты да сол кісінің кабіріне салған.

Мәкен мен Бәйтен екеуімен қатар серілікті жақсы өткізген кісі Сұр Омар. Сұр Омардың толқынды әнші екенін ерекше сүйіп, дос болып өткен.

Баянауланың ілгеріде болған салдық, серілікті бергі кезде мұра қылып әкелгендер Жаяу Мұса, Салмен, Ашубайдың Әбжаны, Жарылғапберді. Олардың мұрагері Ағаш аяқ Мұстафа, Қали Байжанов, Сапарбек, Байбөрінің Сейсенбайы, тағы басқалары. Қали әнді Жарылғапберді мен Жаяу Мұсадан үйренген. Олардың ауылы Қалиге өте жақын тұратын. Ол Қоянды жәрменкесінде әр жыл каракесек әншілерінің сұлу әндерін көп естіді. Абайдың әншісі Алмағамбет әншіні тыңдап, одан «Ағаш Аяқ», «Екі жирен», әндерін естіді. Ақмола жәрменкесінде Атбасардың (Терісаканның) атақты әншісі Сатмағамбет шығарған «Әуілдек», «Еділбай» әндерін естіп білді. Сондықтан Сарыарқада айтылатын көп сұлу әндерді Қалидан артық білетін кісі аз еді. Өзінің шығарған әндері «Ардақ», «Тама» бірақ бұларды бұрынырақ айтқан Жарылғапберді.

Бір қызық әңгіме Қали Байжановтың казак музыкасын зерттеуші оны жазып алушы А.Ә. Бимбоэс пен жолығуы. Ол 1923 жылы күз күні еді. Ол кісі Семейге келіп, облыстық оқу бөлімінің орынбасары Әбікей Сәтбаевпен кездесіп, казак музыкасын қалай жазып алуының бағдарламасын құрады. Әбек мені шақырып алып - сен осы кісіге көмек көрсет, театрға апарып әншілерімен кездестір. Қаладағы қарт әншілерді тауып солармен жолықтыр деді. Қали ол кезде Семейде театрда ән салып жүретін. Мен Қалиды



Тоқырауынның бір жас әншісімен екеуін пәтерге шақырдым және ол сағатқа Бимбоэс та келмекші болды. Пәтер ағаш үйдің бір кішкене бөлмесі, оған алпауыттай Қали кіріп келгенде әзер сиғандай болды. Түрі батырлардың түріндей алпауыт, жауырыны кең, басы үлкен, қара көзі жаудырап, адамға бір қуаныш бергендей болып тұрады. Бимбоэс оның жан-күйінен сұлулықтың елесі аңқып тұрғанына біраз үніліп таң қалып отырды. Сол арада-ақ әнші домбырасын гүлетте шертіп, әнді үсті-үстіне түйдектетіп айта бастады. Айтқан әндері «Шама», «Ардақ», «Гаухар тас», «Әуілдек», «Алтыбасар», «Қарға», тағы басқалар. Бимбоэс бұл әндерді әдемі жазылды деп соншалық қуанып отырды. Кейін Ленинградта басып шығарды.

Баянаула әншілерімен қатар шыққан аяулы серінің бірі Естай Беркімбаев ұлы (1874-1940 жж.). Шідерті өзенінің аяқ кезінде ескі Ақкөл болысында туып өскен. Түсі қызыл шырайлы, көзі шегірлеу келген үлкен, отырысы, жүрісі серілердің әдетіндей сыпайы, байсалды, өзі саңылақ кісі. Ән айтқанда өте салтанатты бейнемен, саспай толқынды шалықтаумен келтіретін. Ән айтудың алдында өзіне біраз рух беріп, шарықтай бастайды. Жан күйі толық кемеліне келгенде әдемі дауыспен шалқыта бастайды.

Естай өзінің әншілік өнерін бір ғана Жарылғапбердінің қоңырлатып көтеруінен алған. Жарылғапбердіні ол шын мағынасында «әннің ардагері» деп түсінген, оның әніне аса қызыққан. Тамылжытып әдемі қоңыр үнмен шалқыта романтика түрінде айтуы Ақан серіге де өте ұқсас.

Естай жас кезінде Сарыарқаны тегіс аралап шыққан, оның барған жері Баянаула, Қарқаралы, Шыңғыстау, Ертіс бойы, жоғарғы Қара Ертістің жағасы,

Өр Алтай: Тарбағатай, Лепсі, өзенінің бойы, солардың жарқын елін көруі, Құнбатыста Ақмола, Атбасар, Обаған өлкесі.

*Көкшетау. Баян Аула көрдім бәрін  
- Ұлы Ертіс, Омбы, Семей арағадым.  
Қарқаралы Қара өткел, Есіл бойы,  
Еркелетті уақ, керей, басентін.*

Елу жасқа дейін осы елді тегіс аралап, одан кейін «сонша жүре берудің лайығы жоқ» деп мал шаруасының соңына түседі. Оның аса сүйген қызы Маралды болысындағы атақты сұлу қыз Хорлан. Бірінші әнін осы Хорланға арнап шығарады. Оның сұлулығы сондай күшті, роман сияқты болған соң, ол барлық қазақ сахарасына тарайды. Біздің бала күнімізде бұл әнді ғажайып түрде айтатын Баянауданың әншілері Фәрит Абсаттаров (Керекуде тұрған), Барбар Мусин, Ертіс бойында Ақсу, Алтыбай, Маралды болыстарының оқып жүрген жас жігіттері сұлу дауыспен айтатын, солардың бірі Рамазанов еді.

Мен 1926 жылы Ленинградтан елге демалысқа қайтып келе жатып, Павлодарға Жаяу Мұсаның қызы Анна деген кісінің үйінде жатқанымда, ол жігіттер Ертістің шығар аузына бір үйді тіктіріп мені апармақшы болған. Бастап жүрген Кәрім Сәтбаев, «Хорланды» ондай қазір ешкім айта алмайы. Кәрім ұзын бойлы, ашық жүзді, көзіне пенсне киген, бар музыка аспаптарын сол үйге апарып жиып қойған. Оның қасында Рамазановтар, Павлодар қаласының ән салатын көп жігіттері бар, «Хорлан», «Екі жирен», «Ардақ» әндерін айтып, ол үйде екі күндей жаттық. Үй сондай көркем, сұлу, бесентін елінің асқан төрелері жасаған. Бұл елдің салтанаты көп елден артығырақ тұрады. Сол үйде отырып жігіттер Хорланның өзі бір

ғажайып кісі «әнін тыңдау мен қатар өзін көріп қайтса тіпті жақсы болар еді» деді. Баруға келістік. Өкінішке орай, сол жылы елде сүзек болып Хорлан ауырып қалыпты. Біз оған жете алмай Керекуте қайтып келдік, Естай Хорланды есіне түсіргенде айтқан:

*Қызығымды көп көрді бәсеннің*

*Қолына алып еркелетті момын елім, – деп,*

Хорланның шыққан елін сондай ардақтайды.

Сал мен серінің көп шыққан жері Акмола, Сарысу, Есіл, Нұра өзенінің бойы, Қорғалжын төңірегі. Мұнда жас күнінде сері болып кейін ақындық жолына түскен кісі Құлтума - теңіз бойының атакты серісі, айтыс ақыны. Сейдальның асында (XIX ғ. орта кезі) ол Көшетаулық Тоғжан ақынмен айтысады. Ең атакты салдар Өтебай сал, Төлебай сал, Сары-Тоқа, Қаспақ сал.

Есіл бойындағы қыпшақтар арасынан жеке кара шыққандары Иман Жүсіп - сері, ақын, жазушы, Қошан сері, Бекетай Тәттіұлы (Омбы қыпшақтарынан). Иман Жүсіп сері болғанын өзі айтып суреттеген (жоғарыдан кара).

Ең ескі салдардың бірі Қуандықтан тараған Өтебай сал, қыстауы Ортауға таяу Көктің - көлдің жағасында болған. Өзі үлкен бай, әкесі Күшікбайға он екі мың жылқы біткен. Ол жылқыны сал болып жүріп желге шашады. Өтебай XVIII ғ. соңы кезінде туған, 1835 жылы Сапақ бидің ағасы Қорыспайға ас бергенде соған қатынасады. Бұл асқа Баянауланың атакты биі Шоң, қасына атакты жырау Сақау ақынды ертіп келеді (Мәшһүр Жүсіп). Өтебай бұл аста өзінің ерекшелігін көрсету үшін, көп жасаулар дайындайды. Ең алдымен жүз биенің құнына түскен әдемі сәукеле жасатады. Ол сәукеле Сапақтың қызының сәукелесінен артық болсын деп, шеберге тағыда алтын, бриллиант қосып береді. Бұл

асқа барған кісілердің бәрінен асып түссін деп, жүздеген түйені әдемі кілемдермен малындырып, көркем сәукелені басына киіп, өзі әкелген он қанат ақ үйге келіп жатады. Сәукеле басында, аяғында өрнектелген көксауыр етік, үстінде жібек торқадан істелген кең шапан. Басына үлкен мамық жастық қойып, арқасын сүйеп, аяқ жағына есіктей үлкен айна қойдырып, өз түрін өзі қарап мазақ етеді:

– Мә, бар болғаның осы ма? Бар түрің осы ма? Пішініне ұрайың! Көтімді сүртейің! - деп, аузын осыртып, айнаға қарап ернін шығарып... өзін-өзі келемеждеп жатады. Сол кезде Өтебайдың үстіне Баянауланың қарт ақыны Сақау жетіп келеді. Келісімен өлеңді үсті-үстіне ағызады. Өтебай басын көтеріп үйден барып қысырық ал дейді. Ақын - басыңнан бермесен үйіңдегінің керегі қанша? - деп өлеңмен қусырмалайды.

– Олай болса, өзім де сүйкімсіз болып түрімді бұзып жатыр едім. Енеңді ұрайың, осыны әрмен алып кетші.

– Мә, қайтып көрмегенім осы болсын! - деп, басынан сәукелесін жұлып алып, есікке қарай лақтырады. Сәукелені қанша көп ұсталар, зергерлер, өрнекшілер жиылып, алтын, күміс, бриллиант жауып, өте қымбатқа түсірген. Бірақ бай үйінен шыққан салға ол атқал сияқты көрінген. Шоң би осы астан кейін қыс күні қайтыс болады да 1837 жылы Әзіретке апарып қояды.

1838 жылы ас береді. Түріне карағанда, Өтебай сал бұл сәукелені, малынған кілемдерді тек сыйға тарту үшін әкелген. Оның бар ойы өзінің ерекшелігін осы байлық арқылы асырып түсуді мақсат еткен.

Оның тағы бір өзгешелігі Баянауланың Бәйтен салы сияқты киетін ішікті, камзелді киіктің құмалағынан істетіп, оны тігуден бұрын алтынның суына малып,



жағасына барқыт салдырып, ішін жібекпен астарлатып отырған. Төбесіне арқардың мүйізінен телпек жасатып, жұрт алдына шыққанда:

– Міне, менің Іскендір Зұлқарнайыннан не кемдігім бар? – деп, серпіле мақтанатын.

Сарысу бойында XIX ғасырдың ішінде жасаған сондай ескі салдың бірі Төлебай сал. Оның өзгешелігі де орасан күшті болған. Басқадан ерекше көріну үшін ол киімді бір ғана қойдың құмалағынан тізіп жасатқан. Құмалақты кейде жасыл, не қызыл бояумен бояп, оған не жасыл, не қырмызы түс берген. Бірақ құмалақ екені жарқын сезіліп тұрған. Құмалақтың орнына кейде қайыңның безінен құмалақ жасатқан, кейде көп асықтан боятып, соны ішіктің тысына қадаған. Жағасын барқыттан, астарын жібектен істетіп бұның барлығы өзгеден артық болып көрінудің тәсілі.

Төлебайдың көп барған жері Қарқаралы шаншар елі. Ол жердің адамдарды сауыққой, әнші, серілері көп, қыздары ашық жарқын келеді. Өзіне сүйген қызды осы аралдан алған. Осы араға талай келіп, талай рет қайтып жүрген.

Бір рет барғанда, киімдерін ынғай бөялмаған қой құмалағынан тіктіріп, Едірей тауында жиналып отырған бір топ кісінің үстіне келеді. Олар бір атакты домбырашы қарт өліп, соны қойып жатқан кісілер екен, Төлебай өзінің қулығын пайдаланып - «е, қоярларың көбейе берсін» - дейді. Оған ыза болған бір жігіт - «мынау не оттап тұр!» - деп, күрекпен Төлебайды ұра бастағанда, ортасында отырған Алшынбай би дауыстап - «тима! Не сөйлеймін десе оның еркі бар. Токадан келген Төлебай сал» - деп көпшілікті таныстырады. Төлебай ыза болған жігіттің көңілін басып - сен менің

бұл сөзімді турасынан алма. Менің ілгеріде мұндай нәрсе болмасын деп айтқан көңілім ғой деп, жігітке сыпайылық білдіреді.

Төлебай тек сал болып қалған жоқ, ол мосқал тартқан кезінде әлеуметтік іске көп қатынасты. Тока Шоң бидің қол астында оның ақылшысы, кеңес беруші болды.

Шоң Сапақ бидің ағасы Қорыспайға ас берген жылы (1835 ж.) туған. Ол асқа Баянауылдың атакты би Шоң да қатынасқан. Сол жылы Тока Телқозы Шоңды үйіне қонаққа шақырғанда әйелі босанып, «бұл бізге бір ырым болды», - деп, оның атын да «Шоң» деп қояды. Тока Шоңның әлеумет ісіне қатысуы 1855-1890 жылдар арасы. Төлебай салдың онымен істес болуы да осы жылдар арасы. Шоң алпысқа таянып картаң бастағанда, әлеуметтік істен босанып, оны енді баласына береді. Баласы Оспан Шоңның өзіндей халық бұқарасына болысуды білмейді, қайта көп наразылық білдіреді. Бұдан кейін Толыбай сал да Шоңның үйіне баруды бүтіндей қояды. Оның неге келмей безіп кеткеніне Шоң да қапа бола бастайды. Бір күні шоң Төлебайды үйіне шақырып, «Төке, көптен бері біздің үйге келмей кеткенің қалай?» - деп сұрайды. Төлебай оны жырмай тұспалдап білдіреді:

– Уа, Шеке, бір ақсұңқар құс бар еді, оның алған құстарын бір жапалақ келіп жеп жүруші еді. Ақсұңқар алтын тұғырынан түсті, оның орнын енді жапалақ басатын болды, Ақсұңқар кеткен соң ел де күйзелетін болды, оларда наразылықтан басқа еш нәрсе қалмады - деп күңіренеді, мұны жақсылап түсінген Шоң би, баласын әділдікке, игі іске не болуға шақырады. Міне Төлебай салдың бір аялы ісі - осындай қара бұқара елге болысуды бір ұйығы міндет деп санаған.

Сері мен салдың көп жинаған жерінің бірі Қарқаралы аймағы. Оны XIX ғасырдың бірінші жартысында бақылаған А. Янушкевич әдемі сипаттаған. Сал мен серінің өмірі мұнда XVIII ғасырдың соңы, XIX ғасырдың бірінші жартысында күрделі болған.

Халық аңызының суреттеуімен Шаншар елінің ішінен аты көп шыққан сері, салдар XVIII ғасырдың өзінде көп болған. Олар әсіресе Тәттімбеттің арғы аталары, Қазыбек бидің маңайына жиналған серілер, әншілер, акындар, атакты күйшілер. Соның бірі бәсентін Ұзақ сері, әнші, құсбегі. Ол XVIII ғасырдың соңында, XIX ғасырдың басында Ертіс бойында Бесқарағайда серілік қуған кісі. Оның бір өзгешелігі, ешкімде жоқ қыран құс салумен аты көпке тараған сері, құсбегі, оның атакты қыраны Солтүстік мұз теңізінде жүретін жойқын көк сұңқар. Ұзақ оған «Көкжендет» – деп ат қойған. Бұл қыран күніне отыз үйрек, он қаз іліп жүрген. Он екі түлектен кейін Ұзақ аяулы Көкжендетін жоғалтып, көп уақыт таба алмай, оған арнап әдемі ән шығарады:

*Көкжендет тұғырың алтын*

*Маржан баулы,*

*Отырушы ең*

*Ағаш үйде асыраулы,*

*Күнінде отыз үйрек*

*Он қаз ілген,*

*Бар ма екен*

*Сендей қыран тояттаулы?*

Бір жыл Ұзақ сері Ертістен өтіп, өзінің атакты сұңқарымен Ертістің сыртын ала тұрған Дегелен, Едірей тауларына аң аулауға шығады. Ол жерді қоныстайтын шаншарлардың айтуынша, ол жерде көп жүретін аң

әдемі қара түлкі. Ол итке де, бүркітке де алдырмайтын тәсілқой, тезінен орманның ішінде, не тасқа тығылып кететін. Ұзақ сері Едірей тауының ішінде қонып, таң ата аң аулауға шығады. Бақылап қараса, бір түлкі зымырап орманның ішіне қарай зулап бара жатыр екен. Көргеннен ақ сұңқарын жібереді. Ол көзді ашып-жұмғанша болмай түлкіні ұстап, екі көзін шұқып түсіріп, әлсіретіп отырады. Ұзақ әлсіреген түлкіні бастан ұрып өлтіреді, сілкіп-сілкіп жерге тастайды. Сұңқарының арқасын, басын синап аялайды. Дем алып болған соң оған түлкінің тілін алып жегізеді.

Демек, ерте кезде Қарқаралы жерінде серілік құрған кісінің бірі осы Ұзақ.

Онымен қатар шыққан акын, әрі сері Жанак акын (1776-1846 жж.) ол тілге орасан шешен, сөзді тауып айтатын білгіш, ескі аңыздарды, эпикалы жырларды жүйрік білген ғажайып жыршы. Сондықтан халық Жанакты ерекше қадірлеген. Акын өзінің сиқырлы сөздерімен халыққа орасан үлгі берген.

Жанактың туып-өскен жері Кент тауының іші, Қарқаралы қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай алпыс шақырым жерде тұрады. Бұл таудың ішінде «Жанак қыстауы» дейтін қыстаудың орны сақталған. Жанак ел аралауға шыққанда қобызын арқасына тағып, сол таудың асуынан асып жүрген. Кент тауын қазақтың ескі аңыздарында «Қазылық тауы» деп атайды. Жырда айтылатын «Қарқаралы - Қазылық» соның бір түрі.

Жанак акыннан қалған ұлы мұра «Қозы-Көрпеш - Баян сұлу» жырының ескі нұсқасы. Бұл жырды акын XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында айтып келген бір ғажайып аңыз. Ол жырды акын көбінесе ұлы той үстінде, не атакты ас беру үстінде

айтып жүрген. Сондықтан халық Жанақты ерекше ардақтап, оған қымбат сый тартып жүрген. Бірінші сыйды Жанаққа 1816 жылы тартқан. Барақтың әкесі Солтыбай төре, екінші рет «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырын Өскенбайдың асында асқақтатып айтқаны үшін Құнанбай оған сұлу ат сыйлап, үстіне қамқа тон жауып, алдына топтаған мал салып береді.

Жанақ бір жағынан белгілі айтыскер акын. Ол атақты Сақау акынмен айтысқан, Сабырбаймен, Найман баламен айтысқан. Жанақ өз заманындағы болыстарға, ел бастаушы төрелерге өте сын көзімен қараған. Солардың ішіндегі адамға әсер ететіні «Рүстем төреге айтқаны». Рүстемді асқак сөзбен батыл сынағаны үшін, Рүстем оған бас иіп, қадірлеп астына ат мінгізіп, үстіне асыл тон кигізеді. Оған айтқан сөзі:

*Ау, тақсыр, елге барсам шынымды айтам,*

*Көз көріп, ой жорыған сынымды айтам,*

*Жетіскен, жеткендерді айта кезіп,*

*Балтамен шабатұғын мініңді айтам,*

Жанақты халық бұқарасының қатты сүйгені, оның осындай әзіл тілімен сөйлеуі, зұлымдықты аямай ашық түрде сынауы.

Сал мен серілердің жарқын сөзді ашыла айтуы әсіресе ұлы жиылыстарда, жойқын тойда, ұлы ас үстінде еркін айтқан. Халыққа мұра болған аңыз бойынша, ондай жойқын астың бірі Өскенбайдың асы. Онда жырдың, әннің, ғажайып күйлердің аса көп айтылған орны. Оған қатысқан серілер Тәттімбет, Жанақ, Түбек акын (1836 ж.). «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының ең ескі, ең көркем түрі де осы арада айтылады: екінші ас Сарысу өзені бойында болған Қорыспайдың асы (1866 ж.), онда Арқа серілерінен

бармай қалғаны кемде-кем-ақ, үшінші ас Сайдалының асы (1843 ж.), онда Құлтума мен Тоғжан акын екеуі айтысып, саясат, сауда тақырыбын көтереді. Төртінші ас - Тұрлыбектің асы, онда Біржан сал шығып сөйлейді.

Ең жойқын Ұлы жүз Қожамқұлдың асы. Оның түріне, байлығына қарағанда, ондай ас еш жерде болмаған. Қожамқұлдың баласы Мақсұт өр ауыз қатал кісі болған. Байлардың мыңдаған жылқысын өз еркімен ағаш қашаға (қора) қамап, оны молынан қырғызған. Әкесінің асына қазақ, қырғыз, өзбек, ойғыр басшыларын жияды. Олардың ойыншы, музыканттарын шақырады. Қарқаралының бойында мыңдаған жерге үй тіктіреді. Бәйгеден бірінші болып келген жүйрік атқа тоғыз күн, тоғыз құл, тоғыз отау тартады, екінші атқа 500 жылқы береді. Бұны феодализмнің әбден шарықтап жеткен жері деуге болады.

Сарысу бойындағы Қорыспайдың асы да осыған таяу болған. Асқа сойған мыңдаған жылқының қаны-жыны Сарысу өзенінің бойында тау-тау болып үйіліп жатқанынан, бір жыл бойы одан жылқы су іштей жүреді.

Қарқаралы аймағында сал мен серілердің аса есейген кезі - Құнанбай мен Алшынбайдың кезі (1825-1860 жж.), Құспек пен Жантайдың кезі. А. Янушкевичтің айтуынша, Құспектің қасында ағайынды екі сері болған - Қожамсүгір, Қожамжар. Екеуі де асқан әнші, акын, сауыққой, атақты мерген. Қарқаралы қазақтарының таңдауынша бұлардың екеуі де Орынбайдан жарқын түрде анағұрлым айтады (А. Янушкевич). Құспектің сынауынша, «бұл екеуінен гөрі де Алшынбай мен Құнанбайдың аясында жүрген Тәттімбет пен Жанақ табылмайтын жүйрік, олар бұлардың тәнірісіндей» - деген.

Біз енді Тәттімбет туралы тоқталып көрейік.





*Тәттімбет*

Тәттімбет Қарқаралы аймағына кіретін Мыржық тауының қасында, Мүшек бұлағының жағасында Қызылжал деген қыстақта 1813 жылы туып, билік қызметін 1844 жылдан 31 жасынан бастады, Нұрбике – шаншар елінің биі.<sup>5</sup> Сол Мыржық тауының түбінде өсіп-өніп, сол арада 1861 жылы дүниеден көшеді.<sup>6</sup> Қабірі Түндік өзенінің сол жақ жағасында, бабасы Мүшкенің Шошак тамының ішінде. Онда әкесі Қазанғап, Тәттімбеттің өзі, баласы Исатай бәрі тегіс осы бейіттің ішінде. Өзі өлген соң, орнын үлкен баласы Мұсатай басып, шаншар елінің билігін қолына алады.<sup>7</sup> Баласы Мұсатайдың қабірі Тәттімбеттің туған жерінде, Мыржық тауының қасында. Оның жатқан күмбезі Есім бәйбішенің атымен аталады. Есім Тәттімбеттің тоқалы, Мұсатайдың өгей шешесі.

Тәттімбеттің ағасы Құттымбет 1805 жылы туған, Нұрбике - шаншар елінің атақты биі, ол да асқан күйші, інісі Ырысымбет - үлкен домбырашының бірі. Балалары - Мұсатай, Қисатай, Исатай. Мұсатай әкесі қайтыс болған соң 1862 жылы Қарқаралының қазысы болып сайланады. Оның баласы Шайқы Совет дәуіріне дейін жасап, Семей қаласында тұрды, кейін Аякөздегі қызына барып, сонда қайтыс болды. Қисатайдан Кәбіш, одан Өзбек - Тәттімбеттің шөбересі.

Тәттімбеттің кейбір тарихи белгілері, мөрі осы Өзбектің сандығында сақталған. Тәттімбеттің өмірбаянын, оның күй тартуын жақсылап айтып берген осы Өзбек пен оның туыскандары. Олардың айтуынша шаншар елінің жайлауы Тәттімбет пен Алшыбайдың кезінде Шідерті өзенінің аяқ кезеңінде болған. Ол жерге Түндік өзеннен көшіп, Әулие-Қызылтау, Шақшан өлкесін кесіп баратын.

Алшынбайдың басына орнатқан тамы да сол Шідерті өзенінің жағасында болған. Бұлардың айтқан сөзі Шідертіні қоныстап отырған Сүйіндік елінің сөзімен бірдей. Сүйіндіктердің айтуынша да, «XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысында Шідерті өзені бойында тұрғызылған көп бейіттер тегісімен қаракесек, шаншар елінікі еді». Қазыбек бидің қартайып дүниеден көшкен жері Баянаулалық Далба деген жер. Ол жерде Қазыбекті сатыға өрелеген қиған тастар сақталған, денесін Әзіретке апарып қойған.

Бұларды бүгінге дейін жақсы білген кісі Алшынбайдың немересі, Қақабайдың Ермағамбеті. 1975 жылы тоқсан жасқа келген әлі кәрілік жеңе қоймаған сұлу қартын айтуынша, Тәттімбеттің жүйрік таныған адамы Мұса мырза - ақылды, байсалды, көп тыңдайтын, халық шаруасын жүйрік түсінген кісі. Тәттімбет оны мен құда болып, баласы Мұсатайға оның қарындасы Шамсияны алып береді, ол екеуінен немересі Шайқы туады. Бүріктбайдың қызы Ақбет сұлуды Қисатай алып, одан Зікен туады. Қисатай асқан домбырашы, әкесінің тартқан күйлерін бергі заманға дейін мұрас етіп келген.

Бір қызықоқиға, Тәттімбет тек серіліктің қызығына түсіп кетпей, ол шаруашылық жұмысына орасан көңіл бөлген. Ол Түндік өзенінің бойында әдемі қала салу үмітімен, патша үкіметіне арыз беріп, рұқсат сұрайды. Бұл әңгіме ел аузында сұлу аңызға айналады. Сол сияқты ағаштан үй салу ісін де жүзеге асырады. Ағасы Құттымбеттің қыстауы өзінен алыс емес, Мыржық тауының ішінде тұрған.<sup>8</sup> Інісі Ырысымбеттің ағаштан тұрғызған қыстауы, ағаш үйі Дастар тауының ішінде жарқырап тұрған.<sup>9</sup> Оның тағы бір ғажап ісі Қарқаралы төңірегіндегі қаптап жатқан кен орындарын зерттеп, одан металл балқытып шығаруды өнердің бір түрі деп түсінген.

Осыған орай 1856 жылы 12 маусым күні Сібірдің генерал-губернаторы Босфортка арыз жазып, кен балқытып шығару туралы рұқсат сұрайды. Арызында айтқан: Сібір өлейетіне қараған қазақ даласында ескі кен орындары орасан көп. Оны зерттеп байқаса, одан алтын, күміс, жез, қорғасын тағы басқа түрлі металдар көп шығатыны айдан анық. Осыны іздеп табуға, қорытып металл алуға, тау заңының ережелерін көрсетіп, пайдалануға еркі бар екенін айтып арыз жазған. Аяғына Нұрбике - Шаншар болысының ел басқарушысы, - деп мөрін басқан. Арыздың бұрышында сол кездегі ұлықтардың біреуі Тәттімбеттің кім екені туралы түсінік жазады. Қарқаралы аймағының биі Нұрбике - Шаншар елінің жүз басы. Қазір қызметтен бос. Саудагерлер гильдиясына жазылмаған, бірақ ел ортасындағы қадірі ең күшті. 1842 жылдан 1854 жылға дейін Нұрбике-Шаншар елінің ел билеушісі болды. Осы жылы өзінің өтініші бойынша қызметтен босатылды.<sup>10</sup> Демек, кен жұмысымен шұғылдануы ел билеу ісінен босанып қалған соң ойға түскен нәрсе. Ол жылдары Шыңғыс Уәлиханов та орнынан алынып бос қалған.

1855 жылы Орта жүзден Петерборға елші болып барғандардың ішінде Тәттімбет те бірге болған. Солардың әр біріне патшаға таныстыру үшін сенатта отырған білетін кісілердің жазуында Тәттімбетке ерекше ой бөліп, оның аяулы кісі екені сипатталған. Онда айтқан: «Таттимбет избран от пяти Каракисекских волостей Каркаралинского округа, почтеннейший би управляет Нурбике - Чапчаровской волостью с 1842 по 1854 год. С особенным усердием и уважением в народе по своему уму и добросовестности... пользуется особенным уважением в народе, как по благонамеренному образу своих действий, так по значению своего отца

- родоначальника Чанчаровской волости, оказавшего немало важных услуг правительству при открытии Каркаралинского, а затем Баянаульского округов; Брат же Таттимбета, Куттумбет Казангапов в 1826 году участвовал в депутации, бывшей в Петербурге, имел счастье удостоиться представления государю и награжден чином поручика». <sup>11</sup> «Таттимбет - дейді жазуда Қарқаралы аймағының бес болыс елінің өкілі, аса қадірлі би. Ел басқаратын жері Нурбике-Шаншар болысы, қызметте 1844 жылдан 1854 жылға дейін. Жұмысты аса қажырмен, мол ақылмен, әділдікпен атқарады. Өзінің кеменгер ойымен, әкесінің беделімен ел арасында аса даңқты, әкесі Шаншар болысындағы қазақтардың ұлы атасы, оған бас иеді. Қарқаралы, Баянаула дуандарын ашуға болысты. Туысканы Құттымбет 1826 жылы Петерборға өкіл болып келген. Патшаға көрініп бақыт құшағына кірді, «поручик» деген атақ алды. Архив мәліметтерінің суреттеуінше, Таттимбеттің әлеуметтік ісі осындай жарқын, әрі күрделі болған.

Таттимбет орта бойлы, жарқын жүзді, көркем кісі болған. Сыртына киетіні алтынмен кестелеген жарғақ тон, қыс күні қамқа тон, басында бұшпақ бөрік, аяғында көк саур етік. Киімі қандай көркем болса, ат-тұрманы да сондай көз тартатын, сәулетті болған. Таттимбеттің осы бейнесін 1846 жылы Түндік өзені бойында А. Янушкевич көреді.

Халық аңызының суреттеуінше де, Таттимбеттің абыройы халық ортасында мейлінше күшті болған, ол әділдікті сүйген. Алшынбай мен екеуі кейде өкпелесіп қалса, Алшынбай ұзақ уақыт көріспей жүруге шыдай алмай, Таттимбеттің үйіне өзі келіп, бас ұрып, онымен бір ауызды болуды өзіне міндет еткен. Алшынбай қызын Құнанбайға бергенде тойды басқарған Таттимбет.

Таттимбет оған бар жан-тәнін салып, тойды қызық етіп өткізуге тырысады. Көптеген ғажайып күйлер тартады. Халықты ойын-сауықтың құшағына бөлейді. Құнанбай Татті сцене алтынмен жапқан көркем сұлу тон кигізеді.

Таттимбет – дейді Ермағамбет, арқашан Алтынбаймен қанаттас болған. Құнанбайдың әкесі Өскенбайға ас бергенде ол асты басқарушы Алшынбай, Таттимбет, Байжігіт Тана би, Жанақ ақын - төртеуі басқарған. Ас Шыңғыс таудың өлкесінде өтпей, Қаракесек арасында Аққойтас өзенінің бойында «Сегіз ауыл» деген жерде өтеді. Асқа үш жүздің баласы тегіс қатысады. Күтуші он екі болыс қаракесек елі (бес бошан, Қара, Шоржалықпас, Қамбар). Таттимбет пен Жанақ ақын екеуінің басқаруымен аста неше алуан әдемі көріністер болған. Өн шырқалған, толқынды күйлер тартылған. Жан толқитын эпикалы жыр айтылған, балуан күрес, салдар ойыны, ат ойыны, ат жарыс, жалаңаш әйелді майданға шығару, тағы басқалар.

Демек, Таттимбеттің жақсы көрген дүниесі сұлулық, әсемдік, серілік. Домбыраны ол бала күнінен әдемі тартып үйренген. Бұл мұра оған ата-бабаларынан, Шаншар елінің атақты серілерінен мұра болып қалған. Домбыраны ол бірінші рет ағасы Әліден, әкесі Қазанқаштың інісінен үйренеді. Таттимбет сол жас күнінің өзінен тарихи заманнан қазақ музыкасында сақталып келе жатқан атақты күйлер «Бозайғыр», «Саймақтың сары өзені» (Хуан-хэ), «Азамат» (ескі күй), «Алшағыр», «Ақсақ құлан», «Ноғай-казак» (ескі күй), «Кер киік» (ескі күй), «Қашқан қалмақ» (XVIII ғ.), өзі шығарған күйлер «Жылқыда», «Қосбасар», «Балқылдақ», «Көкей кесті», «Терісқақпай», «Сары жайлау», «Сылқылдақ», «Боз торғай», «Балбырауын», тағы басқалар. Таттимбет осы күйлерді Омбыдағы қазақ билері жататын үлкен үйде талай рет толғанып тартқан. Оның Омбыдағы



жақсы тыңдаушылары Құнанбай, Алшынбай, Мұса, Шыңғыс, Ыбрай Жайықпаев, Аққошқар, Секербай Малгелдин, Есеней, Қазанқап, Алшынбай, тағы басқалар. Осылардың барлығы Тәттімбеттің тартқанын орасан қадірлеп, оны бар жанымен сүйетін.

Тәттімбеттің шығарған күйлерінің ең ескісі, «Жылқыда» - атақты күй, бір жұт жылы шығарған.

Жас жігіт Тәттімбет қыс күні жылқысын ішке (орман ішіне) айдап, найман елінің ортасына барып тұрады. Онда жұт жоқ, жылқысы семіріп тойынады. Тәттімбеттің ол жердегі ісі сауық құрып, елді қуанышқа батыру. Найман ортасында күйді әдемі тартатын бір домбырашы қыз бар екен. Тәттімбет күйдің кейбір мотивтерін содан алып отырады. Бір күні Тәттімбет пен қыз екеуі күй тартып, бірін-бірі жеңе алмайды. Тәттімбет қырық күй тартады, соның бірі «Сылқылдақ», найманның күйші қызына арнап шығарған, мәнісі консонанс - көп үндерді бірыңғай құйылып, судың ырғағы сияқты сылқылдап шығуынан қойылған. Демек, күйдің көп үнмен қосылып әдемі тартылуында. Сондай бір күйді «Былқылдақ» деген атпен Есіл бойындағы бір сұлу қызға арнап шығарады. Ол өте толқымалы, созылып былп-былп етіп шығатын кейде ақырын көтеріліп, кейде бәсеңдеп отырады. Ойды толғандырып жай-күйіне үлкен әсер беретін күйлерінен мөлдіреп тұратыны «Тоғыз тарау Қосбасар», «Сал Қоңыр», «Балбырауын», «Терісқақпай» бәрі де төгіліп мөймілдеп, кісіні шабытқа келтіретін киелі күйлер. Солардың ішінде аса шарықтап шығатыны «Сары жайлауы». Бұл байтақ сахараның жойқын толғауы, әдемі үнімен кісіні еріксіз өзіне тартатын, терең ойлы, көңіл қуантатын, ауыз тұщитын, бақыл күйі. Мұнда алысқа серпілген көркем жайлаудың шалқыған киелі суреті, оны қызықтап отырып сезгіш адамдардың терең толғауы бейнеленген. Бұл күйді

Тәттімбет дүниеден кеткен соң (1861 ж.), Ортауда Сары Тоқа Жауадан тартып, ол менің тартқан күйім деп санаған. Бірақ ту баста шығарған Тәттімбет екені даусыз.

Тәттімбеттің күйлерін мәдени мұра етіп, көпшілікке таратушы күйшінің ардақты әрі дарынды ұрпақтары, оның ішінде кенже інісі Жақсымбет (1829-1919 жж.), балалары Мұсатай, Исатай, немерелері Беген, Зікен.

Жақсымбет - ол да атақты домбырашының бірі, ескі заманның күйлерін асқақтата тартып, оларды қартайғанша есіне сақтап, біздің заманымызға дейін әкеліп жеткізеді. Тәттімбеттің күйлерін елегізйте еркін тартатын домбырашылар Беген мен Зікен, Тәттімбеттің баласы Қисатайдың ұлы, Баян тауындағы әнші Мұстафаның апасы Ақбеттен туған.

Тәттімбеттің бір ұрпағы Ахмет Ысмағұлов, Жақсымбеттің немересі. Онымен жазушы Сапарғали Бегалин көрісіп, күйші баласы туралы бірнеше жаңалықтар жазып алған. Ахмет жас күнінде атасы Жақсымбетті жақсы білген.

— Менің атам күйші ағасын есіне түсіргенде талай таңсық нәрселерді айтушы еді. Күйші бабамның саусағы домбыраны қалай соқса, одан тамылжып шығатын күйдің үні толқындатып сайрай жөнелетін. Ол оның сарынына әбден батқан кезде дүниені бүтіндей ұмытып, шалқыған ой шабытының қызығына түсетін еді. Мұны Жақсымбет немересі Ахметке әңгіме қып айтқан.

Тәттімбеттің асқаралы күйіне бәйек болған күйшінің бірі соқыр Жомарт, қай ел екені белгісіз. Бірақ оның тартқандары Тәттімбеттің ұрпақтары тартқандай таза емес, кемшілігі көп болған. Тәттімбеттің ұрпақтары оны біраз сынап, кемшілігін түзеп отырған.

Революцияның алдында да, кейін де Тәттімбеттің күйлерін сәулетті етіп тартатын асқан домбырашылар Нүркен Шынтеміров (1870 ж. туған), Ғаббас Айтпаев (әнші, күй тартушы), Мақат, Әбікен Қасенов. Кейінгі заманда Тәттімбетті еске түсіретін оның жерлестері Қыздарбек, Ақан, Тұрысбек Түсіпбеков, тағы басқалар. Осылардың күйшіні ұмытпай, оның ғажайып күйлерін көпшілікке тартып жеткізу арқылы Тәттімбетті қазір бүкіл Қазақстан жүйрік біледі.

Тәттімбеттің халық мәдениетіне келтірген мұрасын, оның ұлы қазына, тарту екенін бірінші рет жарқын түрде сипаттаған асқан ойшы, халықтың сүйікті ұлы Біржан сал. «Біржан сал мен Сара айтысында» ол туралы былай айтқан:

*Тәттімбет арғындағы ардагерім*

*Қырық түрлі күй тамызған саусағынан.*

Тәттімбеттің шығарған күйлері қазақ мәдениетінің бір ұлы салты. Сондықтан ол халық жүрегіне берік орнап, сұлулықтың ой-сананың, ізгі дүниенің бір мұрасы болып, әділетке шақырудың, музыка өнерінің шалқып жатқан бір жойқын қазынасына айналды. Бұл туралы Арканың совет дәуіріндегі бір ақыны айтқан гой:

*Күйші жоқ бұл Арқада Тәттімбеттей,*

*Тәгілткен күй толқынын бір мүдіртпей,*

*Сарнатып «Сары өзенді» тартқан кезде*

*Сұлу қыз кете алмапты бір түнетпей.*

Осыларды бір сөзбен тұжырып айтқанда, бүгінгі қызық дәуірде Тәттімбеттің, Біржан салдың, Құрманғазының, Ақан серінің қазақ халқының тарихына, мәдениет мұрасына, өнер саласына келтіретін үлесі орасан зор, оны бүгінгі мәдениетті жұртымыз жақсы түсінеді.

## *Сегіз сері*

Тәттімбетпен қатар сахарада аты кенінен тараған, қазақтың аяулы данышпаны Сегіз сері (1808-1854 жж.). Біржан сал, Ақан сері туралы ойымызды тереңірек сипаттауымыз керек.

Көкшетау мен Обаған өлкесінде бірінші жарқырап шыққан өнер иесі Сегіз сері. Ол XIX ғасырдың басында туып, орта кезінде қайтыс болған кісі, өмірі Тәттімбетке өте жақын. Ол атакты сері, акын, асқан әнші, өрнекпен сұлу дүние жасаған сиқырлы зергер. Көп өнерді біріктіріп ұстаған дарынды жүйрік болған соң халық оны «Сегіз сері» деп атаған, ескі дәстүр бойынша «Сегіз қырлы» өнерпаз дегенді білдіреді. Қайым Мұхамеджановтың зерттеуінше, сегіз серінің шын аты Әлмұхаммед сияқты. Оның әкесі Бахрам Шақшақұлы туып өскен жері Обаған көлінің маңайы, ашамайлы керейлерінің ортасынан, қоныстаған жері атакты Маманай орманының іші, сол жерде сәулетті етіп жасаған байтақ қыстаулары болған (карта Чокана).

Сегіз сері Бахрамның бес ұлының бірі. Оның Сүйін, Нәупіл, Көрпеш деген ақылды ағалары, Қуаныш деген өзімен мектепте бірге оқыған інісі болған. Жас күнінде әкесінен жетім қалып, атасы Шақшақ биден тәрбие алып өседі. Қадірлі атасы дарынды жас баланы алдымен ауылдағы мектепте оқытып, жақсылап хат танытады, қазақ пен шығыс әдебиетінің үлгілерін үйретеді. Оны бітірген соң Омбыдағы қазақша мамандар (хатшы, тілмаш) дайындайтын Азия мектебіне түсіріп оны 1835 жылы бітіреді, орысша оқытады. Шыңғыс Уәлихановпен бірге жүріп оқиды. Кейін Шыңғыс Құсмұрынның аға сұлтаны болғанда Сегіз сері көп

уақытын оның қасында өткізіп, ән салып, жыр айтып, тасқынды күйлер тартады. Бірақ ресми қызметке бармайды.

Сегіз сері орысша, қазақша жақсы оқыған, білгіш, ой-санасы ашық, көңілі ояу. Оқуын бітірген соң патша үкіметінің ұсынған қызметіне бармай, оның отаршылдық саясатына наразылық білдіріп, дайым қуғында жүреді. Осыған орай ол сері Ниязбен бірігіп, қасына жүзден аса сері жігіт ертіп, 1835 жылы Күнбатысқа Жайық бойына кетеді. Жолшыбай ел аралап серілік құрады. Жайық бойында жүріп Исатай Махамбеттің көтерілісіне қатынасады, Жайыққа арнап белгілі жыр шығарады:

*Еділ - Жайық берекелі жер екен гой*

*Бай ұлы бақыт қонған ел екен гой.*

*Соларға басшы болған ұлы батыр*

*Исатай асқар тауда ер екен гой.*

Исатайдың көтерілісіне белсене қатысып, жүргенде оның патша әскерінің қолына түсіп өлгенін жоқтап жыр шығарады:

*Айырылдым Исатайдан асыл ерден*

*Кетті гой судан таза, сүттен ағым.*

Исатай 1838 жылы, шілде айының 12 күні Ақбұлақ өзенінің жағасында оққа ұшып өледі. Бұл жерді Сегіз сері еш уақытта ұмытпайы, «Ақбұлаққа» арнап әдемі жыр шығарады:

*Исатай тірілмесін көрді көзім*

*Жастықта жалындаған бұл бір кезім,*

*Үш жүзден артық сері қасыма ертіп*

*Сауыт киіп сайланып келіп едім.*

*Әннің қайыруында және айтқан:*

*Айналайын Ақбұлақ*

*Суатыңа мен келіп*

*Тұлпарымды суардым*

*Қош-есен бол Ақбұлақ*

Енді сені көре алман - деп еліне қайтады. Еліне келіп бір ғана махаббаттың құшағына батады. Серіліктің соңына түседі. Көп уақытын шеберлік жұмысына арнайды, шеберханасында отырып зергерлерге көмектеседі. Соңынан өзі шеберхана ашып, зергерлік өнерімен шұғылданады, неше түрлі сұлу дүниелер шығарады. Олардың ішінде өзіне ерекше ұнайтыны өрнектелген күміс кісен, сұлу ертоқым, әйелдерді көркейтетін әсем алқа, өңіржиек, алтыннан, күмістен құйып жасаған сұлу сырға, толқынды білезіктер, топ-тобымен жасаған алтын жүзіктер, сақиналар. Бұлардың барлығын сұлу қызға тарту үшін істеген. Осындай сұлу дүниелерді қасына жүктеп, ел-елді аралауға шығады. Алдымен Торғай өлкесіне, Жайық бойына, Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз бойын аралайды. Осы арада жүріп «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларын айтып жүреді. Оның бір ғажайып жері, Сегіз сері жазған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бір нұсқасы Ахмет Жантуриннің ауылында сақталып, ол кейінірек Н.И. Ильминскийдің қолына түседі. Бүгінде ол жыр Татар Республикасының архивінде сақтаулы тұр. Ол қолжазба Сегіз серінің қолы болу керек. Ол Қазанда он шақты рет басылып шықты. Жыр былай деп басталады:

*Жасым бар жиырмада жылым мешін,*

*Өлімнің кім біледі ерте-кешін,*

*Айтайын бес-алты ауыз құлағың сал,*

*Қозы Көрпеш Баянның әңгімесін.*

Демек, Сегіз сері бұл жырды Омбыда оқып жүрген кезінде, жиырма жасында жазған. Туған жылы мешін, 1803 жыл екенін көрсетеді, жиырма жасы 1832 жылды білдіреді. Сол жырды кейін өзімен бірге алып жүріп, жырды, шежірені көп жинаушы Ахмет Жантуриннің үйінде қалдырады.



Сегіз серінің жан күйіне толғау берген әсіресе атақты Мақпал қызға ғашық болуы. Бұл қыз да Біржан сал ғашық болған Сара қыз сияқты өте көркем ойдың иесі. Қаратауды қоныстаған бағаналы елінің ақылды қариясы, Бақтияр деген кісінің сұлу қызы. Ол өзі асқан дарынды, әрі әнші, ақын, әрі шебер болған өнерлі қыз. Сегізсерімен бұлекеуінің біріне-бірі бәйек болуы «Ләйла мен Мәжнүннің» ғашықтығы сияқты болған. Олардың бірін-бірі әдемі сүйгені туралы халық ортасында ғажайып аңыздар көп кездеседі және «Мақпал мен Сегіз сері» деген белгілі поэма айтылады.

Бағаналы елі айтатын бір аңызда:

*Үш ай тоқсан болғанда мұз қатады,  
Бикеішті күзді күні ұзатады,  
Бикеішті ұзатат деп естіген соң  
Арқадан Сегіз серің тун қатады.*

Бұл аңыз Мақпалды бір мықты әкім күшпен алмақшы болғанда, Сегіз сері оған жаны күйіп, Арқадан тун қатып шығады.

Сегіз серіні асқақтата жырлаған Арыстан ақын мен Жанкіса ақын. «Мақпал сұлу» жырында олар Сегіз серіні қандай серпілте айтқаны мынадан көрінеді.

*Сөйлесең сөз шығады лебізінен  
Телегей тең болмайды теңізбенен.  
Қыста Сыр, жазда Арқаның бойын жайлап  
Өтіпті әсем жігіт Сегіз деген.  
Сал Сегіз Мәжнүндей ғашық болып,  
Бір қызды Ләйлі көріп Мақпал деген.*

Ол ақындардың суреттеуінше, Сегіз сері сұнғақ бойлы, өрімдей сымбатты, топ ішінде ерекше көрінетін әсем кісі болған. Ол әрі құйма ақын, әрі әнші, әрі қобызшы, әрі мерген, әрі өрнек жасағыш шебер. Оның үстіне ол әлеуметтік қайраткер.

*Үш жүзге атым шыққан Сегіз сері,  
Атандым он жетімде қазақ ері,  
Ер Сегіз ел қорғаған батыры - деп,  
Үш жүздің ардақтады барлық елі.*

Бір жылы Сегіз сері ұлы салтанатпен ұлы жүзде болған Төбеттің жойқын асына қатынасып, онда неше түрлі бүгінде ұмытылған ғажайып ойындар көрсетеді. Ол асқа Қаратау мен Шу бойынан бағаналы Бақтиярда келіп жетеді.

Сегіз серінің тансық өнері оған үлкен әсер етеді, оған тамсана қарайды. Қасында еріп жүрген көп серілерімен, Сегізді қонаққа шақырады. Қаратау мен Шу өзенінің төменгі алабын ескі дәуірден қоныстап отырған көп елдер қалың қонырат, балталы, бағаналы, оның ішінде Қарабала, Шағыр, Омбының ескі мектебінде оқыған Толысбайдың ұрпақтары. Бәрі Сегіз серіге өте жақын елдер. Сегіз сері оларды тегіс аралап, салдық құрып жүреді. Әсіресе Бақтиярдың сұлу қызы Мақпалға бәйек болып, оны жан-тәнімен сүйеді. 1836 жылдың қысын Бақтиярдың үйінде өткізіп, жаз шыға қасындағы көп жігітін ертіп Кіші жүзге аттанады ол жерде он екі ата Байұлы болысын тегіс аралап, атақты күйшілер Дәулеткерей, Шеге мен кездеседі, олардың тамаша күйлерін тыңдап қызығына батады. Жоғарыда көрсетілгендей Исатайдың толқуына қатынасады, 1898 жылы Арқадағы еліне қайтады. Осы арада серілік құрып, Мақпалға барайын деп жүргенде, қызды Жабол деген біреу тартып алып кеткені құлағына тиеді. Сегіз сері Бетпақтың даласынан көп жігітпен өтіп, Бақтиярдың еліне келсе қыз жоқ. Оған Сегіз сері қатты өксіп, күңіренеді:

*Құндағы білтелінің қу қарағай,  
Үстіме сауыт кидім шыдай алмай  
Достасқан үш жыл бұрын есіз Мақпал  
Өзгеге кеткенің бе бір қарамай?!*

Сегіз сері көп жігітін ертіп, Жабының үйін

шаппакшы болады. Алдымен абайлық істеп, бір қу жігітіне бақсының киімін кигізіп, Мақпалмен жолығуға жібереді. Мақпал оны жақсылап танып, жан-күйінің Сегіз серіде екенін білдіреді. «Бақсыдан» Сегіз серінің жақын жерге келіп, жатқанын естіп біледі. Ертеңіне көп қыз ертіп, пәлен жерге жидек теруге баратынын уәде етіп айтты. Бақсы дала кезіп екінші ауылға кеткендей болады. Күні бойы жүріп кешке қарай Сегіз серіге жетіп, Мақпалдың уәдесін айтады. Ертеңінде Сегіз сері жидек теріп жүрген Мақпалды табады. Оның қасында күзетші болып жүрген төрт жігітті қиратып түсіреді. Мақпал он бес қызды ертіп, Бақтиярдың үйіне бет алады. Артынан Жабының кісілері қуып жетіп атысқанда, оқ Мақпалға тиеді. Алайда Сегіз сері оларды тегісімен қиратып, Мақпал мен он бес қызды ертіп, Бақтиярдың үйіне келеді. Аянышты жері Мақпал қансырап қалған, жазылмайды, өледі. Он бес қызды Сегіз сері еліне қайтарады. Бәйек болған Мақпалы көзінен тайған соң, Бақтиярдың үйінде жата алмай көп өксіген Сегіз сері Арқадағы еліне келеді. Оның аман-есен келгеніне қыр елі қатты қуанып, үлкен той жасап, Сегіз серіні қызыққа батырады.

Сегіз сері тағы да салдық өміріне жаңа қуанышпен түседі, елден сұлу қыздар таңдайды. Мақпал сияқты бір ақылды қыз тағы сол бағаналы елінде Елғұн деген бір абыройлы кісінде бар екен. Ол Сегіз серіні сондай жақсы көргендіктен, оны шақырып алып, - «Мынау менің сүйікті қызым. Осыны қалың малсыз саған қосамын» - дейді. Сегіз сері оны құп алады. Екеуі қосылып бір көркем үй болады. Екеуінен үш бала туады - Мұстафа, Мұсабек, Мұсайын. Серінің барлық қолжазба мұраларын сақтап келген баласы Мұстафа (1840-1899 жж.) Мұстафадан ол қолжазба Мырзай Тұяқовқа түседі (1872-1954 жж.), кейін әр кімнің

қолына тарап кетеді. Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институтында сақталып тұрған. Сегіз серінің өмірбаянын қадағалап жинаған кісі Қаратай Бигожин. Оның бір данасын Қаратай маған да әкеліп тапсырды.

Осы жарқын мәліметтерді еске алып отырсақ, Сегіз сері де аса саңлақ, жарқын ойлы, өзі оқыған, терең сезгіш, сұлулықты сүйген, халыққа жарқын үлгі берген кісінің бір. Мұны «Ұлпан» әңгімесінде Ғабит Мүсірепов те солай суреттейді («атақтының атақтысы»). Бұл кісі тегінен Ғабитке өте жақын болғандықтан ол туралы айтылатын аңыздарды есінде берік ұстаған. Сол аңыз бойынша Сегіз серінің жүйрік ұстаздары Шәрке сал мен Нияз сері. Жас кезінде үлгіні осылардан алған.

Сегіз серіні аса ардақтаған кісінің бірі Біржан сал. Ол оны өзінің үлгі алған ұстазым деп таныған. Біржан:

*Сегіздей асыл адам табылмайды  
Халқына сыйлы еткен аса жәйлі  
Керейден жүз мың әйел ұл тапса да  
Еш бірі Сегіздейін бала алмайды.*

Біржан сал жетпістің ішіне кіріп, ойын күніренуге салғанда Сегіз серіні тағы да есіне түсіріп былай дейді:

*Жалғанда мұратына кіндер жеткен  
Көп жақсы бізден бұрын өтіп кеткен.  
Адамның асылдары сондай болар,  
Дуниеден Сегіз сері, Нияз да өткен.  
Ұстазы ол Сегіздің Нияз сері  
Жетпіс үш мүшелінде келген жылы  
Дүниені теріс айналып кетті әрі.*

Сегіз серіні аса қадірлеп ардақтаған қыр қазақтары, кейде оны сәуегей әнші деп түсінген.

Ол туралы аңыздар Арқада орасан көп, оны Обағанда, Көкшетауда, Баянаулада, Ұлытау жерінде,

Қарқаралыда жиі кездеседі. Ең қызығы Баянаула аңызы «Обаған» дейтін сұлу ән. Ол енді соңғы кезге дейін жақсылап айтып келген Қаныш марқұм еді. Оны шығарушы Баянаула серілері, атакты күйші Өтебай, баласы Әубәкір, Сұр Омар, Ашубайдың Әбжаны, Сегіз серіні ардақтаған асқан әншілер. Олардың тарихы былай еді. XIX ғасырдың 40-шы жылдарына дейін Баянаула төңірегін қоныстайтын елдер жаз айларында Көкшетауға, Домбыралы, Моншақтыға дейін жайлап баратын. Айдабол олардың арғы атасы (XIII ғ.) Бұл ел музыканы, күй тартуды орасан жақсы көрген елдің бірі. Жайлауда «ерулік» жеу үшін Обағанға барып, ондағы серілердің жарқын күйлерін тыңдап жүрген. Соның бір Сегіз сері, оның алдына барып бас иетін. «Обаған» әнін соған арнап шығарған. Сегіз сері оларды зор сыпайылықпен қарсы алып, өзінің асқақтатып, айтатын сұлу әндерін олардың алдына тартады. Бұл аңыз Обаған мен Баянаула жерінде көп заман ұмытылмай жүрді. Қаныш марқұм жас кезінде оған арнап, бір әңгіме жазып шығарды. XIX ғасырдың 40-шы жылдары Сегіз сері Баянаула жерін көруге келіп, Шідерті, Ақкөл, Жайылма жерін аралап, жайлауды аралап көреді. Жазды күні талай әсем қыздарды көріп оларға арнап «Қарғаш» деген күй шығарады. Исатай мен Махамбетті есіне түсіріп, оларға арнап «Қос қыран» күйін тартады. Ерте кезде атакты Өтеболат күйші тартқан «Тарғыл бұқа» (ескі күй), «Қызыл қайың» күйлерін тартады. Бұл күйлерді бірінші тұңғыш рет жазып қалдырған ғалым Шокан Уәлиханов.

Сегіз сері атакты мерген, аңқұмар кісі болған, оның үстіне ат-сайыс, құсбегі. Бұл тек серілерде болған әдет. 1847 жылы атакты сері қыран, бүркітке құмар болып, өр алтайдағы наймандар арасына іздеп барады. Ол жерде

«алтайдың ақиығы» деп аталған алғыр бүркіт ел арасында көптен бері мәлім, ойы соны алып қайту. Бір атакты құсбегі ақиықтың бір жойқын түрін тауып, оны Серіге әкеп тартады. Сері оны Обағанға әкеліп, қанша қасқыр, қанша бұғы, қанша елік алдырғанын ел аузының суы құрығанша айтып отырады.

Демек, Сегіз серіні Алтай елі, Ертіс бойы, Шыңғыстау, Қарқаралы елі де жүйрік білген. Мәселен Құнанбай мен Абайдың емеурінде болған Ағаш-Аяқ, Мұхаммеджан, Әлмағамбет жақсы білген, сол сияқты Қарқаралы әншілері Қожамсүгір, Қожамжар, Тәттімбет, Сегіз серімен Омбыда күйді бірге ойнасқан. Терісканның әншісі Сәтмағамбет «Әуілдеу» пен «Еділбайды» шығарған, өзін Сегіз серінің мұрагері деп атаған. Сегіз серінің өз ұлы Мұсайын (1845-1920 жж.) - ол да атакты домбырашы, ескі күйлерді әдемі тартқан өнер иесі, әкесінің толық мұрагері. Ол бір ғана күй тартуды мұра етіп қалдырмай, әкесінен үйренген ұсталықты, зергерлікті толық мұра етіп сақтайды.

Сегіз сері Бағаналының екінші ақылды қызын алған соң, әлеуметтік іске қатынаспай, бар жігерін еңбек жұмысына, шеберлікке, өрнек жұмысын байытуға арнайды. Оның күй тартатын салалы саусақтары сұлу дүние шығаруға да бейім болады, қаншама әдемі өрнектер жасап, ол Омбының қаласында көрсетіліп, кейбіреуі кейінірек музейге де мұра болып қалады. Талай әдемі дүниелерді ол Құсмұрынның аға сұлтаны Шыңғыс Уәлихановқа, оның баласы Шоканға да тартты. Құсмұрын қаласындағы әдемі ағаш үйлерді де өз қолымен тұрғызған аяулы Сегіз сері.

Демек, халықтың тарихына, мәдениетіне, өнеріне кіргізген Сегіздің үлесі айта берсе таусылмайтын бір ғажайып іс.





*Біржан сал*

Біржан сал қазақ халқының өнеріне, мәдениет, тарихына жойқын ірге салған атақты салдардың бірі Біржан сал (1834-1897 жж.). Оның туып өскен жері Көкшетау төңірегін қоныстаған ақсары керейлер бұрынғы кен шығатын Мың-Шұқыр (Степняк) қаласының түбінен ағатын Қожағұл бұлағының бойында тұратын ата-бабаларының қыстағында жасаған. Өз әкесі Тұрылбай Қожағұл атасы. Ол бірталай ауқатты, абыройлы, би болған кісі. XVIII ғасырдың соңындағы Уәлиханның көп билерінің бірі, Майталман - аса шешен кісі. Оны Уәлихан екі рет баласы Аббасқа ертіп, қытайға елші қылып жібереді. Шоқан 1876-жылы Петерборда көрсетілген өнер көрмесін Қожағұлдың елші болып жүргенде мінетін әсем ертоқымын, алтынмен өрнектеген көркем қанжарын көрсеткен. Сарамен айтысканда, Біржанның өз куәлігі бойынша Қожағұлда мың жарым жылқы болған. Бірақ Біржан он жеті жасынан салдық құрып, он жылқыны қыздарға тартуға силап, тез арада жойып құртқан. Ол жыл сайын қасына он шақты сері жігіт ертіп, олардың атын, әдемі киімін өзі беріп отырған. Сарамен айтысуға барғанда қасында он бір сері жігіт болды.

*Он бір кісі жолдасым ертең түсте*

*Біржанның қарық боларсың олжасына.*

Үш ұлдың кенжесі, жас күнінде еркелеу болып өскен. Ол салдық құрып жүргенде де халықтың көзіне ерке болып жүреді.

Біржан шүнірек көз, ат жақты, орта бойлы, қара сұр кісі. Ол жас күнінен өнердің соңына түскен. «Жат мінезді», ойын-сауық, ас, той, мерекеден басқаны білмеген. Шаруаға жәйі болмай, оны кейін қартайған кезінде есіне түсіріп қамығады. Оның жас күнінде малды босқа шашқанына ағалары Ержан мен Нұржан

ұнатпайды. Өзге салдар сияқты Біржан да үйленбей тұрғанда бар малын жібек пен алтын, күміске жұмсап, оларды аямай қыздарға таратып отырған. Қызға арнаған жырларында оны өзі де ашық айтады:

*Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға  
Асықша ақ жамбыны сұлуға аттым.*

Біржанның бір өзгеше жері, оның қыстауы алтынның ну ортасы Мың-Шұқырдың қасында болған. Одан шыққан көп алтынды зерттеулерге беріп, әйелді көркейтетін неше алуан әдемі алқалар, сұлу сырғалар, жойқын білезіктер, сақина жүзіктер жасатады. Өзіне арнап көркем сұлу алтын балдақ, алтын ер, алтын жүген, алтын шідер жасатады. Бұлар аңыз емес, тура болған нәрсе. Оларды Біржан сал жұмысына ұстайды, ел аралап жүргенде сұлу қыздарға таратып отырады. Олардың мазмұны сұлу қыздарға арнап шығарған әндерінде, оның ішінде «Алтын балдақ», «Ләйлім шырақ», «Ақтентек» сияқты әндерінде суреттеліп отырады. Ең қызық әннің бірі «Алтын балдақ» - алтыннан құйып жасаған көркем таяқ, қызға ел аралып барғанда өзін салтанатты етіп көрсететін сұлу дүние. Жыр:

*Қолыма асынганым алтын балдақ  
Мен келдім әкемкерді суға жалдап,  
Болғанда кешке жақын апақ-сапақ,  
Алдымен шықты сәулем бейне шуақ,  
Атымның шаужайынан ұстай алып,  
Мен кеттім сол қалқаны сөзбен алдап.*

Бір қызық нәрсе, Біржанның аса таңсық болғаны, алтыннан құйылған әсем шідері.

Ол көрші ауылға барғанда Ләйлім деген бір қыз ұрлап алып, Біржанға бермей қояды. Біржан ол қызға арнап «Ләйлім шырақ» деген ән шығарады. Ән көбінесе қыздың ағаларын түйреді, әдептілік, сыпайылық жоқ екенін бетіне басады. Ән:

*Ләйлім шырақ дегенде, Ләйлім шырақ,  
Шідерімнің бағасы қырық қысырақ,  
Шідерімді кім алды, Ләйлі алмай  
Балағы шідерімнің алтын еді.  
Асығыстан барамын сұрай алмай,  
Көлбай-Жанбай тыңдашы, асыл тасым.  
Біте қайнап, бірге өскен замандасым  
Көктем-жерден шайтан әкеткен жоқ,  
Ұрлап алған өзінің қарындасың  
Формасын шідерімнің сұрасаңыз  
Іші күміс, балағы алтын, тиек басы.*

Алтын шідерін жоғалтқан сал Біржан, Көлбай-Жанбай ауылында біраз ашуы келіп, оларды жырмен аптығын қуырған.

«Айтпай» деген сұлу қызға шығарған әні де сұлу өмірдің бір көркем түрі.

*Мамекем\*, Айтпай десем күлімдейді,  
Сұр жорға ат астындағы сурінбейді.  
Аққудай аспандағы жүз құбылып  
Сал Біржан ән салуға ерінбейді.*

Сал Біржан ел аралап жүріп, жақсы көрген Өпіш деген қызды алады. Содан Теміртас, Асыл, Ақық деген екі қыз, бір ұл туады. Кейін кедейленген кезінде ағалары малдарынан аздап бөліп беріп, енді ел аралауға бармайсың деп ант қояды. Біржанның іші пысады. Келген казактарға бар малын сойып тауысып, малсыз қалады. Әбден іші пысқан соң домбырасын қолына алып, қыстаудың қасындағы төбеге шығып ай далада ән салып, отырады. Бір күні ағалары оны ұстап алып есінен адасқан деп байлап қояды. Оны Біржан балаларына арнап шығарған әнінде айтады:

*Үш жүздің ортасында Біржан едім  
Бұл күнде қойды құдай шалықтатып  
Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті*

*Кем қылмай өсіріп ем Сағанатты,  
Әкең ем аяйтұғын жаным ашып,  
Жетсеңші білегіме арқан батты.*

Бұл Біржанның үйленіп, бала туылып, тарлан бола бастаған кезінде болған оқиға. Жас кезінде ол орасан жүйрік, өнердің соңына жарқын түскен, соның саңылағы. Тұлпар аттарына отырып, олардың ортасында ойын-сауық базарын күшейтіп, не ғажайып әндер шығарып, аңыз жырларды үсті-үстіне төндіріп жүрген кезі. Ол туралы өзінің кірісуінде ашық, еркін түрде айтқан:

*Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Ешкімге зияным жоқ жүрген жанмын.  
Кісіге өзім деген бас иемін  
Өзім әнші, өзім сал, кімге зармын?!*

Бір тамсанатын нәрсе, Біржан салдың әншілік қасиеті, ол оның өзіне қас, аса дарыған жан күйінің толығы, соның гаухар тасы.

Біржан ән салғанда – дейді өліп кеткен ескі әншілер әрқашан дауысын шалқыта көтеріп, өте алысқа жеткізетін. Ол аптықпай кең толғаумен әдемі сұлу үнмен мөлдірете айтатын. Мұны Біржанның өзі де Сарамен айтысқанда есіне түсіріп отырады.

*Жан жетпес ән шырқасам өрісіне  
Құданың ризамын берісіне.  
Алыстан түлеп ұшқан тұз құсындай,  
Біржанның жұрт таң қалар сермесіне.  
Ақхумен аспандағы ән қосамын,  
Орта жүз осыған да сүйсінеді.*

Бірінші әнін аса қызықтап, оны ерекше ардақтап биікке көтерген, ойшылар Құнанбай мен оның аяулы ұлы Абай. Біржан Сара қызбен жолығуды үш жыл бұрын есінде елес етіп ұстаған. Бір жылы Көкшетаудан

аттанып (1872 ж.), көп кісімен сонда бара жатып, бір жыл бойы тобықтыда, Абай ауылында болды. Біржанның Абай ауылына келуі оның өнеріндегі бір жарқын көрініс. Ол кезде Біржан 33 жаста, Абай 28 де жас ақын. Екі ұлы кеменгердің кездесуі байтақ мәдениеттің, өнер саласының көркейіп өсуіне үлкен әсер етеді, тарихта бір сирек жолығатын оқиға. Ойшылардың дүниені тануы да, әлеметтік тұрмысты бірдей ашық білуі де таң қаларлық нәрсе. Ол Біржанның «Жанбота», «Адасқак» деген әндерінде кер тартып тұрмысқа қарсылық білдірсе, Абайдың көп шығармаларында жарқын түрде суреттелген. Біржан мен Абай бұл кездесуде көп уақытын ән мен күй төңірегінде өткізіп, бар тілегін сол өнердің көркейіп, өсуіне мән береді. Біржан Абайдың өзі шығарған әндеріне ерекше көңіл аударып, оны пайдалануға қызығады. Мұхтардың «Абай» романында айтуы бойынша Абай да Біржанды өте қызықтап оған талай әдемі кеңес береді. Жаз бойы Біржанды тыңдап, оның айту қасиетін өнершілдіктің бір биік белесі деп біледі. Біржанды жоғары көтеріп ардақтайды. Оның алдында бір сұлу өлең шығарып, Біржанға оқып береді:

*Құлақтан кіріп бойды азар  
Жақсы ән мен татті күй.  
Көңілге түрлі ой салар  
Әнді сүйсең мендей сүй.*

Бұл жыр Біржанның Абай алдында неше түрлі сұлу әндер айтқанының орайында туған бір әдемі сөз. Бұл өлең әнші ағаға бір ой тірегі болып танылады. Оның сұлу құрылысына қарап, Біржан Абайды асқан ақын, ойшы кісі деп түсінеді.

Біржан Абайдың үйінен аттанарда оны Абайдың барлық туыскандары, қыз-келіншектері қолтығынан



көтеріп, атқа отырғызбақ болады, Біржан сол жерде ат үстінде тұрып тағыда ән шырқайды. Содан кейін оның сұраған тілегі, сендер де қосылып «Жиырма бесті» шырқандар. Ол менімен қоштасқандарың болсын, ардақты інілерім – деді. Абай да оны мақұл көріп, бәрі қосылып шырқап берді. Біржан басын иіп ілгері жүріп кетті (Мұхтар Әуезов).

Ендігі беті Аягөз, Лепсі, Алатау, Ешкі өлместің жайлауы, сол жерде думан құрып, Матайдың әнші қызы Сарамен қайымдасу. Бұл оқиға қазақ мәдениетінің, оның өнер тарихының ешқашан өлмейтін бір жарқын елесі, ғажайып сурет.

*Баласы Қожағұлдың сері Біржан,  
Сараны іздеп шыққан әлде қайдан.  
Елі керей, ұраны алтай – қарнық,  
Сауықпен дауылдатып асып жүрген.*

Сараның Жүсіпбек ақынға айтқан еске түсіруінде, бұл атақты думан күні бұрын дайындалған. Оны көруге Матай мен Садыр елінің көп қадірлі адамдары, ақындары тегіс жиналды. Демек, Біржан сал да, Сара да орта жүз қазақтардың арасында аты шыққан жойқын ақындар. Оларды естіп білу бір бақыт сәулесі болып көрінген.

Сараның өз шешуі бойынша айтыс Тұрысбектің ордасында өтпекші.

*Үйінде отыр едім Тұрысбектің  
Бұл үйге құдай айдап дұрыс кетпін.  
Қасында жеті-сегіз жолдасы бар  
«Сөйле» дауысы шықты Жүніспектің.*

Жүніспек айтысты басқаратын ел ақсақалы, барлық қадірлі адамдар соның маңайына топталды.

Біржанның «Ешкі өлмес» жайлауына қалай келгенін Сара кіріспе сөзінде әдемі айтқан.

*Сараны естіп жүрген Біржан анық,  
Бұған да жүрген екен өнер дарып.  
Құдай берген дәулетті аясын ба?  
Шығыпты он бір жәгіт қасына ерітін  
Серілік жас күнінен болған өнер  
Пендеге әрне болса тәңірім берер.  
Мың жарым жылқысы бар атасының  
Келіпті отыз сегіз жасқа кемел.  
Келеді он бір кісі жолдас ертін  
Дулатып тұраі-түрлі әнге салып.*

Осылай әнді дулатып, Біржан сал Тұрысбектің үйінің сыртына келіп, тағы да әнді үсті-үстіне жүйіткітеді:

*Бұл үйде Сара бар ма келсін бері,  
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.  
Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,  
Ауылында Тұрысбектің көрер жері.*

Сараны көрген жерде Біржан махаббаттың аясына түсіп, өркендей бастады. Оның әдемі домбырасын, әнді қалай шалқыта айтатынын Сара есіне түсіріп, аса қызыққан.

*Сырлаған домбырасын қолына алып,  
Ән шырқап қоя берді жүндей сабап.  
Тұрды атын ұстап біреу шауысайынан,  
Сөзінің білдім Біржан ыңғайынан.  
Толықсып төңкеріліп, ән шырқап тұр,  
Сөйтсе де шошымадым ыңғайынан.*

Сал Біржан Сарамен айтысқа түскен кезде ерекше түрлене бастайды. Оны Сара өзінің еске түсіруінде тағы былай келтіреді:

*Сол Біржан домбырасын көкке сермен,  
Жіберді түрлендіріп әннен өрнек.  
Менімен айтысуға түскен кезде,  
Дауысқа салды Біржан аспанға өрлеп.*

Сарамен айтысуға түсіп, шабытына келген кезде, сал Біржан өзін асқақтатып, алтайдың Мұзбалақ ақиығымын, маған пар келетін әнші бола қоймас деп, өзін жоғары көтеріп серпілді. Оның алысқа созылған әнінен мынадай толқынды үндер шығады:

*Қазақ жоқ Біржан десе нанбайтұғын,  
Дауысымның енді шықты асқан түрі.  
Дәуірлеп барған сайын болмайтұғын,  
Қырымға қарайтұғын тарлан кермін.  
Аң алмай жерге бекер қонбайтұғын.  
Айнымас қанды балақ ақиықтың  
Тұяғым тиген қасқыр оңбайтұғын.  
Асылмын аспандағы тұз құсындай  
Қаңтарда қалтылдаған тоңбайтұғын.*

Алайда, Біржан Сараның көркем түрде жасалған жан күйінің қасиетін ерекше ардақтап, оның соншалық бай жасалған дарынынан, білімпаздығын, сезгіштігін жұрт көзінше жеткізе бағалап, оның артық туған кісі екенін төндіре айтып береді, Біржан:

*Шырағым, Сара сендей тумас бала,  
Шежіре туармысың сондай дана,  
Қиып кеткім келмейді мен қасыңнан,  
Кемітер қай жеріңді дұшмандағы.  
Ұмытпай Сара сені әр уақытта,  
Көрермін қайта айналып, қай уақытта?  
Адамның артығы екен осы тұста  
Ілеспес ақын түгіл, ұшқан құста!*

Демек, Біржан сал Сара қызды жеңуді өзіне мақсат етіп қоймаған. Қайта оған бәйек болып, махаббат құшағын ашып, қызыққан. Оның бар айтқаны Сараның бақытсыз өмірі, соны жұрт алдында әшкерлеп сипаттау, оның тең емес жәдігөй Жаманқұлға шығып, өмірін өксіту, Жиенқұлды топ алдында мазақтау. Сара мұны да еске түсіруінде бар жүрегімен егіле айтқан:

*Сөз айтты сонда Біржан біздің жаққа,  
Ұмытпай Сара сені әр уақытта,  
Қайырған сөзбен жетіп есіл шіркін,  
Көрермін, қайта айналып, қай уақытта?*

Сара қыз Біржан салды аттандырып тұрып, оған өзінің де махаббатын ашық егіліп айтады:

*Сал Біржан жүріп кетті амандасып,  
Екі күн арпазыстым табандасып,  
Шіркінге қимағаннан жорға бердім  
Басында сөйлесемде жамандасып.  
Қош, Біржан, сау бол дедім сағым керім,  
Ардагер сен жігітсің, алған білім.  
Қашан өзің өлгенше есіл қыран,  
Күнде той, күнде жиын жүрген жерін.  
Жүре гөр ақын Біржан бізді сұрай,  
Тысқары топырақтан қылса, құдай.  
Аптығып, аргынсынып есерленбе,  
Көзіңе қыз көрінсе бұдан былай.*

Демек, Сараның өзі де Біржанға жақын болуды үміт етіп, өзге қызға бас ұрудан бас тартуды, тілек етеді. Біржан да Сарадан кетерде ойына күшті толғау түсіп, оны қиып кете алмай, қатты толқуда болады.

*Қарайып Қара көлде қамыс қалды,  
Ауылы гашық жардың алыс қалды.  
Ауылы гашық жардың алыс қалып  
Сағынғаннан қараумен көзім талды.*

Біржан Сараны көп ойлаумен еліне келеді. Оны алып кетуді мәселе етіп қоймайды. Кейін бірте-бірте ұмыта береді. Ел ішіндегі қолына алған жұмысы, жастарға үлгі беру ісін бір көркем дүние деп түсінеді. Оларға арнап жыр шығарады:

*Ер жігіт дүниені көрген артық,  
Дүниеде не бар-жоғын сезген артық.*

*Түскендей аспан жерге іс болса да  
Бел байлап, тәуекел деп, төзген артық.*

Бұл ойдың ұзақ өрісін ол бірінші рет Абай мен кездескенде мәселе етіп көтерсе, енді бір ұшын түрік қағанаты кезінде айтылатын «аспан жерге түссе де» деген ұғымды еске келтіреді.

Әлеуметтік істі еске түсіруде көңілге сәуле түсіретін Біржанның үш әні «Егіз тауық», «Жанбота», «Адасқан». «Егіз тауық» әнін Біржан 1842 тауық жылы шығарған. Бұл жыл халықты әбден күйзелткен киын жыл. Шоқанның жазуынша патша ұлықтары халықты аяусыз басынып, сондай ауыр халге келтіреді (Тауық жылы). Бұл жылы Біржан сал да ұмытпай, бар киындықты еске түсіріп ән салады:

*Жұтатты гой елімді егіз тауық,  
Міне алмады жігіттер семіз тауып.  
Арық атқа мінбейтін сал Біржанның,  
Қоңыр шолақ мінбеді-ау, өгіз тауып.  
Шақырушы ең Біржан деп атымды атап,  
Мал береді Мырзалар қысырақ матап.  
Айдын көлдей шалқыған қайран елім,  
Әр ағаштың түбінде қалдың қатып.  
Біржан өлең айтады буын-буын,  
Айқайласа тігіпті әннің туын.  
Қазы қарта жемейтін сал Біржаның  
Тауық жылы ішті гой жассық суын.*

Әлеуметтік тұрмысты сипаттауда Біржанның бұл әнмен айтқан сөзі тарихқа жазылған жарқын сөзбен бірдей, ғажайып ойлар. Біржанның тамаша әндерінің бірі, өзінің ел аралап жүргенде, өзіне серік болған тұлпар аттарына шығарған әндері - «Ақсеркеш», «Телқоңыр», «Бурыл - тай», «Кертөбел», тағы басқалар.

«Ақсеркеш» - жүйрік ойыншы ат. Соған шығарған сұлу ән.

*Жем жейді аргымағым «түрт» дегенде,  
Аяғын жекей басар «қық» дегенде  
Жерлерге үш айшылық жүріп кетер,  
Аузынан жан қалқаның «оп» дегенше.*

«Телқоңыр» жүйрік атқа арналған әсем ән. Телқоңыр тұлпармен сыр бойына барғанда, ат ол жердің шөбін жемей қатты ашығады. Арқа жакка қарай береді. Әнші оны Арқаға қайырып жібереді.

*Телқоңыр қайтып кетті елге таман  
Ит-құстан барар ма екен есен-аман?  
Жібердім Телқоңырды елге бар деп,  
Жүруге бұл маңайда жолың тар деп,  
Жаныма бағалаған жануарым  
Шығардым осы әнімді саған арнап.*

«Бурыл-тай» - тұлпар атқа арналған көркем ән. Біржан оның үстінде жүргенде өте сәулетті болып, шаттанып отыратын. Ол әнді былай деп айтқан:

*Таңбасы жоқ, ені жоқ Бурыл-тайдың  
Сағасы өткел бермес терең сайдың.  
Құба жонға жүгіртіп шыға келсем,  
Жұрты жатыр өзі жоқ қалқатайдың.*

Біржан картайған кезінде қызық көрген жас дәуренін ұмытпайды, оны да лайым еске түсіріп, ойға батады. Бұл кезде де бірталай сұлу әндер шығарған, бірақ қағаз бетіне түспей, ел аузында аңыз болып қалған. Сондай жас күнін еске түсіру әндерінің бірі «Жамбас сипар», «Егіз қызыл», «Ал дүние».

*Ал дүние өтеріңді біліп едім  
Білдірмей серілікпен жүріп едім.  
Бұл күнде арық қойдан бағам кейін,  
Үш жүздің сайран қылған Біржан едім  
Ел кездім Кертөбелді арықтатып.  
Жақсыға сөз сөйледім анықтатып.*

Мәселен, Біржан салдың Құнанбаймен, Абаймен, Сарамен сұхбаттасқан күндері.



Еске түсіру әндерінің ең әсемі «Жамбас сипар». Онда да халық не заман думан құрып, халық бұхарасына айтулы қуаныш қалдырғаны есіне келеді.

*Ұшына орамалдың түйдім сусар,  
Көп жылқы көк алалы көлде жусар,  
Кешегі ел қыдырған есер шақта  
Ән еді Біржан салдан «Жамбас сипар».  
Деген соң біз қартайдық, біз қартайдық  
Белгісі қартайған соң серттен тайдық,  
Қанекей, соны мен шыққан мүйіз  
Қасына сұлу қыздың көп жантайдық.*

Біржан көркем ән айтумен бірге, өткен дәуірлерден келе жатқан, сәулетті эпикалы жырларын да қоңыр қаздың дауысындай әдемі әнмен келістіре айтып жүрді. Бұлардың барлығы Біржан салдың қазақ халқының мәдениетіне, оның өнерінің көркейіп өсуіне ірге салған әншінің үлесі болатын.

Біржан салдың мұрасын бізге әкеліп жеткізген әншілер, ақындар орасан көп, олардың өзі ел аузында аңыз бола бастаған. Біржан салдың әндерін ең ескі айтушылар Теніздің ақыны Құлтума, Ақан сері, Соқыр Қапаш (Атбасар), Жарылғапберді, Балуан-Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Ғазиз әнші. Бергі совет дәуірінде Біржан салдың әндерін келістіре айтушылар Қосымжан Бабаков, Қали Байжанов, Ғаббас Айтпаев, Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, тағы басқалар. Біржан туралы әдебиет те өте бай. Оны келістіре зерттеушілер А.В. Затаевич, А.К. Жұбанов, Б. Ерзакович, тағы басқалар.



*Ақан сері*

Өмірі сұлулыққа бөленіп, Көкшенің мұнартақан тауларында, орманды сайларында, мөлдіреген әдемі көлдерінде ерке өскен Арқаның асқан әншісі Ақанды халық еркелетіп «сері» деп кеткен. Оның өмірі шын мағынасында сұлу ертегідей адам ойын өзіне еріксіз тартатын, шытырман, ғажайып өмір болған. Оның шығарған сөзі қандай сұлу болса, өмірі де сондай сұлу, қызық еді. Ақанды жүйрік білген Қоқыш карт (1927 ж.). Ақан туралы әдемі ойларды айтып берген шын мағынасында Шоқан Уәлиханов, өзінің ауылдасы ақын Абдулла Айдарбеков, Науар Буланбаев. Ақанды бұл үшеуінен артық ешкім айта білмейді. Олардың айтуынша Ақанның арғы атасы Наршөккен, одан Қарқынбай, одан Құрамса – Ақанның әкесі, шешесі Жаңыл. Олардың қыстауы Сырымбеттің күнбатыс алабында Қоскөл деген жер. Құрамса осы арада сауда істеп, бірталай ауқатты кісі болған. 1843 жылы Қоскөлде Ақан сері туып, шын атын – Ақжігіт деп қояды. Түсі ақшыл, ұзын бойлы сұлу кісі болған. Он үш жасқа дейін сегіз жылдай ауылдағы мектепте Күнтеу деген молдадан оқып, жеті-сегіз жылдан кейін араб, парсы, шағатай тілдері мен әуестене бастайды. Әсіресе, парсы, шағатай әдебиетіне қызыға қарап, ол туралы өзін оқытып жүрген молдамен бақасқа түседі.

Ойы тасқындап, көп нәрсені білуге құмартқан алғыр жасқа, молдамен тойғызарлық ешнәрсе айта алмайды. Осы ретте жас Ақан молдасымен қырғи-қабақ болып, сегіз жылдан кейін мектебімен қоштасады. Қаладан, жәрмеңкеден шағатай парсы тіліндегі кітаптарды тауып алып оқиды. Ер жете келе білім, поэзия саласына өте үңіле қарайды, ол туралы Мәшһүр-Жүсіп, Қасен молда сияқты әдебиеттен хабары бар ғұлама кісілермен ой таластырады. Дегенмен, Шағатай, парсы әдебиетіне

қанша қызыкса да Ақан сері оның ғұламасы болудан гөрі, ойы, жан күйі сахараның сұлу әніне, домбыраның толқынды үніне ойыса береді. Оқуды тастасымен енді бір ғана осының соңына түседі. Серілікті тіпті жас күнінен бастайды. Он төрт-он бес жасының өзінде шырқап салған сәулетті әндерімен жас Ақан жұртшылық көзіне түсе бастайды. Енді біраз жыл өткен соң, ол Көкшетау төңірегінде болып, жиылған әлеуметті өзінің толқынды әндерінің құшағына бөлейді. Ақан серісіз өткізген ас-тойдың, ойын-сауықтың бұдан былай қызығы болмайды. Халықтың жас әншіні ардақтап, жас әйелдің оны қызықтауы Ақанның серілікті тереңдете беруіне үлкен себеп болады. Кигені сұлу киім, мәпелеуі жүйрік ат, қызықтауы құмай тазы, ақ иық қыран бүркіт. Осы ретте Ақан қазақтың тарихи спортына зор мән беріп, ескі серілерше қасына көп жігіт ертіп, ат ойнату, саят құру өнерінің соңына түседі.

Спортты таңсық ету әсіресе «Мылтықпен мергеншілік» туралы айтқан жырында ашық суреттелген.

*Мылтығы тузу болсын, өзі сырлы.  
Сүйменді оғы болсын алты қырлы.  
Қалында қызыл темір, қалың ауыз  
Алысымен талғамас жақын жерді.*

*Мылтығы шаңқ еткенде жерді жарып,  
Көздеген түп жеріне тисе барып.  
Асығып жан-жағына қарап мерген,  
Мақтанып бауыздайды қоразданып.*

Сері дүниесін желаяқ тұлпарға, алғыр қыранға, құмай тазы жинауға салған. Сұлулықты жаны сүйген Ақан аттың түсінің әдемі болуына да ерекше мән берген. Ол бір ыңғай боз ат, кара ат, құла ат қатарын тізуді жақсы

көрген. Түнге қарай ақ киіп боз атқа мінсе, күндіз сұр киініп құлаға отырады, күз айларында қара киініп қара атқа мінеді. Оның аса құмар болғаны әсіресе жүйрік ат, қыран құс, құмай тазы. Бұлардың спорттық тамаша түрлерін сыншы Ақан калайда тауып қолына түсіре білген. Соның бірі қас тұлпарды алдына түсірмеген Ақанның Құлагері, қанаттылардан алмағаны болмаған Көкқыраны, аяқтыларға жетпей қоймаған Алақұмайы айқын дәлелдей алады. Серіліктің бас шарты сұлу киіну болса Ақан оғанда ерекше көңіл бөлген. Ақан серіні көп заман қызықтап, онымен бала күнінен бірге жасасқан Қоқыштың (1927), Жауардың, Құлыштың (1959), тағы өзге қарттардың айтуынша, Көкшетау қазағында Ақан серідей ешкім әдемі киінбеген. Оның қысқы-жазғы киімдері бірнешедең болған. Басына киетін пұшпақ бөріктің өзін әсем тігетін қыз-келіншектерге әртүрлі үлгімен жасатқан. Аяғында кебіс-мәсі кимей, жылтыр қара етік киетін болған. Қасым қарттың айтуынша: «басқа қазақ қисық табан жылтыр етік киген емес. Ошы киген жалғыз-ақ Ақан аға» дейді. Үстіне киетіні мауыты шекпен, шапанның бірнеше қымбат түрлері, жақсы көргендері сұр шапан, қызыл-күрең шапан, кестеленген тақыр күрең жарғақ, суық айларда кигені құлын жарғақ, бөкен жарғақ (жауар). Аяқ киімі болмаса өзгесінің барлығы бұрынғы атақты серілердің дәстүрін көрсетеді. 1928-1924-жылдары Мұхтар да ескі серілердің дәстүріне түсіп, Семей көшесіне салдардың сылқым киімімен шығатын.

Ақан сері аңға шыққанда, тойға барғанда ерте замандағы Ерсайын, Манас сияқты қасына топ әнші, әрі сері, әрі ойыншы, әрі мерген, әрі балуан алпауыт жігіттерді ертіп, сұлу қыз, ерке келіншектері көп елді қырындап, уақытын бірғана ән шырқаумен, ойын-сауық

құрумен өткізеді. Серіліктің бұл түрін Ақан өзінің өлеңінде айтқан.

*Торыны таң асырып мінген қандай!?*

*Үкілеп әсемдетіп жүрген қандай !?*

*Тұсына қызды ауылдың өлеңдетіп,*

*Сыбанып ақ білекті түрген қандай!?*

Ақан қалың ел ортасында ән шырқағанда сұлу қыз кестесін, зергер жұмысын, кемпір тоқып отырған өрмегін қойып тыңдайды (Қошы). Ақан серіні әдемі тыңдаған кісінің бірі Көкшенің шүйгін қойнауларын көп заман жебелеп, оның сұлу әндерін Арқаға таратқан Баянауланың атақты әншісі Жарылғапберді. Ол Мұсаға еріп Сырымбетке бірнеше рет барып, Ақанның әнін Шоқанның әкесі Шыңғыстың үйінде талай рет тыңдаған. Оның көбін Баянауланың және Қарқаралы төңірегіне әкеліп таратады. Жарылғапбердің өзі оны былай деген:

*Көкшетау, Баянаула жер науаны,*

*Елінен көктей гүлдеп шығады әні,*

*Жерінде Көкшетаудың көкте жатып*

*Толқытып Жарылғаптың салған әні.*

*Жарылғап ескі әншінің ардагері*

*Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгері.*

*Осы әнді Көкшетауда естідім деп,*

*Баянға алып келіп жайған еді.*

Жарылғапберді Ақан серінің замандасы. Ақаннан үш жыл соң қайтыс болды (1916 ж.). Шыңғыстың үйінде болған кездесулерде екі бірдей даңқты әншілердің ол үйде қатарынан ән шырқауы бір дүние болу керек.

Сұлулықты ардақтау, оны сүю серілердің көбіне тән нәрсе. Кіршіксіз тазалықты, сыпайылықты олар сұлулықтың бір түрі деп қараған. Абайдың, Жаяу Мұсаның, Сұлтанмахмұттың жазуларында бұл ашық



айтылған. Сыпайылық, тазалыққа аса нәзік караған әсіресе Ақансері. Сұлулықты, кіршіксіз тазалықты үгіттейтін Ақан, қотыры, сасық иісі бар кісіден қашып жүрген, кез келген үйге түсе бермеген, тек сұлу қыз, маңғаз келіншектері бар, таза үйлерге қонатын болған. Жүн, жен, жабағы жамылатын нас, өзі сараң байлардың үйлеріне шақырса да бармаған. Баска бір үйге барғанда ең алдымен ол үйдің тазалығына, төсек орын, ыдыс аяғының тазалығына ерекше көңіл қоятын болған, егер бет-аузын кір басқан, салақ, лас әйелге көзі түссе оның дайындап жатқан асына қарамай кетіп қалған.

*Көйлегі кір болады май-май ғана,*

*Ұрысар байыменен таймай ғана.*

*Сыртына шөмішнің балиық жағып,*

*Салады қазанына шаймай ғана.*

Бір табақтас, дәмдес болып отырған біреулердің кірлі қолын көре қалса, Жаяу Мұса сияқты, ол табактан бір жапырақ етті аузына салмаған. Ақан серінің бұл мінездері ол кездегі қарапайым қазақтарға ерсі болып көрінсе де, оның негізгі осы күнгі медицина ғылымына дәл келетін, жарқын кіршіксіз таза ойлар. Оның түбегейлі аялғысы настыққа, надандыққа, қараңғылыққа қарсы тұрғандықты көрсетеді. Мұны кейінірек Сұлтанмахмұт, тағы өзге қазақ жазушылары да аса өткір түрде жаза бастаған.

Жиырма бес жастарында Ақан өз елінің қызы Бәтимаға үйленіп, онымен он жылдай тұрады. Бәтима өлген соң, Ақан жаңа түлеп ұшқан тау қыранындай, қиялға көз салып, әр жерден тоят іздейді. Серіліктің базарына бұрынғыдан гөрі күштірек түседі, күндіз-түні ойлайтыны сұлу қыз болады. Көп уақыт толқумен, ойланумен жүргенде, аяулы нәзік жанның көзі даңқы Көкшетау алабына жайылған Арқаның ерке қызы

Ақтоқтыға түседі. Ақтоқты ол кездегі дала қызының ару мүсіні. Жаратылыс оған түрі мен ақылды бірдей мольнан төксе, оның ішкі мінезі де сондай сабырлы, байсалды, сыпайы болған. Ақтоқты алғаш көргенде Ақан серінің көңіл-күйі шабытына келіп, шалқыған әндерімен өзінің тұңғыық махаббатын жарыққа шығара бастайды. Оны жақсы түсінген ақылды Ақтоқты да жайдары мінезімен Ақанның жүрегіне ем болатын белгілер білдіреді. Содан екеуі көңіл қосып, аз уақыт махаббат қызығына бөленеді. Бірақ Ақтоқтымен қосылу мүмкін емес, оған алдақашан бір мықты кісі құда түсіп қойған. Жеме-жемге келгенде Ақтоқты осыдан шыға алмайды, дәлелді сөздерді айтып, Ақанның жалынды жүрегін суыта береді. Ақтоқтыдан торыққан Ақан сері гөй-гөй тартып, уақытын күңіренумен өткізеді. Бірақ үміт сәулесі одан алыстап кетпейді. Тағы да қияға көз салып, сұлу қыз іздейді. Көкшетау төңірегіндегі Тынәлі қажы деген кісінің ару қызы Ұрқияға ғашық болады оған арнап, ән мен өлең шығарады. Ұрқия Ақанмен көңілін қосып, оны жақсы көрсе де қиындықтар айтып, Ақанның ұсыныстарына ашық жауап бермейді. Ақырында Ақан сері оны алып кешады. Бірақ бақытсыздыққа қарай Ұрқия үш ай тұрып, қайтыс болады.

*Ақ маңдай, қарақат көз сүйген сәулем,*

*Секілді нәзік белің сымға тартқан...*

*Арылдым тағдыр айдап бұлбұл құстан*

*Тарттым мен қайғы-қасірет бала жастан.*

Онымен бірге Ақанның жақсы көрген інісі де өліп, Ақан үлкен күйзеліске ұшырайды. Көңіл жұбатар еш нәрсе таба алмай, Ақан ескі досы Ақтоқтыға қайта оралады. Бірақ жақын арада ол ұмытылмақ. Ескі махаббат жалыны еске түсіріп, оған бірнеше өлеңдер шығарады, жауап қайтпайды. Алайда, Ақтоқтысыз

өмірді Ақан өмір деп білмейді. Әлден уақытта ұзатайын деп отырған Ақтоқтыны Ақан алып қашады. Бірақ онымен кетуге Ақтоқты көнбейді. Сарымидың басында Ақанның бүйіріне пышақ салып, томардың ішінде айдалада қалдырып кетеді. Ақтоқты ұзатылып кетеді. Махаббат дертінен құса болған Ақан жазылып тұрған соң, оған арнап тағы да өлеңдер шығарады:

*Бәрекелді Ақтоқты тапқаныңа,  
Жібектен шоқ шекеңе таққаныңа.  
Бұдан артық құдайдан не тілейсің,  
Шолақ қасқыр түсіпті қақпаныңа.*

Ақан серінің бұлай айтуы Ақтоқтының шыққан күйеуі өр кеуде атаның тұқымы екен. Ақан сері Ақтоқтының бетіне осыны басып, оны мазақ етпекші болады. Бірақ Ақтоқтыны сүюі тасқындай бермесе, еш уақытта сөнген емес, оны тағы мына өлеңнен көруге болады:

*Ақтоқты кеткенің бе шыныменен  
Бал бердің талай жерде тіліңменен.  
Басыңды Сары мида кесіп алып  
Өмірімше даулассамшы құныңмен.  
Дарияның қайранындай қалқа бала  
Зарланып ән шырқаймын үнімменен.*

Сүйтіп Ақанның жанына сусын болған Көкшенің екі аруы - Ұрқия мен Ақтоқты өткінші дәурендей өте шықты. Ақан зарлап жалғыз қалды. Күндіз-түні оның жүрегін зарығумен ой құсасы тесетін болды. Сұлу қыздан үміт үзген Ақанның ендігі көңіл жұбатары бір ғана оның Құлагері болды. Бұрынғы саңлақтар аруы адамды жұбатқандай: «қайғың сұлудың құшағында, тұлпардың тұяғында, сұңқардың қияғында қалады» - деп тегін айтпаған ғой. Махаббаттан торыққан Ақан сұлулықты енді Құлагердің әдемі мүсінінен, бөкен

қабак жаудыраған көзінен, қаламының ұшындай әдемі құлағынан, салбөксе денесінен, бота тірсек, алмас тұнығынан іздейді. Аузымен құс тістейтін даланың желаяқ жануары Ақанның тарыққанда жан серігі болып табылады. Құлагер Көкшенің шүйгін бетегесінде жайылып, оның мөлдір суын ішіп өскен қырдың тума жылқысының ұрпағы. Оның асқан жүйрік болатынын қарауыл Елторы сыншы құлын күнінен айырып қояды. Ақан нағашыларының ауылына келіп жүргенде оның қасындағы Елторы ойнақ салып жүрген кер құлыңға көзі түсіп қалады.

– Мынау бір болайын деп тұрған жануар екен. Бір кезде ол ұран шақыртпай қоймайды. Жақсылап күтіндер дейді. Керкұлынның енесін саумайды, ол бұла болып, еркімен өседі. Оның мінезі, бәдені өскен сайын өзге жылқыдан артыла береді. Қас сыншының айтқаны еш заманда қате кетпеген. Екі жыл өткен соң құлагердің жүйріктігі жұрт көзіне көріне бастайды. Мұны естіген Ақанның қуанышы қойнына сыймай, дәуірлеп тұрған кезінде нағашысына қолқа сала келіп, Құлагерді сыйға алады. Оны мәпелеп бағады, тұмсықтыға шокыттырмай, күнге күйдірмей, суыққа тоңғызбай, күндіз-түні төгілген әдемі жабумен ұстайды. Жаз биенің сүтімен суарып, қыс сұлымен бағады. Құлагер Ақанның еркелетіп өсірген баласымен бірдей болады. Сұлулықты жанындай сүйетін ару жан оның тұмсығын, мөлдіреген көзін, ауық-ауық иіскеп, жалын, құйрығын тарап, жонын сипап қояды. Екеуінің жүзара мерейі екі достың мерейінен артық болмаса, кем болмайды. Ақансері аз уақыт көрінбесе Құлагер жер тарпып, кісінеп, елегізі бастайды. Үстіне ертоқымы, сала бастаса оттай жанған екі көзін Ақанға төңкере тастап, шалқыған шабытпен оны ұшырып әкетуге құмартады.

Қас жүйрік қан майданда сыналмаса оның қасиеті қандай екенін ешкім біле қоймайды ғой. Көкшетау мен Атбасар төңірегінде болған ас-тойда Құлагер алдына қара салмай, барлық атақты сәйгүлік тұлпарлардың алдынан жеке қара келіп, ылғи бас бәйгені алып отырады. Құлагердің асқан жүйріктігі бұдан былай ел ішіне дәуірлеп, данқы Ақанның өзімен қатар барлық Арқаға жайылады. Ақан енді оны Арқада болған кейбір атақты асқа апара бастайды. XIX ғасырдың екінші кезеңінде Арқада болған ас-тойда Құлагерден озған ешбір тұлпар болмаған. Құлагердің бүкіл Арқаға дәуірлеп көтерілуі әсіресе Сайдалының асына қатысудан кейін. Бұл ас XIX ғасырдың жетпісінші жылдары да, осы күнгі Қорғалжын ауданының жерінде, Қарақойын-Қашырлы деген атақты қоныста болған. Асқа орта жүз бен Кіші жүздің не қаз мойын тұлпарлары қатынасқан. Олардың ішінде адай, текежаумыт, қуандық жылқыларының не түрлі желаяқ жүйріктері бар. Олардың ішінде Арқадағы атқа бәйге бермеген Саңырықтың құлабестісі, Батырақтың қоңыр төбесі, тағы басқалар. Барлығы үш жүз ат. Құлагер осы үш жүз сәйгүлік тұлпардың алдынан жеке қара келіп, Ақан серінің мақтаныш сезімін жоғары шырқатады. Жиылған әлеумет Құлагерді тамашалап, бәрі оны көргісі келеді. Кейбіреулері Ақан серіні қаумалап, оған құтты болсын айтқысы келеді. Бұл астың суреті, оған Құлагерімен Ақанның келуі, Есіл, Қорғалжын, Нұра, Сарысу бойында жасаған қарттардың есінде осы соңғы заманға дейін сақталған. Соның бір атақты атқұмар Батыраштың қызы Қалиман, 1967 жылы 90-нан асқан кемпір, ата-мекені Шерубай-Нұра, Соқыр өзенінің бойы, бұрынғы Спас заводына жақын жерлер. Кейін Успен руднигінде тұратын болған. Әкесі Батыраштың, ағасы Жүністің айтуынша, олар Ақан серіні де, оның

Құлагерін де аса жақсы білген. Ақан сері мен Құлагерді ауылында, үй ішінде әкесінің әңгімелеп отырғанын Қалиман талай рет естіген. Қалиманның айтуынша, Сайдалының асында Ақан серіні құттықтауға барған кісінің бірі Батыраш. Батыраш Ақан серіні тек құттықтап кетіп қалмайды, оның қасында бірталай бөгеліп, жүйрік атты жақсы көретінін айтып, оны қалай жаратып, қалай бәйгеге қосуды әңгіме етеді. Құлагерге қызығып, оның қасынан кеткісі келмейді. Ақанның бой жеткен қызы бар екен, одан кейін сөз тартып, онымен жуықтасуды ойлайды.

– Екеуміз де бәйге атын құмар қылатын кісіміз, дос болайық. Сенің қызың бар деп естідім, менің ұлым бар, құда болайық. Мына Құлагерді маған қарғыбауға беріп кет! - дейді. Батыраштың бұл сөзі Ақанның нәзік сезіміне тұрпайы болып көрінеді. Ақанның намысы келіп:

– Әрі қызымды, әрі атымды беріп не болғаным? Үйтіп құда болғанша жәй жүргенім артық емес пе? - деп теріс айналып кетеді. Ешуақытта мұндай беті қайтып көрмеген мықты атаның баласы Батыраш Ақан серінің тәкаппарлық көрсеткенін ішіне кек етіп қалады.

Арада бір-екі жыл өткен соң, Ереймен тауының теріскей бөктерінен ағатын Сілеті өзенінің бойында қырдағы алпауыттың бірі атақты Сағынайдың асы болады. Бұл асқа қырдың бес дуан елінен 325 ат келген. Сонда көп тұлпардың алдынан Құлагер тағы да ағып келе жатқанда, ат алдынан «қарауылға шыққан» болып тосып тұрған Батыраштың кісілері лап қойып көлдененнен соқтыққанда, алыстан мойын созып, танаулатып келе жатқан аяулы Құлагер мұрттай ұшады. Соқтығушы Қараөткел қаласында алыпсатар болып тұрушы саудагер Нұрпейіс Жантас баласы. Құлагерге



көлденең соқтыққанда Нұрпейіс те ат-матымен бірге құлайды. Бірақ оның аты біраз талып жатып есін жиып тұра келеді. Жаздың ыстығында ұзақ жерден түтеп келе жатқан Құлагердің жүрегі үзіліп сол жерде қалады. Халық Құлагерді өлтірген қаланың саудагері Нұрпейісті алқымынан алып, билердің тергеуіне беруді сұрайды. Батыраш сыр білдірмей бұғып қалады. Одан көп дүние алған саудагер қаланың ұлықтарын арқа тұтып, ол жердегі жазадан құтылады. Іс саяси түрге айналады. Бірақ намысы қайнаған кемеңгер кісілер саудагердің соңынан жылпос жігіттерді тексеріп, Құлагердің кегін алуды қауымның міндеті деп санайды. Нұрпейіс кешке жақын Қараөткел қаласына кіріп, ноғай моласының жанынан өте бергенде моланың ішінде бұғып отырған атақты мерген үні шықпайтын мылтықпен атып, оны қалпақтай түсіреді. Жұрт у-шу болып жатқанша қас-қарайып түн түседі. Көрдің қуысында тығылып жатқан мерген кешке қарай өз бетімен кетеді. Кім атқанын бірер сағаттан кейін келген полиция іздеп таба алмайды. Қаланың кейбір саудагерлері Нұрпейісті атқызған қалада тұратын Қанжығалы Айтпай қажы деп, жала жаппақшы болады. Халық Құлагерді жыққан Нұрпейістің өлгеніне риза болып, оны көрге қоярда: «іздегенің осы еді, енді көрінде өкір» деп лағынет айтып тарқайды.

Ақан сері жапан түзде өліп жатқан Құлагердің басында бір күн, бір түн болып, оның басын құшып, қабағын, көзін сүйіп, бұршақтаған көз жасымен өзінің атақты «Құлагер» әнін шығарады:

*Жануар Құлагерім қолдан кетті,  
Душпанның қастығынан қаза жетті.  
Қаржас боп, Қанжығалы, Керей, Алтай,  
Қуандық, Сүйіндік боп намыс етті.  
Тамам жұрт көтермекке аттанғанда  
Алдыңан қарсы бармай маған нетті?*

Құлагерді жоқтап, мауқын басып болған соң, ертенінде құлаган Аққұсақ көлінің жағасында оның сүйегін жерге көмеді. Бірнеше жыл өткен соң, Ақан сері қызына ғашық болған, өзі де ән мен өнерді қадірлей білетін Жүсіп төре, Құлагердің басына тас үйдіріп, кішкене оба тұрғызады. «Құлагер» поэмасын жазу үстінде ойға батып жүрген Ільяс Жансүгіров 1931 жылы бүкіл Ереймен тауын аралап, жергілікті халықтың көрсетуі бойынша Аққұсақтың жағасынан Жүсіп төренің үйдірген тасын тауып, оған енді дінгек қактырады.

Құлагердің жығылған жерін ұмытпайтын еткен кісінің бірі Әшім Бектасов. О да сол жерге биік қанаттас орнатып кеткен. Құлагер ат спорты тарихынан әдемі орын алатын құс жануар. Ол туралы жырлар, поэмалар, халық аузында айтылатын ғажайып легендалар аз емес. Осыларды еске алып, халықтың ой-қазынасына айналған атақты тұлпардың басына одан гөрі де осы күнгі өскен заманға лайықты мәңгілік ескерткіш тас орнатса, жас ұрпаққа оның тәрбиелік мәні аз болмас еді. Ондай тарихи, мәдени маңызы бар спорт түрлері еш уақытта ұмытылған емес, ұмытылмақшы емес те. Оған жұртшылық жақсылап көңіл қояды деп сенуге болады.

Ақтоқтыдан кейін Ақанға көңіл жұбаньшы болған Құлагердің өлімі үлкен соққы болды. Жастықтың соңында, кәріліктің алдында жүрген күйрек жанды кісіге бұл соққы кейін үсті-үстіне қосыла береді. Құлагердің соңын ала күтімі болмаған соң, оның қыран бүркіті мен ала құмайы тағы өледі, тұғырда байлаулы тұрған көк лашын аңға алып шықпаған соң, балақ бауын үзіп ұшып өледі. Ақан тағы егіліп, сұңқарын жоқтап өлең шығарады.

Бұл соққыдан кейін, серілік өмірден түнілген Ақан онымен қоштасып, қалаға кетеді, ислам фәлсафасының соңына түсіп, Көкшетау медресесіндегі Науаи хазіреттің дәрісін тыңдайды. Бірақ хазірет Ақанды онша қызықтыра қоймайды, бойға біткен серіліктің алып күші оған қарама-қарсы тұрады. Ақанды жаңадан елегізітіп жазғытұры ел жайлауға көшерде Ақан Қоскөлдегі ағаш үйіне келіп жаз бойы онда жалғыз жатады, қасында бір ғана ауру баласы болады. Ақанның бұлай жалғыз қалуын жұрт әлденеше саққа жүгіртеді. Әуелі жарынан, кейін тұлпары мен сұңқарынан айырылған Ақан, тіршілікпен күресуге өткен қиын заманда жол таба алмай, қатты қамығады, күңіренеді. Ойшы адамды жау көріп, оған мерей көрсетпейтін қанаушы топты сынап, жалғыз жатып күндіз-түні өлең шығарады, оны өз сарынымен шырқайтын әнге айналдырады.

Ақан жас кезінде ән мен жырды бір ғана қыздарға арнап шығарған. Бұл топқа кіретін әндер, өлеңмен жазылған хаттар өте көп. Олардың ішінде махаббатқа тереңдетіп айтқан шығармалары «Қыз сипаты», «Сүйген қалқа», «Біздің көңіл қайда жатыр», «Көңіл тілегі», «Ұрқияға», «Ақтоқтыға», «Ұзатылайын деп жатқан қызға айтқаны», «Көңіл сыры». Бұл әнді Ақан егіле айтады:

*Ей, қалқа сенің үшін жайдым торды,  
Танитын кезің болды, оңды-солды.  
Сүмбіз шап, қарақат көз, жазық маңдай,  
Көретін күн бола ма, бейне хорды.*

«Көңіл тілегінде» Ақан қызға өте бәйек болады:

*Бағаңа күнжетпестің бірі едіңіз,  
Бақшада жаңа шыққан гүл едіңіз,  
Сұсырдай су ішінде мекен етіп,*

*Ілінбей қармағымға жүр едіңіз,  
Үмітім көңілімдегі бітер еді,  
Артылса ақ төсіңе білегіміз.*

«Сүйген қалқа» әнінде Ақан терең махаббат сезімімен толқытқан:

*Серінің қалқасы бар бір басыңда,  
Күн сәулесі елес беріп тұр қасыңда.  
Өмірің өткінішідей өте шығар,  
Қызықты көре алмассың дер жасыңда.*

Ақан терең ойшы, өте сезгіш, есті, тым шешен болған кісі. Қоскөлге фәлсафалық мұрамен ойға батып келгенде, ол бір ғана әлеуметтік мәселені алдына көтереді, мақсат етеді. Ең алдымен ойлағаны білім, мәдениет, халық бұқарасын қалай ілгері бастыруға болады соны толғайды. Бұл ретте көп үміт еткені халық ортасындағы білетін данышпан адамдар, халықтың ой азығы солар. Оны Ақан сері өте терең түрде түсіндірген.

*Ақыл көп таусылмайтын жанға көрік,  
Бастан шыққан сөзіңе тілің серік.  
Қалай айтып сөйлесең ерік өзінде  
Данышпанның айтқанының бәрі берік.  
Атағы ерге шапқан кейбір сабаз,  
Өзі әлсе де оның сөзі әлмек емес.  
Бір мінез әрі дана, әрі шешен,  
Қолға алса барлық жанды жарық еткен.*

Фәлсафалық әлеуметтік тұрмысқа арналған жазуларында Ақанның тілі, ойы аса өткір, тигізе айтқан. Соның ішінде бір таңсық нәрсе «Әйелдердің сипаты». Әйелдердің өркендеу жолында келтірген қасиетін айта келіп, «Ақылды әйел адамның барып тұрған ақ маңдайы, жұртшылықтың, үй-ішнің тірегі» деп суреттейді. Сондай ашық фәлсафалық ойларды жастарға, жігіттерге

де арнаған. Соның бір жарқын түрі «Жігіттің сипаты», «Жігіттерге», «Достарға», «Замандасқа» деген жырлары. Оларға арнаған сөзінде жігіт болсаң ақылды, жарқын бол, адалдықты сүй, ой-санаңның ашық болуын ізде, ең алдымен халық бұқарасының мұқтаждығын көруге ой бөл. «Достарға» деген жырын біраз сын көзімен караған. Патша заманында, кертартпа дәуірде жанкүйерлік дос табу қиынырақ болған. «Доспын деп жүргендердің бәрі жалтақ, өсекші. Дос қайда айырылмайтын бір он жылдық.

Осымен қатар болыс пен билерді сынап олардың ел жегіштік залымдығын бетіне басады. «Заманға карап» деген жыры әшкерелеп айқындайды. Онда бір әділ, жаңа дүние іздегендей болады.

*Болғанда мұндай күйде заманымыз,*

*Жәй жатып сахарада қамаламыз.*

*Болыс, би ет пен шәйге маз болуда*

*Қайткенде тура жолды таба аламыз.*

Ақынның бір жақсы шығармасы сол кездегі адамдардың мінезін сол өз қалпында болған кейіпте жарқыратып сипаттау. «Замандасқа» олардың барлық тобын он алты кейіпке бөледі. Бірінші адам ақылы кең, таусылмайтын жанның көркі оның серігі өнер иесі, өзінің білімімен, шебер қолымен халық бұқарасын бір ғана қуанышқа келтіретін ой, өнер иесі, екінші жігіт ілгері баспайтын байлауда тұрған сияқты еш нәрсеге еркі жоқ, меніреу адам, үшінші жігіт өр кеуде, кеудесін жоғары көтеріп, биік таудай зорайып жүреді, төртінші жігіт ауыр мінезді, сезімі жүйрік, бірақ заманына карай ілгері ұмтылуды білмейді, бесінші жігіт ақылды, өте қу, еш адамға сыр айтып отырмайды.

*Ол адам терең ойлы,*

*Сыр айтып еш адамға бермес бойды.*

*Біреуге жүйрік ақыл бере тастап,*

*Талайдың қабыл-ғатыл сырын жойды.*

*Түсіріп ақ көңілді қайласына*

*Ішінен білдірместен бітеу сойды.*

Алтыншы жігіт қарқылдаған дан бас, арсызды абыройлы кісі деп, соған бас иеді, жетінші жігіт желдей ескен есер.

*Көргенін жат адамға сыр қылып айтып,*

*Ішіндегі дертін қозғап бәрін шешер.*

*Баянсыз ұшына бұлт секілденіп,*

*Дүниеден би опасыз күні кетер.*

Сегізінші жігіт сегіз қырлы, бір сырлы, ашық сөзді, жарқын көңілді. Ақ иық бүркіттей төңкеріліп, әр кімнің қылығын танып жүреді. Олардың өзіне лайықты сөз табады. Тоғызыншы жігіт, қоңыр бөрік, жел тұрмай қозғалмайды. Оныншы жігіт - қатын жанды әйелі не айтса соны істейді. Он бірінші жігіт - өсекші, он екінші жігіт - кербез, сал өзінен басқа адамды танығысы келмейді, дүние малды ойына да алмайды.

Ақан серінің осы сияқты фәлсафалық терең оймен айтқан толғау сөздері, өткір сыны, аса білгіштігі кісіні толғандырмай қоймайды.

Бұны жазған кезде Ақан сері елуге келіп шар тарта бастаған, бірақ тұғырынан түспеген, серілік өмірдің сұлу елесі оны әлі де өмірге шақырып, көңілін толқытады, жүрегіне от сәулесін түсіріп, тағы да махаббатқа, жар сүйеге үңілтеді. Қартая бастағанда Ақанның жүрегіне бұл кезде от жаққан Көкшетау төрелерінің үш кара көз сұлулары. Ақан оларға «Үш тоты құс» деп ат қояды. Олардың ішіндегі ең сұлуы, естісі, өзі маңғаз, өзі шешен, айтысқа Ақанмен тең түсетін, әрі ақын,



әрі әнші, ел аузынан түсірмейтін Ақанның ару сұлуы Жамал болады. Бұл жоғарыда айтылған Құлагердің басына тас орнатқан Жүсіп төренің қызы, Шыңғыстың немересі. Ақан серінің қыран көзі ең алдымен осы Жамалға түседі. Жамал 16-да Ақан елу жаста.

Екеуінің жас айырмасы соншалық көп болса да, ғашықтық оты күйдірген соң Ақан шыдап тұра алмайды. Үш тотының ішінен Жамалды «Қалқа бала» деп оның алдында үзіліп, бәйек болады, өртенген жүрегінің назын айтып өлең шығарады.

*Қыздарды мен не қылам қылаң-сылаң,*

*Қалайша ғашық отқа сабыр қылам.*

*Жаңартқан өмірімді қалқа бала*

*Басы жұм, ортасы мұым, аяғы лам (Жамал).*

Жасы келіп қалған кемеңгер ақын, баласындай Жамалға көз салғанын жұрт қауесет ете ме деп, көп ойланады. Жамалды тек ішінен сүйіп, оған арнап өлең шығарумен жүреді. Бірақ жастың үлкендігі қанша тежегенмен, махаббат оты сыртқа шықпай қалмайды. Сезімі тасқындап жүргенде Ақан Жамалға мынадай сұрақ қояды:

*Тау тасты шабыт қылған ақ ықпал,*

*Болмайды сені ойласам ішкенім ас.*

*Жортқан түс секілді жіберейін,*

*Бұл сөздің фальмін біл де, тундігін аш.*

*Ақылына далбай тастап шырғаладым,*

*Шабытқа келе алмасаң қылғаның қас.*

Жамалдан жылы жауап алмаған соң, Ақанның жүрегі өрт болып жанады, махаббат үсті-үстіне өртеле береді. Оның Жамалға ғашық болуы не түрлі толқынды ән, өлең шығаруға бейімдейді, оның көбін Жамалдың өзіне арнап шығарады. Соның бірі атақты «Сырымбет» әні. Сырымбетте туып-өскен Жамалға арналады:

*Ауылың қонған Сырымбет саласына,*

*Ғашық болдым Ақсұңқар баласына -*

дейтіні Жамалды меңзеп айтқаны. Үш тотының қалған екеуі де осы Сырымбетті мекендейтін төрелердің әдемі қыздары, Шоқанның немере қарындастары.

Серіліктің соңында жүрген Ақан әлеуметтік тұрмысқа да жиі ойысып отырған. Көпшілік жиналған жерде Ақан жалғыз әнімен емес, өзінің ойшы, тапқыш, шешендігімен де халыққа қадірлі көрінген. Елдің қандай білгіш адамдары бас қосса алдымен сөзді Ақанға бастатқан, ел жиылып шеше алмаған «шиеленіскен қиын дауды» Ақан аға не айтса соған тұрдық» деген.

1865 жылы Шоқан Алтын-Емелде қайтыс болғанда Ақан сері оған қатты күйезеледі. Көкшетау елі болып әкесі Шыңғысқа естіртуге барғанда, Ақан Шоқанның адамшылық, кемеңгерлік істерін еске түсіріп, мынадай өлең шығарады:

*Дейсіз бе бұл жалғанда өлмеген бар,*

*Тағдырдың құдіретіне көнбеген бар.*

*Айырылып не жақсыдан елі жұрты*

*Жас төгіп, жанын үзіп, етпеген зер.*

*Шыңғыстың сүйер ұлы Шоқан еді,*

*Империя жұрттарын көрген еді.*

*Өнері жұрттан асқан есіл сабаз.*

*Оған да сапар жолда қаза берді.*

Ақан серінің өмірін бұрын жүйрік білген Шоқанның інілері Махмет, Қоқыш, Мақы және Үкілі Ыбырай болған. Қоқышты мен студент кезімде Көкшетауда кездестіріп, мұнда айтылған ойлардың көбін сол кісіден естідім. Кейінірек Құлыш Уәлихановпен Жауардан естідім. Ақан серіні бүгінде жақсы білетін оның жерлестері Әшімғали, Абдулла Айдарбеков, Разия, Қапар Досмағамбетов, Қасым Жандосов. Бұлардың барлығы Ақан сері үлгісінде

тәрбие алған, арабша жақсы білетін, көзі ашық, халық ақындары. Ақан серінің қандай аста, қандай жәрменкеде болғанын бұлар әлі ұмытпаған, оны көрген кісілерден қалғандар осылар. Ақан сері қайтыс болғанда Әшімғали - 27, Разия - 25, Абдулла - 24, Қасым - 16-да болған. Қапекен де (Капаров солармен замандас). Ақан серінің сыртқы келбетінің қандай болғаны бүгінгі жас ұрпаққа білу жұмбақпен бірдей. Өйткені, оның бүгінге дейін сақталып келген не фотосы, не суреті бүтіндей болмаған соң, білу мүмкін емес. Жұрттың айтуынша Ақан сері жас күнінде фотоға талай рет түскен әсіресе Шоканның ауылында оның інілерімен бірге түскенін жұрт есінде берік ұстаған. Бірақ ондай фото сақталды ма оны ешкім білмейді. Тек терең зерттеу сонында біз Ақан серінің бір ғана фотосын таптық. Ол фото 1868 жылы Владимир князьдің қазақ сахарасына келуіне орай түсірілген. Князьдің қашан, қалай келгенін, оны қыр қазақтарының Ертіс жағасында қарсы алып, үлкен той жасағанын, біз жас Абайдың фотосына берген анықтауда сөз еткеніз.



*Саз-серілердің бір тобы. Сурет Ә. Марғұланның архивінен алынды. Суреттегі адамдардың аты-жөні белгісіз.*

Бұл тойда Ақан сері «Певцы и музыканты» деген топта, оңнан солға қарай төртінші болып түскен. Барлығы оншақты ақын жыраулар, әнші-күйшілер, олардың ішінде скрипка тартып отырған Жаяу Мұса, кобыз тартып отырған жыршы кім? Домбыра шертіп отырған әнші Ақан сері, Жаяу Мұса - кобызшы, тағы бір қарт жыршы шәкірт балаларша жүгініп отыр, өзгесі малдас құрып отыр. Жүгініп отыру революциядан бұрынғы ақын-жыраулардың көбіне тән нәрсе. 1825 жылы атақты Сақау ақын Саржанның алдында жүгініп отырып «Арқаның сары белі» деген жырды төгілтеді. Жанақ ақын Құнанбайдың алдында жүгініп отырып «Қозы Көрпеш» жырын кобызға қосып екі күндей жырлайды. Болат Петерборға барғанда сарай ұлықтарының алдында жүгініп отырып «Қозы-Көрпеш» жырын бір-екі күн жырлайды («Русский инвалид»). Шокан Петербордан елге келгенде, Орынбай ақын оның алдында жүгініп отырып, елге келгенін қошемет етіп жыр шығарады.

Жүгіну - ту баста бас июдің түрін көрсетсе, бергі кезде ол өзінің тарихи мәнін сақтаумен қатар, сыпайылықтың, әдеби ептіліктің, кіші пейіл мінездің түрінде айналады. Бұл түрді көбірек қолданған халықтың сезгіш тобы ақын-жыраулар.

Ақан серінің әндерін, жазу мұраларын біздің заманға дейін айтып келген атақты әншілер Жарылғанберді, Жаяу-Мұса, Иман-Жүсіп, Үкілі Ыбырай, Мәшһүр Жүсіп, Естай, Ғазиз әнші, Қали Байжанов, Мұхтар Жылқайдаров, Жүсіпбек Елебеков, тағы басқалар.



*Жаяу Мұса*

Жаяу Мұса бір кезде қыр-сахараны әнімен күңіреткен атақты әнші-серілердің бірі. Және ол тек қана әнші, сері болып қалмаған. Дүниені жақсы танып, өзі жасаған заманына терең сын көзімен қарап еркіндікті, әділетті көкसेп өткен кісі. Бұрын әділеттің ұшқыны жоқ зұлымдық белең алған заманда, Жаяу Мұса жауыздықпен жалғыз жүріп алысып, бар өмірін халық мүддесін жоқтау жолында сарып еткен, белгілі қоғам қайраткері. Жаяу Мұсаның бұл азаматтық, адамшылық, ерлік істерін әдемі ашық суреттейтін мәліметтер тіпті аз емес. Оны өзінің қолымен жазған айлық дәптерлері, халық жыры, архивте сақталып келген байтақ жазулар толық сипаттап бере алады.

*Бұл Жаяу өнерімен дүние кезген*

*Алдағы болашақтың бәрін сезген.*

*Қан ауыз қабандарға қарсы тұрып*

*Өсірмей бұл сорлыны таптап езген, - дейді*

халық жыры.

Жаяу Мұса туралы бұл күнде көптеген мақалалар, ұсақ кітаптар жарыққа шықты. Бірақ олардың көбі тарихи деректерге негізделмей, бір ғана жүйрік ойдың жемісі ретінде, жорамалмен жазылған. Сондықтан ол жазулардан Жаяу Мұсаның көп жылғы өмірінің нақтылы шындығын табу өте қиын. Оның орнына оқыған сайын олардан көптеген кемшіліктер, ойсырап тұрған қателерді көресің. Соның бірі Жаяу Мұсаны оның әні ана сүтінен шықпаған кезіндегі оқиғаларымен байланыстыру, сол үшін Мұсаны он екі жылға Тобыл қаласына айдауға жіберді-деп жорамал жасау. Бірақ бұл асығыс айтылған ойлар негізін архив деректерімен ешуақытта дәлелдеп болмайды. Бір жақсы жері бұл болмаған нәрсеге күдіктене қарап, оны тарихи деректермен түзетуді өзіне міндет етіп қойған зерттеушілер де шыға бастады.



Жаяу Мұсаның өмірін тарихи деректермен анықтауды қолға алушы соңғы кезде Б.Г. Ерзакович пен жас ғалым З. Қоспақов. Музыка тарихын зерттеуші марқұм Ахмет Жұбанов та осы әдіске ойысып келген еді. Б.Г. Ерзакович пен З. Қоспақов соңғы жылдары бірталай жаңа мәліметтерді жарыққа шығарса да, оларға әлі де болса көп уақыт көз жанарын шаршатып, архив бетіне төну керек болады. Өйткені Жаяу Мұса ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында қатты шу көтерген кісінің бірі екенін ұмытпау керек. Сондықтан оны білмеген кісі аз болған. Оны халық бұқарасы да, патша ұлықтары да, ғалымдарда жақсы білген. Жаяу Мұсаны аса жүйрік білген әсіресе Акмола мен Семей облысының губернаторлары Полторацкий, Проценко, тексеру полиция орындары. Жаяу Мұсаға олардың сенімсіз көзбен қарауы сонша оның басқан ізі қағаз бетіне түспей қалмаған. Патша ұлықтарымен, оның ішінде оязбен, жергілікті әкімшілік орындарымен аянбай күрескен Жаяу Мұса олар туралы жоғарғы орындарда халық атынан шағым-арыздарды да аз жазбаған. Ондай арыздардың көбінде дала уалаяты басқарған генерал-губернаторлар Казнаковтың, Колпаковскийдің, Таубенің шешімдері, бұрыштама жазулары кездесіп отырады. Колпоковскийдің шешімінде: «Мұса Байжановтың ісіне селсоқ карамау керек. Тексеру жүргізу керек» - дейді.

Демек, Жаяу Мұсаның өмірін ашық, әдемі сипаттайтын жазба деректер өте көп. Бірақ өкінішті жері терең зерттеушілер жеткіліксіз болғандықтан, ол деректер бүгінге дейін жарық көрмей мыңдаған архивтің ішінде көмулі жатқанын көреміз. Ондай жазба деректер екі саладан құралады: бірінші көптеген архив документтері. Бұл сегіз жұмыста кездеседі, оның екеуі Омбы архивінде болса, қалған алтауы Қазақстан

архивінде сақталып келеді. Екінші салаға кіретіндер Жаяу Мұсаның өз жазулары, оның естелік дәптерлері. Жаяу Мұса көзі ашық, оқыған кісі болғандықтан естелік дәптерін 1879 жылдан бастап 1925 жылдарға дейін жазып отырған. Мұндай дәптерлер онда бесеу болған. Олардың ішіндегі ең тамашасы 1879 жылы жазылған бірінші дәптері. Мұнда ол өзінің 1850-1880 жылдар арасындағы өткен өмірін жақсы айтып берген. Бұл дәптер кәзір Қазан университетінің қолжазбалар бөлімінде сақталып тұр (№1288). Оған кіретін өзге жазулар:

Бірінші дәптері: 1) Баласы «Бөрібай»; 2) Дүниенің жаратылған оқиғасы; 3) Олжабай (поэма); 4) Қонтажы әңгімесі (Ақтабан-шұбырынды кезі); 5) Қолбасылар хикаясы (Олжабай, Едіге би); 6) Қазақ өлейеті Арқада жиналып хан сайлағаны (Абылай әңгімесі). Екінші дәптерінде Семей облыстың санақ басқармасының хатшысы Н.Я. Коншиннің сұрауы бойынша жазылған (1901) алты нәрсе бар: 1) Секретарға өлен; 2) Баянауылда болған жиналыста айтылған «Нақыл сөз»; 3) Данышпан Қазы (Мың бір түннен); 4) Байжановқа қазақтың көрсеткен сыйлары; 5) Жұлдыз (жыл мезгілі); 6) Мұсаның әйелі Сапардың моласында айтқаны. Мұнда «Данышпан Қазымен «Жұлдыз» болмаса өзгесі Мұсаның өз өмірімен тығыз байланысты әңгімелер. «Қазақ сыйы» деген өлеңінде Мұса өзі туралы былай деген:

*Қыс күні бүркіт салам елде жүріп  
Қатын өліп ішімде арманым көп  
Үйде отырып әнмен өлең айтам  
Қапаға біразырақ болады сеп*

*Өз қыстауым Ақшоқы, елім Даяба  
Әнші, өлеңші тағы бар менен басқа  
Ән домбыра кемшілік-деп мен естимін  
Бар дейді жазу өлең Ыбырайда. (Абай)*

Үшінші дәптері 1905-1910 жылдары жазылған. Бұл ең жақсы дәптері еді. Жаяу Мұсаның ең жақсы өлеңдері осы дәптерде болатын. Ол дәптерді әншінің немере баласы Ағынтай Мұстафин маған сыйға тартқан еді. Бірақ өкінішті жері мен Ленинградта ауырып жатқанымда ол дәптер жоғалып кетті.

Төртінші дәптері 1911-1918 жылдары жазылған. Ол «халық композиторы Жаяу Мұсаның күнделік дәптері» деген атпен Орталық ғылыми кітапханасында, қолжазбалар бөлімінде №1420.

Бесінші дәптері 1918-1925 жылдары арасында жазылған. мазмұны совет дәуіріндегі жойқын өзгерісті, балалардың тобымен оқу соңына түскенін көрсетуге арналған. Бұл дәптерді Жаяу Мұсаның баласы Салық Қазақстанның сол кездегі Мәдениет министрі Темір Жүргеновқа әкеп тапсырған. Бірақ ол дәптердің кейінгі тағдыры не болғаны мәлім емес.

Бұл екі байтақ саладан басқа атақты әнші Жаяу Мұсаның бейнесі онымен бірге жасасқан замандастарының есінде де әдемі, ашық сақталған. Жаяу Мұсаның өмірін терең түсініп, оның шығарған әндерін, өлең-жырларын тапжылтпай төндіре айтатын әсіресе оның немере баласы Бошанай Мұстафин еді. Менің студент кезімде Бошанай інісі Ағынтай мен бірге Павлодар қаласында тұратын. Мен Ленинградтан елге қайтып қырға шыққанда кей жылдары Бошанай

жазды менімен бірге өткізіп үйіне күзге қарсы қайтып жүрді. Ертіс пен Шідерті өзеннің арасы 4-5 күндік жер. Осы ұзақ жолдың бойын Бошанай арба үстінде отырып, бірғана Жаяу Мұсаның басынан кешірген оқиғасымен оның әндерін айтумен өткізетін. Жаяу Мұса туралы Бошанайдың білгендерін қазір ол сияқты ешкім білмейді. Жаяу Мұсаның дәптеріне кірген, кірмеген өлеңдерді ол толығынан жатқа айтатын, және Жаяу Мұсаның өзі сияқты жоғары сезім толқынымен еліте, әнімен айтатын. Бошанай айтатын Жаяу Мұса өлеңдерінің әлеуметтік тұрғысынан ең толқындылары «Жүкеңе», «Айман ұлы Аппасқа», «Бәшерденге», «Арап қашқынға» деген өлеңдері де бұлардың бәріне тән нәрсе шырқап салған әннің ойнақы ырғақтарымен құйылып отыруы, оның адамды еріксіз өзіне тартуы оның күшті драматизімі болатын. Мәселен

*Айман ұлы бұл Аббас  
Қылығың сенің еш жақпас  
Құсайынмен ұстасып  
Қорғалауға жер таппас.*

Мұны Жаяу Мұса Аббастың жалағай мінезін көрсету үшін қан майдан халық жиналысында төпеп айтатын. Құйылма ырғақпен шырқай берген соң, бұл ән көпшіліктің жүрегінде мәңгі ұйып қалады. Бала күнінен бұл әнге үйренген Бошанай мұны әкесінен кем айтпайтын. Өлеңнің мазмұны – Аббас Айманов алғашқыда Мұсаға еріп Құсайынның соңына түссе де кейін мықты болыстық тегеуірініне шыдай алмай тайқи берген. Аббастың бұл собалақ мінезіне жаны күйген Жаяу Мұса топ алдында әшкерелеп, әнге түсіреді.

Жаяу Мұса есінде берік ұстаған әрине өзінің баласы Салық, немере балалары Мәлік, Ағынтай -

бұл екеуі де орта білімі бар оқыған кісілер, келіндері Тоғжан, Жанкүміс. Бұлардың ішінде жүргендері тек ғана Ағынтай мен Жанкүміс. Жаяу Мұсамен көп заман бірге жасасып, оның шалқыған әнін басынан кешірген ерлік оқиғаларын жанын сала тыңдаған кісілер Баян төңірегінде аз болмаған. Олардың ішінде Мұсаның өмірін аса жүйрік біліп, оның өнерін, істеген ісін мақтаныш етіп, жиналған топ алдында шалқытып айтып отыратын дана қарияларда аз емес еді. Мұсаны жақсы білген, ондай қариялардың менің есімде қалғандары Байдалының Мұстафасы, Арыстанбайдың Иманбегі, Жиен Құсайын, Жәпектің Сүлеймен, Айдарбектің Ысмағы, Ертісбайдың Адхамы, тағы басқалар. Бір кезде мен бұлардың көбімен ой бөлісіп, бала күнімде көп көргем Жаяу Мұсаны есейген ойдың елегінен өткізуді мақсат ететінмін сөйтіп жазба деректермен қатар Жаяу Мұсаның өмірін жарқын сипаттайтын деректердің үшінші саласы халықтың естелігі. Бірақ мұны пайдалану үшін терең сын көзі керек. Өйткені Мұсаны білем деушілер өте көп, олардың білгендері шындыққа орай келе ме жоқ па оны айырып білу зерттеушінің міндеті.

Осы үш қайнар көзге сүйене отырып, халық композиторы Жаяу Мұсаның өмірін ашық түрде сипаттауға болады. Келтірген деректер бойынша Жаяу Мұсаның өмірі сегіз кезенге бөлінеді.

- 1) Балалық-боздақ шағы (1835-1852 жж.);
- 2) Қызылжар мен Омбыда оқыған кезі (1854-1862 жж.);
- 3) Әскери жорыққа қатынасқан кезі (1862-1965 жж.);
- 4) Ел ішінде ел билеуші болған кезі (1865-1875 жж.);

5) Қашқын болып жүрген кезі (1875-1880 жж.);

6) Заң жолы мен халық мүддесін жоқтаған кезі (1880-1900 жж.);

7) Қауым жұмысынан торығып, бір ғана серілікке, аңшылыққа берілген кезі (1900-1918 жж.);

8) Совет дәуірі кезіндегі соңғы өмірі. Жаңадан тіршілікке ой бөлу, осы кездегі күнделік дәптері (1917-1929 жж.).

Біз енді Жаяу Мұса өмірінің осы айтқан кезеңіне тоқталып, оны тарихи деректермен анықтап көрейік. Жаяу Мұса Шоқанмен құрдас, 1835 жылы туған. Оның балалық шағы Шідерті өзенінің бойында, Қабанбай шаты деген жерде өтеді. Бұл жер кейінгі заманға дейін «Орман ауылының ескі қыстауы» болып саналатын. Бірақ Жаяу Мұса Құсайын болыспен тартысып жүргенде оның қол астында болғысы келмей, ескі қыстауларын жамағайын Иманбекке беріп, өздері Далбаға көшіп келеді.

Мұсаның арғы атасы Орман ол кездегі бай кісінің бірі болған. Сондықтан олар «бай ауылы» деп аталған. Олардың қысты күні боранда жылқы қамайтын үлкен табын қоршауының іргесі әлі күнге дейін көрініп жатады. Бірақ, Орманның немересі Байжан мал бақпай, салдық құрып кеткен соң XIX ғасырдың екінші жартысында бұрынғы байлық бірте-бірте жойыла бастайды. Оны құртуға себеп болған Байжанның өзі. Ол кісі малға қарамағаны былай тұрсын, жыл сайын топтаған жылқыны жібек сатып алуға жұмсап, малын басқа далаға шашып отырған. Байжаның ата мұрасын бұлай шашуы Мамин-Сибиряқтың «Ақбозат» әңгімесінде жазған сюжетпен бірдей. Әкесінің бұл қылығына наразы болған, Жаяу Мұса дәптерінде былай деген:



*Білсеңіз Малқозы ұлы Толыбай  
Немере Жанқозыдан би Төлебай.  
Өлтірген қарақалпақ Толыбайды  
Қалыпты төрт баласы шулай-шулай.  
Орман мен Олжабайдан туды төбет  
Бір құдай аямақ-ақ берген дәулет.  
Кеңес қылар үй екен бейілі кең  
Атанған жиылыста «құтты суат».  
Төбеттің үлкен ұлы болды Байжан  
Дәулетін қылды атаның бұлан-талан.  
Не мұра жақсы атадан қалмаған соң  
Ылаж жоқ барлығынан босқа айрылған.*

Өзінің жүріс-тұрысын жібекпен жарқыратып көрсету ол кездегі салдардың дағдылы ісі болған. Сондықтан денесін жібекпен тазартып, атын жібекпен арқандап қою оларға ерісі болып көрінбеген. Байжанның малға қыңырлығы кейін оның кейбір балаларына да ауысады.

Әкесі тәрізді оларда байлықтаң көрі ерлікті, серілікті анағұрлым жоғары ұстаған.

Мұсаның анасы Нақыш сол кездегі атақты кісінің бірі қанжығалы Сасық бидің немересі. Кейін Жаяу Мұса Құсайынмен ұстасып жүргенде осы мықты ел нағашыларынан күш алып, солардың қолдауымен Құсайынды ақсатпақшы болады. Қанжығалы елі бұрын Құсайынға қарайтын Ақбеттеу баласының құрамында болатын. Жаяу Мұсаның үгіттеуімен олар Ақбет ауданы бөлініп енді Шақша баласына айналады. Жаяу Мұсаның өзі де қашқын болып жүргенде осы елді паналап, інісі Мұстафаны осы елдің бір белгілі адамының қызы Тоғжанға үйлендіреді.

Жалпы айтқанда, Жаяу Мұсаның інілерінің алған әйелдері тегісімен сұлу, қолынан майы тамған іскер, кіршіксіз күмістей жарқыраған жайдары адамдар болатын. Олардың бәрі де болған адамдардың қызы, және бір тамаша жері олардың көбін қалың малсыз алған. Ең ақыры Жаяудың ынжықтау інісі Қали Байжановтың алғанының өзі генерал-губернатордың тілмаші болған Әбіш Нұржановтың қарындасы, яки ақын Самат Нұржановтың апасы болатын. Қалыңсыз сұлу әйел алуды Жаяу Мұса 1864 Әулиеата қаласынан бастады. Осы жылы Әулие атаның Қорған бегі Мырзалының Айтжан деген қызын өзімен бірге қырға алып кетіп, Төбеттің кенже ұлы Шоқыбайға апарып береді.

*Қорған бегі Әулиеата Мырзалыбек  
Қызын алдым Айтжан атты мал бермей тек  
Алып кеп кіші ағамыз Шоқыбайға  
Жұбай қып оған бердім болған соң еп*

Шоқыбай мен Айтжаннан туған Қоянкөз ең сұлу әйелдің бірі еді. Бойы сұңғақ, көзі бөкеннің көзіндей төңкерілген, әдемі сопақ бетті ақсұр еді. Алпыстан асқанша ақ жаулығына кіршік жолатпай, жас жігітке көзін тастап, көп заманын серілікпен өткізген. Осы заманның отызыншы жылдарына дейін Қоякөз жақсы өмірін қырда өткізіп, одан кейін Павлодар қаласына келіп, тұрады. Қоянкөзді естіген қазақ серілерінің оны көруге құмар болғаны кемде-кем болу керек. Оқыған азамат, әнші, серілердің Қоянкөздің үйіне жиналып думан құрмайтын күндері болмайтын. Қоянкөзді ақын «М»-де аз уақыт қызықтаған. Міне, Жаяу Мұсаның туыстары, оның төңірегі қандай болғанын осылардан көруге болады. Әншіміз туыстарын ашық көрсететін әрине оның ата шежіресі. Ол мына түрде суреттеледі.

# Орман



Жаяу Мұсадан бұрын Орман балаларының ішінде әлеуметтік іске қатынасқандары Көкше мен Тайжан. Бұл екеуі де жақсы оқыған, көзі ашық адамдар болған. Тайжан XIX ғасырдың орта кезіндегі белгілі би. Оның билік құрған елі Тайкелтір, Қожакелді, Жиен-Төлен. Сол кездегі ресми қағаздарға ол кісі «Би Тайжан Төбетұлы» деп қол қойып отырған.<sup>12</sup> Көкше Шымырұлы және оның баласы Бибас орысша жақсы оқыған кісілер. 1850 жылдары Қызылжарда таможенный ашылғанда пысық кісі Көкшені сонда тілмаш етіп жіберді. Көкшенің Қызылжарда болғаны кейін Жаяу Мұса үшін үлкен тірек болды.<sup>13</sup> Одан бұрын Көкше қырдағы ел билеушілер қатарында істеген.<sup>14</sup> Осындай туыстары болған Жаяу Мұса қандай қиындықты басынан кешірсе де далада қалмаған. 1842-1852 жылдар арасында ол ауылдағы мектепте оқып, арабша хатты толығынан біліп, өз ойын қағаз бетіне түсіруге жеткен. Мұсаның араб жазуын білуіне көп еңбек сіңірген әсіресе оның ағасы Тайжан «молда». Мұса үш жасқа келгенде анасы Нақыш қайтыс болып, өгей шешенің қолына қарайды. Бірақ ағасы Тайжан оны бәйбішесі Сәтбала екеуі кішкене Мұсаны жетімсіретпей, өз қолдарына алып, тәрбиелейді. 16 жасқа келген Мұса ауыл мектебінен бірталай білім алып, дүниеге ашық көзбен қарай бастайды. Жас тоқалмен елігіп кеткен сал әкеден онша қызық көре алмай, Есіл-дерті Қызылжарда жатқан туысқаны Көкшенің үйіне қарап, елегізе береді. Ағасы Тайжан да «сонда барып оқып өнер үйреніп» қайтуға ақыл береді. Осылай елегізіп жүргенде, Жаяу Мұсаның еліне Аягөзден Қызылжарға бет алып бара жатқан сауда керуені кездеседі. Жаяу Мұса ешкімге айтпай осы керуенмен ілесіп Қызылжарға тартып кетеді. Бұл оқиға 1879 жылғы Қазан дәптерінде тап осылай жазылған

(Үйінен өнер іздеп кетті қашып). Жаяу Мұсаның Қызылжарға қай жылы барғанын ашып айту қиын. Бірақ 1854 жылдан кейін емес, бір екі жыл бұрын болу мүмкін. Өзінің айтуынша 17-18 жастарында барған. Он жылға таяу осы Қызылжарда Көкшенің үйінде жатып орысша оқыды. Таможный мектебінде ме болмаса басқа мектепте оқыды ма ол арасы әлі белгісіз. Оны анықтау үшін әлі көп архивтің бетін ақтару керек. Қазына мектебі болмай жеке меншік мектепті оқыса оны білу өте қиын. Бірақ орысша оқуы анық. 1924 жылы Жаяу Мұсамен кездескенде «Қызылжарда Көкшенің үйінде жатып орысша оқыдым»-деп, өзі айтып отыратын. Жаяу Мұсаның Қызылжарда орысша оқығанын қырдан барған кісілерге, Көкшенің өзінде кейінірек әңгімелеп отыратын болған. Баянауладан Қызылжарға барған кісілердің Көкшенің үйіне соқпайтын болмаған. Әсіресе Қызылжарға айдалған кісілер Көкшемен оның баласы Бибасты қалайда тауып олардан қалай босанудың ақылын сұрайтын болған. Ондай айдауда болған Ораз Шәуке Төкеннің баласы. Ораздың айтуы бойынша Бибас зарыққан кісілердің атынан орысша арыз жазып олардың ісінің жеңілуіне үлкен көмек көрсететін болған. Баянауладан барған Ораздан Бибас Жаяу Мұсаның жайын көп сұрап отырады. Жаяу Мұсаның Қызылжарда орысша оқығанын айтып отырады. Жаяу Мұсаның Қызылжарда орысша оқығаны оның орысша сөйлеуінен, әдемі сауатты жазуынан көрініп тұрады. 1924 жылы мен оның үйінде болғанымда 90-нан асқан әдемі карт: «без пропуска не допущу» - деп есігін жауып, қалжындап біраз тұрып, содан кейін көзінің жасын мөлдіретіп, құшағын жайып ніскей бастады. Менің келгенімді оған жүгіріп барып хабарлаған келіні Жанкүміс еді. Жаяу Мұсаның орысша жазып

жақсы сөйлейтіні дала өлейетін билеген ұлықтардың бәріне белгілі болған. Жазған арыздарының кейбірінде «өзім хат білмегендіктен басқа кісіге қол қойдырдым» дегенге патша ұлықтары нанбаған. Оған қысқа екі мысал келтіруге болады. «Муса Байжанов умеет писать не только по-киргизски, но и по-русски».<sup>15</sup> В деле пять прошений, написанных лично Мусой Байжановым по-русски, первое и третье прошения подписаны, якобы за его неграмотностью, другим человеком. Но он был известен властям как грамотный человек и его почерк был узнан чиновниками канцелярии губернатора» (тағы сонда).

Демек, бұл айтылған орысша білімді Жаяу Мұса бір ғана Қызылжар қаласында алып, кейін Омбыда болған кезінде оны толықтыра түседі. Бірақ Қызылжардан Омбыға қай жылы келгенін кесіп айту қиынырақ. Ол туралы ешбір документ жоқ. Дегенмен, шамалап айтқанда Жаяу Мұса Омбыға елуінші жылдардың соны мен алпысыншы жылдардың бас кезінде келуі күдіксіз. Оның Омбыға келуі де туысканы Көкшенің ақылымен оның жәрдемісіз болмауға тиісті. Өйткені Көкшенің Омбымен байланысы аз болмаған. Омбыда қызмет істейтін таможныйдың кісілері, казак офицерлері, оқушылар Қызылжарға келгенде оның үйінде болмай кетпеген. Көкшенің сондай байланысы болған кісінің бірі Сұлтанғазы Уәлиханов. Тегінде Көкше інісі Жаяу Мұсаны осы Сұлтанғазыға жібергені байқалады. Жаяу Мұсаның өзінің айтуынша Омбыға келісімен ол осы Сұлтанғазыны тауып, оның үйінде жатып, шүйіркелесіп дос болып кетеді. Осы жақындасудың нәтижесінде кейін ол Сұлтанғазыға еріп Польшаға барды. Онымен бірге Черняев экспедициясына қатынасады. Польшаға барудың себебі сол кездегі болған үлкен саяси



оқиға поляктардың 1863-1864 жылғы шаруалардың көтерілісімен байланысты болған. Патша үкіметі халқаралық қауым пікірін ушықтырмау мақсатымен бұл көтерілісті сапта тұрған негізгі әскермен жаншымай, оның бұратана халықтардан құрастырған жеңіл қосындармен баспақшы болады. Осы ретте Тобол қаласында, Орынборда, Уфада, Қазанда «өз тілегімен» барушылардан қосын түзеп, оларды басқаруға жас офицер Сұлтанқазы Уәлихановты тағайындайды. Қосынның негізі Тобол қаласында ұйымдасқан. Оны ұйымдастыруға Сұлтанқызы Тоболға аттанғанда Жаяу Мұса онымен бірге барып Польшаға жіберетін әскердің қатарына қосылады. Халықаралық саясатта поляк көтерілісін басушы Азия елі деп көрсету үшін әскердің идея басшылығына қазақ халқының уәкілдері ретінде бірнеше аға сұлтандар, билер шақырған, олардың ішінде Ақмоланың аға сұлтаны Ыбырай Жайқыбаев, Көкшенің сұлтаны Гапар Манадаев, Баянауладан Секербай Малгелдин, Қызылжардан штабс-капитан Ахатов. Поляк көтерілісін басуда бұлар ерекше белсенділік көрсеткен соң, патша үкіметі бұлардың бәріне қымбат сый тартады. Өздеріне жоғарғы шен береді.<sup>16</sup> «За отличие в подавлении польских мятежников производятся в следующие чины Ибрагим Жайыкбаев, Секербай Малгелдин, Гапар Манадаев (Тактамышев), штабс-капитан Ахатов». Бұл кезде Шокан Омбыда болатын. Бірақ бұл пасық іске ол әрине қатынаспаған. Патша үкіметінің бір елді бір елге жендет етіп салатынын бұрыннан жақсы білетін Шокан бұған жирене қараған.

Оның үстіне Поляк революционерлерінің қазақ бұқарасының мүддесі туралы ашық жазатынына ерекше мән беретін. Сондықтан оның аты оқиғамен байланысты ешбір деректе кездеспейді. Патша үкіметінің поляк

көтерілісін басуға қазақтарды шақыруының екінші бір саясаты поляк жазушыларының көзіне бұл елді құбыжық етіп көрсетіп, олардың бұл елге деген махаббатын суыту еді.

Сөйтіп ұлт қосынын басқарушы Сұлтанғазы бір топ әскермен Литваға барып Вильно қаласын салық етіп, көтеріліс шығарушыларға осы арадан қимыл жасайды. Бұл әскерімен бірге жүрген Жаяу Мұса әскердің қай жерде болғанын, қай қалада тоқтағанын күнделік дәптеріне жазып отырады. Бір көңіл қоятын нәрсе Жаяу Мұса қара сөзбен жазбай барлық дәптерлерін өлеңмен жазған. Өзі туралы жазғанында ол былай дейді:

*Мекен жай оның жүрген Омбы болды  
Тоболды тауық жылы барып көрді  
Орынбор арқылы Қазанда бір ай жатып  
От арба Нижний де міне енді  
Мәскеуді, Владимир басып өтті  
Петербор апрельде барып жетті  
Стамбұлдың патшасы Мамедәлі  
Таныс боп Петерборда қылған кетті  
Ол жерде көп адамның көзін көрген  
Петерборда не барын, бәрін білген  
Әртураі мемлекетті көремін деп  
Құданың құдыретімен жасап кезген  
Вильно, Варшава, Литва, Поляктардың  
Соғысын гвардиямен жүріп көрген.*

Жаяу Мұсаның бұл жазулары ол туралы жазылған бұрынғы ойлардан бүтіндей басқа. Әншіні зерттеушілер әдетте оны Тоболға қаторғаға айдатып кейін оны әскерлік міндетпен (солдация) өзгертті деп нандырады. Жаяудың өмірі, өз жазулары бұған бүтіндей қиғаш жатыр. Оның үстіне Жаяуды қаторғаға айдалғаны туралы архивте ешбір дерек жоқ. Егер Мұсаны Тобол

каласына жер аударса ол туралы Алматы мен Тобол архивтері мәліметке сыңсып тұрған болар еді. Сібірге айдалған Торайғыр, Ғұбайдұлға туралы мәліметтер том-томымен сақталып тұрған жоқ па?

Жаяу Мұсаның өз жазуы бойынша әскери жұмысқа ол еш уақытта зорлаумен бармаған. Ол өзінің тілегі бойына әрбір мемлекетті көріп, қызық көру үшін, және өзінің андасы әскер бастығы Сұлтанғазы Уәлихановтың шақыруымен барған. Оның үстіне әскерде жүргенде жазалы кісілердей еріксіз болмаған. Қай жерде жүрсе де ол өз еркімен жүріп көп нәрсені білуді өзіне мақсат еткен. Әскер Қазанда бір ай тұрғанда Жаяу Мұса Қазан қаласын емін-еркін аралап Қазан қыздарымен танысып олар туралы әдемі ән шығарады. Татар музыкасына ерекше ой бөледі. Ойынан көп заман кетпейтін естеліктер сақтайды. Мәскеу, Петербор, Литваға барғанда да осыны істейді. Литва қыздарының билеу тактикасына қосылып секірме ырғақпен келетін әндер шығарады. Міне мұның барлығы 1875 жылға дейін Жаяу Мұсаның жастық дәурені ешбір қыспақсыз еркін өз тілегінше болғанын көрсетеді.

Поляк жерінен әскер кайтқанда Жаяу Мұса әскери міндетпен Тобол қаласында қалып қоймаған. Одан келісімін Сұлтанғазы, Жаяу Мұса да Омбыда ұйымдасып жатқан Черняев әскеріне қосылады. Бұл әскердің құрамында да өз тілегімен жиналған қазақ милициясы болады. 1863 жылдың қараша айында бұл әскер Семейден өтіп қысты Алматыда өткізеді. Жаз шыға жорыққа аттанып Пішпек, Тоқмақ қалаларын жаңадан басады. Содан кейін Черняев әскері бірнеше уақыт Меркені салық етіп май айының соңында Әулиеатаны алуға шығады. Міне бұл оқиға қысқа түрде болса да Мұсаның дәптерінде ашық көрсетілген.

*Қыс қыстап майда бардық Әулиеата  
Надандық қылықтардың бәрі қате  
Халқы әулие ата қараған соң  
Шымкентті көп талады бек шұлата.*

Бұдан кейін офицерлердің көбі Черняевтің келешек соғысына қатынаспай осы арадан кейін қайтады. Шоқан мен оның інісі Сұлтанғазы М. Знаменскиймен бірігіп Алматыға келеді. Солармен бірге Жаяу Мұса да еліне қайтып, содан кейін әскер жорыққа қатынаспайды. Баянауладағы туған жеріне барып азаматтық борышын атқару ісіне кіріседі.

*Жылында 64-ші қайттым бері  
Сонан соң Қаржас еліне болдым телі  
Ел аман Қаржас пенен дұшпан екен  
Қараған Шормановқа әммалары.*

Жаяу Мұса жас шағының көбін қалада, жорық үстінде, қызық көру мен өткізіп, еліне қайтып келген соң, неше түрлі қиын кезеңдерге жолығып, өз басының трагедиясы енді осыдан былай басталады.

Жаяу Мұса еліне 10-12 жылдар өткен соң, көп жаңалық, көп біліммен қайтады. Қалада, әскери жорықта жүргенде ол көп ғажайып нәрселерді көреді. Черняев экспедициясына қатынасқанда Шоканның, тағы өзге прогресшіл офицерлердің өз заманын сынап айтқан еркін сөздерін тыңдайды. Оның тағы тамаша жері, бұл кез Россияда революцияда толқыны ақ көбік шашып, қара шаруалар үшін реформа жүргізіліп жатқан кезі еді. Жаяу Мұса Қазанда, Нижнийде, Мәскеуде, Петерборда, Варшавада болғанда оны өз көзімен көреді. Осындай болашақтағы жаңа заманның күшті лебін өз көзімен көріп кайтқан Жаяу Мұса, еліне келген соң бір ғана әділетсіздікті зұлымдықты, алдауды, күш жұмсауды көреді, оған оның жаны күйіп, от болып жаңады.

Шоканның, М. Знаменскийдің зұлымдыққа қарсы айтқан сөздері оның көз алдынан еш уақыт кетпейді. Сондықтан бұл әділетсіздік пен жалғыз жүріп күресуді ол өзіне міндет етіп қояды. Жаяу Мұсаның бұл өмірін әдемі суреттейтін енді жалғыз ғана оның дәптерлері емес, толып жатқан архив деректері, патша үкіметінің орындарына жазған оның көп хаттары, арыздары. 1875-1900 жылдар арасында Жаяу Мұса жылына кемінен бір арыз жазып, ояз бен болыстардың сойқанды істерін, ел тонағыштығын көрсетіп, соның салдарынан халықтың азғындап, кедей бола бастағанын сипаттайды. Егер бұл мәліметтер бүгінге дейін сақталып келмесе, Жаяу Мұсаның басынан кешірген азаматтық борышын, оның жарқын өмірін, жеткізе айту қиынға соққан болар еді. Бір бақытты жері мәселе олай емес, Жаяу Мұса туралы архив мәліметтері орасан көп. Біз енді сол мәліметтердің көрсетуі бойынша оның өмірін, ерлік істерін шолып көрейік. Жаяу Мұса еліне қайтқан кезі патша үкіметінің қазақ даласында жаңа саясат («жаңа заң») жүргізіп жатқан кезіне орай болатын. Бұл кез патша үкіметіне қарсылық көрсеткен күштердің көбін жойып, Оңтүстік Қазақстанды Ресейге қосып жатқан кез болатын. Оны қосуға Жаяу Мұсаның өзі де қатынасады. Бірақ әскердің бет алысына сын көзімен қарап, өз еркімен қосылып жатқан елге күш көрсетіп кетеді. Бұл пікір жалғыз Мұсаның пікірі емес, ол жорыққа қатынасқан озық офицерлердің көбінің пікірі болатын. Аз уақыттың ішінде алыста жатқан А.Н. Герценге жетіп, ол кісі де бұған аса түңіле қараған.<sup>17</sup>

Жаяу Мұса еліне келген соң жергілікті әкімшілік орындарының көзіне тез түседі. Оған үңіле қараған әсіресе ояз басқарушылары. Олар Жаяу Мұсаға екі түрлі көзбен қарайды. Бұл өзі көзі ашық не қылған кісі?

Екінші ондай пысық, орысша білетін кісіні жергілікті орындарға пайдаланып болмас па? – деп. Бұл кез ояз бен болыстардың жанадан құрылып оларды барлық империяға бір тәртіпке түсіріп жатқан кез. Сондықтан, жергілікті әкімдерге де орыс тілін, әдетін білетін кісілер жерден тапқан алтын мен бірдей болып көрінеді. Осы тұрғыдан қарап, болысты басқаруға орысша жақсы білетін сенімді кісілерді кейде қаладан жіберіп отырады. Ондай кісілер әдетте ояз бен губернаторлардың ығын табатын, олардың айтқанын бұлжытпай орындайтын, олардың көмегіне ақша мен дүниені құйып отыратын, паракор, жебір болып келеді. Жаяу Мұсаны да алғашқыда осындай болса – деп Айдабол-Қаржас еліне ауыл басқару ісіне қояды.<sup>18</sup> Бірақ Жаяу Мұса олардай болып шықпайды, жергілікті орындарда істеп жүріп ол жоғарыда айтқандай толып жатқан әділетсіздік, озбырлықты көрген соң, әкімшілік ісіне жирене қарайды, болыстарды әшекерелей бастайды. Баянаула төңірегіндегі әділетсіз зұлымдықтың түбі үш кісі де деп біледі. Олар Нұрым Теміров, Құсайын Боштаев, Мұстафа Шорманов. Бұлардың ішінде Нұрым Теміров Түменнің саудагері, генерал Полтарацкийдің ерекше сенген адамының бірі. Нұрым Полтарацкий кезінде Семейге келіп орналасады. Қазақ ортасындағы оның данқты аты «сарт Нұрым». «Жаңа заң» жүргізетін кезде Полтарацкий ең сенімді кісі деп Нұрымды Баянаула дуанын басқаруға жібереді. Мұнда келген соң Нұрымның істеген ісі Омбы мен Семейдің ұлықтарына ақшаны ағылтып жинау кімде жақсы нәрсе болса, оны зорлықпен, қорқытумен, күштеп алу. Нұрым өзі саудагер кісі болған соң, қандай нәрсе алудың жайын теріс білмеген. Жаяу Мұсаның арызы бойынша оның елді қорқытып алған бұйымдарының ішінде «бәт құндыз,



бұшпақ ішік, масаты кілем, қымбат сәукеле, халық шеберлері жасаған әдемі бұйымдар». Бұл сонғыларды тегін алуды Полторацкий мен оның бәйбішесі де жек көрмеген. Өйткені ол кісі «суретші» болғандықтан халық өнерінің кейбір өрнектерінің өз үйінде тұрғанын қатты ұнатқан. Дала уәлаятын басқарушы генерал-губернатор Г.А. Колпаковскийдің атына кейінірек жазған бір арызында Жаяу Мұса Нұрым, Темір ұлының қыр қазақтарына істеген озбырлығын төндіре айта келіп, ең соңында былай деген: «әдемі қымбат, мүлікті қорқытып алумен осы күнде Нұрым Темір ұлы барлық кедейлердің, тағы өзге қазақтардың тынышын кетіріп болды... бұл іске өзіңіз рахым қылып бір жақсылық істемесеңіз ақыл таусылып бітті».<sup>19</sup> Жаяу Мұсаның ойынша, қаланың саудгері Нұрым – елді бұзушының басы (кейбір хаттарында Жаяу Мұса оны мазақтап «Саудагер» - деп отырады). Нұрым халық бұқарасын өзі қанап қоймайды, қасына еріп жүрген Құсайын мен Мұстафа сияқты болыстарды халықты қалай соруға дәндетеді. Бұл ретте Жаяу Мұсаның Нұрымды ұялас қасқырдың жыртқыш көкжалы етіп сипаттайды.<sup>20</sup>

Жаяу Мұсаның айтуынша, Нұрымның ең сойқанды ісі шаруалардың бас еркіндігіне қол сұғу, оларды топтап айдап, ояздың, губернатордың, өзінің үйінде еріксіз қара жұмысқа салу. Колпаковскийге жазған арызында Жаяу Мұса бұл туралы тағы былай деген: «шілденің 22 күні (Теміров) екі мыңнан артық үйді әскери губернатордың жарлығы бойынша стражник пен қанша (сайдауыт) жігіттер қосып, қыстау түбінде пішен шауып жатқан елді жетпіс шақырым жердегі өз үйінің қасына көшіріп апарды».<sup>21</sup> Мақсат оларға тегін пішен шаптырып, егін ордыру, тағы басқа түрлі қиын жұмыстарға салу.

Ұлықтардың өзі қойған сенімді кісілеріне Жаяу Мұса осылай ауыз салған соң, әскери губернатор бұған құлағын түріп, Жаяу Мұсаның сенімділігін тексеру үшін оязға тапсырмалар береді. Ояз бұл істі, әрине, әділет жүзімен жүрізбейді, бұзақылық негізінде бастайды. Ол үшін Жаяу Мұсаны арандату мақсатымен қылмыспен байланысты істерге жұмсайды. Соның бірі патша үкіметіне қарсылық көрсетіп, Ақмола мен Қарқаралы уездерінің арасында тығылып жүрген Бектеміс, Бәйіт дейтін атақты екі қашқынды тауып кел деп жібереді. Жаяу Мұса бұл істі орындайды. Бірақ ояз бастығы Фарафонов пен екеуінің арасы ушыға береді. Осы ретте Фарафонов, Нұрым үшеуі қосылып Жаяу Мұсаны құртудың соңына түседі, оған Мұстафа болыс та қосылады. Бұлар Жаяу Мұсаны қашқын ұстайды, барымтаға қатынасады, жақын арада Ақпеттеу елінің қазағы Тіленші Бекжановты өлтіреді деп өтірік жала жауып, Жаяу Мұсаны қалайда құрту керек екенін айтып, оязға ұсыныс жасайды. Өзінің тілегені істеліп отырған соң Фарафонов дереу Семейдің әскери губернаторына ұсыныс түсіріп, «үлкен қылмысты болған» Жаяу Мұсаны тез абақтыға алуды сұрайды. Ондағы айтқаны «волостной» управитель не имея возможности арестовать Байжанова просил содействия уездного начальника».<sup>22</sup> Мұса Байжановқа көптен азуын басып жүрген губернаторға ояздың ұсынысы қатты ұнап кетеді. Ол ешбір бөгелместен Жаяуды ұстап абақтыға жабуды керек етеді.

Бұдан кейін, 1875 жылы, қыркүйек айының басында Павлодар уезін басқарушы Фарафонов Жаяу Мұсаны ұстауға қаладан екі атты қазақ шығарады. Оларға берген бұйрығында: «Мұса Байжановты ұстасымен оның аяқ-қолы кісенделіп қалаға жеткізілсін, қалаға келісімен

абактыға жабылсын» дейді. Халық қадірлейтін әнші «көпшіліктің тілегімен ұстадық» деп айту үшін, полиция кісілерінің барлығы ояз бен болыстардың табанын жалайтын, олардың атарман-шабармандары, Мұсаны құртуға көмектескен оның жаулары болады, соның бірі архивте аты жүрген Көбеев.

Мұсаның үйіне келген соң, олар қожанда ойына алғандарын істейді. Оның жылқысын матап, қойын сойысқа жұмсап, бірнеше күн ішіп-жеп жатады. Бірақ Мұсаны таба алмайды. Бұлардың келе жатқанын Мұса күні бұрын біліп Баянаула облысының беделді адамы, өзінің досы Құдайберген Шормановтың ауылына барып тығылады. Бұл оқиға «Шөкең ұлына» деген өлеңінде ашық сипатталған.

Мұсаны іздеп келген полиция адамы Пospelов Жаяу Мұсаны үйінен таба алмаған соң – оны тауып бер, не жатқан жерін айт – деп, інілерін қысады. Інілерінің ішінен ер жүрек өзі орысша Омбыда оқыған, еш нәрседен қорықпайтын кіші інісі Уәли қысымға шыдай алмай Пospelовке бірнеше соққы береді. Жұмыс бұрынғыдан көрі насырға айнала бастайды. Бұған ызаланған ояз - «Байжановтар, полицияға қарсылық көрсетті» - деп, дереу Семейдің губернаторына хабар береді, екінші жағынан Жаяу мен оның інісі Уәлиді ұстауға қырға бір топ полиция кісілерін шығарады. Жаяудың соңына түскен Павлодар мен Баянауланың полициясы Жаяу мен оның інісі Уәлиді Баянаула жерінен іздеп таба алмайды. Жаяу Қарқаралы, ҚУУ төңірегінде жүргенде оларды Семейден шыққан губернатордың өз кісілері ұстайды. Олар Жаяудың қол аяғын кісендеп, Баянаулаға алып келе жатқанда, оны көрген Жаяудың достары қатты толқып, полициямен соғысып, олардың қолынан Жаяуды босатып алады. Бірақ жанжал үстіне олардың

біреуі полиция бастығын ұрып, оның бетін жаралайды, іс ушығып, қиындай түседі.<sup>23</sup> Ел аузында сақталған естелік бойынша, Жаяу Мұсаны полиция қолынан босатып алған достары Шоқаманның Әбділдасы, Байдалының Мұстафасы, Құдайберген Шөкенұлы. Бірақ Семей губернаторының Казанковке жазған хатындағы сияқты бұлар полициямен соғыспаған. Олар тамаққа тойып, түнде ұйқтап жатқан кезінде Жаяу Мұсаның аяқ-қолын кісенін босатып, сәйгүлік мықты аттарымен інісі Уәли екеуін Омбыға қашырып жібереді. Архив деректері бойынша, іс насырға айналған соң Жаяу Мұса Баян мен Қарқаралы төңірегінде тыныштықпен жүре алмай, енді Ақмола – Атбасар жағына ауысып, 1875-1878 жылдар арасында «Қашқын болып» жүреді. 1941 жылы, Ұлытау Терісаққан өзеннің бойында болғанымда, ол жердің сексенге келген қариялары Арыстан, Тұрсын, ақын Нияз Ожанов олардың он-он бес жастарында Жаяу Мұсаның ол жердегі бағаналылар ортасында болып, тамаша ән салып жүргенін әңгіме етіп отырады.

Алайда, Семейдің губернаторы (Полторацкий) Жаяуды ұстау мақсатымен Баянаула аймағына үшінші рет полиция отрядын шығарады. Оның ішінде офицерлер, 30-40 қазақ сайдауыттары болады.<sup>24</sup> Олар Баянаула жерін көп уақыт сүзіп, Мұсаның ізін еш жерден кездестіре алмайды. Ең соңында Дала уалаятының генерал-губернаторы Семей мен Ақмола облысының халқына «боблық» жәйіп, «кімде-кім Жаяу Мұсаны көрсе қолма қол ұстап оязға тапсырсын, не тұрған жерін айтсын» деп жарлық етеді. Бірақ Жаяу Мұсаның тұрған жерін ешкім айтпайды. Ол екі үш жыл бойы қолға түспей, бір жерден екінші жерге ауысып жүреді. Полиция кісілері оның Ақмола мен Омбы уездеріне жасырынып жүргенін сырттан білсе де, нақтылы қай жерде жүргенін біле алмайды.<sup>25</sup>

Жаяу Мұса осылай «қашқын» болып жүргенде патша үкіметінің жергілікті орындары оның қорғансыз қалған ата-анасын, туыскандарын ойран-топыр қылып, олардың мал-мүлкін талауға түсіреді. Мұсаға ең жақын деген сегіз үйді Семейдің губернаторы өзінің ата қонысынан қуып, қыстың суық айларында Күлке-қаржас елін басқаратын Мұстафа болыстың қарауына тапсырады. Бұл істердің аялығысы Мұстафа болысқа сенгендік, және кейін Далба аталған болыстың бұл болысқа бірде кіріп, бірде бөлініп жүруінен болған. Бірақ олардың қосылып бір болыс болғанына Жаяу Мұса бүтіндей қарсы болған. Оның дәптерінде: «1864 жылы келдім бері, сонан соң қаржас еліне болдым телі» деп наразылық білдіру – осы қарым-қатынастан туған.

Семей губернаторының Жаяу Мұсаның туыскандарын өз елінен бөліп Мұстафа болысқа кірме етіп беруі - әдемі кек мақсатымен істелген.

Туыскандарының жәбірлік көргені бірнеше уақыт өткен соң Ұлытау даласына жүрген Жаяу Мұсаға жетеді. Оған қапа болған Жаяу Мұса, басқа дәрмен болмаған соң, 1876 жылы, 10 мартта: Дала уәлаятын басқаратын генерал-губернатор Казанковқа арыз жазып, барлық жәбірлікті бастан аяқ суреттеп айтады.<sup>26</sup> Туыскандарын кім, қалай талағанын өз көзімен көрмей, ұзақ жерде жатып естіген соң, нақты талаушыларды бастап келген ауыл билеуші Жафек Көбеев – деген. Жафектің өзі, әрине, талауға қосылмаған болу керек, ол тек жергілікті ресми қызметкер болғандықтан айғақ ретінде қатынасуы мүмкін: Өзінің таланған туыскандарынан Жаяу Мұса арызында мына кісілерді көрсетеді:

*Шекей Жымыров (Көкшенің інісі)*

*Саттыбай Шекеев*

*Бөке Догалаков*

*Көке Шымыров (Қызылжардағы Көкшенің інісі)*

*Елеусіз Бекеев*

*Тайжан Төбетов*

*Байжан Төбетов*

*Қали Байжанов (Мәліктің әкесі)*

Бұл арызда саяси әдіс қолданып, өзін хат білмейтін қараңғы қазақ етіп көрсеткісі келген («Хат білмейтін Мұса Байжанов үшін оның сұрауы бойынша Жұман Жабық ұлы қолым қойдым»). Мұндай әдіс қолданудың негізі, ол кезде оқыған кісіден оқымаған қараңғы кісіге босаңдау қарайтын. Бірақ Дала уалаятын басқаратын ұлықтар, оның ішінде Семейдің әскери губернаторы Мұса Байжановтың «хат білмеймін» дегеніне нанбайды. Оның генерал-губернаторға жазған анықтамасында «Байжановтың қазақша сауаттылығы былай тұрсын, орысша жақсы біледі. Оның үстіне Жұман Жабяков деген жоқ» дейді.

Жаяу Мұса ұшқыр ойдың адамы. Басқа елдің ортасында қаздай қалып әнін шырқап жүрсе де көп уақыт «қашқын» болып жүруден қажиды. Соңғы жылдары ол тағы да Қызылжар қаласына келіп Көкшенің үйінде жасырынып жатады. Бірақ оның «Омбы уезіне» келгені полиция орындарына еміс-еміс біліне бастайды. Осы кезде Жаяу Мұса жасырынып жүруін қойып, Омбыдағы әкімшілік орындарына өзі келіп кешірім сұрайды.

Жаяу Мұса Омбыға 1877 жылы, январь айының 30 күні келіп генерал губернатордың кеңесін басқаратын Тычинскийге жолығады. Келіп – мен Мұса Байжановпын дегенде, оның атын күн сайын қағаз бетінен жолықтыратын кеңес бастығы елең етіп, бірнеше уақыт оның бетіне қарап, таң қалып отырып қалады. Содан кейін ол Мұсаның не істегенін қайда болғанын, бұл кездесуді суреттейтін ол кезде журналист



болса әрине, оның майын тамызып жазған болар еді. Бірақ бұл жазу кенесінің шала сауатты, тұрпайы, кібіртік болып жүрген Жаяу Мұса әбден қажып, жетім-жесір қалған ата-анасын ойлап, енді соларды көргісі келіп, басынан кешірген оқиғасын тегіс жайып салады. Тычинскийдің жазуынан алатын болсақ, ол бұрынғы арызынан бас тартып, олардың көбін «жалған жазған едім» деп жалтарады. Бұл тегіне жазадан құтылу үшін қолданған әдіс болу керек. Олай болмаса, арыздардың мазмұнында жалғыз айтқанның ешбір сілемі жоқ, оның бәрінде шындықтың, болған әділетсіздіктің суреті ашық көрініп тұр. Және ол әділетсіз бен жәбірліктің тарихы жалғыз ғана Жаяу Мұсаның арыздарында емес, халық ойында да сақталған. Мұнда ескеретін тағы бір жағдай «Мұса айтты» деп, Тычинскийдің өзі жалған жазу мүмкін. Ондай өтірік жазу ол кездегі қағазда екінің бірінде жолығып отырады. Жаяу Мұсаның «жалған жазған едім» деп айтуының тағы бір дәлелі, бұл тексеруден кейін де жәбірлік туралы арыздарды ол тіпті аз жазбаған.

Жаяу Мұса бұл келгенінде генерал-губернатор Казнаковтың қабылдауында болды ма, жоқ па, ол арасын Тычинскийдің жазулары көрсетпейді. Казанков жақсы оқыған кісі болса да, генерал-губернатордың ішіндегі аспандап қарайтын менменсіген ұлығырағы болғандықтан, Жаяу Мұса сияқты кісілерге рахымшылық көзбен қарауды білмеген болу керек. Архивте сақталған қағаздар бойынша, ол 1877 жылдың соңында Семейдің әскери губернаторына тапсыру беріп, Мұса Байжановтың ісін тексеру керек дейді. Осыған орай сол жылы, 15 декабрьде, Семей облыстық басқармасының Мұсаның ісін қарауға арналған мәжілісі болды. Бұл жылдары Семейдің губернаторы

болып істейтін кісі Шоқанның өсуіне көп бөгет жасаған «оның жазғандарының бәрі өтірік» деп айтушылардың бірі А.П. Троценко еді. Шоқанға анадай істеп жүрген Троценкодан Жаяу Мұсаның рахым күтуі мүмкін емес еді. Губернатордың шешімі соның өзі болып шығады. Семей облыстық басқармасының мәжілісі былай деп қарар шығарады: «Мұса Байжановқа кешірім жасауға болмайды. Ол полицияға қарсылық көрсетіп, көп тыныштық кетірген кісі. Сондықтан Байжановты сотқа тартып оның жұмысын Павлодардың қылмыс істерін қарайтын сотқа тапсыру керек» дейді.<sup>27</sup>

Бірақ Мұсаны бұрынғыдай қудалап, оны абақтыға жабу керек деген деректер бұдан кейін кездеспейді. Павлодар қаласында оның соты болды ма, жоқ па, ол арасы да белгісіз. Мүмкін бұл документтер әзір көзге түспей бір архивтің түбінде жасырынып жатуы да ғажап емес. Оны тауып жарыққа шығару келешектің ісі.

Бұл жолығудан кейін Мұса бірнеше уақыт үлкен орындарда ізденумен жүреді. Генерал-губернаторға, оның бас тілмашы Ешмұхаммед Абылайхановқа арыз беріп, бұл істен құтқаруды сұрайды. Абылайхановқа қосымша жазған өтінішінде: «Абылайхан ұлы жағат қылыңыз. Жолдасың мен қатын-балаңыздың қызығын көріңіз, өміріңіз ұзарып, дүниеніз арта берсін. Қамаған бөледен құтқарсаңыз ахрет пен дүниенізді бірдей берсін. «Әмин» дейді.<sup>28</sup> Бұл өтініштің жауабын Баянаула аймағына қарайтын Қарамола болысы арқылы қайтаруды сұрайды.

Бұған қарағанда, сексенінші жылдарға қарсы бұрынғыдай Жаяу Мұсаның соңына түсу болмаған, әкімшілік орындарының бұлай бәсеңдеуі бір жағынан Жаяу Мұсаның өзінің әдемі, сыпайы, майталман жүрісінен болса, екінші жағынан бұл жаман істен

құтқаруға оның достары да аз көмек көрсетпеген. 1924 жылы жолыққанда Жаяу Мұсаның өзінің айтқаны «Сұлтанғазы мен Н.М. Ядринцев, Г.Н. Потанин болмағанда қазақ орыстары мені тірі қалдырмайтын еді» – деді. Бұл сөзде үлкен шындық бар. Өйткені ол кездегі генерал-губернатор Н.Г. Казнаков Н.М. Ядринцевті қатты силап, өзі кеткенше оны кеңесші етіп, қазақ халқы туралы мәселелерді сол кісіге тапсырып отыратын. Г.Н. Потанин мен Н.М. Ядринцевке жалғыз Жаяу Мұса емес, зарыққан қазақтардың көбі барып ақыл сұрап, көмек алатын. Міне сондай жәрдемнің аркасында, басқа түскен тұманнан, (оның ішінде кісі өлтірді деп көрсетуден, 1878 жылғы Жаяу Мұса арылып, ухлеп бір дем алады. Ол туралы сол жылғы дәптеріне былай жеп жазған:

*Жанмұхаммед Үншібайды қылды жала  
Мұнысы болыстардың таққан пәле  
Мағлұмды өлтірді деп қуса дағы  
Құтқарды өтіріктен хақтағала.*

Көп заман халық мүддесін жоқтаймын деп өмір азабын шеккен Жаяу Мұса, қырық жастан асқанша қатын-баланың қызығын көрмей, әбден зарығады. Басынан қара тұман ашыла бастаған соң, 1878 жылы «қашқын» болып жүргенде танысқан Ақмоланың байы, Құлыбайдың Сапар деген жас қызына үйленіп, 1879 жылы одан ұл тауып, атын Бөрібай қояды. Орта жасқа таяп жүргенде туған бұл бала Жаяу Мұсаның рухын көтеріп, оны зор қуанышқа келтіреді. Ол туғанда жаны сергек Жаяудың масайрауы сонша, оған арнап «Мынажат Бөрібай хақында» - деп бүтін бір жыр шығарады. Бұл жырда не деген? «тарих бір мың сегіз жүз жетпіс тоғызда еді, ақырап (казан) жұлдызының 23-ші дүйсенбі күні сәске кезінде Шаһинің жүзін көрдік. Бұрын перзентсіз

қапы болып жүген едім, Шаһин ұлан келген соң көңіл жадырап, дүние сайрап, түлен тартқандай болдық оның бірінші атын Бөрібай деп қойдық». Жыр:

*Ей Бөрібай – Бөрібай  
Өмір берсін бір құдай  
Рухы мәдет ол болсын  
Орман менен Олжабай  
Екінші аты Хан-Бөрі.  
Ерлерге тисін назары  
Бейсенбі күннен беріде  
Ашылды Мысыр базары  
Үшінші ісімі Бөрі-Хан,  
Бахытты өтпей хақ жазған  
Бәледен сені аман қып  
Сақтай көрсін тағдырым.  
Ей Бөрібай – Бөрібай  
Өмір берсін бір құдай  
Рухы мәдет ол болсын  
Орман менен Олжабай*

Бірақ, бір аянышты жері Мұсаның жақсы көрген баласы тірі жүрмейді, ХІХ ғ. аяғында Зікен деген баласымен екеуі шешек ауруынан қайтыс болады. 1879 жыл келді, Шаһин 41 де түске кірді. 27 ақпан, одан әрі: жұма күні, ақтүйтін қойныма келіп кірді. Сонан соң 249 күн болды білем. «Қазанның 23-де туды балам»

Бөрібай атын қоюды Жаяу Мұса жапан түзде бөріге кездесіп, соның орайында қойылды – дейді. Сүйіндік Олжабай аталықтың ұрпақтары есіне сақталған аңыз бойынша жапан түзде не зарыққанда бөрі көрінсе – ол жәй бөрі емес, ер Олжабайдың әруағы деп саналады. Олжекең өлерінде жақсы көрген ұрпағына зарыққанда бөрі болып көрінемін деп өзі айтқан дейді аңыз. Бөрі сол аңыз бойынша қойылды- дейді. Бұл аңыз Мұсаның

«Олжабай» деген поэмасында толық берілген. Онда былай деген: Ақтабан шұбырынды кезінде 13 жасар баланың басына заман ахыр түсіп, Шу бойын өрлеп «қазық» деген жерге келсе, бір топ қасқыр жарылып, батырға бір қарап жөніне кетеді. Түні бойы ұйықтамай түсі қашқан жас ұрлан күндіз бір үйге келсе, онда бір сәуегей кемпір бар екен, ол ұланның түсіне қарап, оған түсінде біреу аян бергенін айтады.

*Аңшылар сенің бағың  
Қылыш, найза, темірден болар тағың  
Дүйсенбі түн қамады алты бөрі,  
Ол көрінген дәл өзіңнің аруағың  
Алты бөрі тор басты қанат жайып,  
Бесеуінен бір көкжал кетті айрылып,  
Күн тигізбей бесеуі басқа үйірді  
Одан артық болама таңғажайып*

Төрт-бес ата өткен соң көкжал бөрі қайтып ұрпағына келеді, тағы да күншығыстағы жауыны қанатын жаяды.

Жаяу Мұса «менің баламда тәңірім қалап осындай болса» - деп атын Бөрі қояды.

Жапан түзде өзі көрген бөрі туралы дәптеріне былай жазған: 1879 жылы күз күні. Ақмола түбіндегі қайыны Құлыбайдың үйінде бірнеше күн қонақтап жатқан соң, баласы туар кезде үйіне жетуге асығады. Ол кездегі қыстауы жоғарыда айтқандай Шідерті өзенінің бойындағы Қабанбай шатында болатын. Жаяу Мұса інісі Іскендірмен тағы Оспан қожа мен октябрьдың 21 күні өлеңдегі елден түн қатып шығып, Қабанбайдағы қыстауына жетуге ұмтылады.

*Намазшам Өлеңтіде оқи салып  
Түн қатып Шідертіге жүрдік тығыз  
Түн қаттық дүйсенбіге қараған кеш*

*Қараңғы жол жазылып қылдың еңіс  
«Адастық» деп құдай деген халде  
Бұлт жарып, ай туып болды елес  
Сол күні жолдасымның қожса Ғосман  
Іскендір інім менен ат жарысқан  
Қарсы деген бір тауда қылып намаз  
Доғадан басқа оқылып болды құптан  
Тұпа-тура намаз ішінде келді бөрі  
Жәй тұрады ол шоңқайып қылмай қастан.*

Бөрінің бұлай келіп тұрғанын Оспан мен Іскендір ырым етіп, туатын баланың атын Бөрібай-деп қою керек-дейді.<sup>29</sup> Мұнда айтылып отырған Өлеңті, Шідерті, Баянаула аймағына қараған белгілі өзендер. Шідерті өзенінің бойы мен бүгінде Ертіс-Қарағанда каналы жүріп жатыр. Қарсы тауы Өлеңті мен Шідерті өзенінің арасында тұратын биік төскей, жаз салқын болатын. Шүйгін жайлау (қарсының кара құдығы). Қыс күні ол жер елсіз, жапан түзге айналып бос тұрады. Жаяу Мұса айтқан ол Жекен ұрпағының тарихи мекенінің бірі осы ара.

Жаяу Мұсаның дәптері бойынша, 1879 жыл Мұса үшін өте қуанышты жыл болса да, екінші жағынан үлкен апатқа ұшыратқан ауыр жыл болған. Бұл жыл халықтың малы жұттан ақсүйек болып қырылған, атақты «қоян жылы» болып аталады. Жаяу Мұса дәптерінде бұл апаттың болуын халықтың мінез-құлқы бұзылуынан өтірік пен өсектің, ұрлықтың көбеюін соларды көрсін деп тәңірінің жіберген апаты деп анықтайды.

*Ноябрьдің өзінде жылық бітті,  
Көрсетіп азғандарға құдыретті.  
Ұрлық, өтірік, ант, жанжал малға тиіп  
Аз етті кесір басып көп дәулетті.<sup>30</sup>*



Алайда, өмірдің ауыртпалығын көп көрген ардақты, ару кісі болашаққа зор үміт пен қарайды, «Жаралы байыр, жас өсер» деген халық кеменгерлік ойын есінен шығармайды.

*Бір мың сегіз жүз болды сексен  
Жаңа жыл туды міне құдыретпен,  
Қайырын өткен жылдың маған беріп  
Бақ, дәулетті несіп етсін өз еркімен  
Өткен жылда құдайдан үміттімін –  
Берер деп кеткен малдың бір қайырың.*

Бірақ Жаяу Мұса үшін жаңа жыл тыныш басталмайды. Январдың 4 күні ару адам ояздан шақыру қағаз алып, тағы да қатты сескенеді.

*Басталды январьда бұрынға сөз  
Оз шақырып жол жабдығы болды гой тез.<sup>11</sup>*

Бұған қарағанда 1880 жылдар басында ояздың шақыруы мен Жаяу Мұса Павлодарға келеді. Оны не үшін шақырғаны дәптерде айтылсада («бұрынғы сөз») архивте ол туралы ешбір дерек бүгінше кездескен емес. Жалпы айтқанда Жаяудың 1880-1881 жылдарда не болғаны белгісіз, оны Павлодарға соттады ма, абақтыға отырғызды ма, ол әлі де болса бір түкпір де тығылып жатыр, болмаса 1918 жылдары Павлодар архиві мен бірге жанып кетуіде мүмкін. Олай болса Жаяу Мұсаның ең тамаша өмірінің бір бөлігі мүлде белгісіз болып қала береді. Оның ескі жұмысын жаңадан қолға алғанда көрсететін жоғарыда келтірген дәптердегі екі жүз сөз, не халықтың ойында сақталған естеліктер.

Дегенмен, Дала уалаятын басқарушы генерал-губернатор Г.А. Колпаковский кезінде (1882-1894 жж.) Жаяу Мұса артық қысымшылық көрмей, еркін жүргені байқалады. Басқа залым генерал-губернаторларға қарағанда, Колпаковский сөзінің бұрыннан жақсы

білетін қазақ халқына адамшылық көзімен қарап, оларды қанды, ауыз обырлардың талауында қалдырмауға көбірек ой бөледі. Колпаковский Шоканды жақсы көрген оның жақын ашыналарының бірі еді. Шокан тірі күнінде егер Дала уалаятын басқаруға Г.А. Колпаковский отырса, онда әділетте болар еді. Дюгамель, Кросриус, Кури, Нестеровтармен бірге ол қазақ бұқарасын қанамаса еді – деп үміттенген. Колпаковский Дала уалаятының генерал-губернаторы болып келгенде, Жаяу Мұса да осы үмітте болады. Осы оймен елегізген Жаяу Мұса «қашқын» болған кезіндегі жасқаншақты қойып, тағы да жаңа күшпен, ел қанаушы ояздармен арамза болыстардың соңына түсіп, олардың сойқанды қылықтарын арыз арқылы әшкерлеп, Колпаковскийге ауық-ауық жеткізіп отыруды өзіне міндет етіп қояды. Оязбен, болыстарды ұстауда Жаяу Мұса отыздан аса арыз жазған, олардың негізін Колпаковский тұсында жазған. Арызды кейде өз атынан ашық жазса, кейде саяси әдіс қолданып, өзіне жақын кісілердің атынан, кедей-нашарлардың атынан жазады. Кейде аноним (тұйық) түрде белгісіз біреулердің атынан қой салады. Жаяу Мұсаны Машұр-Жүсіп Копеев пен Қысқабастың Жүнісі мен, Жиен Құсайынмен, тағы басқалармен бірігіп жазған арызы да архивте кездесіп отырады. Мәселен бір арызды Мәшүрдің қолы мен жаздырып, оған біреуі атын (Жүсіп), біреуі фамилиясын қояды. Жаяу Мұсаның арыздарында көтерген мәселелері – бұрынғыша бір ғана халық бұқарасының мүддесі оларды оязбен болыстардың жәбірлеп, аяқ астында таптауын әшкерелеу, момын шаруалардың жерін, мүлкін зорлық пен тартып алып, ел талайтын озбырлығын, тойымсыз паракорлығын айтып жеткізу, әділет туралы айтатын кісі болса, оны аяусыз жаншып тірідей жерге тығатынын көрсету.

Колпаковский кезінде Жаяу Мұсаның аянбай ұстасқан әсіресе Павлодар уезін басқаратын ұлықтар — Фарафонов, Достовалов, олармен бірігіп елді аямай қанаған Баянаула дуанының төрт баласы олардың ішінде өзінің соңынан түскен Нұрым Теміров, Құсайын Боштаев, Мұстафа Шорманов. Бұлар туралы бірінші арызын Колпаковский Дала уалаятының генерал-губернаторы болып отырысымен, 1882 жылы құпия түрде; кедейлердің атынан жазған. Арыздың толық аты мына түрде: «Сібірдің ғайри күллі қазақ-қырғыздардың генерал-губернаторы Колпаковский хазретіне, Ақпеттің елінің ғарып, кедей нашар адамдарының атынан көп-көп жылау арыз»,<sup>32</sup> арызға өз атын қоймай, “Құпиялық” пен деген. Олай көрсетуін баяндағанда: «тақсыр, арызға ат жазуға болмайды, егер ат жазылса Боштаев бізді дүние жүзіне тірі қоймайды».<sup>33</sup> Бұл арызында Құсайын мен Нұрымның бірігіп атакты әнші Мұстафаның әкесі Бүркітбайды, Мұстафаның өзін қастандықпен өлтіріп, оның орнына Құсайынның болыс болғанын айтады; екі мың үйді қан қақсатып, оларды зорлықпен талағанын айта келіп: тақсыр «1879 жылғы қоян жылынан Құсайын Боштай ұлының зорлық талағаны артығырақ болды... Сарт Темір ұлының халыққа қастастық жасағанын, әр түрлі өтірік жала жауып, нашарларға көп зиян келтіргенін айтып жеткізуге болмайды”.

Жаяу Мұсаның ата-бабаларының туып-өскен жері бұрын Айдабол (Ақпеттау) болысы болатын. Сондықтан ол өзінің алғашқы жаз кезін көбінесе осы болысты көп заман билеген Хусаин Боштайұлының қарамағында, онымен ұстасумен өткізеді. Ол ұстасудың көзге тұнжырауы өз атынан не басқа кісілердің атынан жазған арыздардан ашық сипатталады. Солардың бірі

«Заявления Мусы Байжанова с жалобой не притеснение его волостным управителем Х.Буштаевым».<sup>34</sup> Бұл жұмысқа Жаяу Мұсаның бірнеше арыздары тіркелген, олардың ішіндегі ең көлемдісі, ең жанға тиері Нұрым мен Құсайынның үстінен жаңаша жазған құпия арызы,<sup>35</sup> одан өзге арыздарын Жаяу Мұса әртүрлі жалған атпен, не белгісіз адамдардың атынан жазған. Мәселен, Степной генерал-губернатор хазретіне Павлодар уезінің, Ақпеттау елінің адамы Қопырбай Сат ұлынан көз жасыммен арыз наме».<sup>36</sup> «Жалоба киргиз Ақпетовской волости, Павлодарского уезде, Ингаева и др. на притеснения их управителем Буштаевым в землепользовании»,<sup>37</sup> «болыстардың қылмысы»<sup>38</sup>; «Ақпеттау еліне қараған қазақтардың Хусаин болыстың үстінен жазған шағымдары»<sup>39</sup> т.б. Мұсаның қатты ерлік көрсетіп ұстасқан кісілері, Нұрым мен Құсайынға күш беріп, олармен жемтіктес болған әсіресе Павлодар уезін басқарған Фарафонов пен Достовалов болады. Олардың үстінен жазған арыздарында саяси әдіс пен өз атын көрсетпей жалтарады. Кедейлердің атынан, не Баянаула аймағында болмаған жалған кісілердің атынан жазады: Садуақас Мұхтаров, Әбдісатар Шоқыбаев, Жүсіп Байжанов, Ахмет Әлдебеков. Көп арызын жалтарып, басқа болыстардың кісілері атынан жазады. Сондай жарқын арыздардың бірі Жүсіп Байжанов болып жазылған арыз. Бұл арызды Мәшһүр-Жүсіп Көпеевпен бірігіп, бірі атын, бірі фамилиясын қойып, Мәшһүрдің қолымен не оның шәкірттерінің біреуінің қолымен жазғаны байқалады. Арыздың мазмұны Павлодар уезін басқарушы Достоваловтың сойқанды, бұзақы істерін, ел талағыштығын көрсету. Жұмыс былай деп аталады: «Жалоба киргиза Чакчанской волости Байжанова Джусуфа на Павлодарского уездного начальника об

избиении последним киргиз<sup>40</sup>. Бұл жұмыс ішіндегі бір арыз былай деп көрсетілген: «Дала уалаятының билеуші генерал-губернатор хазреттеріне далба елінің күллі бұқара казактарынан жылау наме». Уез басқарушының сойқанды қылықтарын Жаяу Мұса бұл арызда аса төндіре суреттеген: «Мал - ақша алудың шегі жоқ. Біреу (шағым айтып) сөйлегісі келсе қамшы ала жүгіреді. Сайлауда ешкімнің аузын аштырмай, қамшысын білеп, көзін алартады. Егер бұл оязной бір-екі жыл тұрса халық арасында жалақорлық көбейіп, малы азайып бігер. Бұрынғы хандар заманындағы таяқ жеуді, зорлықты жанадан көрдік. Дала халқының бастығы деген атыңыз бар. Рахым назарыңызды салмасаңыз біздің халымыз нашар. Жусуф Байжанұлы қолым қойдым. 1892 жылында 17 октябрьде»<sup>41</sup>. Тап осы сияқты арыздың бірі тағы да Шақшан болысының Ахмет Адильбеков атынан жазылған. Мұнда да Достоваловтың сойқанды ел талағыштығы жақсы көрсетілген.<sup>42</sup> Олармен үндес келетін Жаяу Мұсаның көп арыздарының бір тобы «Жалоба киргиза Павлодарского уезда Абдисатара Шокубаева на незаконные действия по службе крестьянского начальника Плотникова».<sup>43</sup>

Бұл жұмыстағы көп шу көтерген арыз «Садуакас Мұхтаров» болып жазылған. Семейдің әскери губернаторы Мұхтаровтың кім екенін білу үшін Баянаула аймағының болыстарына тапсырма бергенде, ондай кісіні ешбір болыстан кездестіріп болмайды. Сондықтан, Семей губернаторының жоғары орына түсірген ұсынысында: «Киргиза Садвакаса Мухтарова в Павлодарском уезде нет и что поданное прошение является анонимным доносом. Почему оставить таковое без последствий».<sup>44</sup>

Жаяу Мұсаның ұлықтарды қатты үршіткен арыздарының бірі, паракор уез басқарушылар мен обыр болыстардың, үстінен берген арызы. Ол арызды Жаяу Мұса Айдабол болысының кедейлерінің атынан генерал-губернатор Кознаков жаңа келіп отырғанда, 1875 жылы, орыс тілінде береді. «Дело по доносу от бедных киргиз Айдабульской волости Павлодарского уезде на взяточничество местных волостных должностных лиц, а также уездного начальника на притеснения от них».<sup>45</sup> Бұл жұмысты Жаяу Мұсаның қолымен жазылған бірнеше арыздар бар. Онда Жаяудың әшкерелегені ең алдымен ояз басқарушы Фарафонов, оның ымдас досы Нұрым Теміров болмаса Саудагеров. Арызда өз атын көрсетпей оны кедейлермен бүркеген. Семей әскери губернаторының Кознаковке түсірген анықтамасында: бұл «Айдабол болысының кедейлері деп берген тұйық арызды жазған кедейлер емес, оны жазушы полицияға қарсылық көрсетіп, қылмысты болып жүрген Мұса Байжанов» дейді. Сөйтіп әділет пен шындық болмаған заманда да, Жаяу Мұсаның зулымдық пен жауыздық туралы халық бұқарасының кедейлердің атынан берген көп арыздарына патша үкіметінің ұлықтары ешбір мән бермейді, ол жапан түзде зарыққан кісінің мұңды үні болып қала береді.

Мықты болыстарға қарсы ешбір күш таба алмаған Жаяу Мұса ұстасудың енді екінші түріне ауысады. Тағы да заң жолымен қуып, мықты болыстардан момын елді бөліп алып, жеке болыс жасау жолына түседі. Оның ең алдымен өзі қарайтын Ақпеттау болысынан бастап, одан бауыр қанжығалы елін бөліп, жеке болыс жасау жолын іздейді. Бұдан бастаудың себебі, «Қашкындықтан» босанып еліне келген соң Жаяу Мұса Құсайын болыспен жақын отыруды жаратпайды. Қанжығалы



еліндегі мықты нағашылары Күленбай аулына келіп паналап, осы жерде «Сүйек жанғырту» жолымен інісі Мұстафаны үйлендіреді. Мұнда жүргізген түбегейлі ісі нағашыларын тағы басқа Ажыбай-қанжығалы елін Құсайын болысқа қарсы өлеңмен сөзбен үгіттеп, Ақпеттеудан бөлініп, жеке, Шақшан болысын болуға шақырады. Жаяу Мұсаның жалынды сөздері Құсайын болыстан не заманының жәбірлік көріп жүрген Қанжығалы еліне қатты ұнап, олардың жүрегіндегі көптен бергі дертін қозғағандай болады. Шақшан елінің кісілері бір күндері жиналып бөлінудің жобасын құрып, арыздар жазып, оның соңына түсетін өкілдер сайлады. Және бұл арыздың көбін жазған тағы да Жаяу Мұсаның өзі болып шығады (Дело по прошению доверенных от общества 1060 кибитковладельцев Ақпетовской волости Павлодарского уезда Семипалатинской области в разделении названий волости. 1883-1884 гг.)<sup>46</sup>.

Қанжығалы елінің жобасына Құсайынға наразы болған өзге кісілер де қосылады. Олардың ішінде «Сары» деп аталатын рудың басшылары Нөгербек Шабакұлы, Омбыдағы оқыған Қасқабастың Жүнісі, Тілеген Қосарбайұлы, Қара Баубекұлы, Өскенбай Жолдыбайұлы, Мұхамеджан Секербайұлы,<sup>47</sup> айтқан кісілердің ішінде Құсайынның өзімен аталас жақын кісілері де бар. Бірақ олар Құсайынның халықты аяусыз ұстағанына қарсы болып, одан бөлінгенін зор бақыт деп біледі. Жаяу Мұсамен бірігіп Құсайынмен қатты ұстасқан кісінің бірі әсіресе Шабакұлы Нөгербек, оның Құсайынмен ұстасқаны бірнеше жұмыстарда кездеседі.<sup>48</sup> Бұлардың бәрі Құсайынның жауыздығын, оның жемқор ел талағыштығын ашық фактілермен суреттеп, Шақшан болысының одан бөлінуінің керектігін жеткізе дәлелдеген. Ол фактілер әсіресе

Жаяу Мұсаның арызында төндіре айтылған.<sup>49</sup> Патша өкіметінің орындары алғашында бұл арыздарға мән бермей, Құсайынды қорғауға алып, оның үстінен арыз берген Мұса Байжановты сотқа тарту керек деп шешім шығарады.<sup>50</sup> Бірақ көп халық тегеурін көрсеткен соң оны елеусіз қалдыра алмай, ең соңында 1883 жылы Ақпеттауды екі болысқа бөледі: бірінші Ақпеттау болысы бұрынғыша өз атымен қалуды екінші одан бөлініп жаңадан Шақшан болысы ұйымдасып, Қарасар бекетінен Ақкөлге дейін оның жері болып саналады.<sup>51</sup> Бұны көрген Жаяу Мұса жұлдызы жанып, қуанышы қойнына сыймайды. Бір-екі жыл Шақшан елінде нағашылардың қолында ән салып жүріп оларын қуантады. Одан кейін өзінің ескі жауы түбегейлі Мұстафа болысының қарамағында жүрген Далба елін түбегейлі бөліп, жеке болыс істеудің соңына түседі. Бұл туралы кең бір арыз жазып, оны бірнеше кісі тобына бөліп көбейтеді. Бірінші арызды халық өкілі болып сайланған Әшім Шонтайұлы мен Офан Тәттібайұлының атынан жазады, екінші арызды Жұмабек Дүйсенбіұлы мен Тастан Бердібек ұлының атынан жазады. Бұл арыздардың тексті бірақ түрлі, оның негізгі нұсқасы Жаяудың өз қолымен, оның стилімен жазылған Колпаковский атына жазылған бұл арызда не деген? «Ұлұғ ағзам атты Сібір уалаятында әкім етуші генерал-губернатор хазретіне казак Далба елінің Жұмабек Дүйсенбі ұлынан, Тастан Бердібек ұлынан арыз наме. Өткен 1877 жылы жер атрабымызбен Қаржас руынан шығып, жер пайдамыз үшін Далба еліне қосылып, Шорман ұғланларындан көп күшлік хорлық көрген едік. Мал жанымызға ие болмаған едік. Шорман ұғландары бізді жер атырабымызбен Далба елінен шығарып аламыз деген ниетін біліп, Далба елі

1880-жылында орталарынан екі өкіл сайлап, Семейдің губернаторға арыз берген еді. Әскери губернатор Далба елінен, бір үй Баянаул (Қаржас) еліне шықпасын, және бір үй қосылмасын деп жарлық берген еді. Шорман ұғланлары әскери губернатор жарлығына тоқтау қылмай, 1882 жылында Далба елін бөліп аламын деген соң біліп, генерал-губернаторға Әшім Шонтай ұғлы бірлан Офан Таттыбай ұғлына өкілдік етіп, арыз берген едік «ол өкілдерге тапсырған арыздың мазмұны мына түрде: «Біздер Баянауыл кейін (Аккелін) еліне қосылуға разы емеспін. Себебі сол кім, жеріміз дөңгелек баршамыз. Далба деген жердеміз. Ол баршамыздың күзеу, қыстау, жайлауымыз бәрі бірге, тыныш едік. Бұл тұрғыда біздің ойлайтынымыз жер бұзылмаса екен, егер жер шегі бұзылса жер хақында өмір бойы жанжал көбейіп, халық тынышсыздықта болмақ. «Әр болыстық өзіне тиісті жер туралы, оған мықты болыстар қол сұқпаса деп тілек еткен бұл арыздардың мазмұнын бұзып генерал-губернатордың кеңсесі оған басқа түрлі ат берген «Прошение доверенных от 1008 кибитковладельцев Далбинский волости киргизов О. Таттыбаева и А.Чонтаева о не причислении киргиза Мусы в их волость (1883-1885).<sup>52</sup> Демек, Жаяу Мұсаның, Далба елінің жеріне басқа болыстар қол сұқпаса екен деп жазған өтініштерінің орнына Далба еліне Мұсаны кіргізбеу керек» деген іске айналдырған. Кеңсе бұлған бұл атқа оның ішіндегі мазмұны бүтіндей қарсы. Бұдан көрінетін шындық, патша үкіметінің жергілікті ұлықтары Жаяу Мұсаға өте сенімсіздік пен залымдық көзбен қараған. Бұл әсіресе Семейдің әскери губернаторының Колпаковскийді нандыру үшін 10 декабрде 1883 жылғы жазған баяндамасында ашық көрінеді. «Изложение о прошении киргиза Мусы Байжанова, поданом вашему

высокопревосходительству в октябре 1883 г. донос не заслуживает никакого вероятия, т.к. Байжанов неодобрительного поведения заключается по многим неблагоприятным делам, возбужденным против него в волости (1884). Семей әскери губернаторының Жаяуға жапсырған сондай «қылмысының» бірі оны полицияға қарсылық істеді деп көрсету. Бірақ Семей губернаторы ояздың елдегі болыстардың тіліне еріп Жаяуды қанша қудаласуда Колпаковский кезінде оған ешнәрсе істей алмаған. Қайта Жаяу Мұса ол кездегі қырда жүргізілген саясатты жақсы түсініп Колпаковскийдің либералдың бағытымен пайдаланып, ояз бастығын, кейбір болыстарды өзінің ашық арыздарымен әлсіретіп отырған. Оның генерал-губернатордың атына ақылмен, үлкен әдіс пен төндіре жазған арыздары жәй қалмаған, сол кездегі Павлодар уезінде сойқандылық істеген Фарафоновты, Доставоловты, Нұрым Теміровты орындарынан алып, оларды басқа кісімен өзгертуге бейімдеген. Жаяу Мұсаның өткір арыздары елдегі ата мұрасын қуалап болыс болған кісілерге де онай тимеген. Олардың да көп заманғы мықты іргесін шайқап, өздеріне көп сенімсіздік тугызған. Соның бірі Нұрым Теміров пен Құсайын. Либерал-демократтың негізде жұмыс жүргізген генерал-губернатор Колпаковский қазақ ауылында тыныштық орнату мақсаты мен Құсайын болысты орнынан алып, оны сотқа тартуға бұйырады. Дело по прошению А.Х. Бочтаева об отмене высылки отца Хусайна Бочтаева.<sup>53</sup> Құсайын бұдан кейін көп заман, Колпаковский кеткенше, болыс бола алмай оның орнына кезекпен басқа кісілер отыратын болады. Мұхаметжан Секербаев, Мәукей Темірболатов, А.Жүндібаев онымен қатар, Жаяу Мұса Шақшан мен Далба елін олардың таптауынан босатып өз алдына

жеке болыс болудың жолын табады. Далба елі түбегейлі жеке болыс болған соң, өзгеге қарағанда да, мұнда демократиялық бағыт басымырақ болады. Мұның болыстарын патша ұлықтарының өздері қудаламаса,<sup>54</sup> олар өз қол астындағы кісілерді қудалап, тынышын кетірмеген. Сондықтан, XIX ғасырдың сексенінші жылдардың соңынан кейін, Жаяу Мұса осы Далбадағы Қарағайлыбұлақ деген жерге келіп орналасып, өмірінің екінші жарымын осында, Акшоқы деген қыстауында өткізеді.

Біз бұған дейін Жаяу Мұса атының халық алдында ең алғаш ардақталуға себеп болған, оның жас кезіндегі қоғам қайраткерлік ісіне тоқталып, оның сол кезеңдерін жарқын сипаттайтын көптеген архив деректерін келтірдік.

Жаяу Мұсаның қартайған шағындағы өмірін әдемі, ашық көрсететін оның дәптерлері, бала күндегі өз көргендеріміз және оның көп туысқан достарының есінде сақталған әсерлер.

Бұлардың тобын қосып барласақ, XIX ғасырдың соңында Жаяу Мұса қауым тіршілігінен әбден қажып, бұрынғы тасыған жалынды жүрегі бірте-бірте суи бастағаны байқалады. XIX ғ. соңғы 25 жылында ол жыл сайын кемінен бір өтініш жазып, халық мүддесін патша үкіметінің жоғарғы орындарына жеткізіп отырса, 1900 жылдан былай қарай ол ресми түрде бір ауыз сөз жазбаған, Жаяу Мұса жазды деген арыз, не өтініштер бұдан былай еш архивта кездеспейді.

Саясат-әлеуметтік істен қажып шаршаған Жаяу Мұса, енді көбінесе ойға, музыкаға беріліп, бұрынғыша өзінің шығарған өлеңдерін, халық фольклорының үлгілерін, музейге керек болған сирек жолығатын нәрселерді жинап жібереді. Сондай сирек нәрсенің

бірі Олжабай батырдың «бүкір қылышы, оның сауыты, шарайна белдігі». Бұл айтқан нәрселер 1900-жылдарға дейін біздің бабамыз Олжекеннің кенже немересі Дулат ұлы Марғұланның қолында сақталып келген. Жаяу Мұса ол нәрселерді қоярда қоймай жүріп, сұрап алып, Омбының география қоғамының музейіне апарып тапсырады. Ол қазір сонда сақтаулы тұр. Бірақ одан қымбаттырақ нәрселерді бабамыз Мұсаға бермеген. Оның бірі Олжекеннің бір жарым метрлік «Сарала туы», аспаннан түскен жауын шақыратын жайтас», XVIII ғ. жазылған әр қайсы екі-үш метрлік төрт үлкен сауаттар. Мен бала күнімде, ауылда оқып жүргенде, бұларды әуес қылып, күн сайын қарап отырған күндерім болды. Сауаттар терліктей қалың сары қағазға бадырайтып жазған, бұрыштарында, соңында қызыл бояумен түсірген өрнек жазулар бар. Араб пен орыс харпын жақсы білетін кезім, бірақ былай қарап олай қарап, ешбір қарпын шығарып, оқи алмайтынмын. Кейін байкасам, ескі ұйғыр харпымен жазылған куба қалмақ хандарының сауаты екен. Бір өкінішті жері, бұл тарихи ескерткіштерді шешемді ренжітіп ала алмай, Ленинградта оқуда жүргенде шешем қайтыс болып (9-10) айтқан нәрселер сол кісімен бірге жоқ болды. Олармен байланысты есте қалған нәрселер емшегі іскен жас әйелдер «жай тасты» қыздырып төсіне басқанда ісіктері қайтты - деп жүретін, босанған әйелдер қиындық көргенде, туды сұрап апарып бетін желпіндіріп отырғанын талай көрдім.

Алыстағы ауыздар ту шетінен қиып беруді сұрап келудің көп болуынан оның бір шеті мүлде ойылып тұратын. Бұл нәрселерді тегісімен Жаяуға бергенде, олар осы күнге дейін Омбы музейінде сақталып тұратын еді.



Жаяу Мұса өзінің Қазан дәптерінде музейге тапсырған «Бүкір қылыш»-тың тарихты өлеңмен жазып, оның қайдан шыққанын суреттейді. Бұл қылыш дейді - 707 жылы (1329) Қабыл қаласында жасалған, бері кел ол Әмір-Темірдің қолында болып ол оны киелі қару деп Қожа-Ахмет Иассауидің мешітіне берген Жонғар шабуылына дейін, қылыш сонда сақталып тұрады. Ақтабан-шұбырынды кезінде ер Олжабай Жонғар әскерін Түркістан қаласынан қуып шыққанда, Самеке хан қылышты Олжабайға сыйға тартқан дейді.<sup>55</sup> Жаяу Мұсаның Қазан дәптеріндегі негізгі еңбегі «Ер Олжабай» деген оның көлемді поэмасы. Бұл дәптер тегісімен Олжабайдан Едіге бидің, Абылайдың жонғарға қарсы жорығына арналған.<sup>56</sup>

Жаяу Мұсаның бұл кезде ой ісімен шұғылданғанын көрсететін жазулардың бірі, оның қазақ шежіресіне көңіл бөлу оның кейбір үзіктерін өзінің дәптерлеріне жазып отыруы.<sup>57</sup> Орта жүз шежіресіне тоқталып, қара-кесек пен тобықтының қалай шыққанын өзге жазушылардан басқа түрде сипаттайды.<sup>58</sup> Жаяу Мұсаның көп ой бөлген мәселесінің бірі ежелгі дәуірдегі қазақ календары, жыл аттары (он екі жұлдыз), оның қазақ тіршілігімен байланысты кезеңдері. Бұл ойларын Мұса «Жұлдыз» деген өлеңінде суреттеген. Жырдың басталуы былай:

*Күз басы ол сентябрь  
Болмаса бұлттан бір тамыр  
Алты айға созар барлығын  
Жақсылық шаруаға өзің бер.*

(Омбы география қоғамының кітапханасы, Жаяу Мұса қолжазбалары).

Жаяу Мұсаның дәптері бойынша, аспандағы жұлдыз, ай туралы ол ауылдағы молдалармен айтысқа түсіп, жаратылыста болатын заңдылықтарды ғылым

тұрғысынан түсіндірмекші болады. Қазақта «акпа жұлдыз» деген бір ұғым бар. «Түнде төбеден жұлдыз ағып өтсе, қазақтар оны екі түрлі жориды: бір адам дүниеден көшті, жұлдызы ағып жерге түсті деп беттерін сипайды; екінші жағы тұрғы көк қақпасы ашылды» деп осы кезде аспанға қарап қол жайса тілегі қабыл болады дейді. Қазақтар жұлдызды балалар ойнайтын жарқырауық кішкене асыл тас тәрізді көреді, оның тек алыстағаны кіші көрінетінін білмейді. Жұлдыз үлкен зат, егер сол қалпымен ол жерге түсетін болса, жерді ойран-топыр қылып, талқанын шығарар еді.<sup>59</sup> Мұндай терең түсінуі Жаяу Мұса газет-журналдан басқа Шоканды, А.Н. Северцовты көп тындаудың нәтижесінде білді деу керек. Өйткені Черняев экспедициясымен 1863-1864 жылдары Алматыда, Бішкекте, Меркеде салық құрып жатқанда, ол ғалымдардың әскер алдында күн сайын сөйлегені көбінесе осындай ғылыми, тарихи мәселелер болған.<sup>60</sup> Жас өмірін көп уақыт қалада өткізіп, еуропа мәдениетінің дәмін татқан Жаяу Мұса кейде елегізіп, ауылдағы бір қалып өмірмен отыра алмайды. Баянаула, Далба тауларын аралап келген геологтармен, ботаниктермен кездесіп оларға кен туралы, ол жердің өсімдігі туралы көп жаңалықтар тауып береді. Жаз күндері болғанда жанына қоржын байлап алып, күні бойы тау ішін кезіп, көк тастың сынықтарын тереді. Ашы өзені бойындағы Хан-сүйегі деген жерді аралап жылтыр кара тас тереді. Бұл козы бауыр кара тас көмірдің өзі осы. Бұл жерде бір кезде завод болуға тиіс дейді баласы Салыққа. Бұл жерді геолог Б. Оразге көрсеткенде, ол кісі Жаяудың қолына естелік хат беріп кетеді. Ондағы жазғаны: «Мұса Байжанович указал каменно-угольную руду на урочище Сары-Адыр. 23. 10. – 1899 г.»

Далбаның Едіге деген тауында темірдің тотығы сыртына шығып жатқан ескі кен болатын. Жаяу Мұса одан бір қоржын тасты үйіне әкеліп, балғамен үгіп, сумен шайып, Қанды-Қарасу заводының қожасы Деровке апарғанда, ол Мұсаны үлкен сыймен қайтарады.

Елге шыққан ғалымдармен қатар Жаяу Мұса қала ғалымдарымен де байланысты болуды жақсы ұнатқан. Ол ең алдымен Семейде тұрған белгілі ғалым, казак халқының тарихы, этнографиясы туралы көп жазған, оның досы Н.Я. Коншинмен байланыс жасап, оған оның қолжазбаларын жіберіп отырады, хатты бірінші рет жазған Н.Я. Коншин. Оған қарағанда ол кісі Жаяу Мұсаны сырттан жазған хаты бізге дейін сақталып жетпеген, бірақ мазмұны, жіберген мезгілі Жаяудың дәптерінде жақсы сақталған ол туралы Мұса былай дейді:

«Секретарь Статистический бір мың тоғыз жүз бірінші жылы бір жүз отыз нөмірінде жазып жіберген». Қолжазбаларының бір тобын Н.Я. Коншинге жіберіп Жаяу Мұса оның далада бос қалмауын өтініп, оған өлеңмен былай дейді:

*Жібердім осы өлеңді сізге жазып  
Сіздердің тілеуіңді қазақ гаріп,  
Қазақ жұрты әуелде қараңғы еді  
Бұл күнде дүние жүзі болды жарық  
Екінші бір өлеңінде:  
Атпекет Коншин затың ақылың дана  
Әрқашан құдай болсын сізге пана  
Екінші бізден керек бәит болса  
Хабарын жеткізіңіз хатқа сала.*

Өзінің дәптерлері бойынша, Жаяу Мұсаның жазысып тұрған кісілері аз болмаған. Ол Омбыдағы А.Н. Седельников пен Томдағы А.Е. Кузьминмен,

Мәскеудегі Горашиа Картермен жазысқан (Горашияның адресі: «Москва, Б. Лубянка, д. 14» деп дәптеріне тіркеп қойған).

Ол жұмысына көңіл бөлумен қатар Жакеңнің ауылды сүйетіні, қызықтап ләззәт алатыны аңшылық, серілік, сауық құру, уақытын думанмен өткізу болған. Жәкеңаңшылықөнерініңкөбініңсоңына түскен, мылтық ату, тазы жүгірту, саятшылық құру. Бұл соңғылардың ішінде Жаяу Мұсаның аса қызықтап соңына түскені жаз-күні айларында қаршыға, лашын салу, қыс күні бүркіт аңшылығымен шұғылдану тегінде қырдың таулы жерлерінде екі үйдің бірі бүркітсіз болмайтын. Бүркіт салатын аңдар түлкі, қоян, қасқыр, сайғақ. Бұл аңдардың ол кезде таңынан жыртылып жүретін жерлері әсіресе Арқаның Оңтүстік таулары Ақшатау, Бектау-ата, Бұғылы, тағылы Айыртау, Тайатқан Шұнақ, тағы басқалар. Жердің алыстығына қарамай қыстың қоңыр күз болып тұратын кейбір серілер топталып жеке-жеке қос болып, самғаған көп бүркіттерімен аң аулауға «салбурынға» шығады. Олардың баратын жерінде қысты күні қостап көп жылқы жатады, онда қасқыр да, түлкі де көп болады. Бірнеше уақыт сонда жатып қасқыр мен түлкіні қырып, олардың мұрындарын салақтатып еліне алып келеді. Жаяу Мұса да осындай «салбурынға» аз қатынаспаған. Қыс күні ел аралап жүріп бүркіт салатынын Жаяу Мұса Н.Я. Коншинге жазған.

Жаяу Мұса қыран құстың тілін жүйрік білген, тамаша саятшы, құсбегілердің бірі болған. Сондықтан ол қыран құстарды өзі ұстап, өзі баулып үйрететін болған. Сұңқар тектес қыран құстармен шұбар қаршығалардың көп жүретін жері күнбатыс Сібірдің қою ормандарының іші. Кейде, Сібірде суық қатты

болған жылдары олар Баянаула, Далба, Қарқаралы, Қуу тауларының ормандарын қыстап шығады. Қырдағы саятшылардың бақылауынша, қыран құстардың бұл мінезі күз айларының өзінен белгілі бола бастайды. Олар күз айларының өзінде бұл таулардың ішінде қаптап жүреді және мінезі, ұшуы басқа жылдардағыдан өзгеше болып, алас ұрған, қан ішерлік қырып салатын мінездер көрсетпейді. Қыс қорек ететін жемін сырттан бақылап, соның көбірек жолығатын жерін сығалап жүреді. Олар көбінесе қоянның, орман ішіндегі тышқанның көп жері.

Не заманнан бақылаған осы тәжірибесі бойынша Жаяу Мұса қыран құстарды алыстан іздемей, оларды өзі отырған Далба, не оған көрші тұрған Қуу, Дегелең тауларының ішінен ұстап, өз қолымен тәрбиелеп, баулитын болған. Аңшылықпен байланысты қысқаша бажайлар Жәкеннің дәптерінде ауық-ауық кездесіп отырады. Соның бірі жаз күні бүркіттің түлегені. Ол туралы Жәкен былай деген: «1916 жылы, июннің 28-күні бүркіттің тұяғы мен бір қанаты түсті» - демек бүркіт түледі, ескі қанатын, ескі тұяғын түсірді, енді жаңа қанат, жаңа тұяқ шығып күшейді – деген үмітте болады. Сол жылы «Декабрьдің 24-күні екі үкі, бір қоян түсті» деп жазады. Бірақ оларды немен, қалай ұстағанын айтпайды. Қазақ тіршілігінде, әсіресе қызы көп үйлерге үкі асырау бұрын халық салтының бір түрі болған.

Үкі оларға сұлулық, әшекей үшін керек болған. Сондықтан бір шөк үкінің өзін олар өте қымбат бағамен алудан мойымаған. Жаяу Мұсаның үкі алдыруы халықтың үкіге құмар болуының ашық бір суреті. Тазы аңшылығымен байланысты дәптерінде тағы былай деп жазады: «Июньнің 13-күні ақтазы» ұйықты, тағы сол жылы «декабрьдің 28-күні көк тазы күшіктеді,

үшеуі еркек, екеуі ұрғашы. Алдыңғы туганына және ұрғашыларына жіп тақтым». Қысқа-қысқа жазылған қарапайым сөз болса да, одан Жаяу Мұсаның аңшылыққа жүйрік тазыға құмар болғаны аңқып көрініп тұр. Және ол өзінің көп жылғы тәжірибесі бойынша, алдыңғы туған күшік пен ұрғашы күшіктердің өзгесінен артық болуына кәміл сенеді, сондықтан басқа кісіге бермеу үшін оларды белгілеп, мойнына жіп тағып қояды.

Жаяу Мұса осылай аңшылық, серілік қызығына түссе де, тоқсаныншы жылмен 1900 жылдар арасында ол тағы да үлкен соққыға ұшырайды. Бұл жылдары оның жақсы көрген көп үміттенген екі баласы Бөрібай мен Зікен шешектен қайтыс болып, алпыстан аса бастаған Жәкенді қатты күйзелтеді (дәптерінде): Бөрібай кетті бұ дерттен, Зікен де кетті бұл дерттен, берсеңші тәңірім артын). Бірақ тәңірі оған артын бере қоймаған. 1900 жылы аяулы жұбайы Сапар отыз жеті жасында, өзі жоқта қайтыс болып, Жаяуды мүлде күңіретіп, зар қақсатқан. Жыр Сапарға:

*Жатырмысың ей, Сапар,  
Топырақпен пара-пар,  
Қара шымды жамылып,  
Қалғаның ба гүл-гизар?  
Жаңа келдім қасыңа  
Абдысалық қасыңда,  
Топырақ басып қалыпты  
Отыз жеті жасыңда.  
(Омбы дәптері)*

Осы жылдары қайғы үстінде жүріп, Жаяу Мұса «Сапар», «Қоңыр», «Гауыар қыз» деген толқынды терең зармен, өксімен келетін өлең-әндерін шығарды. Бұл әндерін қазір ешкім білмейді, білсе де бұзып айтады. оны Бошанай айтқанда адамның сай-сүйегін сырқырата



айтушы еді. «Сапар» әнін айдалада, Шідерті өзенінің бойында тыныстап жатып айтқызғанда Бошанайдың өз көзінен жасы мөлдіреп отырғанын көрдім. Дегенмен, Жаяу Мұса өмірдің не түрлі сокқысын көрсе де, ауырлықты жеңе білген. Оның үстіне оның ескі достары да Жәкенді кайғы-мұңның құшағында қалдырмаған. Жаны сергек, өнерпаз, ару адамды ескі достары еліне шақырып, көңілін көтеріп, басынан кешірген оқиғасын тыңдап, оның басына түскен ауыр күндерін бірте-бірте сергіте берген.

Жаяу Мұсаның мұндай камыққан кезінде оған күш беріп достық қолын созғандар жоғарыда көрсетілген Байдалының Мұстафасы, Арыстанбайдың Имамбегі, Шөкеннің Құдайбергелі, Шоқаманның Әбділдасы, Айдарбек сал, тағы басқалар. Жаяу Мұсамен кездескенде:

– Менің ең жақын жанашыр дос-жарандарым осылар болатын. Мен «қашқын» болып жүргенде кесірім осыларға тие ме деп көп ойлаушы едім. Патша ұлықтары оларды мен үшін қысып, әуре қылмасын деп, жазған арыздарымда оларды да жауымның қатарына қосып қоятын едім. Бірақ кімнің қас, кімнің дос екенін ішіміз жақсы білетін. Жаяу Мұсаның камыққан көңілін сергітуге болысқан кісілердің екінші тобы әнші-серілер, саятшылар, олардың ішінде атақты Айдарбек сал оның баласы жас балуан Ысмак, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, тағы басқалар. Айдарбек әрі сал-әнші, әрі балуан, әрі ойыншы. Айдарбекті Қажымұқаннан бұрынғы қазақтың бірінші рет қырдың бес дуан елі бас қосқан Мұсаның асында, 1885 жыл айқындайды. Айдарбек осы аста өзінің қара құлақ деген атын ойнатып, ән салып, балуан күреске түсіп бірінші бәйге алады. Бұл асқа қатынасып, Айдарбекке разы болған Саққұлақ би:

қан майданда халыққа абырой әперген, сені тугызған апаннан айналайын деген. Өйткені, бұл асқа Омбының бес уезінің ұлықтары тегіс қатынасып, қазақ халқында неше түрлі мәдениетті ойындар оның ішінде атпен ойнайтын ойындар бар екенін өз көздерімен көріп, тамаша қылған. Сол Айдарбек кейін Жаяу Мұсаның ең жақын достарынан болған. Оның баласы Ысмак, о да әрі әнші, әрі балуан, әкесінің ізін қуып, Жаяу Мұсаның жас достарының және шәкірттерінің бірі болады. Жаяу Мұсаның әндерін, өлеңдерін тегіс жатқа біліп, өзіндей тапжылтпай айтатын кісінің бірі болған.

Жаяу Мұсаның жас күндегі бунтарлық, ерлік ісіне еліктеп, оның әндерін халыққа таратқан әнші-серілердің ең атақтыларының бірі Ермағамбет Игібаев екеуі де ескі Аккелін болысына караған Қаржас, мұның екеуі де Мәди мен Балуан Шолақ сияқты әлеуметтік қиғаштықтың күшейген кезінде, Стольпин реакциясының лаулап жанып тұрған кезінде шыққан бунтарлар. Бұлардың ұстасқан кісілері бір жағынан ескі кереуіз болыстар болса, екінші жаңадан құрылып жатқан поселкелердің кулактары. Ермағамбет - ол кездегі ірі бай Бақтыбайдың немересі. Қыстауы Сайтанды өткелсіз Шилі деген өзеннің жағасында, Ботақара дейтін жаңадан құрылған қонысқа таяу тұратын. Жас әншінің тағдырына осы поселкемен байланысты оқиғалар себеп болып, сол үшін көп заман оның өмірі қыспақта өтеді. Балуан Шолақ сияқты, Ермағамбетті де қоныстың малын ұрлады деп, бес жылға Атбасар даласына жер аударады.<sup>61</sup> Атбасар даласына барған соң, Ермағамбет Есіл бойындағы елді аралап, өзінің тамаша әндерімен халықтың көңілін тартады. Баянаулада айтылатын Жарылғанбердінің, Жаяу Мұсаның әндерін ол жерге кеңінен таратып, Атбасардың атақты әншісі Сәтмағамбетпен танысады.

Одан «Әуілдек» әнін үйреніп, кейін оны Баянаулаға әкеліп таратады. Бірақ бұл әннің текстін Ермағамбет өзінше шығарып алады. Әуілдек әнін Сәтмағамбет ерте кезде «Ит жеккенге» айдалған жас жігітке арнап, оның қарындасы Дәмеш қыздың атынан шығарған. Оның Сәтмағамбет айтатын тексті былай:

*«Біз жүрдік Әуілдекті қоныс етіп,  
Тәңірінің бергендерін несіп етіп.  
Күнде той, күнде жиын, қайран елім,  
Қалды әне, қара көзден бір-бір ұшып.  
Әуілдек айдын шалқар көл болады,  
Жағалай әуілдекті ел қонады.  
Ежелден ата-баба қоныс еткен,  
Суы бал, шөбі тәтті жер болады.  
Қар басты Әуілдектің қамыстарын  
Айтады әркім көрген қасірет зарын,  
Көңілі қайғылының қара тұман  
Кім білер қашан оның ашыларын*

Бұл әннің сөзін үзінді түрде революция кезінде бірінші рет жазып алған Бимбозс.

«Әуілдек» айдауда жүрген Ермағамбет әншінің жан күйіне өте ұйқас болып көрінген. Ермағамбет бұл әннің әуенін бұлжытпастан алып, тек оның сөзін өз күйіне жақындатып айтқан Ермағамбет тексті:

*Қамысы Әуілдектің мүше-мүше,  
Сарғайдым мен Есілдің суын іше,  
Жез қанат құсқа біткен маған бітсе,  
Барар ем Сәйтандыға әлденеше.*

Бұл ән қай әншінің сөзімен айтылса да патша үкіметіне қарсылық түрінде айтылған. Оның негізін жасаушы одан бұрын әрине Жаяу Мұса болған.

Жаяу Мұсаға жан күйі аса жақын болып, оның өмірін, әндерін әуес еткен әнші-серілердің бірі Арап

қашқын. Бұл аса алғыр, дарынды бетінен қайтпайтын ер кісі болған соң, Жаяу Мұса оған арнап «Арап батыр» деген белгілі өлең-әннің шығарады. Араптың әлеуметтік ісі Мади, Балуан Шолақ, Ермағамбет сияқты өзге бунтарлардың ісімен бірдей. Оның өзіне қойған міндеті, халықты аяусыз жәбірлейтін болыстармен ұстасу, не күш көрсететін көрші кулактармен айқасу. Осының зардабынан Арап ояз тарапынан қатты қуғынға ұшырап, Баянауыл төңірегінде тұра алмайды. Ығысып Қарқаралы жеріне ауысып, атакты Бөденің қолына барып тұрады. Бөде Серікұлы ол кездегі Қояныштағай елінің болысы, белгілі беделді адамдардың бірі. Бірақ Бөде өзге болыстардай патша үкіметіне артық бас имеген, оның айтқандарын кейде орындамаған. Патша үкіметі оның халық ортасындағы күшті беделін пайдалану мақсатымен оған қанша сый-сияпат көрсетсе де, Бөде олардың әділетсіз істеріне жирене қарап, кейде күш көрсеткен ұлықтарды суға салып сабатып отырған. Бөде осындай ерлік істерімен аз уақыт бунтарлардың мықты көсеміне айналады. Өзінің бунтарлық ісімен ояздан, залым болыстардан жәбірлік көрген жас әнші, сері жігіттер Бөденің қасына жиналып, ойын-сауық құрып, онда келген ұлықтарды мазақтайтын болады. Соның бірі «Қырық жігіттің басшысы» деп саналған Арап батыр. Бірақ бұлардың бөденің үйінде жатып істеген бунтарлық ісі ұзаққа созылмайды. Болыстардың, Қарқаралы уез басқармасының көрсетуі бойынша, Дала уалаятының өлейетінің генерал-губернаторы Бөденің үйін түбінен күйретіп, оны үрім-бұтағы мен Зайсан уезіне жер аударуға бұйырады.<sup>62</sup> Бөденің үйінде Сұрша қыз деп аталған әрі ақылды, әрі көркем сұлу қызы болған. Арап әнші келісімен ол қыздан көзін айырмайды, екеуінің махаббаты күн-түн сайын арта

береді. Бірақ олардың тілегі оразды бола ма, жоқ па, албырт жүрек оны керек қылмайды. Әлден уақытта Бөденің көп баласын ұстауға Қарқаралыдан полиция шықты деген хабар сап ете түседі. Оны естіген Арап, ешбір бөгелместен сол күні түсетін түнде Сұрша қызды алып Көкшетауға тартады. Бірақ, үміт пен сескенудің арасында келген Арап бұл жерде Сұрша қызбен бақытты болып тұра алмайды. Өйткені бұл жердің болыстарының арамзалығы өзге жердің болыстарынан кем түспейді. Зайсанның болысы Араптың атақты қашқын екенін сұрастырып біледі, оның қасындағы Сұрша қызға құмартады. Қорғаусыз, тегін дүниеге қызыққан залым болыс, бойы шіміркенбестен «Қашқынды ұстадым» деп Арапты абақтыға отырғызып, Сұрша қызды тоқалдыққа өзі алады. Сұрша қыздан айрылған Арап, Көкшетаудан Омбы абақтысына «этаппен» бара жатып, оған арнап өзінің атақты «Сұрша қыз» деген әнін шығарады. Бұл әннің бірінші куплеті ғашық жарынан айырған ар, әділетті білмеген, арамза болыстың қабан жүректігін әшкерелеуге арналған. Бұл куплеттің Арап шығарған түрі былай:

*Шын жүрек тұра алмайды ғашық жарсыз  
Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз.  
Дарияның жазға соққан толқынындай  
Көз салған көрінгенге көңіл арсыз.*

Бұл соңғы сөзбен Арап Зайсан болысқа тиіскен. Екінші куплеті Сұрша қыздың артында қалып қойғанын өкініш ету «Ғашық болған Сұрша қыз, Көкшетауда қалдың-ай». Үшінші куплеті үмітті, үміттенуді асқар бел етіп ұстаған Арап, ілгергі өміріне зор үмітпен қарап, бұдан да босанармын, Сұрша қыз сенімен тағы қосылармын деп көңілін көтереді.

*Неше жыл жүрсем-дағы бұл айдауда  
Шыдармын, қажымастың денім сауда.  
Дәм жазып осы жолдан аман қайтсам  
Сұрша қыз, көрісерміз Баянтауда.*

Қазіргі музыка зерттеушілер бұл әнді Жаяу Мұсаға қосып жүр. Бірақ бұған шындық көзімен қарап, бұл әннің мазмұны тегісімен Арап пен Сұрша қыздың махаббатын суреттеуге арналғанын айту керек еді. Арап Жаяу Мұсаға өте жақын кісі болған. Сондықтан бұл әнді ол кісі Арап атынан жазуы да таң қаларлық нәрсе емес. Қазақ тілінде «Дала уалаяты» газеті шыға бастағаннан былай, Жаяу Мұсаның ой жұмысына көңіл бөлуі бұрынғыдан көрі де күшейе түседі, Жәкең газет оқумен шұғылданады, газеттерде басылған қызық мақалаларға ерекше көңіл аударып, олардың қысқаша мазмұндарын өзінің дәптеріне жазып отыруды әдет етеді. 1905 жылдан кейін және октябрь революциясының алдында шыққан газеттерден Жаяу Мұсаны оқығаны «Жұлдыз» (татар тілінде), «Уақыт» (Ода), «Қазақ», «Сары арқа» газеттері. Дәптері бойынша онда қараған мәселелері саясат, соғыс туралы, шаруашылық мәселесі, жұмысшы кедей-жарлылардың өмірі, диканшылық, соғыстың зияны, 1916 жылғы қазақ көтерілісі кезіндегі оқиғалар, пағша үкіметінің 19 кісіні тұтқынға алғанына ой бөлу, азық-түлік мәселесі. «Русияны астықпен асырайтын 80 миллион шаруалардың қарулы жастары тегісімен соғысқа кетіп, тек қатын, бала мен кәрілері ғана қалды. Егер бұларды алатын болса Русия мұқым астықсыз қалатын болу керек. Қазір шаруа күйзеліп, мұжықтар тобымен жарлы бола бастады. Олардың ағаш дүйірмендері қаусап біткелі тұр» дейді.<sup>63</sup> 1914-1916 жылдардағы соғыс пен саясат мәселесіне тоқталып, «қазір дұшпан бұлты қалындап, күннен-күнге түнеріңкі болып барады...



Патша мен жұрт арасы сондай ашылып болды. Патша қанша сірескенмен айналдырған ауру алмай қоймайтын шығар».<sup>64</sup> Жаяу Мұсаның осындай саяси терең ойларға көңіл қоюы, оның көзі ашық дүниені бірталай таныған, саңылақ кісі болғанын сипаттайтын дәлелдің бірі. Екінші жағынан Жаяу Мұсаның толық жазылмай қалған бұл ой толқындары. А.Н. Белослюдовтың Г.Н. Потанинге жазған ойларымен өте үндес болып шыққан. А.Н. Белослюдов Г.Н. Потанинге жазған хатында не деген еді? «У киргиз взгляд на вещи шире, чем я думал. К мировым событиям интерес большой. Гонцы по всей степи разносят новости, в степи толкуют о Петрограде, о начинающих... (революционных событиях).<sup>65</sup> Революция толығымен қазақ халқының ашық оянганын Г.Н. Потанинде Петроградқа жеткізіп отырған. Ол өзінің С.Ф. Ольденбургке жазған хатында былай деген: «Русское освободительное движение расшевелило киргиз, татар, бурят и якутов, остались не затронутыми остяки и тунгусы».<sup>66</sup> Бұл келтірілген мысалдар бойынша революция қарсаңында қазақ халқы жәй ұйықтап жатпаған, олар күндіз-түні құлағын революция дабысына тігіп, оның тез болуын күткен. Бұл ұлы оқиғаға ойын көп жұмсап оның болуын жан-тәнімен күткен кісінің бірі халық композиторы Жаяу Мұса болған. Оның бұл ойларын оның дәптерлері жарқын әдемі көрсетіп бере алады.

Жаны сергек, сезімі толқынды Жаяу Мұса қартайған шағының өзінде жаңалықсыз, думансыз, халықсыз отыра алмаған. Жаны күйлеп, шабыты тасығанда ол өзінен-өзі гөй-гөй тартып, әфсана оқығандай, көз ашып жұмғанша халықты өзіне тартып алған күндері болған. Бір жерде отыру мезі қылғанда ол басқа елді аралап, өзінің шырқап салған құйылма әндерімен оларды үлкен

қуанышка келтірген. Оның әнді көп шырқап, сауықты көп құрған жері Қоянды жәрменкесі, Баян қаласы, Ақмола дуаны. Көп барған, жақсы көрген жері өзінің туып өскен ортасы Қаракесек елі. 1916 жылы, 81-ге келген Жаяу Мұса бүгін, «2-ші июльде Қаракесек еліне жолаушы шықтым» деп жазады өзінің дәптеріне.<sup>67</sup> Өзіне жақын, жерлес елді Жаяу Мұса әрқашан жаз шыға, ел Шідерті өзенін жайлап отырғанда аралап көреді. Бұрынғы серілердің тәртібінше ол қашанда қасына бірекі әнші жас жігіт ертіп, қолына не лашын, не қаршыға ұстап, өзен бойында құс салып, қызық көріп жүреді. Жаяу Мұса келгенде халық тобымен жиналып, оның желіге айтатын сөзін, шырқап салған әндерін мүлгі тыңдап, бір жасап қалатын.

Менің он жасар бала кезімде Мұсаны оның ескі досы Имекең шақырып, көп сыймен қайтарғаны әлі есімде. Ол кез менің ауылдағы мектепте оқып жүрген кезім болатын. Жаяу Мұса күн сайын біздің мектепке келіп, бізді оқытатын татар мұғаліммен бақас таластыратын.

Жаяу Мұса тапал бойлы, ашаң келген, көзі өткір, сопаң бетті, ақсұр кісі болатын. Ол кезде оның киетіні қызыл-күрең кәрістен тіккен қызыл қамзол, қызыл шалбар, аяғында жеңіл кебіс-мәсі, басында әдемі пұшпақ бөрік (совет дәуірінде ол бөрікпен фотоға түсті).

Кешке жақын адам тобы ауылдың сыртында алқа қотан отырып киіммен, ойнақы жеңіл денесімен, төпеп айтатын сөзімен ерекше көзге түсетін. Мұндай бас қосуда Жаяу Мұсаның еліне айтатын өзінің басынан кешірген оқиғасы, оязбен болыстармен қалай ұстасқанның суреті, қашқын болып жүргенде көрген-білгендері, Кенесары, Сейтен, Тайжан оқиғалары, тағы басқалар. Бұл оқиғаларда Жаяу Мұса толқынды қара

сөзбен бастап, қызған кезде домбыраға қосып әнмен шырқайтын. Оның «Жөкеңе», «Шұғайыпқа», «Арапқа», «Бәшерденге» деген әндерінің адамның жан күйін, жүрегін толқытуы сонша, отырған қариялардың «тағы айтшы» деп сұрап отырғанын көрдік.

Жаяу Мұсаны мен соңғы рет 1924 жылы көрдім. Маусым айының соңғы кезі еді, Қоянды жәрмеңкесінен шығып, ол ауылға жете қонуды ойласа да, жолшыбай Ертісбайдың Адхамы жібермей, сонда қонып шықтым. Ертеңінде Адхам басшы болып, мені Жаяу Мұсаның аулына апарды. Қарағайлы бұлақ деген жерді жайлап отыр екен. Келсем әдемі бие бауда он шақты күмістей ақ үйлер тігулі тұр. Оның алты канат ең үлкені, сол кезде Далба елін билейтін, Жаяу Мұсаның немере баласы Мәлік Қалиевтың үйі екен. Ауылда жөн білетін еркектен ешкім жоқ екен. Адхам аттан түсіп, сыбырлап Мәліктің шешесіне менің келгенімді айтты. Ол кісі адуындау кісі екен, жүгіріп келіп менің мандайымнан сүйіп, қолымнан жетелеп үйіне ала жөнелді. Сол арада Әмірдің бәйбішесі Жанкүміс килігіп:

– Апа-ау, атам тұрғанда қайда апарасын? – деді. Оған Адхам қосылып:

– Әуелі қартқа сәлем берсін, сіздің үй қашпайды ғой деді. Мәліктің шешесі (атын ұмыттым) жерден жеті қоян тапқандай, мені дедектетіп, енді Жаяудың үйіне ала жүгірді. Ол екі ортада Жанкүміс қартқа барып хабар береді. Мен есікке таянғанда қарт есікті шала жауып, ар жағынан сығалап тұр екен. Біз босағаға жеткенде:

– Пропуск. Без пропуска не допушу - деді.

Содан кейін көзінен жасы мөлдіреп құшағын жайып:

– Кел, қарағым, амансың ба? Мәкемнің көзісің ғой – деп мені аймалап, нискеп, сүйе бастады.

Бұл кезеңдердің көңілге мықты орнауы сонша, әлі күнге ұмытылған жоқ. Әлі де көз алдымда суреттелетін жеңілтектеу мінезі бар, ақылды, сүйкімді, қаршығадай, құйқылжыған сұлу қарттың бейнесі. Мен көргенде Жаяу Мұса тоқсанды қусырып жүрген, қадірлі жастағы адам болатын. Бірақ әлі тың, сөйлегенде құлшына сөйлеп, жас күнінде қай жерде болғанын толқыған күшті сезіммен айтып отырды. Оның сақал-мұрты, шашы да мен көргенде толық ағарып болмаған, көз жанары әлі өткір, қарағанда тұңғық кішкене көзімен адамға ой түсіре терең қарайтын. Өткен замандағы басынан кешірген ауыр азаптарды көрсететін бір ғана бетіндегі әжім. Бірақ соның өзінде оның сымбатты дене құрылысы, сүйкімді бет әлпеті жақсы сақталған. Жаяу Мұса қыр мұрынды, ат жақты, кең мандайлы кісі еді. Ерні үрпектеу, иегі сопақ, сақал мұрты өте сирек болатын. Жалпы айтқанда баласы Салыққа өте ұқсас, бірақ одан ақшылдау бет ажары сыпайырақ болатын. Мен көргенде ол жас күніндегі әдемілікті сүйетін салдың мінезін әлі тастамаған. Кірпіксіз ақ жағалы көйлек, одан шығып тұрған қоңыр-қызыл мойын орамал, әдемі тігілген қамзол, оның үстінен жамылған сұр шапан. Осы қалпында бір-екі жылдан кейін ол фотоға да түсті. Салдық мінез оның жүріс-тұрысында да, жасаған қимылдарында да әдемі сақталған. Жүргенде оның жүрісі аса кербез, аяғын көсілте ырғала басып, қойқандап «сал бөксе» түрде жүреді. Келе жатып біреуге қарағанда көзін төңкере қарайды. Кейінірек тап осындай жүрісті Шыңғыстауда, Мұхтардың үйінде болғанда, Өтегелді серінің жүрісінен көрдім. Мұндай жүрісті оқыған кісілерден жақсы көрген А.Ермеков еді.

Демек, салдардың жүрісі көп ғасыр ішінде қалыптасқан тұрпайылыққа қарсы рухани тіршіліктің әдемі бір көрінісі. Адамды сыпайылыққа, сұлулыққа тәрбиелеу үшін салдардың бұл тіршілігінің әлеуметтік маңызы өте зор болған. Сол рухани азықты қартайған шағына дейін тапжылтпай ұстаған атақты серілердің бірі Жаяу Мұса еді.

Революциядан кейін Жаяу Мұсаның өзінің, туыскандарының тұрмысы бірталай шарықтап, жоғары көтеріле бастаған. Ол олардың әдемі киінуінен, көптеген ақбоз үйден ашық көрінетін. Тұрмысы сәл оңала бастаса ақбоз үй жасап алу қазаққа артық қиын болмаған.

Мен Жаяу Мұсаны таза жиылған бес канат шымқай ақбоз үйдің ішінде көрдім. Қарт әнші қалыңдығы жарты метрдей жұмсақ төсектің үстінде, үйге кірерде оң жақ іргесінде отырады екен. Одан төмен, шидің ішіне таяу кішкене қара саба тұр. Сол жақ босағада, тұғырдың үстінде қылмыңдап әдемі қаршыға отыр. Ол анда-санда шықылдап әншіден көзін айырмайды. Түрі не жем керек етіп, не далаға алып шықса деген тілегі бары сезіледі. Жаяумен әңгімелесіп отырғанда байқағаным, бұл үйге жанын салып, оның шаруасын басқаратын үлкен келіні Жанкүміс екенін көрдім. Ол немере баласы Әмірдің бәйбішесі болатын. Баласы Салық үйде жоқ екен. Кісі күтуге төселген Жанкүміс оның бар-жоғын білдірген жоқ. Шәй ішіп отырғанда Жаяу Мұсаның айтқаны: Бүгін еш қайда кетпейсің, біздікіңде қонақ болып жатасың. Күн ауып салқын түссе үшеуміз қаршыға салуға шығамыз – деді.

Біраз отырып: – Әлде атаңа тартпаған шығарсың? Орыс болып кеткен кісі қаршыға салуды жек көретін шығарсың? – деп тағы түйреп алды.

Шәйді бір ұрттап алып:

– Атанның қалай өлгенін білесің бе?

– Ауылда естідім.

– Естісең, ол кісі аса аңқұмар болатын, жас күнінде

Бәйтен салға еріп, атаның дәулетін біраз шашты. Кейін Құсайынмен алысты. Бір жылы би балаларымен бірігіп, Құсайынның орнына Бүркітбай Тойбазар ұлын отырғызды. Бүркітбайды қасастықпен өлтірген соң, Бокшалды қоямыз деп күш салған ояз оған көнбеген, Құсайынның өзін қайтадан отырғызды. Сонда сайлауда болыс барған Құсайын шүйдесін жоғары көтере Мәкеңе қарап:

– Уа, Мәке қалай болды? – дегенде, бабаң жұлып алғандай

– Құсайынжан, несің айтасың, Құсайынға ерген құстай ұшып, Бокшалға ерген бөк болды ғой – дегенде жұрт қарық болып күлген еді. Сол Мәкем Дауылбай шатында түлкіге бүркіт қосып жүргенде аты тастап құлап содан қайтыс болды. Алдында бір түлкі алдырып, насыбайын атып тұрған еді. Ойдағы қағушылар тағы да кикү салып айғай көтергенде аты да бүркіті де елегізі бастайды. Тасты айнала қашып жүрген түлкіні көрген соң бүркіт қолынан жұла жөнеледі, ат та одан қалғысы келмейді. Содан аты ойға қарай домалап кетеді. Мұның бәрін өз көзіммен көрдім. Көргенім былай тұрсын, бала күнімде домбыраны да сол кісіден үйрендім, құс салуды, Құсайынмен ұстасуды да сол кісіден көріп істедім дейтін.

Жаяу Мұсаның жаңадан табылған бір топ өлеңдері 1959 жылы, Шоқан Уәлихановтың әдебиет мұраларын зерттеу үстінде, Одақтық география қоғамының Омбыдағы бөлімінен сақталған екен. Бұл шығармаларын Жаяу Мұса 1901 жылдың соңында Семей



облыстық Санақ басқармасының хатшысы Николай Яковлевич Коншиннің өтініші бойынша құрастырып, сол кісіге жіберген екен, Коншин оны география қоғамының Омбыдағы Күнбағыс-Сібір бөліміне жолдайды. Жаяу-Мұса өлеңдерінің қолжазбасы бүгінде сол география қоғамының қасындағы Омбы музейінің кітапханасында, Коншин архивінде сақталып тұр. Бірақ өкінішті нәрсе, бұл архив бүгінге дейін ғылыми түрде реттеліп тіркелмеген, оның аты-жөні, шыққан нөмірі әлі күнге жоқ. Ол тек болжаусызда, қырағы көздің кенеттен түсуімен кездеспесе, оның бар-жоғын ешкім білмейді. Омбы архивінде Жаяу Мұса өлеңдері барын өткен алпыс жылдың ішінде ешкім білмеген, ол көп заман белгісіз болып шаң басып жата берген.

Коншинге тапсырған өлеңдерін Жаяу Мұса бір дәптерге топтап, оған «Шытырман Фибрат өлең кітабы» деп ат берген және қолжазбада ардақты әншінің өз қолымен түзеткен жерлері де аз емес. Бұл дәптерге кірген өлеңдері:

1. Секретарға өлең.
2. (Баянаула дуанында) жиылыста айтылған үгіт.
3. Данышпан қызы (поэма, негізі араб әдебиетінен алынған).
4. Қазақ сыйлары
5. Жұлдыз (Қазақ календары)
6. Мола (Мұсаның қатынының моласында айтқан сөзі – жалғыз баласы Салықпен).

Сөйтіп, Жаяу-Мұсаның бұл дәптері «Секретарға өлең» деген арнаумен басталады. Бұл өлеңін Жаяу-Мұса сол кездегі белгілі орыс ғалымы, әрі қоғам қайраткері, Н.Я. Коншинге арнап, ол кісінің хатына жауап ретінде жазған. Өлеңнің аңқып тұрған ароматы, көркемдік поэзиялық қасиеті кем болса да, оның мазмұны сол

кездегі прогресшіл орыс оқымыстылары мен Жаяу Мұса сияқты қазақтың алдыңғы, көзі ашық адамдарының ой-тілегі, бағыты бір болғанын көрсетіп, олардың достық, туысқандық байланысы берік болғанын сипаттайды. Өлеңде былай деген:

*Жібердім осы өлеңді Сізге жазып,  
Патшалық тілеуінде қазақ ғарып,  
Қазақ жұрты көп заман қараңғы еді  
Бүгінде дүние жүзі болды жарық.*

Н.Я. Коншиннен хат алғаны туралы Жаяу-Мұса былай дейді:

*Семейлік, Павлодар мен Далба елінде,  
Мен алдым декабрьдің жиырма бірінде.  
Секретарь статистік жазған екен.  
Он бесінші ноябрьдің дәл күнінде.  
Бір мың тоғыз жүз бірінші екен жазған жылы,  
Жіберген бір жүз отыз нөмірінде.*

Бұл жолдарды Жаяу Мұса өте қарапайым, кеңсе тілімен жазса да, оның бұл өлеңдер тобы қалай туып, оны қашан ғылыми орындарға жібергенін ашық көрсететін керекті дерек екенін көреміз.

Кіріспеден басқа Жаяу Мұса дәптердің соңғы өлеңінде Коншинге арнаған. Онда былай деген:

*Жібердім секретарь, сөз ұнаса  
Көп өлең шығар еді ой толғанса,  
Оязым Павлодар, елім Далба  
Байжанов қолын қойды жазып Мұса.  
Мұны жазған Мұса атым сочинитель  
Орыс ғалымда ақыл көп қой, қылмас қатал,  
Жәрдем үшін секретарь Сізге жаздым  
Тағы өлең жіберуге болып батыл.*

Бұл ишаралап жазудың жобасына қарағанда, ел ішінде тіршілік күресімен қажыған Жаяу Мұса жоғарғы

орындарда жүрген оқымысты орыс ғалымдарына өзінің мүддесін айтып, солар арқылы күш алғысы келгенін сездіреді. Онымен қатар, көзі ашық сезгіш ақын, ол кездегі қазақ ауылының мәдениеттен кенде қалып, ел ортасында сауда-саттық, мәдениет ошағы болмағанын уайымдап, мәдениет ісіне ие болып жүргендер бір ғана тілмәш екенін білдіреді. Мәселен:

*Қағаз жоқ, қара сауыт, қалам, сия,  
Базар жоқ, ұстамады біздің ая,  
Тілмәштан сұрағанда мұлы берді,  
Бұған да қалдым өзім қатты ұяла.*

Жаяу Мұса өлеңдерін арнап отырған бұл Н.Я.Коншин кім еді? Ол сахараны мекендеген қазақ қауымының сол кездегі тарихы, мәдениеті, экономикасы туралы бірталай күрделі еңбек жазған, орыс халқының прогресшіл адамдарының бірі болатын. Ол ту баста Петербордан айдалып Семейге келіп, кейін қазақ халқының тіршілігін зерттеуді сүйгендіктен осында қалып қояды.

Н.Я. Коншин бір ғана Жаяу Мұсаның өлеңдерін жиып қойған жоқ, ол қазақ әдебиет мұраларын көп жыл бойы және бірнеше өлкеден жиған. Оның архивінде сақталып тұрған материалдар сол кездегі Өкпекті, Қара Оба, Аршалы, Абралы, Айыртау, Сарытау, Мұқыр, Алқакөл, Шыңғыстау, Ұлан, Қарқаралы, Баянауыл аймақтарынан келіп түскен.

Солардың ішіндегі ең бағалысы әсіресе Абай мен Жаяу-Мұсаның өлеңдері. Абай шығармаларынан Коншин архивінде сақталып тұрғандары:

1. Шокпардай кекілі бар қамыс құлақ,
2. Жасымда ғылым бар деп ескермедім.
3. Секілді Қара-қарға шуласып жүр.

Бұлардан басқа «өткен замандағы қазақ хикаялары»

(аңыз сөздер), оның ішінде «Есімхан әңгімесі», «Алдар көсе», «Шортанбай өлеңдерінің екі нұсқасы, оның орысша аудармасы. Осы мағлұматтарды жинап берушілердің біреуі Абралы болысынан Коншинге мына шумақты арнаған:

*Атпекет Коншин затың, ақылың дана,  
Әрқашан құдай болсын Сізге пана,  
Тағы да бізден керек өлең болса  
Хабарын жеткізіңіз хатқа сала.*

Осындай қазақ ақындары мен білгіш адамдар мен хат арқылы байланысу жүзінде Н.Я. Коншин халық әдебиетінің көп байтақ материалын жиып алады. Сондай кеніштің бірі Жаяу Мұса өлеңдері. Оның ішінде аса құндырағы календарь жыры («Жұлдыз»), Мұсаның әйелі Сапарға шығарған өлеңі.

*Жатырмысың, ей Сапар  
Топырақпен пара-пар.  
Қара шымды жамылып  
Жатқаның ба Гүлгизар?*

Жырдың сарынына қарағанда Мұсаның жақсы көрген әйелі Сапар өзі үйде жоқта, қайтыс болғаны сезіледі. Сондықтан ақын көре алмай қалған жұбайының өкінішін егіле жырлап, зұлымдық бұғауын бұза алмағанын күйініп айтады.

*Қалыпты көрмей жүзіңді  
Естідім айтқан сөзіңді,  
Жеткірмей хабар бір адам  
Келтіре алмадым өзімді.*

Бұл топтағы Жаяу Мұса өлеңдерінен мазмұны жағынан ең мағыналысы «Жұлдыз» (қазақ календары). Бұл өлеңді Жаяу Мұса ақын Абайға еліктеп жазғаны байқалады. Өлеңнің негізгі желісі жыл ішінде болатын он екі ай, әр айда болатын күн райы, онымен байланысты

мал баққан қазақ шаруаларының тіршілігі. Ел тұрмысын жүйрік білетін ақын соларды орны-орнында сипаттап, әр айдың өзіне қас ерекшеліктерін суреттейді. Мәселен:

*Күз басы аз сентябрь*

*Бақмаса бұлттан бір тамыр.*

*Алты айға тартар бір күні*

*Жақсылық шаруаға өзің бер.*

Екінші түрде айтқанда қыстың қандай болатынын сентябрь айындағы бұлттың «тамырынан» білуге болады. Егер қыс қатты болса оның бір күнінің өзі қоңыр қыстың алты айына бара-бар болар еді. Ондай қыста шаруалардың тіршілігі тек қана жаратылысқа бағынышты дейді. Бұл өлеңнің бір ерекшелігі Жаяу Мұса оны өзі сүйіп айтқан «Хауліліляу» мотивіндегі «Құлыбай байдың ешкісі» атты өлеңінің өлшеуімен, домбыра ырғағына түсіріп жазған.

«Қазақ сыйлары» деген өлеңінде көзге түсерлік нәрсе Жаяу Мұсаның Абайды есіне түсіруі, кемеңгер ақынның шығармаларына оның алыста жатып үн қосуы. Бұл өлеңінде, Жаяу Мұса да, жырдың қасиетін кетірген тіленші ақын, өлеңшілерге Абай жирене қарап, өзі шығарған өлеңдерін жұртқа пәш қылмай, тек қолжазба түрінде сақтағанын білдіреді.

*Ән домбыра кемшілік деп мен естимін,*

*Бар дейді жазу өлең Ыбырайда.*

*Атасы Ыбырайдың ол Құманбай,*

*Теңелген заманында қыр менен сай.*

*Бүгінде Ыбырайдан сөз тарап*

*Екі адам жай жүрмейді бір ұрынбай.*

Демек, Абайдың өлеңдері сол кездің өзінде халық ортасында зор әсер етіп, оның ойын, әдетін қауым тіршілігін жаңа бағытқа түсіріп, ескілікке қарсы үгіттеп, жаңа тұрмысты жақтауға бейімделгенін білдіреді.

Әдебиет тарихы тұрғысынан қарағанда бірталай бағалы нәрсенің бірі «Данышпан қазы». Бұл Жаяу Мұсаның атын әдебиет тарихына толығынан кіргізетін, аумақты сюжеттік поэма. Мұның негізгі арқауы араб әдебиетінен «Мың бір түн» хикаясынан алынған. Араб әдебиетінде кездесетін бейнелерді (қасапшы, майшы, өтірікші, алдамшы, данышпан қазы, тағы басқалар) Мұса қазақ оқушыларына түсінікті етіп беруге тырысқан.

Жалпы айтқанда Жаяу Мұсаның ақындығынан әншілігі басымырақ жатады. Оның өлеңдерінің көбі тек мазмұн жағынан болмаса, көркемдік, ақындық тіл, бейнелеу жағынан сондайлық жарқын деуге болмайды.

Алайда «тамшы тама берсе көл болады» дегендей, ақынның осы сияқты ұмытылған өлеңдері жинала берсе ардақты әншінің жарқын өміріне қосымша дерек болуына сөз жоқ. Жаяу Мұсаның тағы бір топ өлеңдерін өткен жылдары Жұмат Досқараев пен Шора Сарыбаев Қазан университетінің кітапханасынан тауып қайтты. Біздің ендігі міндетіміз ақынның алдақашан ұмытылып жоғалып кеткен өлеңдерін тауып, оны бір жинақ етіп көпшіліктің алдына тартсақ игілікті іс болар еді

## ӘДЕБИЕТТЕР:

<sup>1</sup> Паллас П.С. Путешествие. Ч.1. С. 566. Ч.II. С. 182.

<sup>2</sup> Дала уаляты. 1897. № №13, 14, 18.

<sup>3</sup> Затаевич А.В. 1000 песен казахского народа. М., 1963

<sup>4</sup> Архив ЦГИА. Ф. 90, оп. 1, д. 284, 1854 ж.

<sup>5</sup> Формулярный список о службе волостных управителей, ЦГА Каз ССР, ф.374, оп. 1, д., 2695, Л.Л. 67-68: Д. 2691, Л.14.



<sup>6</sup>ЦГА Каз ССР Ф.345, оп. I, д. 101, л.92.

<sup>7</sup>ЦГА Каз ССР; ф.369, оп. I, д.1932. л. 14-15.

<sup>8</sup>ЦГА Каз ССР. Ф. 374, д. 2397.

<sup>9</sup>Дело о разрешении бию Нурбике Чанчаровской волости Каркаралинского окружного приказа Р.Казангапову строительства домов на урочище Дастар 1854 г. ЦГА Каз ССР Ф.345, оп. I. д.1912.

<sup>10</sup>Фридрикс. Госархив Омской области, Ф.З.Д. 3902, 2-2.

<sup>11</sup>ЦГИАЛ, ф. 1265, оп.1855, д.27, л.л.9-10, 34-35.

\* Болмаса жуз мын сом.

\* Мамеке - энші, Шынғыс Уалихановтың інісі.

<sup>12</sup>Ф. 374, ОП. I, Д. 5273/л. 30, 32, 34, 41-41 об.

<sup>13</sup>Ф. 374, оп, I, Д. 5273, л. 37 об.

<sup>14</sup>Ф. 345, оп, д. 2230, л. 335 об.

<sup>15</sup>ГАО, ф.3, оп. 8, д.12788, л. 19.

<sup>16</sup>Русский – Инвалид, 1864, №155, стр. 1,

<sup>17</sup>Колокол. Прибавочный лист. 1 августа, 1867, стр 6.

<sup>18</sup>ГАО. Ф. 3, оп 3, д. 12778.

<sup>19</sup>ЦГА, Ф. 64, оп. I, д. 4025, л. 51.

<sup>20</sup>Ф. 64, оп. I 4025, л. 52-52 об

<sup>21</sup>Ф. 64, оп. I, д. 4025, л. 5

<sup>22</sup>ГАО. Ф. 3, оп. 8, д. 12778.

<sup>23</sup>ГАО, ф. 3, оп. 8, 12778

<sup>24</sup>ГАО, Ф. 3, оп. 8, д. 12778.

<sup>25</sup>Ф. 64, оп. Д. 4025, л. 47-47 об.

<sup>26</sup>Дело о жалобе киргиза Муса Байбаганова. ГАО, Ф. 3 оп. 8, д. 12778.

<sup>27</sup>ГАО, Ф. 3, оп. 8, д. 12778.

<sup>28</sup>Ф. 64, оп. I, д. 4025, л. 51.

<sup>29</sup>Казан университетінің кітапханасы. 1888, л. 15 об.

<sup>30</sup>Казан университетінің кітапханасы. 1888, л. 15 об.

<sup>31</sup>Казан университетінің кітапханасы. 1888, л. 15 об.

<sup>32</sup>Ф. 64, оп. I, д. 4025, л. 48-52 об.

<sup>33</sup>Ф. 64, оп. I, д. 4025

<sup>34</sup>Ф.64. №4. оп. I, д., Д.4025, л.38-39, 40-41 об. 42-43.

<sup>35</sup>Ф.64. №4. оп. I, д., Д.4025, л. 50, 51-52. об.

<sup>36</sup>Ф.64, оп. I, д.2138, л.23-28 об

<sup>37</sup>Ф.64, оп. I. д.572

<sup>38</sup>Ф.64, оп. I, д.2475; ф.64, оп. I, д.2595

<sup>39</sup>Ф.64, оп. I, д.2258

<sup>40</sup>Ф.64, оп. I, д.5426

<sup>41</sup>Ф. 64, оп. I, 5426, л. 7-7 об.

<sup>42</sup>Ф.64, оп. I, д.5380).

<sup>43</sup>Ф.64, оп. I, д.2525.

<sup>44</sup>Ф. 64. оп. I, д.2525, л.4., 6-6 об.

<sup>45</sup>ГАО, ф.3, оп.8, д.12769.

<sup>46</sup>Ф.64, оп. I, д. 4025

<sup>47</sup>Ф.64, оп. I, д. 4025, лл. 93-122

<sup>48</sup>Ф. 64, оп. I, д.4125, лл. 93-94 об. Дело по жалобе киргиза Акпетовской волости Нугурбека Чабакова. ф.64, оп. I, д.2258).

<sup>49</sup>Ф.64, оп. I, д. 4025, лл.1-25, 38-39, 40-41, 48-52, 70-83.

<sup>50</sup>Ф.64, оп. I, д. 4025, лл.145-147 об, 149, 151.

<sup>51</sup>Ф. 64, оп. I, д.4025, л.46-46 об.

<sup>52</sup>Ф. 64, оп. I, д. 4004

<sup>53</sup>Ф.64, оп. I, д.2302.

<sup>54</sup> Дело о выселении в административном порядке в Акмолинскую область киргиза Муслима Елевова, ф.64, оп. I, д. 2633

<sup>55</sup>Казан дәптері. №1288, 17-18-33 беттері

<sup>56</sup>Казан дәптері. №1288, 18-52 беттері

<sup>57</sup>Қаржас шежіресі, Қазан дәптері, 46-47 б.

<sup>58</sup>Орталық Ғылыми кітапханасы, редкий фонд, 1420, 45 б.

<sup>59</sup> Орталық Ғылыми кітапханасы, қолжазба қоры, 1420.

<sup>60</sup> Ч.Ч.Валиханов. Собр. соч. Т.IV. С. 435-442, 443.

<sup>61</sup> Дело о высылке Ермагамбета Игибаева, ф.64, оп.1, д.2632.

<sup>62</sup> Ф.64, оп. I, д. 2707

<sup>63</sup> Алматы дәптері, л. 115-117.

<sup>64</sup> Алматы дәптері л. 124.

<sup>65</sup> Библиотека Томского университета. Архив Г.Н. Потанина, письмо №33.

<sup>66</sup> Архив АН СССР, ф. 208, оп.2, л. 23.

<sup>67</sup> Алматы дәптері 96-б.

## ҰЛЫ САЯХАТШЫ (Н.М. Пржевальский)

*“Пржевальский сияқты адамдар өзінің ғылымға, мемлекетке келтірген еңбегімен қатар зор тәрбие беретін маңызымен де ерекше орын алады.”*

**А. Чехов**

Орта және Ішкі Азия — ғасырлар бойы жұмбаққа бөленіп, тұңғық жатқан бір жер. Оның аспанға мензеген асқар шыңдары, ұшы-қиыры жоқ шөл далалары ешуақытта зерттеліп, жарыққа шықпаған. Атам заманнан бері ашылмас ұйқыда жатқан сол меніреу даланы ең алғаш зерттеп, оны ғылымның игілігі еткен тек қана орыс ғалымдары болды.

Мәдениет жағынан артта қалған, сырлы Орта және Ішкі Азияны зерттеу өткен ғасырларда өте қиын еді. Дегенмен мәдениеті бай, қоғамдық тәртібі күшті орыс халқы сол жұмбақ өлкені зерттеуде талай кеменгер ғалымдар мен неше түрлі білімпаз адамдарды ғылым

майданына шығарды. Бүгінде бүкіл дүниежүзіне белгілі П.П. Семенов-Тяньшанский, Г.Н. Потанин, Г.Е. Грум-Гржимайло, М.В. Певцов, академик В.А. Обручев сияқты ғалымдар осының зор дәлелі. Міне, осылардың ішінде Орта және Ішкі Азияның пердесін тұңғыш ашқан атақты саяхатшы Николай Михайлович Пржевальскийдің орны ерекше болды.

Бұл айтылған ғалымдардың барлығы да сүйікті отанына, орыс халқының мүддесі үшін оның ыстығына күйіп, суығына тонып, шыныққан патриоттар.

Н.М. Пржевальский – өткен ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ұлы географ, ол жаратылысты тәжірибе жүзінде зерттеп танудың атасы. Ол өзінің терең білімі мен қажырлы қайратының арқасында ғалымдарының аяғы баспаған Ішкі Азияның соны жатқан жерлерін бірінші болып шарлап, оның заңғар тауларын, шөл далаларын қажымай-талмай зерттеу арқасында өзінің даңқын мәңгілікке қалдырған ғалым. Расында, Пржевальскийдің сұлық жатқан Азияда жүргізген зерттеу істері айтарлықтай географиялық жорық еді. Сондықтан ол «ғылымның алыбы», «ғылымның батыры» деген ұлы атаққа ие болды.

Жаратылысы күшті, қажыр-қайраты ерен, ерлік пен табандылық және білім — осы қасиеттердің бәрін өз тұлғасына ұялатқан. Отанның ардақты ұлы Пржевальский — ешбір қауіп-қатерден сескенбей, соны жатқан жердің сырын ашуды өзіне зор мақсат тұтты. Сол үздіксіз жиырма жыл жорықта болып, уақытының көбін дала кезумен арба үстінде, көшпелі шатырда өткізеді. Оның шарлаған жолының ұзындығы отыз мың шақырымнан артық. Сол аз жыл бойы Ішкі Азияны зерттеу нәтижесінде Пржевальский бізге мирас етіп том-томдаған бағалы шығармалар қалдырды. Оның

өзінің және оның ізін ала шыққан шәкірттерінің Азия туралы жазған еңбектері бүкіл дүниежүзілік география ғылымының игілігі болып отыр.

Пржевальскийдің айтуынша, Орта Азия – жан-жағы таумен көмкерілген байтақ өлке. Оның оңтүстігі Гималай, Қара-Қорым, Памир тауларымен шектелсе, батысы мәңгілік мұзға бөленген, жер алыбы Тянь-Шань тауларына тіреледі. Солтүстік жағы ну қарағай мен самырсын, қалың ағашқа бөленген сұлу Алтай шығысы, ұлы Хинган, Гоби даласының алдын алып тұратын биік таулар. Осылардың аралығында бөлек-бөлек тұратын көптеген шыңды таулар тағы бар. Олардың ең күдіреттісі Куньлунь, Алтынтау, Ала-Шань, Нань-Шань таулары. Тек XIII ғасырда шыққан белгілі саяхатшы Марко Поло болмаса, Пржевальский сияқты Еуропа халқынан бұл өлкені ешкім зерттеп көрген емес.

Атақты саяхатшы көп заманнан сыры ашылмай келе жатқан Азияны зерттеудің негізін жасап, кейінгі шыққан саяхатшы ғалымдарға жол көрсетті. Географияны, жаратылыстану ғылымын ілгері бастыруда Пржевальскийдің сіңірген еңбегі тіпті орасан. Академик В.А. Обручевтің айтуынша, «Ішкі Азияны ғылым жүзінен зерттеу тек қана Потаниннің, Пржевальскийдің, Певцовтің саяхатынан басталады. Бұл үшеуінің зерттеуі Ішкі Азия географиясының негізін құрып берсе, олардан кейінгі әртүрлі ғылым саласын зерттеуші саяхатшылар оның бетіне кесте тоқып, жалпы суретін толықтыра бастады. Потанин, Пржевальский, Певцовтардың саяхатына дейін қазіргі толықтыру істеріне керек болған негіз жоқ еді. Тек болғаны үзінді-кесінді құрақтар не бөлшектер еді. Риттер, Гумбольдт, Рихтгофен сияқты географтар қанша тырысқанмен, ол үзінділерді жалғап, тұтастыра алған жоқ».



Міне, ғылымның ілгері басуына көп еңбек сіңіріп, жол ашқан орыс халқының ұлы ғалымы Пржевальскийдің өмірі мен оның істеген істерін біліп-танысу біздің жастар үшін аса күрделі, маңызды істің бірі. Біз осы ғалымның өміріндегі алуан-алуан істерін, қызықты жорықтарын қысқаша баяндаймыз.

## Саяхатшының жастық шағы

Н.М. Пржевальский 1839 жылы Смоленск облысы, Кимборы деревнясында туды. Оның арғы атасы орта дәулетті дворян тұқымынан болса да, өз әкесі Михаил Кузьмич кейін әскери қызметінен босанып, тек пенсия алып тұратын болған. Анасы Елена Алексеевна да орта помещик семьясынан шыққан, ол әкесі өлген соң, оның жерін, мүлкін мирас етіп, «Отрадное» деген деревняны меншікті етіп қалады. Пржевальскийдің үй іші осылай өз алдына усадьбасы бар, ауқатты үй болған соң, болашақтағы саяхатшының балалық шағы еш нәрседен мұқтаждық көрмей, арда өседі. Кішкене Коля жас кезінен-ақ өте пысық, өткір, әр нәрсеге зейінді болып өседі. Бірақ Коля жеті жасқа келгенде әкесі қайтыс болады, сөйтіп, жетім қалған баланы енді оның ақылды, жігерлі анасы тәрбиелеп өсіреді.

Пржевальскийдің балалық шағы жаратылыс құшағында өтеді. Ол кездегі жұрттың өмірлері дін шырмауында өтетін, окитыны көбінесе дін кітаптары «дұғалық», «түс жорығыш», «әулие-әмбиелер ертегісі» болатын.

Алайда Елена Алексеевнаның орыс халқының өткендегі жарқын өмірін, оның ерлік дәстүрін баяндап отыратынын естіген кәрікұлақ кісілер де аз емес еді. Соның бірі – Пржевальскийді тәрбиелеп өсірген

Макарьевна деген күтуші анасы, ол күн сайын қызықты ертегілер, аңыз-әңгімелер айтып, баланың ой-қиялын өрістете түседі. Оны ауық-ауық далаға ертіп шығып, тау-тас, орман-тоғай, өзендермен таныстырады. Орманда сайраған сансыз құстар мен суда жүзген балықты көрсеткенде, бала олардың тіршілігіне қатты құмарланады, кейін өсе келе оларды ерекше зауқы етіп кетеді.

Жас баланың жаратылысты артықша сүйіп, оның құшағында еркін жүргенін анасы да ұнатады, ол далаға шығуды тілегенде, оның бетін қайтармай еркіне жібереді.

Николайдың өзімен тетелес Владимир деген інісі және көршісі Василий дейтін досы болған. Николай есейе келе оларды қасына ертіп, күні бойы дала кезіп жүреді.

Отрадное маңайында тұтасып жатқан қалың орман, қопалы көл, жылжып аққан сулар болатын. Бұлар күн сайын осы жердің ой-шұңқырын кезіп, тек кеш бата үйге қайтып келетін еді. Өзінің жастық шағын еске түсіргенде Николай Михайлович: «Біздің балалық шағымыз нағыз спартак тіршілігінде өткен», — дейді.

Жаңа өспірім жеткіншектер жаз болса жауын-шашынды керек қылмай, тау-тасты, орман ішін кезіп, ал қысты күні қар үстінде ойнақ салып жүреді. Сырғанақ теуіп, аққала тұрғызып, денелерін үскірік аязға шынықтырып өседі. Пржевальскийдің жаратылысы күшті, алып денелі болуы осыдан еді.

Уақытының көбін далада, өз еркімен өткізген соң, Пржевальский бала күнінде аусар, арындау болады. Бірақ баланың бұл мінезін анасы ұнатпайды, оны кейде тежеп, қатты жазалап та отыратын. Дегенмен анасының мұндай қатал шара қолдануы ақылды, сезімі

күшті балаға кек болып табылмайды, қайта ол екеуінің махаббатын күшейтіп, бірінің айтқанын бірі қостауына берік дәнекер болады.

Пржевальскийдің туысы дворян төңірегі болса да, ол жас шағынан шаруа балаларының ортасында тәрбие алып, еңбекпен біте кайнасып өсті. Онда «ақсаузақ дворяндық» мінезі болған жоқ. Ол қара жұмысқа көңілге өскен адам сияқты, қиыншылыққа төзімді болып тәрбие алды. Сондықтан ол кейін Азияның тауларына саяхат жасағанда кездестірген үскірік аяздарды, шөл даладағы қатты ыстықтарды тіпті мүлде елемей жүрді. Оның көздеген мақсатының жемісті болып шығуына тек оның қажыр-қайраты, төзімділігі себеп болды. Бұл қасиеттің барлығын да атақты саяхатшы бала күнінен бастап бойына жинап өсті.

Пржевальскийдің жас шағынан аса бір сүйген ісі аңшылық еді. Ол жеті жасар кезінен садақ атып үйреніп, өсе келе құс, аң аулап, аса көрнекті мерген болды. Ылғи жаратылыс құшағында еркін жүріп, аң аулап, құс атып, жануарлардың тіршілігімен жақсы танысып өскен Пржевальский ересек болған кезінде бұған ерекше қызығып, көбінесе аң аулауға салынды. Бұл, әрине, атакты саяхатшының кейін жаратылысқа аса құмартуына зор әсер етіп, қалыптаса бастайды.

Пржевальский ой-сана жағынан да ерте оянады. Ол кездегі салт бойынша, баланың сауатын жас күнінен ашып, оған қара таныту міндет болатын. Сондықтан анасы Пржевальскийді бес жасынан мектепке беріп, білім алуға баулиды. Оған алғашқы кезде ұстаздар өзінің анасы мен нағашысы Павел Алексеевич болған.

Павел Алексеевич ол кездегі сауатты адамның бірі еді және өзі өте аңқұмар, мерген еді. Ол балаға хат танытып, білім берумен қатар осы мергендікке де

баулып, өзіндей аңқұмар етіп шығаруды мақсат етеді. Бірақ өте алғыр, зерек бала есейіп, өзін-өзі жақсы тани бастаған соң, үй ішінен үйренген білімді місе тұтпай, жоғарғы сатыға талпынады. Баланың бұл тілегін анасы сезіп, маңайдағы семинарияның оқытушыларын шақырады. Бірақ олар да керекті білім бере алмайды, бала жоғарғы білімге күштар болады. Ақырында он жасар Николай және туысы Владимир екеуі бірден гимназияға емтихан беріп, оның екінші класына түсіп оқиды.

Гимназияның екінші класында оқитын балалардың ішінде жасырағы Николай болса да, оның дене құрылысы басқалардан зор еді, сондықтан өзімен бірге оқитын балалар оған «алып» деген атак береді. Николайдың оқуға зерек, ойға тапқыр екені сезіле бастайды.

Кішкене күнінен анасының қолында арда өскен, денелі, күшті Пржевальский мектеп ішінде де өзгеше көзге түсіп, оқушылар арасында зор абыройға ие болады.

Гимназияда жүргенде Николайдың бар тілегі жақсы оқу, көп білім алу болды. Тек қана математика сабағы болмаса, басқа сабақтың барлығынан ол алда болды. Оның аса ден қойып оқыған сабақтары, әсіресе, география, тарих, жаратылыстану еді.

Албырт жеткіншектің күнделікті ісі көбіне кітап оқу, аң аулау болып қалыптасқандықтан да, өте шынығып өседі, шаршау, ауру дегенді білмей, өмірге сын көзімен қарап дағдыланады.

Пржевальский гимназияны 1855 жылы 16 жасында бітіреді. Өзінің айтуынша, бұл мектеп оның есейген ой-санасына сусын боларлық білім бере алмаған. Сөйтіп, үміті, талабы зор жас жігіт әлі де болса білімге шөлркеп, одан мол сусындаудың әрекетіне

кіреді. Ол өзінің өмірбаянында: «Менің гимназиядан алып шыққан білімім өте селдір еді. Оқытқан пәндердің көпшілігі керексіз, оның үстіне оқыту әдісінің өте өрескел болуы қандай күшті тілекпен барсаң да, үйреніп шығуға мүмкіндік бермеді» – дейді. Пржевальский сияқты адамның терең білім алуы тек оның өзінің талаптылығының нәтижесі еді.

Гимназияны бітірген соң талабы күшті Пржевальскийге туып өскен жерінде тұру қиын болды. Оған енді не жоғары дәрежелі білім алу керек, не әскери қызметке түсу керек болды. Бұл екеуінен басқа қызмет оның көңілін тартпайды.

Бұл уақыт Ресей тарихында ұмытылмайтын ұлы оқиға Севастополь қаласын қорғаудың кезі еді. Сондықтан Пржевальскийге бұл оқиға үлкен ой түсіріп, оның отансүйгіш сезімін көтеріп жіберді. Өзінің жастық шағын еске түсіріп жазған бір мақаласында Пржевальский бұл туралы былай дейді: «Севастополь қаласын қорғау жұртшылықтың намысы еді, оны қорғаушы даңқты ерлердің қимылы 16 жасар баланың көңілін оятып, ойын толқытпай қоймады... Ол кезде әскерлік қызметтің жағдайын толық түсініп білмесем де, елін қорғаған батырлардың ерлік ісі туралы жазылған қызықты әңгімелерді көп оқып, олардың барлығын ұғынушы едім. Менің ол кезде делебем қатты қозып, кітаптан оқығанымды іс жүзінде қашан көрер екенмін деп минут сайын ынтығып отырушы едім», — дейді.

Пржевальский әскери қызметін Рязань полкынан бастаған еді. Бұл полк 1855 жылы Москва төңірегінде ұйымдасып, содан кейін оңтүстік өлкелерге ауысты. Ол кездегі барлық тіршілік қандай ауыр болса да, әскери тәртіп те сондай қиын болатын. Патша үкіметінің шашбауын көтеретін әскербасылардың көпшілігі

саңылаусыз, томырық, топас болатын. Олардың күнделікті ісі жауынгерлерді жазықсыз жазалау, ішімдікке, карта ойынына салыну болды. Тағы сол ереже бойынша, жас күнінде әскерге алынған шаруа баласының қартайғанша үйіне қайтуға еркі болмайтын. Бұл қылықтар Пржевальский сияқты көкірегі саналы, көзі ашық кісіге, әрине, қара түнектей болып көрінеді. Ол өзінің шешесіне жазған бір хатында: «Біздің арамызда алпыс шақты кісі бар. Олардың көпшілігі жексұрын, маскүнем, картақұмар. Кейде тәуір адамдар да кездеседі, бірақ олардың саны тіпті аз», — дейді. Бұл Пржевальскийдің қауым тіршілігіне жаңа араласа бастаған кезінде ең алғаш жазған хаттарының бірі еді. Бірақ хаттың терең мазмұнына қарағанда, Пржевальский сол жас шағының өзінде заманы бірге адамдардың көбінен озат, есті бола бастағанын көрсетеді.

Әскери қызметте бір жыл болғаннан кейін Пржевальский жас болса да шалымды, тыңғылықты адам екені көзге түсе бастайды. 1856 жылы оны өзінің туып-өскен жері Смоленск өлкесіндегі Полоцкий полкына тағайындап, офицер дәрежесіне жеткізеді. Бұрын көпшілік жұмысында болмаған жас жігіт өзінің алғашқы адымына қуанып, көңілі сергісе де, бірақ төңірегіндегі жағдай еңсесін көтертпейді.

Анасына жазған хатында Пржевальский өзімен істес болған адамдардың надандық қылығын әшкерелеп, олар туралы тағы да былай деп жазады: «Бұл полктың офицерлерінің тұратын үйі қаланың тап ортасында. Ол үйдің тек қаңқайып тұрған сүйегі болмаса, ішінде жабдық дегеннен дәнеңе жоқ. Ең аяғы төсеніш-орын да жетпейді. Оның есесіне бөлменің ортасында арак құйған шелек пен тостағанды көресің. Таңның атуы арак ішумен басталса, күннің батуы да сонымен аяқталады.



Оның екі ортасы толған жанжал. Кінәсіз қала адамын ұстап ұру, жазалау әдет болған соң, олар офицерлердің көзіне түспей, олардың сотқарлық ісінен жасқанып, бұл үйдің маңайынан аулақ жүруге тырысады».

Пржевальскийдің бұл жазғандары, әрине, оның қауым тіршілігіне сын көзімен қарап, ой-пікірі сол кезден қалыптаса бастағанын көрсетеді. Оның өзімен істес болған маскүнем надан адамдардың қылығын сынап қою ғана емес, сол кездегі шындықтың да суретін көзге айқын елестете алатын болған.

Пржевальский Полоцкий полкында төрт жылдай істеді. Бұл жерге келген соң ол ауық-ауық сағынып жүрген анасын көруге барып, жас кезінде шарлап өскен жерлерін де есіне түсіріп қайтып жүрді. Кейін бұл полк Смоленск өлкесінен көшіп, Карпат тауының етегіндегі Кременец қаласына барып тұрақтаған еді. Жаңа жердің жаратылысы жас офицер Пржевальскийге өте ұнайды. Алыстан көгеріп тұратын Карпат тауы, оның қойнауы толған сыпсың орман, жайқалып тұрған көк шалғын, бауырынан аққан сансыз өзен. Таудың етегінен солтүстікке қарай созылып жатқан жайқын дала, алыстан сағымданып көрінген әдемі көлдер... Міне, жаратылысты жан-тәнімен сүйетін Пржевальскийді бұл табиғат суреттері ерекше жігерлендіріп жібереді.

Пржевальский жаратылыс өмірін бақылауды гимназияда оқып жүрген кезінде бастаса да, әскери қызметке кіргеннен бері одан бірталай алыстап, оның соңына түсуге мүмкіндік таба алмай жүруші еді. Бұл жөнінде оның білім көтеру талабына бөгет болған көбінесе өзімен істес офицерлер тобы болды. Сөйтіп, олар көңілі таза Пржевальскийді әр нәрседен торықтыра беретін. Дегенмен тілегі, мақсаты олардан басқа Пржевальский ондай офицерлер тобынан безіп, өз

бетімен оқып, білім толықтыруды мақсат етеді. Карпат тауының етегінде жүргенде уақытының көбін кітап оқу, аң аулау, жаратылыстың өзгеше түрлерін бақылаумен өткізеді. Оның көп көңіл бөлгені әсіресе ауа райының құбылыстары, өсімдік тіршілігі, жыл құстарының қай кезде келіп, қай кезде жылы жаққа ауатынын бақылау болды. Бірақ мұның өзі де жаратылысы күшті, талабы зор Пржевальскийді қанағаттандыра қоймайды. Ол бір ұлы мақсаттың соңына түсуді арман етеді. Өзінің әскери ісіне, істес болған адамдарына наразы болған Пржевальский «Аңшының күнделігінде» былай деп жазады: «Мен әр уақыт өзіме-өзім сұрақ қойып: адамның есейгендегі атқаратын борышы не? Өзінің ар-намысын ол немен ақтауы керек? Бала күннен қадір тұтып іздеген жұртшылық идеалына қалай жетуге болады? — деуші едім. Бірақ бұл сұрақтарға көңіл көншітіп жауап таба алмадым. Ай сайын, күн сайын зымырап өткен өмір мұның бәріне қайшы келіп отырды. Бес жыл бойы істеген қызметім адам мен өмірді жақсы танытып, оларға көзқарасымды бүтіндей өзгертті... Армияда бес жыл істеп, өмірдің ащысы мен тұщысын татып білген соң, істеп жүрген қызметіме көңілім тоймады, оны өзгерту керек екен деп түсіндім. Оның орнына жұртшылық ісінің бір күрделісіне ауысып, еңбек пен ойды бір керекті мақсатқа жұмсауды қажет деп білдім. Дегенмен бұл бес жыл мен үшін бос кетті деп тағы айтуға болмайды. Ол бір ғана менің жасымды өзгертіп қойған жоқ, ой-санамды, дүниеге көзқарасымды да өзгертті, өміріме көп жаңалық кіргізді. Айналамдағы адамдар тобын жете түсініп, оларға баға берерлік сатыға жеттім».

Пржевальскийдің бұл ойлары бір жағынан, өзін-өзі қамшылау болса, екінші жағынан, өз тұсындағы қауым

тіршілігіне сын көзімен карағандықты көрсетеді. Оның негізгі тілегі ой-өрісін кеңейтіп, білімнің шынына өрмелеу еді. Бірақ ол қолға оңай түсер нәрсе емес, оған жету үшін бірнеше сатыдан өту керек. Осы ретте жас Пржевальский талай рет толғануға, талай рет ғылымның шыңына көз тігіп қарайтын еді.

Сол ізденумен Пржевальский 1860 жылы әскери қызметтен босанып, жоғары штабтың академиясына түсуге мүмкіндік алады. Ол кезде академияға түсушілер өте көп болатын, талаптылар тек қана конкурспен өтетін. Алайда алғыр ойлы, өздігінен көп оқыған, өткір Пржевальский одан ешбір жасқанбайды, емтиханды өте жақсы тапсырып, конкурстың алдына шығады. Сөйтіп, академияға қабылданып, профессорлардың лекциясын аса ынта қойып тыңдайды.

Ғылымға аңсап келген ер көңілді, жарқын жүзді Пржевальский академияда жүргенде уақытын тек қана кітап оқып, лекция тыңдауға жұмсайды. Оның аса ынталанып қарастыратыны тағы да тарих, география, жаратылыстану ғылымдары болады. Болашақ саяхатшы осы үш пәнді өте жақсы зерттеп, өзінің мамандығын солай қарай бейімдейді.

Пржевальский өте шалымды, қандай ғылымды болса да менгере алатын алғыр болғандықтан, академияның ішінде еркін жүріп, тез өседі. Бұл кезде ол өте жақсы оқумен қатар, баспасөз ісіне де қатынасады. Сөйтіп, 1862 жылы «Аңшының күнделігі» дейтін мақаласын бастырады. Әдемі көркем тілмен жазылған мақала саяхатшының әскери қызметте жүргендегі басынан кешірген оқиғаларды суреттеуге арналған еді. Бұл мақала өзі оқып жүрген академияның адамдарына күрделі әсер етіп, Пржевальскийді бірінші рет көпшілікке таныстырады.

Академияда жүргенде жазған үлкен еңбегі – «Амур өлкесін әскери-статистикалық шолу» Пржевальскийді ғалымдар дүниесімен таныстырып, оның География қоғамына мүше болып өтуіне себепші болады.

Пржевальскийдің өмірбаянын жазған Н.Ф.Дубровин: «Бұл еңбек Амур өлкесі туралы жазылған әдебиеттердің ішіндегі ең күрделісі еді, сондықтан География қоғамының мүшелері оған қатты көңіл қойып, Пржевальскийді қоғамға мүше етіп сайлауға ұсыныс жасады», – дейді.

Пржевальский әскери академияны 1863 жылы бітіреді. Ол үш жылдың ішінде өзін жұртшылыққа айқын көрсетсе де, патшаның жоғарғы ұлықтары оған ешбір мән бермей, қайтадан бұрынғы Полоцкий полкына жібереді. Бірақ Пржевальскийдің бұл келуі бұрынғыдан бүтіндей басқа түрде еді. Оның ой-санасы өскен, азулы, сақа жігіт және бірнеше еңбектің авторы болған кезі. Сондықтан ол төңірегіндегі шындыққа бұрынғыдан гөрі даналық көзбен қарайтын. Ол патша үкіметінің жарлығымен бұрынғы Полоцкий полкына қайтадан келсе де, ойында ірі-ірі мақсаты бар Пржевальский сияқты адамға бұл жерде қалу өте аянышты болатын. Өзінің барлық өмірін белгілі бір ғылым саласына арнаған адамға бұл өте қырсық еді. Сондықтан да Пржевальский мұнда бір жылдан артық болмай-ақ, академиядағы таныстары арқылы Варшавадағы юнкер мектебіне оқытушы болып тағайындалады.

Көп айлар мәдениет орталығынан алыстап, ылғи дала кезумен жүрген адамға Варшаваға келу бірталай жаңалық болып, оның ой-санасын сергіте бастайды. «Пржевальскийдің Варшавада болған кезі, — дейді академик Н.Ф. Дубровин, — оның ең бақытты кезінің бірі еді. Оның өз аузынан талай рет естуім бойынша,

Варшава оны әбден қалыптастырады, ондағы жүргізген зерттеу істері кейін көп уақыт есінде жүреді. Бұрын Пржевальский қуаныштың сәулесі жоқ жерде күн өткізіп, өте көңілсіз және топас адамдардың ортасында жүрген еді, кейін одан шығып, ғылымның сәулесі бар қалаға келіп, бұрын әскери академияда өзімен бірге болған жолдастарын тапты. Мұның бәрі, әрине, Пржевальскийдің халін бүтіндей өзгертіп, ол өзінің сүйетін ісіне біржола берілуге мүмкіндік алды».

Варшаваға келісімен Пржевальскийде бос уақыт болмайды, ол бір жағынан, юнкер мектебінде өзі сүйетін география мен тарих пәндерінен сабақ берсе, екінші жағынан, көпшілік алдында география жаңалықтарына арналған қызықты тақырыптарға лекция оқиды. Пржевальскийдің жаратылысындағы бір ерекшелігі, алғыр ойлы болуымен қатар тілге де шешен, сөйлегенде тыңдаушыны еліктіріп, өзіне тез тарта білетін еді. Оның оқыған лекциялары сондай қызықты, көңілге қонымды болғандықтан, көпшілік сүйе тыңдайды, оның даңқы қалаға жайылады. Оның лекциясын тыңдауға бір ғана оқушы студенттер қатынасып қоймай, университеттің профессорлары, белгілі әскербасылар да үздіксіз келіп жүреді.

Лекция оқып, сабақ берумен қатар Пржевальский уақытының көбін кітапханада, университеттің зоология кабинетінде, өсімдіктер бағында өткізеді. География мен жаратылыстану ғылымдарына бұрынғыдан гөрі көбірек ой бөліп, оны зерттеп жүрген белгілі ғалымдармен байланыс жасайды.

Варшавада жүргенде Пржевальскийдің істеген күрделі жұмысының бірі — бүкіл дүниежүзілік географиясынан әскери мектептерге лайықты шолу жазу еді, сөйтіп, бұл кітап жас ғалым Пржевальскийді

бұқараға өте сүйкімді етіп таныстырды. Демек, оның білгіш, оқымысты адам екеніне жұртшылық енді біржолата ден қояды.

## Уссури саяхаты

Пржевальскийдің жас шағынан арман еткен ісі — дүниені шарлап, саяхат жасау еді. Бұдан жасырақ кезінің өзінде ол Африканың сахарасына, Аравияға қиядан көз салып, жат ел, жат жерді зерттесем деген зор тілекте болатын. Ол кезде Орта және Ішкі Азиядағы жұмбаққа бөленген тау-тастар, жапан түзі сыры ашылмай жатқан. Олар алыстағы жас ғалым Пржевальскийге қол созып, оның көңілін бөліп, географиялық жорықтарға шақыратын сияқты еді. Ішкі Азияның суреті бұл кезде жас Пржевальскийдің жатса-тұрса көз алдынан кетпейтін. Оның шөл даласына, адам аяғы баспаған биік тауларына саяхат жасау ол үшін үлкен мақсат болады. Ойлаған осы мақсатын жүзеге асыру үшін белгілі саяхатшы көптеген мақала жазып, жоспар құрады. Алыста жатқан Азия өлкесін зерттеудің маңызы күшті екені туралы ғылыми орындарға ұсыныс жасайды.

Пржевальскийді бұл кезде жұртшылық жақсы біле бастаған еді, сондықтан оның құрған жоспары, ұсыныстары жоғарғы орындарда қабыл алынып, көптен ойлаған тілегі жүзеге аса бастайды.

Оның тілегінің тез орындалуына себеп болған тағы да ғалымның ескі достары болды. Сол достарының көмегімен 1867 жылы қаңтар айының ішінде Пржевальский Варшавадан зор қуанышпен Петербор қаласына келеді. Бұл жерде ол көп уақыт болмайды, өйткені Жоғарғы штаб пен География қоғамы қаулы шығарып, оны Қиыр Шығыс өлкесін зерттеуге жіберуді ұйғарып қойған болатын.



Петерборға келісімен Пржевальский ең алдымен атакты географ П.П. Семенов-Тяньшанскийге жолығып, онымен танысуды өзіне міндет санайды. Орыс географтарының атасы П.П. Семенов-Тяньшанский ол кезде География қоғамының беделді адамының бірі еді, өзінің жас әріптес және көптен География қоғамының мүшесі Пржевальскийді ол тек сырттан жақсы білетін. Сондықтан ол Пржевальскийді аса жылы жүзбен қарсы алып, болашақ ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы терең әңгіме жасайды. Пржевальский өзінің жасаған жоспарын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қалай жүргізу туралы пікірін айтқанда, П.П. Семенов-Тяньшанский оны қатты ұнатып, жас ғалым Пржевальскийден зор үміт күтеді. Пржевальскийдің алғашқы адымы туралы берген бір сынында П.П. Семенов-Тяньшанский былай деп жазады: «Бұл жаратылысы күшті, дарынды жас жігіт, кейін одан асқан ғалым, саяхатшы шығуына күдік жоқ», – дейді. Ол Пржевальскийді бірінші рет көргенде оған ерекше көңіл қойып, оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының жемісті болуы үшін бірталай кеңестер айтады. Оның үстіне, сапарда жүргенде оған көмек көрсету үшін Қиыр Шығыс өлкесіндегі беделі бар адамдарға хат жазып береді.

Ғылым жорығына жаңа аттанып тұрған Пржевальскийге Семенов-Тяньшанский сияқты ұлы ғалыммен жолығып, ауызба-ауыз сөйлесу оның өміріндегі ерекше бір кезең болады. Бұрын оның ойында қиял болып жүрген тілектері енді іске аса бастағаны айқын көрінеді. Орыс география ғылымының екі алыбы осы жолыққанның өзінде болашақтағы ғылыми жорықтардың торабын айқын суреттеп, география ғылымында талай жаңалық ашудың мақсатын топшылаған еді.

Бұл қуанышты жолығудан кейін Пржевальский жол жабдығын қамтамасыз етіп, ақпан айының соңғы күндерінде ұзақ және қиын сапарға шығады. Ол кезде бар көлік ат пен түйе ғана еді. Саяхатшының жолында созылым Орал тауы, Сібірдің қалың тайгасы жатады. Осының бәрінен ол бір айдың шамасында әзер дегенде өтіп, тек наурыздың соңғы күндерінде ғана Иркутск қаласына жетеді. Иркутск ол кезде Шығыс Сібір мен Қиыр Шығыс өлкесінің әкімшілік орталығы еді. Мұнда Пржевальский екі айдай дайындық жұмысымен бөгеліп, ақырында мамырдың 26-сы күні Қиыр Шығысқа тартады.

Ол кезде Қиыр Шығыстағы ең бай өлке – Уссури аймағы болатын. Ол Ресейге 1860 жылы қосылды. Сондықтан оның жері, суы, жаратылыс байлығы, географиялық көлемі зерттелмей, соны жататын.

Саяхатшы бұл өлкені қалай зерттей бастағаны туралы өзінің күнделік дәптеріне бірінші рет былай деп жазады: «Әрбір адамның көп қиындықтан кейін тілеген мақсатына жеткенін көрсететін, оның ойында мәңгі қалған бір ардақты күні болады ғой. Мен үшін ондай ұмытылмайтын күн 1867 жылдың 26 мамыры еді. Бұл күн менің Уссури өлкесінде зерттеу ісін жүргізу үшін барлық жол жабдығымен Иркутск қаласынан аттанып, Байкал көлі арқылы жүретін жолмен Амур өзеніне қарай беттеген күнім еді», — дейді.

Пржевальскийдің жолында әдемі Байкал көлі, Аргунь, Селенга, Уда, Амур өзендері жатады; одан әрі толықсып аққан Уссури, Сунгари өзендері кездеседі. «Ауыздығымен алысқан аттар, – дейді саяхатшы, – пәуескені ұшырып келеді. Алдымыздан дүркін-дүркін өтіп жатқан тау-тас, орман, үйіріліп аққан сансыз өзен, кең жазық. Анда-санда орыс деревнясы мен буряттың ауылдары кездесіп қояды... біркелкі тоқтаусыз жүріспен

мын шақырым мөлшеріндей болатын Байкал өлкесін бірнеше күннің ішінде-ақ өткен едік».

Пржевальскийдің көңіл бөлген жерінің бірі атақты Хинган тауы мен Сихотэ-Алинь таулары болады. Оның өз айтуы бойынша, Байкал көлінен кейін оған аса қуаныш берген, әсіресе, Қиыр Шығыстың кең байтақ өлкесі, оның ішінде Ханка көлі. «Жерінің шүйгін, шұрайлылығына қарағанда, — дейді саяхатшы, — Уссури өлкесіндегі жердің ең құнарлысы Ханка көлінің маңайы. Бұл келешекте қала салуға да аса қолайлы жердің бірі. Мұның қара топырағы егін салуға да артық күш керек қылмайды», — деп жазады.

Пржевальский Уссури өлкесін екі жыл бойы (1867-1869) шарлап, оның тау-тасын, суын, ауа райын, ландшафтын зерттейді. Неше түрлі кездескен қиыншылық, аштық, қауіп-қатерге қарамастан, Уссури даласын кезіп, ғылымның бірнеше саласына жататын көптеген мағлұмат жинап алады. Оның ішінде геология, ботаника, география, археология, зоология туралы көп деректер болады. Сол ерінбей кездудің қорытындысы ретінде саяхатшы 1870 жылы «Уссури өлкесіне саяхат» деген көркем тілмен жазылған өзінің алғашқы зерттеу еңбегін шығарып, оны көпшілік алдына тартады.

Өзінің отанын ерекше сүйетін ер көңілді, жарқын жүзді Пржевальскийге Уссури өлкесі сондай ыстық, сондай қызықты көрінеді. Ол осы сапардан қайтар күнінде өзінің күнделік дәптеріне былай деп жазады: «Екі жыл бойы еркін шарлап, талай қызыққа батқан өмір — тек түс сияқты өте шықты. Қош, Ханка! Қош, бүкіл Уссури өлкесі! Сенің сықасып жатқан қалың орманыңды, жойқын суларыңды, тамылжып тұрған бай табиғатыңды, мүмкін, енді көре алмаспын. Бірақ сенің бауырыңда сайраңдаған қызықты күндерім ешуақытта есімнен кетпес».

1869 жылы қазан айында Пржевальский Уссури өлкесінен Иркутск қаласына қайтып келеді. Бұл жергілікті халық үшін бір мерекелі күн сияқты болады. Оның екі жылдық саяхаттан есен-сау қайтқанын олар үлкен сән-салтанатпен қарсы алады, үсті-үстіне құттықтаулар жауады. Қазанның 29-ы күні География қоғамының Сібірдегі бөлімі салтанатты жиылыс ашып, Пржевальскийдің экспедициясы туралы баяндамасын тыңдайды. Ол өзінің әдетінше баяндамасын өте қызықты, халықты еліктіре тыңдайтындай етіп жасайды. Пржевальскийдің сөйлеген сөзіне, істеген ісіне тыңдаушының ұюы сонша, оның сөзі кейін Сібір жұртшылығының аузында көп уақыт мәтел болып жүреді.

Сөйтіп, ісі жемісті, көңілі қуанышқа батқан Пржевальский Сібірде көп айналмайды. Көптеген ғылыми табыстармен 1870 жылы қаңтар айында Петерборға қайтады. Саяхатшының қайтуын мұндағы достары мен ғылыми орындар көптен күткен еді. Оның келуін зор қошеметпен қарсы алады. Оның ұзақ сапарда басынан кешірген қиыншылықтары, арып-ашқан күндері мүлде ұмытылады. Ол екі жыл бойы жүргізген жұмысы туралы География қоғамында баяндама жасауға кіріседі.

Пржевальскийдің зерттеген ғылым саласы өте көп еді, сондықтан оның барлығын тұжырып, бір баяндамаға сыйғызып айту, әрине, мүмкін емес. Зерттеген заттарын бірнеше салаға жіктеп, жаз шыққанша көптеген баяндама жасайды.

Баяндамаларында Пржевальский өзінің кім екенін атақты ғалымдарға айқын танытады. Баяндамалардың тілі ашық, көркем болуымен қатар, ғылыми заттарды тап-тапқа бөліп айқындауы астана ғалымдарына, оның

ішінде География қоғамының мүшелеріне зор әсер етіп, олар Пржевальскийдің жаратылысты тәжірибе жүзінде зерттеуші үлкен ғалым болғанына танданады.

Шалымды, алғыр Пржевальский бұл ғылыми табыстарын тек қана баяндама мен мақала түрінде қалдырмай, «Усури өлкесіне саяхат» деген белгілі еңбегін шығарып, география ғылымына мәңгі бекітеді. Осыдан былай қарай Пржевальскийдің өзгемен ісі болмайды, ғылым жолына бүтіндей беріліп, География қоғамының белгілі бір қайраткері болып саналады. П.П. Семенов-Тяньшанский оны 1870 жылдан бастап «Географиялық қоғам төңірегіндегі өз кісіміз болып табылған еді», — дейді.

## Моңғолия саяхаты

Күш-қуаты мол, қажымайтын ер Пржевальский Усури өлкесінде өткізген саяхаттың нәтижесін місе тұтпайды. Енді көп жылдан бері қиял еткен негізгі ойларын жүзеге асыруды қолға алады. Оның негізгі мақсаты Моңғолия, Батыс Қытай, Тибет өлкесін аралау болады. Бірақ География қоғамына жасаған ұсынысында ол зерттеу жұмысының алғашқы кезеңдерін біраз тұжырып көрсетеді. «Мені көбірек қызықтыратын, — дейді ғалым, — әсіресе, Қытайдың солтүстік шеті мен, Оңтүстік Моңғолияның шығыс жағы. Бұл жерлерді еуропалықтардан ешкім келіп зерттеген емес. География мен жаратылыстану үшін бұл жерлерді зерттеудің маңызы өте зор. Петерборға келіп жатқан Қытайдағы елшіміз Влангалидің айтуынша, бұл алыс жатқан жерге ғылыми зерттеу-жұмысымен баруға бөгет болатындай кедергі жоқ сияқты. Егер География қоғамы бұл айтқан өлкелерге жіберуді өз тұсынан мүмкін деп

тапса, ол күнде көмек ретінде мен де өз жанымнан жыл сайын мың сомнан қосып тұруды ұсынар едім, бірақ экспедицияның мерзімі үш жылдан кем болмауы керек. Тағы бір мәселе, егер бұл сапарды жүзеге асыруда менің істеп жүрген қызметіме бөгет жасайтын болса, мен одан мүлде босанып, барлық өмірімді ғылым жолына сарп етуге дайынмын», — дейді.

Пржевальский бұл ұсынысында ғылыми-зерттеу жұмысына аса баға беріп, оны терең түсінген, тәжірибесі күшті екенін көрсетеді.

Өз отанының ғылымын көркейтіп, оған жаңалық келтіруді мақсат еткен саяхатшы ол үшін өзінің дүниесінде, қызмет орнын да аяғысы келмейді, оның барлығын сол іздеген мақсат үшін құрбан етуге дайын тұрғанын білдіреді.

Саяхатшының алдына қойған бағыты осы тәрізді ашық, маңызы зор болған соң, География қоғамы оның ұсынысын қарсы алып, экспедицияны тез жөнелту жабдығына кіріседі. Ол үшін ең алдымен Семенов-Тяньшанский мен Пржевальский екеуі бірігіп, экспедицияның толық жоспарын жасайды. Ол жоспар бойынша экспедицияның бұл жолғы негізгі мақсаты Орта және Ішкі Азияның географиялық ерекшеліктерін зерттеу, оның ішінде Гоби, Алашань, Ордос, Ганьсу өлкелері, Кокунор көлі болады.

Пржевальский экспедициясын толық жабдықтап, жол қаражатымен қамтамасыз етілген соң, 1870 жылы 20 шілдеде Петербордан шығып, Сібірге қарай беттейді. Қасына Варшавадағы юнкер мектебінде оқыған өзінің сенімді шәкірті Пыльцовті ертіп алады.

Арада үш айдан аса жол жүріп, тек қараша айында ғана ол Ресей мен Қытай мемлекетінің шекарасындағы Кяхта қаласына жетеді. Мұнда экспедициясын бірнеше



күндей жаңадан жабдықтап, одан кейін Урга (біздің заманымызда Моңғолияның астанасы Ұлан-Батор) қаласына беттейді.

Бұрын көрмеген жат жерде экспедицияның мақсатты жұмысын жүзеге асырып қайту өте қиын тиеді. Пржевальский мұны біле тұрса да, ешбір қауіп-қатерді керек қылмай, ғылыми жаңалық ашқанды ұлы мақсат көреді. Саяхатшы өз отанының шетінен өткен соң, қауіп көп ұзақ жолға бара жатып, өзінің күнделік дәптеріне былай деп жазады:

«Егер осы сапардан отаныма қайтуды маған жазбаса, менің барлық қағаз, коллекцияларымды қасыма ерген жолдасым жоғалтпай жеткізер деп сенемін», — дейді.

Бұл, әрине, жаратылыстың сырын ашып, оның жемісін көпшілік алдына тартуды мақсат еткен ғалымның әрі ұзақ, әрі қиын сапарға бара жатып айтқан жан-күйінің сыры.

Қыстың жаңа басталып келе жатқан қараша айының ішінде саяхатшы Кяхта қаласынан шыққан соң, бөгелмей, аз күннің ішінде Урга (Ұлан-Батор) қаласына келеді. Ұлан-Батор ол кезде бүгінгідей сәулетті, қызықты қала емес, түрі астанаға ұқсамайтын, көшесі лас, нашар қала еді. Онда діни орындар, қытай саудагерлерінің жатаған фанзасы ғана болатын. Ал бұдан басқасы түгелімен киіз үйлер еді. Сөйтіп, қаланың сыртқы түрі үлкен қыстақ тәрізді көрінетін. Оның бұл көрінісі саяхатшыға жақсы елес бермеді, ол көргенін сол калпында жазып отырады.

Урга қаласында бірнеше күн болған соң, ол қараша айының соңғы кезінде Азияның тұйық жатқан жерлеріне бет алып шығады.

Урга қаласының тұрған жері — Хан-ула тауының солтүстік шеті, Толы өзенінің бойы. Биік тау мен қалың ормандар осы жерден бітеді де, саяхатшының алдынан енді алыстан мұнартқан бұйраттар мен созылып жатқан шексіз дала көріне бастайды.

Сары дала жапан түзде, көне замандағы елдердің қарым-қатынасының дәлелі болғандай, ұзыннан-ұзақ созылып жатқан керуен жолы. Бұл жолмен ерте кезде Ресейден Қытайға баратын елшілер жүрмесе, Еуропа жұртынан ешбір ғалым жүріп көрген емес. Пржевальский жапан түздің «кемесіне» — бір топ түйеге жүк артып келе жатқан Урга мен Қалған қаласының арасындағы керуен жолы осы жерде жолдың ең үлкені. Оның алдынан ұшы-қиыры жоқ құба жон, созылып жатқан монғолдар «Гоби» деп атаған шөл дала басталады.

Бұл жерде анда-санда кездесетін көшпелі монғол ауылдары болмаса, қоныстап отырған ел болмайды. Жолаушының көзіне молырақ түсетіні тек жүйрік ақбөкен мен қарақұйрық сияқты аңдар ғана. Құлазып жатқан ескі жолда мыңдаған түйені тізбектеп керуендер күн сайын Қалған қаласынан Кяхтаға қарай өтіп жатады.

Мұндай шөл далала керуендердің біріне-бірінің кездесуі—зор қуаныш. Жапан түзде келе жатқан жолаушылар бірін-бірі көргенде жөн сұрасып, мәз-мейрам болып қалады.

Гоби — дүниедегі ең үлкен шөлдің бірі. Оның бір шетінен екінші шетіне шығу оңайлықпен түспейді, адамның өмірін өксітіп, жүзін сарғайтатын өте қиын жер. Мұнда көңіл жадырататын көркем табиғаттың ешбір сілемі жоқ, бет-аузын баялышпен қармық басқан құба жон тіршіліксіз жатады, жер реңкі бір калпынан өзгермейді.

Алайда ертегілі сырға бөленген Гоби даласын басып өту Пржевальскийдің көптен қиял еткен бір ісі еді. Сондықтан ол асығу не жапан тұз деп қауіптену дегенді білмейді, күндегі дағдыланған әдетінше бір жерге қонып, бір жерге түстеніп, шөл даланы зерттейді.

Сөйтіп, ол ұшы-қиыры жоқ Гоби даласынан да өтіп, Қытай мемлекетінің шекарасына таянады. Негұрлым оңтүстікке, Қытай жеріне жақындаған сайын, соғұрлым жер түсі өзгеріп, Гобидың түсі суық даласының орнына енді оңтүстіктің ажарлы табиғаты көріне бастайды. Ол Қытай елінің «Ұлы қамалына» тіреледі.

Бұл атакты қамалдың тұрғызылғанына екі мың жылдан асты. Оның ұзындығы бес мың шақырымға созылып, Моңғолиямен шектесетін Қытай жерін тегісімен орап жатады. Қамалдың солтүстік шеті Манчжурия жерінде басталса, оңтүстікте Сары өзеннің (Хуан-Хэ) басы, Ганьсу, Алашань өлкесіне дейін барады.

Желтоқсанның 24-сі күні саяхатшы бұл қамалдан өтіп, Қытай мемлекетінің шетіндегі Қалған қаласына келеді. Бұдан соң Пржевальский Қалған қаласынан шығып, Пекинге қарай сапар шегеді. Өйткені ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін оған сол елдің паспортын алу керек болады. Жолшыбай қытай шаруаларының тұрмыс-салтына, рухани тіршілігіне аса назар аударып отырады. Сөйтіп, 1871 жылдың қаңтар айының 2-сі күні Пекинге келеді.

Бұрынғы жоспары бойынша Пржевальский Пекин қаласында көп айналмақшы емес те, ол тек ұзақ жолға аттану үшін экспедициясын жабдықтап, жолсерік кісі және паспорт алып кетпекші еді. Бірақ мұның бәрін Пекин қаласында толық ұйымдастыруға мүмкіндік болмайды. Уақытын бос өткізбеу үшін ол енді Гобидің

шығысындағы Далайнор көлін зерттеп қайтпақшы болды. Бұл – Моңғолияның Қытай жақ шетін ала жатқан өлкесі.

Оның жерінің түсі, өсімдік түрлері Гоби даласына ұқсамайды, одан гөрі Манчжурия өлкесінің жаратылысына жақын. Дегенмен Шығыс Гобидың жаратылысы, ауа райы тәуір деп айтуға келмейді. Бұл жердің ауа райы өте құбылмалы, борандатқан кара дауыл бір көтерілсе, тынбастан бірнеше күн соғудан жалықпайды. Мұның бәрі Пржевальский үшін үлкен жаңалық. Осының бәрін ол қылға тізгендей өзінің дәптеріне жазып отырады.

Шығыс Моңғолия жерінде екі ай шамасындай болған соң ол сәуір айында тағы да Қалған қаласына қайта келіп, ат-көлігін, түйесін, қасына ерткен адамдарын жаңартып алады да, өзінің мақсат еткен ұзақ сапары Азияның байтақ даласына аттанады. Сол күндерде күнделік дәптеріне жазғаны: «Міне, нағыз экспедиция енді басталады. Болашақтың қандай болатынын болжап айту өте қиын. Қай жерде жүріп, қандай халде болатынымыз бүтіндей белгісіз. Бара жатқан жағымыз бұрын көрмеген жат жер. Моңғолдарға қанша ақша берсең де қорыққаннан барғысы келмейді».

Саяхатшы экспедициясын толық жабдықтап болған соң, қасына Пыльцов пен екі атты қазақты ертіп, мамырдың 3-і күні Қалған қаласынан аттанып, Орта Азияға қарай бет алады. Оның алдында Коку-хото (Көк сенгір), Шара-хада (Сары қия), Суме-хада (Суме қия) дейтін сенгір таулар жатады. Бұл жерлерді мекендейтін көбінесе көшпелі моңғолдар. Сонымен қатар некен-саяқ қытай қыстақтары да кездесіп тұрады. Бұл таулардың ішіндегі ең көркем Суме-хаданың бауыры толған арқар, құлжа, таутеке. Пржевальский осы таудың етегіне біраз тоқтап, аң аулап, сейіл құрады.

Одан әрі Сары өзенге (Хуан-Хэ) қарай үңіліп тұрған атақты Инь-Шань, Муни-ула тауларын кезеді. Ол жердің табиғаты бұрын көрген таулардан сәл өзгешерек. Олардың іші, бір жағынан, сыңсып тұрған қою орман болса, екінші жағынан, жақпар-жақпар қия тастар болады. Инь-Шань тауының бұл ерекшелігіне қарай оның толған аңдары да ерекше көзге түседі. Онда көп кездесетін киік, елік, ал қия тастарын мекендейтін сұңқар.

«Муни-ула тауының басына шығу – көңілге шаттық сезімін тудыратын істің бірі, – дейді саяхатшы. – Оған шықсаң, алыстағы жердің бәрі көз алдыға келіп, аяғыңның астында тұрғандай болады. Таудың аспанмен тілдескен биік шыңы, бай табиғаты маған айрықша әсер етті. Мұндай жерлерге мен жиі тоқтап, шың басына шығып, маңайдағы меніреу далаға барынша назар аударып, көз жіберетінмін».

Муни-ула тауынан оңтүстікке қарай асып түскен соң ландшафт бүтіндей өзгеріп, оның алдынан енді сағымдалып жатқан жойқын жазық басталады. Бұл жазық Сары өзеннің (Хуан-Хэ) бойына түскенінің белгісі еді. Осы таулы жерде тағы аңдардың орнына дамылсыз сайраған бозторғай мен егінжай, көп қыстақтар кездеседі.

Сары өзеннен оңтүстік-батысқа қарай Ордос, Алашань, Ганьсу өлкелері созылып жатады. Олар өткен дәуірде көп елдің тағдырымен байланысқан тарихи жерлер болатын. Ол жерлерді адам баласы ерте кезден қоныс етіп, оның байтақ қойнауларына мал толтырып, өзен бойындағы көгалды өлкелеріне егін еккен.

Саяхатшы осы айтқан өлкелерді зерттеу мақсатымен Ордос, Алашань, Ганьсу бойына беттейді. Сөйтіп, шілде айының ішінде Сары өзеннің (Хуан-Хэ) бас жағында тұратын Бауту қаласына келеді.

Бауту – саяхатшының бұл өлкеде бірінші рет кездестірген үлкен қаласы. Ол Сары өзеннің сол жақ жағасында, Муни-ула тауына қарама-қарсы тұрады. Пржевальский қала халқымен, оның өмір тіршілігімен танысып болған соң, көп кідірмей Сары өзеннің басына қарай өрлейді.

Сары өзен мыңдаған жылдар ертегіге бөленген, оны қытайлар «Хуан-Хэ» дейді. Оның тек Алашань тауынан ағып түсетін жері болмаса, өзге арнасы тегісімен кен алқап, сай-сала, жазғытұрым су тасығанда ол арнасынан шығып, көп жерге жайылатын болғандықтан, жан-жағы көк майсаға бөленіп тұрады.

Сары өзеннің бойы тастақ емес, көбінесе жұмсақ топырақ, балшықты келеді. Сондықтан ол біздің Амудария сияқты кейде жаңа арнаға түсіп отырады.

Сары өзеннің бұл құбылысы Пржевальскийдің саяхатына дейін география ғылымында мүлде белгісіз еді, зерттеу нәтижесінде Пржевальский Сары өзеннің көп заманнан омырайып жатқан ескі арнасын ашып, география ғылымына күрделі бір жаңалық қосады.

Сары өзен үйіріліп ағатын терең болғандықтан, одана ауыр жүкті керуен түйелерін өткізу Пржевальскийге оңай болмайды. Ол күнде Сары өзеннің Бауту қаласы тұрған маңында көпір деген болмайтын, бар болғаны тек қана ескірген көне қайықтар. Оны Бауту қаласындағы қытайдың кедейлері не жатақтағы моңғолдар жүргізетін.

Жер түсіне қарағанда Ордос жан-жағын Сары өзен орап жатқан кең төскей. Оның келбеті өзен бойындағы ойпат жерге ешбір ұқсамайды. Климаты көтеріңкі жері салқын, биік төскей, мұнартып жатқан кең үстірт. Оның жан-жағын алыстан көтеріп қоршап тұрған биік таулар, бұйрат адырлар. Ол таулардың ішіндегі ең



сәулетгісі Шара-хада, Суме-хада, Нарын-ула, Муни-ула тауларының батысын ала шөгіп жатқан көк сеңгір Арбус-ула, Алашань таулары. Дегенмен Ордос өлкесінің көгалды жерінен шөл даласы басымырақ, Сары өзеннің оң жағы сіресіп жатқан атырау құм, оның кейбір барқын бұйраттары тұтасқан бетімен Алашань құмына барып ұштасады. Мұндағы құмдарды моңғолдар «Кузупчи» деп атайды, оның сыртқы келбеті Қазақстандағы Мойынкүмге ұқсас.

«Тау-тау болып үйіліп жатқан бұл құмдардың ортасына барғанда, – дейді саяхатшы, – адам қатты булығып, еңсесін көтере алмайды. Өйткені төңіректі басып жатқан құм мен тебөндегі аспан болмаса көзге жылы тиер дәнене жоқ. Бар көретінің – құмның бетін шарлайтын сары-кесіртке, одан өзге не өсімдік, не аң дегенді көрмейсің. Ешбір тіршіліктің сілемі болмаған соң, бұл жойқын құмның ортасында адам өзін бір қапасқа түскендей көреді. Манайың мүлгіп тұрған меніреу дала, оны жаңғырықтыратын ешбір дыбыс жоқ, ең ақыры шегірткенің даусы да естілмейді».

Осында аңнан кездесетін тек қарақұйрық (моңғолша – кара-сульти). Бұл жайран деп аталатын әдемі киіктің бір атасы Гоби, Алашань, Ордос, Цайдам өлкесінде тараған аң. Тек жағынан алғанда бұл аң Қазақстан өлкесінде мекендейтін қарақұйрықтан еш бөтендігі жоқ, оның денесі, түр-түсі, мінез-құлқы, жүрісі ұқсас. Ол өте сақ аң болғандықтан, адамнан қатты сескенеді, көгалды жерге жоламай, көбінесе жапан тұз, шөл далада жүреді.

Сары өзеннің басы мен Ордостың көгалды өлкесі – Ішкі Азиядағы ең шұрайлы жердің бірі. Қытай тарихының дерегі бойынша, біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын Ордостың байтақ жайлауы үшін гүн мен

қытайлар арасында талай рет қырғын соғыс болып, ол оқиға кейін халықтың аузында аңыз әңгімеге айналып кеткен. Пржевальский Ордос бойындағы жердің тек жаратылыс түрлерін зерттеп қана қоймай, ол жерді қоныстайтын елдердің рухани тіршілігін де бақылап, олардың тарихи аңыз әңгімелерін жазып алып отырады.

Ордос өлкесінде бірнеше уақыт болып, оның елі, географиялық жағдайымен танысып болған соң, Пржевальский қыркүйектің 2-сі күні Сары-өзеннің Алашань тауынан ағып түсер жерінде тұратын Дэнкоу қаласына келеді. Ондағы ойы – Сары өзеннің батыс жақ бетіне қайта өтіп, Ішкі Азиядағы ең атақты Алашань шөлін зерттеп шығу.

Алашань – Гобидің оңтүстік жағымен тұтасып, түтеп жатқан ақшағыл құм. Оның ұшы-қиыры батыстан шығысқа дейін көлемі мың шақырымға созылады.

Алашаньның құмы жетіп келген жолаушының өмірін өксітетін аса мейірімсіз жер. Пржевальский бұл туралы былай дейді: «Алашань – жүздеген шақырым жерге созылып жатқан жойқын құм. Бұл құм өзінің ауа айналып түсетін ыстығымен жолаушыны тұншықтырып өлтіретін не долдана соққан құмды боранымен басып қалатын аяусыз жер. Бұл құмның кейбір жері тау-тау болып шөгіп жатады. Сондықтан моңғолдар оны «тәңірі» деп атайды. Бұл жерде бір тамшы су болмайды, сондықтан ұшқан құс пен жүгірген аңды ешуақытта көре алмайсың. Сұлық жатқан мылқау жаратылысты көргенде, бұл жерге келген кісінің үрейі ұшып, жүрегі қабынан шыққандай болады».

Алашань – бірыңғай сырғып жататын көшпелі құм. Оның бетінде өсімдік өте сирек кездеседі. Оның кейбір қойнауларында сексеуіл мен құмаршық ғана болады. Моңғолдар «сульхир» дейтін құмаршық суды керек

кылмай, шағыл құмның өзіне шығатын аса қоректі өсімдік. Шөл кезген саяхатшыны аштан өлтірмеу үшін жаратылыс оны бұл жерге әдейі арнап шығарған тәрізді. Өйткені оның биік сабағы да, дәні де түйе мен адамға қорек болады. Пржевальскийдің өзі және жолдастары астықтары таусылғанда осы құмаршықтың дәнін жеп күнелткен. Құмаршықтың дәнінің пісіп-жетілетін кезі күзгі айлар. Бұл кезде моңғолдар оны қап-қабымен жинап, қысқа сақтап қояды.

Пржевальский Алашаньның құмына күзгі салқын түсе бастаған кезде келіп, оны аралап өту бұл жолы онша қиындыққа соқпайды. Бірақ от пен судың тапшылығы жолаушыны қалайда зарықтырмай қоймайды. Жойқын құмды бірнеше күн кезіп қажыған соң, ол енді бетін шығыста мұнартып тұрған Алашаньның құз тауларына бұрады.

Алашань таулары – Азиядағы ең сәулетті көркем жердің бірі. Оның аспанмен тілдескен биік шындары, көкке бойлап тұратын қызыл соран жақпар тастары, сылдырап ағатын күмістей тасқын сулары жолаушының жүрегіне еріксіз әсер етеді. Бұл тау жапан түздің ортасына әдейі қолмен қойғандай-ақ. Оның басына шықсаң бір жағынан, Алашаньның құмы тұнжырап көрініп тұрса, екінші жағынан Сары өзеннің үйіріліп аққан суы аяқ астында жатады.

Бұл жердің арқарын жергілікті моңғолдар «куку-яман» дейді. Біздің Алатауда жүретін арқар тәрізді куку-яман да өте сәк, сергек аң. Ол күндіз көбінесе таудың құз тастарында бекініп тұрса, кеш түскенде отауға шығады. Қия таста тұрғанда куку-яманда қозғалу деген болмайды, тек анда-санда ғана жан-жағына қарап қоятын әдеті бар.

Пржевальский Алашаньның асқар тауларына, оның бауыры толған аныла қызыққан соң, бұл жерде екі жұма жатып, тау кезіп, аң аулау қызығына түседі. Бұл туралы өзінің күнделік дәптерінде былай деп жазған: «Алашань тауында болған күндерде мен жолдастарымды ертіп, ылғи арқар аулау қызығына салындым. Ой-шұңқыры көп жат жерді біле қою өте қиын. Сондықтан басшылыққа бір аңшы моңғолды ертіп алған едім, ол бұл жердегі таудың қуыс-қуысын, арқардың (куку-яман) мінез-қылығын өте жақсы біледі екен. Біз ерте тұрып, күн шыға бастаған мезгілде таудың биік шындарына көтеріліп шықтық. Жадыраған ашық күндері төңіректегі жаратылыстың мүлгіп тұрған кезінде биіктен төмен қарай қарасаң, тау етегі адамға бір сұлу дүние болып суреттеледі. Алашань тауының шығыс жағында Нинся қаласының маңайы тізген меруерттей жалтырап жатқан сансыз көл, одан әрі мың құбылып аққан Сары өзен. Таудың батыс жағына қарасаң, ұшы-қиырына көз жетпейтін жойқын құм мен шөл даланың суреті көз алдында тұнжырап жатады. Мелшііп жатқан тау-тау құмның арасында анда-санда дөңгеленіп көрінетін қоғалды сызаттар. Төңірек құлаққа ұрған танадай тып-тыныш. Мүлгіп тұрған тау ішінің тынышын кетіретін тек қана ауық-ауық шақыратын мүйіздің дауысы».

Алашань тауын кезгенде Пржевальскийдің аса бір таңсық көріп, құмартқан нәрсесі жоғарыда айтқан «куку-яман». Бұл хайуанның тіршілік етуі тек тау-тастың, құз жартастың ортасында өтетін болғандықтан, оған бір қиядан екінші қияға орғып түсу дағдылы іс болып кеткен. «Бір нәрсенің қарасын көріп үріккен арқар, – дейді ол, – бетің бар, жүзін бар демей, асылып тұрған қия тастан төмен қарай секіргенде: апыр-ай, бұл сияқты

үлкен хайуан оқ жетпейтін шын жартастан қалай ұшып түседі екен деп, адам таң қалады. Оның үстіне куку-яман быртық аяғымен-ақ қия тастың сорайып тұрған ең үшкір басына шығып тұрып алады. Кейде сораң тастың ілініп тұрған сынықтары орғып қашқан хайуанның салмағын көтере алмай құлап, төмен қарай домалап түседі. Ол одан әрі секіріп, бір қиядан екінші қияға орғып кетіп бара жатқанын көресін».

Қазан айы басталып, қыс мезгілі таянып келеді. Жаз бойы жапан түзді кезіп, жаратылыс пен аң тіршілігін зерттеген ғалымның киімі тозып, азығы азайды. Бірақ оның арып-шаршап қиындық көрген кездері далаға кеткен жоқ. Азияның көп жерін аралап, оның географиялық ландшафтысын, өсімдік ерекшеліктерін, жануарлар өмірін жете зерттеп, олар туралы көп мағлұмат жинап алады. Ұйқыдан оянып тұрысымен, не көрсе соны бұлжытпай жазып алу – Пржевальскийдің әдетті ісі еді. Кейбір сирек жолығатын заттарды тек қана жазумен қанағаттанып қоймай, оның суретін де түсіріп отыратын.

Пржевальский Алашань тауынан шығып, оның етегіне таяу тұрған Динь-Юань-инь деген қалаға келіп, біраз тыныс алмақшы болады. Бұл қала Алашань өлкесінің әкімшілік орталығы, үлкен ескі қала еді.

Бұл өлкені басқаратын амбан (бек) көп жерде болған, көпті көрген кісі екен, ол Пржевальскийдің алдынан даяшы шығарып, құрметпен қарсы алады. Бірақ Пржевальскийдің жазуына қарағанда, Алашаньның бегі жергілікті елдің бұқарасын аяусыз қанайтын барып тұрған қансорғыш. Ол феодализм дәуірінде болатын кертартпа, паракұмар, мансапқор, қол күш жұмсап, бұқара көпшілікті өзіне бағындыратын нағыз қанаушының өзі болады.

Бірыңғай халықты езіп тіршілік жасап, ылғи сонымен масаттанып отыратын болған соң, оның жеке басының қамы да өзгеден басқарақ болады. Қалада және оның сыртында өзіне арнап салған сәулетті сарайлар, жайнап тұрған бау-бақша, бәрі соның меншігінде болады.

Алайда Ганьсу мен Алашань өлкесінің бұқарасы ұлы орыс халқына көрсеткен достық ретінде, оның ардақты ғалымы Пржевальскийді зор қуанышпен қарсы алып отырған соң, жергілікті бегі бұл жағдайдан асып кете алмайды.

Дегенмен жаз бойы дала кезіп, арып-ашып жүдеген кісіге Алашань өлкесінде ұзақ жатуға болмайды. Оған қыс жабдығын қамтамасыз ету керек. Сондықтан ол қазан айының ортасы кезінде Динь-Юань-инь қаласынан аттанып, енді Пекинге жол тартады.

Күзгі лайсаң қыс түсіп келе жатқан кез. Алашаньның жапан түз даласынан Пекинге жеткенше талай қиындықты бастан кешіріп, қыстың үскірік аязына шыдап келеді. Бұлардың жүріп келе жатқан жерінің көбі таныс, ол бұрын көрген Нарын-ула, Муни-ула таулары, Сары өзеннің сол жақ беті. Тек ғылыми-зерттеу мақсатымен ол Нарын-ула тауының теріскей бетін ғана шолып өтпекші болады.

Қараша айының бас кезінде жолаушылар Сары өзеннің алабын кесіп өтіп, Оңтүстік Гобидің биік жотасына көтеріледі. Неғұрлым жазықтан өтіп, биік дөңеске өрлеп шыққан сайын күн суытып, шатынаған аяз жолды бөгей бастайды.

Мұндай жағдайда шатыр тігіп, түнеп шығу да қиын, әсіресе, жағатын отын мен көліктің азығы табылмаса. Түйелер қатты жүдеп, кейбіреуі жүруге жарамай жолда қалады. Алайда бұл қиыншылықтың



барлығын Пржевальский елемейді, оған ешбір мойымайды. «Гобидің даласын еске түсіргенде, – дейді ол, – ойымнан кетпейтін бір нәрсе: кешке таман күннің шапақтап батқаны мен, түннің бірге-бірге аспанды жапқаны еді. Бұл кезде біз күндегі әдетіміз бойынша түйелердің жүгін түсіріп, жердің қарын аршып, шатыр тігіп жататынбыз. Бұдан кейінгі күрделі мәселе – отын табу. Қасымдағы атты қазақтың біреуі жақын арадағы моңғол ауылына орасан қымбат болса да тезек (арғал) сатып алуға кетті. Тезекке біз өте қымбат төлеп жүрдік, бірақ соның өзі бізге жәй табылғанмен бірдей болып көрінуші еді. Өйткені кейде тезекті мүлде сатпай қойған күндері де болды, бізге ең қиын тиетіні осы еді. Бір күні мұқым дәнеңе табылмай, түйенің ашамайын жағып, шай қайнатып жан шақырдық. Бұл күні боран мен үскірік аязға карамай, отыз шақырым жер жүрдік.

Қысты күні шатырға от жақсаң, едәуір жылу береді, жылынатын көбінесе дененің отқа караған жағы. Бірақ шатырдың іші түтінге толып, көзді ашытып, берекені кетіреді. Ал желді күні тіпті отырғызбайды. Ол кезде жеп отырған ет аузына барғанша қатып, қол мен аузың майға сіресіп тұрады, оны жәй кетіріп болмайды, тек пышақтың жүзімен қырып түсіресің».

Күндіз тоңып, шаршап келген жолаушылардың түн ұйқысын бұзатын қасқыр. Даладан аң таба алмай ашығып жүрген тау қасқыры көліктердің інісін алыс жерден сезеді. Қыстың боран-шашынды күндерінде олардың құтырынуы сонша, атқан мылтықтың дауысына карамастан, экспедиция көліктеріне ауық-ауық шауып, жолаушылардың мазасын кетіріп, түні бойы ұйықтатпай шығатын күндері аз болмайды.

Сөйтіп, қыстың сақылдаған сары аязына карамай, саяхатшы Гоби даласы мен Оңтүстік Моңғолияны кезіп,

жана жылдан бір күн бұрын Қалған қаласына келеді. Бұл жер оның түбегейлі салық қылған жері, өзінің отанына таяу тұрған Қытайдың шет қаласы. Оның бұдан аттанып, Азияға кеткеніне бір жылға таяу болған. Содан бері ол барлық уақытын жапан тұз, сар далада өткізіп, ел-жұртынан хабар алмай, құса болып жүретін.

Қалаға келісімен Пржевальский ең алдымен поштаға жүгіреді, көп айлардан бері жиналып жатқан топ-топ газет, достары жазған сансыз хаттарды алып оқып қуанады. Мұнда ол Ішкі Азиядан тауып қайтқан ғылыми қазыналарын өзінің отанына жіберу, бір жыл ішінде жүргізген зерттеу жұмысы туралы География қоғамына есеп беру, экспедицияның екінші кезеңіне дайындалу, ақша алу, одан кейін ел-жұртын сағынып, арып-ашып жүрген жолдастарын елге қайтару, олардың орнына жанадан кісі алу жұмыстарымен шұғылданады. Бірақ ол кездегі жол қатынастың мешеулігі экспедиция жабдығын тездетуге мүмкіндік бермейді. Өйткені Ганьсу – Тибет өлкелерін аралау үшін жанадан қытай паспортын алу керек болады. Пржевальский сол әрекетіне кіріседі.

Қыстың суық айлары өтіп, жаздың жылылық сілеміде біліне бастайды. Бұл кезде оның күткен ақшасы да, қасына ертетін адамдары да келіп жеткен. Олар жергілікті елдің тілін, тұрмыс-салтын жетік білетін адамдар еді. Ең тамашасы, солардың ішінде ұзақ, қиын сапарда жан-тәнімен көмек көрсеткен өте сенімді және көп тәжірибесі бар, кейін Пржевальскийдің барлық саяхатына қатынаскан белгілі Дондок Иренчинов пен Панфил Чебаевтар болды. «Біз Пыльцов екеуміз, – дейді саяхатшы, – бұл аяулы жігіттермен аз күннің ішінде шүйіркелесіп достаса бастадық. Бұл, әрине, істің

жемісті болып шығуының зор кепілі еді. Отаннан өте алыс қиыр шетте жатқан жат ел мен жат жерде жүргенде біз бұл жігіттермен бір атадан туған бауырдай болып, қиыншылық пен қорқынышты, қайғы мен қуанышты бірге бөлісіп отырдық. Экспедиция ісінің көңілдегідей болып шығуына себеп болып, сондай ерлік, сенімділік, қайрат көрсеткен бұл жолдастарымды мен көрге кіргенше есімнен шығармақшы емеспін».

Арып-ашуды білмейтін Пржевальский осы жолдастарымен екі ат және он бір түйеге артқан ауыр жүгімен 1872 жылы наурыз айында тағы да Сары өзеннің басына қарай шығады. Саяхатшының бұл жолғы мақсаты: бұрын көре алмай кеткен жұмбақ жері – Кокунор көлі мен Цайдамның жалпақ сорын аралау. Кокунорға бару үшін Алашаньның дүлей құмын тағы да кесіп өту керек болады.

Алашань мен Кокунордың арасы елсіз жапан тұз. Оның үстіне ол жер 1872 жылы феодалдық Қытай үкіметіне қарсы дұнғандар көтерілісінің орталығы болды. Ол жерден жүріп өтудің қауіпті екенін Қытай үкіметі Пржевальскийге паспорт берерде ресми түрде ескерткен. «Сонда бір шапқыншылыққа, талан-таражға ұшырағандай болсаңыз, біз жауапты бола алмаймыз», деп айтқан.

Кокунордың жолы осындай қорқынышты, қиын болса да, ақылы мен қайратына сенген ер Пржевальский оған карамай, өзінің мақсатты жұмысын орындағанды бәрінен артық көреді.

Маужыраған жаз түсіп, жер жүзі масаты кілемнің түріндей құлпырып тұрған кезі. Бұл кезде Пржевальскийдің түйелері асу-асу белдерден өтіп, тағы да Алашаньның барқын құмдарын бөксере басып келе жатады. Алашань, жаздың ыстығында адамға мейірім

түспейтін қатал жер. Саяхатшылар оның шөлінде ақ сүйек болып шашылып жатқан керуен түйелерінің сүйегін кездестіріп отырады, кейде жыртқыш аң, қасқыр жеп кеткен адамдардың сүйегі де жолығады.

Алашаньның шөліндегі құдықтардың барлығы не заманнан аршылмай жатқан батпақ, суы сасық, кейде түбі адамның, малдың, не аңның өлекесімен толып жатады. Алашаньнан Кокунорға баратын жол Ганьсу өлкесін басып өтетін жермен жүру дәл 1872 жылы аса қауіпті еді. Өйткені Ганьсу өлкесінің көп жерін көтеріліс шығарған дұнғандар басып алғандықтан, қатынас көптен бері үзіліп қалған. Сондықтан Пржевальский ертіп баратын басшы адамды іздеп таба алмай жүрді. Жергілікті моңғол мен қытайлар дұнған көтерілісінен үрейі ұшып, оған баруға ешқайсысы шешіліп шықпады.

Енді не істеу керек? Пржевальскийдің байқауынша, бұл кезде Динь-Юань-ин қаласына Пекиннен керуен келіп жатыр екен. Олардың баратын жері де Ганьсу өлкесіндегі белгілі бұтхана Чейбсен деген жер. Бірақ олар да дұнған көтерілісінен қорқып, сондықтан қалада тоқтап жатқан. Басқа мүмкіндік болмаған соң, Пржевальский олардың басшыларын үгіттеп, бірге жүруге шақырады. Егер көтеріліс шығарған дұнғандар керуенге шабатын болса, одан ешбір зиянсыз аман-есен өткізуге сенім береді. Топтанып тұрған жолаушыларды сендіру үшін ол мылтықтан бірнеше рет оқ атып, оларға үлкен әсер етіп, рухын көтереді. Біраздан кейін бәрі жұмыла көтеріліп, жүруге де дайын тұрады.

Бұл керуенмен келе жатқан адамдар бір жердікі емес, оның көпшілігі Ганьсу өлкесінде тұратын таңғұттар, өзгесі Тибеттің далай-лама орталығы Лхасқа табынуға бара жатқан моңғолдар. Пржевальский осы

керуенмен бірге маусым айының басында Кокунорға бет алып шығады.

Оңтүстік Алашаньның тау-тау көшпелі құмда жатқан жолдың сілемі тек анда-санда көрінетін түйенің құмалағы мен жол бойы шашылып жатқан ақ сүйектер.

Бұл жермен жаздыгүні жүріп өту азап отына түскенмен бірдей. Жол білмейтін кісі бұл жойқын құмның ортасында не адасып өлуі, не ұйтқып соққан құмды боран басып қалуы ашықтан-ашық көрінеді. Пржевальскийдің қасына ерген кісілердің көпшілігі бұл жердің жолын, суын жақсы білетін адамдар екен. Олар керуенді тек отын-суы бар жерге ғана қондырып отырады. Пржевальский бұл жолын еске түсіргенде былай деп жазады: «Біз күндізгі ыстыққа ұшырамау үшін ылғи түн ортасында тұрып, түн салқынымен отыз-қырық шақырымдай жүріп, кез келген құдықтың басына тоқтап отырдық. Дайын құдық таппаған жерде өзіміз құдық қазып, суды шығаруға тура келді. Біздің қасымызға ерген кісілердің көпшілігі бұл құмды талай рет кесіп өтіп, оның жолын, қай жерде суы барын жақсы білетін еді. Бірақ бір жаман жері, жол бойында кездескен құдықтардың суы өте сасық, оның үстіне көтеріліс жасаған дұнғандар кісінің өлімтігін осы құдықтарға тастап су ішуге жарамсыз еткен. Менің есіме түскенде осы күнге дейін жүрегімді айнытатын бір нәрсе мынау еді: Алашань даласын кезіп жүріп, бір күні бір құдықтың басында дем алдық. Шай ішіп болғанбыз. Жолдастарым аңсап тұрған түйелерді суаруға кірісті. Түйелер әбден шөліккеген екен, құдықтың суын тауыса ішіп қойды. Сол кезде құдықтың түбіне үніліп қарасақ, іші толған адамның шіріп жатқан өлексесі екен, сол жерде мен не істерімді біле алмадым».

Дүниеде адам баласы жеңбейтін зат жоқ, бірнеше күн жүрген соң олар Алашаньның құмынан өтеді. Бірақ бұйрат құмның орнына енді жапан тұз бен сор дала кездеседі. Саяхатшылар бұдан да өтеді. Алыста, көз ұшында бұлдырап биік тау көріне бастайды, олар неғұрлым соған тез жетуге тырысады. Біраздан кейін ландшафт бүтіндей өзгеріп, жолаушылар Ганьсу тауының ішіне кіре бастайды. Бұл таудың төңірегі құлазыған шөл даладан бүтіндей өзгеше екен. Оның мұнартақан ала бас биіктері шаршаған жолаушыға дем беріп, көңілін қуанышка бөлегендей болады. Алашаньның шөлінен кейін Пржевальский бұл суретті көргенде басқа бір дүниеге кіргендей болады. Асқар тау, одан аққан сансыз бұлақ, толып жатқан егінжай, қазылған арық, қарауыттып жатқан мал, қыстақ – осының бәрі Ганьсу суреттері. Бұл таудың іші сыңсыған орман, сай-салалары толған қалың тоғай, бұраңдай аққан сансыз өзен, оның өн бойы неше алуан өсімдікпен құлпырып, таудың қойнауларындағы қызылды-жасылды жаратылыс. Саяхатшы бұл көркем жаратылысты зерттеп, күнделік дәптеріне жазып алып отырады.

Ганьсу – Батыс Қытайдың байтақ бір өлкесі, оның жері шүйгін бай болған соң, оның тау-тасын, өзен-суларын мекендеп жүретін аң мен құстары да өте көп. Оның ішінде арқар (куку-яман), марал, бұғы, киік, елік, аю, қасқыр, барыс, түлкі, тағы басқа түрлі аңдар басым болады.

Мұнда, әсіресе, көп жолығатын жыл құстары, оның ішінде олардың су мен қырда бірдей жүретін түрлері. Пржевальский бұрын жүріп өткен жерінде жыл құсының топталып жүруін тап Ганьсу өлкесіндегі ешқайда кездестірген жоқ. Жаратылысты сүйетін,



анқұмар кісіге бұл, әрине, үлкен жаналық болып табылады.

Ганьсу тауларында Пржевальскийдің көзіне ерекше түскен биікте жүретін алып құстар. Нань-Шань Азиядағы ең бір биік таулардан бірі болған соң, Гималай, Тянь-Шань, Памир тауларын мекендейтін алып құстар бұл жерде де ұшып жүретіні байқалады, олардың ішінде алақұмай, көкжөре, көшеген, қанкерде дейтін құстар бар.

Пржевальский Ганьсу тауларының асу-асу белдерінен бірнеше рет өтіп, бұрын көрмеген жерлермен танысады. Тау ішінен Чагрын гөл, одан әрі Ярлын гөл деген суларды кездестіреді. Бұл жер Таңғұт елінің тау ішіндегі әсем жайлауынан саналады. Пржевальский бірінші рет олардың тіршілігімен танысып, жұртшылық салтына көңіл аударады. Таңғұттар – мал бағатын көшпелі халық, олардың шаруашылығында көрнекті орын алатын – қодас дейтін сиыр тұқымдас мал. Оның шудасы шұбатылып, жерге түсіп жататын өзгеше бір хайуан. Таңғұттар қодастың шудасынан киіз жасап, неше түрлі киім тігеді. Қодастың шудасы көбінесе көмірдей қап-қара болғандықтан, таңғұттардың тігіп отырған үйі де ылғи қараша үй болып келеді. Пржевальский Ганьсу тауларынан асып, Ярлын гөл өзеніне келгенде, оның бойында самаладай тізбектеліп, таңғұттардың қараша үйлері тұрады, ауыл маңында шудасын төгілтіп, жайылып жүрген қодастар. Бұларды бірінші рет көргенде Пржевальский қатты таң-тамаша қалады.

Жолаушылар тағы да бірнеше кезеңнен асып, Ганьсу тауының күнге бетіне шығады. Олардың алдынан қолденендеп ағып жатқан сұлу өзен Датун гөл (Тэтуңгу), оның бойында жайлап отырған таңғұттар кездеседі. Осында Чертынтон дейтін бұтхана бар. Жердің маңайын айнала қоршап тұрған

құз жартас биік тау болған соң, Чертынтон қыстағы дунғандардың шабуылына ұшырамай аман тұрады. Ал Ганьсу тауларының теріскей бетіндегі қыстақ пен қалалардың шапқыншылыққа ұшырамай қалғаны кемде-кем. Пржевальский өткенде олардың мал-басы күйзеліп, қатты жүдеушілік үстінде отырады. Оның бақылауынша, Ганьсу өлкесіндегі бұқараны жүдетуші көтеріліс шығарған дунғандар емес, оларды басуға шығарған қытай хандарының жазалау әскері. Күн-түні ішімдікке салынып, жергілікті елдің бұқарасын шексіз жәбірлеумен ығыр қылады.

Датун гөл жағасы шапқыншылықтан тыныш әрі жаратылысы қызықты болған соң, Пржевальский бұл жерде бір жұмадай жатып, тыныс алады. Бұл жердің маңайы самаладай тізілген биік тау, асылып тұрған құз жартас. Таудың асулары өте қиын, ылғи қапшағай тар кезеңдер. Ондай тар кезеңдерден тек қана атпен не есекпен шұбырып өтпесе, жүк тиеген түйемен асуға болмайды. Сөйтіп, Датун гөл тауларын зерттегенде оның асуларынан тек қана есекпен қашыр жалдап асады. «Бұл таудың ішінде, – дейді ол, – жол деген жоқ, бары тек сайдың басына қарай өрлеп жатқан тар соқпақ. Маңайдың барлығы зәулім кня тастар, олар кейде сайдың қылта жерлерін орап алып, жүріп өтуге ешбір мүмкіндік бермейді. Оның үстіне таудың құлай берісі қолмен қалап қойғандай тіп-тік. Асуға таянғанда жол тауды бөктерлей, айналып шығады. Тап сол жерден жүкті көлікпен жүріп өту аса қауіпті. Асуға шығысымен таудың арғы бетінен әдемі табиғат көрінісі ашылып, жазықтағы толқыңды бұйраттар тұнжырап көз алдында жатады. Менің есімнен кетпейтін бір нәрсе мынау еді. Бір күні бізге тағы да осы таудан асуға тура келді. Оның басына шығып, жан-жаққа көз салсам, аяғымның асты

толықсып тұрған бұп-бұйра ақ бұлт. Оған қарсы аспан жүзі көк мөлдір, ап-ашық, жарқыраған күн сәулесі жоғарыдан нұрын төгіп тұрған еді».

Ганьсу тауларының күнгей жақ етегінде, осы өлкені зерттеген кезінде Пржевальский жиі тоқтаған Чейбсен деген сүмбе (қыстақ) тұрады. Бұл жерге Пржевальский таңғұт тілін білетін басшы монғолды ертіп, оған талай рет оралып отырған.

Ганьсу тауларының асуы қиын, жері кня тас болған соң, ол мамырлаған түйелерін Чейбсенде қалдырып, жер аралауға бірнеше қашыр жалдап алады. Шілде-тамыз айларын тегісімен солтүстік Ганьсу тауларын зерттеумен өткізіп, олардың геологиялық құрылысын айырады. Сонымен қатар қаншама өсімдік түрлерін, аң, құс тектерін жинап алып, коллекция жинайды.

1872 жылдың бүкіл жазын ол бір ғана Ганьсу өлкесін зерттеуге жұмсап, қыркүйектің басында өзінің негізгі салығы Чейбсенге қайтып келеді. Сол кезде көтеріліс шығарған дұнғандар осы жерді астан-кестең қылып, жергілікті халықты бір тарының қауызына сыйғызғандай тықсырып тұр екен.

Бұл жағдай Пржевальскийді бірталай ойландырды. Ең қиыны бұтханада жаугершіліктен үріккен ел оған қорған болғаны былай тұрсын, қайта бөгеу болатын сияқты. Сондықтан бұл жерде бекініп жату қолайсыз деп тауып, шатырын бұтханадан аулағырақ жерге апарып тігеді.

«Бұл жерге қонысымен абайсыз болмау үшін, – дейді Пржевальский, – шеп жасауға кірістік. Коллекциямен толтырған барлық жәшікті, былғары қаптарды, түйенің ауытыларын қалап, төрткүлді камал жасап, өзіміз соның ішінде отырмақшы болдық. Қасымызға мылтық, алтыатар, оқ-дәріні дайындап

қойдық. Түнге қарай камалды айнала түйелерді шөгеріп жатқыздық, олар өзінің соқталы денесімен атпен шабатын жауға бірталай кедергі жасайтын еді. Оның үстіне атқан оқ босқа шығын болмауы үшін оның тиетін жерін күні бұрын өлшеп, таспен белгілеп қойдық.

Мынау алдымызда тұрған бірінші қауіпті түн... жұрттың бәрі бұтханаға бекінген, айдалада мыңдаған жаудың шабуылы бетінде жалғыз қалған біз ғана... ол күні әуе ашық, ай жарық еді, біз көп уақыт ұйықтамай, бұрынғы өткен-кеткен оқиғаны, алыста жатқан отанды, көптен бері көрмеген туысқан-достарды еске түсіріп, ұзақ уақыт әңгімелесіп отырдық. Таң атқанша кезекпен күзетте отыруға ұйғардық. Келесі түндер тағы да осы сияқты тыныш өтті. Ең соңында Чейбсеннің тұрғын халқы бізді арқа тұтып, малдарын бұтханадан шығарып, оны біздің шатырымыздың қасына әкеліп жаятын болды...

Содан не керек, біз өзімізді жаугершілікке әдейі түсіргендей, Чейбсеннің түбінде алты күн тұрдық. Бірақ ол далаға кеткен жоқ, сол қорықпағанның арқасында біз Кокунор көліне бөгетсіз өтуге мүмкіндік алдық».

Пржевальскийдің еш нәрседен сескенбей, Алашаның құс ұшып бармайтын дүлей құмын кезіп, қорықпай жүруі жергілікті елге үлкен әсер етті. Олар Пржевальскийді керемет иесі деп біліп, ол туралы неше алуан ертегі-әңгімелер шығарады. Оның ерлік ісін өте қызықты әңгімеге айналдырып, көпшілік ортасына зор мақтанышпен таратып отырады. Пржевальскийдің сыртқы тұлғасына сүйсініп, оны мыңдаған жауға жалғыз өзі төтеп беретін батырдың батыры деп шығарады. Бұдан кейін монғолдар жаугершіліктен қорқуын қойып, саяхатшының барам деген жеріне ертіп барудан бас тартпайтын болды.

Жаз айлары кезінде Ганьсу, Нань-Шань тауларының ішінде болып, оның жаратылыс ерекшелігімен, елімен танысып болған соң, күзге салым Кокунорға бет алып жүреді. Бұл екі орта неше түрлі шытырман тау, кей жері елсіз дала еді. Бірнеше күн көрген қиындықтан кейін Пржевальский Кокунор ойпатына түсіп, қазан айының орта кезінде оның жағасына келіп шатырын тігеді.

Кокунор көлінің жағасына келу көп заманнан құмар болған ғалымның бір тілегі еді. Пржевальскийдің мақсаты қазан айының 12-сі күні орындалып, сол күні ерекше сезімге бөленіп, көңілі қуанышка сыймайды. «Өмірімдегі арман еткен тілегім, міне, орындалды. Экспедиция көңілге алған мақсатына жетті. Күні кеше қиял етіп, соған жетер ме-едім деген тілектерім енді жүзеге асқан деректің өзі болып шықты», – деп жазады.

Кокунор – тау ішінде дөңгелене біткен бір сұлу көл. Ол Тибет тауларының солтүстік-шығысымен Ганьсу, Нань-Шань тауларының арасында тұрады. Моңғолдар оны «Кокунор», қытайлар «Цин-хай» деп атайды, оның қазақша аудармасы – Жасыл көл мағынасын білдіреді. Азияда бұл өте сұлу жердің бірі. Оның айдыны біздің Алатаудың ішінде Ыстық көл, Жасыл көл (Есік) сияқты, қашанда суының түсі неше алуан түрге түсіп, жібек тәрізді құлшырып жататын болған соң моңғолдар Кокунор деп атаған. Осындай көлдер асқар таулардың қойнауында болмаса, өзге жерде өте сирек кездеседі. Бірақ тау ішіндегі көлдерден Кокунордың айырмасы – оның суының ащы болуында.

Пржевальскийге Кокунордың көк торғын түсі бейне бір көк бұйра мақпал сияқты болып көрінеді. «Кокунор, – дейді ол, – таулардың кара барқын етегіне дөңгелене біткен бейне бір үлкен айнаға ұқсайды.

Ол – жаратылыстағы сұлу жердің бірі. Оның ең көркем кезі, әсіресе, күзге қарай болады. Бұл кезде оның төңірегіндегі тауларды қар басып, көлдің жағасы ақ мамық қармен көмкерілгенде оның толқындап жатқан көк бұйра айдыны құбылып, әлденеше түрге түсіп жатады».

Кокунордың қасиеті туралы моңғол халқының ауыз әдебиетінде аңыз әңгімелер өте көп. Пржевальскийге дейін бұл көлдің жағасын Еуропа ғалымдарынан ешкімнің аяғы баспаған, сондықтан оның жаратылыс қасиетін, шүйгін жерін, анын, құсын, географиялық орнын ешкім білмейтін. Кокунорды тек қана моңғол халқының тарихи аңыз арқылы біліп танысқаны болмаса, оның нағыз ерекшелігі көп заман тек жасырын сыр болып жататын.

Мыңдаған жыл жұмбақ болып жатқан сол жерді саяхатшы зерттеп, оның географиялық көлемін анықтап, жаратылыс ерекшелігін ашып, ғылымға көп жаңалықтар келтіреді. Оның анықтауынаша, Кокунор – биік тау арасында кездесетін көлдердің өзгеше бір түрі. Көлдің тұрған жері маңайындағы жерлерге қарағанда ойпаңырақ, жазық болып келсе де, теңіз бетімен салыстырғанда одан 3200 метр биікте тұрғаны байқалады, көлемін де бірқатар үлкен.

Көлдің сыртқы құрылысындағы ерекшелік, оның күнге мен теріскей жағы самаладай тізілген биік тау, көлдің жағасы ол таулардың етегіне тұспа-тұс келіп, кейде оның асау толқыны тау бөктеріне соғылып жатады.

Кокунор көлінің ойпаты тұтасқан шалғын, ылғи соны жататын аса бір шүйгін жер. Бұл жерге жаңбыр жиі жауатын болғандықтан, ондағы өсімдік дүниесі өте бай. Оның тауларының іші сыңсыған қара орман,



кою тоғай, тауының беткейіне дейін жайкалып тұрған көкорай шалғын, кілемнің түріндей құлпырған неше алуан шөптер.

Аң тіршілігінен Кокунор даласында көзге ерекше түсетін, әсіресе, құлан. Бұл жануарды Пржевальский бірінші рет Ганьсу тауларының ішінде, Датун (Тэтунг) өзенінің бас жағында кездестірген еді. Кейін зерттеп байқаса, оның мекендейтін жерлері Кокунор, Цайдам өлкелері екен, сонда негізгі тұрақ етіп, жайылуға олар солтүстікте Ганьсу тауларына дейін барады. Құланның көп жүретін өлкесі, әсіресе, Тибет тауларының іші.

Құланбұрын Қазақстанда да, әсіресе, Бетпақдалада көп кездесетін аңның бірі болған. Бірақ олардың жүретін жерлері шаруашылыққа пайдаланылып, тұрмыспен менгеріле бастаған соң, олар адамнан ығысып, басқа жерге ауып не азайып біткен.

Құланның сыртқы пішіні есекке ұқсас, түсі ақтанкер, бауыр жүні ақшыл, жылқы тектес хайуан. Олар далада жүргенде топталып, үйір-үйірімен жүреді. Бір үйірде он бестен алпысқа тарта болады. Үйірді бастап жүретін құланның айғыры болады, бұрың оны қазақтар «жыға» деп атаған.

Құланның айғыры неғұрлым шақар, азулы болса, оның үйірі де көп болады. Үйірді топтау үшін жаз шыға олар қан майданға шығып, бірін-бірі шайнап, қатты таласуға түседі. Үйірге не болып қалатын олардың ең мықты, азулы, шалымдылары ғана. Үйір жанаған жас сәуірік айғырларды сақа айғырлар әрқашан үйіріне жолатпай сауырлап қуып тастап отырады. Ондай үйірден қуылған тоғышар айғырлар не мәңгіріп жеке жүреді болмаса өзге бойдақтармен бірге топталып кетеді.

Қырда жүретін аңдардың ішінде құлан аса сезгіш, түйсікті әрі қашса жеткізбейтін, желаяқ аңның бірі. Оның қаруы – тұяғы мен тісі. Құлан қауіптенген жауынан қашқанда басын жоғары көтеріп, құйрығын тігіп қашады.

Кокунор көлінен кейін Пржевальскийдің алдында ең атақты жердің бірі – Цайдамның жалпақ соры жатады. Оған бару үшін Кокунор көліне құятын Бухайн гөл өзенін өрлеп шығып, одан әрі оңтүстік Кокунор тауларын кесіп өту керек.

Кокунор таулары – жайған кереге тәрізді батыстан шығысқа қарай созылып жатқан зәулім таулардың бірі. Оның сыртқы құрылысына қарай жаратылыс қасиеті де әр алуан. Ол таудың Кокунор өлкесіне қарайтын теріскей беті жаратылысқа бай, шүйгін шөпті болса, күнгей жақ беті шөл даланың ренкін көзге елестетіп, оның қуарған сұрғылт беті сол қалпында Цайдамның жалпақ сорымен ұштасып жатады. Бұл таудың күнгей бетінде Кокунор өлкесінде кездесетін қара орман, көкорай шалғын, биебау дегеннің сілемі де жоқ, жер ренкі көбінесе шөл далаға ұқсайтын болғандықтан, оған шығатын өсімдіктер де қармық сияқты тырбық бұталар болады.

Пржевальский осы таудан асып, Дуган-кит деген белгілі жерге келеді. Бұл – Кокунор өлкесін билейтін бектің тұратын мекені. Күзгі қара суық түскен кез еді. Күн-түні дала шарлап, жүдеп келген жолаушыны Кокунор бегі қадір-құрмет көрсетіп, шын достықпен қарсы алады және достықтың белгісі ретінде жүрерінде оған бір киіз үйді сыйға тартады. Пржевальскийдің айтуынша, кейін қысқа қарсы Тибет тауларын кезгенде бұл киіз үй оларға бірталай пана болған.

Цайдамның жан-жағы таумен қоршалған ұшы-қиыры жоқ кең дала, жалпақ сор, оның шығыс сауырын басып Баян көл өзені ағады. Сөйтіп, бұл бір кездегі тау ішінде болған айдыны үлкен теңіздің түбі. Оны монғолша «Цайдам» деп атаудың өзі де солай екенін көрсетеді. Сордың алабы батыс теріскейден шығыс-түстікке шейін 600 шақырым жерге созылып жатса, ал көлденеңі 250 шақырымнан кем түспейді.

Цайдамның сырт көрінісі ойпат болып келсе де, оның тұрған жері теңіз бетінен 3000 метр жоғары екені байқалады.

Цайдамның көп жері балшықты саз, кейде тастақ, жалпы реңкі күңгірт, адамның еңсесін ешуақытта көтертпейтін құлазып жататын жапан түз.

Жаратылыс түріне қарай Цайдам өлкесін Пржевальский оңтүстік, солтүстік деп екі аймаққа бөледі. Оның оңтүстік өлкесі теріскей жағына қарағанда бірталай шұңғыл, ойпат, сондықтан оның жері ылғи саз балшықты келіп, сор, борбастың көбірек кездесетіні де осы оңтүстік өлкесі болады. Оған қарағанда Цайдамның солтүстік жағы көтеріңкі қырат, жер реңкі де жаман емес, әр алуан түрде кездесіп тұрады.

Жалпы алғанда, Цайдамның жалпақ сорында тіршіліктің сілемі мүлде жоқ деп айтуға болмайды. Оның көп жері ұшы-қиырына көз жетпейтін жалпақ сор басып жатса да, жан-жағы көгалды алқап, суармалы егінжай, шүйгін шөпті мал өрісі де бар. Мұндағы өсімдік дүниесінен көзге ерекше түсетін самаладай тізілген қамыс, жекен.

Цайдам өлкесінің өсімдігі оның жер реңкіне қарай әртүрлі болады. Оның қопалы көлдерінің маңайы сынсып тұрған карақоға, жекен, қамыс, жиегін шырғалаған бидайық болса, сортаң жерлерін қаптап

тұратын изен, кермек, алабота (бударғын) болады. Құмайт жеріне теріскен, майқара, боялыш шығады. Ал өзен бойларына келсек, оның өн бойын көркейтіп тұратын қармық, жыңғыл, итмұрын, тырбық бұталар көп болады. Осылардың ішінде Цайдам өлкесін қоныстаған елдердің шаруашылық тіршілігінде зор орын алатын ол кезде, әсіресе, қармық екен.

Қармықтың биіктігі 1,5-2 метр шамасындай қаракатқа ұқсаған бұта, оның маңызы жемісінде. Осы жемісті адам да, мал да, аң да қорек етіп тіршілік жасайды. Қармықтың жемісін өршелене жейтін, әсіресе, түйе, аю, қырғауылдар. Цайдамның өз бойында аю өте сирек кездеседі, бірақ қармықтың жемісі піскен кезде олар топ-тобымен Солтүстік Тибет тауларынан келеді де, қашан қыс түскенше осы жердегі жыңғылдың ішінде жүреді.

Қармық жемісінің жетіліп дәнденетін кезі — тамыз айының соңы мен қыркүйектің басы. Бұл кезде монғолдар оны қап-қабымен теріп алып, қысқа қарсы кептіріп қояды. Қармық жемісінің дәмі қышқылтым келген тәтті, піспеген жас кезінде түсі қара қошқыл, шала піскен кезінде қызғылт қоңыр, әбден жетілген кезінде қып-қызыл шиі сияқты болады. Монғолдар оны әбден піскен кезінде ғана теріп алып, қақ жасап не бітеудей кептіріп алады. Сол кептірген жемісті қыстығыні нанға қосып қорек етеді не қайнатып суын ішеді.

Пржевальскийдің бақылауынша, Цайдам монғолдарының егінжайы бұл өлкенің солтүстік аймағында көбірек орын алатын сияқты. Олардың егетін-бидай мен арпа. Егінді Балғын гөл дейтін өзеннен арық шығарып, бірыңғай қолмен суарып өсіреді. Бірақ егін кәсібі сондайлық күшті емес, жер өңдеу ісі өте артта қалған, жабайы қалыпта болған сон егіншілік артық көркейіп белең алмаған.

Пржевальский Цайдам өлкесін бірнеше рет кесіп өткен соң, оның географиялық түрін жақсы айырып, аң тіршілігін де жете бақылайды. Оның анықтауынша, Кокунор өлкесінен кейін құланның түпкілікті мекендейтін жерінің бірі осы Цайдам даласы болып шығады. Ол сонымен қатар солтүстік Цайдам өлкесіндегі Кокусай дейтін жерден тағы түйелерді көріп, Азияның географиясына үлкен жаңалық келтіреді.

Пржевальскийдің кезінде Цайдам өлкесі әкімшілік ретінен Кокунор аймағына бағынып, беске бөлініп отырады. Олардың ішінде саяхатшының көбірек мекен қылған ауданы оңтүстік Цайдамдағы Дзунжасак қыстағы болады.

Бұл өлкені мекендейтін көбінесе моңғолдар мен таңғұттар. Олар феодалдық дәуірдің бұғауында болғандықтан, араларында шапқыншылық, жаугершілік істер ауық-ауық болып тұрады. Бірақ ол жағдайға карамай, Пржевальский бұл жердегі халықтың көбімен дос, тамыр-таныс болып кетеді. Солтүстік Тибет пен Цайдам өлкесін мекендейтін моңғолдар мен таңғұттар арасында Пржевальскийдің атын білмейтіні кемде-кем болады. Оның аты жергілікті халықтың арасында сондай даңқты болған соң, Кокунор өлкесін зерттеп жатқан кезінде онымен танысуға Тибеттің елшісі әдейі іздеп келеді. Бұл елші Лхастағы далай-лама атынан бұрынғы салт бойынша Қытай жұртына сый тартуға бара жатқан еді. Жолшыбай келе жатып, Кокунор бойында орыс халқының атакты ғалымы зерттеу жұмысын жүргізіп жатыр деген даңқты естіген соң, Тибеттің елшісі Қамбы әдейі бұрылып келеді.

Қамбы Пржевальскиймен сөйлескенде оған өзінің ақ ниетін білдіріп, Тибет жерін зерттеуге шақырады, «керек болса Лхасқа дейін өзім ертіп барайын» деп

ұсыныс жасайды. Бірақ Пржевальский жол қаражаты жеткіліксіз болғандықтан, дымы құрып, ондай ұзақ жерге барудан әзірше бас тартады.

Алайда ол Тибетке жақын тұрған тауларды араламай кете алмайды. Ол Цайдамның Дзунжасак қосынында бірнеше күн даярлық жұмысын істеп, 1872 жылы карашаның 20-сы кезінде Солтүстік Тибеттің шытырман тауларына бет алып шығады. Қасына басшылыққа бұрын Лхаста талай рет болған Чутун-Дзамба деген қарт моңғолды ертіп алады. Ендігі ойы Тибетке ұштасып жатқан асқар таулар мен Хуан-хэ, Көксу (Ян-Цзы) өзендерінің бас жағын зерттеп қайту еді.

Қоңыр күз өтіп, қыстың үскірік аязы басталып келе жатқан кез еді. Бұл жолы саяхатшыларда қысқа лайықталған жылы киім жоқтың қасы еді. Бірақ жаратылысты ерекше сүйетіі ер Пржевальский қыстың ызғарлы суығына, боран-шашынға карамай, Солтүстік Тибетпен ұштасып жатқан тауларды зерттеп, олардың жаратылыстағы ерекшелігін айырады. Оның бұл өлкеге назар аударғаны, әсіресе, шығыс Куанлуи тізбегіне кіретін таулар, оның ішінде Бурхан-будда, Шуга, Торай, Урундуши, тағы басқалары. Одан әрі алыста Тибеттің асқарлы биігі Баянқара-ула, Кукушили таулары тұрады.

Тибеттауынан шығатын ұлы судың бірі – Көксу (Ян-Цзы), оны моңғолдар Меренсу, таңғұттар Дычу дейді. Бұл өзен Солтүстік Тибеттегі ең биік Танла тауының теріскей бетінен шығып, Тибет жотасының көп жерімен қытай халқының байтақ өлкесін қак жарып, Шанхай тұсында Тынық мұхитқа барып құяды. Пржевальский осы тауларды ерінбей-жалықпай бірнеше жыл кезіп, оның тау-тасын, жерін, суын, өсімдігін, аңын зерттеп,



қандай ерекшелігі барын бірінші рет анықтайды. Сонымен қатар олар туралы жергілікті халық аузында бұрыннан сақталып келген аңыз-әңгімелерді жазып алады.

Ішкі Азияны қоныстайтын елдердің тіршілігінде ерекше орын алатын, әсіресе, Сары өзен мен Көксу болады. Бұл өзендер Ішкі Азияның байтақ өлкесін ғасырлар бойы суарып, оның миллиондаған халқына тіршілік берген соң, жаратылыс күшіне табынатын ел бұрын бұл өзендер шығатын Баянқара-ула тауларын, олардың ішінде әсіресе Одантала деген жерді ерекше қасиеттеп, жыл сайын өсімдік піскен кезде бұл таулардың басына шығып, құрбан шалып, Сары өзеннің суының мол болуын тілейді.

Қыстың үскірік аязында Солтүстік Тибет тауларында жүргенде Пржевальский ешуақытта бел шешіп демалған емес. Күні бойы тау кезіп, жаратылысты бақылаумен шаршап қайтқан кісі енді жапан түзде қыстың ұзақ түнін өткізе алмай сарғаятын.

Түні бойы жөнді ұйықтай алмай, жыртық киіз үйдің ішінде дөңбекшіп шыққан адамдар «Таң сәулесі білінер-білінбестен-ақ, тұрып, киініп, – дейді Пржевальский, – от жағып, шай қайнатып, монғолдардың дзамбасымен шай ішетін едік. Кейде қызып тұрған шөкқа таба нан пісіріп, түнде қалған сорпаны да ысытып ішіп жүрдік. Кейін таң бозарып атқан кезде қосты жығып, барлық жүкті түйеге артып, жүру жабдығын қолға алатынбыз. Бұл күйбеңнің өзіне кемінен бір жарым сағат уақыт керек, сөйтіп, жолға шаршап шығатын едік. Таңертеңгі сақылдаған сары аяз, қарсы алдыңнан соққан үскірік жел өңменіңнен өтіп жүргізбейді. Салт жүруге мүмкін емес. Асынған мылтық, дорба, оқты арқалап жағу жүру тағы да ауыр. Бұл жерде асудан көп нәрсе жоқ,

өрге шығу өте қиын. Оған көтерілгенде тынысын бітіп, кеуден сырылдай бастайды болмаса жүрегің толқып, басың айналып, аяқ-қолың қалтырап, құсқың келеді. Ол онымен тұрсын, біздің жылы киіміміз екі жылғы жорықта әбден тозып, үстіміз дал-дұл, қырық жамау еді. Суыққа қарсы лыпа болар киім жоқ. Етік дегендер әлдеқашан тозып біткен. Қазір олардың ескі қонышына қодастың терісінен шәрке байлап, үскірік аязда да сонымен жүретінбіз».

Пржевальскийдің Азияда жүргізген ғылыми ісінің маңызы сондай күшті болса да, патша үкіметі оған жеткілікті қаражат бермей, оны қатты зарықтырады. Бұл туралы ол өзінің күнделік дәптеріне талай рет жазған. «Біз жана жылды (1873) ешуақытта мұндай шөл далада өткізген жоқ едік, жұт жеті ағайынды дегендей, бұл жағдайға сәйкес бізде азық қоры да мүлде таусылған. Жокшылықты айтып болмайды. Тек экспедицияның ұлы мақсаты үшін бар қиындықты көтере бересін. Жаңа жылдағы тілегіміз осы қадірлі жұмысты орындау жолында күш-қуатымызды сарқа пайдаланып, игілік іске жұмылу... кешеден бері Пыльцов екеуіміз алыста жатқан отанымызды, үй ішімізді көбірек еске түсірдік».

Ғалым өзінің бұл саяхатында Көксудан әрі қарай өткен жоқ. Ал Тибет орталығы Лхасаға бару оның бір арманы болса да, керуен түйелерінің індетке ұшырап, ақша қаражатының кемшін болуы ойлаған мақсатын толық орындауға мүмкіндік бермеді.

«Азияны кезуде жеткен жеріміздің шегі Көксу өзенінің жағасы болды. Бұл жерден Лхас 27 күндік жер болмаса сегіз жүз шақырымдай еді, оған баруға болмады. Солтүстік Тибеттің шөл даласымен жүріп өту орасан қиын: оның үстіне жүк артқан көлігіміз тегісімен істен шығып, он бір түйенің үшеуі өліп, қалғаны аяғын әзер-әзер алып жүретін.

Екінші жағынан, қаражатымыз да мүлде таусылып, қайтар жолда Цайдам өлкесінен түйе алуға ғана қалдырған бес ландай ақша қалған. Алдымызда әлі де мындаған шақырым жер жатыр. Бұл кейде тапқан нәрсеміздің өзін аман жеткізудің өзі қиын болған сияқты. Сондықтан тезірек Кокунор, Ганьсу өлкесіне қайтуды ойладық. Тегінде бұл көптен бері ойлаған ісіміз еді, тек Көк өзенді артта қалдыруды қиялмай жүрген едік. Сөйтіп, Тибет астанасына баруға бұл жолы бөгет болған жоқ, тек қаражаттың жоқтығынан бара алмай қайттық».

Пржевальский талай уақыт жебелеген Көксу өзенінің алқабынан шығып, көктем түсе бұрын жүріп өткен Цайдамның жалпақ сорын, Кокунор, Нань-Шань тауларын аралап, Алашаньның шөлі мен өзінің тұрған еліне қайтады.

Пржевальский Алашань тауына жеткенде қатты нөсер жауынға, тау ішіндегі өзендердің жойқын тасқынына ұшырап, ұдайы үш жыл бойы жиып алған ғылыми материалдарын суға кетіріп ала жаздайды. Тек қасына ерген кісілердің елгезек, қажырлы қайраттылығынан ғана қымбат бұйым аман сақталып қалады.

Алашаньның тау-тау құмынан жаздың ыстық күндерінде жүріп өту аса қиын соғады. Пржевальский оған қарамай, осы екі шөлдің ортасын қызырып өтіп, Урга қаласына төте жолмен шығуды ойлайды. Шөлге шығудың алдында ол Динь-Юань-ин қаласында үш жұмадай бөгеліп, біраз демалып, есін жиіп, екінші жағынан, Алашань тауларын жете зерттеп қайтуды мақсат етеді.

Сөйтіп, Ганьсу өлкесімен қоштасып, көп ғылыми табыстарымен Пржевальский шілде айының орта

кезінде түтеп жатқан Алашаньның ақшағыл құмдарына кіреді.

Бұл құммен ол бұрын таңғұт керуендерімен бір рет жүріп өткен еді, жаздың шыжып тұрған ыстығында бұдан өту аса қауіпті еді. Бірақ бұл құмнан өтпей болмайды, басқа жол жоқ.

Саяхатшылар көп жүріп, әлсіреп, құмның шетіне шыға алмады. Экспедицияның алып шыққан суы да бітуге таянады. Әрі-беріден соң адам да, көлік те, оларға еріп жүрген аңшы иттер де су аңсап, тарыға бастайды. Күн өте қатты ысып, аспан айналып жерге түскендей болады, оның үстіне Алашаньның түтеп жатқан ақ шағыл құмы жолаушылардың көзіне ажалдың рақымсыз дүлей түрі сияқтанып көрінеді.

Пржевальский осы қиыншылықтың барлығына төзіп, тезірек су табудың амалын іздейді. Оны ертіп жүрген моңғол жолбасшысы Алашань шөлінің орталық жерінде қандай құдық барын бұрын еміс-еміс естіген екен. Сол кезде Пржевальский екі атты қазақпен әлгі моңғолды өзі білетін барша құмдағы құдыққа шаптырады. Олар сол жерге жанталасып келсе, тоқымның қарамындай көк шалғын желбіреп тұр екен, оны көргенде жолаушылардың қуанышын тілмен жеткізіп айтуға болмайды. Көк шалғынның түбіне үңіліп қараса, құдықтың тұнық суы мөлт-мөлт етіп жатыр. Бұл құдықты моңғолдар «Бору-Санжы» деп атайды. Барлаушылар одан мейірін қандыра ішіп, аттарын суарып алған соң, бір шелек су алып, қайтадан қосқа шабады. Арада жарты сағаттай уақыт өткен, шөліккеумен қаны кеуіп, әлсіреп тұрған жолаушыларға бұның өзі қиямет болып көрінеді. Әлден уақытта су іздеп кеткен кісілердің шаңдатып келе жатқан қарасы көрінеді, ыстық соғып, аңсап, жаны үзілуге таяу тұрған

экспедиция адамдарының жүректері лүпілдеп, шыдамы кетіп, оларға қарсы жүреді.

Пржевальский:

– Қалай, жақсылықтың белгісі бар ма? Өлеміз бе, тірі қаламыз ба? – деп сұрайды.

Жолдастары одан сүйінші сұрайды да, бір шелек суды қолына ұстаға береді. Сол кезде қасындағы қаны кеуіп тұрған кісілердің де көздері оттай жайнайды. Алашань сияқты мелшиіп жатқан құмның ортасынан шілде айынын ішінде су тауып ішу жолаушыға зор бақыт болады. Сол жерде Пржевальскийдің қосы дереу жаңағы айтқан құдықтың басына келіп, есін жиып, көліктерін суарып, сумен камтамасыз болған соң, тағы да ілгері басады. Әлден уақытта оларға қарсы Ургадан Лхасқа бара жатқан моңғол керуендері жолығады. Олар атакты саяхатшыны бұрыннан білетін. Көрген жерден “мынау жанкештілер бұл жерге қайдан келіп жүр?”, деп бәрі таң қалады.

Пржевальскийдің айтуынша, олардың жан-күйі бұл кезде сондай берік, қандай қиыншылыққа мойымайтын болса да, түрлері өте жүдеген, киімдері тозған еді. «Ұзақ, қиын жол әбден қажытып, аш-жалаңаш, үсті-басымызды кір басып, далба-дұлба болған соң, түріміз тінгі адам көргісіз еді», – дейді.

Олар осы күйінде Алашаньның дүлей құмынан есен-сау өтіп, енді ұшы-қиыры жоқ жапан тұз Гоби даласына кіреді. Бұл – Алашаньның ауыр құмынан кейінгі жолаушыны сарғайтатын Азиядағы ең үлкен шөлдің бірі.

Пржевальскийдің жазуынша, Алашаньның мелшиген құмы қандай мейірімсіз болса, Гоби де одан кем түспейді. Мұнда тек өн бойын баялыш пен қармық басқан құба жон мыңдаған шақырым жерге созылып

жатады. Гоби туралы «Сулап жатқан меніреу дала, ол түнеруден басқаны білмейді. Бұл шын мағынасында өлімнің орны, – дейді Пржевальский. – Ұзындығы мен көлденені жүздеген шақырым жерге созылып жатқан Гобиге қарағанда атакты Сахара қорқынышты емес».

Өзінің білімі мен қажыр-қайратына сенген саяхатшы Гобидің жаратылысын, географиясын жете зерттеу мақсатымен бұрын еуропалықтар бармаған оның соңы жатқан ұзақ, орталық жерін кесіп өтіп, оңтүстік шетінен теріскейіне дейін аралап шығады.

Гобиді кесіп өту сонша ұзаққа созылмайды, бір жарым айдан кейін олар қыркүйектің басында Толы өзенінің бойына жетеді.

Гоби даласында оның көбірек көңіл бөлген жерлері Нарын-ула тауларының батыс сілемдері және Хурху таулары болады. Сондықтан осы жерлерде ұзағырақ тоқтап, көлігін, адамын тынықтырып отырады.

Пржевальскийдің бақылауынша, Гобидің теріскей өлкесі сондайлық меніреу дала емес, жаңбыр көп жауып, жер жүзі түрленген жылдары Солтүстік Гоби аң мен құсқа сыймайды, ондай жылдары бұл жерді мал өсіретін көшпелі моңғолдар жайлап қайтады. Олардың көпшілігі мал бағатын көшпелі, тұратыны киіз үй, күнкөрісі төрт түлік малдың еті, сүті, жүні, терісі болады. Мал бағумен қатар Ордос, Ганьсу, Цайдам өлкесін қоныстайтын моңғолдар егін кәсібімен де көп айналысады. Олар арпа, бидай, тары егеді, бақша өсіреді.

Гобидің солтүстік шетіне неғұрлым жақындаған сайын шөл даланың реңкі өзгеріп отырады. Қармық сияқты қара оттың орнына енді бөтегелі боз шөп көріне бастайды. Біраздан кейін ландшафт бүтіндей өзгеріп, жолаушының алдынан мұнартқан биік таулар көрінеді.



Бұл жердің жаратылысы шөл даладан мүлде өзгеше, тау ішінен бұраңдап аққан таза бұлақ, көз тұнжырайтын сұлу тоғай. Саяхатшылар арып-ашып, Толы өзенінің бойына жетеді. Ұзақ уақыт жапан тұз, шөл даланы кезіп, қажып келген кісіге тау ішінің мұндай тасқын сулары ерекше қуаныш беріп, бір мерекелі жаңа өмірге бөлегендей болады. Қыркүйектің 5-і күні бұлар Урга қаласына келеді.

«Урга қаласына келісімен, – дейді Пржевальский, – тау-тастан еліміздің сөзін бірінші рет естіп, олардың беті-жүзін көргенде жан күйіміз қандай қуанышта болғанын сипаттап айтып жеткізе алмаймын. Қалаға келісімен дүниеде не болып жатқанын сұрап, бала сияқты болып кеттік. Қуанышымыз қойнымызға сыймады. Ұзақ уақыт дала кезумен мәдениет тұрмысынан алыстап, тұрпайы болып қалған екенбіз. Тек бірнеше күн өткен соң өз-өзімізге келіп, мәдени тіршілікке бірте-бірте үйрене бастадық. Кеше ғана бастан кешірген қиындық пен бүгінгі күнімізді салыстырып қарасак, екеуінің арасы жер мен көктей. Өткендегі көргеніміз көңілімізге бейне-бір қорқынышты түс сияқты болып көрінді».

Урга қаласында бір күн болып тыныққан соң, ел-жұртын сағынып келе жатқан саяхатшы суыт жүріп, жаңа жыл түсе Петербор қаласына келеді (1874 ж.).

Туып-өскен отанын үш жыл бойы көрмей, талай тар жол тайғақ кешуді басынан кешіріп, географиялық жорық жасап қайтқан Пржевальскийді оның сүйікті жұрты аспанға көтеріп, зор қуанышпен күтіп алады. Оның есен-сау келгені бір ғана достарының қуанышы болмай, барлық орыс халқының қуанышы болып,

саяхатшыны қолдан-қолға түсірмей, бірнеше күн қошеметке бөлейді. Бұл кезде астанадағы әңгіме бір ғана Пржевальскийдің жорығы төңірегінде айтылып, оның ардақты аты жұртшылық аузынан түспейді. Алғашқы күндері бірыңғай мерекелі жиналыс, соған сый тарту болады. Бұл күндері оған арналған ардақтау, қошемет, құттықтау сөздер үсті-үстіне құйылып жатады. Сыйды бір ғана өз отаны тартып қоймайды, шетелдердің ғылыми орындары да жібереді.

Пржевальскийдің Ішкі Азияда үш жыл бойы жүргізген саяхаты осымен бітеді. Бұл жорықтың ғылыми табысы сондай асқаралы болған соң оған бүкіл оқымысты дүниеден қойып, оны ғылым тарихынан қадірлі орын алатын шын мағынасында географиялық жорық деп атайды.

Бұл бірінші жорықты еске түсіргенде оның ең бағалы қорытындысы болып көзге түсетіні, әсіресе, Пржевальскийдің «Моңғолия және таңғұт жұрты» деген екі томдық күрделі шығармасы. Атақты саяхатшы бұл еңбегінде бұрын сыры ашылмай жатқан Ішкі Азияның тау-тасын, жер-суын, неше алуан жаратылысын әдемі көркем тілмен төндіре суреттеп, бұрынғы география карталары жете білмеген Алашань, Гоби сияқты Ішкі Азияның шөл далаларын, Ордос, Ганьсу тәрізді байтақ өлкелерін, Кокунор тау ішінде сырға бөленген шалқар көлдерін тұңғыш рет жарыққа шығарып, олардың ғылыми бейнесін көрсетті.

Ішкі Азияның географиясын, ел-жұртын тануда көп жаңалық берген бұл шығармалар өткен ғасырдағы оқымысты дүниеге қандай күшті ықпал етсе, Ішкі Азияны кейінірек зерттеген ғалымдарға да ол сондай тірек болып, география-зерттеу жұмысының сарқылмайтын бұлағы болып табылады.

## Қашғария саяхаты

Бірінші саяхаттың табыстарын менгеріп алумен арада екі жыл өтеді. Бірақ «талапты ерге нұр жауады» дегендей, бұл табыстарға оның көңілі көншіп отыра алмайды, жаңа түлеп ұшқан қырандай оның көңілі әлі де княда жүреді.

Орта Азияның сырын толық ашып, оның жаратылыс ерекшеліктерін жете зерттеу Пржевальскийдің ойынан шықпайды. Сондықтан атақты географ көп жылға арналған ғылыми экспедициялардың жоспарын жасап, 1876 жылдың басында География қоғамына түсіреді. Ондай игілікті іске География қоғамы қарсы болмайды, тез күннің ішінде қарап бекітіп, Пржевальскийді тағы да екі жылға Орта Азияны зерттеуге жіберуге ұйғарады, екінші жағынан қаражатты да бұл жолы жеткілікті беруге қаулы шығарады. Бірақ зерттеу ісі екі жылдың ішінде бітпей, ілгері созылатын болса, География қоғамы тағы да үстеме қаражат бөлуді өзіне міндет етеді.

Міне, осындай дайындықтан кейін, 1876 жылдың жаз айында саяхатшы қасына Эклон мен Швейковскийді ертіп, Орта Азияның екінші жорығына шығады. Пыльцов үй ішінің жағдайымен бұл жолы экспедицияға ере алмайды.

Тәжірибесі күшті Пржевальский бұл жолы кемістік көрмеу үшін қажет деген нәрселерін толық алып, бес пар атқа тиетін қыруар жүкпен шілде айының аяғында Пермь қаласынан шығып, Жетісу өлкесіне тартады. Жол-жөнекей Семей қаласында оның экспедициясына бұрынғы жорықта болған сенімді жолдастары Чебаев пен Иринчинов және моңғол тілмашы қосылады. Одан Алматыға келіп, Жетісу полкынан үш атты казак ертіп, Құлжа қаласына барады. Бұл жер оның Орта Азияны

зерттеуде күш алған негізгі бір орталығы болады. Құлжа қаласы ол кезде Ресей ықпалында болатын. Сондықтан Пржевальский экспедициясын осы арада толық жабдықтап, тамыз айының 12-сі күні таңертең Жұлдыз тауларына беттеп шығады. Жұлдыз тауы Тянь-Шаньның шығыс жонын ала, биік таудың үстінде созылып жатқан байтақ үстірт, жалпақ төскей, жер жайылымы, суы мол, жазды күні тек мал семіртіп жататын әдемі жайлау.

Саяхатшы Құлжадан Іле өзенін өрлей шығып, одан әрі оның бір саласы Күнгес өзенін жағалап отырады.

Пржевальскийдің айтуынша, Құлжа өлкесі – Орта Азиядағы ең көркем, байтақ жердің бірі. Оның ішінде Іле мен Күнгес бойлары көптеген қыстақ, бау-бақша, суармалы егінжай. Тау етегі сынсып тұрған алма бағы, тамылжыған өрік ағаш, тағы басқа түрлі жемістер.

Пржевальскийдің аса қызыққан жері – Жұлдыз тауларының іші. Онда аң өте көп болады екен. Мұнда топ-тобымен жүретін Алатаудың арқары, таутеке, киік, марал, аю, қасқыр, қабан, тағы басқалар.

Саяхатшы осы арада біраз бөгеліп, одан әрі Тарим өзенінің бойына қарай беттейді. Оның бұл жолғы негізгі мақсаты – Шығыс Түркістан, Қашғар өлкесін зерттеу.

Өзінің географиялық құрылысы бойынша Шығыс Түркістан (Қашғар) жан-жағы таумен бөленген байтақ ойпат. Оның оңтүстігі Куньлунь тауларына тірелсе, батысы Памир тауымен астасып, теріскей жағы Алатауға (Тянь-Шань) тіреледі. Осы өлкенің ортасымен ағатын өзені Тарим (Жаркентдария) дейді.

Жаркентдарияның ұлы салалары – Ақсу мен Қашғардария, Жіңішкедария өзендері. Бұл үш өзен Тарим мен Сырдарияның су айырығы болған орталық Тянь-Шаньның ең биік шыңы Хан-тәңірі мен Көкшал тауларынан шығып, одан әрі Шығыс Түркістанның

шөл далаларына беттейді. Егін, бақша шаруашылығы дамыған Қашғар өлкесінің тіршілігі осы өзендерге байланысты. Егер Тянь-Шань мен Куньлунь тауларынан ағатын Тарим өзенінің саласы болмаса, жаз бойы қансып жатқан бұл өлкеде тіршілік жасау тіпті қиын болар еді.

Қашғардың егін мен бақша өсіруге қолайлы жерлері, әсіресе, Тянь-Шань, Памир, Куньлунь тауларының етегі болады.

Такла-Мақан – дүниежүзіндегі ең жойқын құмның бірі. Оның түстігі Куньлунь тауларының етегіне тіреліп, теріскей жағы Тянь-Шань тауларының іргесіне барып тіреледі.

Пржевальскийдің айтуынша, Шығыс Тянь-Шань мен Куньлунь тауларының арасын тұтасымен басып жатқан бұл ойпат бір кездегі теңіз орны болуға тиісті.

Такла-Мақан құмынан басқа да бұл ойпатта бірімен-бірі ұштасып жататын Лобнор (Тарим), Құмтау, Хами шөлдері бар. Бұлардан басқа Тянь-Шань тауының теріскей бетінен Тарбағатай, Саур тауларына қарай созылып, Жоңғария даласы жатады. Міне, ешуақытта зерттелмей тұйық жатқан бұл өлкелерді аралап көру саяхатшының мақсат еткен көп жылғы арманы еді. Пржевальский сол мақсат еткен жеріне жетіп, Қашғар өлкесінің жүрегі болған Тарим өзенінің бойын, Лобнор көлін зерттеп, Куньлунь тауларының тізбегіне кіретін Алтынтауды кезеді. Бұл айтқан өлкелерді еске түсіру тек қана Марко Поло мен Шахрухтың сапарын жазғанда кездеспесе, ол туралы ғылыми әдебиетте жөнді дерек жоқ. Бірақ бұл игілікті жұмысты ойдағыдай орындау жолында ол толып жатқан қиыншылық, соның бірі экспедицияға ерген кісілердің көпшілігі шалағай, жұмысқа икемсіз болуы және саяхатшының ауыр науқасқа ұшырауы еді.

Экспедиция Құлжадан шығып, Жұлдыз тауларын аралап жүрген кезде оның қатарындағы адамдардың кейбірі самарқау, жұмысқа шалағайлық көрсетіп, Пржевальскийді қатты ренжітеді. Соның бірі өзіне көмекші болып жүрген Шведковский болып шығады. Ондай қабілетсіз, мешеу кісілермен істес болу ғалымның бір аса сүймейтін ісі еді. Сол арада жолдың қиындығына, адамдардың аздығына қарамай, іс жүзінде сенім тудырмаған шалағай адамдарды босатып, тек бұрынғы жорықта өзін айқын танытқан төрт-бес сенімді жолдастарымен қалады.

Жорық адамдарын сайдың тасындай іріктеп алған соң, саяхатшы бұрынғы мақсаты бойынша Тарим өзенін жағалап, Лобнорға бармақшы болады. Бірақ Хайдагул өзені бойындағы Қарабұта деген жерге жеткенде жергілікті әкімшілік орындары (тоқсаба) оны бір жұмадай бөгеп, ілгері бару үшін Қашғардағы орталық үкіметтен рұқсат күттіреді.

Ол кезде Қашғар үкіметін басқаратын (1867-1878) феодал табының өкілі Якуб-бек Бадаулет болатын. Көп жылға созылған халық көтерілісінен кейін бостандық сүйгіш Қашғар жұрты қытай феодалдарының бұғауынан жаңа ғана босанып, «жеті шаһар» деген атпен белгілі болатын.

Алайда ғасырлар бойы көксеген тілегіне сай келетін үкімет құрылысы болмаған соң «жеті шаһар» халқының тұрмысы өте ауыр еді. Оның үстіне оларды Якуб-бек бастаған жергілікті феодалдар бір жағынан, қанаса, екінші жағынан, феодалдық қытай үкіметі қанап, халықтың жағдайы аса аянышты болатын.

Міне, осындай жағдайға түскен Қашғар жұртының ол уақытта көз сүзіп қарайтыны Ресей еді, сондықтан оның ардақты ғалымы Пржевальскийге



Якуб-бек Бадаулеттің бөгет жасауға шамасы келмеді. Саяхатшының Тарим өлкесіне келгенін естісімен Бадаулет жергілікті үкімет орындарына нұсқау беріп, Пржевальскийдің экспедициясына тоқтау жасамай, көлік беріп, азық-түлікпен қамтамасыз етуді тапсырады. Дегенмен Бадаулет астыртын Заманбек бастаған бір топ бақылаушы жіберіп, Пржевальскийдің ғылыми-зерттеу жұмысына бірталай бөгет жасайды.

Бадаулеттің ресми рұқсаты келген соң Пржевальский айналмай Курля қаласына келіп, одан кейін карашаның 4-і күні Якуб-бектің кісілерімен бірге Лобнорға шығады.

Саяхатшының өз бағыты бойынша Тарим өзені бойындағы ашық алаппен жүру керек еді, бірақ Бадаулеттің кісілері әдейі үлкен жолды көрсетпей, ылғи қиын жолмен жүргізіп, зор сулардан өткізіп, қорлық көрсетеді. Осылай етсек, саяхатшы кейін қайтып кетер деген мақсатты көздейді. Алайда өзінің мақсатты ісін орындамай қайтпайтын Пржевальский қиыншылықтардың барлығына көніп, қай жолмен болса да Лобнорға баруды ансайды.

Бұл өлке Пржевальскийдің көп зерттеген жерінің бірі. Оның айтуынша, «Лобнор шөлі – өсімдік дүниесіне тек кедей, Азия өлкесінде кездесетін тұз-араның ең тағысы. Алашаның құмынан да сорақырақ». Тек су жағасына шығатын қамыс, қарақоға, құрақ болмаса, Лобнор мен Тарим өлкесінде көк шөп, шалғын деген болмайды, өн бойы кеуіп жатқан қу тақыр.

Тарим өзені Лобнорға батыс жағынан келіп құяды, ол өзеннің құятын жерін жергілікті ұйғырлар «Чон-көл» не «Қарақошун» дейді. Пржевальскийдің зерттеуінше, бұл көлдің тереңдігі кісі бойынан аспайды, ұзындығы 100, көлденені 20 шақырымға созылып жатады. Көлдің өн бойын жауып тұрған қамыс, қарақоға болады.

Лобнор көлінің іші сықасқан балық. Ол жерді мекендеп отыратын Қарақошун, Абдал, Чигелік, Чарклық деген ұйғыр қыстақтары бар, олардың негізгі кәсібі – қайықпен балық аулау. Қарақошунның тұрғын халқы жылдың мезгіліне қарамай, жаз бен қысты көбінесе балық аулаумен өткізеді.

Олардың тіршілігінде көрнекті орын алатын шаруашылықтың бір түрі – төрт түлік мал, оның ішінде, әсіресе, қой мен сиыр.

Саяхатшының айтуынша, Тарим сағасындағы елдің сиыр малы өте ірі, құнарлы келеді, ал жылқы мен есек аз кездеседі. Мұнда егін шаруашылығы сондайлық күшті емес, жері сортаң, топырағы құнарлы болмаған соң астық саябыр шығады. Арпа, бидай, жүгері тек су күші-мен шығады.

Бұлардан басқа қарақошундықтардың белгілі кәсібінің бірі – аңшылық. Олар тау ішінен тағы түйе, қодас, арқар, қарақұйрық аулап, су жағасынан қаз, үйрек, бір қазан ұстап, қысқа қарсы азық қорын жасайды. «Қарақошундықтардың күнелтетін тіршілігі, – дейді Пржевальский, – қайығы, балығы, үйрегі, көлі, қамысы. Одан өзгеге ой бөлмейді... Аштық, жалаңаштық, жоқшылық белең алып, оған қысқы суық қосылған соң олардың еңсесі көтерілмей, қабағы түсіп, күлкі, қуану дегенді мүлде ұмытқан. Сол кездегі үлкен жәбірлік әкімдер мен саудагерлер жергілікті халық бұқарасын аяусыз талап, алым-салықтан бас көтертпей, оларды мүлде адамшылық қалпынан шығаруы еді. Осындай жәбірлеудің зардабынан Тарим сағасындағы елдің ол кездегі тұрмысы сондай ауыр, жоқшылықта болған соң, олардың тіршілігінде қызық қуаныштың сілемі болмай, көбінесе налу, кейіспен өтеді. Олардың баспанасы да өте нашар, берік үйлер жоқ, тек қана

камыстан өріп жасаған лашықты бүркеніш етіп отырады. Сыртқы киімдері жаз күні шекпен, қыста қой терісінен істелген тон, аяғына қиетіні шәрке, жаз күні көбінесе жалаңаяқ жүреді».

Дегенмен жокшылық аздырғаны болмаса, Тарим сағасындағы ұйғыр шаруалары қолөнер кәсібіне өте шебер, кейде аса қымбат бағалы бұйым да жасап шығарады. Олардың шеберлік ісінде кездесетін жүннен, кенептен тоқыған әдемі шекпен, кілем, алаша, көншілік, теміршілік, зергерлік, ұсталық істері. Өздері жасап шығара алмайтын бұйымды олар қаладан алып тұрады. Базарға шығатын жері — Курля және Турпан қалалары.

Тегінде, Қашғар — ұсақ өнеркәсіптің бірталай өркендеген жерінің бірі. Ондағы ұсақ өндірістің түрлері: жібек, шұға, кілем тоқу, кеншілік, зергерлік, ұсталық, теміршілік. Кейде ештеп тау-кен жұмыстарының да сілемі жолығып тұрады.

Пржевальский Шығыс Түркістан өлкесін үш рет аралады: бірінші рет Құлжадан Тарим өзенінің аяғы Лобнорға дейін, екінші рет Зайсаннан Баркөл, Хами арқылы Тибетке дейін, үшінші рет Кяхтадан шығып, Ганьсу, Тибет тауларын аралап, одан қайтқан жолы тағы да Лобнордың, Керия, Хотан оазистерін, Ақсу, Үштұрпан өлкелерін басып, Бедел асуынан өтіп, Қарақолға келеді. Міне, осы үш сапарында ол Шығыс Түркістанның бірнеше қалаларын аралап, олар туралы бірталай пікірлер қалдырады.

Саяхатшының жобалауына, Қашғардың яшма, жібек саудасымен аты шыққан, ескі мәдениеті бай, даңқты жердің бірі. Оның тарихи дәуірден белгілі болған қалалары — Қашғар, Хотан, Ақсу, Қарашар, Тұрпан, Үрүмчи, Хами. Бірақ ол кездегі саяси жағдайдың

қолайсыздығы мен уақытының жоқтығынан ғалым кейбір көрнекті қалаларға соға алмай кетеді. Дегенмен, оның бақылауына, Шығыс Түркістан қалаларының сыртқы келбетінде бірінен-бірінің ешбір өзгешелігі жоқ, бәрібір қалыптан шыққан тәрізді. Олардың көпшілігі революциядан бұрынғы Орта Азия қалалары сияқты ылғи балшықтан (пахсадан) жасалған, көшелері ұйысқан тар, көзге түсер сәулетті үйлер аз. Әрбір қалалардың сыртқы көрінісі тек кейіннен Қытай үкіметі тұрғызған жаңа қамалдармен жаңартылып тұрады.

Саяхатшының сипаттауына, Шығыс Түркістанның қалалары бір ғана белгілі оазистердің бойында өркендеген. Ондай оазистер оңтүстікте Куньлунь тауларының тегін ала жатса, теріскейде Тянь-Шань тауларының екі жақ табанын ала ауық кездесіп тұрады.

Орта Азияның сусыз шөл даласында бөлек жатқан бұл оазистер ерте заманнан отырықшылық, егінжайдың ат төбеліндей мәдениет ісі орны, қала тұрмысы бірғана осы оазистерде өркендеуге мүмкін болған. Бұл оазистердің барлығы шөл даладан бөлектеніп, биік таулардың етегін ала жатқан соң, ол жерді мекендейтін халықты таудан аққан өзендер мен толып жатқан бұлақтар суға кәнігі етіп, тіршіліктің арқасы болады. Су жеткілікті болған соң, бұқара шөл далаға арық жүргізіп, бақша егіп, егін суарып, бара-бара адам еңбегі оазисті бір мәдени өлкеге айналдырады.

Мұндай өлкелер шаршаған жолаушының тыныс алар орны, ақын-жазушылардың әр уақыт еске түсіріп отыратын шежіре беті болып табылады. Осы тәрізді ерте кезде жасап, кейін қаусап қалған қалалардың орны Қашғар өлкесінде жиі кездеседі. Саяхатшының айтуына, ондай бұзылған қалалардың орны, әсіресе,

Тақла-Макан құмында, Керия мен Хотандария өзендерінің ескі арнасында көп жолғаады. Ол жерлерде осы күнге дейін қанқайып тұрған ескі үйлердің қабырғасы, шашылып жатқан шөлмек, керден аяқтық сынықтары, балшықтан жасаған адамның кескіндері, кейде түйе табаны түрінде, алтын ақша мен күмістің сынықтары, темір заттар да кездеседі. Ескі мәдениет ізінің көп жолығатын жерінің бірі – Черчендария бойы. Мұнда Қаланың іздері, – дейді саяхатшы, – солтүстіктен күнгеіге қарай жеті-сегіз шақырым жерге созылса, шығыстан батысқа екі шақырымнан аса жерге барады. Мұнда толып жатқан ескі мұнараның, үйлердің бұзылып жатқан орны, ескі дәуірде жүргізген арықтың іздері көп».

Бүгінде құм басып қалған ескі қалалардың байтақ белгісі Тарим өзені бойында да көп кездеседі. Пржевальскийдің айтуынша: «Ерте заманда Тарим өзені бойында сансыз қыстақ, толып жатқан қалалар болған. Оның кейбір қалдығын біз өз көзімізбен көрдік... жергілікті елдің тарихи деректері бойынша, бүгінгі құм басқан Таримнің алабында бұрын халықтың жиі отыруы сонша, Кучадан Лобнорға дейін ызғындай қыстақ үстімен баратын болған. Қазірдің өзінде Хотан мен Керияның тұрғын халқы күз бен қыс айларында шөлдің ортасына барып, ескі қалалардың орнынан әртүрлі зат, алтын, күміс тауып қайтады... Іздеушілер кейін адаспай қайту үшін түйеге бір тең тал артып, оны жол-жөнскей құмға шаншып, басына қызыл шүберек байлап кетеді».

Бұл айтқан қалалардың күйреуіне себеп болған екі нәрсе: біреуі – судың азайып құрып бітуі, екіншісі – соғыс. Тау ішінен шығатын өзендердің бас жағында ел көбейіп, суды төмен қарай жібермей, бір ғана

өз тұсындағы егінді суаруға жұмсаған соң, өзеннің аяғында отырған ескі қыстақтарға су жетпей, олар қатты мүшкілде болады. Сусыз қалған ел бұрынғы мекен еткен қаласын, қыстағын тастап, басқа жерге ауып кеткен соң, ол қалаларды кейін құм басып қалады. Қашғар өлкесіндегі тарихи қалалардың көбінің тағдыры осы тәрізді болған.

Шығыс Түркістан оазистерінде саяхатшының Құлжадан кейін бірінші рет кездескен үлкен қаласы – Курля. Ол Тянь-Шань тауының оңтүстік бауырынан ағатын Кокчедария өзенінің жағасында, таудың етегінен 3-4 шақырым қашығырақ тұрады. Пржевальскийдің кезінде Курля қаласы екіге бөлінетін: Жаңа қала, Ескі қала. Жаңа қала сол кездегі Қашғар үкіметі салдырған әскери қамал, оның жан-жағын төрт бұрыштап келтіріп, үлкен дуалмен қоршап, ауыз қақпа жағын орлап тастаған. Қамалдың биіктігі – бес құлаш, ұзындығы – 150 құлаш. Оның үстінгі жиектерін өркештеп, жаумен атысуға ыңғайлы болу үшін, арасынан көз шығарып қояды. Қамалдың төрт бұрышы мен орта кезінде дөңгелете соққан биік мұнарамен қарауыл қарайтын сүмбесі болып тұратын.

Ескі қала бұдан әлдеқайда үлкен, ол да төрт бұрышты қамалмен қоршалып, ортасында базар, тұрғын үйлер, шеберлер дүкені орналасқан. Қаланың маңайы сынсыған қыстақ, егінжай. Оның көлемі бірнеше шақырымға созылып жатады. Егінді Кокчедариядан алатын арықпен суарады. Пржевальскийдің айтуынша, Кокчедарияның бойы кілең қыстақ, егінжай. Әрбір қыстақ, үйлердің маңайы жеміс бақша, тұт ағаш, бау-бақша.

Шығыс Тянь-Шань тауының оңтүстік етегінде тұрған ең үлкен қала – Ақсу. Оған саяхатшы Тибет



сапарынан соңғы рет қайтқанда соғады. Ақсу — ауыл шаруашылығы бай, саудасы мол, Қашғардың аты шыққан қалаларының бірі. Оның үстіне ол ерте заманнан бір жағы Қашғар, бір жағы Үрүмчи, Тұрпан қалаларын байланыстырып, керуен жолының торабында жатқан орталық қала. Тянь-Шань тауының оңтүстік етегімен жүретін үлкен қара жол осы Ақсу қаласының үстін басып өтіп, одан әрі бір жағы, Үштұрпан, екінші жағы, Қашғар болады. Ақсу өлкесінде егін шаруашылығынан ерекше орын алатын күріш пен мақта. Пржевальскийдің кезінде Ақсу, Үштұрпан, Қарашар, Куча аймақтарын біріктіретін өлкенің әкімшілік орталығы болады. Сонымен қатар Ақсу, Қашғар, Хотан сияқты қашаннан бері Ресеймен сауда қарым-қатынасының белгілі бір орталығы болған данқты қала. Пржевальский 1885 жылы күз айларында Ақсуда болып, одан Мұзарт, Бедел асуларынан асып, өзінің туған еліне келеді.

Шығыс Түркістандағы ескі дәуірден аты шыққан оазистің бірі—Камул (Хами) оазисі. Ол — Тянь-Шань тауларының күнгейі мен теріскей етегін ала созылып жатқан көп оазистің ең шығыс жақ шеті. Бұл оазиске Пржевальский Зайсаннан шығып, Тибетке бара жатқан үшінші сапарында Жонғария даласы жағынан келеді.

Жонғарияның жапан тұз шөлінен кейін, ұзақ жүріп шаршаған жолаушыға Тянь-Шань тауының оазистері сондай тартымды, сондай қызық көрінеді. Оның бауырынан сылдырап аққан сансыз бұлақ, қойнаулары толған орман-тоғай, көк шалғын, талбарқы, қаракат. Тау етегі толған қыстақ, егінжай. Тау бөктерін қаптаған аң — арқар, таутеке, марал.

Саяхатшы бұл жолы ең алдымен Баркөл қаласына келіп, одан әрі Камул өлкесіне беттейді. Баркөл — Тянь-Шань тауының етегіне таяу тұрған ескі қала.

Тянь-Шань тауының шығыс бетіндегі үлкен қала — Хами. Ол Тянь-Шань тауының етегінде қырық шақырымдай жердегі жазықта тұрады. Бұл қаланың тұрған жері Орта және Ішкі Азиядағы атақты шөлдерге Құмтағ, Алашань, Гоби таяу болған соң, Хами барлық Шығыс Түркістан қалаларының ішінде аса маңызды, көрнекті орынға ие болады. Қаладан 40 шақырым оңтүстікке қарай шыққан соң алысқа созылып жатқан Хами көлі басталады. Оның бір шеті шығыста Алашань, Гоби шөлдеріне барып ұштасса, батыста Құмтағ, Лобнор шөлдерімен астасып жатады.

Хами — өлкенің орталығы. Оның жапан тұз шөл далаға таяу тұрған соң, ерте заманнан оны баспай өтетін керуен жолы болмаған. Оның тұрған жері Орта Азиядағы жойқын құмдардың ортасындағы бір қылта өткел сияқты, ол тоғыз жолдың торабына айналады. Орталық Қытайдан келетін үлкен керуен жолы Ганьсу өлкесін кесіп өткен соң, тура Хамиге келіп, одан әрі бір жағы Үрүмшіні басып, Құлжаға барса, екінші тарауы Тянь-Шань тауының оңтүстік етегін жағалап, Қурля, Ақсу арқылы Қашғарға тартады, үшінші тарауы Гученді басып, Тарбағатай, Шәуешекке келеді. Бұл жолдың ең қиын кезені — Хами мен Аньсидің арасы төрт жүз шақырым жерге созылады. Мұнда су тек қана Бейшан тауларында болмаса, өзге жерде табылмайды, бірыңғай құлазып жатқан шөл дала.

Пржевальскийдің кезінде Хами үш қалаға бөлінетін: ұйғыр қаласы, ескі қытай қаласы, жанадан салған қытай үкіметінің қамалы. Әрбір қаланы қорғанмен айналдыра қоршап, олардың бұрыштарын биік мұнарамен көтеріп қойған. Бұл қалалардың арасы толған бау шарбақ, егінжай, самсаған жеміс ағаштары.

Саяхатшының айтуынша, Хаами өлкесі – Шығыс Түркістандағы егін кәсібінің ерте өркендеген жері. Оның алабы – өте құнарлы, егін, бақша өсімдіктері де аса қауырт шығатын өнімді жер. Мұнда егілетін дақылдар: күріш, бидай, арпа, тары, сұлы, бұршақ, тағы толып жатқан дәнді өсімдіктер мен қарбыз, қауын болады. Бұл жердің қауыны өте шырын болғандықтан, бұрын оны сый ретінде Пекинге тартуға жіберіп тұратын.

Қашғария жұрты ерте заманнан ұйғыр халқының түпкілікті мекені болса, Хаами қаласының тұрғын халқы да көбінесе ұйғырлар. Олар егіншілік және ұсақ қолөнер кәсібімен шұғылданады. Хаами ұйғырларының Қашғар (Тарим) ұйғырларына қарағанда тілінде, тұрмысында біраз өзгешелігі бар. Олар көбінесе солтүстік ұйғыр диалектісімен сөйлейді, сондықтан олардың сөйлеуі Үрүмші, Құлжа ұйғырларының сөйлеуімен бірдей.

Хаами ұйғырларының салтын ашығырақ көрсететін – олардың бас киімі. Әрбір Хаами ұйғырлары шамасы келгенше сұлу бөрік тіктіріп, оны желкесіне қарай алшысынан киюді тәуір көреді.

Пржевальский Хотан және Керия оазистерінде болып, олардың табиғатын зерттеген. Хотан – тарихи дәуірлерде даңқы шыққан жер, Қашғарияның бай өлкесінің бірі. Оның бір кездегі байлығы, шалқыған саудасы, мәдениеті Хотан өлкесін тарихта белгілі еткен. Хотан Қашғариядағы ең ескі қала. Ол Куньлунь тауларының теріскей етегін ала, Юрункаш өзенінің бойында тұрады. Бұл өлкені суаратын осы айтқан Юрункаш пен Қарақаш өзендері. Такла-Мақан құмына жеткен жерде бұл сулар қосылып, Хотандария деп аталады.

Пржевальскийдің айтуынша, Хотан қаласының тұрғындары халқымыздың деп аталатын ұйғырлардың бір тегі.

Олардың көбі саудагерлер, ұсақ кәсіп иелері, шеберлер, егіншілер екен. Олардан басқа бір топ қытай әкімдері, саудагерлер, жергілікті алпауыт бектер, ишан-казилер тұрады. Олардың барлығы жергілікті бұқарасын сүліктей сорып қатты қанайды.

Бай мен бектер, әкім мен саудагерлер кедейдің баласын жас күнінен сатып алып, кейін өскен соң оны не құл қып ұстап, не қымбат бағамен сату әдетін де шығарған.

Хотан қаласының атын ерте кезден шығарған, әсіресе, жібек тоқу ісі, одан кейін тау-кен жұмысы. Мұнда жібек шығару кәсібінде Хотанмен қатар жүретін бір ғана Жаркент пен Қашғар, одан өзге бұл жердегі қалалар оған тең түсе алмайды.

Жібектен торқа, дүрия, қамқа, мәре, торғын, шәйі сияқты әрі нәзік, әрі қымбат тұратын жібек мата тоқиды, жібек кілем шығарады. Одан басқа биязы жүнге жібек қосып, кілем, дақа, түскиіз жасайды. Жергілікті шеберлердің қолымен шығаратын бұйымдармен қатар онда жеміс, бау-бақша шаруашылығы да өркендеген, жемістен шарап жасалған.

Пржевальскийдің кезінде Қашғарда істелген құнды заттарды шығарып өткізетін жер көбінесе Ресей мен Қытай болған, олардың сыртқы саудаға шығаратыны – алтын, нефрит, яшма, жібек, кілем, тағы сол тәрізді қымбат қолөнер бұйымдары. Ал Ресейден Қашғарға келетін тауарлар: мата, шұға, темір, қалайы, олардан істелген әр алуан заттар мен кант, тәттілер, түрлі бояулар. Өзінің фабрикасы, зауыты болмаған соң, Қашғар жұртын көпшілік қолды заттармен қамтамасыз еткен ол кезде тек Ресей саудасы еді.

Хотан өлкесінде көзге түсетін еңбек ісінің бірі – тау-кен жұмысы, оның ішінде алтын мен яшма шығару

кәсіптері. Бірақ жергілікті елдің бұқарасының маңдай терімен табылатын бұл алтын қазына олардың өзіне пайдасы болмай, бірыңғай әкімдері мен саудагерлердің ашық талауында болады.

Яшма – ерте заманнан әрбір халықтың ортасына көп тараған асыл тас. Оны көбінесе қолданатын байлар. Қытай хандары мен әкімдері бұрын Қашғар жұртына салықты бір ғана яшмамен салған соң, жергілікті елдің бұқарасы көп уақытын яшма табу бейнетімен өткізеді. Яшманың қаттылығы шақпақ тасқа ұқсаған өте шымыр, құйған қорғасындай тығыз келеді. Оның сыртқы бітісі қырнап безеуге әдемі, неше түрлі сурет, өрнек салуға қолайлы болған соң, ерте кезде жергілікті елдің шеберлері оған ерекше көңіл қойып, одан неше түрлі сыпайы, қымбат нәрселер жасайтын болған.

Шығыс жазушыларының айтуынша, тарихи дәуірде жырға бөленген Хотан өлкесінің байлығы, оның мәдениеті, өнеркәсіп өркендеуі көбінесе осы яшма шығару ісімен байланысты болды. Өйткені яшма – ертегіге айналған асыл тастың аса бір құндысы. Сондықтан ол бір ғана сауда ісінде даңқты болып қоймай, халықаралық қарым-қатынаста да үлкен орын алады.

Бұл асыл тасты қытайлар «үй», монғол мен ұйғырлар – «қаш» дейді, бірақ әдебиеттегі даңқты аты – яшма. Бұл жерде яшма үш түсте кездесетін сияқты: «жасылқаш», «акқаш», «сарғылқаш».

Жасылқаштың түсі құлпырған көк торғын тәрізді өте көркем, өзгесінен жиірек кездеседі. Акқаш күнмен шағылысатын мөлдір ақ тас не ақсұрғылт тас, одан кейінгісі қымыз түсті көлкілдеген ақ сарғылт тас, бұлар өте қымбат саналады.

Хотан өлкесінде кездесетін асыл тастың ең қымбатты бір түрін ол жердегі ұйғырлар «лағыл» дейді. Оның түсі тамылжыған қырмызы-күрең келеді. Шығыс әдебиетінде сұлулықтың меңзеуі болған асыл тастың бір көркемі осы.

Тегінде, Хотан өлкесіндегі яшманың түрлері бұдан да көп болу керек, оны «Қарақаш», «Юрунқаш» деген өзендердің аты айқын көрсетеді.

Қашғар жерін шарлағанда Пржевальский бұл асыл тасқа көбірек көңіл бөліп, оның қай жерден шығатыны, қалай іздеп табу жайында бірталай ғылыми деректер қалдырады. Оның айтуынша, яшманың ну жері, әсіресе, Хотан мен Керия оазистерінің оңтүстігін ала тұрған таулар, оның ішінде батыс Куньлунь таулары, Тоғыз-Дабан, Алтынтаудың қойнаулары, солардан шығатын Қарақаш, Юрунқаш, Қарамурен, Мульжадария, Керия өзендерінің бойы. Бұл жерлерде яшма сенгір тастардың арасында тақталанып жатады, кейде бітеу, тұтас қалпында кездеседі. Яшманың сумен шайылған түрі өзен бойларында, шөкпелі жыныстар астында жиі кездесіп отыратыны байқалады.

Дегенмен техникасы дамымаған Қашғар жұртына яшма шығару бұрын өте қиындықпен түсетін еді. Олар оны аса тұрпайы түрде қазып тауып, содан кейін қалаға әкеліп тазартатын.

Екінші саяхатта Пржевальский Лобнор көліне қоңыр күз түсе келген еді, оның географиялық жағдайын зерттеп болған соң, Куньлунь тізбегіне кіретін Алтынтауды кезбекші болады.

Орта ғасырда Лобнор көлінен Алтынтауға қарай шығатын екі керуен жолы болған. Оның бірі Алтынтаудан Тибетке қарай өтсе, енді біреуі Алтынтаудың етегін жағалап, Ганьсу өлкесіне баратын. Бірақ сол жылдары



болған дүңған көтерілісі кезінде бұл керуен жолдарымен еш пенде жүрмей, оларды құм басып қалады. Алайда бұрын ешуақытта зерттелмеген Алтынтауды зерттеп көрудің ғылыми маңызы өте зор еді.

Пржевальский жаңа 1877 жылды өткізген соң, қасына Эклонды және жерді жақсы білетін екі ұйғыр аңшысын ертіп, Алтынтауға серуенге шығады. Барлық ауыр жүкті үш атты қазаққа тапсырып, Чарықлық қыстағында қалдырады. Өзі баспана қылуға тек бір жолама үй алады.

Ол Алтынтауды географиялық жағынан зерттеумен қатар, әсіресе, тағы түйенің біреуін қолға түсіру еді. Бірақ ұйғыр аңшыларының айтуынша, қыстыгүні Алтынтауға тағы түйе іздеп шығу пайдасыз екен, өйткені бұл кезде олар таудан ойпатқа түсіп, сексеуілдің, қармықтың басын кеміріп жүреді екен. Алтынтау – Орта Азиядағы ең биік таулардың бірі, Куньлунь тауларының солтүстік тізбегі. Алтынтаудың батысы – Хотан, Керия тұсынан басталса, шығысы Нань-Шань тауларының тізбегіне дейін созылып барады. Бұл таудың ең биік шыңы Улуг Мұзтаг, Куньлунь тізбегіне кіретін таулардың өте биіктерінен саналады.

Алтынтаудың алыстан мұнартқан түрі Чарықлық қыстағына келгенде тіпті ашық көрінеді. Саяхатшы бұл тауға аса қуанышпен қарап, оған тез жетуге ұмтылады.

Саяхатшы Алтынтаудың бөктерін қырық күн шарлап, оның бес жүз шақырымдай сай-саласын, қойнауларын кезеді. Тау бауырында орман-тоғай деген жоқ. Некең-саяқ ағаштар тек таудың жоғарғы сай-саласында ғана кездеседі, одан өзгесі тек шөл далада шығатын жыңғыл, қармық, долана сияқты бұталар.

Тибет тауларындағы тәрізді мұнда да куку-яман, актөс-арқар, қодас, құлан, тағы басқа аңдар көп.

Алтынтаудан тағы түйені іздеген кездерде ол өзінің күнделік дәптерінде былай деп жазады: «15 қаңтар 1877 жыл. Дала шарлағаныма, міне, бұған тура он жыл толды. 1867 жылы 15 қаңтарда тап осы күні, кешкі сағат жетіде Варшавадан шығып, Амур өлкесіне тартқан едім... Саяхаттың тап осы он жыл толған күні ойда жоқ бір тосын іс кез болды. Тап осы күні көптен іздеген тағы түйеміз тосыннан кез болар ма?. Бірақ не керек, қолға түсіре алмай қапыда қалдық. Әңгіме былай еді. Біз күндегі дағдымыз бойынша ерте тұрып, кешеден қалған сорпаны жылытып ішкен соң, түйелерге жүк артуға кіріскенбіз. Тоқтаған жеріміз биік таудың қаптаған үңгірі еді. Суық танертең 17 градусқа жетіп, күншығыс жақтан ызғарлы жел соғып тұрған. Біз енді жүрейік деп тұрғанымызда, 300 кадамдай жерде тұрған бір оқшау түйеге қасымыздағы атты қазақтың біреуінің көзі түседі. Бұл ауа жайылып жүрген тағы түйе екені оның есіне де келмейді, керуен түйелерінің біреуі шығар деп, жігіттердің біреуіне алып кел деп айқай салады. Сол арада жалма-жан керуен түйелерін санасақ, олардың он бірі де түп-түгел екен. Мен жалма-жан асынып тұрған шаңғыл мылтықты (штуцер) қолыма алып, ілгері қарай жүгірдім. Тағы жануар біздің кім екенімізді әлі де түсіне алмай, 500 кадамдай жер жүріп барған соң, қалт тоқтай қалды. Ол менің күн жағымды ала бірталай қашық тұрған еді, мен кешелдеп ата қоймадым, айуан тағы да ондаған кадам жүрді. Енді бұдан әрі жүгірудің қисыны жоқ, бір сескенген айуан мылтықтың даусы шықпай-ақ жылжып кеткелі тұр. Сол арада мылтықтың көздеуін 500 кадамға қойып басып едім, оқ мылтықтың аузын жалап, нысанаға жетпей қалды. Жүгіріп бара жатқан аңның соңын ала тағы да атқан едім, ол тіпті ағат болды. Айуан бар дәрменімен қаша жөнеліп, көз

ұшынан алыстап кетті, оны бөгеуге ешбір шара таба алмай, тек артынан қарап тұрдық. Салт атпен қуып көрейік деген едік, тұлпарға жеткізбейтін жүйрік жануар ері мойнына кетіп жүрген біздің тулақтарға өмірі жеткізсін ба... Содан не керек, таңсық еткен түйе қолымыздан шықты да кетті. Ол өте қызықты, шудасы желбіреген, екі өркеші сүйріктей тіп-тік, орта жасқа келген бура еді. Бұл өмірімде ұмытпайтын бір мүдіріс болды».

Пржевальскийдің саяхатынан жиырма жыл бұрын тағы түйе Лобнор мен Алтынтау төңірегіндегі дағдылы аңның бірі болған. Жергілікті аңшылардың айтуы бойынша, ол кезде бір табында кейде жүзден аса түйе болған. Бірақ Лобнордың маңайын кейін ел жиі қоныстап, аңшылар тобы көбейген соң, тағы түйе басқа жакқа ауып кетеді және атып алумен оның тұқымы азая береді. Пржевальскиймен әңгімелескен бір қарт аңшы өзінің өмірінде жүзден аса тағы түйе атып алғанын айтады.

Тарим бойындағы аңшылардың тағы түйені аулайтын кезі көбінесе күз айлары, бұл уақыт тағы түйелердің әбден кемеліне келіп, семіріп жетілетін кезі. Тағы түйенің еті, жүні мен терісі де сондай қымбат болады. Тарим ұйғырлары оның терісін көпшілікке пайдаланып, жүнінен неше түрлі қымбат кілем тоқып шығарады.

Лобнор аңшыларының айтуынша, тағы түйе қыстыгүні Құмтауда болып, жаз шыға суы мол Алтынтаудың сай-саласында жайлап жүреді. Қыстыгүні түйеге судың керегі жоқ, оған тек алабота, қармық, сарсордан сияқты ірі өсімдік не бұта болса болғаны. Бұл айтқан өсімдіктер Құмтауда жиі кездеседі. Оның үстіне түйе жаратылысында сусыз шөлге төзімді

жануар болған соң, ол көбінесе адам аяғы баспайтын жапан тұз, шөл далада жүргенін артық көреді.

Пржевальскийдің анықтауынша, Құмтаудан кейін тағы түйенің көп тараған жерлері – Цайдамның теріскей өлкесі, Гоби, Хами шөлі, Жоңғария даласы. Бұл айтқан жерлердің барлығы тағы түйенің мекендеуіне өте қолайлы, олардың жақсы көретін сарсордан, алабота, мия сияқты ащылы сортаң жерге шығатын шөптері жиі кездесіп отырады.

Тағы түйенің ерекшелігі, қолдағы асыранды түйедей салғырт емес, өте сергек, алыстан көргіш, алыстан сезгіш, қашса жеткізбейтін, өте сумақ келеді.

Пржевальскийдің бақылауынша, тағы түйенің жаратылысында асыранды түйеден аса артық өзгешелігі жоқ. Өркеші анағұрлым кіші, бураларының шүйде жүні өте аз, шуда жүндері төгілмелі ұзын емес, қысқа. Оның үстіне тағы түйенің жүндері жер реңкіне бағыныңқы келеді. Олардың ерні келте, жинақты және кілең актұмсық болып отырады. Аяқтары да дембелше, тұрқы орта бойлы, құлақтары өте кішкене болып, барлық мүшесі жапан түзде жүруге лайықты біткен.

Тағы түйелердің шабынатын кезі ақпан айы. Бұл кезде олардың сақа буралары аузынан көбіктерін шұбыртып, қасына ондаған інген үйіріп алады. Олардың маңына ешуақытта басқа бураны жолатпайды.

Басқа жануарға қарағанда тағы буралардың өзара таласуы тіпті өрескел көрінеді. Олар өштескен кезінде бірімен-бірі қырғын шайқасқа түсіп, мықтылары әлсіздеуін шайнап, өлтірмей тынбайды.

Қайыған інген ботасын бір жылдан аса көтереді. Басқа жануардан гөрі тағы түйенің ботасы мен енесі біріне-бірі сондай мейірімді болады. Енесінен адасып, далада қаңғып жүрген тағы ботаны ұстап асырау

бұрын Лобнор аңшыларының бір кәсібі болған. Ондай асыранды тағы ботадан кейін жүк тартатын сабаз атандар шыққан.

Лобнор аңшылары аса қиыншылықпен бір жылдай соңына түсіп жүріп, Пржевальскийге тағы түйенің бір інгені мен бурасын атып әкеліп, сыйға тартады. Бұл туралы саяхатшы өзінің күнделік дәптеріне былай деп жазады: «Бүгінге дейін Еуропа жұртынан ешкім білмейтін, тек Марко-Полоның әңгімелерінде ғана кездесетін жануардың тұлыбы қолға түскен соң ол, әрине, мені қатты қуанышқа батырды».

Пржевальскийдің аса сүйіп зерттеген ісінің бірі жыл құстарының тіршілігі еді. Ол жаз шыға (ақпан, наурыз айлары) бір ғана Лобнор көлінің төңірегінде болып, енді құс тіршілігін бақылайды.

Лобнор – Орта Азияның ұшы-қиыры жоқ шөл даланың ортасында дөңгелене біткен бір шалқар көл, ол оңтүстіктен теріскейге ұшып өтетін жыл құстарының тыныс алатын белгілі бір мекені. «Егер, – дейді саяхатшы, – осы Тарим өзенінің алабы болмаса, Орта Азиядағы жыл құстарының жолы басқа түрде болған болар еді (бірақ ондай жол жоқ). Олай болғанда, Индиядан Сібірге қарай ұшып өтетін жыл құстары жол-жөнекей тыныс алатын жер таба алмай, көп қиындыққа ұшырар еді. Өйткені ешбір жерде тыныстамай, Гималай тауынан асып, одан кейін Тянь-Шань тауларының үстімен үдере ұшып өту қанатты жануарларға оңай емес».

Пржевальскийдің күткеніндей, Лобнор көлінің батыс жағасына келген соң-ақ, неше алуан жыл құстары оны өте қызықтыра бастайды. Бұл кезде (ақпан айы) ең алдымен шағала, аққу, қоңыр қаз, аққұтан, керкұтан, сарыала қаз, үйректің бірнеше түрі келеді. Сөйтіп, ол күні-түні бірдей осы құстардың қай жақтан қалай ұшып келгенін бақылап отыратын еді.

Саяхатшының айтуынша, жыл құстарының Лобнор көліне қауырт ұшып келген кезі – ақпан айының аяғы мен наурыз айының басы. «Бұл кезде, – дейді Пржевальский, – таңның атқанынан күннің батқанына дейін тыным алмай, ағылып, ұшып келіп жатқан жыл құстары. Олардың барлығы батыстан ұшып келіп, күншығысқа қарай өтіп жатты, тегінде, қақшымақ қар суын іздеп жүрген сияқты. Олар Лобнор көліне тоқтамай, оның шығыс жағасына қарай өтсе де, алдында созылып жатқан шөл даланы көрген соң, үйректер кейін қайтып, Лобнор көлінің мұздан жана ғана босаған жалтыр суларына, буы шығып жатқан жылымдарына тоқтайды. Көл маңында олардың көбірек топталатын жері, әсіресе, ащылы сортаң жерлер. Біздің тоқтаған жеріміздің маңайы тегісімен сондай ащылы жер еді, оған күн сайын, әсіресе, түстен кейін үйректер қара бұлттай қаптап, көл бетін жауып жатқан жалпақ мұздың үстін өзінің балшық басқан іздерімен шимайлайтын. Олар тобымен шу көтеріп аспанға ұшқанда, екпінсіз бейнебір дауыл тұрған сияктанып болмаса олардың сонша көптігінен көк жүзін қара бұлт жапқандай көрінетін. Асырып айтпағанның өзінде, ондай топталып жүрген құстардың саны он мың не жүз мың емес, миллиондаған құс десе де болатын еді».

“Лобнордағы мекенді құстардан көшпелі құстардың мінез-қылығын тез айыруға болады, – дейді Пржевальский. – Жыл құстары ұшқанда сымпылдап әрі тез, әрі биіктеп, тізбектеліп шұбыра ұшады”.

Лобнор көліне жиналатын жыл құсының осындай қауырттығы Пржевальскийді аса таң қалдырады. Саяхатшы бұл туралы өзіне-өзі сұрақ қойып: «Мұнша құсқа күн сайын қанша азық, қанша жем керек, оның үстіне бұл құстарды оңтүстіктің маужыраған жылы



жағынан мұнша суық әрі шөл жерге сонша ерте келтіруге себеп не?» деп оның сырын ашпақшы болады.

Лобнор көліне жыл құстарының кара топыр болып жиналуы қандай тез болса, оның кетуі де сондай жылдам. «Алғашқыда, – дейді саяхатшы, — сонша жер қайыстырған жыл құстары келген соң, біз Лобнор көлі қыстыгүні құлазып жатқан түрінен шығып, енді жанданар деп ойлаған едік, бірақ ондай болып шықпады. Топ-тобымен ұшып келген сансыз жыл құстары бұл жерді сондайлық масайрата қойған жоқ. Көлдің маңайы күндіз-түні думан, көзге бықып жатқан құс базары болып көрінсе де, бірақ өз отанымыздың жағы сияқты мұнда аспанды жаңғыртып масайраған құс дауысын ести алмадық. Бұл жерде көрген қанаттылар не ойын, не сауық дегенді білмей, өзінің топталған жігін берік ұстап, күні бойы бір ғана тамақ іздеумен болады. Олар бұл жер өзіне тұрақ емес, тек тыныс алып өтетін өткінші жер екенін жақсы түсініп, олардың алдында әлі де ұзақ, қиын жол барын білдіргендей болатын. Жаратылысты жанындай сүйетін кісіге музыка мен жан тербететін үлбір нәрседен гөрі де артық көрінетін, әсіресе, тынық күндері ертелі-кеш аспанда ұшуға, әнге бөлеп сайраған құстардың әдемі дауысы ғой, бірақ бұл жаңғыруды біз Лобнорда көре алмадық. Бұл жердің жазы адамға жан кіргізіп, қызық қуанышқа батыратын лептің орнына әлдебір қанағат лебімен соққандай еді. Мұз үстінде бейуаз-сұлық отырған құстардың тобына көз салғанда, олар өзара күнкілдесіп, ертеңгі күні солтүстік өлкеге қалай ұшып баруды кеңесіп отырған сияқтанатын.

«Сөйтіп, – дейді саяхатшы, – Лобнор көліндегі жыл құстарының думаны көпке созылған жоқ, олар өткінші дәурен сияқтанып, наурыз айының басында

тегісімен қопарыла солтүстік жаққа ауып кетті, көл тағы да бұрынғы меңіреу қалпына түсті».

Бұдан соң Пржевальский көп уақыт зерттеп, ой-қырымен сырласқан жермен қоштасып, бұрынғы үйреншікті жолмен Құлжаға келеді.

Лобнордан қайтарда ол күнделік дәптеріне былай деп жазады: «Көп күн жатып, жазғытұрғы аң аулау қызығына батқан жерден кету өте ауыр болды. Әсіресе, ашық-жарқын ақ ниет көрсеткен жергілікті халықпен қоштасу да оңайға соқпады. Біз жүретін күні бізбен қош айтысуға маңайдағы қыстақтың адамдары түгел жиналып, Лобнор аймағының ақсақалы Күншыққанбек бізді шығарып салуға өзі дайын тұрған еді».

Сөйтіп, ол кездегі саяси жағдай саяхатшыға қанша бөгет жасағанмен, оның жергілікті халық бұқарасымен достасуы арқасында өзінің мақсатты ісін орындап қайтады. Оның бұл жолғы көрнекті табысы – Қашғар өлкесін зерттеумен қатар, әсіресе, жұмбақ жатқан Лобнор мен Алтынтаудың сырын ашып, оны география ғылымының алдына тарту еді. Бұл игілікті табыстарды ол кейін маржандай тізіп, оны «Құлжадан Тянь-Шаньның ар жағына, Лобнорға дейін» деп атаған белгілі еңбегінде ғылыми жүйемен суреттеп жазады.

## Тибет саяхаты

Пржевальскийдің Азияны көбірек шарлаған кезі, әсіресе, оның үшінші және төртінші саяхаты не Тибет тауларын кезген соңғы жорықтары. Жүрген жолының ұзақтығы, көңілде қалған әсерлерінің күштілігі жағынан бұл оның ең қуанышты, бақытты сапары болған. Бұл жолдарын саяхатшы «бірінші және екінші Тибет жорығы» деп атаған. Бірақ анығында, Орта және Ішкі

Азияны талай рет кезіп жүргенінде Пржевальский Тибет тауларына соғып кететін. Пржевальскийдің соңғы екі жорығы Тибет өлкесін ерекше зерттеуге арналған.

Бірінші Тибет жорығын атақты географ 1879 жылы осы күнгі Зайсан қаласынан бастап, келесі жылы Сібірдегі Кяхта қаласына барып аяқтады. Екінші саяхатын Кяхта қаласынан бастап, Тибет тауларына қарай өрлеп шығады. Одан әрі Цайдам, Лобнор, Хотан, Аксу өлкесін басып, 1885 жылы Бедел асуынан асып, өзінің сүйікті Қарақолға келіп аяқтайды. Бұл соңғы саяхаттарында ол өзіне бұрыннан таныс болған Гоби, Алашань, Цайдам, Кокунор, Ганьсу өлкелеріндегі бұрын көрмеген түкпір-түкпір жерлерін аралайды, Тибет тауларын кезеді.

Бұл екі саяхаттың өткен жорықтардан өзгешелігі, осы жолда қасына орыс халқының белгілі ғалымдары В.И. Роборовский мен П.К. Козлов ерген еді.

1879 жылы наурыз айының ішінде Пржевальскийдің экспедициясы Зайсан қаласынан шығып, Тибет тауларына тура бет алып жүреді. Көктем кезінде саяхатшылар Жоңғария даласында тағы жылқы тобына кездеседі. Бұл жылқының сыртқы келбеті адам үйренген жылқыдан бүтіндей басқа, түс-түгі ақтаңкер, танауы, бауыр жүні ақшыл келеді. Тұлғасы кішірек болған соң, оны тұрғын халық «кертай» деп атайды. Міне, осы жылқыны ең алғаш ашқан атақты Пржевальский болған соң, кейін ғылым жүзінде ол «Пржевальский жылқысы» деген әйгілі атақ алады.

Жоңғария даласынан кейін саяхатшы Хами шөлінен өтіп, Сачжау қаласына келеді. Мұның маңы толған қытай халқының қыстақтары, теңселіп тұрған бәйтерек, торанғы, үйенкі, теңіздей толқыған егін.

Сачжау қаласынан шыққан соң саяхатшы оңтүстікті бетке алып, Нань-Шань тауларының бөктеріне қарай жүреді. Жолшыбай ол жап-жағы көркем ағашқа бөленген бір мөлдір бұлақтың басына кез келген еді. Сұрастырып караса, бұл қытай халқының өткендегі тіршілігімен байланысты бір тарихи жер екен. Оны қытайлар «Ченфу-дун» дейді, мәнісі – «Мыңұңғыр». Осындай үңгірлер жаратылыста болған емес, оны адам қолымен жасаған. Әрбір үңгірдің жасалуында өзінше әсемдік бар, бәрінің де қабырғасын сатылап келтіріп, төбе жағын күмбездеп қойған.

Жергілікті қытай халқының тарихи әңгімесі бойынша, бұл «жер үйлер» біздің заманымыздан екі ғасыр бұрын жасалған. Үңгірлердің қабырғасына неше түрлі әдемі нақыстар, алтын жазулар, адам кескіні түсірілген. Әсіресе, үлкен үңгірлердің кіретін аузы, ішкі қабырғалары соғыс әрекетін еске түсіргендей, бірыңғай қару асынған батырлардың, жауынгер жігіттердің суретімен безелген. Олардың көбіне соғыс қаруынан басқа қолдарына жылан ұстатып қойған. Көп үңгірдің бірінде көзге ерекше түсетіні пілге отырған кісінің суреті.

Үңгірдің біреуінде қытай тілімен жазылған кара тас тұр. Ол тастың жоғарғы бөлігінде бір алуан қаріппен түсірген тағы бір жазу бар, бірақ қытайлар оны шығарып оқи алмады.

Бұдан кейін саяхатшы тамыз айында Цайдам өлкесіне келеді. Ұзақ жол жүріп, шаршап келген жолаушы Тибет жотасына шығу алдында Цайдамда бір айдай жатып, тынығып, көліктерін жанартып, бес салт ат алып, 34 түйеге артқан жүкпен қыркүйектің 12-сі күні Тибет тауларына шығады. Дзунжасақ бегі ескі достық белгісімен саяхатшыға бір басшы монғол

қосып жібереді. Бірақ Цайдам моңғолдары оның Тибет өлкесіне бармауын үгіттейді. Олардың айтуынша, биыл ол жерде қыс қатты болады, қар найза бойы жауып, көліктерді жүргізбейді. «Ондай жылы Тибеттің асуларынан асу өте қорқынышты болады», – деп қауіп айтады. Пржевальский өзінің білімі мен қажыр-қайратына сүйенетін ер, ондай кертартпа сөзді естігісі де келмейді, мыңдаған шақырымға созылып жатқан ұзақ, қиын жолға шығады.

Ол күнде Тибет тауларының арасымен өтетін үлкен керуен жолы атымен жоқ еді. Сондықтан жолаушылар зәулім қия тастың ара-арасымен тырмысып, тау басына эзер-эзер шығатын. Мұндай асулардан ауыр жүк артқан түйемен өту былай тұрсын, тіпті жаяу кісінің өзіне де үлкен қауіп келтіретін.

Дегенмен мұндай кедергілердің барлығы да Пржевальскийге әсер ете алмайды. Асқар тауларға жеткенде олардың өн бойын, терең қойнауларын күні бұрын зерттеп алады. Ол Тибет тауларының толып жатқан қиын-қыстау асуларынан асып, тар кезендерінен талай рет өтіп, өз бетінше жол салып жүреді.

Солтүстік Тибет таулары – біздің Алатау, Памир сияқты соларға жалғаса шөгіп жатқан сеңгір таулар. Олардың теріскей шетіндегі ең асқар биігі, аса бір зәулім «Орта Азияның сауыры» деп аталған. Куньлунь таулары үш тізбекке бөлініп жатады: Батыс Куньлунь, Орта Куньлунь (Аркатау), Шығыс Куньлунь. Бұлардың ішіндегі Пржевальский жүріп өткен асқаралы тізбектері Бурхан-будда, Шұға, Торай, Марко Поло. Олардың оңтүстік бетін ала алыстан көгеріп, асқар таудың екінші бір зәулім тізбектері жатады. Олар – Кукушили, Думбуре, Баянқара таулары. Одан әрі тағы да оңтүстікке қарай жүргенде Тибет жотасының арқасы сияктанып Танла

тұрады. Бұл Көксу (Янцзы), Салуэн (моңғолша Хара-Усу) өзендерінің айырығы болады. Содан әрі бұлдырап, Гималай тауларының солтүстік сілемдері мұнартып жатады.

Пржевальский осы айтқан таулардың жоталарын қақ жарып өтіп, Гималайдың солтүстік бөктерін ала, Оймурен суының бойындағы Тибет жұртының астанасы Лхасқа дейін бармақ болады. Бірақ бұл жол кедергісі, бөгеті көп, аса қауіпті жол. Мұның үстіне таныс емес жердің тау-тасының бәрі жұмбақ. Сонымен қатар қыстың үскірік аязында Тибет жотасының сеңгір тауларын зерттеп, оның географиялық сырын ашу ержүрек, төзімді, алып денелі Пржевальскийдің ғана қолынан келеді. Атақты ғалым ұйтқып соққан сұрапыл боран мен үскірік аязды елемей, Солтүстік Тибеттің сеңгір тауларын аралайды. Оның басына шығып, биіктігін, көлемін өлшеп, күнделік дәптерін жана мағлұматтармен толтырып отырады.

Цайдамнан шығып, Пржевальский Бурхан-будда тауына келеді. Бұл халықтың ертегі-жырына бөленген Орта Азиядағы асқар таулардың ең зәулімінің бірі – Тибет жотасына өтетін ұлы қақпа. Мұның өн бойында асу деген жоқ. Бұрын Тибетке баратын жолаушылар тек қана Номохун-гөл өзенін жағалап, оның жіңішке жерінен өтіп асатын. Пржевальский де осы әдісті қолданады.

Ғалымның айтуынша, Бурхан-будда екі түрлі географиялық ландшафтының арасын бөліп тұрған зәулім қақпа сияқты. Одан тек асып түсу мұң екен, жаратылыс бүтіндей өзгереді. «Бұл таудан асып түскен соң, – дейді саяхатшы, – біз бейнебір басқа дүниеге кіргендей болдық. Мұнда жолаушыны таң қалдыратын, адамнан сескенуді білмейтін ағылып өрген аңдар. Оның



ішінде табын-табынымен жайылып жүрген құландар, жусап жатқан тағы сиыр (кодас), керіліп тұрған оронгі, құйындай ұшқан әлемі киіктер (ада). Міне, мұндай аңдар тобын бірінші рет көргенде, қасымдағы жолдастарым қатты қуанды».

Тибет жотасына көтерілудегі екінші асу – Шуга тауы. Оның жаратылысында Бурхан-будда тауынан ешбір өзгешелігі жоқ, таудың қойнаулары жалаңаш, орман, тоғай, бұта деген атымен жоқ.

Шуга тауынан асқан соң саяхатшы бірыңғай Тибет жотасының сауыр үстімен жүріп отырады. Тибет жотасының үстінде ойпат жер сирек кездеседі, оның биіктігі теңіз бетінен 5000-7000 метр жоғары болғандықтан, ауа райы өте суық әрі дем алуға ауыр, булықтырып жүргізбейді. Оның үстіне жер дүниені мығым басқан ақша қар, күн-түні бірдей соққан ызғырық жел. Осының бәрі Пржевальскийдің қасына ерген қарт моңғолдың үрейін ұшырып, Марко Поло тауындағы Чум-чум асуынан асқан соң, ол уайым мен қайғыны көбейте бастайды. Бір кезең асқан соң «бұдан былайғы жерді білмеймін, елсіз жапан тұз. Қысқы үскірік аязда ілгері бару – аса қорқынышты, босқа қырылып өлеміз. Одан да шыққан жерімізге қайтайық», – деп кеңес береді.

Қарт моңғол ту баста Пржевальскиймен жолға шыққанда Цайдамнан Лхасқа дейінгі жолды «жақсы білемін, ол менің талай рет жүріп өткен жерім», – деп айтқан еді. Енді оның қиын жолдың үстіндегі сөзі саяхатшыны қатты күйіндіріп, кейіске түсіреді. Дегенмен оны қалайда ақылға көндіріп, ертіп жүруді ойлайды.

«Біздің қазіргі тоқтаған жеріміз, – дейді Пржевальский, – көлік жайылуға қолайлы болса да,

халіміз өте ауыр. Кеше жауған қалың қар мелшиіп сол қалпында жатыр. Өткен түнгі қатты суық аяқ-қолды бүрістіріп жіберді. Күн райы тез арада ашылар деген үміт жоқ... «Аңдар қыстың қатты болатынын сезіп, басқа жерге ауып жатыр», – дейді қасымдағы қарт моңғол. Ол ешуақытта көңіл жұбатарлық кеңес бермейді, оның орнына бар айтатыны: «Ілгері жүруге болмайды, босқа өлеміз, Цайдамға қайтайық», – деп зарлайды. Мен бұл сөзді естітім де келмеуші еді, қасымдағы жолдастарыма басқа не түссе соны көрерміз, ілгері жүре беру керек, – дедім. Олар айтқанды бұлжытпайтын, бәрі бір кісідей ілгері жүруге құлшына кірісті. Қасында ондай жанкешті жолдастарын болса, ойындағы нәрсені орындамай қоярсың ба!».

Саяхатшының бұдан кейінгі аса бір қиыншылық көрген жері–Кукушили тауларының асуы. Өн бойы қарға көміліп жатқанда, ондай зәулім таулардың асуын тауып өту қиын болады. Жолаушыға жөн көрсетерлік не соқпақ, не сорап деген жоқ. Бұл жерді жете білмейтін қарт моңғол саяхатшыны адастырып, екі күн бойы босқа сергелденге түсіреді. Жолсерікке аздап азық беріп, қайтарып жібереді.

Содан кейін тау үшін атпен кезіп, қорқынышты болса да бір тар кезеңнен азар дегенде өрмелеп шығады. Бірақ онымен де мақсатқа жете алмайды. Жолаушының алдында кесе-көлденең шөгіп, Дүмбуре таулары жатады. Ол бір жағы Кукушили, енді бір жағы Баянқара-ула тауларымен тұтасып жатқан Тибет жотасындағы үлкен зәулім биіктің бірі деп саналады. Оның оңтүстік іргесімен Көк өзен (Янцзы), моңғолша Мур-усу ағып жатады. Мұның асулары өте көп және орасан қиын.

Бірнеше күн тау асып, қажып жүрген жолаушылар Көк өзеннің саласын көргенде, көңілдері біраз жадырап, жүректеріне үміт сәулесі ұялай бастайды. Бұл жерде олардың көзіне ең алдымен түскен айдалада сарылып жатқан үлкен керуен жолымен көшкен елдің ізі. Көп уақыт жапан түзде зарығып келе жатқан жолаушыларға көшкен елдің сорабы мен керуен жолын көру бейне бір үлкен қалаға кіргеннен кем болмайды. Жолаушылар ол жерде екі күндей тоқтап, аунап-қунап, Мур-усу бойындағы қаптап жүрген аң тіршілігін зерттейді. Қажып жүрген көліктері де біраз сергіп күш жияды.

Содан кейін Пржевальский Мур-усу өзенін жағалап, қар үстінде сайрап жатқан керуен ізімен Таңла тауының етегіне келеді. Бұл Тибет жотасының сауыр жоны, бұл жерде одан биік тау жоқ, оның аспанға тілдескен шыңдары кейде 7000 метрден асып жатады. Саяхатшының айтуынша, оның етегінен шың басына шығудың өзі бір сапар жол, қанша ентелеп тырмыссан да, ол жуық арада жеткізбейді. Бір тау бөктерінің өзі кемінен бір жұма жүретін 125 шақырымдай жер.

Саяхатшы Таңла тауының солтүстік тізбегімен ұштасып жататын «Бұғы-мағнай» деген бір шынның түбіне келіп тоқтаған. Оның басына шығып қараса, барлық Тибет жотасының зәулім құздары тұнжырап көрінеді. «Бөктерін қар басып, мәңгілік мұзбен мұнартып жатқан бұл зәулімді көргенде, адам бір қуанышқа толып, оның асқар бейнесін сипаттауға тіл жетпейтін еді», – дейді ғалым.

Бірақ Таңла тауы Лхасқа қарай асудың аса бір қиын кезеңі. Бұл таудан асарда жолаушылар әрдайым апатқа ұшырап, көліктері қырыла берген соң, жергілікті халық оның асуын аңызға айналдырып, «сол жерде жауатын тас бұршақ бар және асудан не әрі, не бері

өткізбей жүргінші керуенді қырып отыратын жеті басты жалмауыз бар» деп шығарады. Саяхатшылар бұл таудан өтерде оның асуында жаңадан ғана жүріп өткен керуеннің ізі сайрап жатады. «Егер ол із болмағанда, оның асуларын салт атпен іздеп табу ақылға үйлеспейтін іс еді», – деп дәптерінде жазады.

Бұл таудың да өн бойы жып-жылмағай, әлдеқашан қар басып жұтатып қойған. Оның бауырынан не отын, не жайылым тауып болмайды. Оның үстіне жақын арада жаңбыр жауып, жер беті жойқын көк мұзға айналған. Тау бөктерінің жылтыр мұзы көлікті бір адым ілгері бастырмайды, түйелер тайғанап, табаны қырқылып, аяғынан сорғалап аққан қызыл қан жол бойы шұбырып отырады. Сөйтіп, бұл таудан асып түсу күмәнді еді. Алайда күндіз-түні сокқан үскірік жел, сақылдаған түнгі сары аяз, жердің мұздағы, жайылымның болмауы, бәрі қосылып, саяхатшыларды бірталай апатқа ұшыратады. Оның Цайдамнан алып шыққан 34 түйесінің сегізі өліп, қалғаны арып, аяғын әзер-әзер басады. Міне, осының бәріне қарамастан, алып ер ұдайы сегіз күн жүріп, Таңла тауының басына шығады.

Бұл таудың басына көтерілу – саяхатшының ойында болған зор арманының бірі. Оның басына шыққанда, алдынан оңтүстікте алыстан Гималай таулары, теріскейде өзі жүріп өткен Солтүстік Тибет тауларының тізбектері жатады. Бұл қуанышты уақытты ол күнделік дәптерінде былай деп жазады: «Зайсаннан шыққанымызға, міне, жеті ай болды. Содан бері ешбір жадыранқы күн көргеніміз жоқ. Бүгін Таңла тауының басына шығу біз үшін зор қуаныш болды».

Бұл атақты таудың басына шыққанын есте қалдыру үшін Пржевальский обаның басына шөлмек қадап, ғасырлар бойы мүлгіп тұрған тау ішін жанғырта салют беріп, үш рет «ура» деп айғайлайды.

Таңла тауының күнгей бетіне шыққан соң, жаратылыс көңілге жайлы тиіп, күн райы жылына бастайды. Бірақ оның басына шығу қандай қиын болса, одан түсу де сондай ауыр. Оның бөктері толып жатқан күз жартас, кезең, жарлауыттар болады. Саяхатшылар бес күн жүріп, ең соңында Салуэи (моңғолша Харасу, тибетше Налчу) өзенінің бір саласы Санчу бойына келеді.

Бұл жер Тибеттің солтүстігіндей емес, елі жиі қоныстанған, басқалармен салыстырғанда шаруашылығы аздап болса да өркендеген.

Осы жерде саяхатшы Лхастан келе жатқан өзінің ескі досы Дадай деген Цайдамның моңғолын кездестіріп, олардан Лхас туралы бірталай жаңалықтар естиді. Содан кейін саяхатшы моңғол жолдастарын ертіп, Бумза тауының іргесіне келіп тоқтайды. Бұл жерден Лхас алыс емес, мөлшері 250 шақырым шамасында болады.

Бумза тауы – Тибет саяхатында Пржевальскийдің мәңгі есінде қалған белгілі жер. Бұл тау ылғи қызыл граниттен құрылған жалпақ үстірт. Оның басына шыққанда, оңтүстікте Гималай тауының тізбектері Ниенчен-Таңла, Самтын-Қансыр таулары мен солтүстікте кереге-жал сияктанып Таңла тұрады. Бұл өлкенің суы мол, елі жиі қоныстанған, қолайлы жер болғандықтан, саяхатшы алдында басынан кешірген қиындықтар ұмытылып, енді бүтіндей ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданады.

Пржевальскийдің шамалауынша, Тибет тауларының құрылысы бүтіндей өзгеше сияқты. Онда бытыраңқы ұсақтық жоқ, кесек біткен аса жойқын, зәулім жота, дүние шарының ең биік үстірті. Оның жан-жағы зәулім таулармен қоршалып келсе, ортасы жоталанып, мұнартып жатады. Бұл жотаның солтүстік

шетінде кеудесін көкке тіреп, Куньлуңь тауларының тізбегі тұрса, оңтүстік шеті Гималай тауларына барып ұштасады.

«Азия өлкесінің жаратылыс құрылысы орасан жойқын, – дейді Пржевальский, – онда бір жағынан, Сібірдің көз жеткісіз қалың орманы мен байтақ тундрасын көрсек, екінші жағынан, Гобидің сусыз шөл даласын, материктегі аспанмен тілдескен зәулім тауларын, мыңдаған шақырым жерге есіліп аққан өзендерін көреміз. Міне, осы табиғат суретті бұдан гөрі де кесек түрде көрсететін, континенттің орта кезінен түстікке қарай созылып жатқан зәулім жотаны Тибет деп атайды. Жан-жағы биік таулармен қоршалған бұл жотаның сыртқы түрі түзу емес, трапецияға ұқсайды. Бейне, бір алып сәкі сияқты жасалған мұндай жота дүние шарының еш жерінде осы сияқты жойқын түрде кездеспейді. Оның жан-жағын айнала самаладай қоршаған биік таулар Тибет жотасының үстіне адам баласының аяғын бастырмайтын ылғи зәулім құздар, сенгір-сенгір жоталар».

Осы күнге дейін бұл таулар зерттелмеген, олардың жаратылыс сырын тұңғыш рет ашқан орыс халқының географы Пржевальский. «Тибет жотасын кеңінен алғанда, – дейді Пржевальский, – ол өте байтақ. Жер реңкіне қарай оған солтүстікте тұратын Алтынтау, Нань-Шань таулары, Кокунор алабы, одан әрі оңтүстікке қарай серпіліп жатқан таңғұт жерлері түгел кіреді». Тибеттің толық зерттелген өлкесі – оның солтүстігі мен теріскей батысы ғана. Оны ашып, география ғылымының игілігі етуде аса күрделі еңбек сіңірген орыс ғалымдары Г.Н.Потанин, В.И.Робровский, П.К.Козлов, М.В.Певцов – Пржевальскийдің шәкірттері мен жорықтас замандастары.



Пржевальскийдің байқауынша, Тибеттің солтүстік өлкесі адам аз қоныстаған жапан тұз, ұшы-қиыры жоқ тұз ара. Оның жер реңкі түнерген шөл далаға ұқсайды. «Мұнда орман, тоғай деген жоқ, жері тастақ, қу тақыр. Бұл жердің жаратылысы өте көңілсіз, – дейді Пржевальский, – жер беті кілең ұсақ тас, оның бетінде қылтанақ жоқ. Тек анда-санда ербиіп тұрған шөкелер не тақыр жердің бетін жалпағынан жауып жатқан сары қына болмаса, өсімдік дүниесі өте кедей. Кейде бұл қыналардың өзін аппақ қар сияқты тұз басып, оның көп жерін үздіксіз соғатын қара дауыл айғыздап қойған. Көк шалғын шөп мұнда бір ғана тау ішінен ағатын бұлақтардың жағасында не тымаларда ғана кездеседі».

Тибет тауларының жаратылысы өсімдікке тапшы, қуаң болуы оның ауа райына байланысты, жазда ауасы өте ыстық болса, қыс күндері сондай суық, кей жылдары үскірік аяздан адам көз ашпайды. Оның үстіне мұнда қыс пен жазғытұрым үздіксіз боран, қара дауыл соғып тұрады. Бұл жердегі ауа райының жайлы, тынық болатын кезі жаз бен күздің басы. Қоңыр күз мұнда бірталай уақытқа созылады. Қар көп түсіп, мұз қататын кез қараша айының басы.

Тибет жотасының жаратылысы осы тәрізді қатты суық, ауа райы қатаң, тыныс алуға қиын болған соң оның байтақ кең өрісін ел жиі қоныстамайды, жері құлазып, көбіне елсіз жатады. Ел өте сирек кездесетін жерлері – Тибеттің солтүстік өлкесі мен орталық жотасы. Ол тұз араны моңғолдар «гуресу-гадзыр» дейді, «аңның мекені» деген сөздер. Елдің жиі отыратын өлкесі Таңла тауының күнгей бетінен оңтүстікке қарай басталады.

Таңланың оңтүстік жағы кең жазық, онда толып жатқан шалқар көлдер, олардың ең атактыларын Тәңірі-нор, Амдо-Цанак, Митык-Джансу деп атайды.

Саяхатшы осы өлкедегі Бумза тауына жеткенде, оның алдынан Тибет үкіметінің әкімдері шығып, Лхасқа өткізбей, далай-ламаның рұқсатын күттіреді. Бір жағынан, ұзақ жолдан қажып келген адамдарға, көліктеріне біраз бөгеліп, тынығуға уақыт керек болады. Өйткені Напчу қыстағы мен Лхастың арасы кілең қия тас, таудың өте қысылшаң тар кезеңдерінен тек қашырмен не есекпен шұбырып өтпесе, ауыр жүк артқан керуен түйелерімен өту мүмкін емес. Сондықтан Моңғолиядан келетін керуендер түйелерін әрқашан Напчуде қалдырып, Лхасқа қашыр жалдап баратын.

Бұл жағдайдың барлығы саяхатшының мақсат еткен тілегіне кедергі болып, Лхасқа жете алмай қайтудың күдігін тудырды.

Лхасқа жетпей кеткен күннің өзінде де Пржевальский екі жылға таяу уақыт Тибет даласын кезіп, елсіз жапан тұзде неше түрлі қауіп-қатерді басынан кешіріп, үркердей аз кісімен жүріп істеген географиялық жорықтары шын мағынасында бір ұлы эпопея.

Тибеттің тауларын аралап, оның қиын асуларынан асып жүргенде, саяхатшының тағдыры не күйде екені сыртқы дүниеге бүтіндей мәлім емес еді. Ол күнде бүгінгі қызықты дәуіріміздей күнбе-күн хабар алатын радио жоқ болмаса біздің кеңес үкіметінің Солтүстік полюсті зерттеген ғалымдарға көрсеткен қамқорлығы сияқты, ғалымдардың тағдырына ол кезде көз салатын халық үкіметі жоқ еді. Патша үкіметінің Пржевальскийге көрсеткен бар көмегі дипломатия жүзінде Қытай үкіметіне хат жазып, саяхатшының қайда жүргенін сұрау, оның аман-есен болуына көңіл бөлуді өтіну ғана еді. Бірақ өзінің көз алдындағыдан басқаны білмейтін үкімет әкімдері Пржевальскийге

назар аударуы былай тұрсын, бұл сұрақтардың өзіне де тыңғылықты жауап бермейді. Олардың айтқаны: «Пржевальский Цайдамнан әрі қарай өткелі ешбір хабар-ошар жоқ». Цайдамнан арғы жерде керуен талау, кісі өлтіру көп болатын. Егер саяхатшы жазатайым бір нәрсеге ұшыраса, Қытай үкіметі оған жауапты болмайды. «Расын айтқанда, – қытай үкіметінің ресми хатында айтылғаны, – саяхатшыға ешбір қорғаушы пана болуға мүмкін емес. Қазір қыс түсіп, таудың ішін қалың қар басып қалғандықтан, жаз шыққанша ол жақпен қатынасу мүлде тоқталды, қазір ол жермен жүріп өтуге болмайды».

Қытай үкіметінің бұл хатында айтылып отырған жерлер – Пржевальскийдің 1879, 1880 жылдары күз бен қыс айларында жүріп өткен жері. Ал Пекиндегі Ресей елшісі бұл жауаптың бүтіндей дұрыс емес екенін дәлелдеп, Моңғолиядан Лхасқа баратын керуендер сусыз шөл даламен қар түсе өтетінін келтіреді.

Дегенмен саяхатшының бір жылға таяу хабарсыз кетуі бүкіл оқымысты дүниені үрейлендіріп, оларды қатты қорқынышқа келтіреді. Ол онымен тұрсын, ғалым Лхасқа қалай жетуді ойлап, Бумза тауының түбінде отырғанда «Пржевальский барлық кісілерімен, ашқан қанша ғылыми табыстарымен Тибеттің жапан тұз, сар даласында өлді» деген қауесет бүкіл дүниежүзіне тарайды.

1880 жылы 14 қаңтарда Пекиндегі Ресей елшісінің жіберген телеграммасында былай делінген: «Қытайлардың айтуына қарағанда, Пржевальский қасындағы жол білмейтін басшы адамын қуып жіберіп, қазан айының басында жапан түзде жалғыз қалған. Содан бері оның тағдыры не күйде екені жөнінде еш хабар жоқ». Тағы сол жылғы «Голос» газетінің 176-санында:

«Алматыдан алған хабарға қарағанда, Пржевальский қытайлардың қолында тұтқында қалған көрінеді» деп жазылды. Саяхатшының хабары неғұрлым белгісіз болған сайын, оның тағдыры туралы дабыл көтеру, ол кездегі газет-журнал бетінде жиілене бастайды.

Ол дәуірдегі баспа сөздің бір көрнектісі «Исторический вестник» журналы еді. Оның 5-санында (1880 ж.) Пржевальский туралы үрей ұшыратын бір суық хабар басылып шығады. «Жақын арада, – дейді журнал басқармасы, – шетел газеттері арқылы Пржевальский жаманатқа ұшырады деген аянышты хабар естідік. Оның қасына ерген қосшыларының біреуі Зайсан қаласына келген екен, ол одан айырылғанша ешбір жаманат болды деп айтпайды. Бірақ тағы соның айтуынша, Пржевальскийдің қасындағы сакшы адамдары бет-бетімен қашып, қызметшілерінің де бірде-бірі қалмаған сияқты. Пржевальский жападан-жалғыз Лхастан қайтқан ламаларға еріп шыққан екен, бірақ қайда қалғаны белгісіз. Орталық Қытайда саяхатта жүрген мадьяр графы Сеченидың айтуынан алып жазған Австрия газеттерінің хабарына қарағанда, біздің отанымыздың ардақты ерін елсізде қарақшылар талап, өзін өлтіргенге ұқсайды. Көңіл жұбатарлық жалғыз нәрсе, Пржевальскийдің жаманатқа ұшырағаны туралы біздің Пекиндегі елшіміз үндемей отыр».

Мақаланың соңында саяхатшының тағдыры үшін бәйек болған жазушы патша үкіметінің ешбір шара қолданбай, самарқау жатқанына күйініп: «Ливингстонды іздеп тапты, Пайерді тапты, Норденшельді тапты, сорлы Пржевальскийді іздеу ешкімнің де ойына келмейді», – деп қатты қамығады. Оның не күйде болғаны осы тәрізді бүкіл оқымысты дүниені күңіретіп, орыс халқының патриот адамдары саяхатшының тағдыры

үшін кобалжуда болған кезде, Пржевальский бұдан ешбір хабары болмай, жарты айдан аса Бумза тауының түбінде сарылып, далай-ламаның жауабын күтіп отыра береді.

Міне, ең соңында Бумза тауының ішінде 16 күн түнеген соң, қарашаның 30-ы күні, далай-ламаның кісілері де келіп жетеді. Бірақ саяхатшы үшін олар жақсылық хабар әкелмейді. Тибет үкіметін басқаратын Номин-Хан мен жоғарғы ұлықтардың жарлығы бойынша, «Лхаска баруға сізге рұқсат бермеді», – деп жауап береді.

Бұл хабарды жеткізуші далай-ламаның өзінен келген елші емес, төменгі ұлықтардың біреуі. Лхастан келген үкімет өкілі Пржевальскиймен көрісуге сырғақтап, ауырған болып Напчу қыстағында қалып қояды.

Бұл хабарға, әрине, саяхатшы риза болмай, «екі-үш күннің ішінде далай-ламаның жіберген өкілі өзі келіп жетсін, келмесе, тура Лхаска бет аламын», – деп серт қояды.

Саяхатшының бұл сөзін естіген соң, Напчуде жатқан Тибет ұлықтарының төбе шашы тік тұрып, бұл расында келіп қалар дегендей, ауруынан жазылып, ертеңінде өзі келеді. Бұл келген, тегінде, Тибет үкіметін басқаратын жоғарғы ұлықтарының біреуі болу керек. Оның қасында оған таяу тағы да бір-екі далай-лама әкімдері және Тибет өлкесіндегі 13 аймақтық әрбірінен бір-бір өкілден болады.

Далай-лама адамдары өздерінше салтанатты түрде келіп, жиылыс үстінде олар бұрынғы сөзін тағы да бұлжытпастан айтып, «үкіметтің қарары бойынша далай-лама ордасына алыс жердің адамдарын кіргізуге болмайды», – деп жариялайды.

Пржевальский бұл фактыны тарихта қалдыру мақсатымен «Тибет үкіметінің бұл қарарын маған қағаз жүзінде беріндер, ауызша айтқан сөз маған дерек болмайды, егер қағаз жүзінде бермейді екенсіңдер, мен Лхаска алып шыққан бетімнен қайтпаймын», – деп отырып алады.

«Лхаска бармай қайтпаймын» деген сөз далай-ламаның діншіл әкімдерінің жүрегіне тікендей қадалады. Ол сөзді естігеннен гөрі оларға басқа бір қиын шартты өтеу анағұрлым жеңілрек болар еді.

Сол жерде далай-лама елшілері өзара бір күндей кенесіп, келесі күні Пржевальскийдің сұраған түсінік хатын табыс етеді. Бұл оқиға, әрине, ғалымды қатты күйзелтеді. Ол қанша географиялық жорық жасап, ғылымға белгісіз жатқан Тибет тауларының сырын ашса да, оған Лхасты көруге мүмкіндік болмады. Сөйтіп, Пржевальскийдің Лхас қаласының тап іргесіне келгенде, далай-лама үкіметінің оны кері қайтаруы ол үшін аса өкінішті, күйінетін іс болады. «Лхаска жете алмай қайтамыз ба? Осы ой көңілге көптен бері ұялаған еді және бұл қарарға тоқтау жүрекке сонша ауыр тиді. Міне, көптен бері мақсат еткен жұмысымыз тағы да ұзаққа созылды. Бұл жағдайда оның көпке дейін жүзеге аспай қалуы ғажап емес».

Лхастың тап қасына келіп, бара алмай қайтқанына қатты өкініп, Пржевальский өзінің күнделік дәптеріне былай деп жазады: «Тибеттің астанасына осымен төртінші рет кіре алмай қайттық. Бұған кедергі болған бір ғана рухани діншіл адамдардың тұрпайылығы. Сонша қиын жолды артта қалдырып, таяу келіп, мақсатты орындай алмай отырмыз. Оған жете алмай қайтқанымыз аса өкінетін іс.



Далай-лама ордасына баруға бұл менің төртінші рет жасаған жорығым еді: 1873 жылы келемін дегенде көлігіміз індетке ұшырап, оның үстіне қаражаттың жоқтығынан Көк өзеннің басынан қайтқан едік. 1877 жылы бұл жерге бастап әкелетін кісінің реті болмады, екінші жағынан, Якуб-бектің кедергі жасауынан тек Лобнормен Алтынтауды зерттеп қайттық. Тағы солжылы келемін дегенде ауруға шалдығып, Гучен қаласынан Зайсанға қайтуға тура келді. Міне, осы төртінші рет Тибеттің орталығына 250 шақырым қалғанда оған жете алмай, босағасынан қайтқалы отырмыз».

Тегінде, Лхаска кіре алмай қайтқан бір ғана Пржевальский емес. Ол кездегі діншіл руханилер шығарған кертартпа ереже бойынша, далай-лама астанасына барлық шетелдің кісілері кіре алмайтын болған. Лхаска шетелдің адамдарын жолатпауды ол кездегі феодалдық қытай үкіметі де астыртын жақтап отырады. Пржевальскийден кейін бұл оқиғаны басынан кешірген ғалымның бірі Дютрейль де Ренс еді. Ол да Лхастың түбінде далай-лама рұқсатын бір айдай күтіп, ең соңында Лхаска кіре алмай, Тибет тауларының ішінде қаза табады.

Пржевальский Тибет орталығы Лхаска бармағанымен, бұл елдің шаруасы, тарихы, әлеуметтік құрылысы туралы көп мағлұмат жинап, оны кейін өзінің жорығына арналған шығармаларына кіргізеді.

Саяхатшының айтуынша, Тибет – тарихи заманнан Қытайдың белгілі бір аймағы. Оның халқы 3-4 миллион шамасында. Халықтың көпшілігі жергілікті таңғұттар, мұны өздері «бод» деп атайды. Олардың шаруашылық кәсібі жер жағдайына қарай әр алуан келеді. Тибеттің солтүстігін қоныстайтын көбінесе мал өсіретін көшпелі шаруалар болса, оңтүстігін отырықшы егіншілер мекендейді.

Пржевальскийдің кезінде ол жерде Еграй, Голык деген таңғұттардың екі ру елі тұрады. Олардың кәсібі – аң аулау, мал бағу, жерден алтын қазып шығару. Қолданатын малы – кодас, қой, сиыр, жылқы. Түйе өте сирек кездеседі.

Барлық көшпелі елдің тұрмысы тәрізді, солтүстік Тибет өлкесін қоныстайтын рулардың да тіршілігі төрт түлік малдың сүті, еті, жүні, терісі.

Ал оңтүстік Тибет елінің негізгі кәсібі-жер өңдеу, егін салу, бақша өсіру. Оңтүстік Тибетте егін кәсібінің белгілі бір орталығы – Брамапутра өзенінің бойы. Бұл өзеннің алабы кең, жері құнарлы болған соң, ол ерте заманнан егін шаруашылығының көрнекті бір орталығы болады. Онда тары, бидай, арпа, күріш, жүгері, тағы басқалар егіледі. Бақшаларында әртүрлі уылжыған миуа, жемістер өседі.

Тибет өлкесі тегінде егін егудің не бақша өсірудің дүниежүзіндегі ең биік жері болып саналады. Бидай Нанда теңізі бетінен 4000-6500 метр биікте өссе, жеміс ағаштары Лхас төңірегінде 3600 метр биікте өседі.

Егін шаруасымен байланысты Тибеттің қыстақ, кенттері көбінесе оның оңтүстік өлкесінде. Бірақ ондай кенттер мұнда сондайлық көп емес, санаулы ғана. Олардың ішіндегі ең көрнектісі – Тибеттің орталығы Лхас қаласы. Лхасты моңғолдар Барундзу не Мангудзу деп атайды. Ол Ой-Мурен (тибетше Кичу) өзенінің жағасында, биік үстіртте (3658 м) тұрады.

Лхас – көбінесе тастан, қыштан салынған қала. Мұнда кодас пен арқардың мүйізінен тұрғызған үйлер де кездеседі. Лхас буддизм дінінің орталығы болған соң, сонда үйлерінің көпшілігі дін орындары (бұтханалар), ал қоғам үйлері аз. Қаланың маңайы толған бұтханалар-табыну орындары. Олардың ішіндегі далай-лама

тұратын сәулеттiсi Потала деп аталады, ол Лхастын батыс-терiскей шетiнде, биiк кия тастың үстiнде салынған биiк қамал. Мұныц төменгi жағын ала кедей жатақтардың ұйысып жатқан жатақ жер үйлерi, баспана лашықтары тұрады.

Пржевальскийдiң кезiнде Лхастың тұрғын халқы 20 мың шамасында екен. Олардың арасында ұста, iскер, шеберлер аз емес, көзге түсетiн темiршi, кеншi, зергерлер тобы, шөлмекшi, көзе шығарушы, кiлем тоқушы, үй салушы, тағы басқалары бар.

Тибет ламалары бiр ғана дiн өкiлдерi емес, IX ғасырдан бастап олар үстемдiк жасап, өзiнц қарамағына қыруар байлық топтады. XIII ғасырдағы Қытай патшалығының ұйғаруы бойынша, Тибеттiң рухани адамдары жұрт басқару iсiне де қатынасып, өзiне «далай» (жоғарғы) деген ат қойды. Сол XIII ғасырдан осы күнге дейiн Тибет халқының шаруашылығын, мәдениетiн билеп-төстеп келген осы руханилер.

Тибет – тарихи заманнан берi Қытай елiнц бiр аймағы деп саналады. Мындаған жыл бiрге жасасқан туысқан ел болғандықтан, олардың рухани тiршiлiгiнде де жақын. VII ғасырдан берi қарай Тибет рулары Қытай халқының мәдениет ықпалында болады. Мiне, бұл тарихи жағдай Лхас қаласында осы күнге дейiн сақталып келген шежiре тасқа жазылып қойылған.

Пржевальскийдiң iзiн ала шыққан, Тибет жерiн зерттеген орыс халқының белгiлi саяхатшысы П.К. Козлов едi. Ол кездегi Тибет әкiмi Тубдан П.К. Козловпен сөйлескен бiр әңгiмесiнде өзiнц мақсатты ойын ашып жайып, үмiтi, тiлегi орыс халқында екенiн айтып, дос-жарандық көңiлiн бiлдiредi. «Ресейдiң өрiсi кең, – дейдi Тубдан, – бiз сырттан зор қуаныш, тiрек етiп отырамыз, мұны елiнiзге айта барыңыз. Келешекте

Ресей мен Тибет жұртының арасында да шын достық, қарым-қатынас болады деген сенiмiм зор. Менiң байтақ таулы жерiмнiң жаратылысын кеңiрек зерттеу үшiн бұдан былай да Ресей бiзге саяхатшы ғалымдарын көбiрек жiберiп тұрсын». Бұдан соң ол Козловты Лхасқа шақырады. Достық құшағын жаяды.

Пржевальскийдiң кезiндегi Тибет жұртын басқарған ламалар Тубдан сияқты көреген емес едi, олардың барлығы дiн шырмауында болған себептi Пржевальскийдi Лхасқа кiргiзбей қайтарады.

Пржевальский қайтар сапарында сенiмдi моңғол жолдасы Дадайдың көмегiмен жергiлiктi елден өзiне керек азық-түлiк заттарын толық қамтамасыз етiп, он салт ат, 26 түйемен желтоқсан айының ортасында туған елiне беттеп, Солтүстiк Тибет тауларына шығады. Бұл жолы да Пржевальский Лхасқа тартқан сапарындағыдай жолшыбай талай-талай кедергi, қиыншылықтарға кездеседi.

«Мынау қыстың сақылдаған сары аязы, – деп жазады ол, – ұйтқып соққан боран, барлық дүние көзiнен бiр-бiр ұшқандай, жан сақтауға керектi нәрсеи еш жерден тауып болмайды. Қиыншылық күн сайын алқымнан алып, күш-қуатты алғандай. Бiздiң қазiргi күйiмiз шын мағынасында тiршiлiк үшiн алысу. Тек iсiмiздiң ғылыми маңызы зор болғандықтан санамыз бiзге күш-қуат берiп, ешбiр қиыншылыққа бағындырмай, оны қалайда жеңiп шығуға ұмтылдырады».

Мiне, осы сияқты төзiмдiлiк, ақылға тiрелген қажыр-қайрат арқасында саяхатшы Тибеттiң елсiз даласымен қыстың үскiрiк аязында екi мың шақырымдай жер жүрiп, қаңтар айының 3-i күнi (1880) арып-ашып, Цайдамдағы өзiнiң белгiлi орны Дзунжасақ қыстағына келедi. Алып шыққан түйесi жол-жөнекей қырылып, 13-i ғана қалған.

Ауыр жолдың азабынан құтылып, Цайдамға келген соң Пржевальский көптеген ғылыми жұмыстар істейді.

Тибет тауларында біздің жерде кездеспейтін тағы хайуандар өте көп. Олардың ішінде саяхатшыны таң қалдырған, әсіресе, топ-тобымен жүретін құлан, шудасы жерге түсетін кодас, мүйізі карағайдай Тибет арқары (куку-яман), ақтөс арқар, киіктің ада, өренгі дейтін екі тегі, Тибеттің қызыл қоныр аюы, сұр қасқыры, тағы басқалар.

«Ішкі Африка мен Австралияда болмаса, – дейді Пржевальский, – Тибет тауларындағыдай аңның көптігі еш жерде бола қоймас. Бұл жермен жүріп көрсен, ертеңнен кешке дейін алдыңнан жөңкіліп жатқан аң, оның ішінде жүздеп, мыңдап өрген кодас, желаяқ құлан, қаптаған қалың киік. Тау ішінде осынша бықып жүрген жануарларды көргенде олардың тағы екендігіне нанғын келмейді де». Солтүстік Тибет өлкесі елсіз жапан түз болған соң, аңдардың мекендеп өсуіне өте қолайлы болған жер.

Мұнда ең алдымен көзге түсетін Тибет кодастары. Кодас – жаратылыста өзгеше біткен төрт аяқты жануардың бір түрі. Оның денесі үлкен, келбеті көз тартатын айбынды, бауыр шудасы төгіліп жерге түсіп жүретін бір қызықты жануар. Оның жауына қарсы қолданатын қаруы – алып денесі мен карағайдай екі үлкен мүйізі.

Пржевальскийдің анықтауынша, осындай тағы сиырлардың көп тараған өлкелері – Тибет пен Ганьсу тауларының аралығы мен Кокунор көлінің бойы. Олар топ-топқа бөлініп, жүз-жүзден кейде мың-мыңнан жүреді. Тобымен жүретін көбінесе ұрғашы сиырлар мен бойдақ таналар. Ал үлкен бұқалар әдетте олардан бөлектеніп, өз алдында бір топ болып жүреді. Тобымен

жүрген кодастар даладағы жыртқыш аңнан еш уақытта қорықпайды. Мысалы, қасқырдың келгенін сезсе, олар алқа-қотан жиналып, жас төлдерін ортасына алып, айбат шегіп тұрып алады. Мұндай шабынып тұрған кезде кодастың түрі тіпті айбынды, бураның шабынғаны тәрізді құйрығын жоғары көтеріп, көзін ақшитып, денесін күжірейтіп жібереді.

Кодас – төрт аяқтылардың ішіндегі өте самарқауы. Ол өзінен басқаны киік сияқты дыбыс не көру арқылы сезбей, иісінен біледі.

Кодас жайылуға таңертең мен кешке жақын шығады. Одан басқа уақытты ыңғай жусаумен өткізеді. Жусағанда ойпат, жазық жерде жусайды. Таудың күнге бетін онша жаратпайды, өйткені жүні қалың болған соң таудың теріскей, салқын жағын ала жүргенін жақсы көреді. Денесі сондай сәлекет, ауыр болса да, кодас тау басына шығуға аса епті келеді, кез келген жерге жайыла береді, шөп таңдамайды. Кодастың күй шақыратын кезі – күзгі қыркүйек айы. Бұл кезде олардың бұқаралары бұрынғы самарқау түрінен шығып, күні-түні қыр кезумен болады. Әбден табаны қызып, лекі болған бұқалар бірімен-бірі кездескенде қырғын соқтығысқа түсіп, сүзісіп, мықтылары босаңдауын жаракаттап отырады.

«Кодастың мінезінде, – дейді саяхатшы, – ең алдымен көзге түсетін оның самарқаулығы. Олар тек таңертең мен кеш алдында жайылуға шыққаны болмаса, өзге уақыттың барлығын құлаққа ұрған танадай жусаумен өткізеді. Жусағанда олар не сұлап жатып, не сілейіп тұрып жусайды. Сол кезде олардың тірі екенін тек күйсеуінен ғана айырасын. Күйсемей, мелшиіп тұрған кезде кодастың болбақ сурет тастан еш айырмашылығы жоқ. Ол кезде ең ақыры оның басы



да қозғалмайды, тұрған қалпында қатып тұра береді». Пржевальский бұл жерлердегі барлық аңдардың тегін, күнкөрісін де жете зерттеген.

«Тибетте болған саяхаттың бірінде, – дейді ғалым, – әлден уақытта бір қодастың ашына тап берген үстіне кездестім. Бұл іс 1880 жылы мен Тибеттен қайтып келе жатқанда Дүмбуре тауының ішінде болған еді. Біз дағдымыз бойынша ерте жүріп, сәске кезінде тоқтап, салық қылған жерімізге таяу тұрған тауларға аң аулауға шығатынбыз. Бізге керегі, әсіресе, Тибеттің ақтөс арқары еді. Бірақ кездесе қалса, қасқыр, қарсақ, қодас сияқты аңдарды да құтқаруға ойымыз жоқ, өйткені олардың тұлыбы коллекция жасауға өте керек еді. Құлан мен киік, оның ішінде ада бізді әбден тойдырған соң, бұл жолы оларға артық көңіл бөлгіміз жоқ.

Мен тау-тауды аралап, кезіп жүргемін. Бірақ не арқар, не қасқыр, не қарсақ дегенді еш жерде кездестірмедім. Жүрген жеріміздің барлығы – қаптап өрген құлан, киік. Тек ауық-ауық бұталардың арасында жайылып жүрген қодасты көресің. Тау кезумен түс ауғанша далада болған едім, байқасам, тоқтаған жерімізден он шақырымдай ұзап кетіппін. Біраз демалып отырған соң, таудың екінші бөктерімен қосқа қайттым. Келе жатып абайласам, толып жатқан көп сайдың бірінде бір топ қодас жайылып жүр екен. Олар менен үрікпеді, қастарына екі жүз қадамдай жуық келдім. Сол жерде мен он шақты оқ шығарып, оның біреуін жықтым. Қодастың өзгесі тауды бөктерлеп, жылысып кеткен екен. Жүгіре басып, бір қыраттың басына шыға келсем, олар қатты ашынып, маған қарама-қарсы келе жатыр. Мен тағы да оқты үсті-үстіне жаудыртып бастадым. Сол кезде қодастың біреуі тобына ере алмай жығылып, таудың жар қапталынан төмен қарай домалап кетті. Қалғаны жөңкіле қашты».

Тибет жорығын осылай аяқтап, Пржевальский жаз айларын Кокунор көлі мен Сары өзеннің (Хуан-хэ) бойында өткізіп, бұрын талай рет жүріп өткен таныс жолымен өзінің отанына қайтады.

## Шығыс елдерінің досы

Пржевальский өзінің жиырма жылдық саяхатында Орта және Ішкі Азияның тек қана жерін, суын, жаратылыс өзгешелігін зерттеп қойған жоқ. Ол бір жағынан бұл байтақ өлкеде ғасырлар бойы белгісіз жатқан кейбір ұсақ жұрттардың тіршілігін бақылап, оларды тұңғыш рет тарих жүзіне шығарды.

Ғылымын биік шыңға көтеруге белсене қатынасқан ұлы адамның бірі – атақты саяхатшы Пржевальский болды. Сондықтан да Орта Азия халқы оны жақсы түсініп, әр уақыт саяхатшыға қатты қадір-құрмет көрсетіп тұратын. Сол қадір-құрмет көрсетудің арқасында Пржевальский Орта Азияны ерекше сүйіп, өзінің қызықты жастың шағын бір ғана соның жерін, тарихын зерттеуге арнайды. Бұл мақсатты орындау жолында ол ауру, шаршау дегенді білмей, жиырма жыл ұдайымен уақытын көшпелі, шала көшпелі елдердің ортасында өткізіп, елдердің сол кездегі тіршілігі мен тарихы жағынан көп мағлұмат жинап алады.

Осындай игілікті істің соңына түскен Пржевальскийді Орта Азия халықтары өте ардақтап, халық бұқарасы жергілікті феодал үкіметінің оған бөгет жасауына қарамастан, өздерінің көп жылғы досы Пржевальскийді көруге ынтық болып, онымен шүйіркелесіп сөйлесуді бір қызық қуаныш көретін.

Пржевальскийдің байқауынша, Орта және Ішкі Азияның халықтары мыңдаған жыл қараңғылық пен

дін шырмауында тұншыққан соң, олардың мәдениеті, шаруашылығы ілгері баспай, орасан артта қалып келген. «Біздің төрт рет болған саяхатымызда, оларды бір жағынан, феодалдық қытай хандары жәбірлесе, екінші жағынан, өздерінің алпауыт бектері қанап, еңбекші жұрт феодализм бұғауынан құтылудың жолын бір ғана орыс халқынан күтетінін сипаттайды, – дейді ғалым. – Жергілікті ел орыс халқын сондай жақсы түсініп, оған сонша сүйіспеншілікпен қарайтынын байқадық. Бізді жете білмейтін бір ғана Тибет, Орта Азиядағы өзге елдің барлығы көңілін Ресейге аударып, олардың бізге қол созу тілегі зор сатыға жеткен. Бұл, әрине, өте қуанышты, игілікті іс. Өйткені Орта Азиядағы елдің арасында ешкім ешуақытта бізді жақтап, үгіт таратқан емес, бұл сенімге келіп отырған халық тіршілігінің өзі».

Пржевальскийдің көп жыл зерттеген саяхатында Орта Азияның көшпелі және отырықшы елдерін бірдей аралады. Көшпелі елдер арасында болғанда жаздың күні олармен бірге тау ішінде жүріп, олардың шаруашылық тұрмысын, әдет-салтын, рухани тіршілігін, істейтін кәсібін, тұратын үйін, ішетін тамағын, киетін киімін, үй ішінде қолданатын аспаптарын да зерттеп, олардың мәдениет сатысы қай түрде болғаны жайында өзінше қорытынды шығарды. Орта Азияның келешегіне, оның шөл далаларына күдіктеніп қараған. Шөл даламен күресіп, оны гүл-бақшаға айналдыру біздің социалистік қоғамымызда ашық дәлелін айқын көруге болады. Соңғы он жылдың ішінде жасалып біткен Үлкен Ферғана каналы, Фархад каналы, Сырдария мен Шу өзендерінің бойынан жүргізген каналдар бұрынғы тіршіліксіз жатқан жапан тұз шөлдерді бүтіндей өзгертті. Бұлардың барлығы Пржевальскийдің шөл дала туралы

айтқан жорамалын теріске шығарып, жаратылысты адам баласының мақсатына бағындырудың жаңа бір дәуірін тудырды.

Орта Азиядағы елдер тіршілігінен Пржевальскийдің зерттеген жұртының бірі – таңғұттар. Бұл – ру-руға бөлініп, Ганьсу өлкесінен Тибет тауларына дейін қоныстап отырған бақташы ел. Ғалымның айтуынша, таңғұт руларының өзі бірнеше ұлысқа бөлінеді. Олардың ішіндегі жанды-жақты көбірегі: кара таңғұт не панака (қытайша хэй-фань), сары таңғұт (бэй-фань), салыр (аз ру), кам (Шығыс Тибет руы). Бұлардың бәріне ортақ нәрсе – олардың көшпелі тұрмысы, мал өсіріп күнелтуі, жазы-қысы баспана қылып отыратындары қодас жүнінен істеген қараша үйлері. Бұхараны билеп-төстейтін кілең ру басы ақсақалдар не алпауыт бектер жайылым, мал өрісі, суат, егінжай, барлығы солардың қарауында.

Ганьсу мен Тибет таңғұттарының арасында тіл, рухани тіршілігі жағынан бірталай өзгешелік бар сияқты. Ал бұлардың әрі-сәрісінде тұратын қамдардың өзі де Ганьсу және Кокунор таңғұттарынан басқарак, тіл ұқсастығы жағынан олар егрей мен гөліктерге (бод) жақын екені байқалады.

Пржевальский, әсіресе, Ганьсу, Кокунор таңғұттары, олардың ішінде кара, сары, салыр рулармен өте таныс болған.

Қара таңғұт өздерін панака дейді. Сары өзеннің (Хуан-хэ) басы мен Кокунор көлінің оңтүстік-шығыс алдын қоныстап отырады. Шаруашылық жағынан олар көшпелі (рунва), егінші (джаху) болып екіге бөлінеді. Егіншілері көбінесе отырықшы, Сары өзеннің бойында егін мен бақша кәсібінің соңына түсіп, кілең қыстақ пен қала төңірегінде болады. Ал мал өсіретін бірінғай көшпелі келеді.

Барлық бакташы елдің тіршілігі тәрізді таңғұттардың да қысқы-жазғы ойлайтыны – мал өрісі, соны қалай дұрыс пайдалану. Шөбі тақырланған жерде олар көп отыра бермейді, әлсін-әлсін жұрт жаңартып, ылғи соны жер іздейді. Кейде өріс үшін ру арасында үлкен талас, жанжал шығып, кейде сондай оқиға кісі өлімімен де аяқталады. Соғыс үстінде қолданатын қарулары-білтелі мылтық, ұзын сүңгі, қылыш, садақ. Дегенмен әрбір рудың өзіне тиісті көшіп-қонып жүретін меншікті қонысы бар, бірақ ру атын сатып, оны пайдаланатын ру басы ақсақалдар не малы көп байлар. Бұлар кең өрісті өзіне меншіктеу үшін ру қауымынан басқаланып, жеке-жеке шаруашылық ауылға бөлініп отырады. Әрбір шаруашылық ауыл жеті-сегіз не одан көбірек үйден құралып, өз алдына бір қотан жасайды.

Панакалар тіршілігінен ерекше көзге түсетін – олардың будда дінімен қатар бақсығатабынуы, бақсылық белең алып, оған табынушылық панакалар арасында өте күшті болған. Пржевальскийдің айтуынша, әрбір панака ауылында бірнеше лама болса сонша бақсы да кездеседі.

Панакаларға қарағанда сары таңғұттар көбінесе отырықшы, егінші не шала көшпелі. Негізгі қоныстап отыратын жері – Нань-Шань тауларының етегі мен Датун-гөл өзенінің бойы. Бұлардың мал бағатын көшпелілері жаздың күні Нань-шань тауларының ішін жайлап, қысқа қарай оның етегінде тұрған қыстауларына келіп бекінеді. Бұл таудың іші толған зәулім қарағай, самырсын ағаш, көшпелі жұрт жаратылыстың бұл тегін сыйын пайдаланып, қысқы қорасы мен үйлерін осы қарағайдан салып алады.

Дегенмен барлық Орта Азиядағы халықтар сияқты таңғұт жұртының бұқарасы да көп заман алпауыт бектері

мен қытай феодалдардың жәбірлік азабын көп тартқан жұрт. Сол жәбірліктің зардабынан олардың кейбір рулары 1870 жылдары дұнған көтерілісіне қатысып, соңында қатты қырғынға ұшырайды. Пржевальскийдің айтуынша, таңғұттардың ортасында еркін күлгендерін жолықтыра алмайсың, барлығының түрі жабынқы, ең ақыры балаларының өзі ойын-күлкі дегенді білмей түнеріп жүреді. Өзара жолыққанда бірін-бірі «оро» дейді, оның мәнісі «жолдас» деген сөз.

Пржевальский Орта Азияның зәулім тауларын, шөл даласын жиырма жыл бойы кезіп, басынан неше түрлі қиын-қыстау іс кешіргенде, оның ауық-ауық тірек қылып, қуанышы мен қайғысына ортақ болған Қашғар ұйғырлары мен Кокунордың монғолдары, Ганьсудың дұнғандары мен Сары өзеннің қытайлары. Пржевальский ұзақ жолдан арып-ашып, бұл елдердің ортасына келгенде, өзінің туып-өскен еліне келгендей көңілденіп, жаңа жорыққа аттанардың алдында бірнеше күн жатып, күш жиятын.

Пржевальскийдің заманында «жапан түздің кемесі» деп аталған керуен түйелері ғана еді. Орта және Ішкі Азияның ұлан байтақ шөл даласын, тізбек-тізбек тауларын жиырма жыл бойы ерінбей аралап, отыз мың шақырымнан аса жерді зерттеп шығу сол адал міндетті жүзеге асыру. Пржевальский мен оның қасына ерген жолдастарының қажыр-қайратына, төзімділігіне байланысты болса, екінші жағынан, орыс халқының ғалымына көрсеткен жергілікті елдердің достық көмегіне де тіреледі.

Пржевальский өзінің саяхаты туралы жазғанда Зайсан қазақтары мен буряттардың ұзақ жолға арымайтын атан түйелерін ұсынудан қатар, олардың жарқын жүзді, сенімді, елгезек, тыңғылықты жігіттерін,



қиын жолдан адастырған алып жүретін жырынды басшы аламдарын да әр уақыт есінен шығармайды. Өзінің күнделік дәптерінде ерекше аса жарқын түрде еске түсіретіні, әсіресе, барлық саяхатында бірге болған бурят Дондақ Иринчи-ноз, одан кейін оған көп уақыт еңбек сіңірген ұйғыр Абдул Юсупов, монғол Дадай, тағы басқалар. Бұлардың барлығы саяхатшының мақсатты ісін жүзеге асыруда белсене қатынасып, оның жемісті болуына тілектес болған дос-жаран адамдар.

Тибет тауларын кезгенде Пржевальскийдің әрдайым тоқтап, салық қылған өлкелері Кокунор мен Цайдам бойындағы Монғолия қыстақтары еді, оның ішінде Чейбсен, Доланкит, Дзунжасак, Барунжасак дейтін аймақ (хошун) орталықтары болатын. Бұл өлкеде Пржевальскийді білмейтін адам кемде-кем болатын. Оның Чейбсенге не Дзунжасакка келгенін естісе-ақ, монғолдар жүгіріп, алдынан шығып, көрген-білгендерін айта бастайтын. Олардың кейбіреулері Алашаньның құмында Пржевальскиймен бірге болып, ауыр жолдың азабына ортақ болған адамдар.

«Кокунор мен Цайдамға келгенде, – дейді Пржевальский, – осы жоғарыда айтқан адамдардың барлығы бізге сондай жарқын көңіл білдіріп, қуанышпен қарсы алуды өздеріне зор міндет санаушы еді». Саяхатшының оларға сенімінің күшеюі сонша, Тибет тауларына аттанарда барлық ауыр жүгін, қымбат бұйымын, алтын-күміс, ақшасын (жамбы) Дзунжасак аймағын басқаратын таныс монғолдарға аманат қалдырып, Тибеттен қайтар жолында оны сол бұрынғы қозғалмаған қалпында қайтып алады. Кейде бұл жерге арыған түйелерін бір-екі бақташымен жаз бойы семіртуге қалдырып, Цайдам өлкесін өзінің тұрақты бір салығына айналдырады.

Тибет жотасын зерттеуде көлікпен, кісімен, азық түлікпен күш алған Цайдам монғолдарын ол ешуақытта ұмытпайды. Бұл туралы бір еске түсіруінде ол былай деп жазады: «Біз қалай Дзунжасак хырмасының қасына келіп, шатырымызды тіге бастасақ, ол жерде бұрыннан тұратын ескі таныстарымыз кездесіп, бізді өзінің досындай күтіп алатын еді». Бұл, әрине, Пржевальскиймен жергілікті халықтардың арасындағы достығын көрсетеді.

Орта Азиядағы елдердің ішінде саяхатшының сапарының оң болуына тілектес болған жұрттың бірі – дұңғандар. Пржевальскийдің саяхаты кезінде дұңғандар қатты ауырғпалықта болып, феодалдық Қытай үкіметінің қанды шеңгелінде еді. Ғалым дұңғандарға аянышты көзбен қарап, олардың еңбексүйгіш, тәртіпті, тазалықты сүйетін қажырлы ел екенін айтып, оларды жарқын түрде суреттейді. «Бамба қыстағын басқаратын дұңған ақсақалы, – дейді Пржевальский, – күн сайын біздің жатқан жерімізге ұрланып келіп, елінің басынан кешірген ауыр халін, қырғынға, апатқа ұшырағанын айтып, қатты егіліп жүрді. Ганьсу дұңғандарының қытай үкіметімен өштесуі сонша, олар өзінің отырған жерін байырғы мекен деп атамай, «біз бұдан төрт жүз жыл бұрын Орта Азиядан, Самарқанд төңірегінен ауып келген едік» деп айтады.

Ганьсу өлкесін қоныстайтын бір ғана дұңғандар емес. Пржевальскийдің соңғы саяхаты кезінде ауыр халдің үстіндегі елдің, бірі Қашғар ұйғырлары мен тағы соның дұңғандары еді. Бұл кезде жиырма жылға созылған халық бостандығы үшін қозғалысты феодалдық қытай үкіметі аяусыз басып, оның жазалау әскері бұқараны бір тарының қауызына сыйғызғандай, қыспаққа алып жатқан кезі. Бұл кезде күн сайын

шапқыншылық, талан-тараж, панасыз жатқан елді ұрып-соғып қорқыту, жазалау болып тұратын.

Қашғарға келгенде қытай үкіметінің жәбірлеуінен қамыққан бұқара Пржевальскийді зұлымдық бұғауынан құтқаратын өзінің сақтаушысы келгендей қуанып, оған бар көрген жәбірлік-жапасын бастан-аяқ қалдырмай айтады. «Машын руын басқаратын ақсақалдар бір күні маған келіп былай деді: бүгінде қытай үкіметінің әрбір әкімдерінің бізге қылған ісі былай тұрсын, жай әскерлерінің өзі бізге не істеймін десе е ерікті – жазықсыз ұрып-соғу, дүниемізді талау, қатын-баламызды тартып әкету... Алым-салық деген елді бас көтертпей қойды. Бірақ бұл ауыртпалықты ұзақ уақыт көтере беруге шыдай алатын халық жоқ. Қазір біздің көпшілігіміз қару-жарак дайындап, оны білдірмей жасырып отырмыз. Аянышты нәрсе – біздің басшымыз, қолдаушымыз жоқ. Бізге ең болмаса қасында еріп жүрген атты қазақтарыңның біреуін қалдырып кет, ол біздің қолбасшымыз болсын». Досына ғана бұл жан сырын айтуы, әрине, тегіннен-тегін емес, оның зор себептері бар.

Қашғар – Пржевальскийдің аса жақсы көріп ұнатқан бір өлкесі. Оның елі жүрегін қандай тартса, жері де сонша жылы көрінеді.

Лобнор көлінің маңайы толған ұйғыр ауылдары. Бұл жер Пржевальскийдің талай рет жебелеп, талай рет оның елі, жерімен сырласқан өлкесі. 1885 жылы ол ең соңғы Тибет саяхатынан осы араға келгенде, ол жердегі ұйғырлардың қуанышы қай түрде болғанын тілмен жеткізіп айтуға болмайды. Саяхатшының Алтынтаудан асып келе жатқанын естісімен, Лобнор маңайындағы қыстақтардың кәрі-жасы жиналып, ескі досы Пржевальскийді қарсы алуға алдынан шығады.

Ұйғыр халқының досын қарсы алғандағы ескі салты бойынша, жолаушының алдынан жаңа пісірген ыстық нан ала шығады. Халық жорасы бойынша, бұл ыстық нан өмірді жылытып, оған күш-қуат беретін тіршілік негізі болса, ол сонша достықтың да бұзылмайтын анты (нанымы) орында жұмсалады.

Пржевальскийдың достарының бірі – Лобнор төңірегіндегі ұйғырлардың ақсақалы Күншыққанбек. Ғалымның досы туралы айтқаны: «Өте сезімді, сирек жолығатын адам». Күншыққанбек Пржевальскийге Тарим сағасын, Лобнорды, Алтынтауды зерттеген кезінде көп жақсылық істеген жарқын жүзді адамның бірі. «Лобнор жиегінде елу күндей тұрып, – дейді саяхатшы, – кілен жарқын жүзді адамдардың ортасында болғанымыз біздің күш-қуатымызды арттырып, ілгергі сапарда қажымауға көп көмек етті. Қыстыгүнгі Тибетте көрген қиыншылықтан кейін бұл жерге келіп, тынығып, күш жиғанымыз біз үшін табылмайтын сыйлық болды, өйткені ілгеріде де зерттелуге тиісті тағы да бірталай белгісіз жерлер жатқан еді». Бұдан соң: «Көп күн жатып, қуанышқа батқан жерді артымызда қалдыру аса қиын болды, – дейді ғалым. – Өсіресе ақкөңіл, адал ниет көрсеткен жергілікті елді қиына қиын екен. Тап біз жүретін күні бізбен амандасып қалуға маңайдағы қыстақтардың бар адамы жиналып, бізге бірнеше күн басшы болып, шығарып салмақшы болды».

Отаршылдық жаншуымен ұйғыр бұқарасының Пржевальскийге көрсеткен қошеметі тіпті өзгеше еді. Ол Қашғар өлкесіне келгенде жергілікті ұйғырлардың арқа-басы кеніп, көңілі жадырап, оны арқа таяныш етеді. Ұйғыр халқының бұқарасы Пржевальский туралы әлденеше аңыз әңгіме шығарып, өзінің азат етуші қорғаушысы келгендей қуанады.

Керия мен Хотан өлкесі отаршылдық елдердің бауырындағы алтын мен яшмасын, мактасы мен кілемін жергілікті елдің бұқарасы өз игілігіне жұмсай алмай, істеген еңбегі еш болған соң, олар ауық-ауық наразылық білдіріп қоятын. Пржевальский соңғы Тибет сапарынан қайтқанда Керия ұйғырлары сондай бір ұлы толқынның үстінде болған. Жергілікті елдің бұл ашынған бетінен қорыққан мандарин әкімдері оларды Пржевальскийге жолықтырмау әрекетін жасап, «қасына бармандар, еш нәрсе сатып, еш нәрсе айтушы болмандар, бұны орындамасандар, аяусыз жазаға тартыласындар», – деп үрейлерін алады. Бірақ ұйғырлар оны тындамай, саяхатшының келу сапарына арнап той жасап, шексіз құрмет көрсетеді. Мандарин әкімдерінің бұйрығына олар бір күні былай деп жауап қайырады: «Орыстар туралы сіздің бұйрығыңызды орындау қазір біздің қолымыздан келмейді, өйткені олар қарулы күш жұмсайды, қарсы тұруға біздің шамамыз жоқ. Егер сіз олардан күшті болсаңыз, мұнда келіп, оларды жазалап көріңіз», – дейді.

Керия мен Хотан ұйғырлары (таулықтар) саяхатшының өте достасқан бір жұрты. Олардың бұған көрсеткен қошеметі, жан тәнімен берілгіш досжарандық істері сондай мүлтіксіз таза болған соң, Пржевальский бірден қыйып кете алмай, бірнеше күн олардың ортасында болады. Бұл туралы былай деп жазады: «Полу қыстағында біз бес күн тұрдық. Бұрынғы Ясылғанда болған тәрізді мұнда да жергілікті ел мен тез шүйіркелесіп, достық базарына кірдік... Мұндағы тұрған адамдармен досжарандық көңіліміздің жақындасуы сонша, олар біз үшін сауық кешін жасап, би билеп музыка тартып, әр түрлі ойын көрсетті. Сауық кешін өткізу үшін ашық қораның ішіне киіз төсеп қойған

екен, бізді төрге отырғызды. Музыка аспаптары дутар мен дауылпаз екен. Сахнаға ең алдымен биші әйел мен жас жігіт шықты. Олар билегенде қайран қаласың. Жігіт сыпайылықпен әйелді өзіне иіле шақырып, әр түрлі ырғақ жасады, би музыканың тактысымен төгілетін қол мен аяқтың баяу ырғағы. Көрушілер мұны ұнатқандықтан қатты дауыспен «элей, элей» деп отырды, өздері қосылып ән де шырқады. Сауық үстінде өнерпаздарға сый тарту – бұл елдің жорасы екен. Біраздан кейін біздің атты қазақтарда шылап отыра алмай, бұл думанға араласа бастады. Олардың бірі құшырлана би билеп, әр түрлі ырғақ көрсетсе, бірі гармон тартып, тындаушыны өзіне еліктіріп әкетті.

Би тоқталғаннан кейін сахнаға ойыншылар шығып, әр алуан ойын көрсетті. Олар маймыл, соқыр теке түрінде шығып, енді біреуі салт атты әйел түрінде болып әр түрлі қызық нәрселер көрсетті. Жергілікті ел алғашқыда бізден қатты ұялып, әйелдерінің жақсы киімі жер астында тығулы жатқанына бірталай қапа болған еді, кейін думан үстінде оны елен қылмай кетті.

Біздің кісілердің ол жердегі байлардың шеңгелінде отырған әйелдерге әсер етуі сонша, кейін біз жүрерде олар бізді қия алмай, «орыс жігіттерімен бұл өлкедегі қызық өмір бірге кетеді», – деп, – көздері жасқа толып, егіліп жылады.

Қауым тіршілігі Орта Азия халықтарының орыс халқының мәдениет игіліктеріне қол созып, одан мейірімділік күткенін біргана Пржевальский арқылы біліп қоймаймыз. Олардың бұл тілегі өздерімен туысқандай сырласқан орыс халқының атақты ғалымдары В.А. Обручев, Г.Н. Потанин, И.В. Мушкетов, П.К. Козлов, Г.Е. Грум-Гржимайло айтқан досжарандық сөздерінен белгілі болатын.



## Орыс халқының ұлы саяхатшысы

Николай Михайлович Пржевальский XIX ғасырдың екінші жартысында Орта және Ішкі Азияны зерттеу мен даңқы шыққан атақты саяхатшы-географ. Ішкі Азияның жерін, жаратылысын зерттеуде оның география ғылымына келтірген жаңалығы орасан көп. Бұрын жаңа материк ашқан ұлы географтар қандай болса, Пржевальский де Ішкі Азияның белгісіз жатқан ұлан байтақ даласын тұңғыш рет зерттеп, оны ғылым жүзінде айқындауымен әйгілі атақ алған ғалым. Оның елі, жері, жаратылысы ғасырлар бойы жұмбаққа бөленіп, география ғылымына бүтіндей белгісіз жататын. Сондықтан ескі географияда «terra incognita» (белгісіз жер) деп, тегін аталмаған. Бұл өлке туралы ескі география ғылымының пайдаланған мағлұматы тек қана Қытай халқының тарихи әдебиеті болмаса сол жерді мекендейтін елдердің тарихи аңызы ғана болған. Бұл мағлұматтың өзі де көп заман қолға түспей, тек шығыс елдерінің тарихын, тірлішігін зерттеген атақты орыс ғалымдары Н.Я. Бичурин, Палладин сияқты оқымыстылардың көмегімен ғана жүзеге асыруға мүмкіндік болды.

Ішкі Азияның ең жатқан даласын, тау тасын, жер құрылысын ғылым жүзімен тану – тек ғана Пржевальскийдің көп жылғы еңбегінің жемісі. Бұл өлкенің география құрылысын ғылым жүзімен анықтауда Пржевальскийдің атымен қатар айтылатын кісі өте аз. Ал оның соңынан ала шыққан П.К. Козлов, М.В.Певцов, В.И. Роборовский сияқты – оның өз шәкірттері, Г.Н. Потанин, Г.Е. Грум-Гржимайло, В.А.Обручев орыс ғалымдар.

Атақты географ ғасырлар бойы белгісіз жатқан Орта Азияны тұңғыш рет зерттеп, оның жаратылыс ерекшелігін ашып, география ғылымына жаңадан жол салған соң Н.М. Пржевальский орыс географтарының атасы деген қадірлі атқа ие болды.

Өзімен тұстас ғалымдардың бағалауынша, Пржевальскийдің Ішкі Азия материгін зерттеуі география ғылымына жаңадан бір дәуір тудырған, ғылым тарихын ардақтап оған алатын географиялық табыстың жарқын бір кезеңі. Олардың айтуынша, бұл өлкенің география құрылысы туралы көп уақыт қолданылып келген Гумбольдттың картасы еді, бірақ Пржевальскийдің зерттеуінен кейін бұл карта бүтіндей ескіріп қалды.

Бұрын белгісіз жатқан Тибет тауларын тұңғыш рет кезіп, Монғолияның ұшы қиыры жоқ даласы мен Ордос, Алашань, Лобнор, Қашғар өлкелерін тұңғыш рет жарыққа шығару Пржевальскийдің зор ғылыми маңызы бар еңбегі.

Солтүстік Тибет тауларын тұңғыш рет зерттеп біздің заманымыздағы географиялық жаңалық ашудың аса бір күрделі кезеңі болып шығады. Пржевальскийге дейін қазіргі география картасына таныс Кукушили, Баянқара-ула, Дүмбүре, Таңла сияқты Солтүстік Тибет бүтіндей белгісіз еді. Пржевальский бұлармен қатар Тибеттің орталық жотасы Самтын-қансыр тауларын зерттеп олардың оңтүстік шеті ұлы Гималай тауына дейін тізбектеліп баратынын айырды.

Пржевальскийге дейін жұмбаққа бөленген жердің бірі «Азияның Қырат Жотасы» деп аталған Куңьлуңь тауларының тізбегі еді. Бұрынғы картада Куңьлуңь тауының тек аты кездескені болмаса, оның географиялық құрылысы қай түрде екенін белгісіз

болған. Саяхатшының Куньлунь тізбегіне кіретін Алтынтауды жаңадан ашуы, Азияның картасын көз алдымызға жаңадан суреттеп, оның географиясын, тарихи дәуірдегі қарым-қатынас іздерін айыру үшін аса күрделі жаңалықтар келтірді. Ол онымен тұрсын, Пржевальскийден бұрынғы картадан Куньлунь тұтас жатқан бір тау болып суреттеліп, оның екі шеті қандай жер мен астасатыны мүлде белгісіз болатын. Пржевальскийдің зерттеуі бойынша, Куньлунь тұтасып жатқан бір тау емес, ол арасы бірнеше сай-салаға толып жатқан таулар тізбегіне бөлінетін зәулім жота. Оның батыс шеті Памир тауларының іргесіне дейін барса, шығысы Нан-Шань тауларымен ұштасып жатады. Мұның ең зәулім тізбектері батыстан шығысқа қарай Текеліктау, Керия, Тоғыз-Дабан, Пржевальский жотасы (Аркатау), Ғарынғы, Торай, Шуға, Бұрхан-будда. Батыс Куньлуньнің солтүстік шетін ала тұрған жойқын тау тізбегі – Алтынтау ескі география карталарында бүтіндей жоқ. Біздің заманымызда бұл Тибет жотасының ең теріскей шеті, оның солтүстік зәулім қабырғасы деп аталады.

Пржевальскийге дейін жұмбақ болып жатқан жердің бірі Алтынтау мен көрші тұрған Қашғардың шығыс алды, оның ішінде Тарим өзенінің сағасы, Лобнор көлі еді. Бұл айтқан жерлерді Пржевальский тұңғыш рет зерттеп бұрынғы география білмеген тау-тас, шөл даланы ашты.

Белгісіз жатқан бұл өлкені тұңғыш рет жарыққа шығарып, көңілі жай тапқан соң, күнделік дәптерінің бір жерінде: «Көп заман жұмбақ болып жатқан Лобнор алабы ең соңында ғылымның игілігі болды», – деп жазады.

Пржевальскийдің көп зерттеген жерлері Кокунор көлі, Цайдам, Ганьсу өлкесі, онымен көрші жатқан Сары-өзеннің (Хуан-Хэ) басы, Ордос, Алашань, Гобидің жапан тұз сардаласы. Пржевальскийден бұрын бұл айтқан жерлерді ешбір саяхатшы ғалымның аяғы баспаған. Пржевальский Гобидің ұшы-қиыры жоқ шөлін төрт рет кесіп өтіп географиялық жорық жасайды. Атақты географ бұл шөлдерден тек кездейсоқ өте шықпай, оның географиясын, жаратылыс өзгешелігін, қадағалап зерттеп, Гоби даласының сыртқы келбетін тұңғыш рет келістіре суреттеумен бүкіл дүниелік география ғылымын байытады.

Тегінде, жапан тұз даланы Пржевальский сияқты еш бір ғалым төзіп зерттемеген. Шөл даланы жеңу, жапан тұздің сырын ашу–Пржевальскийдің аса бір құмарытқан жаны сүйген ісі. Пржевальский мен тұстас шыққан Ливингстон, Стэнли саяхатшыларын алсақ, олар картаға тек жүріп өткен жолын ғана түсіргені болмаса, ол жердің географиясын, жаратылысын тану туралы күрделі білім қалдырмаған. Жүрген жерінің өсімдігін, аң тіршілігін зерттеуді Стэнли «баланың ермегі» деп, оған тек әсемпаздық пен караған. Ал, Пржевальский кезген жерінің бәрін қадағалап бақылап, оның ғылыми маңызына зор көңіл бөлді. Ол көз алдында тұрған нәрсенің барлығын да қылға тізгендей, күнделік дәптеріне жазып алып отырды. Пржевальскийдің бұл еңбек сүйген төзімділік мінездерін еске түсіргенде, оның өмірін баяндаушы ғалымдардың бірі былай деп бағалайды: «Пржевальский сияқты жүздеген пұт ауыр жүк тиеген керуен түйелерін соңынан шұбыртып, қанша қауіп-қатерге карамай, белгісіз жатқан өлкелерді шарлап, кейде басшы адам ертпей-ақ мақсатты ісін орындап, ауыр жолды оңайлату бұрын соншалық

қиын еді. Кейін мұның бәрі зерттеліп, жүріп өтуге қауіпсіз қолайлы жолдар картаға түсіріліп, экспедиция ұйымдастыру ісі белгілі бір арнаға қойылған соң, ол данғыл жолмен зоолог те, ботаник те, басқа да жүріп өтіп, бұрын жұмбақ жатқан жерді қай жағынан болса да зерттеу енді оңайлана бастады. Пржевальскийдің бойында саяхатшылық қасиеттің екеуі де болды. Ол - әрі білімге жол салушы пионер, әрі ғалым. Оның тағы жатқан емін-еркін өмірді сүйіп, қауіп үстіндегі күшті сезімді, жаңалықты аңсап күтуі, одан жол ашушы саяхатшы пионер шығарса, жаратылысты жанындай сүйіп, ұшқан құс, жүгірген аң, өсімдіктің қалай жасап, олардың қалай тыныс алып, қозғалуын бақылауы - одан асқан ғалым-саяхатшы шығарды».

Пржевальскийге дейін ғылымда бүтіндей белгісіз бірі Орта және Ішкі Азияның өсімдігі, аң тіршілігі, ауа райы еді. Ол өзінің көп жылғы ғылыми-зерттеу саяхатын оларға ерекше көңіл қойып, толып жатқан өсімдік түрлерін, жануар тіршілігін суреттейтін байтақ коллекция жинап, ғылымның әрбір саласын байытуға мүмкіндік туғызды. Саяхатшының Орта және Ішкі Азия даласынан көп жыл ішінде жинап алған бұл коллекциялары ғылыми-зерттеу орындары үшін аса бағалы қазына болып саналады.

Пржевальскийдің география ғылымына қосқан үлкен бір жаңалығы Орта және Ішкі Азияда қандай аңдар мекендеп, олардың жүретін жерінің қандай аудандар мен шектесуін айыруы. Оның зерттеуінше, бұл жер неше алуан аңдардың жиі кездесетін ну орталығы. Олар тегінің әр түрлі көп буымен қызықты көрініп қоймай өзара орасан көптігімен де ерекше көзге түседі.

Пржевальский ашқан аңдар дүниесін бүкіл дүние ғылымына әйгілі болған әсіресе тағы түйе, тағы жылқы, қодас, Тибеттің ақбауыр арқары, куку-яман, киіктің ада, өренгі дейтін тектері, Тибет аюы, тағы басқалар. Бұл айтылған аңдардың жануарлар жаратылыс ғылымы үшін зор маңызы бар.

Атақты саяхатшы-географ, жаратылыс ғылымына тағы жемісті іс қалдыруына болатын еді, бірақ білім мен қайратының толған кезінде қайтыс болуы бұл мақсатқа жеткізбеді.

1888 жылы Пржевальский Азияға бесінші рет ғылыми-зерттеу жұмысына аттанып-бара жатқанда, ауырып, 20 қазан күні, бүгінгі Ыстық-көлдiң шығыс жағасында, Қарақолда қайтыс болды.

Ауруы мендеп, әл үстінде жатса да экспедициясын есінен шығармайды. «Мен өлімнің аузында талай рет болғанмын, әйел сияқты босқа жыламаңдар», - деп қасындағы жолдастарын қайраттандырады. Бірақ мендеген ауру жолдастарымның үмітін үздіреді. Орыс халқының отан сүйгіш озық адамдары атақты саяхатшыны, өз өсиеті бойынша, оның денесін Ыстық-көлдiң Қарақол қаласы тұрған көркем биік жағасына жерлеп, кейін оған Алатаудың сұлу граниттен сәулетті ескерткіш орнатады. Отанын ерекше сүйіп, бар өмірін соның көркеюі үшін сарп еткен ардақты ғалымды бір ғана оқымысты адамдар жоқтап қоймай, оның өліміне барлық орыс халқы болып күйінеді. Мұрасын жариялайды.

Пржевальскийдің қазасына қатты қайғырған кісінің бірі жазушы Антон Павлович Чехов. Оның саяхатшының өліміне арналған мақаласы «Новое-время» газетінің 1888 жылы 26 қазан күнгі санында шығады. Чехов Пржевальскийді өте қадірлеп, оны орыс



халқының мақтанышы етеді. Мұны оның достарына жазған хаттарымен Пржевальскийдің өліміне арнаған мақаласы айқын дәлелдейді. Ең дос-жаран кісілерінің бірі Е.М. Линтваровара жазған хатында Чехов былай дейді: «Новое время» газетінің бүгінгі саңында (казан 26, сәрсенбі күні) менің Пржевальскийді жоқтаған кысқаша егілу сөзім шықты. Пржевальский менің шексіз жақсы көретін кісілерімнің бірі еді», – дейді.

Бұл мақаласында жазушы Пржевальскийді тек қана саяхатшы ғалым деп ардақтап қоймай, оның жұртшылық алдындағы патриоттық істерін, адамшылық бейнесін, дүние жүзілік ғылымнан алатын биік орнын жарқын көрсетеді.

«Пржевальский өлер алдында, — дейді Чехов, — мені Ыстық-көлдін жағасына жерлендер» – деп сұраған. Айбынды ер өлейін деп жатқанның өзінде де туып өскен жерін елемей, күш қуатын әліде бойына жиып, өзінің моласын жапан түзге орнатуға ерік береді. Пржевальский сияқты адамдар қай дәуірде, қандай қоғам тұсында болса да ғылымға, мемлекетке келтірген еңбегімен қатар, зор тәрбие беретін маңызымен де ерекше орын алатын. Міне сондықтан да Пржевальский мен Миклухо-Маклайды мектеп оқушылары тегіннен-тегін жақсы көрмейді. Сол сияқты олардың жүрген жеріндегі халықтар да бұлар туралы әңгіме, жыр, ертегілерді тегін шығарған жоқ. Жапан түз шөл даланы кезген осындай адамдар – ерліктің, айта қалғандай жорық жасаудың, нанымның, ашық түсінген мақсаттың адамдары, халықтың адал ұлдары.

Пржевальский сияқты адамдардың бізге сонша қадірлі болуы, әсіресе, олардың жасаған өмірі мен ғылыми жорығының, мақсатты ісінің, адамшылық қасиетінің өте түсінікті болуында. Адам неғұрлым

шындыққа жақын тұрса, ол соғұрлым кішіпейіл болады. Пржевальский де дәл осындай еді.

1939 жылы совет үкметі орыс халқының ұлы саяхатшысы Пржевальскийдің туғанына жүз жыл толған мерекесін өткізіп, оның атын мәңгілікке қалдыру үшін бұрынғы Қарақол қаласын сол кісінің атымен атауға ұйғарды.

Пржевальский жаратылысты тәжірибе жүзінде таңдауды мақсат етіп, ғылымға күрделі жаңалықтар келтірген ұлы ғалым, саяхатшы. Жаратылыс сырын ашудағы жүргізген ғылыми жорықтары – жастарды қажырлы шабытқа бөлейді, оның үстіне олар үшін таусылмайтын білім бұлағы болуына еш күмән жоқ.

## САЯТ ҚҰСТАРЫ

### Саят құстардың жаратылыстағы ерекшеліктері

Саятшылардың анықтауынша, жалпы, құс заты біріне-бірі қайшы тұратын үлкен екі топқа бөлінеді: оның бірі – желбесін құстар, екіншісі – тұяқты құстар. Бұларды ұғым бойынша бұрын «адал», «арам» құс деп келген.

Желбесін құс дегеніміз – етін жеп, мамық жүнін шаруаға жұмсайтын пайдалы құстар тобын айтады. Бұлардың өзі тіршілік етуіне қарай екі жікке айырылады. Суға жүзіп, су ішіндегі жалбыз, балдырған, неше түрлі жұмсақ жапырақ, азот, минерал заттары, күм, сүлік, балық, ұлу жеп күнелтетін құстарды су құстары дейді. Олар акку, коңырказ, кокиказ (қызыл каз), бірказан, қалбағай, акқұтан, көкқұтан, керқұтан, көл- өзендерде жүретін басқа түрлі каз, үйректер, әуілдек шағалалар, тағы басқа толып жатқан неше алуан құстар.

Суда жүзе алмайтын, қырда жүріп шалғын шөп, бидайық, бетеге, жусан, тамырдың түбі, ащы кертарлан өсімдіктері және күрт-құмырсқа, шегіртке, неше түрлі шыбын-шіркеймен қорек етіп, суды сирек ішетін қанаттылар тобын қыр құстары деп айтады. Бұл топқа кіретіндер – дуадақ, не болмаса жорға-дуадақ, безгелдек, оқпақ, қарабай, тырна, шыңырау, тарғақ тағы сол сияқты құстар.

Кейбір құстар тау ішіндегі шытырман сай-саланы, сыпсың орманды бұталы, тоғайлы, өзен бойларын көбірек сағалап, қыр мен сулы өлкені бірдей жайлап жүреді. Олар – қырғауыл, құр, шіл, ұлар, таукүдірет, орақтұмсық, су-тауық, бөдене (бытпылдақ), бұлдырық тағы басқалар. Саятшылық кәсібіне кіретін құстардың көпшілігі әсіресе қопалы көлді, камысты, жекенді су бойларын, қакшымақ сорды көбірек сүйеді. Ондай құстар тобына кіретіндер не түрлі сүңгуір үйректер, сарыалаказ, торыалаказ, италаказ, жылқышы, балықшы, қызғыш, қарала-қалқа, тағы да толып жатқан қаншыр тұқымдас ішінде тек қана тырна, қарабай, шыңырау, шағала сияқты құстар болмаса, өзгесінің барлығы етін жеп, мамық жүнін шаруаға жаратуға келетін пайдалы желбесін құстар болып саналады. Тырна, шыңырау, қарабай, шағала тәрізді құстар көбінесе кесіртке, жылан, бақа сияқты заттарды қорек ететін болғандықтан, олардың еті өте дәмсіз және улы келеді, сондықтан олар жеуге қосылмайды және саятшылар олардың соңына түспейді де. Қопалы көлді өзен бойын сағалайтын құтан, қалбағай тұқымдас құстардың да қымбат мамық жүні болмаса, еті онша дәмді бола қоймайды.

Ал енді тұяқты құстарға келсек, олар да өзара екі топтан құралады. Олардың бір тобы адамның үйретуіне

көніп, аңшылық кәсібiне қызмет ететiн қыран заты болса, ендi бiр тобы не шаруашылыққа, не аңшылық кәсібiне қолдануға келмейтiн керексiз заты болып табылады. Бұл соңғыға қосылатындар әртүрлi қара құстар (көкшөре, көшеген, балта-құстар, сақалтақ), субүркiт, саңкылдақ, сарышағыл, саржала, жаламан-сары, бөктергi, кезқұйрық, құлаудың, күйкентай, ақсары, ақүкi, жапалақ, тағы сол сияқты жемтiк, тышқан, кесiртке, бақа, жылан жеп күнелтетiн құстар. Өзiнiң күнжөрiс тiршiлiк әдетiне қарай құзғын, қарға, сауысқан тектес құстар да осы айтқан топқа жақын жүредi.

Тұяқты құстардың iшiндегi аңшылық шаруасына керек пайдалысы – оның қыран заттары. Олар жаратылысында түйсiгi бар сезгiш жануар болғандықтан, адамның қолына үйренуге iкемдi келiп, аң-құс алып, оған қызмет атқаруға лайықтанып жаралған саятшылық қолданатын қыран құстардың негiзгi тұқымы үш түрлi. Олар: бүркiт, қаршыға, сұңқар тектес құстар. Бұл көрсеткен үш тектi құстың жаратылысы өзге құстан бүтiндей басқа. Олар тұз құсының iшiндегi ең қарулы, тегеурiндi әрi ұшқыр заттарынан саналып және олардың тұяқ, тұмсық бiтiсi де басқа құстан өзгеше келедi. Сондықтан оларды саятшылар тiлiнде «қыран құс» деп атайды.

Қыран құстар түзде өз еркiмен жүргенде әрқайсысы өзiнiң болат тұяқтарын күштi қару қылып жұмсап, өзiне керек жемiн алып тiршiлiк жасайды. Олардың дағдылы iсi бiр ғана тұз аңын жеп күнелту болғандықтан, олар жапан тұз, сарыдала демей, өте кезген болып, қай қай жерде желбесiн құс, аң көп болса, сол жердi баса сағалап, өмiрiн көбiнесе ұшумен өткiзедi. Ретi келгенде олар елдiң алыс-жақыннына қарамайды да, әбден жемсiреп, аңға құмартқан кезде олар ұзақ жердiң өзiне барып қайтатын мезгiлдерi болады.

Қыран құстардың тiршiлiгi осы тәрiздi ылғи аң аулау әрекетiмен байланысты болғандықтан, олардың дене құрылысы, мүше бiтiмдерi де өзгеше болып, талмай ұзақ ұшуға бейiмделе бiткен. Сондықтан олардың сүйек бiтiсiнде буынның бар-жоғы аспанда үзiксiз ұшқанда олардың денесi солқактамай жинақы отыру үшiн сүйектерi бiрiмен-бiрi тұтаса бiтiп, дене құрылысы күш алатын бiр орталыққа жинала, жұмыр бiткен. Бұл, әрине, саят құстарының ұшқанда жинақты отыруына зор негiз болып, олардың ұшу сапасын арттыратын негiзгi фактордың бiрi. Денесi ұшуға ыңғайлы, жұмыр жинақты бiткен соң, саят құстарына сыпылдап ұйытқып ұшу не сыпырма ағыза ұшу дәнене ауырлық келтiрмей, канатымен денесiн еркiн ұстап, оны неше алуан құбылтып отыра бередi. Оларға кенеттен жоғары ату не құдия төмен сорғалау, не қырындап бұлдырай ұшу ешбiр қиындық келтiрмейдi. Бұл сипат, әсiресе қаршыға, лашын, сұңқар тектес құстарға көбiрек келедi.

Саят құстарының денесi жинақы ұшқыш болуы көбiнесе олардың арқа омыртқа сүйегi мен құйымшақ, төс сүйегiне байланысты. Лашын, сұңқар тұқымдас құстардың арқа мойын омыртқаларында буын болмай қайнаса бiткендiктен, олар әрi ұшымпаз, әрi қуған аңын тез күйреткiш келедi. Қыран құстардың қайсысы болсын, барлығының да жая, төс сүйектерi берiк, шымыр және кең болып, бұғана сүйектерi келдек, әлдi болып бiтедi. Төс сүйегiнiң қабырғамен астасатын шетi жұмыр болумен қатар бауыр жағы тiк қырлы келiп, жел қайықтың төсiне ұксап тұрады. Жалпы айтқанда, төс сүйек пен арқа омыртқа сүйектерi саят құстарының денесiн тұтастырып тұратын орталық мүшелер. Өзге сүйектер оларға жалғас бiтiп, саят құстарының күш



алатын денесін жасайды. Төс сүйекпен тұтасып біткен мүшелер – бұғана, карсүйек, жауырын.

Саят құстарының күш алатын ең мықты сүйегінің бірі-бұғана, ол өте шымыр соқталы келіп, оның шодыр бастарының бір ұшы арқа омыртқамен қайнасып бітсе, енді бір ұшы төс сүйекпен жалғаса бітеді. Қазақ саятшылары мұны «төс айшық» дейді. Екінші түрде айтқанда, бұғана мен қабырға сүйектер саят құстарының арқа мен төс сүйектерін тұтастырып тұратын ең күрделі мүшелерінен.

Саят құстарының ұшқыш болуына негіз болатын ең қарулы мүшесінің бірі – әсіресе, жауырын-иық сүйектері мен картопшы сүйектері. Оған кіретіндер – жауырын, карсүйек не тоқпан жілік, шынтақ сүйек, білезік сүйектер. Құстар ұшқанда қанатын тежеп күш алып отыруы көбінесе осы айтқан қар-иық сүйектер мен топшы сүйектерге байланысты.

Қыран құстардың қар сүйегі өте болған, соқталы келіп, оның жауырын мен кәрі жілікке (не шынтақ сүйекке) жалғасатын екі басы өте берік темір тектеніп бітеді. Дегенмен олардың қар сүйегі денесіне жақын, жауырынмен тұтасып біткендіктен, оған ұшатын ұзын қанат бітпей, тек мықты, қысқа қауырсындар ғана бітеді. Ұшатын ұзын қанаттар (шалғы) бір ғана топшы мен білек-сүйектерден салаланып шығады. Сондықтан қар сүйектен гөрі топшы сүйектер әрі ұзын, әрі шымыр, берігірек келеді. Қыран құстардың күшті, шалымды, ұшқыр болуына негіз болатын, әсіресе, осы топшы сүйектер.

Қанат топшы сүйектері қағылшаң берік болумен қатар ырғақты, қозғалғыш келіп, құстардың ұшуына аса ыңғайлы болып отырады. Қаршыға, түйғын, қырғи сияқты құстардың сонша шапшаң, сыпылдап ұшатыны

қанат сүйектерінің өте қолайлы болып жасалуынан.

Саят құстарының бас сүйегіне келсек, ол да құйған болаттай, қайнаса біткен өте шымыр, қағылшаң келіп, желке жағы біраз сыпырықтанып тұрады. Олардың өткір, қырағы көздерінің қолайлы жатуы үшін көз ұясы кең, жар кабақ, аумақты болып біткен. Сондықтан оларға қай жағынан қараймын десе де өте қолайлы болып, көз бағыты (манайы) шіркеусіз ашық болған соң іздеген жемін өте қырағылықпен, қиядан көргіш болады. Қыран құстардың өте қырағылы болуының енді бір себебі – олардың қарақұс сүйегінің желкесіне қарай шодырая бітуінде. Бұл сүйек саят құстарының жіті қарауына айқын бағыт көрсетіп, олардың көз жаздырмайтын маяғы тәрізденіп тұрады. Қазақ аңшылары құсқа томаға кигізгенде оны қарақұстың осы шодыр басына кигізеді.

Қыран құстардың тіршілігіндегі ең мықты қаруының бірі – олардың көк мүйіз болатын тұмсығы. Мүйізді болатын тұмсық бір ғана алған аңды талқандап, оның етін сүйегінен айырып жеу үшін жұмсалады.

Саят құстарының тұмсығы өте әлді, кейкі тұмсық, оның үшкір қармағы ішіне қарай имек біткен кешкіл өте берік келеді. Олардың аузының самқайтын жиектері де аса өткір, қығыш, кейінікі қияктанып тұрады. Өткір тісі сияқты самқау, жиектері қияқты келетін сұңқар лашын тектес құстардың ерекшелігі.

Саят құстарының көз алдының қабығы құс басқан қара қылшық және олардың әрбірінің тегіне, жасына қарай ол қабық қызыл, жасыл, сарғылт, көгілдір, қоңыр болып, әр түсте кездесіп отырады. Бұл қабық саят құстарының қай текке жататынын көрсететін негізгі ерекшеліктерінің бірі, сондықтан оны көз алдының қабығы не кеңсірік қабығы деп атайды. Сол кеңсірік

кабық пен езудің (самқау) арасын ала көлденең біткен танаудың тесігі тұрады. Және әрбір қыран құстарының тегіне қарай олардың танау тесігі де әр алуан түрде кездеседі. Мәселен бүркіт, қаршыға тектес құстардың көлденең тартқан сопақтау, «жарма тесік» болса, сұңқар, лашын тектес құстардыкі дөңгеленіп суреттелген тік не «шұңқыр тесік» түрінде жолығады. Екінші жағынан, әрбір саят құстарының алатын аңына, жейтін жеміне қарай, олардың шокитын тұмсығы да үлкенді-кішілі болып кездесіп отырады. Қаршыға, сұңқар тұқымдас құстардың тұмсығы түп жағы келтелеу соқталы келіп, имек ұшы недәуір ұзын әрі үшкір, жарғыш болады.

Саят құстарының зор қаруы, әсіресе, олардың алмас тұяқтары. Тегеурінді болат тұяқ көбінесе аңды бұлжытпай ұстап, кенеттен іліп әкетуі үшін жасалған. Тұяқтың атқаратын қызметі осы болған соң оның құрылысы да соған қарай бейімделе біткен.

Саят құстарының тұяқтары мейлінше тегеурінді, мықты әрі жарғыш үшкір желбесін құстарды бүріп қысса, мытқып жіберетін аса қабілетті келеді. Олардың тұяқтары бір ғана аңды бүріп ұстауға арналған соң, көбінесе салалы келіп, саусак сүйектерінің ұшын ала тұрады. Екінші жағынан, саят құстарының тұяғының әлді болуы олардың аяғының кеспелтек берік жаралуына байланысты. Олардың аяғы сердиген ұзын болмай, аңды бүріп қысуға бейімделген өте ықшамды, мықты келеді.

Қыран құстың саусақтары сырт жағынан шодырайып, күс-күс болып тұрады. Оның үшеуі алға қарай бейімделе бітсе, енді біреуі артқа қарай бітеді. Қазақ аңшыларының тілінде, оның алға қарай біткені “жамбасар” деп аталып, артқа қарай біткені “тегеурін” деп аталады. Желбесін құстарға түскенде осы төрт шенгелді айқастырып, аңды сонымен мұқатады.

Қыран құстардың аяғының күдіретті болуы әсіресе олардың бұлшық етінің аса шымыр бітіп, тарамыс сіңірлерінің берік, айқасып жатуында. Бұлшық ет пен тарамыс сіңірлері сүйекпен бірге берік байланыса біткен соң, ол саят құстарының күш алатын үлкен қаруы болып табылады. Тарамыс сіңірлердің қатты күш көрсететін кезі, әсіресе, саят құстарының жемге түсіп, аң алысатын кездері. Тарамыс сіңірлер ондай кезде құстың сан етін созырмай, оның болат тұяғы аңға түсіп, айқасқанда көмек көрсетеді.

Кейде аңғырт жас бүркіттер түлкіге түсіп, қан майданның үстінде жатқанда жырынды саятшылар «құсымның саусағын түлкі шайнап кетпесе еді» болмаса “балақ етін жыртып алмаса еді не қанатын сындырып кетпесе еді” деп қатты қапада болады. Бұл мүшенің үшеуі де саят құстарының жаратылыс ерекшелігін көрсетеді.

Ылғи айналысып, күн өткізетін саят құстарының тарамыс бітісі де басқа хайуандікінен өзгешерек. Бұлардың тарамысы жембасар мен тегеуріннің бауырын ала иректеле бітіп, оның әрбір ирегі жағына шодырая біткен сіңір қыры дәл келіп отырады. Сөйтіп, тұяқты қысып жазғанда тарамыстың ирегіне буындағы сіңір қырының дәл келіп отыруы құстың тегеурініне ерекше күш беріп, оның шенгеліне түскен желбесін құстар темір қысқының арасына түскендей жаншылып отырады.

Желбесін құстарды қысып, бауырына басатын саусақтардың ішкі жағын саятшылар «шенгел не алақан, не табан» дейді. Олардың табаны күс-күс болып біткен, шодыр табан құжыр аяқ келеді. Кіреукелі құжыр кабық тұяқтың түбінен балақ жүнінің шетіне дейін тұтасып жатады. Бірақ саят құстарының бәрінің аяғы құжыр аяқ келеді деп айтуға болмайды, кейбір сұңқар тектес құстардың аяғы жембасардың үстінгі жиегіне дейін жүнмен жабылып тұрады (балақ жүн).

Саят құстарының тұяғы іліп қысуға лайықталған өте үшкір шалымды, үш жағы қармақ тәрізді имек келеді. Орта саусағының тұяғы (жембасар) өзгесінен сәл ұзынырақ, іле түсуге ыңғайлы, үшкір болады. Алған жемді мытқып жаншуға арналған ең мықты тұяғы тегеурін не артқы бармақ тұяғы, ол өзгесінен анағұрлым әлдірек келеді. Бүркіт аңға түскенде осы екі тұяқ бірімен-бірі айқаса кіріп, саятшылар оны жемнен айыра алмай, көп әуреге түседі. Ірі аң алуға бейімделген қарулы түз бүркіттерінің саусағы дембелше бартиған жуан келіп, аңды қусырып әкетуге бейімделген орасан күшті болады. Кейбір тентек бүркіттер ауылдағы итке не балаға түскенде, оны ең мықты деген жігіттердің өзі әзер айырып алатын кездері болған.

Өмірін ылғи аң аулаумен өткізетін саят құстарының өзіне тиісті аңшылық әдістері болады.

Бүркіт, қаршыға, тұйғын құстар аңды кенеттен іле түсіп, жалма-жан тегеуріннің астына салып, болат тұяқтарымен сығымдап жара бастайды. Аңды не желбесін құсты сұрапылша іле түсуге лайықталған, әсіресе, қаршыға, тұйғын тектес құстардың тұяқтары. Олардың саусағы, тұяқ бітісі сұңқар тұқымдас құстардың тұяғынан салалы, ұзын келіп және алмастай қиып түсетін өткір, ұстауға ыңғайлы, іліп түсер келеді. Қаршыға тектес құстардың тұяғы қармақ тәрізді іліп түсер болғандықтан, оларға желбесін құстың ашық жерде, не бұтаның, не камыстың арасында, не ағаштың бұтағында отырғаны қиын болып табылмайды, қырандары керек уағында сыпыртып келіп, құйынша іліп жүре береді. Қаршығамен тектес қырғыйдың өзің алсақ, ол торғайдың санына түссе, оның арбаның шабағына, ат бауырына не қою бұтаның ішіне тығылғанына карамай, көзді ашып-жұмғанша іліп ала жөнеледі. Демек, кенеттен сыпыра ілу – бір ғана

қаршыға мен тұйғын тектес құстардың ерекшелігі. Оларға қарсы сұңқар тұқымдас құстар (лашын, ителгі) ілудің орнына көбінесе басқа түрлі әдіс қолданады. Олардың құшырлана қолданатын әдісі – алатын жемін артқы тұяғымен теуіп мұқату.

Біз жоғарыда саят құстарының тіршілігіне қару болған олардың сыртқы дене құрылысы туралы әңгіме қылдық. Енді олардың ішкі мүшелеріне келсек, ол да саят құстарының өте ұшқыш, кезеген болуымен байланысты аса өзгеше болып біткенін көреміз. Олардың ішкі мүшелерінде көзге ерекше түсетін, әсіресе, тыныс алатын жолдары (өкпе), қан сауыттары, ас қорытатын мүше.

Саят құстарының өкпесі олардың талмай, ентікпей, ұзақ ұшуына қарай бейімделе біткен, аса сыйымды келеді. Ауа жеткілікті жұту үшін олардың өкпесі кеу, обығыр келіп, қалта қуыстары көп болады. Оның үстіне ауа жұтатын өкпе қалталарының кеу, обығыр болғандығы саят құстарының еркінше тыныс алып отыруына да көп жеңілдік келтіреді. Өйткені өкпенің кеу болып тұрғаны демді тез шығаруға әсер етіп, ұзақ ұшқанда денені желпіндіріп отыруға мүмкіндік туғызады.

Ұзақ, биіктеп ұшу үшін саят құстарының жүрегі де өте шымыр, ықшамды болып біткен. Қаршыға, сұңқар тектес құстардың жүрегінен гөрі бүркіттің жүрегі өзінің дене бітісіне қарағанда кішірек, биіктеп сыза ұшуға қарай бейімделген өте ықшамды жұмыр келеді. Биіктеп ұшқанда ауа көп жұтып отырғандықтан, саят құстарының қан бітісі де біраз өзгешерек екені байқалады. Олардың қанында қызыл қан түйірлері тозаң тәрізді өте ұсақ болып, кислородты көбірек жинауға мүмкіндік жасайтыны көрінеді. Бұл жағдай,



әрине, канның денеге дұрыс тарап, құстың еркінше тыныс алып отыруына зор себеп болмақ.

Қан сауыттары тәрізді саят құстарының ас сіңіретін жолдары да өз алдына бір алуан. Олардың жем самқайтын аузы үлкен, көмекейі созылғыш, жұтуға кең, тілі оралымды аузының ішіне толық сыйып, таңдайының өзегіне дәл келіп тұрады. Олардың жаратылыс бітісіне, алып жейтін жеміне қарай, сілекей тудыратын бездері де күшті келеді. Бүркіттің көмекейі кең өңеші созылғыш, етті сүйегімен жұтса да қиындық көрмей, сілекей жеткілікті болған соң өткізе береді.

Қыран құстардың қорек қылатыны көбінесе түз құсы (желбесін) не ұсақ аң. Желбесін құсты көбінесе жембасар мен тегеуріннің айқасуымен ұстайды, өйткені бұл тұяқтар бір ыңғайлы жемді қысып, жемпаздануға лайықтанып біткен. Алған жемді түтіп, жарып талқандауға жұмсайтын қаруы – тұмсығы. Түз құсын ұстап жарғанда, оны екі аяғымен мықтап басып, алдымен жаратын жерінің жүнін түтіп, жалаңаштап, тазартып, содан тұмсықты қызыл жемге салады. Отырған жерінің қауіпті-қауіпсіздігіне қарай, жемді әр түрде жұтады. Егер ол жерде өзі тәрізді қыран құстар жүрсе, одан қатты қызғанып, алған жемін басқа жерге әкетіп талқандайды болмаса сол жердің өзінде отырып, қомағайланып, тез жеп бітіруге тырысады.

Дегенмен саят құстары онша қомағай болмайды. Олар көбінесе жұғымды, жылы, жұмсақ жемді құшына жеп, оны өзінің мезгіл-мезгіліне дұрыс сіңіріп отырады. Сондықтан жемді мезгілінде жеп отырған саят құстары артық ашқарақ болмай, токмейіл келеді. Олардың қомағай болмауына бір себеп бөтегесіне жемді көбірек толтырып алуынан. Бөтегесін жемге лық толтырып алған түз бүркіттері кейде бір айға дейін жем тілемей шыдай береді.

Кез-келген ұшқыш құстар жемді үздіксіз жегенін сүйсе де, олар аштыққа өте шыдамды келіп, бірнеше күн жем сұрамай отыра береді. Аштыққа төзімді келетін, әсіресе, бүркіт заты. Қазақ аңшылары бүркітті ашықтырып көргенде, олардың ішінде бір айдан аса аштыққа шыдағаны болған.

Саят құстарының асқазаны берік, тез қорытқыш келеді. Алған жемін олар сүйегімен не қауырсын жүндерімен жұтса да, асқазаны шымыр, қорытымпаз болған соң, оны еркімен сіңіріп отырады. Бірақ сүйек заттары жақсы қорытылып, құстың бойына сіңсе де, қауырсын жүндер қорытылып болғанмен, құстың бөтегесінде топталып, оны көбінесе аузынан түсіріп отырады.

Саят құстарының жеген жемі алдымен бөтегеге түседі. Бөтеге – өңештің түбін ала біткен мырыш дорба тәрізді жұмыршақ қарын, ол асқа (жемге) толғанда, сыртынан томпайып бөрітіп тұрады. Бөтегенің асқазаннан айырмасы – онда кілегей туғызатын без болмайды, бірақ құс баласын көп ашықтырмай уақытша ас қорын жинау үшін жасалған ерекше бір сауыт. Саят құстары жемге бөтегесін бір толтырып алса, олар келесі жемге дейін мүлтіксіз шыдап отыра береді. Тегінде аш құстардың жеген жемі алдымен асқазанға түсіп, оның қалғаны бөтегеге ауысып отырады. Сондықтан бөтеге саят құстары үшін қосалқы жем сауыты ретінде қызмет атқарады. Демек, саят құстарының ас қорытатын сауыттары екі түрлі бөлшектен құралады: – бірінші фермент шығаратын безді белгілі, екінші – мүскілді белгілі. Ауыр асты (шеміршек, қауырсын, сүйек) қорыту үшін бұл екеуінің қосылып атқаратын қызметі саят құстары үшін аса маңызды. Ондай ауыр асты қорыту үшін тұзды қышқыл мен пепсин деген заттар керек.

Оларды дайындап отыратын бір ғана безді құрсак, бұл жем қорытудың дайындағышы ретінде қызмет атқарады. Сол тұз қышқылы жиналған пепсиннің күшімен асқазанға жиналған жемді қорытып отыру міндетті құрсақты болып табылады. Оның үстіне пепсиннің жұмыртқаның ағы сияқты заттарды қорытса, тұзды қышқыл көбінесе сүйектерді қорытады. Бірақ сүйекті баулудағы саят құстарының бәрі бірдей қорытады деп айтуға болмайды. Бүркіт сияқты алпауыт қабілеттісі болмаса, өзге саят құстары шамалы ғана қорытады. Олардың ішінде сүйекті жұтатындары көбінесе бүркіт, ителгі сияқты қар ұлылары. Қаршыға, сұңқар, лашын сияқты құстар тұзде жем алғанда оның өтін ғана тазартып жеп, ішіне сүйек, қауырсын жібермеуге тырысады. Сондықтан тұзде жүрген саят құстарының бөтегесіне қорытылмайтын заттары өте аз түсіп, олардың қоясы да өте сирек түсіп отырады. Қорытылмайтын заттар көбінесе желке, қауырсын, тұяқ. Сүйектің қажышылы мен шеміршек, сіңір, шандыр заттары да ауыр қорытылатын затқа жатады. Егер мұндай қорытылмайтын заттар саят құстарының бөтегесіне жиналып, кептеліп тұрса, жырынды саятшылар оны тез айырып, кешікпей қояны түсіруге кіріседі (қоян туралы ілгеріде).

Құс баласының тіршілігіне зор қызмет көрсететін олардың қанаты, құйрығы. Халық мәтелінің айтуынша «құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады». Осы мәтел тегін айтылмаған, ол құс тіршілігін бақылаудан шыққан тәжірибенің анықтауы.

Әрбір саят құстарының бір жақ қанатында қырықтан қырық үшке дейін мықты қауырсын бітіп, олардың түбі құстың топшы сүйектеріне, білезік – қар сүйектеріне тұтасып тұрады. Қазақ саятшыларының тәжірибесі бойынша, бір жақ қанатының өзі үш

қатардан құралады: алдыңғы ұзын шалғы, ортадағы тоқ канат, түпкі ірге канат. Құс тіршілігі үшін бұл ең маңыздысы алдыңғы шалғы қанат, ол топшы сүйектен шығады, саны он екіден он төртке дейін. Тұзде өз еркімен жүріп түлеген құстар шалғы қанатын көп уақыт тастамай, алдымен тоқ қанатын шығарып, содан кейін шалғыны түлетіп шығарады. Екінші қатардағы тоқ канат білезік қар сүйектерінен шығады, олардың саны 28-30 шамасында; бірінен-бірі ұзын-қысқа болмаған соң тоққанат деп атайды. Ірге канаттың ұшуға қатынасы өте аз, ол ұшатын қанаттар мен сыртқы жүннің арасын тұтастырып тұратын ұсақ қауырсындар. (қарусындар?)

Қанаттан кейінгі әрбір құстың күш алып, ұшып-қонуына бағыт беріп отыратын – оның құйрығы. Жанды заттың денесінде қызметтен тыс жаралған мүше болмайды ғой, оның ішінде құстардың құйрығының атқаратын қызметі де аз деп айтуға келмейді. Құстар сыпыртып ұшқанда олардың ұшу бағытын тежеп, не керек мезгілінде, кенеттен тоқтатып отыру бір ғана құйрықтың атқаратын ісі. Сондықтан кейбір шапшаң ұшып, кенеттен тоқтап үйренген құстардың (қаршыға, тұйғын) құйрығы да ұзынырақ келеді.

Үшқыр қыран құстардың құйрық шалғысы (қауырсын) 12-14 см-ден кем болмайды. Одан кем болса өте қорғалақ келіп, сыпылдап ұшуға олақ, икемсіз, жеткен жемін тапжылтпай ұстауға шап етер болмайды.

Екінші жағынан, құстардың әрбірінің тегіне, канат, құйрық бітісіне қарай олардың ұшу әдісі де әр алуан келеді. Бүркіт пен қаршығаның, ителгі мен лашынның ұшулары біріне-бірі бүтіндей ұқсамайды. Олардың кейбірі (мәселен, бүркіт) аспанға қанатын еркімен жайып, бірыңғай сыза ұшуды тәуір көрсе, енді біреуі,

мәселен, лашын, жай отындай ағызып, сыпырта ұшуды көбірек қолданады. Үшінші тобы, қаршыға тектес құстар, сыпылдақ келіп, неше алуан төңкеріліп, ұшудың неше түрлі әдісін істейді. Алайда оқтай атып, ағыза не сыпырта ұшуға сұңқар мен лашын тектес құстарға ешқайсысы тең келмейді. Және лашын алатын жемін ұмтыла атқанда оның бұлдыраған қарасы да көрінбей, тек аспанда у-шу болған құстың дауысы мен анда-санда бұлдырап жүрген елесі ғана көрінеді.

Сөйтіп, қыран құстардың көбірек қолданатын ұшуы үш түрлі: қалықтай сыза ұшу, сұрапылдай ағыза не сыпырта ұшу, үшінші сыпылдап, ебелектеп ұшу.

Қалықтай сыза ұшуды көбірек қолданатын әсіресе бүркіт, мұны көбінесе аң қаққанда қолданады. Бірақ жылдамдық, ептілік жағынан бұл ұшудың артықшылығы бар деп айтуға келмейді. Бұл ұшу ашық далада, тау-тасты жерде қоян, түлкі, қасқыр сияқты аңдарды қағып шығаруға жақсы. Бірақ ұшып жүрген желбесін құстарды іле түсуге бұл ұшу жарамайды, оған ұшудың басқа түрлі әдісі керек. Ондай ұшуды саятшылар тілінде «ату», «сорғалау», «сыпырту» дейді.

Сорғалау—көбінесе бүркіттің қолданатын әдісі. Ашық далада аң қағып жүрген бүркіт бір мезгілде аң көрсе, кенеттен қайқан етіп жоғары көтеріліп, биікке шарықтап, шыққан соң қайыра төмен қарай құлдилап төнеді. Міне, аның үстінен осылай төніп, биіктеп төмен қарай құдиюды «сорғалау» деп атайды. Аңшылықпен уақытын көп өткізген Абай бұл суретті былай деп келтірген:

*Қанат құйрық суылдап ысқырады*

*Көктен қыран сорғалап құйылғанда.*

Аңға түспей, аспанда өңкіп жүрген бүркіттер қанатын көп қақпай, оны еркінше жайып жіберіп, тек сызады. Және сыза ұшуға бейімделген бүркіттердің

қанатының ұшуы сүйір болмай, мұқылдау келіп, оны жайғанда шалғы қанаттары біріне-бірі артық жымдаспай, тарамданып тұрады. Бүркіт ұшарда ең алдымен осы шалғы қанаттарын жазып сол арқылы көтеріледі. Биікте ұшып келе жатқанда тұтқиылдан тез ұшуды не тік ұшуды керек қылса, ол кезде қанатын ішіне қарап жиыңқырап, екі топшыны ілгері салып, қомдана ұшуға кіріседі. Қанатын топшысына жиып қомдана (не құдия) ұшу сыза ұшудан көп шапшаң, бірақ аңға қарай төнгенде не басқа қырандармен шайқасуға түскенде болмаса, жайшылықта бұл әдісті онша қолданбайды. Жайшылықта қанатын еркінше жайып тастап, әуеде жүзіп отырғанын қолайлы көреді. Сорғалап ұшу үшін шалғы қанаттардың тым ұзын не жалпақ болуы да артық қолайлы болып табылмайды, өйткені ондай қанат әуеге қарсы бірталай бөгет көрсетіп, икемсіз болып отырады.

Қанаты әрі өрескел ұзын, әрі жалпақ келетін қара құс, көкжелкелер сорғалай ұшуға өте епсіз келеді. Оларға қарсы бүркіттердің қанат, құйрығы анағұрлым ыңғайлы, жинақы, сыптығын, сондықтан ұшуға да икемді келеді.

Құдия сорғалай ұшу саят құстарының көпшілігінде кездеседі. Бірақ солардың қайсысы болмасын бұл әдісті бір ғана аңға түйілген кезде қолданады. Лашын, сұңқар, қаршыға, түйгын тектес құстар алатын жемін көбінесе ашық тұз арада, әуе ішінде ұстайтын болғандықтан, олардың құлшына жұмсайтын әдістері «ату», «сыпырту», «стюю» және бұл құстардың сонша ұшқын, епті, алатын жеміне сұрапылша тиюі, олардың жалпы дене құрылысына байланысты. Өйткені бұлардың дене құрылысы жоғарыда келтіргендей, өте ықшамды, кеуде жағы жұмыр, қанат, құйрық бітісі сыпырық арт жағына



қарай сүзіле біткен садақтың жебесіне ұқсап тұрады. Сондықтан олардың денесі ұршық сияқты үйіріп ұшудың неше алуан түрлерін жасауға келеді. Оның ішінде қаршыға тектес құстар сыпылдап құйын сияқты ұйытқып ұшуды сүйсе, лашын сұңқар тектес құстар сыпыртып ағыза ұшқанын жақсы көреді.

Саят құстары ұшымпаз болумен қатар аса көнбіс, шаршамайтын төзімді келеді. Бабында жүрген құстар бірнеше күн ұдаймен салса да ешбір ұдайы жалығуды білмейді, аң көрінсе, оған ұша береді. Саят құстарының осында қажырлы, шыдамды, мінезін сипатау үшін қазақ саятшылары «қаршыға қыранына күніне алпыс үйрек ілдірген күндеріміз болды» деп отырады.

Қыран құстардың ер, өжет болуының тағы бір сипаты-олар өзінен анағұрлым үлкен аңдардан қаймықпай, солардың өзіне түсіп, ересен қайрат көрсетеді. Қаршыға өзінің бойының кішкенеелігіне қарамай, түлкі, киік, бөкен сияқты аңдарға түсе береді. Лашындар өзінен анағұрлым зор аққау, дуадақ, қаз сияқты құстардың мұқатқаны былай тұрсын, көкжөре, кара-құс, саңқылдақ, субүркіт сияқты құстардың өзіне шауып, солардан тоят алады. Ерлік жағынан лашынға ешбір құсы шақ келмейді. Мықты ақиық бүркіттер даланың көкжал бөрісіне түсіп, оның қанша қайрат көрсеткеніне болмай, алысқан жауын түрлі әдіс қолданумен еріксіз жеңіп алады. Міне, мұның бәрі саят құстарының әрі ер, өжет, әрі есті жануар екенін көрсететін сипаттары.

Саят құстарының сезу мүшелерімен көзге ерекше түсетін, әсіресе, олардың алыстан көргіш қырағылығы. Олардың көзі ересен өткір, ашық және сыртқы қарамы да бірталай аумақты, үлкен келеді. Қыран құстардың көзі адамның көзінен сәл үлкен келеді. Қыран құстарды көз сүйегі тұтасып біткен шымыр, соқталы, кейбірінікі жар

кабак, көзі ұясында шүңірейіп терең жатады. Бүркіт сияқты құстардың көзі адамның көзінен сәл үлкенірек және одан анағұрлым көргіш. Олардың қыядағы көргіштігі адамды таңғалдыратын ерекшелігінің бірі.

Олардың жаратылыс өзгешелігіне, тұрмыспен күресуіне қарай көз бітісі көбінесе жоғары биіктен қарауға лайықтанып құрылған. Олар қарсы алдында өзінен жоғары тұрған зат болса, оған тура қараудың орнына көбінесе басын арқасына қайырып тастап шалқая қарайды не мойнын төңкеріп қырындап қарайды. Мойнын төңкере қылмындап қарау, әсіресе, сұңқар, қаршыға, түйғын тектес құстардың мінезі. Дегенмен саят құстарының қырағылығы тек күндіз ғана, кеш басталғанда олардың көруі тосаңсып, сергек уықтау көзін екі қабағын бірдей жаппай, тек қана төменгі қабағын жауып тұрады.

Саят құстарының көргіш-қырағылығымен қатар және дыбысты тез естігіш, сәл шөп басы қимылдаса, соның өзін өткір сезетін аса нәзік келеді. Егер орман ішінде түнеп отырған қаршығаның қасына байпақ киіп, аса сақтықпен бармақшы болсаң да, ол өте сергек болғандықтан, маңына дарытпайды. Оның құлақ бітісінің өзі де ерекше, сырттан көзге көрінбегенмен, қуысы кең, өте жітік естуге лайықтанып біткен. Бірақ бұларға қарсы иіскеу сезімі өте тосаң, қашан жемді не оның лебін аузына келтіріп, дәмін тілімен айырғанша, оның қандай зат екенін айыра білмейді. Ащы мен тұщыны, жаман иісті тек қана тілімен талғайды. Көп тұрған не дәмі бұзылған ет берсе, оны иіскеп, жиренудің орнына аузымен самқап, борсыған дәмін білген соң тастай береді. Сөйтіп, саят құстары иіскеу сезімін дәм толғауымен айырады не көру сезімімен айырады.

Саят құстарының өте сезгіш, түйсікті болуы олардың ми құрылысына да байланысты. Қыран құстарының ми сауыты кең және әрбірінің бас сүйегіне қарай милары да салмақты, үлкен келеді. Сондықтан саят құстары өзінің ми құрылысына қарай тұз құстарының ішіндегі естілерінен саналады. Мәселен, бүркіттер өзінен үлкен аңдарға (қасқыр, түлкі) түскенде ол өзінің жаратылысымен сінесті шартты рефлексты қолданумен қатар көбінесе ой тетігіне жұмсап, мықты жауды жеңу үшін көп әдістер қолданады.

Саят құстарында түсінетін сезімінің барлығы олардың қолға үйреніп, адамның ықпалына көніп, аңшылық кәсібіне қызмет атқаруының өзінен де айқын көрінеді. Олар бір үйреніп алған соң құсбегінің айтқанының барлығын түсінеді. Шақырса келеді, аңды иесімен бірге жүріп қағады, әсіресе, бүркіт. Бұлар неге үйретсе, соны жақсы әдет қылып алатын өте сергек заттар. Лашынды не сұңқар тұқымдас құстарды қазға салып, көз жауып қалғанда оны жіберген жерінен күтіп үйретсе, ол жеріне бір соқпай кетпейді.

Екінші жағынан, қыран құстар, оның ішінде бүркіт, өзінің үйренген ауылын, иесін, жерін, тау-тасын жақсы біледі. Оларды басқа жердегі аңшыларға сыйға тартқанда ол жерде тұрақтамай, бұрынғы үйренген ауылына қайтқандары көп кездеседі. Онымен қатар күтімі жоқ құстардың аңға салып жүргенде сырдаңдық білдіріп, иесінің шақырғанына келмей, еркіне ұшып кеткендері де аз емес. Міне мұның бәрі қыран құстардың сезімтал, есті жануар екенін көрсететін белгілер.

Қолға жақсы үйреткен саят құстары өте жайдары, құбылғыш, неше алуан мінезге түсіп тұратын ойнақы келеді. Бұл әсіресе сұңқар, лашын, қаршыға, түйғын сияқты құстардың мінезі. Түзде өз еркімен жүргенде

бұлар жұбайымен мереке құрып, масайрап, бірін-бірі қуып, кейде өздерінен бөтен құс кездесіп қалса, оларды қудалап тастап отырады. Атақты құсбегі жалайыр Шора (XVIII ғ.) қыран құстардың бұл мерекесін бұзбаймын деп, жаз шыға олардың еркегі мен ұябасарын үлкен қапастың ішіне бос жіберіп ұстаған. Кейде оларды таудың ішіне бос жіберіп жұмыртқалатып, жемді өзі жеткізіп тұрған. Иесіне үйренген құс тұз құсындай сескеніп, жұмыртқасын қызғанбайды, қайта жем іздеген кезінде таудың ішін жаңғыртып шу көтеріп, құсбегінің тез жем әкелуін күтеді. Саят құстарының дауысы алысқа естілетін ашық, оларды дұрыс баулып, дұрыс үйретсе, орман, тау ішінде айырылып қалғанда дауысынан барып тауып алуға болады.

Саят құстарына ортақ нәрсенің бірі – олардың сыртқы жамылғышы басқа құстың жүнінен өзгеше болуында. Олардың мүйізді шыны тұмсығы мен құс аяғы болмаса, өзге денесінің барлығы мамық жүнмен және сатырлаған қауырсынмен жабылып, неше алуан тарлан түспен тұнжырап тұрады.

Қыран құстардың көбінің түсі көмескі, бұлыңғыр келіп, көбінесе тау-тастың, жер-судың, тоғай-орманның түсіне ұқсас болып тұрады. Басқа құстар сияқты оларда бажырайып тұрған шымқай түстер болмайды. Олардың тіршілігі бірыңғай желбесінмен күнелту болғандықтан, шақырая, сыртқы түсі де көзге шақыра түспестей жаратылыста бұлыңғыр болып жасалған. Онымен қатар саят құстарында бірыңғай түс кездеспейді, олардың ішінде қоңыр, кара қоңыр, қара кер, құбақан түстер басым болғанымен, оны бір түс деп айтуға болмайды, көбінесе кара тарлан, қызыл тарлан, кер тарлан, сары тарлан, қоңыр тарлан болып отырады.

Саят құстарының қоңырлау, келетіні көбінесе сыртқы арқа жүндері, өзге жерлері тегіс қылаңытып, не теңбіл, не шымқай шұбар болып кездеседі. Қылаңының көп болатын жері әсіресе бауыр жүні қанатының асты, құйрығының түбі саңғыру жүні, балақ жүні.

Саят құстарының қылан түсі олардың кәрі-жасына, еркек-ұрғашысына қарай өзгерінкі келеді. Жас құстардың қылаңы көп болып, бурыл тартып тұрса, кәрілерінің қылаңы аз, қоңыры басым келеді. Оның үстіне жас құстардың бауырындағы теңбілі бөтегеден төмен қарай ұзыннан тартылса, кәрілерінікі көлденееннен тұрады. Сөйтіп құстардың кәрі-жасын айыру үшін олардың түс өзгеруі саятшыларға негізгі дерек болып табылады.

Тегінде түс өзгеруі – саят құстарының тіршілігіндегі ең көрнекті өзгешелігінің бірі. Кейде бір тектің өз ішінде неше алуан түс кездесуі таңғаларлық іс емес. Қаршығамен тектес тұйғынды алсақ, олардың шымқай ағы, көгілдірігі, қоңырлауы кездесіп отырады; оларды қазақ саятшылары ақ тұйғын (не мырза тұйғын), кірше тұйғын, құл тұйғын деп атайды. Бір тектінің ішіне әртүрлі түс сұңқар, бидайық ортасында да бар, мәселен, ақ сұңқар, көк сұңқар, қызыл сұңқар, қоңыр сұңқар.

Саят құстарының түсінің өзгеріп отыруы ауа райы, жер ландшафтына байланысты сияқты. Өйткені ақ сұңқар мен тұйғындар көбінесе Сібірдің орманы мен шөлейт жақтағы суық өлкені мекендесе, олардың бұлыңғыр түсі (қызыл, қоңыр) оңтүстік өлкеде көбірек кездеседі. Екінші жағынан, солтүстік өлкені мекендейтін саят құстары әрі үлкен, әрі қабілетті келсе, оңтүстік өлкеде жолығатын сол текті құстар одан бірталай кішірек екені байқалады.

Құстардың тіршілігіндегі көзге ерекше түсетін ерекшелігінің бірі – олардың түлеуі ылғи аң аулап,

тояп алатын қыран құстар үшін түлеу өте қолайсыз іс. Олар өз еркінде жүргенде қанаптарын түгелімен тастап, ұшуға шалғай болып қалуда өте қауіпті көреді. Сондықтан қыран құстар ұзын қанатын тастағанда екі жағынан шағындап тастап, ол шығып жетілгенше өзге қанатын тастағысы келмейді. Түлеген қанаты жанадан шығып, жетілген кезде ғана ескі қанатын тастап кетеді. Кейбір саят құстары ұя басар кезінде еркегі мен ұрғашысы кезектесіп түлейді. Түзде жүрген қыран құстарының түлеуі осы сияқты ұзақ ұшумен байланысты болғандықтан, бүркіттер қыс түскенше түлеп үлгере алмайды да, сондықтан олардың қанаты, жүні ылғи бұдан болып жүреді. Жаз бойы түлеп, күзге дейін жана жүнін жетілдіріп үлгеретін лашын, сұңқар, тұйғын, қаршығалар. Бұлар ұядан балапанын шығарар кезде түлей бастап, содан қыркүйек айының басына дейін түлеп жатады.

Саят құстарының қайсысы болсын жыл сайын түлеп және олардың түлеуі әр жылы жаздың ортасында басталып, күзге қарсы жана тонын киіп үлгереді. Бірінші түлекке отырған былтырғы балапан құстардың түлеуі өзге құстың түлеуінен ұзағырақ болады; олар жаз шыға, наурыз, сәуір айынан бастап түлей бастаса, сентябрьге дейін жетіліп үлгереді.

Саят құстары жаратылыс тарихында сирек жолығатын затқа жатады, сондықтан олардың өсіп-өну тарихы да ең қызықты мәселенің бірі болуға тиісті.

Басқа жәндіктер тәрізді саят құстарының да өсіп-өніп көбейетін кезі көктем-жаз айлары. Бұл кезде жаратылыс таңдауы бойынша олардың еркегі мен ұрғашысы жанадан қосылып, жұбай-жұбайымен жүреді. Олардың қынаменде құрып жолығатын кезі жұмыртқалар кезінің алды. Бүркіттен өзге құстардың жұмыртқалайтын кезі



көбінесе апрель айының басы. Бүркіт балапандарының өсіп ержетуіне өте ұзақ уақыт керек болғандықтан, олар өзге саят құстарынан бір ай, бір жарым ай, кейде екі ай шамасындай бұрынырақ жұмыртқалайды. Ұя салып, жұмыртқалар кезінің алдында саят құстарының еркегі мен ұрғашысы қосылып, аспанда ойнақ салып, жұбайлы болғандарын қызықтап, қынаменде жасайды. олар ұя салған жерінің үстінен зымырап биікке атып, зуылдап төмен түсіп, қайыра жоғары шарықтап, бірін-бірі қуып, шу көтеріп, мээ-мейрам болады. Олардың еркектері жұбайының алдында мақтану үшін ұшудың неше алуан әдемі, қиын түрлерін көрсетеді. Зуылдап жоғары атып, сорғалап төмен ағып, ұйытқып аударыла ұшып, неше түрлі қырға түседі.

Қыран құстардың ұрғашысы ұя басуға отырған кездің өзінде де оның арландары ұялау ойының бірталай уақытқа дейін қойғысы келмейді. Түздегі қыран құстардың ұялайтын жері сыпсың орманның іші, құз жартас, өзен жағасындағы қия-сенгірлер, шөлді жердегі сексеуіл, жыңғылдың іші, күм-белеңдердің дүлей орғасы, Қыран құстар бір ұялаған жеріне жыл сайын келіп, ескі ұясын жанартып жұмыртқалайды. Олардың мекен қылған жерінде кемінде екі-үш ұядан кем болмайды, оларды жыл сайын кезек жанартып, кезегімен ұялап болдырады. Жұбайымен жүрген құстар ұя салып, мекен еткен жерін қай кезде болсын иесіз қалдырмайды, әр уақыт күзетіп, қорғап жүреді. Басқа құстың ол жерге ұшып барғанын аса жақтырмайды, көбінесе жолатпай қуып жібереді. Егер өзі тектес заттан біреуі тұтқиылдан көрініп қалса, ұя басқан жерін одан да қызғанып, қатты қиян-кескі төбелеске түседі, өзінен қарулырақ басқа бір зат баса-көктеп келіп, озбырлық істемекші болса, онымен қан майданға шығып, соғыс ашады.

Тегінде әрбір қыран құстар өзіне қауіп келмейтін аны көп жерді мекендеп, сонда ұялауды сүйеді. Оның үстіне еркегі мен жұбайы тізе қосып жүргенде олар басқа құстан қорықпайды және желбесін құстардан тоят алып жүрген басқа қырандар бұларға тимейді, тиюге бата алмайды.

Қыран құстардың ұя басатыны ұрғашысы, казак саятшылары оны «ұя-басар» дейді. Бұл соңғы ұя басып отырғанда оның еркегі оған жем тасумен әлек болады.

Ұябасардың жаратылыс жүзіндегі міндеті балапан шығарып, оны өсіріп-өндіру болғандықтан, оның сыртқы бітісі еркек зайыбынан үлкен қабілетті, қарулы келеді.

Қазак саятшыларының бақылауынша, ұябасары еркегінен үлкен үздік болуы әсіресе қаршыға тұқымдас құстарда жиі кездеседі. Жалпы, құс баласының жаратылыс ерекшелігі бойынша бір ұя жұмыртқа анасының бауырына сыйып, оның бауырында бәрі бірдей шайқалып шығу үшін әрине, ұябасардың денесі кең, жүндері тығыз, шудалы, кенеттен келіп қалған жау болса, оның бетін қайтару үшін өжет, шақар болуы керек. Бұған қарсы ұя баспайтын еркектерінің денесі шағын, көзге қораш келеді. Бұл, әсіресе, қаршыға мен бүркіт затынан ашығырақ көрінеді. Қазак саятшыларының «шәуілі» деп атақ беретін құстарының бір түрі олардың осы заттары.

Қыран құстар жылына бір-ақ рет жұмыртқалайды және әрбір құстың үлкен-кішілігіне олардың жұмыртқасының саны да әртүрлі келеді. Олардың ең үлкені – бүркіт, бір-екіден артық жұмыртқа салмайды; ителгі, лашын, қаршыға, тұйғын сияқтылары төрт-беске келтірсе, жағалтай, тұрымтай тәрізді кішілері бес-жетіге дейін табады. Бірақ жұмыртқаны аз, көп табу саят құстарының күйіне, жеміне байланысты.

Құстардың тіршілігін саятшы мен ғалымдардың бақылауына саят құстары бір жарым, екі күн ішінде бір жұмыртқадан артық келтірмейтіні байқалады. Егер қаршыға төрт жұмыртқа салатын болса, оны 7-8 күн ішінде ғана шығарып үлгереді. Саят құстарының сапасын, ерлік қасиетін айыру үшін бұл өте қызық жағы. Саят құстарының жұмыртқалауы осы тәрізді үзілді-кесілді болғандықтан, олардың жұмыртқасының шайқалып жетілуі де бірдей емес. Өйткені олардың бірі ерте (марка), бірі кеш (көне) шайқалып отырған соң, олар балапан болған кезде де ерте шыққаны есейіп, соң туғаны жетіле алмай көкше болып қала береді. Соң шыққан балапан марка балапандардай ширақ, қутын болмай, шалағай, кербала болған соң оның аузы жейтін жемнен де қағажу болып, өспей, ержетуіне керек азықты бойына толық жинай алмай, талдырмаш болып өседі. Қазақ саятшыларына белгілі шәуілді құстардың барлығы осы кенже туып, талдырмаш өскен балапандарының есейіп ержеткендері. Бұл шәуілді құстардың ішінен қырандары өте аз шығады, олар ұсақ құстар болмаса, қаз, дуадақ, үйректің үлкендерін алуға жарамайды.

Қыран құстардың жұмыртқасының түсі олардың тегіне қарай не ақ, не көгілдір, не жасыл, не шұбарлау болып кездеседі. Олардың қабығы қалың әрі күйген қорғасындай салмақты келеді.

Басқа құс затынан гөрі қыран құстардың жұмыртқа басып, балапан шығаруы ұзғырақ. Ұя басып, балапан басып шығару мерзімі әрбір қыран құстарының үлкен-кішілігіне қарай әртүрлі. Құс неғұрлым кіші болса, сол ғұрлым өзгесінен бұрынғырақ шығарады. Жағалтай, тұрымтай сияқты құстар балапанын бір айға жеткізбей жарып шығарса, лашын бір ай шамасында, қаршыға бір айдан сәл артығырақ, бүркіттер бір жарым ай мөлшерінде балапанын шығарып үлгереді.

Қыран құстардың тіршілігіндегі бір ерекшелігі, олардың жалпы өсуіне қарай жүні тез өсіп, жетіле қоймайды, жүндерінің арасы селдіреп, бірнеше күн қызылшақа болып жүреді. Тек бірер жұма өткен соң ғана жүні-ақ үлпектеніп, тығыздала бастайды. Бұл кезде жұмыртқадан шыққандағын сары қыпшық «қарын жүнін» тастап, балапан жүнін бірте-бірте түрлендіріп, бір ай шамасында жүні жетіліп болады; ол кезде канат-қауырсындардың да сілемі көрініп, келешектегі қыран құстың мөлдіреген сұлу пішіні суреттеле береді. Түпкі қою жүндері неғұрлым жетіліп шыққан сайын оның ақ үрпек жүндері сыртқа қарай тықсырылып, бірте-бірте түсіп тұрады. Бірақ бұл ақ үрпек жүннің түбін ала шыққан көкше балапан жүні өзгеріп, оның орнын есейген кезінде шыққан сатырлаған әдемі жүндер басады. Бұл кезде балапан өзіне керек киімін толық киініп, канат, құйрықтары толық шығып, енді ұшуға талпына бастайды.

Жалпы айтқанда, қаршыға, тұйғын, лашын, сұңқар тектес құстардың балапан жүні, құйрығы, канаты бір жарым, екі ай шамасында жетіліп шықса, бүркіт сияқты үлкендерінікі үш ай төңірегінде үлгеріп болады.

Саят құстарының балапандары жұмыртқадан жарылып шыққан күндері өте баяу, ұйысып-ұйықтаудан басқаны білмейді, бірақ бір жұма өткен соң олар ширап, құлдыран қағып, шынқылықтай бастайды. Кейін көк канат болысымен, олар шықылықтап ойнақ салып, ұясынан шығып бұтжеңдеп, канат қағып ұшуға талпынады; үлкендері әкелген бітеу жемді енді олардың әрқайсысы өз тұмсығымен талқандап, өз бетімен жеуге үйрене бастайды және жеген жемінің тек қана етін таңдап, сүйегін тастап отыруды әдеттенеді.

Балапандары есейіп, қанатты болған соң үлкендері ұяда бұрынғыдай ұзақ отырмайды, көбінесе аң аулап, жем тасумен болады. Тек күннің ыстық кезінде ғана олардың қасында болып, балапандарды аңсап, күннің көзінде қалмау үшін оларға көленке жасап, анда-санда қанатымен жел соқтырып отырады.

Қыран құстардың балапандары әбден кемеліне келіп қанаты қатқан соң, олар ұясының маңында асыр салуды көбейтіп, бірте-бірте арқан бойы жерге ұшып барып келуді үйренеді.

Кейін одан гөрі де қашығырақ жерге ұшып баруды әдеттенеді, бірақ ұясынан алыстап кетпейді, бірталайға дейін үлкендерінің әкелген жемін жеп, кешке жақын ұйысып бірге болғандарын ұнатады.

Кейін ұшуға жақсы бауланып, көз көрім жерге ұшып барып қайтуды үйренген соң, балапандар енді ұяда қапаланып отырғаннан гөрі, әрқайсысы қия тастың шыңында не орман ағаштын жоғарғы бұтағында жеке-жеке отырып түнектеуді әдеттенеді. Бірақ әлі де болса ұясының маңын сағалап, бірінен-бірі қара жазбай, көп үлкендерінің тапқан жемін бірге жеп жүреді. Тек шілде айының жартысынан былай қарай қыран құстың балапандары ұясының төңірегінен бірте-бірте алыстап, ұзақ жерге ұшып барып қайтуды әдеттенеді.

Кейін әбден есейіп, үлкендерінен бірталай баулу тәжірибесін алған соң, олардың әрқайсысы өз бетінше аң аулап жеуге жарайды. Содан былай олар ұяласы мен үлкендерінен бөлініп, енді қай жердің аңы көп болса, сол жерді көбірек сағалап, өз бетінше тіршілік жасау жолына түседі.

Алайда олардың әрқайсысы жұбайы болғанша мекен еткен жерінен бөтен жаққа ауып кетпейді, ұялаған жеріне ойсынып қайтып отырады.

Тегінде қыран құстар жыл құсы сияқты көшпелі емес, көбінесе отырықшы, бір үйренген жерін көбірек сағалайды.

Олар әдемі өзінің ұялаған жерін тұрақты мекен етіп, тек аң аулау үшін ғана басқа аудандарға ұшып барып, оралып келеді.

Олар өсіп-көбейген күнде де бұрынғы ұялаған жерінен ауып, басқа елге өлкеге кетпейді, көзіне таныс болған және тау-тасты, орманы, тоғайы ұйқас келген көрші аудандарды қоныстап жүре береді. Бірақ қыран құстардың күнелтуі, аң аулау бәсекесінен туған бір өзгешелік, олар ұя басатын кезінен өзге, уақытша әр қайсысы бірімен-бірі кездеспей, алыстан қара көрсетіп жүргенін тәуір көреді.

Жұбайлы қыран құстар ұялаған жерінің маңайын қыс бойы қыстап, алысқа ұшып бармаса да бір қосылып жүргені сирек кездеседі. Дегенмен алып жейтін жемі үшін арасында қайшылығы көп өзге құстар сияқты бұлар бірін-бірі қудалап, бәсекеге түспейді, ұялайтын кезіне дейін әрқайсысы өз бетінше аң аулап жеп, жазғытұрым жаңадан қосылып тұрады.

Бұдан көрінетін мысал, саят құстарының еркегі мен ұрғашысы бір қосылғаннан кейін жіктерін ашпай, көбінесе ұялаған жерін төңіректен жүреді.

Қысқа қарсы олардың бөлектеніп жүруі қыстың күні аңның тапшы кездесуінен, бірақ мұнда да олар көрші жерде жүреді.

Қыс өтіп, жаз шыққан соң олар ұясының төңірегіне жаңадан жиналып, жаңадан қынаменде құрып, ұрпақ көбейту міндетін атқару жұмысына кіріседі.



## Саят құстарының түрлері

### Бүркіт. (*Aquila chrysaetos*)

Саят құстарының ішіндегі ең ірісі, қарулы мықтысы – бүркіт. Ұшымпаз қырағылығына, қажыр-қайратына қарай бұған тең түсетін тұз қыраны болмайды. Бұл бір аң аулап, аңшыны кәнігі қылу үшін жаралған тұз қырандарының ішіндегі құдіретті алпауыты, қорықпайтын өжет. Сыртқы бітім жағынан бүркіт өзімен тектес көкжөре, саңкылдақ, қанкерден, тау ішін, теңіз жағасын мекендейтін ірі, жыртқыш құстармен салыстыруға болады.

Бүркіт дене құрылысы жағынан бәрі бірдей болмайды, олар өзара бірінен-бірі не үлкен, не кіші (шәулі) болып отырады. Қазақ саятшыларының қолданған, тәжірибесі бойынша, әрбір бүркіттің үлкендігі оның құйрығының ұзын, денесінің көлбеген сопақ болуынан айырылмай, омырауы кең, топшылы, жуантық бүркіттер анағұрлым қарулы, анағұрлым күшті болатыны байқалады. Оның үстіне адамның дене салмағы оның ұзындығына дөп келіп отырған сияқты. Бүркіттің де ұзыны мен салмағы бір-біріне дәл шығып отырады. Мәселен, оның ұзындығы он тұтам болса, жуандығы да он тұтам болады. Сондықтан бүркіттің үлкен-кішілігін айырғанда саятшылар оның денесінің ұзындығын өлшеумен қатар жуандығын да өлшейді. Ол үшін бүркіттің кеуде, иық, топшы сүйектерінің ең жуан жерлеріне тоспа салып, екі ұшын тигізіп, содан алған ұзындықты тұтамға салып айырады. Ол өлшеу бойынша бүркіттің ең үлкені 11-12 тұтам, орташасы 9-10 тұтам, шәулісі 7-8 тұтам болып анықталады. Қазақ саятшыларының бұл әдісі бүркіттің күшін, оның аңшылық маңызын айыру үшін өте тап басар, дұрыс анықтау екенін көреміз.



Бүркітші бейнеленген мүсін. Ә. Марғұлан архиві.

Алайда қазақ аңшылары қолданған өлшеумен қатар саят құстарының маңызын айыру үшін ғылым жүзінде қолданатын өлшемді де пайдаланған қайта анығырақ болады.

Ғылым әдісімен өлшеудің саятшылар өлшеуінен айырмасы мынада. Қыран құстардың тек қана кеудесін өлшеп қоймай, олардың қанат құйрығының ұзындығын, баутағарын, тұмсығын өлшеп, саят құстарының жалпы дене құрылысы, маңызы туралы толық баға беріледі. Мұның бәрі, әрине, тұтаммен өлшенбей, жалпы ғылым жүзінде қолданылған ереже бойынша метрлік өлшеумен анықталады.

Осы анықтау бойынша қарулы үлкен бүркіттердің қанатының ұзындығы (топшының басынан қанатының ұшына дейін) 550-750-мм ден кем болмайды, екі қанатын жазғанда арасы 1,5 метр шамасындай далаңытып тұрады.

Бүркіттердің қанатының ұзын болуы олардың ірілігін көрсетсе де, онымен бүркіттің күші, маңызы толық айырыла қоймайды, бұл соңғы мәселені шешу үшін әсіресе қазақ саятшыларға көңіл бөлген қыран құстың дене құрылысын, кеуде топшы сүйектерін еске алмай болмайды.

Қарулы қыран бүркіттердің денесі әрқашан соқталы, омырауы кең, топшы-нық сүйектері шығыңқы, мейлінше әлді, жауырыны, арқа үсті жазық, қайқан, өзге құстан құдіреттілігі көзге ерекше түсіп тұрады. Мықты қыран бүркіттер болса, олардың құйымшақ сүйегі дембелше қысқа келіп, бабы көп шалағай бүркіттердікі иміген ұзын, ұшуға икемсіз, солбақ келеді. Олардың жаратылыстағы бір ерекшелігі қарулы қыран бүркіттердің басы үлкен, көзі шүңгіл, жарқабақ көз алды самқау үсті кең, езуі жазық, самқау қағанда аузы жебі жеңді бір үлкен жануардың аузынан кем көрінбейді.

Қыран бүркіттердің тұмсығында бітеу біткен әлді, кейкі тұмсық, мұрнының имегі ішіне қарай түсіпкі кешкіл, танауының тесігі кеңсірігіне көсе-көлденең үңіріне біткен кең, ысқырғанда, саңқылдағанда дауысын әдемі, ашық шығарып тұрады.

Қазақ саятшыларының тәжірибесі бойынша, бүркіттердің тұмсығының ұшы мұқылдау қара, өзі тым қалың қарақұстың тұмсығы сияқты арбиған үлкен, доғалдау болса ол қыран затына жатпайды, саятшылар ондай құсты “бабы көп күйшіл болады” деп артық ұната қоймайды. Оның үстіне, тұмсығының ұшы әрі қара болып кездесе, ол күй таңдайтын кәрі бүркіттің белгісін көрсетеді. Баршын тартпаған жас бүркіттердің тұмсығы шыны тәрізді көгілдір, өзі қағылшаң жұқарақ келіп, қылшылдаған ішіне қарай имегі сүйірленіп тұрады.

Қазақ құсбегілері бүркітті бірінші рет көргенде ең алдымен оның осы аузына қарай сын береді. Бет-аузы бүрісіп езуі жазық болмай, түріпкі келсе, ондай құсты саятшылар жаратпай, «аңшыл болмайды» деп өзіне «бас-күйі» деп атақ береді. «Бас-күйі» тегінде бүркіттердің ішіндегі тоғышары (*Aquila nipalensis* Hodson); олардың аң аулап, пайда келтіргені былай тұрсын, бабын тауып асыраудың өзі саятшыға үлкен масыл болып шығады. «Бас-күйі» деп атақ берудің өзі де олардың сонша күйшіл, аңға шалғай, тоғышар болуынан шыққан.

Бұларға қарсы қарулы қыран, бүркіттердің бет-алаптары түксінген айбарлы, қара қыпшақ, жар қабақ, аяқ саусақтары бартиған жуан, тұяғы шалымды ұзын, табаны шорланып біткен қалың, құс табан, жембасары мейлінше қарулы, ұстаған аңның жау жаламда қусырып әкететін аса қаблетті келеді. Олардың жембасары қашанда болсын тегеурініне сай келіп, көбінесе іле

түсіп, тез жаруға арналған әрі үшкір, әрі шалымды, ол екеуінің арасына түскен аңды жарып сығымдамай, бүркіттің еш уақытта көңілі көншімейді. Барлық қыран құстың ішінде бүркіттің тегеурініндей күшті тегеурін оның тұяғындай күшті тұяқ ешбір құста болуы мүмкін емес. Оның бұлшық еті, тарамасы, тарбиған жуан аяқтары бір ғана дала аңымен алысып, олардың тоят алу үшін жаралған. Сондықтан бүркіт қандай аң (қасқыр, сілеусін, түлкі) болса да ешбір жасқануды білмей, олардың өзіне де түсіп, қан майданның үстінде жеңуден басқаны ойламайды. Олардың денесі кесек, тұяқ саусақтары көктемірдей қарулы болғандықтан, бүркіт кейде ірі аңның өзіне түсуден бой тартпай ерлік көрсететін тұз қыранының ішіндегі алпауыт өжеті, ержүрек батыры. Ол өз бетімен жүргенде жемін көбінесе таңдап жеп, тек қартайған кезінде ғана ұсақ аңдарға ауысады. Қазақ саятшыларының «кәрі бүркіт тышқаншыл» дейтін тақпақ сөзі олардың өмірін көп зерттеуден туған, соның шындық белгісі. Бірақ кейде бүркіт кәрі-жасына қарамай-ақ, аңның аз, жұтаған жылдары көбінесе жұмран (сары шұнақ), суыр, май тышқанды қорек етіп, ылғи ін-іннің басын аңдып жүретіні де аз көрінбейді.

Қазірде қыран бүркіттердің алып жейтін жемі – түлкі, киік, қара-құйрық, бөкен, қоян, тағы әртүрлі ін кезетін аңдар. Қырда жүрген ірі құстарды да ұшып көтерілгенше үстінен сұрғылап келіп бас салады. Құстардан көбірек алып жейтіні – қарабай, көкқұтан, тырна, дуадақ, сары-үкі, тағы әртүрлі қара құстар, Алатау мен Бетпақ дала төңірегін мекендейтін бүркіттердің қыраны түлкі мен киікке түсуден басқа, қасқырға да түсіп, одан да тоят алатыны байқалады.

Бүркіттердің денесі кесек, соқталы үлкен құс болса да, олардың қанат бітісі өте оңтайлы, қозғалып, талмай ұзақ ұшуға арналған қарулы оның үстіне аңның үстінен сорғалып төнген кезде өте епті келеді. Саят құстарының ішіне бүркіт көбінесе ірі аң алуға арналған жануар болғандықтан, оның қауырсындарының қатты, жауын болып, өзге саят құстарының жіңішке, киік сүйектері болғанын саятшылар артық көреді. Қарулы қыран бүркіттердің күш алатын бір жақ қанаты 40-45-тен кем болмайды, оны саятшылар тілінде «шалғы», «тоқ қанат», «ірге қанат» деп үш қатарға бөледі. “Шалғы” деп шет жағын ала тұрған 12-14 қауырсынды ұзын қанаттарды айтса, оған таяу тұрған 28-30 қауырсынды қатары “тоқ қанат” болып табылады. Бұл екеуінің сыртын ала, топшы-қар сүйектеріне астаса тұрған ұсағырақ қауырсындар қатарын «ірге қанат» дейді.

Ірге қанаттың ұшуға келтіретін қолғабысы аз, дегенмен ол бір жағынан құстардың сыртқы жамылғысы ретінде қызмет атқарса, екінші жағынан, құстар түлеген кезінде бірталай көмекші болады.

Барлық құстар тәрізді бүркіт те қанатымен ұшып, құйрығымен қонып әрекет жасайды, құйрығы оған руль ретінде қызмет атқарады. Және қай жерде болсын олардың құйрығы ұзын болуы олардың соқталы денесін ұшқанда ыңғайлы етіп, тежеп отыру үшін жасалған аса қолайлы құралдың бірі. Бұл, әсіресе, олардың ұшу сапасын арттыру үшін керек ерекшелігіне жатады. Бүркіттердің құйрығының ұзын болғаны оларға зор тиянақ болып, биікте жүргенде неше алуан құбылып ұшуына болады. Кейде аспаннан төмен қарай сорғалап келе жатқан бүркіттердің кенеттен тоқтап, қайқаң етіп жоғары көтерілуі-бір ғана құйрығының тетігіне байланысты.



Бүркіттің өмірін көп бақылаған құс беги саятшылардың анықтауынша бүркіттің еркегі-ұрғашысын олардың құйрық бітісінен айыруға болады. Өйткені ұябасар (ұрғашысы) бүркіттердің құйрығының ұшы кесіп алғандай бір тегіс болса, еркегінің орталығы бес құйрығы шеткі құйрықтарынан ұзарып шығып тұрады.

Қыран бүркіттің бір ерекшелігі — олар тұғыр үстінде отырғанда бар құйрығын жайып, бір орта құйрығының астына салып отырады. Бүркіттің бұлай отыруына қазақ саятшылары өте мән беріп, жаңа ұстаған құсқа сын бергенде: «бүркіттің бір құйрық па, топ құйрық па?» дейді құсбегілер.

Жас қыран бүркіттер қыстың үскірік аязында тонбайтын өте жүндес келеді; олардың сыртқы жүні сатырлаған ірі, жаңбыр, жел, суық өтпейтін тығыз болса, бауыр-балақ жүндері де шудалы әрі тығыз, оның қалың шудасы тұғырға отырғанда тұғырды жауып, қолға қондырғанда балақ жүні биялай мен жеңді жауып тұрады.

Түс реңк жағынан бүркіттер сары, қара болып негізгі екі түстен тарайды, осы екі түстің әртүрлі өзгеруінен олар әлденеше түске ауысып отырады. Саятшылар тілінде оларды «қара тарлан», «қызыл тарлан», «сары тарлан» деп әртүрлі атақпен құбылтып айта береді. Қызыл тарланның басы, маңдайы, көз алды қарақылшық қоңыраулы келсе, желке-мойын, иық шудалары алтын тәрізді күренітіп тұрады. Оған қарсы қара тарланның бауыры мен балақ жүндері қылаңытқан қоңыр шұбар қанат құйрығының үсті қара қоңыр, қылаң түсінен қоңыр түсі басым келеді.

Жалпы айтқанда, бүркіттердің үсті кәрі-жасына қарай өте өзгеріп келеді. Жас бүркіттердің шудасында

қылаңы басым, балақ бауыр жүндері тегісі мен ақтаңлақ мамық жүнге малынып тұрғандықтан, олар қанатын жайып ұшқанда бауыры алыстан ақтаңлақ шұбар болып көрінеді. Олардың сыртқы түсі де кәрі бүркіттікіндей бірыңғай жазғыр қара болмай, көбінесе бурылдау келіп, қоңыр түстерін қылаңып теңбілдері жауып тұрады. Қазақ саятшыларының, «ақ құс», «сары құс» дейтіндері көбінесе жас бүркіттер. «Ақ құс» деп айтатын бүркіттердің бұл атқа ие болуы олардың жүнінің түбі ақ мамық болып келіп, балақ ғауыт жүндерінің тегіс ақтаңлық болып тұруынан. «Сары құстың» да жүнінің түбі осы тәрізді қылаң келеді. Бұларға қарсы сақа бүркіттердің жүнінің, қанат құйрығының түбіндегі ақ мамығы аз, үсті жағы не бірінғай қоңыр, не қара қоңыр келіп, содан әрбір түлеген сайын түстің қылаңдары мүлде азайып, шымқай қара түске ауысқан кезін саятшылар «баршын» дейді, мәнісі “кәрі бүркіт” дегенді аңдатады.

Тегінде бүркіттердің түсінің өзгеруі бес түлекке дейін, одан әрі олар бір бір түске ауысып, олардың кәрі-жасын айыру қиындай береді.

Бес түлекке дейін бүркіттердің кәрі-жасын, оның құйрық жүнінен айқын айыруға болады. Бұл кезде жас бүркіттердің құйрығының ұшы бір жарым екі елідей қоңыр түске суреттеліп, одан былайғы жері түбіне дейін шымқай аппақ болып тұрады. Кәрі бүркіттердің құйрығында ондай қылаң түстер болмайды, олардың жас күндеріндегі ақтаңлағы бүтіндей өңінің, енді оның болар-болмас көгілдір сілемі ғана жүндерді, болмаса қара-қоңыр түске ауысады. Бұл өзгеру, әрине бүркіттердің баршын тартып, мосқал бола бастағанын ашық көрсетеді. Бұл кезде олардың көз жиектері де тарғылданып, езу терісі, саусақтары сарғылт тарта

бастайды, онымен қатар тұмсығы мен тұяғы да бұрынғы көгілдір шыны түсінен өзгеріп, енді дотпақтау қара кошкыл түске ауысады.

Жоғарыда айтқандай, бүркіт өзінің мекендейтін жерінде тұрақты құс. Оның жүретін жері қашанда болсын биік таудың құз жартасы, не сыңсып қалың орманның іші. Осындай «адам қолы жетпейтін жерді» бекініс етіп, олар мезгіл-мезгіл көрші тұрған өлкенің тау тасын, шатқал-бұйраттарын кезіп, кез келген аңнан тоят алып, түйнекке мекеніне қайтып отырады. Бүркіттер жем іздеп ұшқанда өзге саят құстарындай сыпылдап ұшпай, іздеген жемі көбінесе жер үстінде болғандықтан, қияға көзін салып отырады. Тау-тастың, жер реңкінің түріне қарай олар кейде көтеріліп, кейде төмендеп ұшып, тек көз алдынан аң көрінсе атқан оқтай сүзіле жоғары атып, сорғалап жерге қарай төнеді. Бірақ қанша жай отындай сорғалап, не шұбалаңдап, жалт берген кезде, бүркіт ұшуға епті құс болғандықтан, қайқаң етіп жоғары көтеріліп, қайыра түлкінің үстіне төнеді. Алайда әдісшіл жырынды бүркіттердің тәсілін білмейтін аңғыр жас бүркітер түлкіге түсемін деп кейде омырауын тасқа соғып алатындар да аз болмайды. Сондықтан жырынды саятшылар жас бүркітті ең алғаш аңға жібергенде көбінесе тау-тасы аз, ашық бұйраттарда салып үйретеді.

Ұя басқан кезінде бүркіттер онша кезген болмай, аң аулайтын жерінің көлемін жайшылықтағыдан азайып, ұясын көбінесе аны көп жерге салуға тырысады. Олардың тау-тасты, орманды жерді көбірек сағалайтыны бірғана ұя салып, мекен етіп, ұрпақ көбейтіп тіршілік ету заңына байланысты екенін көрсетеді.

Бүркіттер ұясын қашанда басы адам қолы жетпейтін биік таудың құз жартасында не сыпсың орманның ішіндегі аспанмен тілдескен биік қарағайдың басына салады.

Құз жартас, тау іші болса, бүркіт есті хайуан болғандықтан, өңкей ығыс жерді таңдап, жан-жағын жел келіп, дауыл соқпайтын, панасы көп жерді қамтиды. Бүркіт өте сақ құс болғандықтан, адамнан қатты сескеніп, ұясын көбінесе асылып тұрған құз жартастың кемеріне не қия тастардың үнірейіп жатқан қуыс-қуыстарына салады.

Қия тастағы бүркіттің ұялары самырсын ағашты басындағыдай онша жинақты, дөңгеленіп келмейді, от орнындай тастың қуысына сербиген ағаштың бұтақтарын, құрай, бұтаның сынықтарын төсеп, тек үстіндегі жағынан жүн, шүберек сияқты заттармен себелеп қояды. Бүркіт ұясын қарағайдың не самырсын ағаштың басына салса, ағаштың басын ұзын-ұзын бұтақтармен дөңгелекте қалап, мықтап байланыстырып, оның үстіне ұсақ тал, бұта, қамыс, құрай, жапырақ төсеп, қандай қара дауыл соқса да мызғымайтын берік қылып жасайды. Балапандары қашан көк-қанат болып ұшуға жарағанша соңына ұстап, жемді сонда әкеліп береді.

Бүркіттердің жұмыртқа басып, балапан шығаруы өзге саят құстарындай емес, өте ұзақ келеді. Сондықтан олар ерте жұмыртқалап, балапанын кеш шығаратын құс. Олардың жұмыртқалайтын кезі көбінесе март айының іші. Қазақ саятшыларының бақылауынша бүркіттердің кейі ақпан айының аяғында жұмыртқалайды-мыс. Өйткені қой бағып жүрген қойшылардың көруінше, қыстың суығы айрықша тарқамай, қар жатқан кездің өзінде бүркіттің ұясын тауып, жұмыртқасын көрдік дейтіндер аз кездеспейді. Бірақ бұл әңгіменің нақтылы шындығы ғылым жүзінде әлі де болса анықталмаған.

Бүркіттер жұмыртқалардың алдында қосылып, ұя салған жерінің маңында «қанат салу» ойынын өткереді. Олар еркегі мен ұрғашысы бірін-бірі қуып, біресе шарықтап жоғары атып, біресе сорғалап төмен

құйылып, шуылдап ысқырумен аспан ішін жаңғыртады. Бірнеше жұп бүркіттер тобы осылай шу көтеріп, қынаменде құрғанда, тау, орман іші жазға салым у-шу болып жатады.

Бүркіттердің қыраны өзінің жаратылыс ерекшелігі бойынша екіден артық жұмыртқа салмайды, кейде біреу ғана табады. Қазақ саятшыларының бақылауынша сол бір жұмыртқадан шыққан бүркіт қолға түссе, одан алғыр қыран бүркіт баласы болмайтын сияқты.

Бүркіттердің жұмыртқасының түсі көгілдір ақ, бетінде қоңыр секпілі болады, олардың қармы аққу жұмыртқасының қарамындай үлкен, ұзындығы 9-10 см, көлденеңі 7-8 см шамасында.

Жұмыртқаны басып, балапан шығаратын ұябасары, еркегі ауық-ауық отырғаны болмаса, көбінесе ұясына жем тасумен шұғылданады.

Бүркіттердің ұя басатын кезі бір жарым ай, мөлшері, одан кейін жұмыртқасын жарып балапан шығады. Жұмыртқадан шыққан балапанның жүні селдір, үсті жағы жылтыраған сары, бауыры қызылшақа болып тұрады. Бірер жұма өткен соң жүні ақұрпектеніп, қоюлана береді. Бір айдан кейін ақұрпек жүні түлеп, сыртына қарай көтеріліп, оның орнын енді көк қауырсынды қоңыр жүндер басады. Бұл, әрине, балапанның ержетіп, қарын жүнін тегіс түсіріп, құс бола бастағанының белгісі.

Балапанның жүні қашан тығыздалып қоңыр тартқанша, ұябасар олардың қасынан алыстап кетпейді, ол жем іздеп кететін болса, балапан атасының бауырында болады. Балапандар үлкейіп өсейе бастаған кезде оларға жем таститын көбінесе ұябасары. Өйткені саят құстарының еркегінен әрі үлкен, әрі шалымды қабылеті болғандықтан, жемді тез ұстап, және молдап әкелгіш болады. Олардың жем іздеп шығатын кезі таңертең мен кешкі қоңыр салқын, күндіз ылғын ұясының қасында демалып, балапандарына көлеңке

жасап отырады. Балапандарына есейіп ержете бастағанда, жұбайының екеуі де аң аулауға шығады. Бірақ балапандардың ақұрпек кезінде екеуінің бірдей жем іздеп кетуі өте нәзік балапандарға обал. Себебі үлкендері жоқта ашығып отырған жыртқыш құстың балапандары бірін-бір шұқып, мықтылары нашарлауын түтіп өлтіреді. Бүркіттің ұясында осы тәрізді оқиғадан кейін өліп жатқан балапанды қазақ аңшылары талай рет кездестірген. Дегенмен балапанның бірін-бірі түтіп өлтіретін кезі көбінесе олардың ақұрпек кезі, кейін өсіп, жүні қоңыр тартып, тығыздалғанда екеуі біріне-бірі тимей қайта үлкендері жоқта ұйысып бірге жатып әдеттенеді.

Балапандардың ақұрпек жасырақ кезінде үлкендері жемді оларға аузынан құсып беріп отырады. Кейін ержете бастағанда жемді бітеудей әкеліп, тұмсығымен талқандап жегізеді. Балапандар ержетіп үлкейген кезінде, жемді бітеудей олардың алдына тастай беріп, енді өздеріне талқандаттырып үйретеді.

Бүркіттің балапандары өте жай өседі, олар жұмыртқадан жарылып шыққан соң үш айдың ішінде ғана көк қанат болып ержетіп, енді талпынып ұшуға бастайды. Кейін ұшуды жақсы үйреніп, алыс жерге кезіп кетуге жараса да, олар ұясынан алыстап кетпей, көп уақыт соның маңайын төңіректен жүреді. Балапандардың ұясынан алыстап кететін кезі август айының басы. Алғашқыда аңды үлкендерімен бірге ауласып, кейін өз беттерімен тіршілік жасап кетеді.

Қазақ аңшыларына белгілі бүркіттердің барлығы біздің байтақ жатқан Отанымыздың әрбір өлкесінде мекендеп жүретін қырандар. Тек жағынан, және мекендеп жүру жағынан биология ғылымы оларды бес топқа бөледі. Бірақ қазақ аңшыларының тәжірибесі бойынша біздің елімізде жүретін бүркіттердің тегі әлдеқайда көбірек сияқты. Бұл жерде біз алдымен ғылым анықтаған түріне тоқталып көрейік.



Бірінші топқа кіретін бүркіттер советтер Одағының шөлейті суық өлкелерде, Орал тауында, Күнбатыс Сібірде жүретін бүркіттер. Бұл тектің қыранына қазақ аңшылары ескі кезден “Оралдың ақ нығы” деп ат берген (*Agilila cusaetos* Z). Мұның қырандары бұрын көбінесе Орал, Мұғаджар тауларын, Шөлейттің сыпсын ормандарын мекендеп, өзінен басқадан тоят алып, азулының қайтпас қайраттысы, алғыр қыранның бірі болғандықтан, қазақ саятшыларының тарихында олар “Оралдың аңшылары” деген қадірлі атқа ие болған. XVIII-XIX ғасырларда башқар аңшылары “ақ нықты” Орал тауынан көп ұстап, Орынбор, Уфа, Троицк қалаларында болатын жәрмеңкеде қазақ саятшыларының ең қымбат бағамен сататын болған.

«Оралдың ақ нығының» түсі өзге бүркіттен ерекше қылаң, басы кара қоныр, иық жүндері жапырақталған ақ теңбіл, сырты бауыры кер тарлаң, балақ саңғуыр жүндері ақтаңлақ, кер шұбар қанатының асты қоныр, қарасы аз болады. Бұл тектінің жүретін өлкелері көбінесе шөлейт болса да қысқа қарсы Оңтүстік өлкелерді кезіп қайтатын мезгілдері бар сияқты.

Қыран бүркіттердің бір тегі – «Алтайдың кара тарланы». Бұл құс Алтай тауынан Күнбатыс Сібірге дейін тараған ең ірі, ең алпауыт құстың бірі. Мұны қазақ аңшылары ертеректе «Алтайдың мұзбалағы» деп атаған. Өйткені Сібірдің үскірік суығына тоңбайтын шудалы, Алтайдың биік шыңдарында, самырсын ағаштың басында қоныстап, неше түрлі жыртқыш аңнан тоят алып жүретін тұз қыранының ең құдіреттісі болғандықтан, оны әсірелеп, «мұзбалақ» деп кеткен. Бүркіттердің ішінде бұдан ірісі, бұдан қарулысы кемде-кем жолығады. Алтайдың мұзбалағының жүні кара тарлаң болып, балақ бауыр жүндері қоңыр түсте кездесіп отырады. Қырдағы саятшылардың

бақылауына “Алтайдың мұзбалағы” Сібір өлкесінен басқа күзге қарай Тарбағатай, Шыңғыстау, Қарқаралы, Балқаш төңірегінде де көбірек кездесетін сияқты. Өткен ғасырда мұны қазақ аңшылары Мәмбет, Исмаил Балқаш теңізінің жағасынан көп ұстап, олар өресен қыран болып шыққан.

Бүркіттердің енді бір тегі Оңтүстік өлкедегі Алатау, Памир, Алтай тауларын мекендеп жүреді. “Алтайдың мұзбалағынан” кейінгі бұлар бүркіттің аса бір тегеурінді, ең ірі тегінің бірі. Бұлардың тегін қазақ саятшылары «уш шүгел» деп атайды, мәселен, «мұзбалақ шүгел», «шомакты шүгел», «сүйелді шүгел». Бұлардың бәрінің балақ жүні шудаланып саусағына түсіп тұрады. «Шомакты шүгелдің» кара қуысы шодырайып сыртына шығыңқы келеді. «Сүйелді шүгелдің» аяқтары басқа бүркіттің аяғынан гөрі де сүйенді, құс аяқ, саусақтары құж-құж болып келеді. “Шүгел қырандардың” тіршілігі көбінесе биік таудың ішіндегі арқар киік, қасқыр сияқты аңдардан тоят алып әдеттенгендіктен, ешбір жанды заттан қорықпайтын ер, түсі суық, өте тәкәббар келеді. Сондықтан бұларды қазақ саятшылары «шүгел қыран» деп атаған.

Шүгел қыран жаратылысынан кербез құс болғандықтан, тұғырға отырғанда бір аяғын ішіне алып, ылғи бір аяғымен отырады. Бұл өте байсалды, салмақты, түсі суық құс, оның жеке бір қырандары бір отырған жерінде қозғалмай отыра береді. Бірақ златын жемін көргенде оның бет-аузы түксінп, жауырыны, топшысы күдіріе шығып, қашқан аңға тұяғын салу үшін құдіретін бойына жия бастайды.

Шүгел қырандар осы тәрізді өзінің бойына сенімді құс болғандықтан, олар көбінесе қасқырға түсіп, содан тоят алып жүреді. Олардың қасқырға

көбірек түсуінің бір себебі Алатаудың қасқыры Сібір мен Орталық Қазақстан қасқырындай көкжал, ірі қасқыр емес, көбінесе түйе қасқыр, сондықтан олар әлді, қарулы бүркітке тұлкіден артық қайрат көрсете алмайды.

Бүркіттердің бұл негізгі тегінен басқа, қазақ саятшылары олардың лашынынан тек кішкенеелігінен басқаанады. Көрмесіне мекен еткен жеріне және жүндерінің түсіне қарай тағы да 12 түрге бөліп айтады. Олар жоғарыда айтылған «Оралдың ақиығы», «Алтайдың мұзбалағынан» басқа «Қазықтының қара кері», «Құмның қызылкөзі», «Желектінің жирен тұяғы», «Ертістің сар шолағы», «Қарағайдың қоңыр аласы», «Есбалақтың есерсоғы», «Дересінің шұбары», «Жанбауырдың жарғыш тұяғы», «Өлтірмей бермес Өтеген», «Несібелі байқасқа» деп аталады. Бұлардан басқа әрбір құстың түріне қарай («сары шегір», «сары құс», «қара шегір») қойылатын аттар толып жатыр, бірақ олар құстың тегімен оның мекендеп жүрген жерімен байланысты болмаған соң, бәрін атап жатудың қажеті жоқ.

Бүркіттердің ішінде денесі кең, сүйегі жалпы көріністері көзге толымды көзі ақшегір, жүндерінің түбі ақ, ұшы қара болып, топшы, ыйық, омырауларында саңғыру балақ жүндерінде кер сары болса, бұл «Қазықтының қара кері» деп аталады. Тарбағатайдың бір тауы Қызықты тауды мекендейтін бүркіттер Орал, Күнбатыс, Сібірде жүретін бүркіттермен аталас болуға тиісті.

Түсі құмға ұқсаған керлеуіт бала қайырса, бау ашып, күй іздемейтін, қысық көз, жылан бас, беті қара қылшықты, шыныдай таза көк тұмсығы бар, иығының арасы кең, ашамай сүйекті, езуі қалың қара қыл, жапырақ жүн, балақ жүндері қызыл шудалы келетін бір

қыранды «Құмның қызыл көзі» деп атайды. Бұл өзі құм, сахара шөлдерде жүретін құс. Ұялайтын жері шағыл құмның іші, сексеуілдің басы. Жүретін жері Сары-су, Шу өзендерінің аяғы, Қара-тау, Сырдария төңірегі. Ашық дала, шөлді жақсы көретін құс.

Кейбіреуінің сүйегі шымыр, жүні шымқай сары болып, түсі суық, көзі өткір, бетінде зәрі болса, не балақ жүні қып-қызыл бояудай болып келсе, оны «Желектің жирен тұяғы» дейді. (Желектің жер аты). Бұл да Сыр-Дария, Қаратау маңында жүретін құс.

Егер денесі кең, (сауысканды, ақсүмбе) саны жуан, қалың сүйек, қайқы төстек, жапырақ жүнді, шудасы төгіліп тұрған сап-сары, құйрығы қысқа, шалғысы ұзын болса, оны «Ертістің сары шолағы» дейді. Бұл құстың да сыртқы келбеті көзге толымды, басы үлкеншекелі, көзі ауданды, алқасы кең, аяғы әлді сыртқы қожыр табан, түйіндері жуан, аңшыға пайдалы қайратты құстың бірі болып саналады. Бұл құс Ертіс өзенінің күншығыс-солтүстік арасындағы жақын тұратын шұбар дейтін қалың қайыңның ішінде ұялап өседі. «Ақ жирен» деп аталатын бүркіт те осымен шектес болу керек. Бұлардың бәрінің жүнінің сарғылтымы басым, оның үстіне не қанатының не құйрығының біреуі ақ болады.

Бүркіттердің бір тегін «қарағайдың қоңыр аласы» дейді. Оның саусақтары салалы жуан, тұмсығы ұзын жебелі, шалқақ кең ыйықты, денелі, боз шуда, ақ балақ, көкшіл, шегір көз болады. Бұл Ертіс өзенінің күншығыс алдында ішкі Сібірге қарай созылып жатқан қалың қарағайдың ішінде ұялайды. Тұз қыранның көбінің мекен ететін жері осы қарағайдың іші.

Бүркіттердің енді бір заты ұшқанда епсіз келіп, өзі өр кеуде ер болса, оны «Есбалақтың есерсоғы» дейді; мұның аты да «Есбалақ» дейтін жердің атынан шыққан.

Есбалақ, Есенгелді Алатау мен Тарбағатай тауларының арасында жалғасып жататын биік таулар. Оның бір тарауы “Малай тауы” дейді.

Саятшылардың көбірек құмар болатын құсының бірі – «Дересінің шұбары» (Дересін жераты). Бұл – шүгел қырандар тегінен тараған бүркіттердің қыранының бірі. Бұл туралы саятшылар арасында мынадай мәтел бар:

*Ұядан ұшса екеу боп,  
Түссе қолға сыңары,  
Ұябасар кез болса,  
Қыранға көңіл тынады.  
Қылып еткізсең қиядан,  
Көзі шалса жымады,  
«Құрттаса» қорымға,  
Байланып көкке тұрады.  
Жазымсыз түсіп жарқ етіп,  
Қанжыға қандап қарқ етіп,  
Көрінгенді қырады.*

Бүркіттің енді бірінің жүндері өте қалың, қауырсын шыбықтары қатты, аса әлді келеді. Оның үстіне саусақтары, тұяқтарының түбі бартиған жуан, ұшы салалы болады. Ондай қыранды «Жанбәуірдың жарғыш тұяғы» дейді. “Әкесі қара тарлан болып, шешесі қызыл шу болса, жарма тұяқ содан тарайды” деп те атайды.

Бүркіттердің қыранының бірі – Өтеген. Бұл туралы бір саятшы ақын былай деген:

*Алғыр қыран Өтеген,  
Ұшқыр кезгіш кетеген,  
Аяғын қиып кетпесе,  
Айырылмайды Өтеген.  
Қиядан көрсе алам деп,*

*Қағып қанат төтеген,  
Жарыса ұшса жете алмас,  
Қосылған құс тетеден.*

Өтеген – жер аты емес, бүркіттің тегінің аты. Ол орманды жерді мекендейтін сары тұқымына жатады. Қайратты ұшқыр, аяғынан аң шығып кете алмайтын қыранның затын Өтеген дейді. Саятшылар тілінде ол туралы тағы да мынадай мәтел айтылады:

*Алғыр қыран алдынан аң орапқан,  
Аяғынан аң кетпей қан орапғыш.*

Ер бітімді елгезек болып, ту құйрығы бірыңғай ақ, үш жағы қара болып тұрса, мұндай затты саятшылар «несібелі байғасқа» дейді. Өйткені ешбір жағдай тілемей, аңға қанша қосса да жалықпай ала беретін көнпіс, қыран бүркіттің тегіне жатады.

Бұл айтылғандардың барлығы бүркіттердің ішіндегі ең қырандарының сипаты.

Олардан басқа да кішкене шәулі бүркіттер де тұқымы да көп. Бірақ олардың аңшылық кәсібін келтіретін пайдасы өте шамалы болғандықтан, оларға онша көңіл бөлмедік.

Бүркіт аңшылығы күзгі аңшы қар жауып, аңдардың әбден жетіліп, түсі құлпыра бастаған кезінен басталады. Одан бұрын қоян, қасқыр сияқты аң болмаса, өзге мамық жүнді аңға салмайды. Өйткені аңның, оның ішінде түлкінің жүні жетілмей тұрған кезде салса, одан тек ат артып, тон тоздырған болмаса, шаруаға келер пайда болмайды, аңның терісі толық бағаланбай, бос қалады. Сондықтан саятшылар бүркіт аңшылығын алғашқы ақша қар жауып, түлкі қарға аунап құлпырғанша бастамайды. Оған дейін атын, бүркітін баптап, аңшылыққа керек жабдықтарын реттеумен болады. Саяхатшылар, бүркіт аңшылары көбінесе қазан айынан бастап, қыс бойы, сәуір туғанша сала береді. Ақпан айы туып, аң буаз болған



соң бүркіт аңшылығы тоқталады. Одан былай келесі күзде бүркіт тек қолдан жем жеп, 7-8 ай жай асыралып отырады. Жаздың ыстық күндері саят құстарына өте ауыр, қолайсыз кез, бұл кезде олар ешбір аңға шабыт қылмай, бір ғана түлекте отырып, күз түскенше қанат құйрығын шығарумен әлек болады.

Бүркітті аңға қосқанда оның алатын аңдары: қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян. Оларға бір ғана қысқы жұмсақ қар үстінде салынады. Бүркіт Қазақстан жерінде көбінесе таулы-тасты жерде салынады. Қар болса, аңның ізіне түсіп, көп кісімен қағумен салады. Қарада аңдардың жататын белгілі киын жерлерін тауып, жобасымен іздеп қашырып салады. Бүркіт өзінің жаратылыстан үйренген дағдысы бойынша жазық жерден ұша алмайды. Сондықтан оны ылғи биік таудың басына шығарып, тұғырда ұстап қосады. Кейбір бүркіттерді тауға барған соң ұшырып қоя беріп, кездіріп салады. Дағдылы бүркіттер иесінің аң қашыратынын біліп аспандап ұшып аң қарап, саятшының төбесінде жүреді. Соңар күндері болса, бүркітті қолма-қол тау басында ұстап тұрып, аңның қашқанын көрген соң ғана жібереді.

Бүркіттердің бәрі аспандап кезе бермейді. Олардың ішінде дағдыланып жақсы үйренгендері ғана солай ұшады.

Бүркіт аңшылығы күзгі ақша қар жауып, аңдардың әбден жетіліп, жүні құлпырған кезде басталады. Одан бұрын қоян, қасқыр сияқты аң болмаса, өзге мамық жүнді аңға салмайды. Өйткені, аңның оның ішінде түлкінің жүні жетілмей тұрған кезде салса, одан тек ат арытып тон тоздырған болмаса, шаруаға келер пайда болмайды, аңның терісі толық бағаланбай, бос қалады. Сондықтан саяхатшылар бүркіт аңшылығын алғашқы ақша қар жауып, түлкі қарға аунап құлпырғанша бастамайды. Оған дейін атын, бүркітін баптап, аңшылыққа керек жабдыктарын реттеумен болады.

Бүркіт аңшылығы көбінесе қарулы, бабында жүрген күйлі аттың күшіне байланысты. Күнінде 10-15 түлкі алдыру үшін кемінен 50-60 шақырым жорту керек. Оған қарулы, мықты ат болмаса, жай тулақ аттар жарамайды, бір түлкінің өзінің соңына түскенге болдырып қалады. Аңды көп алдыру үшін қыран құсқа аттың сай болуы керек. Саятшылардың көпшілігі кедей шаруадан шығып, өздерінде аңға жарайтын ат болмағанда, олар байлардан жалдап мінетін. Аттың майы ол кезде аңшыға өте қымбатқа түседі. Қысқы аңның табысынан ол не бір бұшпақ ішік беруі керек, не 15 түлкі беруі керек болатын. Егер ол ат әбден арып, қыстан өз бетімен шыға алмайтын болса, онда қыс бойы күтіп, тек жаз шыққан соң иесіне қайырады, өліп қалса, екі есе қып құнын төлейтін.

Ат майы осы сияқты ауыр болса да қыран құсы бар саятшылар аңға шықпай отыра алмайды. Олар қазан айы туысымен, өзара әртел болып шығып кетеді. Орталық Қазақстанда түлкінің көп жүретін жері, әсіресе, Бетпақдала, Балқаш төңірегі және осы жерге ұштасып жататын көп тау-тастар. Күзгі ақша қар түсісімен бүркітшілер дәйім сол айтқан тау-тастың ішінде қостап жатып, октябрь айынан бастап февраль (үш ай) туғанша бүркіт аңшылығының соңында болады. Қыс жақсы болған жылдары саятшылар бүркіт аңшылығын өте көңілді, қызықпен өткізіп, өздерін де салық қылып жатқан жердің шаруаларын да қанша олжаға батырады. Қарт саятшылардың айтуынша ондай жылдары әрбір саятшы 70-90-нан кем түлкі алдырмаған.

Қазақстан өлкесінде бүркіт көбінесе таулы-тасты бұйрат көп жерде салынады. Өйткені бүркіт өзінің жаратылыста биіктен ұшып, биіктен бақылап үйренген дағдысы бойынша ландшафтың жадағай жазық жер

болғанынан, неғұрлым таулы-тасты болғанына са көңілді көреді. Сондықтан оның қияға көзін салып, көңілді жерге шығарып, тұрғыда ұстап салады. Кейбір дағдылы бүркіттерді тау ішіне барған соң қоя беріп, кездіріп салады. Үйренген дағдылы бүркіттер саятшының аң қағып шығаратынын біліп, алыстап кетпей, ылғи оның үстінен ұшып қияға көз салып отырады. Қашан ойдан аң көрінсе, бүркіт аспаннан төгіліп жерге төнеді. Тап осылай төгіліп, сорғалаған кезде бүркіттен ұшқыр құс болмайтын сияқты болып көрінеді. Соңар күндері көбінесе аңның ізіне түсіп, қағып жүріп салады.

Тегінде жұмсақ қар мен қатты қардың үстінде бүркітті түлкіге жіберу әдісі басқа-басқа. Жұмсақ қар үсті не соңар күндері болса, бүркітті дәйім биіктің басында тұрғыда ұстап, қашан аңның ізіне түсіп қағушылар оны айдап биікке шығарғанда, жақыннан бір-ақ жібереді.

Қар бекініп қатқан кезде бұл әдісті қолдануға болмайды, ол кезде түлкі қарға батып қорықпайтын кезеген келеді, ол бұрынғыдай биік шынның басына тартудың орнына, енді бұлттарып, басқа жаққа жүгіреді. Зорлап оның бетін қайыруға қалың қардан ат еркін жүгіре алмайды. Сондықтан ондай қашқан түлкіге бүркітті 2-3 шақырым алыстан жібереді. Мұны «жортпа салу» дейді. Бұған сенімді, қыран бүркіттер болмаса, шалағай, қояншыл бүркіттер жарамайды. Жортпа салу өте қолайсыз. Мұнда саятшы жүгіріп жеткенше арлан, сака түлкілер бүркітке үлкен қару көрсетіп, оның саусағын шайнап тастауы мүмкін. Кейде саятта құстың түскен жерін тапқанша қыран бүркіттер түлкінің бытшытын шығарып жеп қоятындары болады.

Бұл айтқан жағдай, әрине, қар қалың түсетін, Қазақстанның суық өлкелерінде көбірек кездеседі.

Қысы қоңыр күз, қары аз түсетін оңтүстік өлкелерде бүркіт аңшылығы одан көрі басқа қолайлы түрде өтеді. Дегенмен бүркіт аңшылығының ең қызық кезі алғашқы көбік қар түскен кез (қазан, қараша айлары). Бұл кез атқа да, адамға да, құсқа да жайлы. Ол кез түлкінің толарсақтап қаша алмайтын қорқақ кезі. Және аңды бет алды іздемей, оның ізіне түсіп, тап басар, үстінен шығатын кез. Ондай ақша қардың әрбір жауған күнін саятшылар «қансонар» дейді. Мәнісі, жаңа жүрген аңның ізі тайға таңба басқандай алдынан сайрап жатады. Оны іздеп табу қиын емес. Біраздан кейін-ақ тастастың не бұтаның арасынан қызыл түлкі шұбаландап қаша жөнеледі. Қансонар күні аңшыдан қуанышты кісі болмайды.

**Ителгі.** Бүркіттен кейінгі саят құстарының ішіндегі аң алатын қабілеттісі – ителгі. Оның үлкені алты тұтам, қанатының ұзындығы жайғанда бір кез шамасындай болады. Өзге саят құстары сияқты бұл да үлкен-кішілігіне қарай төрт түрге бөлінеді: ірі, тана, бұқа, шәулі деген сияқты.

Ителгінің алатын аңдары киік, елік, қара құйрық, қоян. Құстан алатыны – қоңыр қаз, дұдақ, тырна, оқпақ, тағы басқа түрлі құстар. Ителгі көбінесе жаз-күз айларында салынады. Қоян-құстарды ол көбінесе өз күшімен алады. Киік, елік, қара құйрық сықылды аңдарды итпен қосылып алады. Ителгінің томағасын алып қоя берсе, қашқан аңды аспаннан келіп теуіп мұқатады. Екі-үш рет тепкенде қоян сияқты аңдар ителгінің тегеурініне шыдай алмай мұрттай ұшып, қоянның белі үзіліп, жерде жатады. Сол кезде ителгі оны бас салып, қираландап қашқанына жібермей ұстап қалады. Киік, елік, қара құйрықтарды үздіксіз тебумен қорғалатып, қашырмай қояды. Оларды бастан, көзден тепкенде аң есі кетіп, шырқ айналып, бастарын екі аяғының арасына тығып, қаша алмай жүргенде артынан ит келіп ұстайды.

Ителгі құстарды теппейді. Тек қуып жүріп алады. Қаздың отырғанын күні бұрын көріп ұрындатып жібереді. Қазды көргенде ителгі қиғаштап бетін теріс қойып ұшады. Содан жоғарылап шығып, мөлшерлі жерге жеткенде биіктен төмен қарай құдия бір-ақ ағады. Сол екпінмен ителгі қаздың қанатымен ұрғанына не қоянның аяғымен серпігеніне болмай, қайтсе де ұстайды. Ителгі Лашын мен Қаршыға сияқты шапылдақ, тез киып түсетін болмаса да, ол көбінесе жансебіл өжет, мықты құс болғандықтан, ол алымпаз құс қатарына жатады. Ителгі түскен аңынан айырылып қалса, бәрібір оны қоймай жүріп алады. Ителгінің бір ерекшелігі – ол тоят жеген аңынан ешуақытта қорықпайды, жабысып, соның соңында өледі. Ителгінің тағы бір ерекшелігі – ол өмірінде жалығып шаршамайды, қанша салсаң да ұша береді.

Ителгі түс реңкі жағынан үш тұқымнан тарайды: қара тарлан, ақ тарлан және құба тарлан. Қара тарланның сыртқы жүні кара қоңыр, бауыр жүнінің түсі қап-қара күйедей болып, бетінің қылшығы кара, көзінің алдына түскен қарасы желкесіне қарай айналып, ала мойнақ болады. Құйрықтарының үстінде ақ танадай теңбілі болады.

Ақ тарланның сыртқы жүні құбақай, бауыр жүні ақшыл болады. Қанат құйрығындағы теңбілдері ақ шұбар келіп, беті ақ қылшық болып ала мойнағы болмайды.

Құба тарланның сыртқы жүні құбақай қызғылт, бауыр жүні қызыл шұбар тұрымтай жүндес, ала мойнағы көмескі келеді. Бұл үш түрлі ителгінің қай тұқымынан болса да үшеуінен де қыран шығады. Әсіресе, қара ителгінің тұқымынан қыран айнымай шығады.

Жаксы ителгінің басы үлкен, тұмсығы жебелі, кеудесі кең, қайқаң келіп, мойны ұзындау, аяғы салалы, көзінің шарасы үлкен болады. Ителгінің қырандарына саятшылардың қойған ерекше аттары бар. Мәселен, оларды «жылаулының тегі», «тілегеннің тегі», «сеңсен», «қара сұңқардың тегі» деп атайды.

Жылаулының тегінің ерекшелігі – оның екі көзінің алдында суаттанып тұратын қара жағалы болады. Өзі ашқарак комағай, шабытқа ұшқанша, жем жегенше шыдамсыздық көрсетіп, ылғи шақырып отырады. Жалпы айтқанда, қайратты қыран болса, осы затты ителгіні жылаулы деп атайды.

Тілегеннің тегі деп ұшқыш сезімпаз келетін, жерге қонып отырмайтын, ылғи шабыт тілеп, ерінбей ұшатын ұшымпаз қыранын айтады.

Сеңсеннің заты деп денесі ірі, жуан мойындау келіп, тұмсықты, жүндес келетін бір тұқымын айтады. Бұл ұшымды болмайды бірақ әлді болады.

Қарға сұңқардың заты деп жүні тығыз келген, мойны ұзын, құйрық қанаты қайратты, қара тіл, лашын бітімді, ұзын құйрық, қайшы қанат, қара тарланнан шыққан қыранын айтады. Бұл талмай ұшып, аңды қажымай алады. Ителгі туралы жалпы айтқанда, бұлар асырауға көнімді, түлекке қартаймайтын шыдамды құс.

#### **Саятшылардың мақалы:**

*Ителгі көп түлесе дүр болады,*

*Қаршыға көп түлесе құл болады*

**Тұйғын.** Жазғы саят құстарының ішіндегі жаратылысының ең әдемісі, ұшқыр қыраны, қымбат бағалысы тұйғын болады. Тұйғынның қадірлі болатын себебі оның тұқымы өте аз және жұмыртқаны да аз салады.



Тұйғынның жүні құлпырған көркем сүйегі сұлу, өзі шапшаң ұшатын құс. Ол қолға өте сирек түседі. Тұйғын ұясын адам жүрмейтін жерге жасырынып салады. Және ол Қазақстан жерінде ұяламай, әрқашан Сібір өлкесінде не шөлейт жақта ұялайды. Сондықтан тұйғынның балапанын ұядан алмай, көбінесе күзге қарай Қазақстан өлкесіне ұшып келген үлкен тұйғынды тормен ұстайды, онда да бірен-саран ғана.

Тұйғын екі түрлі тұқымнан тарайды: мырза тұйғын, құл тұйғын. Құл тұйғынды кейде «кір тұйғын» деп атайды.

Мырза тұйғын қағаздай аппақ болады, жалғыз-ақ канатының үстерінде, сыртқы жүнінде ғана сарғыштау шұбары болады.

Құл тұйғынның сырт жүндері қоңырлау шұбар келіп, бауыр жүндерінде де азырақ қоңырлау бедер болады.

Құл мен мырза тұйғын дегеннің айырмасы жүнінде ғана. Шымқай ақ болса, мырза тұйғын болады да, жүні кірлеу болса, оны құл тұйғын дейді. Бірақ бұлардың сүйек бітімдерінде еш өзгешелік болмайды, тұйғын затына бәрі бірдей келеді.

Тұйғын – сүйріктей сұлу, тұмсығы ұзын жебелі құс. Ол қашанда болсын жұтынып тұратын жыланбас, жінішке ұзын мойын, канаты қайқы және қысқа, құйрығы ұзын, көзі ақшыл шегір болады.

Мырза тұйғын мен құл тұйғынның болмаса кірше тұйғынның алатындары бір түрлі заттар. Олар-қоян, қоңыр қаз, дуадақ, тырна, оқпақ, сарала қаз, қарала қаз, қырғауыл, үйректер, тағы басқа түрлі ұсақ құстар. Тұйғынның қайсысы болса да өздерінің қырандығына қарай әртүрлі құстарды ала береді. Тұйғындар көп қумайды, алғашқы ұшқан бетінде сыпырып алса алып қалады, ала алмаса, қонып қалып қайталап қумайды.

Тұйғынды ұшырғанда ұрымтал жерден жіберу қажет емес, өйткені тұйғынға қашқан құстардың неғұрлым жоғарылай ұшқаны жақсы болады. Тұйғын сүзіле көкке атқанда қалайда болса алатын жеміне жетпей қоймайды. Оның үстіне тұйғынды қашанда болсын аспандап ұшқан құстарға салып үйретеді.

Қырдағы жайлауда жүрген қаздарды көлге қарай ұшырып, аспандап келе жатқанда тұйғынды астынан сүзілте тастаса алмай түспейді.

Қазақ саятшыларының әдеттенген тәжірибесі бойынша тұйғынды әрқашан шапшаң атпен салады. Судағы құстарға қосқанда оларды дабылмен судан ұшырып жіберіп сілтемесе, құстарды ұшырмай басып қалады.

Тұйғын – шетінен ашқарақ шыдамсыз құс. Және онымен қатар өте езгелек, жылдам елігетін күйрек құс. Бұл туралы «тұйғын қара қаршығадан бір елі артық» дейді саятшылар.

**Тұнжыр.** Тұнжыр басқа құстар сықылды өз алдына басқа бір құс емес. Бұл тұйғын мен қаршығаның арасынан пайда болады. Құстар шағылысатын мезгілде өз жыныстарынан екеуі бірдей дәл келмесе, қаршығаның ұрғашысына еркек тұйғын кездесіп қалатын болады. Міне, осы кездесудің арқасында қаршығаның бір жұмыртқасы не анық тұйғын, не анық қаршыға болмай, олардың арасынан тұнжыр болып шығады. Тұнжыр – қаршығадан қылан, тұйғыннан қоңыр болады, бірақ сүйегінде олардан басқалығы болмайды.

Қаршыға мен тұйғын түс жағынан екі затты құс болса да, жаратылысы бір-біріне ұқсас келеді. Бұлардың сүйектері, көздері, дене бітімдері, мінезі, ұшулары бірінен-бірі аумамайды, жалғыз-ақ жүндерінің

басқалығымен ғана айырылады. Тұнжыр да осы қаршыға мен тұйғыннан басқалығы болмайды, тұйғын мен қаршығаның алғанын тұнжыр да алады. Тұнжырдың да баулынуы, құсқа түсіп, құс алуы, тәрбиесі қаршыға мен тұйғындікінен аумайды, олармен бірдей болады. Осы айтқан үш түрлі құстардың бірінен-бірінің өзгешелігі жоқ. Бұл үшеуі өзге затты құстың бүтіндей басқа болып, арасы өте алшақ келеді.

**Қаршыға.** Қаршыға саят құстарының ішіндегі белгілі қыран заттарынан саналады. Қаршығамен тектес және ұксас құстар жоғарыда айтылған тұйғын мен тұнжыр екеуі. Біріңғай қаршыға тұқымының өзін алсақ, олардың өзі де түс реңкі жағынан төрт түрге бөлініп таралады, мәселен: «ақ тарлан», «қара тарлан», «қызыл қайын», «сарының заттары» деп атайды.

Қаршыға үлкен кішілік ретінен де төртке бөлініп аталады. Оны «ірісі», «бұқасы», «танасы», «шәулісі» деп атайды. Шәулі – ең кішісі, ол үйрек, ұсақ құстарды ғана алады. Қаз, дуадақ, тырналарды ала алмайды. Бұқадан жоғарғылары қыран болса, кішілік қылмайды. Қоян, коңыр қаз, дуадақ, басқа түрлі құстарды да ала береді.

Қаршығаның ең жақсы заты ақ тарланнан шығады. Оның жүні қылаң келіп, қаз мойын қайқы төстек болады. Қырғый құйрық, шіл канат, сары ала көз, шыныдай жұқа тұмсық келеді. Бас жағы жебелі, жылан бас, беті қылшықты, танау тесігі кең, тықыр жүнді болып келеді. Аяғы салалы, саны толық, баутағары жуан, қысқа жіліншік келеді. Денесі ірі, борбайының арасы кең, екі қанатының ұзындығы бір кез шамасындай болады. Міне, бұл сипаттың бәрі қаршығаның ең қыран тұқымды ақ тарланның келбетіне жатады. Ақ тарланның тағы бір қасиеті –

оның мінезі жуас, адамға үйір болғыш, елгезек келеді. Шақырая қарап, бетке шауып, қолға шапылдамайды. Оның үстіне сондай жайдары, өзі қыран, бала қайырса да бау ашып, күй іздемей жүре береді. Шабытқа келгенде қаршыға затында мұнан шабытты құс тағы өтпейді. Ерте-кеш демей, ерінбей ұшып ала жөнеледі. Және дуадақ қаздан өзге құсқа сондай құмар емес.

**«Шүйгін тарлан».** Шүйгін тарлан деп аталатын қаршығаның сирек тұқымы осы ақ тарланнан шығады. Дәл осындай қаршығадан тұйғынның қыраны ғана артық болады, өзге қаршыға затына бұл жеткізбейді.

Қаршығаның қажырлысы және қанға тоймас кара тіл қанды көзі кара тарланнан шығады. Кара тарланның жақсысы сирек табылады. Мұның түс реңкі мүйіз тұмсығы сағыздай қап-кара, бетінің кара қылшығы жылқының қылындай жуан талды келеді. Тұмсығының түбі жуан, ұшы ұзын жазығырақ, танау тесігі кең, таңдай тілдері кара, шаралы, қызыл көзді болады.

Қаршығаның кара тарланы сұңғақ мойын, бітеу желке, қалың топшылы, денесі жұмырлау сом, шалқағырақ келеді. Қанатының екі қыры (топшысы) сыртына қарай жоғарылау біткен са лалы, ұзын құйрық келеді. Қауырсыншыбығы жуан келіп, саңғыруы жүндес, сырт жүндері жалпақ жапырақ коңыр қошқыл болады. Баутағары жуан және қысқа, аяғы әлді, тұяқтары кара қошқыл және өткір жарғыш келеді. Міне, қанды көз кара тарлан деп айтылатын қаршығаның сипаты осы.

Кара тарлан қаршығаның тағы бір ерекшелігі, оның бойы қажырлы, жемге шыдамды болады. Бірақ баулуға жылдам елікпей, кешкілденіп күй таңдап отырып алады. Кейде катуланып, екі қанатымен сабалап шауып қалып отырады. Кара тарлан топас, меніреулеу

отырып, өте күй таңдап бау ашатын құс. Бірақ кейін жөнделіп алған соң қаз, дуадақ сияқты құстарды қажымай алатын қнып салма болады. Қара тарлан қалайда болсын қаршығаның жақсы затының бірі. Бұл туралы саятшылар «тарлан салған тарықпас» деп мәтелге айналдырған.

Қаршығаның енді бір тегін «қызыл қайың» деп атайды. Бұлай аталуы қаршығаның бұл тұқымы қайыңға ұялайтындықтан туған. Өйткені қаршығаның бұл тұқымы көбінесе Күнбатыс Сібір, Оралдағы Қызыл қайың арасын мекендейді.

Қызыл қайыңның сырт жүні қоңыр қызғылттау шұбар, бауыр жүндері шымқай қызыл шұбар, беті ақ қылшық, көзі көк шегір келеді. Басы сүрінді, аяғы лашынның аяғы секілді салалы тарбақ келеді.

Қызыл қайың қаршыға өзінің заттылығына қарамай неге болса да жармасып, өзінен өзгені алып жеуге ұмтыла береді. Және бұл өте қызғаншақ, қомағай, шапылдақ, қиянқы келіп, жемге шыдамсыз болады. Баланы, қозыны, мысықты маңынан жүргізбейді, оларды салып қалып шапылдап отырады. Бірақ қайткенмен қызыл қайыңның ірісінен өте қыран шығып, әсіресе қоян алғыш болады. Бұл құс онша күй іздемейді, дегенмен аса арықтатып салуды көтермейді. Қызыл қайың қаршығаның бір өзгешелігі, бұл жер қазып шыдап отырмайтын ұрыншақ келеді. Баулының жүргенде шакыруға келісімен ақ бау аша бастайды. Бұл тұқым етінің неғұрлым күйлі бол уын ұнатады, қызыл қайың текті қаршығаны арытып салуға жарамайды.

Қаршығаның көбірек заты «сарының тегі». Сарының өзінен үш түрлі болып тарайды. Мұның бір түрі денесі ірі, қолабалау, бөктергі қанат, жуан мойын болып келеді. Екінші жағынан, еңкіш шалқак бас, қысқа

тұмсық, айран көз болады. Сыртқы жүндері қоңыр шұбар, бауыр жүні сабалақ сары, жіліншігі ұзын, аяғы сауықты салалы шеңбер тұяқ келеді.

Міне, қаршығаның бұл түрін «үкі жүнді сары ала» деп атайды. Бірақ бұл текті сарыдан қыран шықпайды, баулығанда уақытты көп алатын күйшіл, шабан, салпылдақ келеді. «Есірікті» көбірек басып, қолдан тоят жей бергенді жақсы көреді. Жалпы айтқанда, жылдам бау ашпай, әуре қылатын құс.

Сарының екінші түрі орташа денелі, көзі қызыл шегір, жапалақ көздеу, кесік қарға тұмсық, сырт жүні құла сары, бауыр жүні бозғылт сары, үлпілдеген жұмсақ жүнді болады. Мұның мінезі жуас, ақ еділ, адамға тез үйір болғыш, артық күй іздемейді. Ұсақ құсты жақсы алады, бірақ қаз, дуадаққа келгенде тайқақтап, жасықтық көрсетеді. Бұл түсті сарыны жапалақ жүнді сарының тегі дейді. Түлей келе жылдам азып, қажыры жоқ болады.

Қаршыға тұқымдас сарының үшінші түрінің бауыр жүні ақшыл сары, сыртқы жүндері құбашалау, денесі қайқаң, қысқа қанат келеді. Беті, түсі суық, сары ала көз, омырауында, санының жүндерінде түлек жүні сықылды көлденең тақталы боп шығатын жақсы жүндері болады. Құйрығының қарасы таңдай-таңдай болып қиғашталып тұрады. Сарының бұл тұқымын «құлан тұяқ, құба сырғақ» дейді. Мұның қанаты қысқа, құйрығы ұзын болады. Орта құйрығының астынан өзге құйрығын жиып отырса, оны бір құйрық деп атайды. Осы түстес жүндері болған сарының тұқымдары артық күй іздемейтін, елгезек қыран болады. Ондай текті қуысты саятшылар тілінде «сауысқан құйрық сары ала» деп айтады.



Қаршығаның сары заты балапанын кеш ұшырып, қыстамада көп болады. Қара тарлан, ақ тарлан, қызыл қайындар жаратылыс әдеті басқа болғандықтан, торға сирек түседі.

Қаршығаның қай заты болса да түлей келе көк шұбар болады, бірақ олардың әрқайсысыларының сыртқы пішіні мүше бітісіне қарай қандай заттан екендігі айқын белгілі болып тұрады.

**Лашын.** Лашын – саят құстарының ішіндегі орта денелісі, мұның басы, көзі, аяқ бітімі, жаратылыс түрлері біраз ителгіге ұқсайды. Бірақ ителгіден сәл кішірек болады. Лашынның түсі көбінесе кара қоңыр шұбар, тамағы ақ жағал, қанаты ұзын, құйрығы қысқа, көзі кара, денесі тығыз, кеуде жағы жуан, қаршығадан әнтек зорырақ, топшылы келген сұлу құс. Аяқ саусақтары басқа құстарға қарағанда әлді және ұзын келеді. Түлегенде сырты көк шұбар болып, бауыр жүні ақ сары тартады.

Лашын – қорықпайтын өжет, қайратты құс. Ол қандай құс болса да құтқармайтын өте қыран және ұшампаз келеді. Лашынның аяғы, ауызы екеуі де бірдей мықты. Қару болып жұмсалады. Оның тұмсығының шетінде кішкене кетік қияғы болады. Астыңғы шегінде сол кетікке дәл келіп тұратын ара темірдің тісіндей ирегі бар.

Лашын алатын құстарын аяғымен іліп, басқа құстарша ұстамайды. Қуып жетіп тиіп кеткенде, желбесін құстардың желкесін яки топшыларын тістеп киып кетеді. Екі-үш қабат тиіп шыққанда, құстар оқ тигендей қалбаңдап жерге түседі.

Лашын ерінбей ұшып, көп қуады. Және жетпей қоймайды.

Лашын үш түрлі тұқымнан тарайды: ақ бауыр кара лашын, қызыл шұбар лашын, сұр ақшыл сұр шұбар лашын. Олардың әрбірі ірі, орта шәулі болып, өзара тағы да үш түрге бөлінеді.

Кара лашынның сыртқы жүні көмірдей кара ала мойнақ болады. Бауыр жүні көк шұбар, тамағының асты жемсауының үстіне дейін ақ шұбар, канат құйрығының тактасы таңдай- таңдай толып тұрады. Жүндері канат құйрықтары судырлаған қатты қайратты болады. Қызыл шұбар лашынның сыртқы жүні қоңыр қызғылттау болып, бауыр жүндері қызыл шұбар тұрымтай жүндес келеді. Тамағының асты сары шұбар болып, желкесіне қарай саржағалданып, ала мойнақ болып тұрады. Олардың ішінде лашынның канат құйрықтарының қызғылт шұбары денірек болады.

Сұр лашынның сыртқы жүні бозғылт сұрлау, құбақанкер болып, бауыр жүні шымқай ақ шұбар келеді. Тамақ жүні ақбурылданып, ала мойнағы айқын көрініп тұрады.

Лашынның бәрінің де аяғы, басы, көзі біркелкі болып, бәрінің де көзі бірыңғай кара көз болады. Олардың бәрінің де саусақтары салалы, тұяқтары қысқа, аяқ тегеуіріндері мықты болады. Лашын бір ілінсе, кармақ сықылды босатпайды, аяғы тиген құсқа аузы бірге тиеді. Лашын құсқа түскенде, олардың мойын сүйегін киып, басын бөлек түсіріп отырады.

Лашын өте қыран құс болғандықтан, тоғайды кезіп жүргенде бір көлдегі құсты екінші көлге қуып кетеді. Не таудан аса қашқан құстардың соңынан кетіп қалады. Сондықтан лашын салған адамның аты жүйрік, әлді болуы керек.

Лашын тұйғын, қаршығалар сықылды бірұшар құс емес, ол жалықпай көп қуады. Оның үстіне лашын қанішер

қыран құс. Сондықтан суда жүретін құстар басқа жауларынан гөрі лашыннан артық қорқатын болады. Лашыннан қорқып, суға жығылған үйректер судан тек тұмсықтарын ғана шығарып, әзер-әзер ғана тыныс алып отырады. Саяз сулардың үстінен лашын аспандап ебелектеп тұрғанда тығылған үйректерді қолмен ұстап алуға болады. Егер құстар судан ұша қашса, лашын оларды қайырып қуып тығады. Лашынның осы тәрізді қанішер қырандығынан саятшылар оны «лашын ұзын құрық» деп мәтел шығарған, мәнісі, ұстамай қоймайды дегенге келеді.

Лашын – өзінен өзге аспанда ұшатын құстың бәрін алуға шамасы келетін нағыз қанішер өжет құс. Құс затында лашыннан қыран алатыны бір ғана оның өзімен тұқымдас бидайық деген құс. Бірақ лашын аңға түспейді.

**Қырғый.** Бұл үш түрлі заттан тарайды. Оның бір заты балапан жүнінде түлегенде көкшіл шұбар болады.

Қырғыйлардың жаратылыс түрі қаршығаға ұқсайды, бірақ одан кішкене болады. Қырғи әдемі құс деп саналады. Оның бір түрлі тегін «көк теке» деп атайды.

Қырғыйдың денесі үлкен, өзі жүндес ақ көк келеді. Бауыры ақ шұбар болады. Жіліншігі ұзын, канаты құладының канаты сияқты обадан бос болады. Қырғыйдың «көк теке» тұқымынан қыран шықпайды.

Қырғыйдың бір заты қара тарлан болады. Бұның денесі орта, бітімі әдемі келеді. Сыртқы жүндері қоңыр көк, бауырының шұбары қара тарландау келеді. Көзі қызыл шегір болады.

Қырғыйдың қыраны осы қара тарланнан шығады. Қырғыйдың енді бір заты қызыл шұбар, бұл кішкенесі. Мұның сыртқы жүндерінде ақ танадай теңбілі болады.

Бауыр жүні көк шұбарланып тұрады. Және сан жүндері қызыл бояу тәрізді қызыл шұбар болады. Қырғыйдың осы қызылшасынан өте қыран шығады.

Қырғыйдың қыраны үйрек, қарға, бұлдырық, шіл, сауысқан, таған, қызғыш, балшықшы және торғайларды алады.

Қырғый жоғарыда айтылған алты түрлі құстардан кішірек жағалтай, тұрымтайдан үлкенірек болады. Сыртқы көлем жағынан бұл да ірі, орта, кішкене болып үшке бөлінеді.

**Жағалтай.** Бұл құс түс реңкі жағынан үш түрлі болады: қара, құба, сұр.

Жағалтай – өз алдына бір текті құс. Оның жаратылысы лашынға ұқсайды. Бірақ лашыннан кішкенебілімен айырылады.

Қара жағалтайдың сырт жүні күйедей қара, бауыр жүні шұбар келіп, ашық қара жағал болады. Құба жағалтайдың сыртқы жүні құбақай келіп, бауыр жүндері бозғылт шұбар болады. Сұр жағалтайдың сырт жүні қоңыр шұбар келіп, бауыр жүні ақшыл шұбар болады. Бұл үш затты жағалтайдың қай затынан болса да қыран шықпай қоймайды.

Жағалтай шүрегей үйрек, тарғақ, бұлдырық, бөдене, қаншыр, торғайларды алады.

**Тұрымтай.** Тұрымтай – бұл да өз алдына бір тұқымды құс. Тұрымтайдың жаратылыс түрі ителгі мен сұңқарға ұқсайды. Жалғыз-ақ олардан кішкенебілімен айырылады. Тұрымтай жағалтаймен шамалас, бұл да түс реңкі жағынан үш түрге бөлінеді: ақ, құба, қызыл шұбар. Ақ тұрымтайдың сырт жүні ақ сұр, бауыры шұбар болып, өзі үлкен болады. Құба тұрымтайдың сыртқы жүні қызғылт құбалау келіп, бауыр жүні құла шұбар болады. Тұрымтайдың орташасы осы құбасы.

Қызылша тұрымтайдың сыртқы жүндері қызғылт келіп, бауыр жүні қызыл сары бояудай шұбар болады. Тұрымтайдың кішкенесі осы қызыл шұбары, бірақ кішкене болса да өте ұшқыр қыран келеді.

Тұрымтай қартайғанда түсі өзгеріп, көк болып кетеді. Тұрымтай тарғақ, бұлдырық, торғайларды алады.

Сөйтіп, бүркіттен өзге бұл айтқан саят құстары көбінесе жаз бен күзгі аңшылыққа арналған. Бұлармен салт құратын кез сәуір айынан бастап, содан адал құстар қайтып болғанша салына береді. Тұйғын, тұнжыр, қаршығалар жазғы айлардың қайсысында болса да талғамайды, шабыт қыла береді. Ителгі, лашын, сұңқарға келсек, олар жаздың ыстық күндерінде онша көңілді бола қоймайды, олар көбінесе күзгі айларда жақсы ұшады. Жазғытұрым уақыттарда бұлар айнығыш, қашқағырақ келеді.

Қырғый, жағалтай, тұрымтайлар неғұрлым күннің жылы уақытын ұнатады. Салқынға тоңғақ болады.

Сұңқар, қаршыға тектес құстармен саят қылушылар адал құстарды алдырып, қызығын көріп, етін жеп, жүндерін пайдалану үшін салады. Желбесін құстар қырға ұшып келісімен топ-тобымен жұмыртқалап, маусым айының басында балапандарын суға алып шығады. Жұмыртқа басқан кезінде олардың жейтін еті, алатын жүндері қалмайды, әбден арықтап бітіп, түбітін ұяға салып, бір жағынан түлеп, бірталай өзгеріске түседі. Олардың түрленіп, толып семіретін кезі күзге қарай. Саят құстарын салудың қызықты кезі де осы мезгіл. Су құстары жазғытұрым жұмыртқалап, қашан балапанын көк қанат қылып ұшырғанша, оларға құс салуды тоқтату керек. Жаздың күні қырғый, жағалтай, тұрымтайлармен құс аулау тек саят құстарына, оның ішінде бүркіт,

қаршығаларға жем әперу үшін салынады. Сондықтан саят құстарының бұл кішкенелері қай уақытта болса да тоқырамай салына береді.

Қаршыға, тұрымтай, жағалтай ұяларын қалың орман ішінде, тоғайларда жасап және сондай жерде жүреді.

Тұйғынның ұясын көрген кісі жоқ. Дегенмен тоғай, орман ішінде жолығатыны байқалады. Бұл жануардың ұя салып мекендейтін жері біздің жақта көбінесе Алтай тауы мен ішкергі Сібір ормандары сияқты, бұл тарапта (Арқада) болмаса керек. Қазақ саятшыларының айтуынша, тұйғын қаршығамен аталас, екеуі бір заттан болуы тиіс.

**Сұңқар** (*Falco gurfalco* Z.) Саят құстарының ішіндегі ең сүйкімді, тегеурінді қыран затының бірі – сұңқар. Бұл құс әрі қулықты көркем, әрі өжет ер болғандықтан, оның бейнесі халық аузында ерліктің, сұлулықтың меңзеуіне арналған.

Сыртқы дене құрылысы жағынан да сұңқар көп қыран құстың ішіндегі соқталы ірісінің бірі. Сұңқар жемге бекзат келеді. Жем жегенде аз-көп болса да артын қалдырып отырады, басқа құстарша жалақтап тауысып жемейді. “Сұңқарға талшық”, “сұңқар тамақ” дейтұғын мақал осыдан қалған. Оның кейбір тектері бүркіттен өзге саят құстарының бәрінен үлкен, денесі кен, топтылы келеді.

Сұңқардың жалпы жаратылыс түрі, пішіні, мінез-құлқы өзімен тектес лашынға не ителгіге ұқсайды. Көбінің қарама лашыннан үлкен, ителгіден сәл кішірек, бірақ одан гөрі сергегірек, қулықты, сымбатты, ойнақы құс. Басқа саят құстары тәрізді сұңқардың да ұябасары арланынан үлкен, ауыр, салмақты келеді. Сұңқардың ауырлығы бір жарым келіден артығырақ болса,



еркек тәулілерінің салмағы бір келіден аспайды. Екінші жағынан, олардың ауыр-жеңіл салмағына қарай сыртқы дене мөлшері де әр алуан түрде жолығады. Мұны, әсіресе, олардың қанат бітісінен, топты қар сүйектерінен жақсы айыруға болады. Мәселен, ұябасардың қанаты жазғанда жарты метрге таяу (39,0 - 42,5 см) болса, еркегінікі 35,5 - 38,0 см шамасынан аспайды.

Дегенмен қай сұңқарды алсақ та, олардың сыртқы мүсіні бір калыптан шыққандай бір-біріне өте ұқсас, дене құрылысы дөңгеленіп келген жұмыр әрі соқталы, кесек жатады. Қаршығатектес құстармен салыстырып қарағанда, сұңқардың кеуде жағы көзге толымды, жуан, омырауы кең, жауырын топшы сүйектері қабілетті, барлық денесі аңшылыққа бейімделіп, желбесін құстардың ең үлкенінен тоят алуға лайықталған қарулы құс екенін сипаттайды. Бұлардың бас сүйегі де бірталай үлкен, шекесі торсиган шығыңқы, маңдай алды жазықтау кең, жарқабақ, тұмсығы жуан, аузы лашынның аузы сияқты қияқты келеді.

Сұңқардың бір ерекшелігі, оның денесінің соқталы болуына қарай аяғы салалы болмайды, лашынның аяғы сияқты қысқа, дембелше келіп, одан тек сәл ғана ұзынырақ болады. Өйткені сұңқар да, лашын да алатын жемін аяғымен теуіп, аузымен қиып түсіруді көп қолданатын құс, сондықтан олардың аяқ батысы де соған қарай бейімделіп, құсты үстінен түю үшін олардың аяғы қысқа, берік болып біткені байқалады. Екінші жағынан, сұңқардың аяғының көзге қысқа, бақалтай көрінуі, оның баутағары саусағына дейін қалың шудамен жабылып тұруынан.

Сұңқардың үлкендері өте қарулы, саусағы салалы, жембасары мықты, тегеуріні шалымды келеді. Олардың ішкі-тысқы саусақтарының бірінен бірінің сондайлық

айырмасы жоқ, қарамы, ұзындығы бірдей болып отырады. Сұңқар алатын жемін көбінесе ұшып жүріп іледі, кейде жерде қонып отырған құсқа да төнеді. Ұшып жүріп ілетін құстары – қаз, дуадақ, үйрек, құтан, қара ала қаз, жапалақ, кез құйрық, тағы басқа түрлі тұз құстары. Жерде қонып отырған құстардан құшырлана тиетіні – жапалақ, саржала, кез құйрық. Бұл соңғы құстарға көбінесе ерігіп жүргенде тиеді. Әсіресе, жапалақты көргенде олар шыдап тұра алмайды, құлшынып бірнеше рет жоғары атып, сүзіліп жапалаққа тиіп, қашан ол далбандап жерге түскенше тұяғымен жампаздай береді. Қазақ саятшыларының бақылауынша, сұңқар балапанын ең алғаш үйреткенде көбінесе жапалақ, саржала, кез құйрық сияқты құстарға түсіріп үйретеді.

Сұңқар түзде өз еркімен жүргенде ұйтқып ағыза ұшатын аса ұштымпаз құс, ұстатпайтын сақ болады. Оның ұшу екпіні лашындай болмаса да жоғары тік атуға келгенде қиып түсіреді, оған ешбір құс баласы тең келмейді. Сұңқар жай оғындай зымырап жоғары атқан кезде көз ұшында оның тек бұлдыраған көлеңкесі ғана суреттеліп тұрады.

Сұңқардың ұшымпаз болуы оның қанат құйрық бітісінен. Шапшаң ұшып, кенеттен ататын сұңқарлардың қанаты қарлығаштың қанаты сияқты сүйір қыл қанат келіп, құйрығы лашынның құйрығынан ұзын, өз қанатының мөлшерімен бірдей не одан сәл ғана асып тұрады. Аспанда ұшып жүрген сұңқардың силуетін бақылап қарағанда, оның қанатының ұшы әрқашан сүйірленіп, садақтың жebesі сияктанып көрінеді.

Сұңқар – көп қыранның ішіндегі аса сұлу мүсіндісі. Оның бет-пішіні өте жайдары, мөлдіреген қара көзі, тұяғы, тұмсығы көгілдір қара не қара қошқыл, көз жиегі, танау қабығы қызғылт сары, аяғының сырты

да қызылдау сары. Танау тесігі дөнгеленіп келген көз манайы қара қылшықты, аса көрікті құс.

Сұңқардың жаратылыс қасиетін, қырандығын оның түс реңкінен жақсы айыруға болады. Қырандығы аз баяу ұшатын сұңқарлардың түсі онша ашық болмай, бірыңғай қоңыр келсе, қыран заттарының түсі шымқай шұп-шұбар болып, сыртқы жүндерінің үстінен көлденең тартқан шұбар теңбілдері айқын суреттеліп тұрады.

Сұңқар затында көбірек жолығатын көгілдір қоңыр не қоңыр қызғылт түстер. Түлегенде сырты ағарып, бауыр жүні құладың жүніне ұқсап, сырты құба, бауыры көкшіл шұбар болады. Бірақ олардың кәрі-жасына қарай түс реңкі өзгеріп отырады. Шұбар бозғылт келетін көбінесе жас сұңқарлар. Сұңқардың бір тамаша түрі – ақ сұңқар. Оның түсі шымқай ақ, канаты ұзын, құйрығы орташа келген, тұңғиық қара көзді, бір құлықты жануар. Ақсұңқар тұз құстарын көбінесе тұяғымен соғып түсіреді. Тұз құсында оның алмайтыны болмайды, аққу мен шыңыраудан бастап, бытпылдақ, қаз-қаншырға дейін ала береді.

Балапан кезінде сұңқар тұрымтай жүндес сырты қызыл шұбар ақ бауыр келеді. Бірінші рет түлегенде сырты қылаңытып, бауыр жүні құладыңның жүніне ұқсап, сырты құба, бауыры көкшіл шұбар болады. Жаңа шыққан қанаттарының ұшы, жиегі қылаңытып, иығының қанаттарының үсті қылаң түспен себеленіп тұрады. Қанаттарының астында, үстінде балапандағы қызыл шұбар жүндердің шашыранды сілемдері жүндерден теңбілденген белгі қалып отырады. Екінші түлектен кейін сұңқарлардың сыртқы құба түсі өңіп, қоңырлау тартып, бауыр жүнінің ұсақ, әдемі теңбілдері алабажақ түске ауысады.

Бүркіт, қаршыға, сұңқар тұқымдас құстар. Бұлардың әрқайсысыларының жаратылыс қасиеті, өзге құстан ерекшелігі – тұяқтарының тегеурінді, қарулы болуында. Сондықтан олар көбінесе тұяқты құстар деп аталады. Бұлар тұзде жүргенде тұяқтарының ұштарымен күн көріп, әрқайсысы өздерінің шамасы келетін аң-құстарды алып жеп күнелтеді.

Қырандық қайрат, әдемілік, пішін, ұшқыр жылдамдық, көргіш қырағылық осы тектес құстардан түгел табылады. Бұл сыңға жататын тұяқты құстар 11 түрлі: бүркіт, бидайық, ителгі, тұйғын, тұнжыр, қаршыға, лашын, сұңқар, қырғи, жағалтай, тұрымтай. Бұлар адамның тәрбиесіне көнгіш, ақылға ергіш, жаратылысы, табиғаты адамға жақын тұратын, сезімтал құстар.

Бүркіт заты бидайық, қаршыға, сұңқар тектес құстарға ұқсамайды, оның жаратылысы, мінезі, ұшымы тіпті басқаша. Бүркіттен өзге тоғыз түрлі ұсақ тұяқты құстар бірі-біріне ұқсас байланысты келеді. Тұйғын, тұнжыр, қаршыға, қырғиды алсақ, бұл төртеуінің заты бір, жаратылыс мінезі, мүше, көз бітімі, аяқ саусақтары, ұшымдарының түрлері өте жақын, ұқсас, жалғыз-ақ қырғи кішірек келеді.

Тұяқты құстардың ішіндегі біріне-бірі өте жақын, бір тектесі – ителгі, сұңқар, тұрымтай. Бұл үшеуінің жаратылыс қылығында, жүн бітімінде, көз, аяқ, бас бітімдерінде, ұшу түрлерінде жөнді айырма болмайды, өзге сұңқар заттарынан тұрымтай бір ғана денесінің кішкенеелігінен айырылады. Лашын мен жағалтайға келсек, бұл екеуінің айырмасы тіпті аз, жағалтай Лашыннан кішкенеелігінен басқаланады. Тап осылай аспаннан құйылғанда бүркіттен ұшқыр құс болмайды.

## Саят құстарын ұстау әдістері және оларды баулып, аңға қосу жайлары

Саят құстарын көбінесе тормен, қақпанмен, болмаса неше алуан тұзақтармен ұстайды. Бұл әдістер көбінесе ірі құсқақолданылады. Балапан болса, оның қанаты қатып ұшуға таянған кезінде ұядан алып асырайды.

Бүркіт, қаршыға, лашын, ителгі, тұрымтай, қырғи, жағалтай – бұлардың барлығын көбінесе ұядан алады. Тұрымтайдан басқа соңғы төртеуінің алғаны шөлжіндеу болса да, олар жаужүрек болып тәрбиеленеді.

Асау бүркітті ең алғаш ұстағанда оны әрқашан қолға қондырып, жұмсақ және майда сипап, жалыққан кезінде тыныс беріп, қашан адамнан және басқа нәрселерден шошымастай болғанша, ұйықтамастай етіп, мезгіл-мезгіл қондырып отырады. Оның үстіне жырынды саятшылар жана ұстаған бүркітті қалайда шошытпауға тырысып, өте аялап, әлпештеп ұстайды, оның денесін ауыртып, қанат құйрығын сындырып алмау жағына сақ болады. Бүркіт өте кекшіл, еркіндікті сүйетін сергек құс болғандықтан, шошынған нәрсесін есте ұмытпайды. Оның еті ауырса, құлқы бұзылып, қолды тұяғымен қысып, тұмсығымен шокып, қанатымен қағуды шығара бастайды.

Түзден ұстаған асау бүркітті қолға үйреткенде, ең алдымен оны жемге шақырып үйретеді. Ол үшін қолына жаңа өлтірген қоянның басын не қызыл ет алып, бүркітті ең алдымен жақыннан, одан кейін алысырақтан «па-па», «папым-папым» деп жемге шақырып, баулиды. Бүркіт жемге қызығып, жақсы мінезбен адамға үйренетін болса, хайуанға не сөз бар? Бұ да жолдастық құрмет, достықты түсініп, адамға жуық бола бастап, бірнеше күннен соң дауысқа үйренеді. «Кел-кел» десе, баруға ыңғайлана бастайды. Бұл, әрине, түз құсы жануардың

қолға үйрене бастағанының белгісі. Әрбірден соң оның дауысқа үйренуі сонша, дауыс жеткен жерден-ақ аңдап өзі келетін болады және әбден үйреніп жеткен соң адамға еріп қалмайды.

Бүркітті әрқашан биік жерден жібереді, өйткені қашып бара жатқан аңды бүркіт биік жерден жақсы көреді. Егер тағылық асаулықтан жаңа үйреткен бүркіт болса, оны ең алғаш төбе басына алып шықпай-ақ желсіз тынық күні жазық жерде аяғын сындырып жіберген қоянға салып байқайды. Бүркіт алабұртып қашайын деп ойламай, ешнәрседен шошынбай жүрсе, толық жуасығаны содан белгілі. Одан кейін бірнеше күн осылай аңға салып, тәжірибе істеген соң, сонар күндері түлкіге салуға алып шыкса да болады.

Бүркітпен саят құратын кез бір ғана қысқы айлар. Бүркітті көбінесе түлкі, қоян, киікке салады, кейбір бүркітті қасқырға да қосады. Бірақ өте қыран мықты бүркіт болмаса, қасқырды алу аса ылғалды, кәдік болады. Өйткені бүркітті қасқырға қосқанда оның аузынан мықтап бүріп ұстап қалмаса, оған үлкен қатер. Қасқырдың аузы бос болса, бүркіттің қанатын, не топшысын, не санын шайнап тастауы мүмкін, онымен қоймай, үйірімен жүрген көп қасқыр болса, көптеп талап та кетеді.

Қасқыр алатын бүркіттер қашан да болсын үлкен аңға түсіп, кәнігіп әдеттенген, қорықпай ұмтылатын болады. Және олар қасқырды қалай жеңіп мұқатуды да жетік біледі. Мұндай бүркіттер қасқырға түскенде оның тұмсығынан қаусыра бүріп, көзін шұқып ағызып мұқатады.

Қаршыға мен саят құруды құмар қылған қазақтар оны әртүрлі әдіспен қолға түсіреді. Ондай әдістің бір түрі – қаршығаны балапан күнінен ұстап асырау.



Қаршығаның қандай жерде ұялап, балапан шығаратынын аңшылар көптеп зерттеумен жүйрік біледі. Оның ұя салатын жері көбінесе қалың орман ағаштың іші, әсіресе, Сібірдің қарағайларының арасы. Қаршығаның балапанын ұстау үшін аңшылар түнде үйден шығып орманның ішіне барып жатады. Қаршыға – өте сақ құс, сондықтан ол ұясын кісі тауып шығара алмайтын қою қарағайдың ортасына салады. Оның ұясының қандай жерде екенін білу үшін аңшылар түнде жасырынып, ешбір дыбыс шығармай, таң білінгенше бір таса жерде тығылып отырады. Таң сарғайып ата бастаған кезде Қаршыға ұясынан ұшып жем іздеп кетеді. Сол кезде ұядағы қанаты катып өскен балапандар жем сұрап, шықылықтап шу көтере бастайды. Таса жерде тығылып отырған аңшы оған құлағын түріп, балапанның дауысы шығып жатқан ағашқа қарай жүреді. Қаршығаның ұясы қай ағаштың басында екенін әбден біліп айырған соң, оның қасына келіп, ішіндегі балапандарды қасындағы бөлекке салып үйіне келеді.

Содан кейін оны кемеліне келгенше асырап өсіреді. Бір жағынан баулып, құсқа қосып үйретеді. Жаңа ұстаған асау қаршығадан балапаннан асыраған жас қаршыға адамға тез үйреніп, баулуға тез көнеді. Оны баулығанда даладан ұстаған тірі үйректің қанатын кесіп, ұшырып, соған қосып үйретеді. Қанатын кескен үйрек жалпылдап ұзақ ұша алмай, балапан қаршығаның тегеурініне оңай түсіп, тоят алуына жақсы болады. Міне, бұл әдісті күн сайын бірнеше рет істеп үйреткен соң, балапан қаршыға өте кәнігіп, енді тұз құсын да ала бастайды. Бара-бара ол аса қыран құсқа айналып, саятшының жақсы көретін досы болып шығады.

Түзде жүрген үлкен қаршығаны ұстау бұдан гөрі басқарак. Оны ұстау үшін аңшылар әдейі үлкен

тор жасап, қаршығаның топтанып жүретін түнек жерін іздейді. Қалың орман ішінен қаршығаның түнек жерін тапқан соң, аңшы торын бір қолайлы жерге құрып, оның ішіне үйрек не басқа түрлі тұз құсының біреуін байлап қояды. Қаршыға бұл жемді көрісімен қызыға ұмтылғанда, торға түсіп маталып, шыға алмай қалады. Міне аңшы сол жерде ұстап алып үйіне келеді.

Қаршығаны ұстаудың мұнан басқа да бірнеше әдістері бар, оның бір тұзақ. Аңшы қылдап не кейбір жіптен тұзақ істеп, оны ұзын жіңішке ағаштың басына байлап, түзге шығып, құс көп жүретін көл, батпақ қақшымақ, өзен бойын аралайды. Ондай құсы көп жерде қаршыға да жиі кездесетінін аңшы өзінің көрген тәжірибесінен жақсы біледі. Аңшы су жағасын аралап жүріп, құс алып жеп отырған қаршығаға көзі түссе, сол жерде қаршығадан тасаланып, тұзақ бойы жететін жерге дейін бауырынан жорғалап отырып жетуге тырысады. Жем алып жеп отырған аш қаршыға көзі оттай жайнап, жеміне қызығып, маңайына онша қарай қоймайды. Егер жорғалап келе жатқан адамның дыбысын естісе, қаршыға шоқуын қойып, жемін тұяғына қыса ұстап, жан-жағына қараңдай бастайды. Ол кезде аңшы дыбыс шығармай жата қалады. Қаршыға жан-жағынан бөтен еш нәрсені көрмеген соң, тынышталып, қайтадан шоқуға кіріседі. Бұл кезде аңшы да ақырын жорғалап, тұзақ бойы жететін жерге дейін қаршығаға жақындай түседі. Мөлшерлі жерге таянып болған соң аңшы қаршығаға білдірмей тұзағын, оның мойнына таяп, реті келген кезде басына іле қояды. Бұдан кейін қаршыға не істесін, талпынғанымен ұшып кете алмайды. Аңшы құмар болған нәрсесін ұстап алып үйіне қайтады.

Қаршығаны ұстаудың енді бір әдісі былай болады. Бұл әдісті көбінесе құстың жылы жаққа қайтатын кезінде,

қыркүйек, қазан айларында қолданады. Бұл кезде қаршыға да өзінің тұрақтайтын мекені қалың орманның ішіне жиналады. Осы кезде аңшы қолына жоғарыда айтқан тұзағын алып, қаршығаға сездірмеу үшін аяғына ұйық, не киіз байпақ киіп, қаршыға түнектейтін орман ішіне барады. Егер аңшы қаршығаның қай ағаштың басына түнектеп отырғанын білсе, сол жерде жалма-жан ағаштың бұтағынан маздатып от жаға бастайды. Қаршыға жаратылысында өте сергек, саяқ құс болғандықтан, сатырлап жанған оттың дыбысынан ояна келіп көзін ашса, алдынан жалт-жұлт еткен оттың жарығын көреді. Қаршыға оған таң қалып, екі көзін жанған оттан аудармай, қалшынып қарап тұрып қалады. Басқа еш нәрсеге көңілін аудармайды. Осы кезде аңшы бұл көріністі пайдаланып, ақырын қаршыға отырған ағаштың түбіне келіп, тұзағын қаршығаның мойнына кигізе қояды. Міне, қаршығаны ұстауда бұл әдіс аңшылардың көп қолданған әдісінің бірі.

Саят құстарының жақсы-жаманын ашық айыратын білгіш кісілер болады, оны «құсбегі» деп атайды. Аңшы ұстаған қаршығасының қандай қасиеті барын білу үшін ұстаған күннің ертеңіне сынатуда құсбегіге алып барады. Құсбегі оның қаршығасын айналдыра қарап, оның не алуға, күніне неше үйрек, неше қаз алуға жарайтынын айтып береді. Егер жаңа ұстаған қаршыға пішін, түр, құлық, мінез жағынан сынына келмесе, «мынау тек бос қанат, мұны босқа асырағаннан еркіне жіберген жақсы, бұл дәнеңе пайда әкелмейді, аңға салуға жарамайды» дейді. Құсбегінің айтқаны аңшының көңіліне жақпаса да, кейін тап соның айтқанындай болып шығады.

Жаңа ұстаған тұз қаршығасын саятшылар ең алдымен сылап-сипап қолға үйретуге тырысады. Оның аяғына балақбау тағып, ұзын қайыстан не шылбырдан

шыжым байлап ұстайды. Үйге кіргізгенде шыжымды шешіп, биік тұғырға қондырып, аяғындағы балақбаумен байлап қояды. Жаңа ұстаған асау қаршығаны екі-үш күнге дейін ұйықтатпай, қолға ұстап, әлсін-әлсін оятып отырады. Көзіне тұзды су тамызып, үстіне су бүркіп, мазасын алады. Қаршыға әбден тынышы кеткен соң ұшуға талпынып, қанатымен қатты қиналады. Міне, сол кезде саятшы оны жұбатуға тырысып, денесін аялап сипап, қанат-құйрығын сүзіп, әлпештей бастайды. Иесінің бұлай аялап әлпештегені кейін қаршығаға өте сүйкімді көрініп, енді артық шадыр мінез көрсетпей, саятшының не істегеніне көңіл қойып жуаси береді. Сонымен қатар жемге үйреніп, қолға шақыруға келеді.

Қаршығаға жемді күніне екі рет береді: таңертең және кешке жақын. Жемге даладан күнбе-күн ұстаған тұз құсының етін береді. Мал етін бергенде оны жаңа күйінде ұсақ турап, таза суға салып ақжемдеп береді.

Осылай сылап қолдан жем беріп үйреткен соң, біраздан кейін қаршыға қолға ұстауға үйреніп, адамға жуық бола бастайды. Осыдан былай қарай оны енді құс алуға баулиды.

Аңшылардың қолданған тәжірибесі бойынша, баулудың бірінші сатысы – ұшырған құсты қолға қайырып үйрету.

Саят құстарын ең алғаш қайырып үйреткенде білгіш саятшылар қолына тері биялай киіп, қаршығаны өзінен он қадамдай жерге бос қояды да, қолына бір жапырақ қызыл етті ұстап құсқа көрсетіп: «по, по, по, по, кел-кел» деп қызылға шақырады. Қаршыға қызыл етті көрген соң ұшып, тері биялай киіп ет ұстаған саятшының оң қолына келіп қона кетеді, келіп етті шоқып жей бастайды. Бұдан кейін саятшы қаршығаны өзінен алыстата-алыстата отырғызып, бұл

тәжірибені әлденеше рет істейді. Бірнеше баулудан кейін қаршығаны “по, по” -мен” шақырып, алыстан қайыруға үйретеді. Бара-бара қаршыға бұған әбден төселіп, иесінің айтқан сөзін түсінетін болып, оның жақсы серігі бола бастайды.

Қаршығаны қайырып баулудың бұл сатысы өткен соң, оны енді даладағы тұз құсы үйрекке қосып үйретуге алып шығады. Қаршыға жаратылысында тұз құсын алып жеуге бейімделген «қанішер құс». Сондықтан ол далаға алып шығысымен екі көзін жан-жаққа тігіп, ұшқан құстың соңынан түсуге тап-тап беріп отырады.

Саятшы қаршығаға ең алғаш үйрек алдырып баулығанда, оның ұстаған құсын жалма-жан құстың тұяғынан айырып, түтетірмей, аңды таза, бүтін калпында үйретеді. Кейін қаршыға мұны да жақсы түсініп, қаз, үйрек, дуадақ алатын болса, оларды тек қиып түсіріп, аңшының келіп жетуін күтіп отыра береді. Міне, бұл да қаршығаның есті құс екенін көрсететін жақсы сипатының бірі.

Қолға жаңа үйреткен түйгын, сұңқар, лашын сияқты құстардың да қайырып баулынуы қаршығаны баулығанмен бірдей. Оларды ең алғаш құсқа салып баулығанда желсіз тымық күні далаға алып шығып, шабан ұшатын құстарға түсіріп үйретеді болмаса ұша алмайтын асыранды құсқа жіберіп үйретеді. Саятшылар қыран құсты бірінші рет құсқа салып үйреткенде олардың ұшқалаң ылақпа болмау жағын ескеріп, әдіспен алғыш, табанды болу жағын көздейді. Саят құсын ту бастан бұлай әдісшілдікке үйрету үлкен саятшылыққа жатады. Бұл үшін әрбір саят құстарының мінез-құлқын жақсы түсініп, олардың қас-қабағына қарап, іс қылу керек. Аңшылардың тәжірибесі бойынша, жаңа үйретіп жүрген саят құстарын көбінесе кешке жақын

күнбатыр алдында салған дұрыс. Бұл кез олардың мінез-құлқын, жаратылыс күйіне ұнасымды келетін қолайлы кез. Оның үстіне саятшылық ісін жүйрік білетін аңшылар күнбатыр алдын «шабыт уақыты» деп атайды. Бұл көбінесе август-сентябрь айлары. Қазан түсіп, салқын болған кезде кеш батар алдын «шабыт уақыты» деп айтпайды.

Барлық саят құстарын жібергенде бетін желге беріп жіберу тиіс. Әсіресе түйгын, қаршыға, лашын, қырғи сияқты құстардың бетін желге қаратпай жіберуге әсте болмайды. Өйткені бұлардың бетін желге қаратып жіберсе тез ұшып көтерілуіне жақсы, егер ыққа қарата жіберсе, онда желмен ыға ұшып, тез күш алып, бетін түзеп ұша алмай, дала құсынан көз жазып қалады болмаса желдің екпінімен шекеге барып қонады.

Бұларды аңға жіберерде саят құсын он жамбасқа алып, аңды мінер (сол жаққа) қалдырап, 50-60 кадамдай жерден ұша бергенде жібереді. Дала құсын қамыс ішінен шошытып ұшыру үшін саятшы әрқашан дабыл қағып отырады. Егер тұз құстары жоғары өрлей ұшса, ол аңшы құстың жіте ұшып алуына жақсы болады. Жалғыз-ақ ескеретін нәрсе, қаршыға, қырғи, түйгын сияқты қыран құстар өзінің мөлшерлі жерінен алысқа бара алмайды. Сондықтан бұлардың ұшатын мөлшерлі жерін күні бұрын білетін сілтемпаз құсбегілік керек болады.

Әрбір қыран құстың өзінің үйреншікті мінезіне қарай, оларды қолға ұстап алып жүру де әртүрлі болады. Мәселен, бүркіт, ителгі бұлар әрқашан қолға ұстап, ат үстінде алып жүргенді жақсы көреді. Бұл, әрине, оның таза ауада бабында жүруіне зор себеп болады. Егер ылғи үйде отыра берсе, іші кептеліп, еті көбеңсіп, бабынан бұзылып қалады.



Бұларға қарсы тұйғын, қаршыға, сұңқар, қырғый сияқты құстар қолға көп алып жүргенді артық жақсы көрмейді, олар қолға көп алып жүрумен шаршап, азып, еріншектеніп қалады. Оларды көбінесе күні бойы үйде тұғырда отыртып, «кешкі шабыт» уақытында салса, өте көңілденіп ұшады.

Саят құстарының ішінде адамға тез үйір болатыны көбінесе қаршыға. Баулып үйреткенде не қайырып құсқа салғанда қаршыға басқа саят құстарындай артық мәуетек болмай, икемге тез көңіл келеді. Ол қашанда болсын артық күй таңдамай, аттылы, жаяу болса да көне береді.

Саят құстарын бірнеше әдіспен ұстайды, олардың ішінде көбірек қолданылатыны қақпан, тор, тұзақ. Бұл әдістер көбінесе ірі құсқа қолданылады. Балапан болса оның канаты қатып ұшуға таянған кезінде ұядан алып асырайды.

Қақпанды не торды аңшы, құсты ұстаушылар күзге қарай құрады. Өйткені бұл кез тез қарайып ұстаудың ең бір қолайлы кезі болып саналады. Саят құстары қыстап шығатын таулы, орманды жерлерде қыс бойы құрып шығады. Бүркіт болса, оны көбінесе жем алған жерінде аңиды. Егер аңшы бүркітті жем алған жерінде көрсе, оны жемінен айырып, сол жемнің үстіне қақпан не тор құрып тастайды. Түз қырғаны бүркіт неше күн өтсе де аяғынан айырған жемге бір айналмай кетпейді. Сол жолы балапанынан ұшып, тауда жүрген жас бүркіттерге қолдан тірі қоян жіберіп алдаумен қолға түсіреді. Бүркіт қоянға түсіп, азырақ жеп тоятқан соң, оны жемінен айырып, жоғарыда көрсеткендей, қақпан, тор құрып ұстайды.

Бүркітті ұстау үшін айырған жемнің айналасына қар қалап, оның аузынан есік шығарып, қақпанды сол

есік шығарған ауызға құрады. Егер тормен ұстауды ойласа, бүркіт түскен жемді айнала шыбық шаншып, торды соған құрады. Құрған тордың іргесінен бүркіт жорғалап кіргендей ашық жер қалдырады. Құстар өзінің әдеті бойынша не тордың үстінен, не тордың қасынан жер бауырлап, іргенің ашық жерінен жорғалап кіреді. Сөйтіп, жемге қызығып кіремін деп жүргенде бүркіт торға шырматылып бір оралған соң жазылып кете алмайды. Бірақ бүркіт жасқанбай келу үшін тордың түсі сол жем жатқан жердің түсімен бірдей болып, бүркіт оның жасанды зат екенін сезбестей болуы керек. Ол үшін торды жердің үстіне ұйқас келетін қылып жасайды. Мәселен, қар жоқ күзгі боз шөпті жер болса, тордың тұсының құбақай сұр болғаны жақсы. Қысқы қар жатқан кезде – ақшыл, бозғылт болып келгені бүркітті сескендірмей, күдіксіз ұшып келуіне жақсы болады.

Бүркітті ұстау үшін қақпан құрса, қақпанды аңдып отырып қолма-қол айырып алмаса, ол құстың аяғын қиып, іске жаратпай тастайды. Оның үстіне қақпан қысқан аяқ суықта үсіп кету қаупі тағы болады. Торда қауіп жоқ, бүгін құрып кетіп, ертең келіп жазып алуға бола береді. Дегенмен жемге тор не қақпан құрғанда аңшы бойын көрсетпей, алысқа барып бой тасалап отырғаны жөн, әйтпесе құс адам жақын жүргенде одан сескеніп, адамның көзінше түскен жеміне келмейді. Құстар да өзінше әдіс қолданып, көзкөрім жерге ұшып кетіп, алыстан бақылап сақтанады. Алған жемін тек онашада келіп жейді.

Бүркітті қолға түсірудің бір түрі – оны жаздың күні ыстықтап отырған кезінде ұшқыр атпен қуып ұстау. Бүркіттер жаздың шыжыған ыстық күндерінде жалқау тартып, маужырап ұша алмайды. Ондай күндері олар таусыз ағашы жоқ жазық жерде кездесе, аттан қашып

құтыла алмайды, тек салпаңдап бір-екі шақырым жер ұшып қона береді. Біраздан соң тіпті болдырады. Алғашқы қуғанда демін алдырмай жылдам барып қалса, саскалақтап ұша алмай, тез қолға түседі.

Бүркіт ұясын аса қиын шың тасқа салады не қалың жыныс ағашқа салады. Ол өте сақ құс болғандықтан, адам ала алмастай берік жерге барып ұялайды. Сонда да оның ақылын тауып, балапанын алады.

Бүркіт ұясын шың, құз жартастың ішіне салса, оны іздеген аңшылар ұзын арқанды біреуінің беліне байлап, оның бір ұшын орнықты жерде отырған өзінің жолдастарына ұстатып, асылып түседі. Айналып кетпеу үшін беліне көлденең сырықағаш байлайды. Балапанның жатқан жеріне құз-тастар кемерленіп барғызбайтын болса, ұзын қармақпен тұзақтап алады. Ұяның асты-үсті өте құз болып, адам бара алмастай болса, балапанның қанаты қатып ұшуға таянған кезінде, үстінен қоңырау қағып салдыратып болмаса тақау жерінен мылтық атып шошытса, балапан жерге ұшып түседі. Қалың ағаштың ең биігіне жасаған ұя болса, одан да осылай шошытып түсіреді не сатымен көтеріліп алады.

Бірақ саят құстарының балапандарын жас күндерінде алуға жарамайды. Ондай көкше балапан жетіліп құс болуы өте қиын. Бүркіттен өзге ұсақ құстардың балапаны болса, тіпті кемшілік қылады. Саят құстарының алғыр қыран болуы үшін түзден түскеннен артығы болмайды. Әсіресе тұйғын, тұнжыр, қаршыға, сұңқар, қырғи осы бес түрлі құс балапан күндерінде асырауға көнімді болмайды. Жетіліп, құс болып іске жарамай, босқа өліп қалады. Балапанынан асырауға көнетін құстар: бүркіт, ителгі, лашын, жағалтай, тұрымтай. Бұлардың барлығын тамағын тоқ қылып, тәрбиесін жақсы қараса, тез құс болып шыға келеді. Өйткені бұлар көнімді құстар.

Саят құстарының кейбірі (қаршыға, лашын, ителгі) желбесін (адал) құстармен бірге қысқа қарай жылы жаққа қайтады. Қыркүйек айы туған соң жылы жаққа қайтатын қыран құстар дайым ағашты, өлкелі жерлерде көбірек жүреді. Аңшылар құстардың қырандарын әсіресе осы кезде ұстап қалуды талап етеді. Қыстамаға қалған «мұзды балақ» құстарды қысқа қарай ұстайды. Орманды, таулы жерді мекендеп, бойына сеніп, қыстамаға қалған құстарды «мұзды балақ» деп атайды.

Түзде жүрген даланың тағысын қолға түсірген соң ерекше ой бөлетін нәрсе, оларды баулып, тәрбиелеу, пайдалы іске жарату. Саят құстарын баулып үйрету түрлері бас-басына бөлек-бөлек болады. Саят құстарының ішінде бабы қиын болатыны, әсіресе, бүркіт. Өйткені бүркіттің алатын аңдары айлакер, мықты болғандықтан, олардың алуы өте қиындықпен түсіп, бүркіттердің салуы да өзге құстардан қиынырақ болады. Бүркітті баптап, оған азулы аң алғызуды еш оңай деп айтуға болмайды. Бұл сонша алысуды керек қылып, қиындықпен түсетін болған соң Абай оны «жеке батыр шыққандай қан майданға» деп суреттейді.

Бүркіттің аң алғаны әркімге қызықты. Оның ішінде қыран мен азулы аңның алысып, қызыл қанға боялып жатқаны, әсіресе, саятшының құмарын таркататын іс.

Міне, осындай қызыққа батырып әрі олжа түсіретін тұз қыранын баптап іске жарату бір ғана есебін тапқан шеберлік пен ерінбеген еңбек арқасында ғана болады. Тұз қыранын өзінің ықпалына түсіріп, айтқанына көндіретін мініскер саятшы бір ғана.

Қолға ұстаған бүркіттердің өмірі түрлі жағдаймен байланысты болғандықтан, олардың баптауы да төрт

түрге бөлінеді. Мәселен, түзде ұсталған асау бүркіттің бапталуы, екінші ұядан алынған қолбала бүркіттің баптауы, үшінші түлеткен дағдылы бүркіттің баптауы, төртінші қатырып отырған жайлауыш бүркіттің баптауы.

Түзден ұстаған асау бүркітті баптағанда оның аяғына бау тағып, басына томаға кигізгеннен кейін жембасар (тегеурін) дейтуғын мықты төрт тұяғын азырақ мұқап қарып қояды. өйткені түзде жүрген бүркіттің тұяғы өте үшкір болып қысса, биалайдан өтіп қолды жаралайды. Оның үстіне жаңа ұстаған асау бүркіт әрқашан аяғымен шауып, аузымен тістеп отырғыш болады. Оны ең алғаш қолға үйреткенде тұмсығын өзінен бұрын ұстап қысыңқырап қойса, тістеуін қоя бастайды.

Асау бүркітті үйреткенде оны қолдан түсірмей, аса сақ болып, өте жұмсақтықпен сылап-сипап бойға үйрету керек. Бұдан кейін томағасын алып, көзін ашық қойып, үй ішіндегі адамдардың жүрген-тұрғандарын көрсетіп, жалықпай айналдыра берген жақсы. Жаңа ұстаған бүркіт адамнан жасқанып, қорқак келеді. Оның денесіне қол апарғанда әрқашан бауыр жағын сипап, қатты жұлқыламай, түрткілемей, ақырын жүндерін тарап, канаттарының астын, екі сандарын ұстап, қауырсын жүндерінің қобысына қол апарып, құйрықтарын салалап шығып отыру керек. Қолды сыртынан апару әсте жарамайды. Шошығыш болады. Етін ауыртқанды, шошытқанды бүркіт өмірі ұмытпайды. Және бір шошыса, ол жуырда жуасымайды.

Бүркітті сылап-сипауға үйретіп, шауып тістеуден жуасып, кісіден шошып қашқақтауын қойған соң, енді биялаймен қызыл жем ұстап шоқытуға үйретеді. Бір-екі шоқып көрген соң аш бүркіт дөндеп, адамның

қолынан тамақ беретінін сезе бастайды. Бірақ асау құс алғашқыда көп жей бермейді. Жегісі келгенде де көп жегізбей, тарттырып айырып алып отыру керек. Бүркіт неғұрлым ашығып қажыса, соғұрлым адамға тез үйренетін болады. Асау құсты бір жұмаға дейін түнде ұйықтатпай ашықтырып ұстаса, ол есенгіріп тез жуасып қалжырайды. Ұйықтамаса еті де жылдам арықтап, бойын да жылдам береді. Күндіз қанша айналдырғанмен, түнде ұйықтап алса, бүркіт тынайып шақырайып шыға келеді. Бүркіт үй ішінде алқынып, бойы қызған кезде ішіне таза мұздан азырақ салып, бойын салқындатып отыру керек. Бірақ көп салуға жарамайды. Бүркітті әрқашан тұғырға қондырып, мықты байлап, томағасын алып қойып үйрету керек. Үй ішіндегі кісілерден шошымай, қызылға келетін болған соң, күндіз жуас атпен далаға алып шығып, томағасын алып, даланы көрсетіп, атқа үйрету керек. Ат үстін алғашқы көргенде оны да жатырқап, басына, құлағына қарап, жалтақтап сескеніп отырады. Көптің жиналған жерлерінде дабыр-дұбырға да көбірек ұстап, сезімін, көзін үйретіп, дағдыландыру керек. Кісі мен жылқыдан басқа бүркітке ауылдағы итті, төрт түлік малды да көрсетіп үйреткен жақсы.

Бүркітті томағалап көзін қараңғылап қойғаннан жарықты көрсетіп ұстаған анағұрлым пайдалы болады. Бүркітті ең алғаш рет қолға шақырып үйреткенде оны үй ішіндегі тұғырға қондырып қойып, ұзын баудың бойында жерден шақырады. Егер оған келсе, енді алысырақтан шақырып үйретеді. Үй ішінде қолға келетін қылып үйреткен соң енді ұзын шығым жіп байлап, далаға алып шығады. Далаға апарып томағасын алып, биялайдан азырақ қызыл тарттырып, одан кейін қызылдан ақырын айырып жерге қондырады. Құсты бос қойып, ең алдымен жақынырақтан бір қабат шақырып



көреді. Оған келетін болса, бүркітті енді төменірек тастап жоғары қарай бірнеше рет шақырып, мінезін байқайды. Егер келерлік болса, шыжымнан босатып жіберіп, алыстан шақырып дыбысқа үйретеді. Дауыстап «кел-кел» дейді. Шақырған дауысқа түсініп қолға келгенде, жемге дәндетіп жегізіңкіреп алады.

Алғашқыда жаяу шақырғанға үйреніп, босатпай еріп отырса, онда кейін ат үстінен шақыра бастайды. Атпен шақырғанда желсіз күні жазық жерден ат үстінен бір қабат жем тарттырып алып жерге тастап, тағы да «кел-кел» деп шақырады. Шақырғанды біліп, жоғары көтеріліп келсе жемді көбірек жегізіп дәндеткен жақсы. Жемді аз жегізіп, көп шақыра берсе жалығып, еріншек болады, табаны қайтып кежір болып, отырып қалады.

Шақыруға келген сайын алыстан айғаймен шақыра берген дұрыс. Осылай шақырып дағдыландырған соң, шақыруға алыстан келген кезеңінде тоят беріп байлап қояды. Ертең кешке жақындағанда тағы да осы ретпен үйретіп, күнінде әлденеше шақырып үйретеді. Ең соңында бүркітті адамның соңынан еріп жүретін дәрежеге жеткізіп, әбден еліктіріп алады. Аңшылардың тәжірибесі бойынша, бүркітті ең дұрысы түстен кейін баулыған жақсы. Бұл кезде бүркіт алабұртпай, саятшыны тыңдағыш, оның айтқанына көнгіш келеді.

Бір айтатын нәрсе, асау құстардың қанат – құйрықтарын сүзіп байлаған дұрыс емес. Таранып қасынғанда құйрық – қанаттағы байлаған жіпке тұмсығы тигеннен кейін өз денесінен өзі сескеніп, қышынып, таранбай кіржиіп отырып қалады. Құстардың қасынып таранғаны, аяғын, қанатын созып керілгені болмаса жұдырығын түйіп, барлық жүндерін түгіп жіберіп дүрілдетіп сілкінгені – оның денсаулығы мықты болу үшін өте керек нәрсе. Ол құстың сергек отырып,

өзіне-өзі келіп, құрыс-тырысының жазғанын көрсетеді. Екінші жағынан, құстардың құйымшағының үстінде жүндерін майлап ажар беретін майлы жүні болады. Құс одан тұмсығымен май жұқтырып алып, барлық құйрық-қанаттарын сылап, қанат-құйрықтарының түктерін қуратпай жаңғыртып отыру үшін керек болады. Егер құстың қанат-құйрығы сүзілу болса, осының бірде-бірін істей алмай мүгедек болады. Құстың бұлай майлап таралуы оның денсаулығы үшін өте қажет. Және оған ұшқанда да қанат құйрығының еркін, бос болғаны пайдалы. Қанат-құйрығы сүзілген құс шүмендеп ұша алмай, аңға түскенде ыңғайы кетіп, ұстай алмай сорлы болады.

Кейбір саятшылар құстың қанат-құйрығын тек қашады деп байлайды. Бұл, әрине, дұрыс емес, бойын беріп мінезі түзелмеген, етіне түспеген құс құйрық-қанаты қанша сүзілгенмен қашуға ұмтылғыш келеді.

Осы айтылғандардың бәрі құстың мінезін қалай жуасытып, оны қалай үйрету турасындағы әдістер. Біз жоғарыда да айттық, тұз құсы адамның ықпалына бір ғана ашығумен, азып-арықтаумен ғана көнеді деп. Жаңа ұстаған тұз құсын арықтату үшін оған құстыратын қоялар, ас болмайтын нәрсіз арық ет не ағартып жуылған жемдер беріледі.

Саят құсын қайыратын жем екі түрлі: бірінші – арық малдың таза еті, екінші – арық аңның еті қызылдай беріліп және жеген жемінің шамасына қарай қоңыр салқын суды құстың аузына түтікпен жібереді. Қоңыр салқын су қызылдай жеген жемді құстың жемсауында бөрттіріп, жылдам сіңіріп бойына жұқтырмай, ішін шайып тазалауға жақсы. Құсқа жем дайындағанда етті жұқа ұсақ турап, майы мен сіңірін жібермей, ыңғай қара етін алып жем аяққа салады. Содан жылы сумен

бір қабат жуып төгеді. Бұдан кейін суық сумен қайта-қайта шайқап араластырып, екі-үш қабат қанды суын төгіп тастайды. Содан жем аяқты суық сумен толтырып, жемді су ішінде бес-алты сағаттай тұрғызады. Су ішінде тұрған жем бозарып, дәмі кетіп бөртпеге айналады. Ең соңында осы боз бөртпені құсқа тойғанынша жегізеді. Міне, майлы құсқа берілетін жем осы. Майы аз құсқа қызыл беріп, артынан аздап түтікпен су жіберіп отырса, қалыпты етіне түседі.

Жемді дұрыс берумен қатар қалыпты етіне түсіру үшін ең керекті нәрсе – оның ішін тазалау, ол үшін құсқа қоя беріледі. Қоя ащы, тұщы болып екіге бөлінеді: тұз, бұрыш, кара шай, мұсатыр, жас тал булар – ащы қоялар. Сары қант, ақ қант, ақ тамшы, макта, қоян жүні, құстың мамығы, жаңа киіз, қу күде, қу сүйек, бұлар – тұщы қоялар.

Майлы асау бүркітке ащы қоялар беріледі. Ащы қоя құсты тітіркентіп, ренжітіп, шегін кеңейтіп, майын ыдыратып, қазысын жыртуға керек. Еті арық құстарға бөтекесін тазалап құстыру үшін бұрыш пен мұсатырға қант қосып береді. Ішін өткізіп, шегін тазалау үшін кара шай, қант, ақ тамшы (мята) беріледі. Құстың ішіндегі қылшық қыбырды түсіріп шегін тазарту үшін макта, мамық жүн, киіз қоялар беріледі.

Шектерінде май бар ма деп күдікті болғанда қу сүйек, қу күде беріледі.

Қояны қалай болса солай кез болған құстардың бәріне бере бермейді, олардың сау, жуастығына, арық, семіздігіне қарай лайықты қоя береді. Арық құсқа күнті қоя берсе, оны көтере алмайды. Семіз құсқа жұмсақ қоя берсе, оның пайдасы да болмайды. Соның үшін осы айтқан қоялар құстардың күйіне қарай беріледі, әсіресе түзден түскен асау құсқа ащы қояны көп берген

жарамайды. Түз құсын ылғи сулы жеммен қайыру да дұрыс емес. Не далада еркін жүрген түз құсы қысқанды көтере алмай, дертке жылдам шалдығады, оны неғұрлым түздегі жеміне тақау жеммен асырап, басқа тәрбиемен жуасытып, етіне келтіріп алу керек. Жаңа ұстаған түз құстарын көбінесе аң етімен қайыру керек. Оның үстіне жылы қан беріп отырған аса пайдалы болады. Асау құс шақыруға әбден келгіш болған соң, аңға алып шығуға болады. Асау бүркіт ең алғашқыда аңға қолдан тура ұшып кете алмай жасқанып, аңды көріп, алғысы келсе де жүрегі тарс-тұрс соғып, адамнан қорқып отырады. Қолдан нұсқаңқырап ұшырып жіберіп, айқайламай тура шаппай қарап тұру керек. Аңды барып ұстаса, тасырлатып қатты бармай, атты алысырақ тастап, қырындап биялаймен жемді ұстап көрсетіп барады, онда да аяғындағы аңды ұстап айырмай, өзіне қоя беріп, алысып қытығы жазылып, ашуы басылып жуаси бастағанша күтіп отыру керек. Жеуге айналып бір жерін тескенде, қолдағы жемді сол жеріне ұстап, жақсы тояттатып алып, аяқтарын ақырын еппен бір-бірлеп босатып айырып алады. Бірақ томағаламай сипап демін алғызып, алған аңын көзіне көрсетіп, бойын үйретіп отырса, көңілі әбден жайланып бір сілкініп алады.

Асау құстың жаңа бау ашқан анынан жылы қан ұрттапаса, ол айнып қалады. Асау бүркіт ең алып бау ашса, аспаңда айналып жүріп тау кезіп, қайта қолға шақыруға келсе, оның әбден сенім бергені, мінезінің түзелгені болады.

**Қолбала бүркіттің баптауы.** Ұядан алған балапан бүркіт майлы семіз болса, жоғарыда айтылғандай ақ бөртпемен майын жұқартып алады. Арықтаған соң бір-ақ үйретемін демей, бүркітті күнінде қолдан

түсірмей, сипаудан босатпай үйрете берген жақсы. Көр балапан бүркітті тұғырда отырғанда томағасын алып ұстау жарамайды, ол томағасыз отырса, итке шауып жақындаса, түсіп қалады.

Қолбаланың майы арылысымен шақыруға тез келгіш болады. Қызылын толық ұстап, желді күні таудың жел бетіне, ауылдан аулақ жерге апарып ұшыра беру керек. Оған «есірікті» /тірі аңды/ көбірек бастырып есіріктен тоят жегізе берсе дәндеп, аңды жылдам танып кетеді. Қолбала түзден ұстаған асау құстай емес, жуас болады. Оған ең керекті нәрсе – ұшым үйретіп, аң таныту. Қолбаланың етін неғұрлым күйлі ұстамаса, ол өзінен өзгеге жабысып, зуре қылып мінезі бұзылады. Ақ танып төселгенше оны елсіз жерде малды ауылдан аулағырақ, шетірек жердегі таудың анына салған дұрыс.

Қолбаланы құстырғанда қояның ащыларын береді, өйткені оның жемсауында жаман жеммен байланған нәрселер көп болады. Оның мешеу, маймақ болмай өсуі үшін оған әсіресе сүйектің ұнтағы, жұмыртқаның қауызын ұн қылып, жемге қосып беру керек. Осылай асыраған қолбала қоян алып дағдыланса, баулынып үйренгенін көрсетеді.

Қолдан асыраған балапан бүркітті бірінші рет қосып үйреткенде қолдан жіберген қоянға, асыранды түлкіге, қарсаққа түсіріп үйретеді. Бұлай үйрету онша қиын болмайды. Елсіз жерге екі-үш рет апарып қосса, үйреніп кетеді. Қол балапанның тау ішінен бірінші рет тағы түлкі алғаны оның аңды жақсы танып, дәнкіенін көрсетеді. Қолбаланың да үйретіп өтіне келтіру жайлары жоғарыда айтылғандармен бірдей. Екінші жағынан, қай құс болса да өтін ауыртып ренжіткенді жақсы көрмейді, ондай болса, кісімен өштесіп кетеді. Сондықтан қай құс болса да олардың мінезін бұзбай ұстау – саятшылықтың бірінші шарты.

**Қол түлек дағдылы бүркіттің баптауы.** Қазақ саятшыларының көптен тұтылған тәжірибесі бойынша, ерте түлеп, жүні жетілген дағдылы семіз бүркітті тамыз айының 15 інен бастап жемін суға салып, қызыл бөртпелеп қайыра береді. Күзгі салқын түсе бүркітті баптауға кіріскенде, құсқа сулы бөртпені күнара беріп, бүркіттің майын жұқартып алуды қажет деп табады. Бір айдан кейін жемді ағарта жуып, күн сайын беруге тура келеді. Бірақ ақ жемді бүркітке тойғанынша берген жөн. Табылса арық жылқының етін болмаса қоян етін берген жақсырақ болады. Жазды күні түлетіп семірткен бүркітті түнде қойдың ортасына жүкті арба тартып, соның үстіне байлаған дұрыс. Өйткені арбаға түні бойы қой сүйкеніп арбаны қозғап, бүркіттің ұйқысын бұзып ұйықтатпайды. Бүркіт ұйқыны өгейсіп, жылдам арықтайды. Түнде ұйықтатпаудың мүмкіндігі болмағанда аттың тері сінген терлікке суық суды көп құйып, тұғырдың үстіне жауып, түні бойы соған қондырып, далаға байлап қойған жақсы.

Түлекте семіртіп отырған бүркітті ыстық күннің көзіне қызыл желдің өтіне байлау әсте жарамайды. Оның жүні жаңа түрленіп келе жатқанда бүркіттің түнгі салқында далада болып, күндіз көленкеде болғаны пайдалы. Бұл бір жағынан, оның денсаулығының дұрыс болып, етінен түсуіне әсер етсе, екінші жағынан, салқын жайда тұрған оның көңілін сергітіп, жақсы ұшымды болуына себеп болады.

Түлекте отырған бүркітті әрқашан қыспай қайырып, оның майы әбден арылып, бабына келгенде ұшырған мақұл. Тұғыр теуіп шарланған құс майы арылмай ұшса, қызыл май болады. Түлекте семірген құсты асығып қайырса, оның қазысы жыртылып, бабына түсе алмайды. Түлектен шығарған құсты



күннің салқын тартқан кезінде ұшырған дұрыс, онда құс бұзылмай бабында болады.

Бүркіт етіне түсіп, жылы күнде аң алса, аңның ыстық етін жегізуге болмайды. Өйткені құс ыстық қан ұрттаумен бұзылады. Аң сағынған дағдылы құс алғашқы көрген анын етіне түспесе де қызығып алып қалады. Бірақ аң алды деп мезгілсіз аң алғанына сеніп, қоса беруге болмайды, ол адамды алдатады.

Семізден қайтарған құсты жайымен баптап, салқынды тосып отырып қосқан жақсы. Құстың қызылын толық ұстап майын тазартып салса, ол уақытта құс бабында болып ерінбей ұшады. Және мықты аңмен алысканда әлденіп, қуатты болады. Майланып қайтарылған құсқа бапты етіне жақындағанда екі-үш қабат қу сүйек не қу көдеден қоя берген жақсы. Қу сүйекті отқа өртеп, аппақ болып қуарған соң үгіп, елеп алып, таза шүберектен ұзынша бір тұтамдай қалта тігіп, соны толтырып аузын тігіп, құстың аузына салып жібереді. Болмаса күкөденің әбден қуарғанын жиып алып, бір тұтамдай қылып жұмырлап, құс аузына сиярлықтай етіп екі басын шуда жіппен буып, тұжырып, сыптығырлап құстың аузынан салып жібереді. Бұл екі түрлі қоя да құстың шегін аралап, ішін сүзіп, тазартып аузынан түседі. Бұл, әсіресе, іші майлы құсқа аса пайдалы болады. Бұлардан өзге құстыратын, ішін жүргізетін қояларды да саят құстарының күйіне қарай бере береді. Әсіресе, ащы қояларды орынсыз беру пайда орнына зиян келтіреді. Сондықтан одан сақтану керек.

**Жаз түлетпеген жайлауыш бүркіттің баптауы.** Жазғы түлетпей қатырып ұстаған бүркіт майланбай, қағылшаң арық болады. Бірақ сол арық бойынша оның қызылын көтеріп, етін жұмсартып алу керек. Бүркіттің жемін суға салып бөртпелеп, оны тойғыза күніне үш-

төрт қабат берсе, бүркіттің қызылы жұмсап көбенсіп, еті көтеріле бастайды.

Қыркүйектің салқын күндерінде бүркітті қызылға шақырып, мінезін түзетіп, ұшыра беру керек. Бұдан қара кемік жайлауыш бүркіт қашпайды.

Түлемеген бүркіт күзгі салқын түсе таранып, қышыңғыш келеді. Қанат-құйрығынан бірен-сарандап босатып, жүн түсіре бастайды. Сондықтан оған қан сіңгізбей, етін семіртпей ұшыра берген дұрыс. Бүркітті неғұрлым ұшыра берсе, ол таранбай, түлемей, аман отырады. Жайлауыш бүркітке де күн көзінде отыру пайдалы болмайды, құс баласы, оның ішінде бүркіт әрқашан салқын жайды, таза орынды ұнатады.

Одан кейін тірнек жасында қатырған бүркіт күйшіл болмайды. Түлекте отырып қайырған құсты қатырған жылында жылы күнде ерте ұшыру және жарамайды. Жер қатырып ұстаған бүркітке әрқашан бір қабат ащы қоя беріп, құстырып алу керек болады. Аңға ұшырып салып жүргенде қоян жүні не мақта қоямен бір қабат ішін тазартып алған дұрыс. Бірақ арық құсқа қояны жиі беру жарамайтынын ұмытпау керек.

#### **Ителгіні баптап аң-құстарға салу жайлары**

Бүркіттен соңғы саят құстарының ішіндегі аңға түсіп азусыз адал аңдарды алатыны – ителгі. Ителгі бүркіттей қарулы болмаса да жансебіл, ержүрек, қорықпайтын құс.

Ителгі бүркіттерше қосқан нәрсесін ұстап қалмайды, аңдардың үстінде ұшып теуіп жығып алады. Бүркіт тәрізді бұған да томаға кигізіп алады. Томаға кигізбесе, ителгі талпынғыш, тынышсыз болып, қанат-құйрықтарын сындырып, дамылдамайтын ұрыншақ келеді.

Бүркіт сияқты асау ителгіні де қолдан түсірмей, сылап-сипаумен жуасытып үйретеді. Ителгі асау күнінде қол тістегіш. Қияңқы келеді. Бірақ тұмсығын қысыңқырап қойса, жуасып тентектігін қояды. Ителгі бойын беріп үйренген соң өте жуас болады. Ителгі жуасыған соң, оны қолдан түсірмей қызылға шақыра берген дұрыс. Және шақырған сайын тоят беріп дәндетіп қолға үйретеді. Қызылға келгіш болса, ителгінің жөнделгені.

Ителгі – жемге шыдамды, қанағатшыл құс, күндізгі жемін шақырумен қызылдай жегізіп, кешкі жемін жуып, ақ бөртпелеп берген жақсырақ болады. Және ителгіге жемнің қанын алып бермесе, еті кемімейді, оның үстіне қызылды аз жеп, бөртпені көп жемесе, етіне түспей, сан еті ашаң бола береді. Екі жақ төс етін төстің шыбығымен бірдей қып босатып, майдан тазартып алса, ителгі жақсы ұшады. Қызылы төмендесе, ителгі салпаңдап ұша алмайды.

Тағы бір айтатын нәрсе, ителгінің жемсауында сар жалқаяқ құсығы болады. Оны түсіру үшін мүсәпір мен қантты майға үгіп, екі есесін мүсәпір, бір есесін қант қылып, бір атым насыбайдай қылып араластырып, таза ақ матаға орап, ителгінің аузынан салып жіберсе құсады. Ол әбден құсып болғанда қалтасы түсетін болады. Бір құстырғанда тазармаса, екі күн өткізіп, тағы құстыру керек. Ителгінің зердесі тазарса, шақыруға келгіш болып, аңға қосқанда шабытты болады. Түзден түскен ителгі айғайға келсе, етіне түскені содан белгілі. Ителгі бабында жүрсе, сергек елгезек болады, бабында болмаса, сылбыр, жалқау келеді. Бабында жүрген ителгіні ат үстінен түсірмей аңға, құсқа сала беруге болады. Оның үстіне түз ителгісі шақыруға алыстан келетін болған соң, аң-құс алудың жайын өзі де жақсы біліп, бау аша бастайды.

Ұядан алған қолбала ителгі алғашқы кезінде аң-құстарды жақын танымайды. Сондықтан оған түздің аң-құстарын көбірек бастыра беру керек. Және бастырған аның бәрінен тоят жегізген жақсы. Сонда ол кәнігіп, дәндей береді.

Балапан ителгінің бір ерекшелігі ол неден тоят жесе, соның қолында өледі. Аның үлкенін үлкен деп қорықпайды.

Ителгіні аңға салғанда итпен бірге үйретеді. Ителгі аңдарды аспандап шығып теуіп, көзін ойып мұқатады. Сондықтан ителгінің тегеурінінен аңдар қашып құтыла алмай, қорғаланып, айналып жүргенде, артынан ит келіп ұстасады.

Балапан ителгінің жөнделіп етіне түскені, тау асып кетіп шақыруға қайтып келсе, аң-құстарды қуа білсе, кешікпей бау ашатынын көрсетеді. Ителгіні бау ашарда жақсылап тоят жегізіп алу аса пайдалы нәрсе. Ол неғұрлым тоят жей берсе, сонша жөнделіп, көңілді болып, басқа құстардай айнығыш болмайды.

#### **Тұйғын, тұнжыр, қаршығаның баулынуы**

Тұйғын, тұнжыр, қаршыға үшеуінің аттарының басқалығы болмаса, жоғарыда көрсетілгендей, олардың заты, табиғат жаратылыстары біріне-бірі тіпті жақын болады. Бұлардың алатын құстары да бір түрлі, үшеуі де бірінің алғанын бірі алады.

Бұл үш түрлі құстар көбінесе қыс айларында қолға түседі және үшеуі де тормен ұсталады. Тұйғын, тұнжыр, қаршыға үшеуінің бабы, тәрбиесі біркелкі болады.

Сыртқы түс жағынан үшеуі үш түрлі құс болса, да, күтімі, тәрбиесі бір болған соң, олардың баптау жайларын бір қосып баяндағанды дұрыс көрдім.

Бұл үш құс қолға түскеннен кейін қысқы жылы үйдің бір бұрышында, таза жерде асырау керек. Жылы

жерде ұстаса, оны бұлардың денесі сүйіп және адамға көзі үйреніп, тез жуасуына жақсы болады. Бұл құстар оңаша суық жерде отырса, ол олардың әрі денсаулығына зиян келтіріп, әрі адамға үйренбей, тағылық асау қалпында қалдыруға бейімдейді.

Қаршыға, түйғын, тұнжырларды қысқы асырап отырғанда онша семіз ұстаған жарамайды, олардың етін алаңдау кылып, орташа кылып ұстаған жақсы. Бұлай ұстау олардың денсаулығы үшін де, қайыра ұшыруында да пайдалы болады. Егер бұл құстар семіріп майлы болса, ақпанның ортасынан былай қарай жемді күнара беріп, қайыра берген дұрыс. Бұлай істесе, наурыздың ортасына дейін майы азайып, бабына түсетін болады. Наурыздың ортасынан бастап үй-ішінде қолға алып, сылап-сипаудан босатпай бір жұма айналдырса, құстар жуасып, көндіге бастайды.

Түйғын, тұнжыр, қаршыға – адамға тез үйренетін құстар. Үй ішінен қызылға шақырып, бірнеше рет жаттықтырып, қытықсыз келетін қып алған соң, жылы күндерде атқа алып далаға жүріп, атқа, төңіректегі нәрсеге үйретеді. Түзден жаңа ұстаған саят құстары ат үстін алғаш көргенде шошып, талпынып отырады. Сондықтан атқа мінерде, түсерде құстың бауын оралдырмай, құсты аттың қабырғасына соқтырмай шошытып, сескендірмей, сақ үйреткен жөн. Атқа үйренген соң саят құстарын ат үстінен жерге тастап, жемге шақырады. Шақыруға шабандап келетін болса, оларға мұсатыр мен қантты толық атым насыбайдай майға үгіп, екі есесін қант қылып, таза мақтаға орап, жұтқызып жіберсе, бұлардың жемсауын тазартып, бөтегесіндегі қоясын түсіреді. Ақ тамшы быламық жұтқызса да, о да ішін тазалап шығарады.

Түйғын, тұнжыр қаршығалар семіз болмаса, қоясын түсірудің керегі болмайды. Арық құстарға қоя зарар болады. Тегінде ұсақ құстарға жүрегін тазалап, ішін шаю үшін берілетін қоялар: қант, ақ тамшы, мұсатыр, сары қаныт. Саят құстарының ішіндегі қылшық-қыбырын түсіретін жұмсақ қоя адал құстардың мамық жүндері. Олардың мойнын, бас терілерін, жеммен бірге жегізіп жіберсе, саят құстарының ішін тазартып шығады. Сондықтан бұл құстарға ақ жемнің керегі жоқ.

Түйғын, тұнжыр, қаршыға ыстық күндерде құсқа салып жүргенде шөлдемпаз келеді. Сондықтан оларға түнектегі жемін қоңыр салқын сумен бөртпелеп беріп, шөлдеместей ету керек және бір мезгілгі жемін сулап беріп отырса, ол әрі сусын болады, әрі қызылын босатып, ішін тазалайды.

Түйғын, тұнжыр, қаршығалардың күйіне түскені ат үстінен бөгетсіз шақыруға келгенінен байқалады. Шақыруға әбден еріп отыратын болған соң, таңертең ертемен атқа алып жүріп судың жағасына апарып, желбесін құстардың көп жүретін жерін көрсетіп әдеттендірсе, кешке жақындаған сайын ұшып-қонған су құстарын көріп талпынып, қызығып отыратын болады. Бұл айтқан үш құсты ертемен салмай, дала құсын тек көрсетіп, қызықтырып жүрген жақсы, сонда олар шабыттанып, алғыр болуына жақсы болады. Оның үстіне кешке жақындағанда бұлар адамың бетіне қарап жалтақтамай, екі көзі ұшып-қонған құстарда болып, мойнын созып, екі қанатын салып жіберіп, екі көзінің алды шұңқырайып, тасаланып, шабыт қылып, алас ұра бастайды. Міне, осыны істеген асау құсты ыңғайлы жердегі жар астындағы суға қонған құсқа жанасалап келіп, ұша жөнелгенде сілтеп жіберіп, дабылды ақырынырақ бір-екі қақса, қаршыға ұшып бара жатқан



құсқа қадала түседі. Бірақ құс үйренгенше дабылды аса даңғырлатып соғып керегі жоқ, онда қолдан ұшқан асау құстың өзі шошып, ана қашқан желбесін құсты кумай қалады. Дегенмен, баулыңған құс түзік болып, судан ұшқан құсты алып қалса, оны түз құсының жылы етімен әбден тояттандырып, кәніктіріп алған жөн. Саят құстары әбден жөнделіп төселгенше, оларды судағы құстарға алысырақтан жүгіртіп келіп тастап дағдыландырған дұрысырақ болады. Жаңадан бау ашып жүрген есалаң күндерінде саят құстары алыстан қуып, аспаннан іліп дағдыланса, оның өрісі кең, алымпаз болатыны содан белгілі болады.

Тұйғын, тұнжыр, қаршығаларды бау аштырып үйреткенде құрғақтағы құстарға ұрындатып (жасырын) жіберіп үйретсе не аяқ астында жорғалап жүретін тарғақ, бұлдырық, ұзақ, қарға сықылды жақыннан ұшатын құстардан бау аштырса, олар судағы құстарды кумайтын болып, сілтеп тастағанға бармай, жақыншыл болып үйренеді. Алғашқыда алыстан тастап үйретсе, ұрындап алуды не аяқ астындағы төмендеу ұшатын құсты алуды өзі де біледі.

Тұйғын, тұнжыр, қаршығаларды неғұрлым күйлі етімен салу керек. Арықтатып алса, олардың ұшымы кеміп әрі дертке шалдыққыш болады. Майы тазарғаннан кейін сулы жем бермей, қызылын толтырып ұстау керек. Қай құс болса да, күйіне қарай өнер қылатынын ұмытпау керек. Күйлі құс қуса жетеді, суға жығылмайды, жалтыр сулардың үстінен ілген құстарды көтеріп алып шығып кетеді. Жалтыр судағы жатқан құстарға дабыл қағып, ат екпінімен тастағанда шырқап, ең жоғары шыққанын ілсе, тұйғын, тұнжыр, қаршығаның бабына әбден түсіп төселгені осы. Сондықтан бұл құстарды әрқашан неғұрлым алыстан сілтеп, аспаннан шырқатып ілдіртіп үйреткен жақсы.

**Лашынды үйрету.** Лашын түзден ұсталады. Балапан күнінде ұядан да алынады. Түзден ұстаған лашын өте сергек, зерек келеді. Бұл жануар етіне түссе, бойын беріп, жуасыған соң-ақ адамға үйреніп, бау аша бастайды. Ұядан алынған көрбала балапан лашын болса, ол көбірек баулып үйретуді керек қылып, тірі құстарды бастырып еліктірумен түзеледі.

Асау лашынды үйреткенде оны қолдан түсірмей, сылап-сипап, бойға үйретіп жуасыту керек. Ол үшін түнде ұйықтатпай, күндіз тыныштатпай, баса қайырып етін бір төмендетіп алған жөн. Өйткені түз қырандары бір ғана етінің ауруымен адамның ықпалына көніп, айтқанына көнгіш келеді. Түзден ұстаған тағы қырандар еті арықтап бойын беріп, қызылға шақыруға келгіш болған кезде оның қызылын қайтадан тоғайтып, күндіз шақырумен қызылдай жегізіп, кешке түнек жемін бөртпелеп беріп отырған жөн.

Лашын қайырған кісінің далбайында /жем дорбасында/ әрқашан ішек қарнын алып тастаған бітеу үйрек даяр жүрсін. Қызылға шақырып жем жегізгенде, осы үйрекпен шақырып алып, қызылдан жегізіп дәндету керек. Егер лашын аспандап алысқа ұшатын болса, ол бойын ұзатып барып шақыруға келгенде, осы бітеу құсты лактырып тастап алдырып, содан тоят жегізіп айыруға тиіс.

Өзге саят құстарынан лашынның жемге шақырудағы ерекшелігі, оны көп шақырып отыруға келеді. Күндізгі жемді ылғи шақырумен жегізіп, кешкі түнек жемін бөртпелеп қоңыр салқын сумен тойғыза берсе, ең дұрысы осы. Лашынның жемсауын сұңқар тұқымдас құстардың жемсауының қалтасы тәрізді сарқұсық болды. Міне, осы құсықты күніне екі-үш қабат құстырып, асқазанын тазалап отырған дұрыс.

Лашын баска саят құстары сықылды шетін болмайды, жемге қанағатшыл, құстыруды көтерімді болды. Онымен қабат лашын өте күйшіл, бабына жақсы түспесе, кашқақ болады.

Лашынның қоясын түсіргенде жоғарыда айтылған кант мұсатырмен құстырады. Мұсатыр жоқ болса, ыңғай канттың өзін мақтаға орап, таза ақ араққа малып алып аузына салып жіберсе, бұ да ішін тазартып, қоясын түсіреді. Бұдан баска азырақ кара бұрыш берсе де құсқыш болды. Осы айтқан екі-үш қояның қайсысымен болса да екі-үш қабат құстырып алу өте керек.

Лашын жөнделіп, айқаймен шақыруға қайдан болса содан айналып келіп отырса, саятшы кісіні тастап кетпейтін болса, оған бау аштырып құсқа сала бастайды. Лашынды желсіз ашық күні кешкі шабыт уақытында салған дұрыс. Лашынға құстардың судағысы, қырдағысы бәрібір, оларға қоса ала береді. Бірақ судағы құстарды ұшырып жіберіп, құрғаққа шыға жөнелген кезінде ғана жіберу керек. Су құстары лашынды көрген соң одан сескеніп, судан тіпті ұшпай қалуы мүмкін. Баска саят құстарынан гөрі де су құстары лашыннан аса қатты қорқады. Лашын төбесінде тұрса, таяз судағы құстар қолға өзінен-өзі ұстатады. Анық күйіне түскен лашын түз құстарын алмай қоймайды. Лашын алғысы келіп көңілді болғанда, оның шабытының белгісі – төбе жүнін үрпитіп, мойнын созып, шаншыла қарап, құстарды көргенде екі канатын сабалап, қарқ-қарқ етіп, содан қолға отырмайтын болады. Лашын қараңғы түнде де көрімпаз болады. Лашын қаз, дуадақ, тұяқты үлкен кара құс болсын бәрібір, қажымай ала береді. Және лашын әрдайым үлкен құстарды қиып түсіретін болады.

**Сұңқарды баулу.** Сұңқар өте қолға сирек түсетін құс. Сұңқарды балапанында ұстап болмайды,

өйткені ол ұясын тапқызбайтын құс. Сұңқар жалғыз-жарымдап Сібірдің қалың ормандарының ішінде торға ғана түседі. Жас кезінде түзден ұстаған сұңқар қайыра салуға көнгіш келеді. Бірақ түзде түлеп, қартайып түскен сұңқар көнбейді. Ол арықтаса ұша алмай, күйіне келтіріп салсаң, кашқақтап әуре қылады. Асау сұңқар жуасығанша бауын, аяғын тістеп қойып, дамыл алмайды. Өзге саят құстарын баулыған тәрізді асау сұңқарды да қолға түскен соң көбірек сылап-сипап қолдан түсірмей, түнде ұйықтатпай, жүдетіп қайыру керек болады.

Сұңқарды жемдеп арықтату, бабына келтіріп, қоясын түсіру ителгіні баптағанмен бірдей. Жалғыз-ақ асау сұңқарға тоят бергенде күндіз баулып шақырғанда қызылдай жегізі, кешкі түнек жемін ақжемдеп жуып береді.

Сұңқар асау кезінде мойнына алқа ортасын тесік былғары кигізіп қоймаса, ол бауын аяғын қиып тастайды. Алқаны жұқа былғарыдан не қатырма қағаздан ортасын тесіп, басынан кең сыярлықтай қылып кигізіп қояды. Аяғы тістеймін деп аузын апарғанда алқа аяғын жауып, тұмсығын аяғына тигізбейтін болады. Одан кейін алқаны кигізген нәрсе неғұрлым жұқа болып, жеңіл болмаса, ол желкесін қиып, мойнына жара салуы мүмкін. Екінші жағынан, алқаның алуы-салуы оңай болып, тесігі кеңірек ойылсын. Оң қолға қондырып отырғанда сол қолмен салып отырарлық болсын. Алу-салу оңай болмаса, құсты босқа шошнытып ренжітеді, кісіні жек көріп, мінезі бұзылады.

Сұңқар түнде тұғырда отырғанда алқа оның аяғын тістемеу үшін керек. Оның үстіне алқа киген сұңқар мойнын қайырып, ұйықтай алмай қажып қалады.

Сұңқарды ителгіше қызылға көбірек шақырып, «есірікті» (тірі құсты) қайта-қайта бастырып дәнеткен жақсы.

Сұңкар жемге қанағатшыл, бойкүйез, қатты күйшіл, адамға тез үйір болмайтын құс. Алайда шақырғанға келгіш болып, айқайға үйренген соң бау аштырып, құсқа сала беруге болады. Бірақ алғашқы алған құстан өзі тойып шыққанша, ыстық кан ішкізбей, етінен жегізіп алған дұрыс. Сұңқарды арық ұстаса, ұшуы кеміп, құсқа жете алмайды, сондықтан оның қызылын жұмсатып, кара етін толық ұстау керек болады.

Саятшылардың әрқашан ескеретін нәрсесі, қай құс болса да арықтықты көтере алмайды, оның ішінде сұңқар тіпті көтере алмайтын құс. Сұңқарды құсқа салғанда оны да тұйғын, қаршығалар сияқты сілтеп тастап салады. Сұңқардың бір ерекшелігі, ол тамақты тауыспай жеп қанағаттанып, аз-көп жесе де жемінің артын қалдырып отырады. Халық аузында айтылатын "сұңқар тамақ", дейтұғын мәтел осыдан шыққан болуы керек.

**Қырғидың баулынуы.** Қырғиды жаздың күні тұзақтап ұстайды, ағаштарға қонақтап, жем алып жеп отырғанда ұстайды.

Қырғи асаулық қылмайды, қолға түскен соң етін ауыртпай, талдырып борбайын созып алмай, ақырын сылап-сипай берсе, жылдам жуасиды. Асау қырғи қолға қонбай талпынғанда кеудесінен ақырын солақай қолмен көтеріп, оң қолдың үстіне қондыру керек. Содан күн сайын сылап-сипап адамға үйретіп, қызылға шақырып үйретеді.

Қырғиға ақжемнің керегі жоқ, оған да бермейді. Таза қызыл жемді аз-аздан ғана жегізіп, қолдан түсірмей сылап-сипап үйретеді.

Балапан қырғи тіпті жылдам жуасиды. Түлек қырғи болса, ол еріншек, күй таңдағыш келеді. Бірақ сонда да елігіп бау ашады.

Асау қырғиды қызылға шақырғанда аяғына жіңішке ұзын шыжым бау байлап шақырады. Екі-үш күннен кейін ол шақыруға келе бастайды. Қырғиды шақыруға келген сайын қызылмен дәмдетіп жегізе берген жақсы. Шақыруға елігіп бойын берген соң, кешкі шабыт мезгілінде жақынырақтан ұшатын бозша торғайды көрсетіп, ыңғайлырақ жерден торғай «дыр» етіп ұша жөнелгенде жіберсе, қырғи тура қуады. Және торғай көтеріле бергеннен-ақ епті қыран қырғи болса, қағып әкетеді. Сол жерде қырғиға алғашқы алған торғайын жақсылап тоят жегізіп алған дұрыс. Қырғи бір-алған соң жалақтап, дәндей бастайды. Екі-үш қабат алғызған соң қырғидың екі көзі шөптің арасында болып, топ-топ ұшқан торғайларда болады.

Бау аша бастаған қырғиды енді "мүскекке" жығып ұстауға үйретіп баулиды. Мүскек деп, оң қолындағы қырғиды сол жақ қолмен сырт жағынан апарып, талпындырмай, шошытпай, қапсыра қысып ұстауды айтады. Аяғын құйрығының астына қарай жазып жібереді, жығып ұстап тұрып, енді оң қолдың алақанына қырғидың бауырын төсеп ұстап, кеудесінен кейінірек қанаттың орта жерінен қатты қыспай ұстаған тәсілді мүскек дейді. Бұл – қырғиды тұз құсына ұрын жіберу үшін қолданатын әдіс.

Ұсақ құстарды осылай мүскектеп тастамаса, олар құстарға қуып жете алмайды. Мүскектеп алған қырғиға жорғалап жүрген құстарды көрсетіп келіп, жерге сүріндірмей, бір қалыпта тастап жіберсе, құс тастаған қанатын жазбастан қол екпінімен қағып әкетеді.

Қырғи әбден дағдыланғанда мүскекте деген сықылданып қолдың үстіне жата қалады. Мүскектеп тастаған қырғидың іліп қалғанын бір-ақ көресің. Тегінде бір ұшарға келгенде қырғидан жылдам құс болмайды.



**Жағалтайды баулу.** Жағалтайды түзден де ұстайды балапанынан да алып асырайды. Бірақ түзден ұстаған түлек жағалтай ылғи қашақ келеді.

Түз жағалтайы қолға түскеннен кейін оның ұзын шалғысының ұшын тым шолақ қылмай, азырақ кесіп қойған дұрыс. Кереге қанаттарынан ұзынырақ қылып үш елідей кессе болғаны. Қанаты бүтін жағалтай ұзақ ұшып, аспанға айналып әуре қылады. Жағалтайдың алысқа ұзап кетпейтін бір ұшар болып үйренгені жақсы.

Асау жағалтайға қызыл жемді аз-аздап беріп, қолдан тастамай бойын үйретіп, кешке жақын «шыжыммен» (ұзын бау) шақыратын болады. Шақыруға әбден елігіп келетін болғанда ауылдан аулақ жерге барып, далада отырған торғайдың тобын көрсетіп, торғай ұша жөнелгенде жіберсе жағалтайдың өзі де қуа жөнеледі. Ол кезде торғай бір пана не бұта тауып қорғалап қалмаса, жағалтай оны соңынан қалмай жүріп алады.

Жағалтайдың ерекшелігі, лашын сияқты талмай көп қуатын құс және алған кішкене құстарын көтеріп алып қашатын өте қызғаншақ болады.

Жағалтайдың аяқ бауының ұшында кеңірек тұйығы болады. Жағалтай салған кісі қолына дайым ұзынырақ шыбық алып жүреді. Сол шыбықпен ат үстінен тұрып баудың тұйығынан шыбықтың ұшымен іліп жерге басып тұрмаса, жағалтай қасына кісі барғанда торғайды көтеріп алып қашып, ұстатпай әуре қылады. Бау ашып төселген жағалтай торғайларды қуып жете алмаса, аспандап жүріп қайта қолға келеді. Кісіні тастап кетпейді.

Қырғи тәрізді жағалтай да мүскекпен салынады. Мүскек кішкене құстардың ұшымына пайдалы болады.

**Тұрымтайдың бапталуы.** Жағалтай тәрізді тұрымтайды да не түзден ұстап алады, не балапанын ұядан алып асырайды. Тұрымтай күй іздемейтін, көнімді, елгезек, ақ еділ келеді. Ол ылғи қызыл жеммен салынады. Тұрымтай шақыруға алыстан келгіш, ерінбей ұшатын құс. Тұрымтайды жуасытқанда қолдан түсірмей, екі-үш күн сылап-сипап ұстаса, жуасып көндігіп қалады. Таза жемді аз-аздан беріп, алғашқыда бірыңғай қызылға шақырып үйретеді. Шақыруға келгіш болып, адамның соңынан қалмай қуалап жүретін болса, оның үйрене бастағаны. Одан кейін тұрымтай аспандап жүріп, алыстан қызылға келсе, торғайға сала беруге болады. Алғашқы алған торғайдан оған тоят беріп, әбден тойғызып алу керек. Тұрымтай екі-үш қабат қолдан торғай етін жесе, кейін торғайдың соңынан қалмайтын болады. Торғай аттың бауырына тығылып жасырынса да, тұрымтай одан көз жазбай аңдып, ебелектеп аспанда тұрып алады. Тағы ұшса тағы қуады, алмай қоймайды.

Тұрымтайдың алғанынан қуғаны қызық, ұсақ құстың қуымпазы тұрымтай болады. Жалпы айтқанда, қырғи жағалтай тұрымтайлар олжа үшін салынбай, тек қызық үшін салынады. Одан кейін бұлардың алған құстарымен басқа ірі тұяқты құстардың жемін айырып, соларды салынбай тұрған кезінде асырау үшін керек болады.

Тұрымтай да мүскекпен салынады. Ұсақ құстар мүскексіз еш уақытта салынбайды.

## Саят құстарын түлету, жемдеп – баптау, күтімі, тәрбиелеу ісі

Құсты қолға үйретіп, шақыруға келген соң, енді «бөртпе» болмаса «акжем» беріп майын кетіру тиіс.

«Ақжем» деп – жұқа турап, майы мен сіңірлерін алып, жас суындай таза сумен ағарғанша таза жуган шикі жемді айтады. «Бөртпе» деп – ілгергіше тазалап, жұқа тураған және ертеден кешке дейін не одан гөрі көбірек уақыт суда қойған шикі етті айтады. Бірақ бөртпе жасағанда өте сақ болып, суды әлсін-әлсін жанартып отыруы тиіс. Егер де ыдыс яки су көп тұрумен борсыса, ол етті жеген құс «бас маңқа» болады. Бөртпені борсыған сумен беруге әсте дұрыс емес, онда іші ауырып, саңғуыры бұзылып, құрсағына «қатар» пайда болады.

Құсбегіліктің ең керек жерінің бірі – «бөртпе» не «ақжем» берген құстың бабына келгенін жетік айыра білу.

Ақжемделген құстың бабына келгенін екі түрлі белгіден білуге болады: бірінші – құстың қанат терісін сол қолдың бас бармағымен аялап қысып қарау тиіс. Егер терісі жұқарып, қауырсын түптері қолға білінетін болса, не құйымшақтағы ерік сүйекті бас бармақпен қараса, қолға тарақ сүйек түбіне дейін білінсе, онда құстың майы азайып таусылғаны. Олай болғанда құстың ішін тазартуға тиіс. Құстың ішін жүргізіп, тазартатын нәрселер – қант суы, ауыз тұшпытқыш дәрі кәмпит сияқтылар. Іші тазарғанның белгісі – саңғуырлары ақ қарабас болып түседі, егер де қоңыр сұрғылт болса, жақсы болмағаны.

Құс бабында болып, ас дұрыс сіңу үшін оған әрқашан жаңа таза жем беруі тиіс. Жаман жем берсе, құсты кінартқа айналдырып, ауруға шалдықтыру қаупі тұмақ.

Аң алатын құстың кара еті қанша толық болса, ол сонша бабына түсіп, жақсы болғаны. Құстың етін бабына келтіріп сарабал қылып ұстаса, оның күшті, алғыр болуына, ұшқыр болуына зор себеп болады. Сондықтан

құсбегі саятшылар аңға қосып жүрген құсты күн сайын аялап ұстап, байқап отырады, оның еті не төмен, не жоғары кетпеу жағын қарастырады. Егер жоғары кетсе, «Ағартық» (ақжем) беру керек. Арықтап, төмен кететін қаупі болса, алған аңдарынан сол алған жылы қалпында беріп, кара етін көтеру жағын ескеру тиіс.

Жүйрік саятшылар ақжем не бөртпемен баптаған құстың түрін тезінен айырады: бөртпе жеген құстың төс еті көп, сан еті аз келеді, ақжем жеген құстың сан еті толық, төс еті кемірек болады.

Саят құстарын жемдеп, тәрбиелеуге аса көңіл бөлетін кез, әсіресе, оларды аңға қосып жүрген кез. Бұл кезде саят құстарына қашанда болсын олардың алған құстарының етінен беріп отырған жақсы. Бұлай істеу, біріншіден, саят құстарының табиғатына, хош әдеттеріне жұғымды келсе, екіншіден олардың дәндеп ләззәт алуына, кінарат ауру болмауына себеп болады. Егер құс толық етіне түсіп, майы арылған болса, не болмаса дала құсын жиі көп берумен артық еттеніп кетердей болса, онда байқап, ақжем не бөртпе беріп тұру лайық.

Мұнда бір ескеретін нәрсе, жас күндерінде жемді орта етіп берген артығырақ болады. Демек, құстың жемсауын тығыз ету жарамайды, мұны әсіресе шаршап жүрген кезде өте ескеруі тиіс. Егер де берген жем бойына сіңбей жемсауы сасыса (бұзылса), онда құс кінарат болып, өлуіне себеп болады. Сіңбей қалған жемді алып тастау, сумен жемсауын шайқап, ішін жүргізу керек. Ол үшін мұз болса мұз тауып, мұз болмаса салқын суға қант қосып, аузына құйып, сол күні аш қою керек. Бұдан кейін құс сергіп, жемге талпынып, бабына келе бастайды.

Саят құстарын бабында ұстаудың бір шарты – олардың тұрған жерінің кең, таза болуы.

Саят құстары өзінің жаратылысының сүюі бойынша кеңшілікті тазалықты сүйеді. Сондықтан аң құстарын әрқашан әуесі биік таза үйде сақтау керек болады. Оларды сасып жатқан жаман иісті жерлерде тұрғызуға болмайды болмаса түтіні, шаңы шығып жатқан қапасты тар орындарға қоюға тағы болмайды. Оларды әрқашан, сасық иісі шығатын қораның маңынан аулақ, адам тұратын әуесі кең үйде, биік тұғырдың үстінде отырғызып қояды. Қыс күндерінде ең жақсысы оңаша жерге киіз үй тігіп, төңірегін суық жел соқпастай етіп мықтап бекітіп, ішіне камыс төсеп және ауық-ауық саңғырығын тазартып тұрса, құс кінарат болмай, көңілді, бабында тұратын болады. Оның үстіне қыс пен жаздың салынбайтын кездерінде құстың жемін өте таза етіп беріп тұрмаса, былғанышты жемнен құс наукас болуы өте қауіпті. Әсіресе, қыс күндерінде қатқан етті тез жібітіп беремін деп пешке қойып күйдіріп, не болмаса топырақ шаңға былғап берсе, ол жақсы болмайды, оның бер жағында ашыған, не сасыған ет берсе, құс дертті болып босқа өледі.

Біздің аңшылар қолданатын он түрлі саят құстарының тоғызын ұсақ құстар деп атайды. Тоғыз түрлі ұсақ құстар қыс жай асыралып отырып, тек жаз шыға не күз түсе салынады. Қанаты-құйрығы сынып, жүні тозғандары болса, қыс түлеп шығады.

Бұлардың ішінен жіктелетін бір түрлісі – бүркіт. Бүркіт жаз бойы түлеумен отырып, күз айлары туған соң аңға қосуға баптталып, қысқа қарсы салына бастайды. Бүркіт қыстың ақпан жұлдызына дейін салына береді. Бүркіттер қыстай салынып жүргенде қанаты, құйрығы, бой жүндері, тұяқтары кеміп, сынып, мұқап, жұлынып тозады. Жаз байланып отырғанда сол тозған қалпында отырғызбай, жаңартып, түлетіп алу қажет болады.

Бүркітті түлеткенде таза жемге тойғызып семіртсе, өз еркімен жүндерін тастап, түлей бастайды. Кейде семіргенге түлемей, қасарып отыратындары да болады. Өз бетімен жүнін тастамаған бүркітті зорлап ықтыярсыз түлетіп алу үшін әртүрлі түлек жемдер беріледі. Ондай жемнің бірі саршұнақ тышқан. Саршұнақты ұстап алып, тірідей бүркіттің алдына тастап жегізеді. Өлген болса да терісін бітеудей жегізе берсе, саршұнақтың етімен бүркіт қайтсе де түлеп шығады. Бірақ саршұнақпен түлеткен бүркітті аса майландырған жарамайды.

Бүркіттің жүні майланып семіргендігінен жақсы шықпайды. Бүркіттерді аса майлы жілік қып семірту, жалпы айтқанда, дұрыс емес, бірақ түлек кезінде қоян етін, мал еттерін сасытпай, кешкі салқын түсе тойғыза беріп отырған дұрыс. Әбден семіргеннен кейін екі күнде бір тойғызып отырса болғаны. Арықтау қалпында түлеп қалған бүркіт болса, оны күнінде бір қабат тойғызып семірту керек. Саршұнақ көп табылмайтын жер болса, күніне бір сары ала қаз не болмаса үйрек етін беру керек. Оларды бергенде мамығын жұлып алып, терісін жыртпай, ішек-қарнын алып тастап, бітеу бойынша торсыққа не ағаш шелекке қымыз құйып, сол қымыздың ішіне салып ашытады. Шелектің ішіндегі қымызды екі күнде бір жаңартып отырады. Бірақ құс етін қымызға толық батырып, ыстық күннің көзіне қойса, бір жұманың ішінде ет әбден бозарып ашиды. Қымыз сңіп толады. Сегізінші күнде құс етін қымыздан алып, аз уақыт биенің сүтіне салып тұшытып, сол күні бүркітке жегізу керек. Өз бетімен жемесе, етті турап, құстың аузына зорлап салып жібереді. Оған түлемесе, түлетудің енді бір түрін қолдану керек. Жылқының бауыздауындағы екі жақ күре тамырдың қатарында кеңірлекке жабысып тұратын бармақтай екі қара безі болады.



Сол қара безді жаңа сойылып жатқанда үш-төрт жылқыдан жинап алып, жылыдай жеті-сегізін жегізсе, жақсы түлейді. Көп без жылыдай табылмайтын болса, қысқы соғым уағында жинап алып, сыртындағы майын, шелін алып тастап, кептіріп сақтаса, кепкен бездің онын я сегізін қымызға салып, бағанағы етше бір жетідей ашытып, қымызды жаңалап отырып, без әбден ет болып бозарып жібігенде бүркітке жегізсе, бір жұманын шамасында құстың жүні сыпырылып қалады. Без бергеннен кейін таза қоян, құс, мал еттерімен күн сайын тойындырып, бүркітті жақсы орташа семірту керек. Түлеткен бүркіт жемнен кем болса, жүні буырланып шыға алмай, қатып қалады. Ең табылмағанда, он күннен асырмай бір тойғызып отыру керек. Түлеткен бүркітті көлеңкелі жерге, үй ішіне байлап, астына көгал жердің шымынан тұғыр қылып отырғызу керек. Жаз шым тұғырға отырса, аяқтарының сыртындағы құж болаттары өсіп, табанының қышы қалындап, тұяқтары жетіледі. Шым тұғыр табылмаса, ағаш тұғырдың үстіне киіз жайып, киізге су құя беріп, соған отырғызу керек. Күн ыстықта салқын жерде тұрған жақсы, ыстық күндерде кешке жақын үйдің көлеңкесіне шығарып отырғызу қажет. Онда құс бойын жазып салқындап, көңілі жай табады.

Құстарды ықтиярсыз түлететін жемдер осы айтылғандар. Түлеу сағынған дағдылы бүркіттер етін арықтатып барып, жылы қанмен, жаңа жеммен, тойындырып жіберсе де, жүнін түсіреді. Бір арықтап, бір семірген соң көбеңсіп, түлеп қалады. Тұзден ұсталған асау құстарды жоғарыда айтылған ащы жемдермен түлетеді. Біз бұл жерде қандай бүркітке қандай түлетудің керек болатынын айттық. Енді қандай бүркітке түлетудің

керегі жоқтығына келейік. Балапан кезінде қолға түскен бүркіт келесі жылы тірнек жасында болады. Тірнек жылы оның қанат құйрығы, бой жүндері бүтін болады. Сондықтан тірнек бүркітті түлетудің керегі жоқ. Етін арық қып жүнін түсірмей, қатырып, жемді күнара беріп отырса болғаны. Тірнек жылында бүркіттің түзде жүрсе де түлемейтін жасы. Тірнек жылы жүні әрі берік, әрі бүтін болады. Тірнек жылында түлетпесе, тас түлегін сағынып отырып жақсы түлейді, онда ескі жүнін қалдырмайды. Тас түлегін жақсы түлеген бүркіт келер жылы жаңа түлетпесе де болады. Қатырып отыруды қиын көрсе, түлек жем бермей ақ жай семіртіп ұстаса, тастаған жүндерін шығарып отырады.

Түлеткен бүркітке томаға кигізбей, ашық ұстайды. Томаға оның басының шығып келе жатқан жүніне үлкен зарарлы. Түлек кезінде бүркіттің жалаңбас отырғаны жақсы, оның үстіне оның қысқы балақбауларын да алып тастап, балақ жүндерін қажамайтын жеңіл, жұмсақ бау тағу керек.

Бүркітті салынбай отырғанында орнын таза ұстап, шаң, топырақ, сасыған, түтін болған жерден зулақ асырау керек. Бұл шартты әсіресе түлеп отырған кезінде берік ұстау тиіс. Ыстық күннің көзіне, желдің өтіне тастау жарамайды. Құс шомылу үшін күннің ыстық уақыттарында алдына үлкен ыдысқа су құйып қою керек. Құс су ішіп салқындап, рахаттанады. Бүркіттің отырған жері болса, оған су құйып, шаң болмайтын қылып, сыпырып тастап отыру керек болады. Оның үстіне, таза сасымаған жем беріп отыру қажет, аса сіңіре алмастай көп берген тағы жарамайды. Онда сасық жемсау болып дертке шалдығады. Айында бір-екі қабат таза ақ арақса ет салып жегізген пайдалы болады. Бір

жемдік етке бір қалайы қасықтай арақ сіңірсе болғаны. Көп арақ берсе, оны көтере алмай мас болады. Арақ берудің пайдасы құстың ішіндегі құрттарды қырып, тазарту үшін керек. Табылса, жас қазыны айында бір қабат жегізіп қойған да жақсы. Қазы болмаса, суыр майы не саршұнақ тышқан майын анда-санда тойғызып қою аса пайдалы. Жем бергенде оны лаптап шөп топыраққа былған жегізу дұрыс емес. Биялаймен ұстап, тазалап отырып жегізген жақсы.

Тұйғын, тұнжыр, қаршыға, ителгі, лашын, сұңқар – бұлар қыс асыралып отырып, наурызда қайтарылып, сәуір туған соң салына бастайды.

Қырғый, жағалтай, тұрымтай үшеуі мамыр туған соң салынады. Сәуірден бастап салынған құстар майдың ортасына дейін салынып, маусымның басында түлекке отырып, жүндерін шығарып алуды тілейді. Қаршыға, тұнжыр, тұйғын үшеуі қысқы суық жайда жақсы түлемейді. Канат-құйрықтарының кемдерін жазғы жылы күндерде жетіліп алған жақсы болады.

Бұлармен қатар су құстары да бұл кезде балапан тәрбиесіне айналып, бірінші маусымға дейін оларды суға салуға тырысады. Бұл кезде олар жүндерінің мамығын ұяға салып, еттері арықтап, пайдаға жарамай қалады. Оның үстіне суық жайда жақсы түлемейді. Канат-құйрықтарының кемдерін жазғы жылы күндерде жетіліп алған жақсы болады.

Оның үстіне тұйғын тұнжы, қаршығалар жаз күні түлегісі келіп, жүндерін бір-бірлеп түсіре бастайды. Канат-құйрықтары да сынып, жапырылады. Сондықтан оларды маусымнан қалдырмай түлекке отырғызса, бірінші қыркүйекке дейін әбден жетіліп болады. Жазғы ыстық күнде бұрланып, жүндері жақсы шығады.

Күзгі салқындағы саятқа түлектен шыққан құстар аса қолайлы келеді. Олар ерінбей ұшып, суға жығылмай қайратты болады. Бұл құстарға да түлету үшін жоғарыда айтылған ащы жемдер беріледі. Және әрқайсысының әліне қарай азырақ береді, бүркітке беретін жемнің жартысы шамасында берсе болғаны. Ашытқыны ұсақ құстар көтере алмай, дертке шалдығады.

Қаршыға, тұнжыр, тұйғындарды түлекке байлағанда күніне бір тойғызып отырады, тамағы кем болса, жүні кеміп шығады. Жемге түрлі тышқандарды жегізіп отырса, әрі түлейді, әрі тамақ болады.

Қаршыға, тұйғын, тұнжырларды кейде түлекке байламай, жайлауыш қып сала беруге де болады, онда олар жаз бойы өздерінің жемін айырып, бір жағынан иесін де құспен қарық қылады. Жаз жайлаған құстардың құйрық-канаттарының сынғаны болса, жалғап алып отырады. Жаз түлемеген құстарды қысқы үйдің жылы жеріне байлап, сойған жылқының қара бездерін жылыдай жеті-сегізін жегізсе, құстың жүні бір жұмада сыпырылып түсіп, түлеп шығады. Қысқы түлекке байлаған қаршыға, тұйғын, тұнжырларға жемді күніне екі қабат берген жақсы. Қысқы жағдай қайтсе де жазғы күннен басқа, салқын болмақ, салқын жерде отырған құс жем сіңіргіш болады. Жемді күніне екі рет бергенде сағындырып берген дұрыс, әйтпесе сасық жемсау болып, жақсы болмайды. Қысқы жағдайда әсіресе торғай, шіл, сауысқан, қоян еттерін берген дұрысырақ болады.

Қатқан жемді жібіткенде пештің жылы жеріне тақап темірден қармақ қағып, сол қармаққа іліп, пешке, тозаңға тигізбей жібітеді. Пештің үстіне қоя салса, жемге қызу тиіп не күйіп, не бозарып, бұзылады. Жемі бұзылса, құс ауырады. Құстарға отыратын орнынан да

жемнің тазалығы артығырақ керек. Құсқа беретін жемнің таза болуы – саятшылық ісіндегі үлкен шарттың бірі.

Лашын, ителгі, сұңқар үшеуі жаздың ыстық күндерінде қандай түлегіш болса, қысқа сақым үйлерде түлетуге сондай шыдамды құстар. Бірақ оларды жаз күні болса, салқын, көленкелі жерде, бақшаның түлеткен жақсы, бұларды жаздай салып, қыс соғым безімен түлетіп отырса да жарайды.

Бұларға түлек жемдері жоғарыда айтылған ашытқылар. Ителгі, лашын, сұңқарларды күніне бір тойғызып отырса да болады. Бұлар жемге қанағатшыл құстар.

Жана жем, таза орын – құс баласының бәрінің денсаулығының бірінші шарты. Олардың тіршілігі жақсы күтімге сүйенеді.

Ұсақ құстардың ең кішісі – қырғый, жағалтай, тұрымтай үшеуі. Бұлар май жұлдызында салынады. Өйткені бұлар күннің жылы уақытын жақсы көреді. Салқынды көтере алмайды шетін құстар.

Қыс бұларды жылы үйге байлап, таза жеммен асырап шығады. Жаздай салып, өздерінің тамағын айырғады.

Бұларға түлек жем бермейді, таза жеммен семіртсе, өздері түлейді. Бұлардың ішіндегі тіпті шетіні – қырғый. Жағалтай, тұрымтай шыдамды болады. Қырғый өте сақтанып, таза жем беріп, шаң-тозаңнан аулақ жерге асырамаса, көтере алмайды, жылдам дерттенеді. Ұсақ құстардың қысқа қарсы түскендері самдай бүтін түседі, оларға түлеудің керегі жоқ. Таза жерге, жылы үйге байлап, қоян, құс еттерін беріп асырап шығарылады. Бір жаз салынып, жұлділері тозған соң түлек керек болады.

Саят құстарының қайсысын болса да уақытында таза қызыл жеммен асырайды. Қыс ылғи қызыл жемге отырғызылады. Құс жазғы ыстық айларда шөлдегіш болады. Сондықтан оның шомылып, шөлдегенде әлсін-әлсін ішуі үшін алдына үлкен жайпақ ыдыспен таза салқын суды қойып, ыдысты жанартып отырады. Жазғы күндерде саят құстарына қызыл ет пен судан басқа тамақтың қажеті жоқ.

Құсқа күзгі қайырып салатын уақыттарында ақжем сулы бөртпе керек. «Сулы бөртпе» мен «боз бөртпе» дейтін жемдердің арасында бірталай айырмасы болады. Бұлардың бәрі сумен араластырылған жемдер. Сулы жемдер күзге қарсы бүркіттерді қайырып баптағанда беріледі. Өзге саят құстарына сулы жем аз-аздап тек жаздың ыстық кезінде ғана беріледі. Бірақ жазғы саят құстарының ішінде сулы жемді татпайтын да құстар бар. Олар – қырғи, жағалтай тұрымтайлар.

Сөйтіп, саят құстарына берілетін жемдер өзінің сапасына қарай біреше түрге бөлінеді. Мәселен, қызыл жем, ақжем, боз бөртпе, сулы бөртпе. Таза қызыл жем деп – малдардың, аңдардың, құстардың қаны жуылмаған таза қызыл еттерін айтады. Ақ жем деп – әлгі айтылған еттерді ұсақ турап, соны суға салып аспақ қылып, қан қалдырмай қайта-қайта жуылғаннан қалған еттің сіріндісін айтады.

Сулы бөртпе деп – қанын арылтпай, суға салып бөрттіріп, су жұтынқыраған қаны өзінде тұрған етті айтады. Боз бөртпе деп – суда көбірек тұрып, сыртының қанын кетіріп, ішінің қаны өзінде болып, сырты ғана бозарған еттерді айтады.



Саят құстары осы төрт түрлі жемдермен асыралып бапталады. Бұлардың ішінде сулаған жем көбінесе бүркіттер үшін керек болады.

Саят құстарының ішінде бүркіт, қаршыға және Сібірдің суық жерінде жасап үйренген кейбір сұңқарлар (бидайық, көк жендет, ақ сұңқар) қысқы суықтан онша жасқанбай, аяз, салқындарға төзімді келеді. Бірақ еркінде жүрген құстардан гөрі қолда асырауда отырған құстардың жай-күйі, жағдайы басқарақ болғандықтан, бұларды қалайда қатты суыққа, үскірік желдің өтіне не жазғы күннің шыжып тұрған ыстығына қоюға болмайды. Дұрысында, бұларды жан-жағынан жел соқпайтын, қар түсіп жаңбыр суы тимейтін, ауасы кең, таза құрғақ үйде сақтау керек.

Қазақ ауылының жағдайына саят құстарын ұстауға қолайлы жер, әсіресе, кигіз үй, не саңғырап, таза құрғақ тұрған қысқы үй, шолан, жылы үй алдындағы бөлме. Құстың денсаулығы дұрыс болып, сергек отыру үшін керек шарттар, әсіресе, оның тұрған жерінің таза, құрғақ, ауасы жеткілікті болып, күн сәулесі мол түсіп тұратын болу керек. Құстың денесіне жауған қардың не жаңбырдың суы тимей, жан-жағынан ызғырық жел соқпауы, бірқалыпты күтімді жерде тұруы керек. Міне, осылай болса, саят құстары ауру-сырқауға шалдықпай, жақсы қызмет істеп, көп жасауына себеп болады.

Қазақ ауылындағы саят құстарына пайдалы бір жақсы нәрсе, жаз күндерінде олар кең ауаға, жарыққа, көлеңкеге мұқтаж болмай, киіз үйдің ішінде салқындап отырады. Бірақ былай отырғанның өзінде де олар пысынап, қапаланып отырады.

Сондықтан олардың қасына үлкен шылапшынмен суық суды әлсін-әлсін толтырып отырмаса болмайды. Түзде ұшып үйренген құстар суық суға шомылып, сергіп, сыланып отырғанын сүйеді.

Қыс күндерінде саят құстарының жаратылыс тілегіне қарай кейбіреулерін жылы үйдің ішінде сақтауға тура келеді. Олардың ішінде қырғый, жағалтай, тұрымтай, ителгі суықты жақсы көрмейді, жылы жерде тұрғанын тәуір көреді.

Күтімі жоқ салақ аңшының құстары әрқашан ауруға шалдығып, босқа өледі. Қазақ аңшыларының тәжірибесі бойынша, саят құстары жеті түрлі аурудан мүгедек болады. Олар «қара құрсақ», «көкірек маңқа», «бас маңқа», «тартынақ», «ақыле», «құрағытқан», «құрысқақ» ауру.

«Қара құрсақ» болғанда құс арықтап, іші, жемсауы шегінен ауырып, қатты азапқа түседі. Құстың тұрған жері дымқыл, түтін, шаң болғандықтан болады. «Көкірек маңқа» - кеңірдектен, демалыстан болатын көксау. Көкірек маңқа болған құстың тынысы тарылып, әлсін-әлсін жөткіре береді. «Бас маңқа» – бастан, көзден, тілден болатын ауру.

«Тартынақ» болғанда құс бауыр жүнін жұлып, қышына береді. Мұның негізі – бит, бұрге, сірке сияқты паразиттер. «Ақыле» болғанда құс аяғынан ауырады, бұл буын құрттың бір түрі. «Құрағытқанмен» ауырған құстың қанатының түбіне құрт түсіп, жүнін, қанатын түсіріп, берекесін кетіреді. «Құрысқақ» безгек сияқты ұстамалы талып қалатын ауру.

Міне, осы аурулардың негізіне қарағанда, бұлар үш түрлі себептен болатыны байқалады. Саят құстарын

ауруға шалдықтырудың зор себебінің бірі – құстардың ұзақ ашығып, азып-арықтауынан. Құстың еті өте арықтап кетсе, суық өтсе, күзгі суық суға жығылса, ол құс ауруға шалдықпай қоймайды. Саят құстарын ауруға шалдықтыратын екінші бір себеп – оның тұрған жерінің дымқыл, таза еместігінен.

Құстардың отыратын орны қыс күнінде суық әрі түтін болса, жаз күндерінде шаң, сасық иісті жерде отырса, содан құс ауырады. Ауруға шалдығудың үшінші себебі – құсқа берілетін жемге, жалпы күтімге байланысады. Саят құстарына сасыған, қызған, пысып кеткен жем берсе не зорығудан өлген малдың етін берсе, болмаса ыңғай ақжем беріп, жылы кан тартып, таза жем жемесе, бұл да құсты аздырып, қатты ауруға шалдықтыратын болады. Сондықтан құсқа ауырып не зорығып өлген малдың етін беруден өте сақ болып, оған ыңғай таза, жаңа жем беріп отыру керек.

Біз жоғарыда құста болатын аурудың бірі «Қара құрсақ» деген едік. Саят құстары өте арықтаса, суық өтсе, қуаты азайып, көбірек жеген жемін сіңіре алмаса қара құрсақ дейді. Қара құрсақтың белгісі – мұнда құстың жемсауының іші базданып, қызарып бөрте бастайды. Іші қызарып, шөлдеп аз болады. Бауыр жүні қимылдап, ішін соғады, санғыруы (боғы) сасиды, жем сіңіре алмайды, еті семірмейді.

«Көкірек маңқа» – құстың отыратын орнының жаман ластығынан, жеген жемінің жайсыздығынан болатын ауру. Көкірек маңқаның белгісі – құстың демалысы ауырлап, демін аузынан алады. Демі сасиды,

екі нығы қимылдап, демалысы сырылдап отырады. Бұл өкпеге жалғасатын кеңірдектің аузынан құрт жеп, беріш байланады. Бұл дерт ұзақ ауырады, жем сіңіре береді.

«Бас маңқа» – түтін, шаң, сасық иістен пайда болатын ауру. Оның белгісі – тамағы қызарып бөртеді, таңдайы көтеріліп іседі, тілінің тамырлары талауратып канданады. Тілдің ортасындағы тесігі тарылып іседі, демалысы ауырлайды. Көзінің алды кебеді, көзі жасаурап, жұмыла береді. Мұрны бітіп, пысықара беретін болады.

«Тартынақ» қысқы күндері бір жылы, бір суықта отырғаннан болады, оның үстіне саят құсы бір арықтап қайта семірсе, еті көбеңсіп, қызу пайда болады. Түлеп, жүнін тастағысы келіп қышынып, жүнін жұла бастайды.

«Ақыле» – бұл буын құрт. Оның белгісі – аяқтан, жіліншіктен не саусақтағы буыннан ыстық болып іседі, жарылмайды, қатты ауырсынады, құс жүдейді. Бұл буын құрт асқына-асқына кеудеге шабады.

«Құрағытқан» – бұл да құрт. Бұл түлеткен құстың қанатының көк қауырсынынан түсіп, қанын сорып, қанатын өсірмейді. Түбін бунап, қайта түсіре береді. Қанаттың бәрін жемейді, мекендеген екі-үш қанатта ғана болады.

«Құрысқақ» – безгек сияқты ұстамалы ауру. Бұл құстың есін тандырып, көзін ақшандатып аяғын құрыстырып, қанатын денесіне жабыстырып ұстатады. Кейін басылған соң құс қалпына келіп, дұрыс отырады, бірақ буыны әлді болмайды. Дегенмен бұл аурудың үстінде құс жемін сіңіре береді.

Саят құстарын бұл аурулардан қалай емдеу керек?

Бұл жөнінде жалпы қолданатын шара арықтап, ауырған құстарға ең алдымен оның денесін толтыру керек, ол үшін жылы қанмен тояттап құс, яки қоян етін аз-аздап жегізу шарт. Бұл жемді сіңірсе, тағы сондай жегізіп, қалайда етін семірту жағын қарастыру тиіс. Оның үстіне құстың жемсауының шұңқырынан орта саусақтың басымен айналдырып, аузынан шығарып жуып, өнезін тазалап отыру керек. Жемсауының ішіне бөрткен пайда болса, оны сыртынан таза шүберекпен сипап жуып кетіріп және жылы суға салған ашудаспен тағы жуып, жемсауды қайта орнына салу керек. Жемін сіңіре бастаса, қоян мен құстың жаңа етін ұсақ етіп турап, ақ арақтан сегіз, он тамшыдай етке сіңіріп беріледі. Алғашқы ауырған кезде арақ берілмейді. Төрт-бес күннен соң жемін сіңіре алатын болса, жемді сіңірген сайын арақты жиі қылмай, көбейте беріп отыру тиіс.

Көкірек маңқамен ауырған құстарға тілінің тесігінен жылы суға езген апиынды түтікпен құйып жібереді. Апиын табылмаса, ақ арақты кішкене бал қасықтың мөлшерінде құйып жіберген дұрыс. Қоян құстардың жаңа алған таза етін және көзін ашпаған жас күшіктің етін жегізе беру керек, бірақ тым көп беруге болмайды.

Бас маңқа болған құстардың танауының тесігінен сорып тасталады. Тілінің тамырын жара шабақтап қан алынады. Бірақ тіл тамырын шорт қиып алудан сақтану керек. Таңдайын шабақтап, шабақтаған жерлеріне мүсәтір басып күйдіреді. Көзінің алды кепсе, одан да қан алып, мүсәтірмен күйдіреді. Емдегеннен кейін құсқа таза жем беріп семірту керек.

«Тартынак» болып құс бауыр жүнін жұлатын болса, мойнына былғары яки қатты қағаздан алқа жығауыл, кигізіп, аузы жүніне тимейтіндей істеледі. Жалаң қабат жібекті тотияйын езген суға малып, ол қышынып тартылатын жерінің терісін жібекпен көктеп, іліп-іліп торлап қою керек. Үш-төрт күн өткен соң тотияйынға малған жібекті тағы да жаңалап өткізеді. Және жібекті инеге сабақтап өткізетін болады. Арық болса, оны семіртіп істейді. Түлейтін уақыты болса, түлекке байлаған дұрыс.

Ақыле болған құстың аяғының іскен жерін жылы сумен жуып тастап, апиынды қою езіп ісікке жағады. Үш-төрт күннен кейін қайталап, тағы бір жағады. Екі жұманың шамасында байқап, ыстығы басылып, ісігі қайтса, алмасты қайраққа езіп жағу керек.

Құрағытқан ауруымен мүгедек болып, қанатына құрт түскен құстарға алмас не тотияйынды үгіп, жылы суға салып, осыменен күніне бір қабат ауырған қанатты жуып отырады. Бірақ мұнда құс қанатын дәрі ашытқан соң аузымен қасымақ болады. Міне, соған сақ болып, құсты аузына апартпау керек. Өйткені тіліне дәрі тисе, құс босқа өліп қалады.

Құрағытқанды алмас не тотияйынмен екі-үш қайтара жуса тәуір бола бастайды.

Құрысқак болған құстардың етін семіртіп, таза орынға байлап, күннің көзіне отырғыза берген дұрыс. Үйде отырғанда оңаша жерге қою керек. Қара-құрадан аулақ жерге асыраған дұрысырақ болады. Екінші жағынан, құсты оналту үшін тірі қоян не құстарды оның алдына әкеп, өз аяғымен ұстатып жегізген жақсы. Міне, ауырған құстарға қолданатын шаралар осы.



## Құстардың түлек жастары

Он түрлі саят құстарының ішінде ең көп жасайтыны – бүркіт. Қолға үйренген саят бүркіті ең көп жасағанда 25-30 жыл жасап, адамға қызмет істейді. Қазақ саятшыларының тәжірибесі бойынша, 25-30-дан артық жасайтын қол бүркіт болмайды. Бүркіттердің жас шағындағы түсі ақ тарлан ала болады. Ол кезде бүркіттің жүнінің ағы ден болып, аспанда ұшып жүргенде құйрық-қанаттары алыстан ақ қылаң болып көрінеді. Содан кейін шау тартып қартайған сайын бүркіттің ағы азайып, жүндері, қанат-құйрықтары қоңыр тарта береді. Әбден қартайғанда ағы мүлде таусылып, жүнінің түбіне дейін қарайып кетеді. Міне, мұндай қартайып келген бүркітті саятшылар «Баршын» деп атайды.

Бүркіттердің неше жыл жасағанын олардың жүнінен, қанат-құйрықтарының белгілерінен айыруға болады. Балапан бүркіттің құйрығының ұшында үш елідей қарасы болып, түп жағы аппақ болып тұрады. Содан ол жасаған сайын қарасы түбіне қарай тартып, бара-бара түгел қараяды. Ағы таусылып болғанда қанат-құйрықтарының белгісі теңбіл кері ала болып тұрады. Бүркітті он жасқа келгенше жүн ажарынан, қанат құйрығының теңбіл бедерінен неше жасқа келгендігін жақсы айыруға болады. Оннан асқан соң дәл нешеде екенін анық білуге болмайды.

Бүркіттің түсі бірыңғай қарайып, баршындап кетеді. Мұндай кезеңде қолдан түлетіп отырған бүркіт болмаса түзде түлеп ұсталған құстың нешеге келгенін айыру өте қиын. Ондай бүркіттің жасы қаншада екенін оның сүйегін, тұяқтарын, қауырсын түптерін тексерумен айырылады.

Жалпы, саят құстарының, оның ішінде бүркіттердің түлек жастары сегіз түрлі атпен аталады. Мәселен: балапан, тірнек, тастүлек, қана, жана, бозын, баршын, лақса.

Саят құстарының қайсысы болса да сегізінші түлегіне дейін осы аттармен аталады. Бұлайтылғандардан өзге олардың түлек жастарының аттары болмайды.

Саятшылар тілінде «*Балапан*» – қыран құстардың бірінші жасы, жұмыртқадан шыққан жылы. Бұл жылы саят құстары ерінбей ұшып, ерлік қылып елгезек болатын, жүні самдай бүтін, жаужүрек болатын жылы.

«*Тірнек*» екінші жасы. Мұнда саят құстарының жүні тозып, саңылтырланып, аңдармен көп алысып, алдындағы түлекті сағынып отыратын жылы. Бұл кезде «тірнек жастан тірі өтсем, тастүлегім түлетсем» дейді саятшылар.

«*Тастүлек*» үшінші жасы. Мұнда саят құстарының жаңарып, түлеп алып, аң қайдалап отыратын жылы. Бұл туралы саятшылар:

*Тастүлегін түлесе,*

*Қаруын тасқа білесе,*

*Азулы деп алыс деп,*

*Ерінбей тоят тілесе, –* дейді.

«*Қана*» – төртінші жасы. Бұл кезде саят құстарының кемеліне келіп, қайраты кіріп, қажыры болса ұшуды, тосуды жүйрік білген жылы болады.

*Тапсаң бала сал,*

*Таба алмасаң қана сал, –* дейді қазақ мақалы.

«*Жана*» бесінші жасы. Бұл – саят құстарына сын кез. Олар бұл кезде жаман болса жасып, қыран болса, қайраты таситын жылы.

**“Бозым”** алтыншы түлегі. Бұл кезде саят құстарын борландырып алсаң, суыққа, қасқайтып салсаң, жылыда айнығыш болып, күй тарта бастайтын жылы.

**“Баршын”** жетінші жасы. Бұл саят құстарының балалықтан өткен, дер шағына жеткен, тәжірибесі мол кәрі тарлан аталған кезі.

**“Лақса”** сегізінші жасы. Мұнда саят құстары жасық болса, қартая бастап сыр білдіретін жасы. Бұл кезде кәріліктің белгісі – алыстағы аңды көргісі келмей, еріншек болып әрі кежір тартып, қымшыл болатын кезі.

Міне, қазақ саятшыларының тәжірибе жүзінде көріп-білген қыран құстардың түлек жастары осылар.



*Ә.Марғұлан архиві: Қазақ бүркітшілері. Н.Буланжа.  
1868 жылы түсірілген сурет.*

## Саят құстарына керек саймандар

Саят құстарына керек аспаптар 20 түрлі заттан құралады.

Бірінші – балақбау. Бұл саят құстарының жіліншігінен тағып, қолға ұстайтын қысқа бау. Балақбауды ұсақ құстарға бір қарыстай, бүркіттерге екі қарыстай қып тағады. Балақбауды қайыстан не былғарыдан, болмаса мықты қып ызған жібек шүберектен істейді. Балақбауды істегенде ол құстың аяғын қимайтын жұмсақ болу жағы ескеріледі. Сондықтан балақбауды құстың аяғына байлайтын жерінен ішкі жағынан әрқашан жұмсақ жібекпен астарлап қояды.

Екінші – ұзын бау. Мұны құлаштай қайыстан не әдемілеп ызған кендірден, не сыпайылап ширатқан шылбыр тізгіннен яки жіптен істейді. Ұзын бау саят құстарын тұғырға байлап қою үшін керек

Үшінші – шыжым. Бұл жіп кендір. Оны жінішке ескен қылдан 15-20 метрдей ұзын қып жасайды. Шыжым – бір ғана асау құстарды баулып шақырғанда жұмсалатын аспап.

Төртінші – биялай. Бұл тұяқты құстарды қолға қондырғанда олардың тұяқтары қолға батпау үшін қиетін қолғап. Мұны аңның не малдың терілерінен, не былғарыдан істейді

Бесінші – далбай не жем дорба. Мұны жарғақтан не былғарыдан, не шекпеннен істейді. Бұл аспап құстардың шақыру жемдерін салып, белге байлап жүру үшін керек.

Алтыншы – өтұғыр. Құстардың отыратын орындығы. Оны сыпайылап ағаштан не безеп мүйізден істейді. Әрбір саят құстарының жаратылыс әдеттеріне қарай олардың отыратын тұғыры да басқа-басқа болады.

Жетінші – дабыл. Бұл – түйғын, қаршыға, тұнжыр, ителгі, лашын, сұңқар сияқты құстарға судан құс ұшыру үшін алып жүретін аспап. Оның ескі түрі дауылпаз деп аталады. Дабылды не дауылпазды әркашан малдың шылғи терісінен қаптай жасайды. Дауылпаздың сыпайы әдемі түрлері көбінесе түйе терісінен істеледі.

Сегізінші – тор. Бұл – тұз құстарын ұстау үшін жіңішке кендірден түйген ау сықылды кереге көз тор.

Тоғызыншы – қақпан. Құстарды аңдарды ұстайтын аспап.

Оныншы – қыл тұзақ. Оны құрықтың басына байлап, тұздің ұшып жүрген қыран құстарын ұстайды.

Он бірінші – томаға. Бүркіттерді, ителгіні орынсыз талпындырмау үшін бастарына кигізіп қоятын көз қап. Томағаны саят құстары әрбірінің бас мөлшеріне қарай шақтап, былғарыдан істейді.

Он екінші – балдақ. Бұл – бүркіттерді атқа мініп қолға алғанда шынтақтың астына сүйеп отыратын тіреу. Оны ағаштан, мүйізден түрлі формаға түсіріп істейді.

Он үшінші – бөлеу. Бұл бүркіттерді не басқа саят құстарын суықта не жолда алып жүргенде бөлейтін мал, аң терілерінен не ағаштан киып істелген “бесік”.

Он төртінші – жем-аяқ. Бүркіттердің жемін турап жуып беру үшін оны ақ қайыңның безінен ойып істейді.

Он бесінші – қаттау. Бұл – бүркіттердің саусағына кигізіп, байлап қоятын “саусаққап”. Құстың саусақтарын аңның тісінен сақтау үшін оны әркашан жарғақтан, жібектен сырып істейді.

Он алтыншы – түтік. Бұл – бір сүйемдей ішін қуыстап жасаған қурай сияқты жіңішке ағаш. Бұл бүркіттердің аузына су жіберу үшін керек болады.

Он жетінші – нек. Мұны бір тұтамдай жіңішке сүйектен не мүйізден, не ағаштан істейді. Бұл бүркіттерді, ителгіні аңға салғанда олардың томағасын белбеуге іліп қою үшін керек.

Он сегізінші – есірік. Оны түлкінің, қоянның не түрлі құстардың терілерінен кептеп істейді. Есірік қолға жаңа түскен тұз құстарын баулып үйреткенде оларды қайырып шақыру үшін керек болады.

## Саятшылық өнері – мәдени істің бірі

Құшы деп аңшы-құсшылық жолындағы адамдардың бәрін айтпайды. Аңшы-құсшылықтың өзі төрт түрлі аспаптармен ауланады. Мәселен, құс салу, мылтық ату, қақпан құру, тор жаю. Осы төрт түрлі аспаппен аң-құсқа аңшылық істеу бір кісінің қолынан келмейді, оған уақыты да болмайды. Соның үшін аң аулап, кәсіп қылған адамдардың аттары, олардың қандай аспаппен машық қылғанына қарай әртүрге бөлініп айтылады. Мәселен, құсшы, мергенші, қақпаншы, торшы деген сияқты. Бұлардың ішінде аң алатын тұяқты құстардың мінез-қылығын айырып, олардың тілін біліп,



бабын тауып, аң-құс алғызып, кәсіп қылушыларды «құсшы» не «саятшы» деп атайды.

Құс аңшылығы еңбекші бұқара ортасынан шыққан аңшылардың көп уақыттан бергі кәсібінің белгілі бір түріне айналған.

XX ғасырдан бұрынғы аң аулау әдісі бүтіндей басқа. Үстем таптың құмарта қолданған әдісі «қамарға» деп аталған. Оның мәнісі – аңы көп бір аудан жерді қалың қол тізбегімен айнала қоршап алып, оның ішіндегі аңды сыртқа жібермей ортаға қарай тықсырып соғатын болған.

Қоршаудың ішінде қалған аңдар ешқайда қашып құтылуға шамасы болмай, еріксіз қолға түсетін болған. «Қамарғы» (қамау) орта ғасырларда қолданған аңшылық әдісінің өрескел бір түрі.

Академик И.П. Фальктің байқауынша, «қазақ шаруалары» аулаған аңның етін жеп, терісін сатып, пайдаға асырған. Аңшылық оларға бірталай табыс келтіріп, кәсіп түріне айналған.

Қазақ аңшылық кәсіп туралы жазғандар П.С.Паллас, И.Г. Георги, акад. И.П. Фальк, П.И.Рычков акад. А.И. Шренк. Бұл ғалымдардың жазуында құс аңшылығы – кара шаруа ортасында көп тараған кәсіптің бірі.

И.П. Фальк аңшылық кәсіп туралы бірсыпыра мағлұмат келтіреді. Ол кісінің айтуынша, аңшылық бірнеше түрге бөлінеді:

- 1) үлкен аңдарды жүйрік атпен қуып соғу;
- 2) тазымен аң аулау;
- 3) киік, қарақұйрық сияқты аңдарды мылтық, садақпен ату

4) мамық жүнді ін кезетін аңдарды қақпан, тұзақ құрып ұстау.

Бірақ “Бұлардан гөрі, - дейді Фальк, - олардың құмарта сүйетіні – құс аңшылығы, бүркіт, қаршыға, тұйғын салу”.

Құс аңшылығы өнеріне ерекше ой бөліп, оны мәңгілікке ұмытпастай еткен әсіресе орыс халқының белгілі көрікшісі В.В. Верещагин, ғалымдары С.М.Дудинг, Е.А. Лансаре. Қырдағы аңшылық өміріне бірнеше суреттерді Шоқан Уәлиханов арнаған.

Фальктің жазғанындағы көңіл қоятын нәрсенің бірі – құсшыларының қыран құстарды сол кездің өзінде (XVIII ғ.) базарға сатуға шығарып, кәсіп қылатынын айтқан жері. Ғалымның өз көзімен көріп бақылауынша Орынбор базарында бауланып, аң алып жүрген бүркіттердің бағасы екі түйеден кем болмайды. Аң құсын базарға шығарып сату әсіресе XIX ғасырда көбірек тарайды. Бұл кезде қыран құсты апарып сататын жерлер көбінесе Орынбор, Омбы, Семей, Алматы, Түркістан қалалары, халықтың көп жиналатын Токпак, Қоянды, Ақмола, Атбасар сияқты жәрмеңкелер. Сол кездегі көшпелі елдің тұрмысын жазушы кісілердің айтуынша,

Орынбордың керуен сарайында қыран құс әкеліп сатушылар кейде бүтін бір қатар алып отыратын. Кейде бір ғана қыран құсты апарып сатуға арналған жәрмеңкелер болған. Олардың ішінде саят құстарын алуды ойлаған аңшылардың көбірек баратын жерлері Оңтүстік Оралда «Жұлық жәрмеңкесі» (Орекенің манайы), Ертіс бойындағы Шарлак, Кереку қалалары.

Ителгі, қызыл сұңқар тәрізді құстарды оңтүстік қалалардан табатын.

Саят құстарын сатып, пайда табумен байланысты оларды мекендейтін жерінен тауып ұстау да аңшыларға белгілі кәсіптің бір түріне айналады.

Аңшылардың саят құстарын аулап қайтатын жерлер таулы жерлер, көбінесе Оңтүстік Орал тауының, Күнбатыс Сібірдің жыныс ормандары, тағы басқалар.

Бүркіт аңшылығы өзге саят құстардан аң аулау сирегірек, Қазақстан өлкесінің әрбір ауданынан кездесіп отырады. Олардың ішінде бүркіт аңшылығының көбірек тараған жері Жетісу, Оңтүстік Қазақстан (Қаратау, Қызылқұм), Балқаш төңірегі.

Бірақ қаршыға, лашын сияқты құстармен аң аулаудың шаруашылыққа келтіретін пайдасы бірталай. Біріншіден, олармен қанша шикізат (құс еті, жүні) жиналса, екіншіден олармен егінге зиян келтіретін құстарды жойып үркітудің де аса күрделі мәні бар. Оның үстіне лашын, сұңқар, қаршыға, тұйғын ұстаған саятшылар оларды пошта тасушы көгершінді ұстаудың соңына салып қойған.

Бүркіт аңшылығымен зиян келтіретін жыртқыш аңдарды қасқыр, түлкі, қабан мұқатуға болады.

Міне, мұның бәрі саятшылық өнері қазақ халқының тұрмысына бұрыннан сіңісті, дағдылы іс екенін сыйпаттайтын ашық дәлелдер.

Саятшылық ерте заманнан қазақ халқының сүйген бір кәсібі болғандықтан, қазақ аңшылары оны осы күнге дейін аса құмар қылып ұстайды. Саятшылық өнерін өркендету-мәдени істің бірі болуға тиісті.

## МАЗМҰНЫ:

### Қазақтың сал, серілік дәстүрі.....5

Тәттімбет.....	52
Сегіз сері.....	61
Біржан сал.....	70
Ақан сері.....	83
Жаяу Мұса.....	104
Әдебиеттер.....	171

### Ұлы саяхатшы

Н.М. Прежевальский.....	175
Саяхатшының жастық шағы.....	178
Уссури саяхаты.....	189
Моңғолия саяхаты.....	194
Қашғария саяхаты.....	234
Тибет саяхаты.....	257
Шығыс елдерінің досы.....	281
Орыс халқының ұлы саяхатшысы.....	292

Саят құстары.....300

Саят құстардың жаратылыстағы  
ерекшеліктері.....300

Саят құстарының түрлері.....329

Саят құстарын ұстау әдістері  
және оларды баулып, аңға қосу  
жайлары.....368

Саят құстарын түлету, жемдеп– баптау,  
күтімі, тәрбиелеу ісі.....401

Құстардың түлек жастары.....418

Саят құстарына керек саймандар.....421

Саятшылық өнері–мәдени  
істің бірі.....423

**Жауапты шығарушы – «Алатау»  
баспа-полиграфиялық  
корпорациясы:**

*Президенті Кененбай Ы.С.*

*Жауапты редакторы Қыдырбай С.*

*Көркемдеуші Виктор Стенякин.*



**Ә.Х. МАРҒҰЛАН**  
**ШЫҒАРМАЛАРЫ**

**II ТОМ**

**ISBN 9965-807-19-1**

Теруге 17.10.07 ж. берілді. Басуға 8.12.07 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Оффсеттік қағаз.

Есептік баспа табағы 19,2. Шартты баспа табағы 22,7.

Қаріп түрі «Таймс».

Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 1418



-«Алатау» Баспа-полиграфиялық корпорациясы,  
Алматы қаласы, Төле би көшесі, 130 «а»,



-«Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды.  
Алматы қаласы, Мұқанов көшесі 223 «в»



9 769965 007169

